

Бекжан ӘБДУӘЛИҰЛЫ

**ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМЖАСАМЫ
теориялық және практикалық негіздері**

Астана, 2012

УДК 80/81
ББК 81.2 Қаз-3
Ә 13

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Алаш» мәдениет және рухани даму институтының Ғылыми
кеңесі ұсынған

Пікір жазғандар:

А.Тұрышев, филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.Рысбергген, филология ғылымдарының докторы, профессор

Ә 13 **Әбдуәлиұлы Б.** Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: «Астана полиграфия», 2012, – 320 бет.

ISBN 978-601-254-269-1

Қазақ есімдері – ұзақ тарихы бар, түрлі сұрыптаулардан өтіп, өзіндік жүйесі қалыптасқан, тілдің өзге салаларынан ерекшеліктері бар құрылым. Зерттеу еңбекте адам мен есімнің арақатынасы негізге алына отырып, кісі аттарының жасалуына тән белгілер антропонимжасам терминінің аясына топтастырылған және сөзжасамның дербес саласы ретінде қарастырылған. Антропонимжасамның дыбыстық тұлға, мағыналық болмыс, танымдық кеңістік секілді негізгі үш бағыты кешенді түрде тілдік және тілден тыс факторлар бойынша сараланған.

Монография қазақ есімдерінің табиғатын тереңірек білгісі келетін қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 80/81
ББК 81.2 Қаз-3

ISBN 978-601-254-269-1

© Әбдуәлиұлы Б., 2012
© «Алаш» институты, 2012
© «Астана-полиграфия», 2012

КІРІСПЕ

Қазақ есімдері қажеттіліктің негізінде пайда болып, қалыптасқан атауыш құрал ғана емес, ұзақ тарихы бар ұлттық таным мен мәдени тәжірибенің үздік жемісі болып табылады. Оның осы ерекшеліктері бүгінге дейін тарихи-мәдени және тілдік-сипаттамалық тұрғыдан жан-жақты сөз болып келеді. ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасырдың басындағы жекелеген көзқарас пікірлер мен өткен ғасырдың елуінші жылдары арнайы қолға алынған зерттеулерден бастап қазірге дейін тілші ғалымдар тарапынан, сонымен қатар жазушы, жорналшы, жалпы пікір білдіруші көпшілік тарапынан да көптеген ғылыми, публицистикалық мақалалар мен ғылыми еңбектер жазылып, сөздіктер жарық көрді. Бұл зерттеулер кісі есімдерінің тілдік табиғаты лексика-грамматикалық тұрғыдан қарастырылып немесе танымдық, мәдени, әлеуметтік қырлары айтылып, мәселенің шешімі әржақты, жеке-жеке сараланған еді.

Тілдік элемент ретінде тану немесе тілдік жүйе заңдылықтары аясындағы зерттеулер көп мәселелердің шешімін айқындап бергені шындық. Алайда зерттеу жұмыстары тереңдеп, есімдер табиғатына тән түрлі бағыттар айқындалған сайын туындайтын жаңа сұрақтар алдымызға тың міндеттер жүктеп отыр. Енді алда тұрған сондай үлкен міндеттердің бірі есім мен адам арасындағы байланыстарды саралауға арналуы тиіс. Бұл байланыстардың сырлары ашылған сайын антропонимжасам ұғымының мазмұны мен сипаты да айқындала түспек.

Антропонимжасам сөзжасамның аясындағы құбылыс, сондықтан тіл заңдылықтары екеуіне де ортақ, алайда атау қызметіндегі ерекшеліктерге сәйкес жалпы есімдердің жасалуы мен антропонимдердің жасалуында өзіндік ерекшеліктер бар. Сөз белгілі бір затты немесе құбылысты атау құралы. Сөз нені атаса, оның қызметін өзі атап

отырған зат не құбылыстың сипатымен байланыстырамыз. Сөздердің жасалуы белгілі бір ақпаратты жеткізу қажеттілігінен туындайды, сондықтан құрылымындағы әрбір элемент мағынаға қызмет етеді. Жалпы есімдер секілді кісі есімдері де атауыш құрал – адамдарды атайды, сондықтан оның табиғатына тән ерекшеліктерді адаммен байланыста қарастыру тіл қызметіне тән заңдылық. Жалпы есімдердің де, антропонимдердің де тегі бір дегенімізбен, жасалуы жағынан екеуі екі түрлі жолмен жүзеге асады. Жалпы есімдер белгілі бір заттарды атай отырып, жалпыға түсінікті мағынаға ие болады. Ал кісі есімдері жекелеген адамдарға бағыттталып, олардың әрқайсысына тән қасиеттерді бойына сіңіреді. Көпшіліктің қолданысындағы зат, құбылыстың атауын айтқанда белгілі бір тілде сөйлейтін адамдардың барлығы оның не екенін түсінеді, ал есімдердің мағынасын кірме, көнерген сөздерден болуына байланысты адамдардың бәрі біле бермеуі мүмкін, бірақ онымен аталатын адамды таниды. Дыбыстық таңбасының есім ретіндегі қызметіне сәйкес, кісі есімдеріне мағынасын түсіну шарты қойылмайды. Сондықтан, жалпы есімдердің дыбыстық тұлғасы мен мағынасының арасындағы байланыс пен антропонимжасамдық тұлғалардың дыбыстық тұлғасы мен мағынасының арасындағы байланыс бірдей емес. Мұндайда қазақ есімдерінің *тұлғалық (таңбалық) тұрғыдан танудың* мәселелері туындайды, өйткені есім құрамындағы әрбір дыбыстық таңба, мағынаға тәуелсіз, дербес есім жасау қабілетіне ие (Нұрым, Нұрыш, Нұрмыш т.б. секілді есімдер, мағыналық жақындығына қарамай, әрқайсысы дербес антропоним ретінде жеке адамдардың есімі, ол әсіресе фамилиялар құрамында айқын көрінеді). Антропонимжасамдық мағына мен құрылым жүйесіндегі осы және т.б. ерекшеліктердің басты себебі тікелей адам мен есім арасындағы байланыстың нәтижесінде туындайды. Қазақ есімдерін тұлғалық тұрғыдан тану мәселелерінің бірі кірме есімдерге де қатысты. Төл есімдер мен кірме есімдерінің өзара байланысы, кірме есімдердің қазақ тіліндегі есімдерге әсері немесе керісінше үдерістердің себептері т.б. секілді жағдайларда да олардың үнемі өзге тіл элементтері екеніне баса мән беріліп, қазақ есімі ретінде тану назардан тыс қалып келеді. Басқа тілден енген есім, қандай мағына беретініне қарамай, дыбыстық тұрғыдан қазақ тілінің заңдарына бағындырылса, ол қазақ тілінің элементі ретінде танылуы тиіс. Антропонимжасамдағы, сөз болып отырған, дыбыстық тұлға мен мағына арасындағы қатынас, есімнің тұлғалық жағынан қазақшаланып қайта сомдалуы осындай тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Сөйтіп, адам мен есім арасындағы байланыстың

бір бағыты кісі есімдерін дыбыстық тұрғыдан тануға қатысты өзекті мәселелердің сырларына қарай жетелейді.

Кісі есімі – адамды атауға арналған құрал. Қоғамдағы көпшілік ішінен ажыратып тануда, әркімнің орнын айқындауда үлкен қызмет атқарады. Ал осы атауыш құралдың өзіне тән арнайы материалы жоқ. Сөздік қордағы лексикалық бірліктер, яғни басқа зат немесе құбылысты атауға арналған сөздер адамды атауға пайдаланылады. Есім ретінде таңдалған сөз адамды атап қана қоймайды, оның түрлі қасиеттерін, түр келбетін сипаттау қабілетіне де ие болады, сондықтан мағынаға да елеулі өзгерістер енетіні белгілі. Сөйтіп сөз мағынасына есімге тән болмыс келіп орнығады. Антропонимжасамда өзіндік оны бар тілдік құбылыстардың бірі болып табылатын сол мағынаның өзгеру сатыларын былайша сипатауға болады: жалпы есім (лексикалық мағына) → есім (антропонимжасамдық мағына) → адам (элеуметтік мағына). Белгілі бір сөз өзі білдіретін мағынаның негізінде кісі есіміне айналады. Мысалы, әсем – күллі әсемдіктің атауы: табиғатқа тән әсемдік, жануарларға тән әсемдік, құстарға тән әсемдік бар. Сонымен қатар адамға тән әсемдік бар, алайда ұлттық таным қабылдамаса, ол әсемдіктің көрсеткіші бола алмайды. Мысалы, бір елдерде тән сұлулығын көрсету үшін ашық немесе тар киім кию әсемдік деп саналса, мұсылман әлемінде бұл керісінше. «Әсем» сөзі сол әсемдіктердің барлығына ортақ болғанмен, Әсем есімінің мағынасы олардың барлығын бірдей қабылдамайды, кейбірі ғана негізге алынуы мүмкін. Бұл есімнің мағынасында *әсемдік, сүйкімділік, нәзіктік* секілді ақпараттар қамтылады. Демек, антропонимге айналған сөздің бастапқы лексикалық мағынасына өзгерістер енеді – ұлттық таным, ат таңдаушы жеке адамдардың талғамына сәйкес жаңаша сомдалады.

Кісі есімінің мағыналық жақтан дамуы мұнымен шектелмейді. Өзі телінген иесімен арадағы байланыс тереңдей келе элеуметтің көз алдындағы адамның сыртқы келбеті мен қасиеттері есім мағынасына айналады да, антропонимжасамдық мағына екінші орынға қарай ығысады. Себебі, есімнің дыбыстық формасы мен антропонимжасамдық мағына арасына адам келіп кіреді (1. Қанат → антропонимжасамдық мағына (бауыр, туыс) → адам. 2. Қанат → адам → антропонимжасамдық мағына), яғни Қанат деп, мағынаға тәуелсіз, адамды атайды. Сөз нені атаса, соны білдіретіні секілді енді есім де кімді атаса, соны білдіретін болады. Сөйтіп, антропонимге айналған сөзге «антропонимжасамдық мағына» және «антропонимжасамдық элеуметтік мағына» телінеді. Есімді адам ретінде тану немесе адам-

ды есімі арқылы тану әлеуметке тән. Нәтижесінде белгілі бір кісі аттары антропонимжасамдық әлеуметтік мағынасымен келесі адамға беріледі. Абылайхан, Нұрсұлтан, Әлихан, Бауыржан, Елхан, Кенесары, Қасым, Мағжан т.б. скілді кейінгі қойылған есімдер мағынасын әлеуметтің қабылдануынан осы ерекшелік көрінеді.

Антропонимжасам, яғни балаға ат қою – сандаған ғасырлардан бері жалғасып, ұлттық дүниетаныммен бірге жасасып келе жатқан дәстүр. Қоғамдық сана, эстетикалық талғамның өзгеруімен бірге есімдер де уақыт елегінен өтіп түрленіп отырады. Демек, ат қою тарихының тереңдігіне сәйкес хылықтың есім жасау тәжірибесі де өзіндік ерекшеліктерге ие болғаны шындық. Халықтың ауыз әдебиетіндегі, салты мен дәстүріндегі, көне түркі жазба мұраларындағы есім жасауға қатысты ұғымдар мен түсініктердің баршасында ортақ ерекшеліктер көрініс береді. Қазіргі ат қою дәстүріндегі негізгі көріністерден, бүгінгі заманға сай кейбір өзгешеліктеріне қарамай, сол ортақ құндылықтардың сақталып отырғаны байқалады.

Антропонимжасамның табиғатына тәр ерекшеліктер туралы ой қорытқанда міне осындай негізгі (антропонимжасамдық тұлға, антропонимжасамдық мағына, антропонимжасамдық ұғым-түсінік) бағыттарды назарға аламыз. Бұл үшеуіне ортақ белгілер мен біртұтастығына тән сипаттар адам мен есім арасындағы байланыстан келіп туады, сондықтан кісі есімдеріне талдаулар жасағанда зат немесе құбылыс атауы кезіндегі ерекшеліктеріне емес, адамды атайтын құрал ретіндегі болмысына баса назар аударылуы тиіс. Белгілі бір лексикалық бірліктің кісі есіміне айналғанда табиғатында болатын өзгеріс антропонимжасамның негізгі көрсеткіштері болып табылады.

1 АНТРОПОНИМЖАСАМ – СӨЗЖАСАМНЫҢ ДЕРБЕС САЛАСЫ

1.1 Антропонимжасамның жалпы мәселелері

Қазақ антропонимдерінің қалыптасқан өзіндік жүйелі құрылымы бар. Бүгінде олар кең мазмұнды антропонимдік қор құрып, сандық мөлшері жағынан елеулі дәрежеге көтерілгені белгілі. Осы қордың уақыт өткен сайын кеңейе түсуіне антропонимжасам заңдылықтары арқылы үздіксіз туып, қалыптасып отыратын жаңа есім үлгілерінің қосатын үлесі зор. Қазірге дейінгі уақыт аралығында тілімізде қолданылып келген және қолданылып жүрген кісі есімдерінің нақты санын атап көрсету қиын, дегенмен соңғы жылдары жарық көрген сөздікте «40 мыңға жуық дербес қазақ есімдерінің жинақталғаны» туралы айтылады [145, б б.]. Аз көрсеткіш емес секілді – сандық жағынан қазақ тілінің сөздік қорындағы бірліктердің біраз бөлігіне жуық. Арасында мағынасы белгілі сөздерден жасалғандары да, мағынасы ұмытылып, тек дыбыстық тұлғасы сақталғандары да, антропонимдердің жасалу үлгісіндегі кейбір тәсілдер бойынша қалыптасқан жасанды формалар да кездеседі. Әрқайсысының өзіндік шығу, қалыптасу жолдары бар. Осы тұрғыдан келгенде, оларды дербес сала ретінде танып, жасалуының өзіндік сырларын арнайы қарастырудың маңызы зор.

Антропонимжасам – кісі есімдері жасалуының жалпы мәселелерін зерттейтін сөзжасамның дербес саласы. Мыңдаған жылдардың ар жағынан бастау алатын осы жасалымдар, бүгінге дейінгі уақыт аралығында, тілдің өзіне тән заңдылықтары аясында дами келе, түрлі факторлардың негізінде дербес жүйе ретінде қалыптасты. Сөзжасамның жеке саласы ретінде (антропонимжасам) өз алдына қарастыруға мүмкіндік беретін, құрылымдық жүйесі мен мағыналық табиғаты жағынан өзге жасалымдарға ұқсамайтын оның өзіндік

ерекшеліктері бар. Қазақ тіл білімінде бұл мәселе, кісі есімдерінің грамматикалық табиғатына байланысты – морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан қарастырылып жүргені болмаса, осы уақытқа дейін арнайы зерттеу нысаны ретінде қолға алынған жоқ. Кісі есімдерінің сырларына тереңірек бойлау, әсіресе, құрылымдық жүйесіндегі ерекшеліктерге талдаулар жасау барысы антропонимжасамның дербес сала екенін айғақтап отыр.

Қазіргі зеттеулер арасында «сөзжасам» және «тұлғажасам» деп топтастырып қарау бар. Сөзжасамның алғышарттарына қатысты кей ғылыми тұжырымдарда оларды өз ішінде «Сөзжасам және тұлғажасам» деп топтастырады. Егер осы екі сөзді еш грамматикалық ортада, шартты қолданыссыз (таза вакуумда), тек сөздік бірлік ретінде алып қарасақ, тең дәрежелік қатынастағы сөздер болып шығатынын айта келіп, «Сөйте тұра, екеуінің де өздеріне қатысты ерекшеліктері бар: сөзжасамда лексикалық мағыналы сөз ұғымы басым болса, тұлғажасамда грамматикалық мағына өзгерісі ескеріліп, сыртқы тұрпат өзгерісі негізінен басты назарда тұрады» – дейді [169, 42 б.]. Тіл білімі тереңірек дамыған сайын жаңа бір қырлары ашылып, салаларға жіктеле беретіні белгілі. Тұлғажасамның ерекшелік ретінде танылуы да соның бір көрсеткіші. Антропонимжасамда да тұлға жасау үдерісі жүріп жатады, яғни түрлі қосымшалардың жалғануы арқылы жаңа бір форма пайда болады. Осы жағынан алғанда олардың арасында ортақ ұқсастықтар көп. Алайда, тұлғажасам мен антропонимжасам тығыз байланыста бола отырып, әрқайсысы өзіндік ерекшелікке ие: тұлғажасамда жалпылық сипат басым, яғни ол антропонимнен өзге де тұлғаларды жасауға қабілетті, ал антропонимжасам тек кісі есімдерін жасауымен ерекшеленеді. Антропонимжасам мәселесінде негізінен кісі есімдерінің тұлғажасамдық табиғаты ерекше сипатымен айқындалады. Оның өзіндік себептері бар: адамға берілетін есім қолданыстағы сөздерден жасалады, сондықтан өмірдегі заттар мен құбылыстардың атауы мен адам болмысының арасында ешқандай байланыс болмауы мүмкін және байланыс болғанның өзінде жүре келе, адамның ішкі, сыртқы қасиеттеріне қарай бір-бірінен алшақтай береді. Мысалы, Қалдықыздың өскенде өзінің осылай аталуына негіз болған қалы кетіп қалуы мүмкін, енді ол қалы бар қыз емес. Дыбыстық форманың басты назарда тұруының келесі бір себебі мағыналас, яғни синонимдес есімдер бірінің орнына бірі қолданылмайды: Әсем мен Көркем, Батыр мен Қаһарман т.б. секілді. Айгүл мен Айымгүлдің, Жанбек пен Жандарбектің, Тоқтамыс пен Тоқтағанның, Тілеміс пен Тілегеннің, Өтеміс пен Өтегеннің т.б. екі

түрлі есім болып саналуы да антропонимжасамдық мағынасы бір болғанмен, дыбыстық форманың басқалығына байланысты. Осындай ерекшелігі ең бірінші кісі есімдерінің сыртқы сипатына назар аудартады.

Антропонимжасамның жалпы мәселелері туралы айтқанда, кісі есімдерінің шығуы мен қалыптасуына байланысты ортақ белгілер еске алынады. Себебі, антропонимжасам деген терминге қарапайым түсінік тұрғысынан келсек, кісі аттарының жасалу жолдары болып шығады. Осы орайда антропонимжасам мен сөзжасамның өзара қатынасы туралы да айта кеткен орынды. «Екі терминнің (сөзжасам мен антропонимжасам) ішкі мазмұнында қандай айырмашылық бар – жасалған жаңа антропоним болсын немесе жалқы есімнің басқа түрі болсын, ол да сөз емес пе?» – деген сұрақтың тууы мүмкін, ол заңды да. Өйткені, антропонимдер де тілде бар сөздерден жасалады, сондықтан сырттай қарағанда, сөзжасам десек те, антропонимжасам десек те, айырмашылығы жоқ секілді көрінуі мүмкін. Тіл білімінде сөзжасам дербес сала ретінде белгілі. Ғылыми еңбектерде оның қызметі – «атау жасау» – деп түсіндіріледі, сонымен қатар, «Сөзжасамның тіл біліміндегі басқа салалардың ешқайсысы атқара алмайтын қызметті жүзеге асыратындығы. Ол – сөзжасамның туынды сөз, жаңа сөз жасау қызметі екені. Сондықтан сөзжасам жаңа сөз жасаудың барлық мәселелерін түгел қамтитындығы» туралы айтылады [90, 191б.]. Бұл тұрғыдан алғанда, тілдегі жасалымдардың барлығы сөзжасамның аясына топтастырылуға тиіс секілді көрінеді. Жекелеген ғалымдар тарапынан да, антропонимжасам дегеннен гөрі, жалқы есімдердің сөзжасамы ретінде қарастырғанды дұрыс көретін сынап байқалады. Мысалы, Т. Жанұзақов өз еңбектерінің бірінде -лық/-лік, -дық/-дік; -шы/-ші; -мыш// -мыс; -ман/-бан/-бен/-пан; -мақ/-бақ/-бек/-пақ/-пек, -тай/-дай/-тей/-дей т.б. көптеген қосымшалардың этимологиясы мен қызметіне талдаулар жасап, олардың жалғануы арқылы қалыптасқан формаларды (есімдерді) сөзжасам тұрғысынан, яғни «жалқы есімдердің сөзжасамдық жүйесінің» аясында қарастырады [63, 332-339 б.]. Г. Көлдееваның зерттеулерінде де кісі есімдерінің жасалу жүйесі, ер және әйел есімдерінің құрылымдық-сөзжасамдық сипаты бойынша қарастырылады [86]. Жалқы есімдерді сөзжасамдық тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы туралы осы секілді ойлар өзге ғалымдардың еңбектерінде де кездеседі [34, 35]. Айтылған пікірлерге орайластырып, антропонимжасамның орнына атаужасам деп қолдануға да болар еді, алайда бұл атаудың мағынасында жалпылық басым, ал мұнда тек кісі есімдерінің жасалу мәселесі сөз болады.

Жалпылай алғанда ғалымдар пікірін теріске шығаруға болмайды, алайда қазіргі кезде тіл білімі тереңдеп дамыған сайын, тіл білімінің сөздіктерінде берілмегенмен, сөзжасамның ішінен, ілгеріде атап өткеніміздей, тұлғажасаммен қатар топонимжасам [36], терминжасам [185]. т.б. секілді салалар бөлініп, өзіндік сипаттары тереңдеп келеді. Антропонимжасам да осылар секілді термин ретінде қалыптасуға бейім. Сөзжасамның ішінен антропонимжасам деп арнайы бөліп қарастырудың маңызы да осында.

Бұл орайда айтылатын тағы бір мәселе қарапайым сөздерден антропонимдердің жасалуы бар да, антропонимдердің сөзжасамдық қабілеті бар. Т. Жанұзақов еңбектерінде ол «жалқы есімдердің жалпы есімдерге айналуы» деген тақырыппен беріледі. Бұл мәселе кейінгі зерттеушілер тарапынан да жан-жақты қарастырылып жүр. Мысалы, Құлмағамбетова, халықтың сүйіспеншілігіне бөленген фольклор және көркем әдебиет кейіпкерлерінің аты қазіргі есімдер құрамынан да көрініс береді. Уақыт өте келе ол есімдер жалпы есім мағынасында қолданылады (Көсе, Қарынбай, Қыз Жібек пен Төлегендей, Қозы Көрпеш Баяндай, Hamlet, Like Hamlet and Juliet). Антропонимдердің тарихи, саяси, мәдени, тұрмыстық ассоциациясы, оның антропонимдік мағынасы «тоқталып (перестают)», онимдер разрядынан аелятив қатарына өтеді (негізінен жалқы есімдерге) [87, 39 б.]. А. Біжкенова қазақ тіліндегі жалқы есімдерден жалпы есімдерге айналған біршама сөздердің тізімін береді [34, 60-80 б.]. Ілгерідегі мысалдарды талдай түссек, *қарынбай* – байлық пен сараңдықты, *алдаркөсе* – алдампаздықты, өтірікшілікті, *Қыз Жібек пен Төлегендей*, *Қозы Көрпеш Баяндай* – ғашықтықты білдіріп, жеке ұғымдарға айналған. Қазіргі кезде ауызекі тілдегі «Мынау өзі *қарынбайдың* (сансыз көп) малы ғой», «әне *алдаркөсе* (өтірікші) келе жатыр», «Екеуі Қыз Жібек пен Төлеген (бір-бірін сүйіп) боп отыр», «Қозы мен Баян (жақсы көріп) бола қалыпты» секілді тіркестер кездеседі. Осы ұғымдар арқылы жалпы есімдік жаңа мағынаның пайда болуы әрі антропонимдердің сөзжасамдық белгілері көрінеді. Жалпы, есімдердің антропонимге айналуынан гөрі, антропонимдердің жалпы есімге айналуы сиректеу кездесетін құбылыс болғанмен, кей орталарда есімі белгілі бір ұғымдарға айналған адамдар бар. Мысалы, ұзын тұра, тапал, нәзіктік, өтірікші т.б. адамның түрлі қасиеттеріне байланысты, өз ортасында адамның есімі осы ұғымдардың атауы ретінде қолданылатын жайлар кездеседі. Кісі есімдерінің табиғатындағы осы ерекшеліктер бойынша алғанда, *антропонимдердің сөзжасамы дегеніміз – кісі есімдерінің жалпы есімге айналуы, ал жалқы есімдердің кісі есімі-*

не айналуы антропонимжасам болып шығады. Мәселенің осылайша аражігін ашып тану – антропонимжасам терминінің өзіндік сипатын айқындай түседі. Қазіргі қазақ есімдерінің қорындағы кірме элементтердің өзіндік ерекшеліктеріне осы орайда тоқтала кетуге тура келеді. Антропонимжасам аясында жалпы қазақ есімі деген ұғымға сәйкес тұлғалар қарастырылады. Олардың табиғаты дыбыстық және мағыналық жағынан ұлттық тілдің заңдарына сай. Қазіргі қоғам мүшелері арасында еліктеулердің нәтижесінде түрлі тілдердегі есімдерді талғаусыз қойып жүргендерді кездестіріп жатамыз. Бұлайша ешқандай игерусіз көшіріп алынған есімдер антропонимжасамның жемісі бола алмайды.

Антропонимдердің жасалуы тілдің сөзжасам заңдылықтарымен тікелей байланысты екені белгілі, алайда ұзақ уақытқы дамудың нәтижесінде, антропонимжасам сөзжасам жүйесіне тән белгілерді сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерге де ие болды. Олардың өзіне тән формалары, компоненттердің өзара байланысуы мен түбірлердің өзіндік сипаты, қосымшалардың түрлері, жасалу жолдары, жалғану жүйесі, антропонимжасамдық мағынаның түрлері мен ерекшеліктері антропонимжасамның дербес сала ретіндегі белгілері болып табылады (бұлар жөнінде кейінірек арнайы сөз етіледі).

Тілдегі жалқы есім сөздер мен оның кісі есіміне айналғаннан кейінгі табиғатында өзіндік ерекшеліктер болады. Осы ерекшеліктердің пайда болуы мен қалыптасуы антропонимжасамдық формалардың қалыптасуы болып табылады. Жалқы есім сөздің кісі есіміне айналуы антропонимжасамның жемісі. Антропонимжасам тілдегі кісі есімдерінің жасалу жолдарын зерттейді. Сонымен сөздің кісі есіміне айналғаннан кейінгі табиғатында болатын ерекшеліктер туралы мәселелерге тоқталалық:

Жалпы, есімдер адам санасында тұрақталған белгілі бір зат пен құбылысты атайды, ал антропоним жеке адамды атайды.

Есім ретінде таңдалған тұлғаға психологиялық қасиет дариды, өйткені ол тікелей белгілі бір адамға бағытталады. Есім қызметі жағынан алғанда, иесінің өз аузымен айтылғаннан гөрі өзгелер тарапынан көбірек естіледі. Сондықтан, біртұтас таңба түріндегі дыбыстық форма оның санасында көбірек жатталады. «Мені қалаға әкеліп қамап қойдыңдар да, айналамдағылардың бәрі апа дейді, атымды атайтын бір адам жоқ, тіпті ұмытуға жақын қалыппын. Өткен жолы ауылға барғанда, қатарластарым атымды атап бір жетісіп қалдым ғой. «Е менің атым осындай еді ғой» – деген ой келді басыма» (ауызекі әңгімеден). Кісі есімі иесінің өзіне өте жақын болады, ол

аталғанда міндетті түрде қарамаса да, назар аударып елендейді. Бұл антропонимжасамға тән психологиялық ерекшелік болып табылады. Антропонимжасамдық таңбаны екі түрлі жағынан қарастырамыз: біріншіден, атаушы тарапынан, екіншіден, аталушы тарапынан. Атаушы тарапынан айтылғанда, оның көңіл-күйі мен аталушы адамға деген көзқарасына байланысты есімдер түрлі өзгерістерге түседі. Ол жасы үлкендерді құрметтеп, жасы кішілерді еркелету түрінде жүзеге асады немесе керісінше жағдайда. Ал аталушы тарапынан алғанда, адам өз атын кей жағдайда болмаса, негізінен, оның орнына «мен» жіктеу есімдігін қолданады. Сыртқа шығарып айтумен қатар, әр адамның ішкі «мені» болады, осы арқылы адамның болмысы қалыптасады. Адам есімінің көркем болуы, оның атына айтылатын құрметтеу мәнді сөздер мен есімін құрметпен атау адамның ішкі «менін» өсіреді.

Қазақ есімдерінің құрылымдық жүйесі түрлі элементтерден тұрады. Оларды морфологиялық тұрғыдан қарастыру бар да, антропонимжасамдық тұрғыдан қарастыру бар. Антропонимжасамдық тұрғыдан алғанда, олардың құрылымдық элементтері белгілі бір сөз табына қатыстылығы жағынан емес, дыбыстық сипатындағы ортақ ұқсастықтар бойынша топтастырылады.

Жалпы есімдер кісі есімдеріне айналғанда, оның мағынасына ат қоюшылардың пікірімен байланысты түрлі ақпараттар жинақталады. Бұл ақпараттар – қазақ халқының ат қою дәстүрімен байланысты танымдық әлемінің элементі. Бір есімнің ақпараттық мазмұнында бірнеше тақырып қамтылуы мүмкін, алайда бұлардың барлығы бір есімнің бойына тұрақтаған соң, оның аясына жинақталған ұлттық білім қоры болып табылады, демек антропонимжасамдық формалардың өзіндік білім қоры болады.

Есім қойылғанда «балам болашақта осындай болса екен» деген белгілі бір арман тілектің ойға алынатыны белгілі, сондықтан олардың мазмұнында бағалауыштық та сипат болады.

Өзге халықтармен бірге қазаққа да ортақ кісі есімдері ұлттық табиғатымен ерекшеленеді. Олардың қазақ халқының ұғымындағы сипаты мен өзге халықтардағы сипаты әртүрлі болуы мүмкін. Сондай-ақ, дыбыстық жағынан қазақ тілінің заңдарына бейімделіп, өзгерістермен қалыптасуы антропонимжасамның жемісі болып табылады.

Сонымен, антропонимжасам мәселесіне қарапайым көзқарас тұрғысынан келер болсақ, кісі есімін жасау үшін арнайы сөз ойлап табылмайды, тілде бар сөздер қолданылады, сондықтан кісі аттары

қашанда екінші орында тұрады, яғни жасалған дайын сөз енді антропоним жасау қызметін жүзеге асырады, демек сөзжасамның ішінен антропонимжасамды даралап тұратын басты ерекшелік – бірінші және екінші болуында. Мысалы, тілдегі сөзге қойылатын талаптарға жауап беретін қай дыбыстық форманың болсын өзіндік жасалу жолдары бар, олар белгілі бір мәнге ие сөз ретінде жасалады да, жалпы есім, жалқы есім болып бөлініп, әрі қарай тағы да жіктеліп, тарамдалып кете береді. Солардың арасынан «антропонимжасамды» арнайы бөліп алсақ, алдымызға қоятын мақсатымыз да, міндеттеріміз де айқын әрі нақтырақ болмақ.

Антропонимдер жасалуының тілдік табиғатын саралағанда, үлкен екі бағыт айқындалады: тілдік және тілден тыс, яғни *лингвистикалық* және *экстралингвистикалық факторлар* мәселесі. Лингвистикалық факторлар мәселесінде: антропонимжасамның құрылымдық жүйесі, антропонимжасамдық мағына, антропонимжасамдық норма және олардың жалқы есімдерден өзіндік ерекшеліктері, антропонимжасамның тілдің өзге салаларымен арақатынасы қарастырылады. Бұл антропонимжасамның дербес сала ретіндегі болмысын айқындайды. Антропонимжасамдық негіздер мен қосымшалардың түрлері, қызметі, этимологиялық сипаты мен қалыптасу жолдары қарастырылады.

Экстралингвистикалық факторлар мәселесінде кісі есімдерінің ұлттық болмыспен байланысы, сөздердің антропонимге айналуына мүмкіндік тудырушы уәж, кісі есімдерінің адамдар арасындағы қатынастарды реттеудегі орны, осыған орай жаңаша сипаттарға ие болу ерекшеліктері және т.б. ат қою дәстүрі аясындағы құндылықтар қарастырылады.

1.2 Антропонимжасамдық тәсілдер және антропонимжасамның тілдің өзге салаларымен арақатынасы

1.2.1 Антропонимжасамдық тәсілдер

Антропонимжасамды сөзжасамның дербес саласы ретінде бөлек алып қарастыру үшін оның өзіндік ерекшелігіне тоқталудың маңызы зор. Бұл ерекшелігін айқындап алмай тұрып, оны дербес сала ретінде тану мүмкін емес. Жеке сала болып танылуы оның өзіндік құрылымы, басқа салалардан ерекшеленетін антропонимжасамдық деңгейі, өзіндік нұсқаларының болуына байланысты. Антропонимжасам сөзжасамның құрамындағы өзіндік белгілерімен айқындалатын

дербес сала, сондықтан сөзжасамның негізгі жүйелік белгілері оған да ортақ болып келеді. Оның үстіне антропонимдердің өзіне тән төл материалы жоқ, дайын тілдік бірліктерден жасалады. Сондықтан кез келген кісі есімі ретінде қолданысқа түскен сөздің табиғатында антропоним жасау тәсілінің элементтері бар, яғни кез келген есім антропонимжасамның жемісі болып табылады. Тілдегі өзге бірліктер секілді антропонимдер де тілдің даму жүйесіне тән заңдылықтар бойынша өмір сүреді. Осы жүйе аясындағы тәсілдер арқылы жасала отырып, өзгелерден өзіндік белгілері арқылы айқындалады. Ең бірінші, кісі аттарының жасалуындағы тұлға, мағына, атау мәселесі назарға алынады, оның сөзжасамнан бір өзгешелігі осы үшеуінің өзара байланысындағы ерекшеліктерінде. Атауға негіз болған сөздің мағынасы мен антропонимжасамдық мағына бір-бірінен бөлек және екеуі де өзі атап тұрған адамның болмысын суреттеп бере алмайды. Сондықтан, антропонимжасамға тән мағына мен тұлғаның бірлігі басқаша сипатымен көрінеді.

Атауыштық қызметі – кісі есімдерінің негізгі қасиеттерінің бірі, сондықтан антропонимжасамдық тәсілдер туралы айтпас бұрын, сонымен қатар жүзеге асып отыратын, субстантивтену үдерісі туралы мәселеге де тоқтала кетуді жөн көреміз. Т. Жанұзақов онимдердің табиғатындағы осы құбылыс туралы «Антропонимдердің сөз таптарынан жасалу жолдарына» қатысты зерттеуінде, Тұрар, Тұрсын, Өтеген, Сұраған т.б. есімдердің о баста етістік тұлғалы болып, кейіннен субстантивтенгені туралы қысқаша атап өтеді. Субстантивтену – басқа сөз таптарына жататын сөздердің зат есімге айналуы, қазір бұл термин заттану деп те аталып жүр [102, 315 б.]. «Әдетте сын есімдер мен есімшелер субстантивтенеді, олардың мағыналары заттанады, заттық дербестік алады. Мұндай сөздер зат есім сияқты септеледі, тәуелденеді, көптеледі» [90, 339 б.]. Бұл мәселеге антропонимдік тұрғыдан келер болсақ, өзіндік ерекшеліктері бар: біріншіден, антропоним ретінде қолданысқа түскен кез келген сөз – белгілі бір адамның аты, сондықтан ол заттық сипатқа ие болады. Екіншіден, заттану ілгеріде айтылғандай сын есім мен есімшелердің ауқымымен шектелмейді, антропоним ретінде қолданысқа түскен кез келген сөзге, құрылымы мен қосымшасының түріне қарамай телінетін қасиет.

Тілдің лексикасындағы әр сөздің өзіне тән белгілері мен қызметі бар. Ол қасиеті замандар бойы сұрыпталып, санада жатталған, яғни ұзақ мерзімді қолданыстың нәтижесінде өзіне тән болмыс бітімі қалыптасқан, сондықтан бір грамматикалық категорияның құрамынан шығып, келесісіне өту кезінде белгілі дәрежеде жаңаша

сипат иелену үдерісін басынан кешіреді. Сөздің кісі атына айналуы үшін де антропонимжасам талаптарына сай болуы керек – қазақ антропонимжасамының аясы кең дегенімізбен, кез келген сөз кісі есіміне айнала алмайды. Морфологиялық табиғаты бойынша қазақ есімдерінің құрамында зат есімдерден басқа, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу сөздерден жасалған және олардың өзара бірігуі, тіркесуі немесе қосымшалардың жалғануы арқылы жасалған тұлғалар бар. Сөздік қордағы осы сөз таптарына қатысты сөздердің барлығы кісі есімін жасауға қабілетті емес. Мағыналық сәйкестігіне байланысты жекелеген сөздерге ғана ондай мүмкіндік берілген. Мысалы, сын есімдердің ұзындық, салмақ, биіктік, тереңдік, сын, сапа, түр-түс т.б; етістіктердің қимыл-әрекетті, үдерісті, түрлі өзгерістер мен құбылуларды т.б. білдіретін түрлі мағыналық топтары бар, олардың барлығы антропоним жасауға қабілетті емес. Сан есімдердің ішінде 1-10 және 40-100, 1000 сандарынан ғана есімдер жасалады. Күрделілер арасында 65 секілді сирек кездесетін есімдер болмаса, есімдерге негіз болатын дара тұлғалылар. Есімдіктер мен үстеулерден кісі есімдерінің жасалуы сирек, сол секілді есім жасауға қосымшалардың барлығы қатыса бермейді. Сөз таптарының антропонимжасамдық табиғатына көз жібергенде, олардың арасынан есімге қойылатын талғам сүзгісінен өткен тұлғалар ғана заттану мүмкіндігіне ие болатыны байқалады. Олардың «мағынасы түпкілікті заттық сипат алады», әрі «жалғау қабылдауға қабілетті» [90, 339 б.]. Бұл қабілетке ие болған түрлі сөз таптарына тән тұлғалардың бәрі бірдей жеке тұрып антропоним жасай алмайды, өзінен кейін немесе алдынан келетін екінші компонентпен қосылып немесе түрлі антропонимжасамдық қосымшалардың көмегіне сүйенеді.

Дыбыстық формалардың түрлі тәсілдер бойынша тұлғалануы мен мағыналық жақтан қандай өзгерістерге түскеніне қарамай, заттануына ең бірінші атау жасау қызметі себепші болады. Кісі есімдерінің табиғатындағы субстантивтену құбылысы – антропонимжасамдық тәсіл емес, осы тәсілдердің жүзеге асуы барысында қатар жүріп отыратын үдеріс. Сондықтан, антропонимжасамдық тәсіл мәселесі сөз болғанда, субстантивтену құбылысын да назарда ұстауға тура келеді.

Тілдік зерттеулерде, сөзжасам жүйесінің көне замандардан бері қолданылып, тілде әбден орныққан, синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық үш тәсілі көрсетіледі [186, 49 б.]. Қазақ антропонимдерінің құрылымдық жүйесін өз ішінде осы жүйе бойынша саралағанда лексика-семантикалық, фонетикалық,

морфологиялық, синтаксистік тәсілдері анықталады – тілдегі сөздер осы тәсіл арқылы антропонимге айналады немесе жаңаша сипатты есімдер жасалады. Дербес бірлік ретінде танылуы үшін мағынадан бұрын құрылымдық өзгешеліктерінің бірінші орында тұратыны шындық. Осы жағынан келгенде аталған үш тәсіл бойынша зерделеу мен антропонимжасамдық тәсілдердің айырмашылықтары бар. Мысалы, зерттеулер тұжырымында, синтетикалық тәсіл арқылы сөз жасалу үшін дербес лексикалық мағыналы сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың қатысуы керектігі айтылады. Жұрнақ деп бұл орайда сөз түрлендіруге емес, сөз тудыруға қабілеттілері меңзеліп отыр, ол өз кезегінде мағынамен байланысып жататыны белгілі. Ал антропонимжасамда түбір қызметі негізгі орында тұрады да, қосымшалар көбіне форма тудыру қызметімен шектеледі, сонымен қатар және сөзжасамдық тәсілдер қатарында, көріп отырғанымыздай, фонетикалық заңдылықтары туралы мәселе көтерілмейді. Араб, парсы тілдерінен енген кей сөздердің дыбыстық тұрғыдан өзгеруінің нәтижесінде жаңа мағыналы сөздердің жасалуында да сөзжасамның белгілері байқалады. Қазақ тіліндегі шығу тегі бір болып табылатын «сәт» пен «сағат», «өкімет» пен «үкімет» секілді сөздерді осы топқа жатқызуға болады, алайда олар қазіргі кезде морфонологиялық талдаулар құрамында қарастырылып жүр. Осы және басқа да белгілері антропонимжасамның дербес сипатын сомдап отырады.

Т. Жанұзақов «Қазақ есімдерінің тарихы» атты еңбегінде қазақ антропонимдерінің жасалу жолдарына біршама тоқталды. Ол кісі аттарының жасалуы, негізінен, тілдік заңдылыққа бағынады дей келіп, олардың құрылымдық жүйесін «дара тұлғалы антропонимдер», «туынды тұлғалы антропонимдер», «біріккен тұлғалы антропонимдер» деп топтастырып қарайды. Ғалымның топтастыруларында антропонимжасамның кейбір белгілері болғанмен, мұнда құрылымдық жүйесін анықтауға баса мән береді, зерттеулер барысында есімдердің шығу тарихы, мағыналық ерекшеліктері және сөз таптарына қатыстылығы бойынша талдаулар жасалады [64]. Мұнан кейінгі зерттеулерде де негізінен осы бағыт басшылыққа алынып отырды [87, 61]. Қазақ есімдері бойынша жүргізілген қазірге дейінгі зерттеулер нәтижесі, оларды тек сөз таптары тұрғысынан ғана емес, атау ретіндегі, құрылымдық элементтері маңызды рөл атқаратын, антропонимдік болмыс тұрғысынан да қарастырудың қажеттілігін көрсетіп отыр, бұл антропонимжасамның зерттеу нысаны болып табылады. Сондықтан алдағы зерттеулерде кісі есімдерін жаңа бір қырынан тану үшін антропонимжасамдық тәсілдердің өзіндік бел-

гілерін айқындауға баса назар аудару қажет етіледі. Құрылымдық сипаты тұрғысынан алғанда антропонимжасамның жасалу түрлері *дыбыстық, синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық* тәсілдердің аясына топтасады. Осы тәсілдердің жүзеге асуы барысында олардың өзіндік жүйесі көрініп отырады.

Дыбыстық тәсіл. Антропонимдік қор құрамында төл есімдермен қатар, өзге тілдерден еніп, ұлттық сипатқа ие болған түрлі тұлғалар бар. Олардың ұғымға сінуі мен ұлттық санада орнығуына мүмкіндік беріп отырған дыбыстық факторларда антропонимжасамның іздері бар екені шындық, сондықтан оған арнайы мән беріп, дыбыстық тәсіл ретінде қарастырамыз. *Дыбыстық тәсіл* негізінен кірме есімдердің дыбыстық бейімделуі тұрғысынан жүзеге асады және көне тұлғалы антропонимдерге жасалған этимологиялық талдаулардан да осы тәсілдің іздері байқалады. Осы орайда мына мәселелер ескерілуі тиіс:

Сөздердің жасалуы тікелей мағыналық элементтермен байланысты болғандықтан, дыбыстардың мағына айырғыштық қабілеті бұл орайда ескерілмейді. Мысалы, тас, тау, тал, тақ, тар, тап, таң деген сөздердің құрамындағы соңғы с, у, л, қ, р, п, ң дыбыстары сөзге жаңа мағына беріп тұр, алайда олар жаңа сөз жасау үшін арнайы жалғанған мағыналық элементтер емес. Мұндай ерекшелік кісі есімдерінің құрамында да кездеседі: Жанат, Қанат, Манат, Санат есімдерінің де бір-бірінен айырмашылықтары алғашқы дыбыстарында ғана, мұндай ерекшеліктері бола тұра бұл антропонимжасамның фонетикалық тәсілі бола алмайды.

Дыбыстық сипатына қарай есімдердің әртүрлі болып келуінің мұнан басқа да жасалу жолдары бар. Мысалы, Марат пен Мұрат дыбыстық өзгерістердің нәтижесі болып табылады, алайда ол қазақ тілінің антропонимжасамдық жүйесі арқылы жүзеге асқан жоқ, осылай дайын күйінде енген, шығу тегі бір болғанмен, антропонимжасамдық мағыналары да бір-бірінен алшақ, сондықтан оны қазақ антропонимжасамының жемісі деп айтуға болмайды.

Шығу тегі бір есімнің қолданыс барысында түрлі дыбыстық формалары қалыптасуы мүмкін, ол бір тілде ғана емес, бір-біріне туыстығы жоқ алыс тілдерге де енеді. Мұндайда әр тілдің дыбыстық заңдарына сай қалыптасқан формалар сол тіл антропонимжасамының жемісі ретінде өмір сүреді. Мысалы, Арыслан көне түркілік нұсқасы болса, Арыстан қазақ тіліне тән, ал Руслан – орыс антропонимжасамының жемісі¹.

¹ Соответственно, Руслан – это русская форма тюркского имени Арслан. «<http://www.kakzovut.ru/names/ruslan.html>»

Дыбыстық тәсіл мәселесі, арнайы жеке тақырыппен болма-са да, бұған дейінгі антропонимиялық зерттеулердің біразында сөз болған, әсіресе, кірме есімдердің дыбыстық жақтан өзгеріп, тіл заңдылықтарына сай жаңаша сомдалуына байланысты талдаулардан осы тәсілдің сырлары көрінеді. Бұл зерттеулердегі жаңа сипатты есімдердің барлығын өзге текті қазақ есімдері ретінде қабылдаймыз, өйткені олардың бойында болған өзгерістер енді тек қазақ есімі ретінде тануға мүмкіндік береді [3, 64, 198]. Кірме элементтердің игерілуі ең бірінші дыбыстық сипатының өзгеруінен басталады. Мысалы, еврей, араб, қазақ тілдеріне ортақ есімдердің әрқайсысына тән ерекшелігі – дыбыстық сипатында. Біз өз тарапымыздан жасалымның осы түріне қоса бір есімнің бірнеше нұсқада орнығуын дыбыстық тәсіл ретінде қарастыру дұрыс деп санаймыз. Қазір шығу төркіні бір болғанмен, Әли, Ғали, Қали – әрқайсысы жеке, дербес қолданылатын есімдер. Сол секілді Кәміл – Кемел – Камал, Айша – Ғайша – Қайша, Зәуре – Зура – Зухра т.б. зерттеушілер шығу тегі бір есімнің дыбыстық нұсқалары ретінде таниды. Дыбыстық сипатына қарай есімдердің бір-бірінен ажырап, алшақтауы, яғни қазақ есімі ретінде танылуы әрқайсысына дербестік сипат береді. Аадмады атау үшін мағынасы бойынша бірінің орнына бірі қолданылмайтын болғандықтан, осы нұсқалардың әрқайсысы антропонимжасамның жемісі ретінде саналады. Өзге текті қазақ есімдерімен қатар, мұндай нұсқалар түркі тілдерінде де кездеседі. Мысалы, Арыстан – Арслан, Токсын – Токсан, Алтын – Алтан – Әлтен, Кебек – Көбек – Көнек секілді тұлғалардың да қазіргі қолданыста жеке-жеке есім ретінде қалыптасуы дыбыстық тәсілдің жемісі болып табылады. Тарихи дамуы барысында, тілдің айтылым заңдарының талаптарына сай жүзеге асатын өзгерістер негізінен фонетика ережелеріне бағына бермейді. Тіл біліміндегі зерттеулер «...бұрын фонетика саласында әңгіме болып жүрген игерусіз өзгерістерді, сөз құрылымының ықшамдалуы мен морфологияда бірлі-жарым айтылып келген сөз құрылымының ұлғаюын – таза морфонологиялық бірліктер» қатарына жатқызады [186, 26 б.], сондықтан жалпылауыштық сипатта «дыбыстық тәсіл» деп атағанымызбен, кісі есімдерінің бойындағы «игерусіз өзгерістер» мен «ықшамдалу» да морфонологияның нысаны болып табылады.

Синтетикалық тәсіл сөз түбіріне қосымшалардың жалғануы арқылы жүзеге асады. Оны аффиксация немесе аффикстік тәсіл деп те атайды. Аффикстік тәсілдің антропонимжасамдағы ерекшелігі:

жұрнақ пен жалғаудың айырмашылығы елене бермейді. Жалғау болсын, жұрнақ болсын мағыналық ерекшелігіне қарамай, жеке антропоним жасауға қызмет етеді. Қазіргі қазақ тілінде сөзжасамдық тәсіл арқылы *машақат-та-н-дыр-у*, *қанағат-тан-ар-лық-сыз* секілді көп буынды сөздер кездеседі. Сөз түбірінің өзі үш буыннан тұрғанына қарамай, төрт қосымша қатар жалғанып тұр. Кейде мұнан да көп болуы мүмкін: *орын-да-л-ма-ған-дық-тан*. Буын санының көп болуы айтуға келгенде қиындық тудыратыны белгілі. Тілдің ішкі механизмдері оны өзінің артикуляциялық мүмкіндігі бойынша реттеп отырады, алайда құрамындағы сөзжасамдық және форма жасаушы қосымшалардың әрқайсысының мағыналық рөлі олардың түрлі қысқаруларға ұшырамай сақталып отыруын қамтамасыз етеді. Ал антропонимжасамның аффикстік тәсіліне тән ерекшелік – мұнда *қысқарту тәсілі* қолданылады. Ықшам, айтуға жеңіл болуы табиғи жолмен жүзеге асады дегенімізбен, сөз түбіріне қосымшалардың жалғану заңдылықтары антропонимжасамның осы тәсілінде де сақталады. Т. Жанұзақов зерттеулерінде кіс аттарының толық және қысқарған түрде келетіні, екі я үш сөзден құралған кейбір аттар өмірге бейімделіп, қысқарып кеткені туралы айтылады [63, 127 б.]. Қосымшалардың жалғануы мен түбірлердің қысқару тәртібінде синтетикалық тәсілдің өзіндік орны бар. Морфологиялық құрылымы негізінен екі, үш буынды болып келеді, бір, төрт немесе онан көп болуы сирек. Түбірге жалғанатын қосымшалардың түрі бір, екіден аспайды, Бір-жан, Ер-тай, Нұр-ман, Тоқ-ан, Бол-сын-ай, Бол-тан-ай, Би-кен-ай, Бек-тен-ей, Жам-ақ-бай, Ес-ен-әлі, Бож-ан-тай, Байзақ-ан т.б. секілді тұлғалардан тұрады. Бұл жүйе өз ішінде буын санына қарай бірнеше топқа бөлінеді: 1) толық есімге қосымша жалғанады: Қали-жан, Орман-тай, Зәуре-ш т.б. 2) бірінші дыбыс немесе буынның сақталуы: Ормантай – Оқан, Әлпейіс – Әшен, Еркін – Екенай, Жұмабек – Жәкен, Сәдуақас – Сәкен, Бименді – Бикен т.б. 3) Екінші буынның сақталуы: Аған-ай, Бөкенай, Ақтайжан, Нескентай т.б. Осы аталған антропонимдер құрамындағы қосымшалардың көпшілігі еркелету, құрметтеу мәнділер, алайда олар қазіргі кезде бастапқы мағынасынан ажырап, есімнің құрамды элементі ретінде орныққан, сондықтан түрлендіру емес антропонимжасамдық қызмет атқарып тұр. Зерттеу еңбектерде кісі есімдерінің қысқарған тұлғаларын сөзжасам элементтерінің қатарында қарастырады [90, 207 б.], алайда антропонимжасам мен кісі есімдерінің мағынасын түрлендірудің арасында өзіндік айырмашылықтар бар. Еркелету мәнді қосымша арқылы жасалған тұлға тұрақты қолданысқа көше

немесе осы тұлғасымен келесі бір адамға есім етіп берілсе ғана антропонимжасамдық сипатқа ие болады. Сондықтан, аналитикалық тәсіл бойынша түбірлерінің қысқаруы арқылы жасалған есімдердің антропонимжасамдық сипаты туралы айтқанда оның тұрақты қолданысқа көшуі де маңызды екені ескеріледі.

Белгілі бір ойды, ұғымды дыбыстық тұлғалармен атау барысында тілде бар лексикалық бірліктердің мүмкіндігін жетілдіріп пайдалану, ойды таңбалауда жеке зат пен құбылыстардың болмысынан туындап жататын күрделі ұғымдарды беруге бір сөздің мүмкіндігі жетпей жатқанда, оларды біріктіру, тіркестіру тәсілдерін пайдалану – тілде орныққан дәстүрлі жүйе. Бұл – атау, ат қою әрекетінің көрінісі. Атау мен ат қою шығу тегі жағынан бір ұғымдар (қазір екеуін тілдің екі саласындағы қызметі бір-бірінен алшақтатып жіберді), сондықтан қазір екеуі де ортақ бірігу, тіркесу, лексикалану қабілеттеріне ие. Бұл – аналитикалық тәсілге тән белгі. Сөзжасамда *аналитикалық тәсіл* өз ішінде 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту болып төртке бөлінеді. Осылардың ішінде қосарлану – екі сөздің бір-біріне қосақталып, біртұтас мағыналы сөз жасайтын тәсілі. Ол тілде ертеден бар. Тілде қолданылатын ата-ана, туған-туыс, ән-күй, дәрі-дәрмек т.б. қосарлау тәсілінің көрінісі [90, 206 б.]. Жалпы есімдерді қосарлау арқылы жасалатын жаңа сөз мағынасында жалпы заттарды атау сипаты болса, осы тәсілмен кісі есімі жасалғанда жеке адамды атауға бағытталып, жекелік сипатқа ие болады. Кісі есімдерінің құрамында сыңарлары бір сөз табынан және мағыналас сөздерден ғана тұратын Әлқуат, Бақдәулет, Байтөре т.б. секілді есімдер бар, алайда бұлардың антропонимжасамдық сипатынан қосарлау емес, дайын тұлғаның лексика-семантикалық жолмен кісі есіміне айналуы немесе дайын антропонегіздерді біріктіру тәсілінің іздері байқалады. Осыған ұқсас, Нұрсәуле, Ербатыр, Айкүн немесе Күнай т.б. секілді есімдер бар. Бұл көрсеткіштерден антропоним жасауда қосарлау, тіркестіру тәсілдерінің қолданылмайтынына көз жеткізуге болады.

Сөзқосым өз ішінде біріктіру және кіріктіру болып екіге бөлінеді. Сөзжасамдағы кіріктіру тәсілінің ішкі сипаттарында да антропонимжасаммен салыстырғанда ерекшеліктер кездеседі. Мысалы, кіріктіру тәсілі арқылы жасалған Жексенбі (*як+шенбе – парсының бір+күн деген сөзі*), Қарлығаш (*қара+ала+құс*), Сексенбай (*түбірі: сегіз+он*) т.б. кіріккен сөздерден жасалған есімдер болып табылады, алайда кірігу тәсілі арқылы сөз жасалғанмен, антропонимжасамдық тәсіл бұл орайда лексика-семантикалық тұрғыдан жүзеге асып отыр. Дайын сөздерден

жасалатын болғандықтан, кісі есімдерінің құрамындағы кіріккен тұлғалылардың негізінен антропонимжасамдық қызметімен көрінуі қиын, өйткені сөздердің бойында кірігу үдерісі антропонимжасамға дейін болып, дайын тұлға орнығып қалады да, лексика-семантикалық жолмен антропонимге айналады, сондықтан кіріктіру – антропонимге емес, сөзжасамға тән бірлік.

Біріктіру тәсілі арқылы жасалған есімдердің саны өте көп, ол белсенді тәсілдердің бірі болып табылады: Байсерке, Төлқожа, Нұрбек, Айнұр, Ахметжан, Балғаным т.б. біріктіру тәсілінің нәтижесінде қалыптасқан есімдер. Аналитикалық тәсіл ішінде есімдердің қысқарту арқылы жасалуы көптеп кездеседі. Күрделі тұлғалылардың қысқартылуы формаларының өзгеруі жағынан бірнеше түрлі сипатта жүзеге асады: 1) күрделі тұлғалылардың айтуға жеңіл болуы үшін ықшамдалып, бір сыңары ғана қалады да, қалғаны қысқарады: Болатбек – Болат, Мұхаметкерім – Керім, Ақерке, Еркежан – Ерке, Нұржамал – Жамал. 2) Сақталып қалған компонент сыңарына немесе оның бірінші буынына еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалар жалғанады: Нұрболат – Нұртай, Ермағамбет – Еркен, Мұқаметрақым – Мұқыш, Сақтапберген – Сақан т.б. 3) екінші буыннан қысқарып, арнайы қосымшалар жалғанады: Жолдыбай – Жолдеке, Меңдіғали – Меңдіеке, Сейітболат – Сей(і)т-ек, т.б.

Күрделі атауға тән тұлғалық, мағыналық ерекшеліктердің кейбір элементтері аналитикалық тәсіл арқылы жасалған антропонимдерден де көрінеді. Күрделі тұлғалы есімдердің басты ерекшеліктері, біріншіден, өздеріне тән қазіргі кезде нормаға айналған лексикалық қоры бар. Осы қордағы түбір тұлғалы зат есім, сын есім, сан есім, етістіктерден жасалған, дербес мәнді сөздер өзі тектес компоненттермен бірігіп немесе тіркескенде антропонимдік сипатқа ие болады: Айту, Байжан, Дәулеткелді, Нұрбала т.б. Мұны лексикалану деп атайды. Лексикалану – сөздердің еркін тіркес құрамында қолданыла келе, тұрақтылық сипатқа ие болуы нәтижесінде бір ұғымның атауы ретінде жұмсалуды. Лексикалану тілдердің қайсысында болса да, баяу жүретін құбылыс [138, 296 б.]. Сөзжасаммен салыстырғанда антропонимжасамда мұндай үдеріс болмайды, әрбір компоненттердің бірлігі немесе тіркесі есім ретінде қолданысқа түскен сәттен бастап, лексикаланған болып есептеледі.

Лексика-семантикалық тәсіл – дайын сөздің антропонимге айналуы. Түбірге ешқандай жалғау жалғап, басқа бір компоненттермен бірігуінсіз де түрлі антропонимдік тұлғалар сол қалпымен антропонимдік қорға өтеді. Сөзжасамдағы лексика-семантикалық

тәсіл мен антропонимжасамдағы осы тәсілдің бір-бірінен ерекшелігі мағыналарында. Сөздің номинативті мағынасы мен туынды мағынасы өзара байланысын сақтағанмен, екі сөз білдіретін зат немесе құбылыс екі түрлі. Ал кісі есіміне айналғанда, осы мағына жалпылық сипат алады да, антропонимжасам талаптарына сай негізгі элементтері басшылыққа алынады. Сөздің мағынасы әрі тарылады, әрі кеңейеді. Тарылатыны – есімге негіз болып отырған зат немесе құбылыстың және туынды мағыналардың жақсы жақтары ғана ескеріліп, таным сүзгісінен өтеді, кеңейетіні – сол атау арқылы берілетін, яғни сөздің тілдік қолданыс барысында қалыптасқан туынды-көркем мағыналардың барлығы басшылыққа алынады. Сондықтан, оны екінші сөзбен антропонимжасамдық мағына деп те атауға болады. Тіліміздегі Аман, Есен, Жамал, Жібек, Көркем, Ләззат, Орман, Самал, Сұлу, Торғын т.б. лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған есімдер.

Лексика-семантикалық тәсіл антропонимжасамның тілдің өзге салаларымен байланысы жөніндегі мәселелерді де қамтиды. Ономастиканың ішінде антропонимнен өзге де топоним, зооним, фитоним, космоним т.б. секілді дербес салалары бар. Бұл салалардың өзара қатынасы да антропонимжасамның өзіндік сипатының орнығуына ықпал етті, олар лексикалық қоры жағынан бір-бірімен тығыз байланыста болып келеді – ортақ бірліктер бірінен екіншісіне ауысып жүреді. Т. Жанұзақов оларды «Жалпы есімдердің жалқы есімге, жалқылардың жалпы есімге ауысу заңдылықтары» деп қарайды және олардың лингвистикада деонимизация, онимизация деп аталатынын айтады [63, 84 б.]. Онимизация құбылысы антропонимжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы жүзеге асады, яғни лексикалық бірліктер бірінен екіншісіне дайын күйінде ауысады, сондықтан оларды антропонимжасам мен ономастиканың өзге салалары арасындағы байланыс мәселесі тұрғысынан емес, осы тәсіл аясында қарастыру тиімді. Онимдер арасындағы ауысуларды өз ішінде саралағанда мынандай түрлерін көрсетуге болады, тіл білімінде оны трансонимизация деп атайды. *Этнонимдерден жасалған антропонимдер*: этноним – ел, халық, ру, тайпа атаулары. Қазақ шежіресінде ру, тайпалар негізінен кісі есімдері ретінде беріледі, сондықтан кісі есімдері мен этнонимдердің өзара байланысы осы қырынан да көрінеді. Қазіргі кісі аттарының құрамында ұлт атауынан жасалған Қазақбай есімінен бастап, Адай, Алшын, Жалайыр, Дулат, Керей, Қыпшақ, Қоңырат, Найман, Үйсін т.б. көптеген этнонимдерден жасалған есімдер ретінде кездеседі. *Топо-*

нимдерден жасалған: гидронимдерден жасалған антропонимдер: Балқаш, Ертiсбай, Едiл, Жайық, Iлебай; оронимдерден жасалған антропонимдер: Ақбет, Алатау, Жамбыл, Матай, Майтөбе, Орал, Шаған; *топонимдiк терминдерден жасалған* Дария, Теңiз, Мұхит, Асқар, Сеңгiр. *Аспан денелерi атауларынан жасалған* Жұлдыз, Шолпан т.б. секiлдi антропонимдер лексика-семантикалық тәсiл арқылы жасалған.

1.2.2 Антропонимжасамның тiлдiң өзге салаларымен арақатынасы

Антропонимжасамның дербес сала ретiндегi белгiлерi мен сөзжасам құрамындағы өзiндiк ерекшелiктерiн айқындау үшiн, тiлдiң өзге салалармен байланысы назарға алынады. Антропонимдер де тiлдiк элементтерден жасалады. Фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларына тән тәсiлдердiң көпшiлiгi кiсi есiмдерiне де ортақ. Ендеше «екеуiнiң арасындағы негiзгi ерекшелiк неде?» – деген сұрақтың туындауы заңды. Антропонимжасамның тiлдiң өзге салаларымен арақатынасын саралағанда осы сұрақтың жауабы да айқындала түседi деп ойлаймыз. Осыған дейiнгi зерттеулердiң көпшiлiгiнде антропонимдердiң грамматикалық жүйесi арнайы қарастырылған болатын. Қ. Жұбанов [188], Т. Жанұзақов [63; 64], А. Ибатов [187], З. Жанғабылова [61], А. Жаңабаева [59] және т.б. ғалымдар еңбектерiнде кiсi есiмдерiнiң морфологиялық құрылымы – түрлi қосымшалардың жалғануы арқылы жасалуы және сөз таптарына қатыстылығы бойынша топтастырыла отырып сипатталады, сонымен қатар этимологиялық талдаулар барысында да қосымшалардың грамматикалық мағынасы мен грамматикалық категорияларға қатыстылығы сөз етiлiп отырды, яғни антропонимжасам мәселесi антропонимдердiң морфологиялық, синтаксистiк табиғатына байланысты зерттеулердiң аясында қаралып келген. Ендiгi алда тұрған мiндет – тiлдiң өзге салаларының жалпы есiмдердi жасауға қатысуы мен антропонимдердi жасауға қатысуының арасындағы кейбiр ерекшелiктердiң сырларына үңiлу. Бұл қазақ антропонимдерiнiң лингвистикалық табиғатын тереңiрек тануға мүмкiндiк бередi. Тiлдiң өзге салаларының iшiнде морфология, синтаксис, морфонология және лексикологияға қатысты алғанда, әсiресе, тұлғалық ерекшелiктер мәселесi сөз болатындықтан, мәселеге «антропонимжасамдық форма» тұрғысынан назар аударылады.

Антропонимжасамның морфологиямен арақатынасы

Антропонимдерді морфологиялық құрылымына қарай талдау мен антропонимжасамдық тұрғыдан қарастырудың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктері бар. Кісі аттарының грамматикалық құрылымы ең бірінші морфологияның нысаны болып табылады. Морфологиялық элементтер қатарына түбірлер мен қосымшалар жатады және түбір мен қосымшаның, дербес мағыналы сөздердің қатар тұру (бірігу) заңдылықтары да морфологияның нысаны болып табылады. Антропонимжасам мен морфологияның өзіндік ерекшеліктері туралы мәселе бұрын сонды сөз болмағандықтан, сөзжасам мен морфологияның арақатынасы туралы зерттеулерге тоқтала кетуге тура келеді. «Қазақ грамматикасында» сөзжасам мен морфологияның айырмашылығы былайша беріледі: «Тіл білімінің сөзжасам саласы да, морфология саласы да морфеманы зерттейді. Бірақ сөзжасам жаңа сөз жасаушы морфемаларды зерттейді де, морфология грамматикалық тұлғаларды (формаларды) яғни сөз түрлендіруші тұлғаларды зерттейді» [90, 191 б.].

Морфология мен сөзжасам, оның ішінде антропонимжасам екеуіне ортақ зерттеу нысаны – көмекші морфема. Көмекші морфема сөзге фонетика, морфонологиялық заңдылықтар бойынша жалғанады, осы тұрғыдан келгенде өзара ұқсастықтары бар. Осы ұқсастықтардан келіп, кей грамматикалық құралдардың табиғатындағы ерекшеліктерді «морфология мен сөзжасамның қайсысына жатқызған дұрыс?» – деген сұрақтың төңірегінде де бір-біріне қайшы пікірлердің туындайтыны шындық. Мысалы, солардың бірінде «Қазақ тіл білімінде еркелету, кішірейту, сыйлау мәнін беретін жұрнақтар әлі күнге дейін дау туғызып жүргені және бір топ ғалымдар оларды сөзжасамға жатқызса, енді бір топ ғалымдар сөз түрлендіруші деп дәлелдейтіні» айтылады [90, 191 б.]. Кішірейту, еркелету, сыйлау мәнді жұрнақтар кісі есімдеріне сонымен қатар, жалқы есімдерге де жалғанып, реңк мәнін тудырады. Сөзжасам мен морфология арасындағы мұндай даулы түйіннің шешімі өз алдына қарастыруды талап ететін болар, алайда «сөзжасам тілдің атау (номинация) жасау қызметін, жаңа сөзжасау мәселелерін қарастыратын тіл білімінің бір саласы» [186, 46 б.] деген тұжырымды басшылыққа алар болсақ, мәселенің шешіміне жақындағандай болар едік. Тілдегі *ағатай*, *балақай*, *ботақан* секілді сөздердің құрамындағы қосымшалар атау жасауға қызмет етіп тұрған жоқ, сондықтан мұндайда жаңа сөз де жасалмайтыны белгілі. Ал *ағай*, *анай* атауыштық қабілетке ие, қазір мұғалім, оқытушы

сөздерінің синонимі ретінде дербес лексикалық мағынасымен қолданылады, яғни жаңа сөздер жасалды. Зерттеу еңбектерде «зат есімнің лексикалық мағынасын түрлендіретін реңк мәнін қосатын 24 жұрнақ бары анықталғаны» туралы мәліметтер бар [90, 321 б.]. Әрқайсысының тілдік нормаға сай өзіндік мүмкіндігі бар, сондықтан оларды бірыңғай морфологиялық не сөзжасамдық деп топтастыра салу дұрыстыққа әкеле бермейтін секілді. Ол жұрнақтардың сөзге жалғану көрсеткіштері мен әр сөздің құрамындағы беретін мағынасы арнайы қарастырылуға тиіс. Ал антропонимжасамдық тұрғыдан алғанда төмендегідей талдауларды тиянақ етеміз.

Еркелету, құрметтеу, сыйлау мәнді жұрнақтар жалқы есімдерге де жалғанғанымен, негізінен, антропонимжасамға тән элементтердің бірі болып табылады. Бастапқыда кісі есіміне жалғанып айтылып, еркелету, құрметтеу мәнін білдірсе, негізінен тұрақты қолданыла келіп, кейінірек өзінің бастапқы мағынасынан айрылады да, сол есімнің тұрақты бөлшегіне айналады. Бұл даму үдерісінің екі кезеңін көрсетеді: бірінші кезеңде, сөз түрлендіруші жұрнақ – есімнің сыртқы формасын өзгертіп, қосымша еркелету, құрметтеу мәнін үстейді. Екінші кезеңде, антропонимжасамдық форма – біртұтас сипатқа ие бола отырып, атауға қабілетті жаңа бір есімнің жасалуына негіз болады. Осы тұрғыдан келгенде, бірінші кезең сөз түрлендіру қызметімен морфологиялық жағынан көрінсе, екінші кезеңнің антропонимжасамдық сипаты көбірек назар аударады. Қазақ есімдерінің құрылымдық жүйесіне талдаулар жасағанда, дербес қолданылатын көптеген тұлғалардың осы жолмен қалыптасқанын көруге болады. Қазақтың белгілі ақын, композиторы Ақан серінің әуелгі есімі Ақжігіт, кейіннен халық оны еркелетіп, Ақан деп атап кетті. Қазіргі кезде Ақжігіт те, Ақан да дербес есім ретінде қатар қолданылады, тілде тұрақтап, ұзақ уақыт қолданыста болуына байланысты Ақан өзінің еркелету мәнінен ажыраған. Қазақ тілінде Көшен, Досан, Бораш, Нұржан т.б. секілді осы жолмен жасалған есімдер көптеп саналады. Екі саланың ортасындағы даулы пікір шешімінің антропонимжасам арқылы анықталуы, оның екеуімен де тығыз байланыстылығын әрі өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Морфологиялық талдаулардың мақсаты кісі есімдерінің құрылымдық жүйесін грамматикалық категорияларға қатыстылығы тұрғысынан зерделеу болып табылады, яғни мұнда әр элементтің грамматикалық мағынасы басты назарға алынады. Бұл мәселе антропонимжасаммен де тығыз байланысты, өйткені антропонимжасамда да кісі есімдерінің құрылымдық элементтеріне назар аударылады.

Антропонимжасамның морфологиялық құрылыммен арақатынасы туралы сөз болғанда негізінен дыбыстық формалардың сипатына баса мән беріледі. Олай болатын себебі, антропонимдердің басты қызметі – адамды атау, өзгелерден ажырату, ал атау кезінде кісі есімдерінің дыбыстық формасы мағынадан бөлініп, бірінші орынға шығады. Мысалы, төмендегі есімдердің антропонимжасамдық мағыналарында айырмашылық болмағанмен, Өтенді Өтеп, Тұрарды Тұрған деп атамайды, яғни бұлар екі түрлі есімдер, оларға екі түрлі сипат беріп тұрған мағына емес, дыбыстық форма. Морфологиялық құрылым мен антропонимжасамның өзіндік ерекшеліктері ең бірінші осы бір тұстан аңғарылады. Ұқсастықтар шегіндегі ерекшеліктерді саралай отырып, морфология мен сөзжасамның бір-бірінен айырмашылығына келсек: морфологияның зерттеу нысаны қосымшаның ішінде жалғау түрі мен жұрнақтың грамматикалық категориялар көрсеткішіне тән сөз түрлендіретін түріне жатса, сөзжасамның нысанына қосымшаның сөзжасамдық жұрнақ түрі жатады [90, 191 б.]. Дегенмен, өзіндік ерекшеліктерінің барына қарамай, екеуіне де белгілі бір дәрежеде мағына білдіру қабілеті тән. Ал антропонимжасам морфология мен сөзжасамнан, мағынадан бұрын дыбыстық формалардың ерекшелігін бірінші орынға қою қасиеті арқылы бөлініп шығады, мағынасының қандай болуына қарамай, қосымшалардың дыбыстық өзгешелігі жаңа антропонимнің жасалуына қызмет етеді². Антропонимжасамның дәстүрлі морфология заңдылықтарынан өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын белгілері бар, енді сол жөніндегі мәселелерге тоқталып көрелік.

Тілімізде қолданылатын, қосымшалар арқылы жасалған ұял, ұят, көр, көз, жақ, жан, қызыл, қызар, ұзын, ұзар, шалқала, шалқасынан т.б. секілді сөздер бар, талдап қарағанда көне түбірлері ұя, кө, жа, қыз, шалқ болып шығады. Қазір олар дербес сөз ретінде қолданылмайды, алайда тіл біліміндегі кей зерттеу еңбектерде бұл туралы «осы туынды түбірлер жасалған кезде ол негіз сөздердің лексикалық мағынасы болған» – деген болжам айтады да [90, 199 б.], тарихи тұрғыдан оларды түбір ретінде таниды [18, 279 б.]. Осы секілді қазақ есімдерінің құрамында қосымшасы белгілі болғанмен, түбірі белгісіз есімдер көп. Мысалы, **Қақ**- тұлғасынан тарайтын *Қақабай, Қақай, Қақан, Қақатай, Қақаш, Қақбай, Қақназар, Қақыбай* секілді есімдерді жатқызуға болады. *Қақ* – ешқандай мағына бермейді, дыбыстық жағынан ұқсас түрлі сөздердің қысқарып немесе өзге тілдерден еніп, қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сай

² Бұл жөнінде 3-тарауда толығырақ сөз болады.

өзгеріп, қалыптасқан жиынтық форма болып табылады. Сондықтан, мағыналарының көмескілігі және морфологиялық заңдылықтарға тән қысқару тәсілдері жағынан ұқсас болғанмен, жасалу жолдары жағынан осы бір тұстан да антропонимжасамның өзіндік ерекшелігі көрінеді. Еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалар жалғанғанда түбір сөздің қысқарып, ешқандай мағына бермейтін дыбыстық формаға айналуы тек антропонимжасамның жемісі болып табылады.

Жалғамалы тілдерге тән негізгі ерекшеліктердің бірі – түбірге түрлі сөз тудырушы, сөз түрлендіруші жұрнақтар мен жалғаулардың жалғануы. Бір сөзге біреуі ғана жалғанбайды, бірінен кейін бірі келіп бірнешеуі жалғанып, түрлі грамматикалық мағыналар мен реңк үстейтін күрделі тұстары жиі кездеседі. Бұл ерекшелік қазақ антропонимдеріне де тән. Сөз түбіріне түрлі тұлғадағы қосымшалар жалғанады да, жаңа бір антропоним жасайды немесе жасалуына негіз қалайды. Қосымшалардың фонетика, морфология заңдылықтары бойынша жалғану тәртібі екеуінде де бірдей. Алайда, морфологияда сөзге жалғанатын қосымшалар бір текті болмайды, яғни бір сөздің құрамында мағыналас қосымшалар қатар тұрмайды, ал антропонимдерде бұл заңдылық сақталмайды. Еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалар мағыналық ұқсастығына қарамай, бірінен кейін бірі жалғана береді. Мысалы, Нұрымтай, Борашжан, Әркенбай, Қақабай есімдерінің құрамындағы -ым-тай, -аш-жан, -кен-тай, -кен, -қа (немесе -а)³-бай қосымшаларының барлығы еркелету, құрметтеу мәнін білдіреді. Ілгеріде атап өткеніміздей, алғашқы қосымша тұрақты қолданыла келе түбір сөзге қарай ығысып, өзінің еркелету мәнінен ажырағаннан кейін оған келесі бір еркелету мәнді қосымша тағы жалғанады. Тек кейінгісінің дыбыстық формасы басқаша болады.

Тілдегі жұрнақтардың әрқайсысына тән өзінің грамматикалық мағынасы болады. Ал антропонимжасамда ол өзгешелеу: жалғау болсын, мейлі жұрнақ болсын тек антропонимжасамдық форма тудыру қызметіне көшеді. Оны мынандай мысалдардан көруге болады. Қазақ тіліндегі Келгенбай мен Келдібай, Тұрарбек пен Тұрғанбек, Өтеп пен Өтеген т.б. секілді есімдерінің құрамындағы қосымшалары тек форма тудыру қызметін атқарғаны болмаса, ешқандай бұрынғы өткен шақ, жедел өткен шақ немесе көсемше қызметін атқарып тұрған жоқ, тек жаңа формалы антропоним жасап тұр. Аталған жұп есімдердің

³ Қайрат, Қаймолда т.б. секілді бірінші буынның соңы қ-дан басқа дыбыстарға аяқталатын есімдерден қысқарып жасалса, алғашқы екі дыбысқа еркелету мәнді -қа, ал Қакан (Хакан), Қақтағай, Қаһарман т.б. секілді һ немесе қ-ға аяқталатын есімдерге -а жалғанады.

антропонимжасамдық мағыналарында айырмашылықтардың болмауы, аталған қосымшалар арқылы берілуі тиіс мағыналардың кісі есімі ретінде қолданыста еленбеуі соның көреткіші. Сол секілді Желдербай мен Желдібай есімдерінің құрамындағы *-дер* мен *-ді* мағыналық жақтан бір-біріне жақын болғанымен, олар арқылы жасалып тұрған есімдер дербес қолданылады. Жұрнақ пен жұрнақтың немесе жұрнақ пен жалғаудың, мағыналық нақтылығынан ажырап, айырмашылығы тек дыбыстық формасында ғана қалуы антропонимжасамға тән ерекшеліктің көрінісі болып табылады.

Қазақ есімдерінің құрылымдық жүйесіне талдаулар жасағанда, түрлі грамматикалық тұлғалардың қатысуымен, соның ішінде көпшілігі еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалар арқылы пайда болып, кейін дербес есім ретінде қалыптасқанын байқауға болады. Сонымен қатар, түрлі грамматикалық категорияларға тән тілдегі көптеген қосымшалардың жалғануы арқылы қалыптасқан есімдер бар. Т. Жанұзақов «кісі аттарының құрамында кездесетін» сондай қосымшалардың 37 түрін атап өтеді [64, 164-166 б.]. Олардың әрқайсысының антропонимдік форма, яғни антропоним жасауда өзіндік орны бар. Белгілі бір есім қойылғанда оған жүктелетін мағынаны жеткізу үшін грамматикалық тұлғалардың жалғанатыны белгілі. Есім өзінің атауыштық қызметін атқара бастағанда, ілгеріде атап өткеніміздей, ол мағына екінші орынға ығысып, бірінші орынға дыбыстық форма шығады. Қосымшалардың әуелгі тегі мен мағынасы көмескіленіп, біртұтас антропонимжасамдық қызметімен танылатын тұсы да осы күйі. Қосымшалардың антропонимдер құрамында тұрақты қолданысы, әсіресе, тұлғалары бірдей қосымшалардың түрлі түбірлерге жалғануы олардың антропонимжасамдық сипатта танылуына мүмкіндіктер тудырады, яғни бір тектес антропонимжасамдық қосымша ретінде танылады. Сондықтан, антропонимжасамның морфологиямен байланысты мәселелері сөз болғанда олардың жасалуындағы осындай даму үдерістерін ескеруіміз керек, себебі оның антропонимжасамдық формалар жүйесінің қалыптасуында өзіндік орны бар. Қосымшалардың дамуындағы, яғни антропонимжасамдық сипат алуындағы бұл үдерістерді түрлеріне қарай морфологиялық немесе сөзжасамдық және антропонимжасамдық кезең деп екіге топтастыруға болады. Еркелету мәнді қосымша белгілі бір уақыт аралығында өз қызметін атқарып, есімге мағыналық реңк үстейді. Бұл – морфологиялық кезең, ал енген осы форма тілде тұрақты орнықса, антропонимжасамдық сипатқа ие болады. Қуаныш,

есімінің құрамындағы -ыш қосымшасы да алғаш мағына тудыру мақсатында сөзжасамдық қызмет атқарса, тұрақты қолданыс барысында Қуан, Қуанған, Қуандық секілді мағыналас тұлғалардың айырмашылығын көрсетіп, антропонимжасамдық қызметке ауысып отыр. Антропонимжасам мен морфологиялық құрылымның өзара байланысы мен ерекшелігін айқындайтын белгілер осындай сипаттарынан көрінеді.

Антропонимжасамның синтаксиспен арақатынасы

Кісі есімдері толық мәнді дербес сөздерден немесе қосымшалардың жалғануы арқылы ғана жасалып қоймайды, сол сөздердің тіркесуі, қатар тұрып байланысуы секілді синтаксистік тәсіл арқылы да жүзеге асып отырады. Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған күрделі есімдер табиғатында да антропонимжасамдық сипат болады. Қазақ есімдерінің синтаксистік жүйесі негізінен тілдегі сөз тіркестерімен байланысты болып келеді. Ол туралы қазақ тілінде зерттеу еңбектер көп емес. Негізінен бұл жөнінде ғылыми пікірлер айтқан ғалымдар Қ. Жұбанов, Т. Жанұзақов болатын. Қ. Жұбановтың зерттеулерінде біршама мәселе сөз болған. Т. Жанұзақов өз зерттеулерінде біріккен тұлғалы антропонимдердің орын тәртібі туралы айта келіп, Итбай, Баққожа, Асылбек, Байтас, Дөненбай т.б. секілді есімдерге мысал келтіреді де, «Бұл тәрізді біріккен кісі аттары компоненттеріндегі сөз тәртіптерінің орын ауыстырулары кейде грамматикалық заңға, кейде ат қою принципіне негізделеді. Көне тұлғалы Айсұлу, Айжарық, Байтөбет, Нұрсұлу типтес кісі аттарының компоненттерін қазіргі тұрғыдағы синтаксистік мүшелерге бөліп, анықтауыш, анықталғыш ретінде қарауға болмайды. Өйткені, қазіргі қазақ тілінің заңы бойынша зат есім сөйлемнің анықтауыш мүшесі бола алмайды. Сондықтан бұл типтегі есімдер көне синтаксистік тәсілге жатады» – деп, мәселеге сөз тіркесі тұрғысынан келіп, біршама талдаулар жасайды [188, 135-139 б.]. Міне, осы секілді болмаса, синтаксистік тұрғыдан қарастырылған зерттеулер жоқтың қасы. Біздің пікірімізше, антропонимдердің құрамындағы, әсіресе, зат есім сөздердің қатар тұрып байланысуы синтаксистік қатынас түзе алмаса керек. Мұндай тәсілді синтаксистік тұрғыдан емес, сөздерді біріктіру тәсілі тұрғысынан қараған дұрыс. Антропонимдер құрамындағы мұндай компоненттер көбіне бір-біріне тәуелсіз болып келеді, мұнда синтаксистік байланыстан гөрі, антропонимжасамға тән логикалық байланыс басым: әр сөз өзінің символикалық мазмұны арқылы ерекшеленіп тұрады да, екеуі біріккен кезде әрқайсысына бекітілген антропонимжасамдық ұғымдар адамға телінетін жақсы қасиеттердің

жиынтығы болып шығады. Кісі есімдерінің құрамындағы компоненттер тілдегі дәстүрлі синтаксис заңдарына бағына бермейді. Сондықтан бұл заңдылықтардың себебін «көне синтаксистік тәсілге» жатқызып қоя салумен мәселе толық шешілмесе керек, сонымен қатар антропонимдердің айтылу ырғағын немесе тілде нормаға айналуы т.б. секілді қырлары бар. Бұл жан-жақты зерделеуді, арнайы талдауларды қажет ететін жеке мәселе.

Антропонимжасамның синтаксиспен байланысы өзіндік ерекшелігімен айқындалады. Қазақ тілінде синтаксистік тәсіл арқылы жасалған кісі есімдері көп. «Кемінде толық мағыналы екі сөздің болуы; ол сөздердің бірі екіншісімен салаласып емес, тек сабақтасып, мағыналық және синтаксистік байланыста айтылуы, тіркескен сөздердің анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалуды секілді сөз тіркесінің шарттары мен тіркестердің есімді және етістікті, еркін және тұрақты болып келуі [27, 34 б.] секілді түрлері антропонимдерде де бар қасиет. Мысалы, Байкелді, Дәулеткелді, Қойкелді, Жылкелді секілді есімдердің компоненттерінің бірі –тіркестің ұйытқы бөлегі, басынқы сыңары, екіншісі – оған тәуелді бағыныңқы сыңары болып, сабақтаса байланысса; біріншісі – зат, ұғым атауларын, екіншісі – оның әрекетін білдіріп мағыналық сәйкестікпен байланысады және бірі – бастауыш, екіншісі – баяндауыш түрінде тіркесіп синтаксистік байланыста қолданылады. Осы секілді, Ақболат, Жаксыбала, Қарақыз – анықтауыштық, Әнгебай, Тастанбек – толықтауыштық, Тілепберді, Өтепберген – пысықтауыштық қатынаста жұмсалып тұр. Тіркескен сөздердің мағыналары бір-бірімен сәйкесіп, белгілі бір ойды жеткізуге бейім тұрады және ол тілде қалыптасқан, ұғымға сіңісті болған түрде жүзеге асады. М. Балақаев бұл туралы «Өзара мағыналық байланыста айтыла алатын сөздер ғана синтаксистік байланыста, белгілі сөз тіркесінің құрамында айтылады. Мысалы, *үркек* сөзі жанды заттың сынын білдіреді. Онда да оны *үркек ат, үркек бие, үркек тайлақ* дегендей сөз тіркестерінің құрамында айтуға болады, ал *үркек ешкі, үркек бала, үркек тауық* деу ерсі болады» – дейді [27, 36 б.]. Әр сөздің өзіне тән мағыналық аясы, белгілі бір сөздермен ғана байланысу шегі сақталып тұр. Мұндай тәртіп пен шарт қазақ есімдерінің бойында сақтала бермейді. Мысалы, Қошқарбай немесе Байқошқар, Жантемір немесе Теміржан т.б. осы секілді есімдердің құрамындағы компоненттер мағыналық жағынан бір-бірімен сәйкеспейді: бай қошқар болмайды немесе қошқар бай болмайды. Бұлардың тұлғасы мен мағынасының сәйкестіктерін антропонимжасамдық түсінік

бойынша ғана тануға болады – антропонимжасамның өзіндік бір ерекшелігі осы жерден көрінеді.

Синтаксистік қатынас тұрғысынан *Байкелді, Ескелді, Нұрбосын* т.б. секілді есімдерді қыса байланысып тұрған сөз тіркестері ретінде тануға болса, антропонимжасамда дыбыстық форма ұқсағанмен, мағына жаңаша сипатқа ие болады. Антропонимжасамдық мағынаның өзіндік ерекшелігі бар: Байкелді есімі байдың келгенін емес, өмірге баланың келгенін, яғни туғанын білдіріп тұр. Ауыс мағынасы бойынша, сөз ат қоюшының көзқарасына байланысты *бай адам* немесе *жалпы байлық* дегенді білдіруі де мүмкін. Тағы бір ерекшелік есім жедел өткен шақта тұрғанмен, бала болашақта бай болсын деген тілекпен келер шақты меңзейді т.б. Мағына кең әрі жалпылық сипаты басым, өйткені бір немесе екі сөзден тұратын (қысқа ғана) дыбыстық тұлғаға адамның бүкіл арман тілегі мағына болып жүктеледі. Бір айта кетерлігі – ол мағына есім берілген кезде ғана назарда болады да, кейін ақырындап назардан тысқары қала береді. Уақыт өткен сайын есім құрамындағы компоненттердің негізгі қызметі белгілі бір ойды жеткізуге емес, адамды атауға бағытталып, басты назар атауыштық қызметіне қарай ойыса беретін болғандықтан, бастапқы мағына солғындап, екінші орынға қарай ығысады, демек, сөз тіркестерінің құрамындағы бай мен есім құрамындағы бай сөзінің мағыналары екі түрлі. Сол секілді *келді* етістігі де, байдың бір жақтан келгенін емес (олай болуы да мүмкін), баланың туғанын білдіреді. *Ескелді, Нұрбосын* т.б. секілді түрлі тұлғадағы есімдердің мағыналарында да осындай антропонимжасам заңдары бойынша қалыптасқан ерекшеліктер көп. Сондықтан, қазақ тілінің синтаксистік қатынастары тұрғысынан алғанда сыртқы формалары жағынан ұқсастықтар болғанмен, ішкі мазмұны жағынан антропонимжасам заңдарының өзіндік белгілері айқын көрініп тұрады. Синтаксис пен антропонимжасамның өзара байланысындағы ортақтықтар мен ерекшеліктер де даму үдерісі барысында айқындалады. Қолданыла келе сыртқы формалық жағынан екеуіне ортақ ұқсас белгілер бірінші – синтаксистік кезенді қамтиды да, антропонимжасамдық мағынаға ие болу және атау жасау қасиеті тұрғысынан дамуы барысында антропонимжасамдық сипатымен ерекшеленіп шығады. Бүгінге дейінгі дамуы барысында антропонимжасамдық үдеріс нәтижесі синтаксистік байланыстың есімдеге тән өзіндік жүйесін қалыптастырды. Айталық, Өтепбек, Оңғарбек, Болсынбек, Тұрсынбай т.б. есімдер компоненттерінің байланысу тәсілдері әртүрлі. Өтепбектің құрамындағы көсемше жұрнағынан кейін тек етістік тұлғалы сөз жалғануы тиіс еді, алай-

да зат есім жалғанып тұр. Бектен өзге *бай, бек, хан* секілді компоненттер де жалғана алады. Оңғарбек есімінің құрамы да дәстүрлі синтаксистік байланысу тәсіліне тән заңдылықтарға сай емес. Алайда қазіргі тілімізде осылай байланысқан көптеген сөздер антропоним ретінде нормаға айналған. Байланысудың бұл түрі антропоним жасау барысында жасалып, орнығып, дәстүрге айналған, демек антропонимжасамның синтаксистік тәсіліне тән ерекшелік болып табылады. Бұл мәселе, тереңірек зерттеулерге негізделген талдауларды қажет етеді, алайда негізгі мақсат антропонимжасамның дербес сала ретіндегі кейбір белгілерін анықтау болғандықтан, қысқаша шолумен шектелеміз.

Антропонимжасамның морфонологиямен арақатынасы

Кісі есімдерінің құрылымдық табиғатында фонетика мен морфонологияның аясына симаытын немесе бұл екеуіне қатысты дәстүрлі заңдылықтардан ауытқулардың кездесуі антропонимжасамды морфонологиямен жиі байланыстырады. Мәселені антропонимдердің морфонологиялық табиғаты тұрғысынан да қарастыруға болар еді, алайда антропонимжасамның аясы морфонологиямен ғана шектелмейді, сөзжасамдық қабілеттерінде әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар. Морфонология немесе фонеморфология – фонетика мен морфонологияның жігінде пайда болған тіл білімінің бір саласы [90, 145 б.]. Морфонология фонетиканың да, морфонологияның да аясында өзінің шешімін таппаған кей мәселелерді қарастырады, демек фонетикалық, морфонологиялық құбылыстар тұрғысынан ауытқу болып табылатын жасалымдар морфонологияның нысаны болып табылады. Осы «ауытқу» тұрғысынан алғанда антропонимжасам мен морфонологияның өзара байланысатын тұстары бар.

Фонетикалық құбылыс пен морфонологиялық құбылыстың арасындағы айырмашылықтар туралы А. Айғабылов «Фонетикалық заңдар негізінен қай тілде болмасын сөйлеуші ұлттың артикуляциялық мүмкіндігіне байланысты қалыптасады да басқаша ауытқу болмайды. Ал морфонологиялық құбылыстар – артикуляциялық шекке, мүмкіндікке негізделмеген, тек сөйлеу дағдысында туындаған өзгерістердің бірте-бірте тілдік дәстүрге айналуынан барып қалыптасатын өзгерістер. Морфонологиялық өзгерістер фонетикалық өзгерістер сияқты артикуляцияға қатысты болмағандықтан, бірыңғай қалыпта кездесе бермейді. Көпшілік жағдайда өзгеріс факультативті түрде ғана іске асады да, алғашқы қалыппен (нұсқасымен) жарыса қолданыла береді [4, 4 б.]. Қалыптасуы мен қатар қолданыла беруі

жағынан, түрлі өзгерістерді басынан кешіре келіп, морфонология заңдылықтары бойынша қазақ тілінде бірнеше нұсқада орныққан Ғали, Қали, Әли; Ибрақым, Ибрагим, Ыбрайым, Ыбырай т.б. есімдер бар.

Қазақ антропонимдерінің құрамында қосымшалар арқылы жасалған тұлғалар көп. Тілде бір мағынада жұмсалатын қосымшалардың түбірдің соңғы дыбысына қарай жалғанатын түрлі нұсқалары бар. Қазақ тіл біліміндегі зерттеулерде «Тілдегі жұрнақтардың дыбыстық варианттары морфонология саласының заңдылығы арқылы қалыптасқаны» туралы айтылады [90, 194]. Сонымен қатар морфонологияның фонетикадан өзіндік айырмашылықтары «Фонетикалық дыбыс алмасуларда белгілі бір позицияда бір ғана өзгеріс іске асса, морфонологиялық дыбыс алмасуда бір позицияда түрлі өзгерістер пайда болуы мүмкін. Мысалы, бір тұлғаға (морфемаға) жататын *-шік* пен *-тік* және *шек* пен *тек* жұрнақтары бір сөзге жарыса жалғанып, сөз вариантын жасайды: *бүршік-бүртік, бөлшек-бөлтек*»... морфонологиялық дыбыс алмасуда әрқашан ауытқу болады [90, 145 б.].

Белгілі бір дыбыстық заңдарға бағынбай, түрлі ауытқулар арқылы жасалған антропонимдер тілімізде көптеп саналады. Молдан – Болтан, Айдан – Айтан, Майтан, Байтан, Алдан – Алтан т.б. тіл заңдылықтарынан ауытқып, үнді дыбыстардан кейін қатаң дыбыстардан басталатын қосымшалар жалғанып тұр. Осы секілді Елдан – Елден, Гүлдан – Гүлден, Ертан – Ердан – Ерден секілді есімдердің түбірі мен қосымшасының тіркесуінде тілдің дәстүрлі дыбыстық заңдарынан ауытқу байқалады: фонетика талаптары бойынша соңғы буынның жуан, жіңішкелігіне байланысты сәйкес қосымша жалғануы керек еді немесе үнді *p-дан* кейін қатаң дыбыстан басталатын қосымша жалғанбауға тиіс болатын. Бұл морфонологиялық құбылыс болып табылады. Аталған жасалымдардың барлығы мағыналық варианттар, алайда антропонимжасамның морфонологиядан өзіндік ерекшелігі – мағыналық варианттар болғанмен, бірінің орнына бірі қолданылмайды. Жекелеген мысалдар кездесуі мүмкін, дегенмен жалпы кісі есімдерінің табиғатына тән заңдылық бойынша, ілгеріде атап өткеніміздей, әркімге берілген есімнің дыбыстық тұлғасы өзіндік рөл атқарады.

Морфонология заңдылықтары бойынша қалыптасып отыр дегенімізбен, осы арада антропонимжасамға тән ерекшелікті атап өтуге тиіспіз: Гүлден, Елден, Ердан есімдерінің құрамы түбір мен қосымшалардан тұрады және мағыналық тұрғыдан да дыбыстық фор-

масымен сәйкеседі. Мысалы, Гүлдене бер немесе Гүлден жаралған, Елден – ел жұртың көп болсын немесе елдің баласы болсын, Ерден – ер текті, ер сипатты, ерден туған т.б. мағынада қойылған деп шамалауға болады. Ал Елдан, Гүлдан, Ердан, Ертан есімдерінің түбірі дербес мағыналы сөз болғанмен, қосымша ретінде алынып отырған екінші тұлға қосымша болмауы да мүмкін. Мұндай болжам жасауымызға себеп – еркелету, құрметтеу мақсатында кісі есімдерінің қысқартылып айтылуы тілде бар дәстүр. Өмірде кездескен кейбір мысалдар, *-дан, -тан* Гүлдан – Гүлдана, Гүлдәрия, Гүлдерай т.б., Елдан – Елдана, Ердан – Ердауан, Ердәулет т.б., Ертан – Ертуған, Ертолай, Ертоған т.б. секілді есімдердің екінші компоненттерінің қысқаруынан пайда болғанын және екінші компоненттің бірінші дыбысына еркелету мәнді *-ан* қосымшасы жалғанып, *-дан* формасы жасалғанын айғақтайды. Сыртқы дыбыстық сипаты жағынан шығыс септік жалғауына ұқсағанмен, мағыналық жағынан олар тек антропоним жасаушы формалар болып табылады. Болтан, Айтан, Нұртан, Елтан, Қалтан, Байтан, Майтан т.б. секілді есімдердің құрамындағы *-тан* тұлғасы, сыртқы сипаты жағынан бірдей болғанмен, барлығы бірдей мағына бермейді және әртүрлі жолмен жасалған форма болып табылады. Мысалы, Айтан, Нұртан, Елтан есімдерінің құрамындағы *тан, таң* сөзінің өзгерген түрі деген ғылыми болжам бар, алайда өмірде Айтуған, Нұртоғай, Елтуған есімдерінің қысқарып, оған, ілгеріде атап өткеніміздей, еркелету мәнді *-ан* қосымшасының жалғануы арқылы жасалғанына да мысалдар кездеседі.

Антропонимжасамдағы осыған ұқсас ерекшеліктердің бірі ұқсату үдерісі. «Қазақ грамматикасында» «Өмірі ұзақ деген күрделі сын есімнің ықшамдалып, Өмірзақ деген кісі атының жасалуы Бизақ, Байзақ деген сияқты есімдердің пайда болуына себеп болды» – деген жолдар бар [90, 147 б.]. Сөз болып отырған *-тан* қосымшасының жасалуында да осындай ерекшелік бар секілді. Ақтан, Әлтан, Балтан, Бартан, Баутан, Бектан, Белтан, Бертан, Битан, Біртан, Бозтан, Бойтан, Болтан, Гүлтан, Достан, Елтан, Жалтан, Жолтан, Ібітан т.б. болып кісі есімдерінің құрамында жиі кездесуі ұқсастыру, ұйқастыру мақсатында жалғануы мүмкін деген болжамдарға да жетелейді. Бір үйдің ағайынды балаларына осы мақсатта есім қою қазақ халқында бар әдет. Олай болғанда *-тан* тұлғасының, құрандылық кезеңінен өтіп, дербес антропонимжасамдық қосымша ретінде танылғанын мойындауға тура келеді, өйткені енді *таң* мағынасындағы дербес сөз күйінде немесе екінші компоненттің бірінші дыбысы *t* мен еркелету мәнді *-ан* қосымшасы бірігіп, бірінен кейін бірі жалғанбай, ұйқастыру

мақсатын көздегенде тұтас күйінде жұмсалады. Мағыналық жағынан да, құрылымдық жағынан да құранды форма ұйқастыру барысында бірігіп, жаңаша сипатқа ие болған.

Шығу тегі жағынан *-тан* тұлғасы бір жерде құранды қосымша болса, енді бір жерде дербес мәнді сөз ретінде танылғаны турасында айттық. Бұл форма осындай түрлі жолдармен жасалғандықтан, оның бірін қабылдап, екіншісін жоққа шығара алмаймыз. Антропонимжасамның өзіндік ерекшелігі, *-тан* қосымшасының этимологиялық табиғатына, яғни шығу тегі мен мағынасының әртүрлілігіне қарамай, бәрін бір тұлға ретінде қабылдайды, өйткені олар ең бірінші антропоним жасауға қызмет етеді, сондықтан антропонимжасамдық қасиеті басшылыққа алынады.

Түбір мен қосымша жігіндегі дыбыс алмасулары жағынан антропонимжасамның морфонологиямен ұқсас жақтары болғанмен, антропонимжасамның өзіндік заңдары бар ол кісі есімдерінің, ілгеріде атап өткеніміздей, тілдік табиғатымен байланысты жүзеге асып отырады: Нұрмағамбет – Нұрмыш, Аймағамбет – Аймыш т.б. секілді есімдердің құрылымынан да ілгерідегідей құбылыс байқалады. Сыртқы сипаты жағынан, Тоқтамыс, Естеміс, Бектеміс т.б. секілді қазақ есімдерінің құрамында кездесетін, көне түркі тілінде есімше қызметін атқарған *-мыш* жұрнағымен тұлғалас. Көне формасы *-мыш*, қазір туыстас түркі тілдерінің кейбірінде бар. Кей ғалымдар аталған есімдердің құрамындағы *-мышты* осы қосымшаның кісі аттарында сақталған нұсқасы ретінде қарайды [64, 165 б.], алайда жиналған материалдарды талдаулар барысында олардың *-мыш* тұлғалылардың барлығы бірдей тарихи дыбыс өзгерістерінің нәтижесі емес, біразының жасанды тұлға екені анықталып отыр. Этимологиялық тұрғыдан алғанда қалыптасу жолдары мен тарихы антропонимжасамның өзіндік ерекшелігіне тән қасиет болса, сөз құрамына жалғану заңдылықтары жағынан антропонимжасамның морфонологиямен байланысын көрсетеді. Кісі есімдерінің қазіргі қалпы тұрғысынан қарағанда, бұл антропоним жасаушы қосымшалар, ал оның түрлі себептерге байланысты қалыптасу жолдары арнайы талдауларды талап ететін жеке мәселе болып табылады.

Зерттеушілер тарапынан морфонологиялық құбылыстардың бірі – сөздердің қолданылу жиілігі екені айтылады. Сөздер жиі қолданыла келе, құрамындағы айтуға ауырлық тудыратын «басы артық» дыбыстар, сүргіден өткендей өзгерістерге ұшырайды, не түсіп қалып отырады. Кісі есімдерінің ішінде де осындай жолмен қалыптасқан формалар кездеседі. Қазақ есімдерінің құрамында бастапқы тұлғасынан

ауытқып, жаңаша сипатта қалыптасқан Мақымет, Мағамет, Мақамбет, Мәмет, Мәмбет т.б. секілді есімдер бар. Араб тілінен енген формасы Мухаммад (مُحَمَّد). Есімдер тұлғасының бұлайша қалыптасуында, тілдің даму заңдылықтарына тән дәстүрлі жүйенің элементтері байқалмайды. Егер олай болғанда араб тіліндегі Мұхаммадтың қазақ тіліне бір ғана формасы енген болар еді.

Морфонология пәнінің зерттеу нысаны ретінде қаралып жүрген сөз құрамының «ұлғаюы» мен «ықшамдалуы» [4] мәселесі де осы және осы секілді, қазақ тілінің айтылым заңдарына бағынып, жаңаша тұлғада қалыптасқан есімдердің сипатынан көрінеді. Сөз құрамының ұлғаюы түпнұсқаға артық, яғни қыстырма дыбыстардың кірісуінен пайда болады. Араб тілінен енген Усман есімінің қазақ тілінде Ғұсман, Құсман; Айшаның Ғайша, Қайша; Абдрахманның Әбдірақман, Ғабдрақман, Қабдрақман т.б. нұсқаларда қалыптасуынан көрінеді. Мухаммад есімінің құрамындағы сегіз дыбыс, айтылу барысында қысқара келіп, бес, алты дыбыстан тұратын есімдерге айналған. Біздің пікірімізше мұны морфонологиялық «ықшамдалуға» жатқызуға болады. Сол секілді Аймұхаметтің Аймат, Құлмұхаметтің Құлмат болып қысқаруы да ықшамдалу құбылысының нәтижесі екені түсінікті. Қазақ есімдерінің көпшілігі еркелету, құрметтеу мақсатында туып, қалыптасқан. Ал еркелету, құрметтеудің негізгі белгілерінің бірі қысқарту, яғни есімді ықшамдап айту. Тілдің айтылым заңдарына сай, олар әртүрлі формада жүзеге асады, алайда нақты бір жүйесін анықтау қиын.

Антропонимжасам да, морфонология да жаңа сөз жасау мәселесін қарастырады. Сондықтан сөзжасамментығыз байланыста болады және ілгеріде атап өткеніміздей, антропонимжасам мен морфонологияның табиғатында, фонетика мен морфология салаларының аясынан тыс жатқан кейбір ортақ мәселелер бар. Екеуінің өзара қатынасы осы арадан байқалады. Антропонимжасамның дербес сала ретіндегі ерекшеліктері туралы айтқанда, екеуіне ортақ осындай мәселелер анықталып отырады.

Антропонимжасам мен лексикологияның арақатынасы

Ономастиканың бір саласы антропонимика тілдің сөздік қазынасы ретінде қарастырылғалы біршама уақыт. Оның үстіне өзіндік қоры жүйеленіп, түрлі бағыттағы сөздіктері жарық көрді. Сол сөздіктерде қамтылған кісі аттарының түрлері мен тілдік ерекшеліктері қазақ тілінің сөздік қоры мен антропонимдік қордың арақатынасын айқындауды талап етеді. Қазақ есімдерін зерттеушілердің пікіріне қарағанда, тіліміздегі кісі аттарының саны

қырық мыңға жуықтаған сыңайлы [145, 6 б.]. Осынша есімнің жасалуында антропонимжасамның өзіндік орны бар екені ақиқат. Демек, антропонимдік қор мен оның құрамындағы есімдердің жасалу сырларын айқындау маңызды мәселе, бұл дегеніміз лексикология мен антропонимжасамның байланысын анықтау болып табылады.

Лексика немесе сөздік құрам деп бір тілде қанша сөз болса, солардың тұтас жиынтығын атаймыз, ал сол сөздік жүйедегі сөздердің орнын мағыналық болмысын, шығу төркінін, сан килы стильдік мәні мен сипатын т.б. ерекшеліктерін лексикология пәні зерттейді [38, 3 б.], демек, тілдегі барша кісі есімі де, дербес лексикалық бірлік ретінде қазақ тілі сөздік қорының аясында лексикологияның нысаны болып табылады. Тек антропонимжасамның дербес сала ретіндегі орнын айқындау үшін осы үлкен қордың ішіндегі өзіндік ерекшеліктерін нақтылау мәселесі туындайды. Сондықтан, сөздік қордағы өзге бірліктерден кісі есімдерін жеке алып, олардың жасалу жолдарын жан-жақты зерделегенде мәселе нақтылана түсіп, антропонимжасамның зерттеу нысанына қатысты негізгі ұғымдар да айқындала бермек.

Ұғымдар туралы айтқанда антропонимжасамға қатысты кей мәселелерге тоқталуға тура келеді. Кісі есімдерінің құрылымы тілдің даму заңдылықтарына сай өзінің дәстүрлі жүйесі аясында қалыптасып, дамитыны белгілі. Олар да сөздік қордағы өзге сөздер секілді синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалады. Демек, сөзжасамға тән негізгі ұғымдар антропонимжасамға да ортақ. Тіл біліміндегі зерттеулер тұжырымдарында сөзжасамға қатысты «сөзжасамдық ұя», «сөзжасамдық жұп», «сөзжасамдық тізбек», «сөзжасамдық тарам», «сөзжасамдық саты» секілді анықталған бірліктер қолданылады [90, 262-282 б.]. Қазақ есімдерінің жасалуы сыртқы формасы жағынан ұқсағанмен олардың өзіндік ерекшеліктері бар: қазақ тіліндегі туынды тұлғалы, бір компоненттен тұратын есімдердің көбі негізінен екі, үш буыннан құралады және сөзжасамдағыдай бір негізге бірінен кейін бірі келіп, төрт-бес қосымша (*шоғ-ыр-лан-дыр-тқыз*) қатар жалғанбайды, керісінше тұлғасы айтуға жеңіл, ықшам. Бір негізден тарайтын есімдер мағыналары жағынан да бір-біріне жақын – синонимдес болып келеді, өйткені оларға жалғанатын антропонимжасамдық қосымшалар негізінен мағына білдіруден гөрі форма тудыруға бейім, оның себебі қызметі жағынан адамды атауға бағытталатындықтан, қосымшалар арқылы берілетін грамматикалық

мағына көп назарға алынбайды, сондықтан оларды сөз түрлендіруші, сөз тудырушы қосымшаларға қарай жіктеудің де мәні аз. Сөзжасам жүйесіндегі антропонимжасамның кейбір өзіндік ерекшелігі осындай болып табылады.

Антропонимжасамдық «ұя», «жұп», «тізбек» құрамындағы әр тұлға есімдер қорының дербес бірлігі болып табылады. Әр сатыдағы тұлғалық сипатымен олар сөздіктерден орын алады. Сөйтіп, аталған тәсілдер арқылы жаңа есімдердің жасалуын қамтамасыз етсе, дайын есімдердің лексикалық қор жүйесінен орын алуы мен семантикалық топтарға жіктелу мәселелерін лексикология пәні қарастырады, яғни кісі есімдерінің зерттелуін кезеңдерге қарай жүйелесек, антропонимжасам бірінші, лексикология екінші орында тұрады. Лексикология мен антропонимжасамның өздеріне тән ерекшеліктерінің бірі осы жерден көрінеді.

Қазақ тілінің қалыптасқан антропонимжасамдық жүйесі бойынша тілде түрлі жолдармен жаңа есімдер жасалады да, лексикалық қордың құрамына енеді, сөйтіп оны үнемі толықтырып, байытып отырады. Осы арада антропонимжасам мен лексикологияның байланысы анықталады.

Антропонимжасам кісі есімдерінің жасалу жолдары мен мағынасын антропонимжасамдық тұрғыдан қарастырады. Айта кететін бір жайт – қазақ есімдерінің лексика-семантикалық табиғатында өзге лексикалық бірліктерге қарағанда, өзіндік ерекшеліктер бар. Мысалы, антропонимжасамдық белгілері жағынан да, мағыналық сипаты жағынан да тек антропоним ретінде ғана танылатын Байболат, Бауыржан, Қалдыбек, Айман, Балжан, Айсұлу т.б. өзге тілдерден енген Әли, Омар, Мұқтар, Сәбира, Кәбира т.б. секілді есімдер көп, олардың қазақ тілінде пайда болып, қалыптасу тарихы да ең бірінші адам есімі болудан басталған. Сөздік қордың құрамында болғанмен, олар басқаларға ұқсамайтын өзіндік болмысымен айқындалып тұрады. Сонымен қатар төл сөздерден жасалған – бір сәтте әрі жалқы (кісі) есім, әрі жалпы есім қызметіндегі сөздер де антропонимдік мағынасы жағынан алғанда өзге лексикалық бірліктерден өзгешелігі бар. Мысалы, жалқы есім Алма мен жалпы есім алманың мағыналық жақтан айырмашылығы үлкен: жалқы есім ретінде алғанда ол түрлі сорттардан тұратын өсімдіктің жиынтық атауы емес, адамды атайды және алмадай тәтті (дәмі емес, мінезі), қызғылт реңді (алманың түсі әртүрлі) сүйкімді болсын т.б. секілді тілекпен қойылады. Алма деген кісі есімі мен сөздің мағыналары арқылы берілетін мұнан өзге де ақпараттардың түрлері көп. Жалпы, қазақ тілінің сөздік

қоры аясында қарастыра отырып, осы ерекшеліктерінен олардың дербес антропонимдік қор ретінде танылу мүмкіндігінің де жоғары екенін байқаймыз. Мұның өзі антропонимжасамның дербес сала екенін айғақтайтын лексика-семантикалық белгілерінің бірі болып табылады.

Қазақ тіліндегі барлық сөздің мағынасы лексикологияның аясында қаралатын болғандықтан, антропонимжасамдық мағына да ол шектен шығып, дербес өмір сүре алмайды және жалпы есімдердің кісі есіміне айналуына негіз болған туынды мағына, қаншалықты дамып кеткенімен, түпкі тегімен байланысын сақтайды. Бұл жерде де лексикология мен антропонимжасамның өзара байланысы көрініс береді.

Антропонимжасамтәсілдерінің бірі сөз түбіріне түрлі қосымшалар жалғанып, туынды түбірлердің қалыптасуы арқылы жүзеге асады. Мысалы, тіліміздегі Ақан, Ақман, Ақжан, Ақтай, Ақыш, Ақбай есімдерінің құрылымдық жүйесінен осы антропонимжасамдық тәсілді көруге болады. Аталған есімдердің әрқайсысы дербес қолданылып, антропонимдік қорға қосылған лексемалар. Қалыптасу тарихы бойынша алғанда, Ақан, Ақжан, Ақтай, Ақыш т.б. еркелету мәнді қосымшалардың жалғануы арқылы жасалған. Қазір түбірмен біртұтастықта айтыла келе түбірге қарай сіңісіп, өзінің бастапқы еркелету мәнінен алшақтап, нәтижесінде біртұтас дербес тұлғалы есімдерге айналған. Қалған екеуіне жалғанған *-ман*, *-бай* тұлғаларының біреуі мағынасы көмескіленіп, антропонимжасамдық қосымшаға айналса, екіншісі қосымша мен дербес сөздің аралығында тұр: *-ман*-ның мағынасы қарапайым көпшілікке белгісіз, көбіне кісі есімдерінің құрамында қосымша ретінде қолданылады; ал *-бай* сөзі қосымша жалғағанда, дербес мағыналы сөз ретінде танылса, өзі басқа түбірге жалғанғанда, оның шылауында тұрып, бастапқы мағынасынан гөрі, ол тұлғаның кісі есімі, соның ішінде ер адам есімі екенін білдіру қабілеті басымдық, демек лексикалық мағынадан гөрі грамматикалық мағынаға көбірек жақын, әсіресе, Елубай, Қырықбай, Нұрбай, Еркебай, Қақабай т.б. секілді есімдер құрамында бұл мағына анық көрінеді. Сыртқы формасы жағынан бұлайша түзіліп, мағыналық жағынан дәл осылай даму антропонимжасамның табиғатына тән қабілет және ол лексикология аясындағы өзге тілдік бірліктерден антропонимжасамды ерекшелеп тұратын өзіндік белгі. Ал аталған есімдер құрамындағы түбір мен қосымшалардың барлығы жалпы сөз ретінде, яғни белгілі бір мағына мен қызметке ие біртұтас тұлға ретінде лексикологияның зерттеу нысаны болып табылады.

Кісі есімдерін лексикологиямен байланысы тұрғысынан қарастырғанда, ең бірінші мағына мәселесі назарға алынатыны белгілі. Зерттеушілер тарапынан сөз мағынасы тура және ауыс мағына болып ажыратылады. Кісі есімін жасау үшін арнайы сөз ойлап табылмайды, тілде бар дайын сөз пайдаланылады. Ал дайын сөз қашан да адамның бүкіл болмысын бейнелеп бере алмайды және ат қойғанда, кей жағдайда болмаса, ол мәселе басшылыққа алынбайды, сондықтан кісі есімі ретінде таңдалған сөз ауыс мағынада жұмсалады. Сөздердің белгілі бір контексте қолданылу барысында әдеттегіден тыс тың мағынаға ие болатыны секілді, кісі есіміне айналғаннан кейін де бастапқыға қосымша жаңаша бір сипатқа ие болады. Мысалы, Ай-болат есімі құрамындағы екі сөздің мағынасымен ғана шектелмейді, оның аясында *ай (планета)* мен *болатқа (асыл металл)* қатысты ұлттық ұғымдағы символикалық түсініктердің барлығы қамтылады, демек мағыналық өріс кеңейді. Мағыналық өрістің кеңеюіне байланысты антропонимдердің бір-бірімен антоним, синоним болу шарттары да өзгереді. Енді Ақбала мен Қарабала антоним, Самал мен Боранбай синоним бола алмайды. Сондықтан, жалпы дайын сөздің мағынасын зерттеу лексикология саласының нысаны болса, жалпы есімнен жалқы есімге, яғни антропонимге айналу барысындағы мағыналық даму үдерісі – антропонимжасамның нәтижесі, яғни антропонимжасамның зерттеу аясындағы мәселе болып табылады, өйткені жаңа мағына сөзге антропонимдік сипат беріп тұр, яғни антропоним жасау үшін үстеліп тұр.

Тілдік табиғаты жағынан алғанда антропонимжасамдық мағынаның фразеологиялық байлаулы мағынамен сәйкесетін тұстары бар. Фразеологиялық байлаулы мағына тіл білімінде тура мағынаға қарсы қойылады, ілгеріде атап өткеніміздей, антропонимжасамда туынды мағына басым және мұнда да «...белгілі бір фразеологиялық синонимдер деген мәселе вариант ұғымынан түбегейлі бөлек. Варианттарда қалайда ең кемі бір компонент ортақтаса қолданылса, синонимдес фразеологизмдерде ешбір компонент қайталана алмайды: ФЕ-лердің (синонимдердің) мағыналық жуықтығы болғанмен, тұрпат жуықтығы болмайды. Бұған мысал: он қолынан өнері тамған // бит қабығынан (терісінен) биялай тоқыған // ағаштан түйін түйген, т.б. Осындағы синонимдердің бір де бір ортақ сынары жоқ. Демек, бұлар – синонимдес фразеологизмдер» [80, 591 б.]. Антропонимжасамдық мағына тұрғысынан алғанда осыған ұқсас, Тұяқ – Избасар, Ұлжан – Жанылсын, Мыңжасар – Тоқтасын т.б. секілді тура мағынасында бір-біріне қатысы жоқ сөздер синонимдік қатар құрайды.

Біршама кісі есімдері тікелей фразеологизмдерден жасалған. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» олардың мағынасы былайша түсіндіріледі: *ақжол* (Ақиқат, әділ жол, адал жол), *ақбілек* (1. Сұлу перизат. 2. Қара жұмыстан қашатын мырза-шора), *ақдидар* (1. Сұлу келбет, ақ құба өң, жүз. 2. Адал ниетті, адал пейілді адам), *ақжарқын* (жайдары, ашық көңілді), *ақжүрек* (1. Адал ақ көңіл. 2. Белсенді, адал көрінгісі келетін жан), *ақсемсер* (Сапы мен қанжардан ірі екі жүзді қару), *ақсұңқар* (1. қыран құс. 2. Ер-азамат баламасы) т.б. [80, 23-25 б.]. Осы тұрақты тіркестердің барлығы кісі есімдеріне айналып, тілімізде қолданылып жүр, өйткені олардың әрқайсысына тән фразеологиялық мағына, кейбір ерекшеліктеріне қарамай, қазақ есімдерінің ұлттық танымдық табиғатына сәйкес келеді.

Антропонимжасам мен лексикологияның өзара байланысы туралы айтқанда екі түрлі мәселені ескереміз: біріншіден, антропонимжасамның кісі есімдерінің құрылымдық жүйесіне қатысты жақтары, яғни жасалу жолдары. Әрбір есімнің өзіндік жасалу жолдары бар, дайын элемент антропонимдік қорға қосылуы арқылы қазақ тілі сөздік қорының да элементіне айналады, демек лексикологияның зерттеу нысанына кіреді. Екіншіден, антропонимжасамдық мағына мәселесі. Кез келген кісі есімінің қарапайым сөзден мағынасының ауқымдылығы жағынан айырмашылығы бар. Бұл антропонимжасамдық мағына болып табылады, әсіресе, лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалғанда бұл ерекше көрінеді. Мысалы, Арыстан, Жолбарыс, Марал, Құлан, Қошқар, Жібек, Торғын, Әсел, Әсем т.б. секілді түрлі мағынадағы сөздердің антропоним ретінде қалыптасуында антропонимжасамдық мағынаның орны үлкен, сол арқылы ғана олар есімге айналған. Жалпы есім сөздер белгілі бір зат пен құбылысты атау үшін оның сыр-сипаттарымен байланысты жасалса, антропонимдер адамға тән асыл қасиеттер, жарқын болашақ, белгілі бір жағдай туралы ойлардың негізінде жасалады. Оның мағынасына негіз болатын шығу уәждері, сондықтан жалпы есімдер жалқы есімдерге айналғанда мағыналық дамудың келесі сатысына өтеді. Мұнда дыбыстық тұлға сақталғанмен, мағыналық өзгерістердің болатын анық. Жаңа мағына есім жасау мақсатымен сабақтас болғандықтан, антропонимжасамның төл элементі болып табылады. Жалпы есім мағынасы болсын, соның ішінде антропонимжасамдық мағына болсын лексикологияның аясында қаралады. Осы тұрғыдан келгенде антропонимжасам лексикологиямен де байланысты сала болып табылады.

1.3 Антропонимжасамдық норма және нормалану

1.3.1 Антропонимжасамдық норма мен нормаланудың жалпы мәселелері

Қазақ есімдерінің тілдік табиғатын саралауға арналған осыған дейінгі зерттеу жұмыстарының барлығы оның өзіндік сипаттары мен белгілерін ашып, айқындауға арналды және ғалымдар тарапынан түрлі ой-тұжырымдар айтылды. Қазақ есімдеріне байланысты тілдік зерттеулер табиғаты бір жағынан тілдің өзге салаларынан ерекшелігін айқындаса, екіншіден, кісі есімдеріне тән норма мәселесін ойға салады. Шындығында, антропонимжасамның дербес сала ретіндегі басты сипатын айғақтайтын белгілерінің бірі – тұлғалардың тілде кісі есімі ретінде танылуы. Антропонимжасамдық норманың тілдік нормадан негізгі қағидаттары тұрғысынан еш айырмашылығы жоқ. Керісінше антропонимжасамның өзіндік ерекшеліктері норма ретінде тілдік норманың құрамынан бөлініп шығады. Сондықтан басты белгілерін айқындауда тілдік нормаға қатысты зерттеулердің тұжырымдары басшылыққа алынады. Б. Қалиевтің авторлығымен жарық көрген тіл білімі сөздігінде норма ұғымына «Норма – тілдік құралдарды пайдаланудың қабылданған үлгілері, соларды ретке келтіріп отыратын ережелердің жиынтығы» – деген анықтама беріледі [102, 228 б.]. О.С. Ахманованың пікірі де осыған ұқсас [19, 270 б.]. Мәселені арнайы зерттеген ғалым Р. Сыздық тарапынан тілдік норма туралы жан-жақты талдаулар жасалып, тұшымды пікірлер айтылған болатын. Ғалым пікірін былай түйіндейді: «Сөйтіп, тілдік норма дегеніміз – көпшіліктің қатынас құралы ретіндегі тілдің қолданысында оның әлдеқайда орныққан, дәстүрлі құралдары, амал-тәсілдері, тәртіптері; норма тіл-тілдің қай-қайсысының да даму (қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс» [152, 47 б.]. Осы пікірлерге сүйене отырып, антропонимжасамдық нормаға «қазақ есімі» деген ұғымға тән белгілерді жатқызуға болады. Бұл белгілердің аясында кісі есімдерінің мәдени сапасы – мағыналық көркемдігі, ықшам, жеңіл айтылуы, тілде тұрақты қолданысы т.б. ерекшеліктері қамтылады. Ал қазақ есімдері ең бірінші өзге тілдегі есімдерден өзінің ұлттық сипатымен ерекшеленеді. Туыстығы жақын тілдердегі шығу тегі бір және туыстығы жоқ өзге тілдерден енген есімдерді, мұсылман есімдерін пайдалануы жағынан қазақ тілінің өзге біршама тілдермен ортақтығы бар. Бұл орайда олардан өзгешелігі дыбыстық сипатынан, мағынасындағы қазақы ұғым элементтерінен және құрылымдық

сипатынан т.б. көрінеді. Сөйтіп, ол ұлттық санада қазақ есіміне тән норма ретінде өмір сүреді.

Кісі есімі дайын сөздерден жасалатын болғандықтан, сол сөздердің антропонимдерге айналу процесінде де белгілі бір шарттар мен заңдылықтардың болуы қисынды. Осы заңдылықтар жүйесіне тілдік факторлары ретінде кісі есімін жасау үшін сөздердің арнайы тіркестірілуін, біріктірілуін және қосымшалар жалғауды жатқызсақ; тілден тыс факторлары ретінде, бір сөзбен айтқанда, антропонимге айналуына негіз болған ұлттық санадағы сөздің символикалық мәні мен орнын атаған болар едік. Норма екінші жағынан «қазақ есімдері» деген ұғыммен тығыз байланыста өмір сүреді. Қазақ есімдерінің негізгі белгілері өзіндік нормасы болып табылады. Нормадан ауытқыған жағдайда есім ұлттық сипатынан да, қазақ есімі деген ұғым аясынан да алшақтай береді. Антропонимжасамға тән бұл шарттардың барлығы сөзжасам нормаларынан өзіндік ерекшеліктері арқылы айқындалады. Осы орайда «антропонимдік норма» және «антропонимжасамдық норма» ұғымдары ойға оралады. Өзге тілдегі зерттеулерге сүйенсек, «антропонимдік норма» аясының кең екені байқалады, сондықтан негізгі мақсатымызға байланысты талдауларымыз жүйелі болу үшін «антропонимжасамдық норма» ұғымының төңірегіне топтастырылады.

Әуелі антропонимжасамдық норма ұғымының өзін анықтап алу үшін қосымша түсініктер бере кетелік. «Бұл ұғым аясында біз нені түсінеміз немесе мұнда қандай мәселелер қамтылады?» – деген сұраққа жауап беріп көрелік. Орыс тіл білімінде кісі есімдерінің жүйесін айқындап, болашақ даму бағыттарын белгілеу үшін алпысыншы жылдарда «антропонимдік норма» ұғымы енгізілген болатын. Оның аясында жалпы мәселелер топтастырылған еді (бұл жөнінде тараушаның әр жерінде тоқталатын боламыз), ал біздің зерттеулеріміз антропонимдердің жасалуына тән тілдің табиғи даму заңдылықтары өзі ұсынып отырған норма мәселесі турасында. Сондықтан «антропонимжасамдық норма» деп атауды жөн көрдік, оның аясы да белгілі бір талаптардың көлемімен шектеледі. Мұнда, негізінен, кісі есімдерінің жасалуындағы ұлттық сана норма ретінде қабылдаған, форма мен мағынаның бірлігі, дыбыстық форманың ұлттық сипаты, кірме есімдердің мағыналық және дыбыстық жақтан игерілуі, антропонимжасамдық мағынаның даму заңдылықтарындағы кейбір ерекшеліктер т.б. қарастырылады. Сонымен қатар, қазіргі антропонимжасамдық нормадан ауытқудың себептері мен салдарына ғылыми түсінік беріледі.

Антропонимжасамдық норма туралы айтылғанда, тілдік норманың да назардан тыс тұрмайтыны рас, сондықтан олардың өзара байланысы мен тілдік норма аясындағы антропонимжасамдық норманың өзіндік ерекшелігі туралы да кей мәселелерге тоқталмауға болмайды. Тілдік нормаға арналған зерттеулерде «Норма – негізінен тілдің өзі ұсынған тәртіп, нормалану – сол тәртіптерді тілдің өзінің қалыптастыруы» – деген анықтама беріледі [152, 7 б.]. Кісі есімдерінің тілде нормалануы да осы анықтамаға сәйкес келеді, осы секілді «...сол тілде сөйлейтін қалың жұртшылықтың «не дұрыс, не дұрыс емес, жағымды, әсем не жағымсыз, орынды не орынсыз» деген танымы, бағасы болуы керек» – деген тұжырым да кісі есімдеріне тікелей қатысты [152, 47 б.]. Тілдік санада орныққан сөз, яғни дыбыстық тұлға мен мағынаның бірлігі норма болып табылады. Осыған байланысты сөзжасамдық норма мен антропонимжасамдық норманың кейбір өзіндік ерекшеліктері байқалатын тұстар бар.

Жалпы есім сөздің дыбыстық формасы мен мағынасы арасындағы байланыс пен антропонимжасамдық мағына мен есім тұлғасының арасындағы байланыс екі түрлі.

Кісі есімдерінің негізгі қызметі жеке адамды атау, сондықтан көбіне қолданыс барысында оның мағынасына мән берілмейді де, мағына мен тұлға арасындағы байланыс әлсірейді. Осы тұрғыдан келгенде, лексикалық нормаға тән «сөз мағынасын түсініп қолдану» талабына кісі есімдері бағына бермейді.

Кісі есімдерінің қолданылу белсенділігінің артып, тілде тұрақты орнығуына кейде оны иеленген тұлғаның адами болмысы әсер етуі мүмкін. Тарихи тұлғаның немесе белгілі бір ортада сыйлы адам болмысындағы ерекшеліктер жұртшылық санасында орнығады да, есімінің мағынасына айналады, нәтижесінде дыбыстық формасы сақталғанмен мағынасы мүлде жаңа прецеденттік есімдер пайда болады. Бұл антропонимжасамдық мағынаның табиғатына тән норманың бір түрі болып табылады.

Тұлға мен мағынаның бірлігі мәселесіндегі келесі бір ерекшелік – антропонимжасамдық қосымшалардың көпшілігі грамматикалық мағына үстеуден гөрі форма тудыру қызметін атқаруы норма ретінде қабылданған.

Түрлі сөздердің бірігу, тіркесу тәсілдері арқылы, грамматиканың дәстүрлі заңдылықтарына қайшы келетін жаңа тұлғалы кісі есімдері жасалады және ол антропонимжасамның табиғатына тән заңдылық ретінде орныққан. Антропонимжасамдық норма осы және басқа да кейбір ерекшеліктері бойынша айқындалады.

Антропонимжасамдық норма және нормалану, яғни есімдердің қалыптануы туралы сөз болғанда басты екі мәселе назарда тұрады: біріншіден, антропонимдерге тән табиғи даму заңдылықтары бойынша ішкі, сыртқы қасиеттерінің қалыптасуы мен жұртшылық тарапынан кісі есімі ретінде мойындалуы, яғни нормаға айналуы; екіншіден, орфографиялық нормаларының тұжырымдалуы. Бұлардың біріншісі – есімді пайдаланушы халықтың замандар бойғы тілдік тәжірибесінің негізінде табиғи жолмен орнығады да, екіншісі – осы табиғи даму, қалыптасу заңдылықтарының нәтижелерін басшылыққа ала отырып, оларды бірізді жазу, пайдалану мақсатында мамандар тарапынан орфографиялық ережелері дайындалып бекітіледі. Екеуі де қазіргі таңда өзекті мәселелердің қатарынан саналады және олардың нормалану жүйесі арнайы қарастыруды талап етеді. Жұмысымыздың негізгі мақсаты антропонимжасам жүйесінің заңдылықтары мен өзіндік сырларын айқындау болғандықтан, алға қойылатын міндеттері де *табиғи даму* мәселелерімен байланысты орындалуды талап етеді. Сондықтан, талдаулар барысында негізінен осы бағытқа баса назар аударамыз.

Әрзаманда антропонимдердің құрамына жаңа бірліктер қосылады да, келесі кезеңде негізгі қорда олардың азырақ бөлігі сақталып, қалғаны қолданыстан түсіп қалады. Осылайша тілдік талғам есімдер құрамын үнемі сұрыптап отырған. Кейде кісі есімдерінің сұрыпталуы арнайы жолдармен жүргізілетін кездер де болады. Мысалы, орыс есімдерінің тарихында оныншы ғасырдан бері қарайғы кезеңде шіркеулік емес есім қоюды тоқтату туралы діни тыйымдар салынып, ол жеті ғасыр бойы жалғасты [122, 54 б.], нәтижесінде орыстың ұлттық есімдері орнығып, белгілі бір қалыпқа түсті. Өзге тілдердегі секілді орыс есімдерінің құрамында да айтылуы ыңғайсыз, дыбысталуы ауыр т.б. кездейсоқ немесе заман талабына қарай қойылған есімдер көптеп кездесетін. Кейінгі зерттеулердің нәтижесінде осы бағыттағы көптеген проблеманың шешілуіне жол ашылды.

Алпысыншы жылдардан бастап орыс тіл білімінде орыс есімдерін жүйелеу мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізіле бастаған. Осыған байланысты «антропонимдік норма» (антропонимическая норма) ұғымы енгізілгенін ілгеріде атап өттік, енгізген ономаст ғалым В. Никонов болатын. Осы ұғым аясында кісі есімдерінің өзіндік жүйесі мен ерекшеліктері туралы көптеген мәселелер қарастырылды. Орыс тіліндегі негізгі қордағы есімдермен бір реттік (разовый) есімдердің айырмашылықтары, қойылу себептері, ұлттық белгілері және т.б. талдаулар жасалып, ыңғайсыз есімдердің мағынасындағы

ерсіліктер, айтылуындағы қиындықтар сыналды. Кірме есімдердің игерілуі де арнайы сөз болды. Осындай зерттеулердің нәтижесінде қазіргі сөздіктерде қамтылған есімдер бір жүйеге келтіріліп, орыс есімдерінің (русские имена) өзіндік сипаты қалыптастырылды. Сөздікте берілетін есімдерге қойылатын талап мәселесі де басты назарға алынды. Мысалы, Н.А.Белық В.А.Никоновтың мақаласына сілтеме жасай отырып, Электрофина, Трактор, Ревмира секілді есімдер туралы, «олар өте жақсы сезімдерден туған болуы мүмкін, алайда, белгілі дәрежеде есімдер сөздігін лаптап тұр» – деп атап көрсетті. Бұл пікірдің астарында, жаңа заманмен бірге (20-30-шы жылдардан бергі 70-ші жылдарға дейінгі аралық) тілге еніп жатқан жасанды, талғамға сай келмейтін есімдерден сақтандыру көзқарасынан туған үлкен мәселе жатқан. [186, 21 б.]. Мұндай сыни көзқарастар басқа да зерттеу жұмыстарында көптеп көтерілді [113, 128, 187]. Қазақ есімдерін зерттеуші Г. Көлдеева кандидаттық диссертациясында осы мәселеге арнайы көңіл бөліп, тілде сирек қолданылатын есімдерге тоқталып, оларды «1. сирек есімдер: а) жеке қолданыстағы архаизмдер (СА), б) қайта жаңғырған архаизмдер, 2. сирек есімдер – неологизмдер, 3) сирек есімдер – ата-ананың тарапынан сәтсіз қойылған есімдер, 4) құжаттарда толтырылғанда дұрыс жазылмауына байланысты этимологиясы мен мағынасын ажырату мүмкін болмаған есімдер» – деп 1920-1990 жылдар аралығында Қызылорда қаласы мен сол өңірдегі құжаттарда тіркелген есімдерді төрт топқа бөліп қарастырады. Тілде тұрақтап қала алмау себептерін анықтайды [86].

Демек, мәдени деңгейінің өсуімен бірге антропонимдердің лексикалық қорын сұрыптап, құрамындағы осындай қайшылық тудыратын элементтерден арылып, өзіндік болмысын жан-жақты дамыту ұлттық тілдің табиғатына тән заңдылық болып табылады. Сонымен қатар, бүгінгі жаһандануға бет бұрған заманда, есімдердің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалу үшін олардың тілдік табиғаты ғылыми тұрғыдан зерделеніп, болашақ даму бағыттары айқындалуы тиіс. Жалпы алғанда антропонимдік норманың негізгі белгілері осы ерекшеліктермен тікелей байланысты болып келеді. «Норма – негізінен тілдің өзі ұсынған тәртіп, нормалану сол тәртіптерді тілдің өзінің қалыптастыруы. Тілдің нормалануы мен ол нормалардың кодификациясы бір әрекет емес, соңғысы тіл процесінің әрекетіне адамдардың араласуы, яғни тілдік нормаларды реттеу, сұрыптау, дұрысын бекіту, қалыптанғандарын хатқа тіркеу сияқты іс-әрекетті білдіреді» [152, 7 б.]. Антропонимдік норма мәселесінде де кісі есімдерінің тілде орнығуы мен әлеуметтің оң бағасына ие болып,

лексикалық бірліктердің антропонимдік қордың негізгі бөлігіне қосылуы маңызды болып табылады. Антропонимдердің жасалуы жеке адамдар талғамының мүмкіндігі шегінде жүзеге асса, жасалған есімнің орнығуы әлеуметтің бағасы мен тілдік сананың қабылдауына тәуелді.

Тілде қолданылып жүрген кез келген сөзді есім ретінде таңдау – әркімнің жеке құқы. Ұлттық ат қою дәстүрінде де, құқықтық-нормативтік тұрғыдан да бұл терістелмейді – таңдалған сөз есімге айналады. Бұл ерекшелік ат қою дәстүріне тән норма болып табылады. Алайда жеке адамдардың таңдауы мен әлеуметтің таңдауы арасында елеулі айырмашылық бар. Әлеуметтік баға – есімдердің нормалануына әсер ететін фактор. Тілде нормаланған есімдер бар да, бір рет қана қойылатын есімдер бар. Қазіргі антропонимдік немесе кісі есімдерінің сөздігін құру мәселесінде де осы норма мен нормалану үдерісін назардан тыс қалдыруға болмайтындығы байқалады. Антропонимдік норма мен нормалану – өз алдына үлкен мәселе. Норма мәселесі антропонимдердің жасалуына тән тілдік жүйені, ат қою дәстүріндегі әдет, дағдыларды, яғни кісі есімдерінің жасалу үдерісіндегі өзіндік белгілерді қамтиды, нормалану пайда болған есімдердің тілдік санада орнығып, антропонимдік қордан тұрақты орын алуы болып табылады.

Қазақ есімдеріне қатысты норма мәселесі осы уақытқа дейін арнайы сөз болған емес, сондықтан оның жүйесі мен қалыптануы туралы түрлі пікірлердің болуы мүмкін, ол заңды да. Айталық, «кісі есімдері дайын сөзден жасалады, сондықтан оның өзіне тән жеке нормасының болуы мүмкін бе?» – деген сұрақ туындап жатса, орынсыз деп айта алмас едік. Дегенмен, қалыптасу тарихы ертеректен басталатын қазақ есімдерінің тілде орнығуы мен қазақ есімі ретінде танылуы белгілі дәрежеде өзіндік сипаты бар жүйе екені шындық. Кез келген тілдік бірліктің өзіне меншікті дербес табиғаты болады, осы табиғаты бойынша оны белгілі бір категорияға жатқызып, өзгелерден айырамыз. Әуел бастан кісі есімдерінің өзіне тән меншікті материалы жоқ, дайын бірліктерден жасалады дегенімізбен, оның да дербес сала ретіндегі болмысын айқындайтын бір ерекшелігінің барын жоққа шығара алмаймыз. Егер өзіндік нормасы болмаса, дербес сала ретінде танудың реті жоқ. Бұл ерекшелік олардың тілдік санада орнығуы және орнығу үдерісімен тікелей байланысты. Демек, антропонимжасамдық формалардың норма ретінде қалыптасуы тілдік санадан орын алуы болып табылады. Тілдік сана дегеніміз, белгілі бір адамдар ұжымының психикалық болмысын айқындай оты-

рып, тілдік ерекшеліктерінің аясынан көрініс беретін мәдениеті мен қоғамдық өмірінің өзіндік табиғаты [19, 439 б.]. Осы анықтаманы біздің мақсатымыз тұрғысынан екінші сөзбен тұжырымдасақ, ұлттық санада орныққан мәдени құндылықтардың тілге көшірілуі немесе тіл арқылы бейнеленуі. Бұл – тілдік сананың негізі. Кісі есімдерінің тілдік санадан орын алуы да осы секілді – өзіндік қалыптасу үдерісін басынан кешіреді және оған белгілі бір уақыт көлемі талап етіледі. Тілдік сана қабылдағаннан кейін ғана ол толыққанды есім ретінде орнығады. Антропонимжасамдық формалардың нормалануы өзіндік сырлары бар мәселе болғандықтан, оның ерекшеліктерін айқындау да осы қажеттіліктен туындап отырғаны шындық.

Қазақ антропонимикасында норма ұғымы аясында атқарылуға тиіс көптеген жұмыстар әлі күнге арнайы қолға алынып, зерттеу нысанына айнала алмай отыр. «Антропонимдік норма» аясында ілгеріде атап өткеніміздей, кісі есімдерінің жалпы мәселелері мен оларға тән белгілері қарастырылады: орфографиялық, орфоэпиялық нормалары, ат қоюға тән ерекшеліктері мен қойылған есімдердің өмір сүру шарттары (нормалану – негізгі антропонимдік қорға өту мүмкіндіктері), яғни олардың тілдік сұрыптаудан өтуі т.б. Норма аясында есімдердің ұлттық болмысы айқындалады. Антропонимдердің ұлттық жүйесіне жасалған терең талдаулардың нәтижесінде оларды біріздендіруді жүзеге асыру мүмкін болады.

Біріздендіру – нормалану ұғымы аясында қарастырылатын мәселелердің бірі. Дамыған елдердің бәрінде кісі есімдерін біріздендірудің жолдары зерттеліп, өзіндік жүйесі жасалған, өйткені есімдердің бірізділігі ұлттық тұтастықтың да кепілі болып табылады. Бытыраңқылық немесе бір есімнің бірнеше вариантта жұмсалуды, ырым-жоралармен, заман ағымына қарай көркемдік деңгейі төмен есімдердің қойылуы – кез келген тілдің дамуы барысында болатын құбылыс, оның ішінде түркі халықтары да бар. Антропонимжасамдық норма мәселесінің алдына қоятын негізгі міндеттерінің бірі – есімдердің дамуындағы осы мәселелерді ұлттық мүддеге қарай бейімдеп, даму бағыттарын реттеп отыру.

Табиғи даму жолындағы есімдердің құрамында бытыраңқылық, әртүрлі нұсқалардың қолданылуы жиі кездеседі. Уақыт талабына сай олардың арнайы ережелерін бекітіп, жүйелікке бейімдеп, даму бағыттарын айқындап отырғанда ғана бытыраңқылықтан арылып, бірізді сипат алып, дамудың жаңа сатысына көтеріледі. Орыс есімдерінің даму тарихындағы мынандай мысалдарды осыған дәлел етуге болады: Қазан төңкерісіне дейін орыс халқында балаға есім

кою қарапайым жолмен ғана шешілген. Туған әрбір бала, шоқындыру рәсімімен бірге тек қана шіркеуде тіркелетін болған. Осылайша ешбір бала, тіпті әке-шешесі дінсіз болса да, шоқындырылудан тыс қала алмайтын. Сонда қандай есімдер берілген? Орыс православ шіркеулерінде «месяцесловы немесе святцы»⁴ деп аталатын ерекше кітап болған (қазір де бар). Осы кітапта, әр айдың әр күнінде еске түсірілетін әулиелер есімі жазылған. Рәсім алдында священник баланың туған күнімен сәйкес келетін бірнеше есімді таңдауға ұсынған. Ат қоюға байланысты бар шаруа осымен аяқталады. Орыс халқында Иван есімінің жиі кездесетін себебі осы кітапта ол 170 рет кездеседі екен (қазір ол орыс халқының типтік атауына айналып отыр) [188]. Қазан төңкерісінен кейін осы шектеу жойылды да, әркімге есім таңдау құқығы берілгенде, түрлі сипат пен мазмұндағы жеке адамдардың ойдан шығарылған есімдер көбейіп кетті. Өсімдік атауларынан қойылған: *Дуб, Береза, Гвоздика, Сирень*; Менделеев жүйесіндегі көптеген элемент атауларынан: *Радий, Ванадий, Вольфрам, Иридий, Рутений*; минерал атауларынан: *Гранит, Рубин*; қаңтардан (январь) желтоқсанға (декабрь) дейінгі барлық ай аттары математикалық терминдер мен техникалық атаулардан *Медиана, Радиана, Гипотенуза, Алгебрина, Трактор, Турбина, Дрезина, Дизель, Комбайн* және т.б. секілді есімдер пайда болды [188]. Ономаст ғалымдардың осы кезде дабыл қағуында да, заңды себептер бар еді: әркімнің таңдауы бойынша да жаңа сипатты аттар жасалғанмен, ғасырлар бойы қалыптасқан орыс есімінің біртұтастығы мен ұлттық сипатына сызат түсе бастаған болатын. Антропонимжасамдағы осы ауытқушылықты болдырмау мақсатында «антропонимдік норма» аясында көптеген нәтижелі жұмыстар атқарылып, зерттеулер бағыты біртұтас ұлттық сананы орнықтыруға бағытталды. АХАЖ қызметкерлері тарапынан берілетін ат қою туралы кеңестер, жас жұбайларға ұсынылатын есім таңдау туралы анықтамалықтар, сөздіктер т.б. арқылы жүзеге асырылған еді.

Антропонимдік норма аясында орыс фамилиясының ерекшеліктері де қарастырылды, өйткені бұл сала да әлі жүйеленбеген бытыраңқы күйде болатын. Табанды зерттеулер нәтижесінде адамның тегін (фамилия) білдіретін қосымшалардың саны айқындалды. А.В. Суперанская мен А.В. Сулова орыс фамилияларын стандартты және стандартқа сай емес деп екі топқа бөліп қарастырады. Стандартты орыс фамилияларына -ов, -ев, -ин, -ский, -их, -ой, -ий секілді

⁴ Ай, күндері бойынша әулиелер есімі, сондай-ақ шіркеу мерекелері туралы мәлімет беретін шіркеулік-құдайға қызмет ету кітабы.

қосымшаларды жатқызады да, стандартты еместеріне, қолданылып жүрген, мұнан өзге 29 қосымшаның түрін атап көрсетеді, және ешқандай қосымшасыз жеке сөзден тұратын фамилиялардың 14 түрін мағыналық топтарға жіктеп береді. Стандартты емес фамилиялар құрамындағы қосымшалар реттелмеген, кездейсоқ, міндетті емес, ауызекі сөйлеу тілінің элементтері ретінде қарастырылады [189, 59-71 б.].

Адам құқығы қорғауға алынған қазіргі қоғамда әркімнің бала-сына есім таңдау еркі бар. Сондықтан «қазақ есімі» деген ұғымның аясындағы шарттарға сәйкес келмегеніне қарамай, ата-ана тарапынан таңдалған есімді қоюға тыйым салуға болмайды. Қазақ есімдерінің қазіргі жағдайында бытыраңқылық сипат бары белгілі, қоғамдағы әр адам тіркеуге алынған қазіргі заманда бұл құқықтық-нормативтік тұрғыдан да, ұлттық біртұтастық тұрғысынан да үлкен мәселе болып табылады және оның антропонимжасаммен тікелей байланысты жақтары да көп. Біріздендіру, қазақ есімдерінің ұлттық сипаты мен мәдени сапасы т.б. секілді бағыттарда алдымызда үлкен мәселелер мен міндеттердің тұрғаны шындық. Бұл орайда мәселе антропонимжасамдық норма және нормалану ұғымының аясында қарастыруды талап етеді.

Қазақ тіліндегі кісі есімдерінің антропоним ретінде танылу деңгейі әрқалай. Мысалы, Пойыз, Алмас, Ахмет секілді есімдердің антропоним ретіндегі танымалдығы мен қабылдануы бір-біріне ұқсамайды. Алғашқысы заман ынғайымен қойылған, кісі есімі ретінде қабылдау қиын – тосын көрінетіні де шындық, онан гөрі өзінің бастапқы мағынасы (көлік) бірінші орында тұрады, Алмас әрі кісі есімі әрі асыл металл атауы ретінде қатар қолданылады, ал Ахмет тек кісі есімі ретінде ғана белгілі. Көріп отырғанымыздай, есім ретінде тілдік санадан орын алу дәрежелері, яғни антропонимжасамдық мүмкіндігі әртүрлі, олардың арасындағы осы ерекшеліктерді тілдік тұрғыдан айқындаудың өзіндік маңызы бар. Белгілі бір кезеңде қоғамдық сананың немесе басқа да жағдайлар себебінен түрлі есімдердің пайда болуы мүмкін, алайда олар тілдік сананың сүзгісінен өтіп барып тұрақтанады. Ілгеріде атап өткеніміздей бұл ат қою дәстүріне тән норма ретінде қабылданғанымен, кісі есімі ретінде танылу мүмкіндігі нормаланумен байланысты жүзеге асатын құбылыс. Осы тұрғыдан келгенде антропонимжасамдық норманың кісі аттарының сөздігін жасау ісіне де қосар үлесі мол. Кісі аттарының сөздігін жасауда ең бірінші ойда ұсталатын шарт – мәдени сапасының тиісті талап пен талғамға сай болуы. Бұл бағытта біршама жұмыстар атқарылды.

Қазақ және орыс тілдерінде кісі есімдерінің бірнеше сөздігі жарық көрді. Солардың бірнешеуіне тоқтала кетуге болады. Т. Жанұзақовтың 1968 жылы «Қандай есімді ұнатасыз?» атты қысқаша анықтамалығы жарық көрген, 1988 жылы Т. Жанұзақов пен К. Есбаеваның «Қазақ есімдері (Казакские имена)» атты орысша – қазақша сөздігі арнайы әділет мекемелері үшін дайындалған болатын. Сонымен қатар, Н.Д. Ондасыновтың «Араб текті қазақ есімдері», Т. Жанұзақовтың «Есімдер сыры (Тайны имен)» (2004), Б.Ж. Жусупованың құрастыруымен «Казакские имена» (2005) атты т.б. сөздіктер жарық көрді. Осылардың ішінде қазақ есімдері барынша толық қамтылғаны – А. Смағұловтың «Қазақ есімдері (энциклопедиялық анықтамалық)» (2006) атты сөздігі. Алғы сөзін жазған ғалым А. Сейдімбектің айтуы бойынша мұнда «қазақ этносының аясында қолданыста болған немесе қолданыста жүрген түбір тұлғалы антропонимдер тіркеуге алынған» [145, 4 б]. Сөздікте қазақ тілінің антропонимжасам жүйесін зерделеу үшін қажетті көптеген материалдар қамтылған. Ұлттық талғам сүзгісінен өтіп, тұрақты түрде кісі есімі ретінде орныққан көркем есімдер де, сонымен қатар кездейсоқ есімдер де қамтылды. Осы орайда, аталған кісі есімін жасаудың мәдени шарттарына қайшы есімдерге тоқтала кетуге тура келеді. Мысалы, кірме сөздерден жасалған *Август, Адгонбай, Армиян, Блок, Будда, Бюллетен, Вокзал, Герой, Канал, Капитан, Космос, Трактор* т.б.; қазақ тіліндегі *Арақпай, Бастық, Басыбоқ, Боқ+басар, -берген, -көт, Боқмұрын, Көтен+берді, -ей, -ші, Көті+бай, -бақ, -бар, -би* т.б. секілді айтуға да, тыңдауға да өте ыңғайсыз есімдер бар. Осы сөздікте қамтылған «тосын есімдердің» барлық саны әйелдердікі – 182, ерлердікі – 480. АХАЖ қызметкерлерінің айтуынша мұндай есімдерді қою фактілері қазір де кездесіп қалатын секілді. Сондықтан, кісі есімдерінің сөздігін жасаудың арнайы эстетикалық талап-шарттарын бекіту туралы да ойланатын кез келген секілді.

Түрлі себептермен қойылған осы тектес ыңғайсыз есімдер өзге тілдерде де кездеседі, алайда ұлттық мәдени көзқарастардың орнығуымен олардың көпшілігі қазір қолданыстан қалған. Кісі есімдерін халық өзі жасайды, қолданыс барысында өзі сұрыптайды. Арасында уақыт сынына төзіп, негізгі антропонимдік қорға енетіндері бар, көпшілігі бір рет қана қойылып, қолданыстан түсіп қалады [190, 13 б.]. Қазақ есімдері де осындай мәдени сұрыптаулардан өтіп, бүгінгі күнге жетіп отыр. Ілгеріде аталған секілді қазір мүлде қолданылмайтындарын ғылыми тұрғыдан қойылу себептерін ашу мақсатында талдаулар жасағанда немесе сыни көзқарас тұрғысынан

болмаса, сөздіктер жасау барысында жұртшылық назарына ұлттық есім ретінде ұсынудың ендігі жерде қажеті жоқ. Мәдени сапасының дәрежесі қалай болғанда да, осы аталғандардың барлығында антропонимжасамдық сипат бары рас, алайда олардың алдағы өмір сүру мүмкіндіктері норма және нормалану талаптарына тікелей тәуелді.

Кеңестік идеологияның әсерімен интернационалистік көзқарастар бойынша келіп енген орыс есімдері бар, олар қазақ есімдерінің сөздіктерінде де берілген. Біразы Александр, Антон, Артем, Вадим, Валерий, Геннадий, Ефим, Игорь, Валерий, Виктор, Вильжан, Вилнұр, Николай, Петр т.б. секілді ер есімдері мен Валентина, Васила, Венера, Вера, Викторина, Виктория т.б. секілді әйел есімдері болып келеді. Әйел есімдерінің қайталанып қойылуы белгісіз, ал ер есімдерінің балаға әке есімі немереге тегі ретінде берілетінін ескерсек, бұл секілді кірме есімдердің әлі ұзақ жылдар тілімізде сақталатыны рас. Ұлттық есімдер құрамындағы мұндай кірме элементтердің шығу тегінен ауытқымай, өзіндік болмысының сақталуына қажетті шарттар орфографиялық тұрғыдан қамтамасыз етіліп отырғандықтан, олардың бойында ешқашан қазақ есіміне айналу үдерісі жүрмейді. Бұл антропонимжасамдық нормаға қайшы құбылыс болып табылады.

Қазақ есімдерінің орфографиялық заңдылықтары жүйеленіп, біртұтас ережелерінің белгіленбеуіне байланысты туындап отырған кей мәселелер еріксіз ол жөніндегі қазіргі мәліметтерге тоқтала кетуді талап етеді. Мысалы, бір есімнің түрліше жазылуы, тілдің даму заңдылықтарына қайшы элементтердің антропонимдердің ұлттық болмысына әсері, орыс орфографиясына негіздеудің салдарынан қазақы сипатынан айырылған есімдердің пайда болуы антропонимжасамның орфографиялық заңдылықтарымен де тығыз байланысты мәселе. Орфографиялық норманың антропонимжасамның болашағы үшін де маңызы зор. Сондықтан олардың құжаттардағы сипаты туралы кей тұстарға да талдаулар барысында қысқаша тоқталатын боламыз.

Антропонимдік норма туралы айтылғанда тағы бір ойға оралатыны – орыс орфографиясы бойынша сауатсыз маманның құжаттау кезінде жіберген қателіктерінің салдарынан ұлттық болмысынан ауытқыған төл есімдеріміздің мәселесі. Осы себептен танымастай болып өзгергендер жиі кездеседі. Соңғы жылдары құжаттарда тіркеліп жатқан есім арасында осындай күйге ұшыраған есімдердің тым көптігі ойландырады. Сырт келбеті жай өзгергендерін айтпағанда, адам танымастай халге ұшырағандарының сипаты төмендегідей бо-

лып келеді: *Чокин, Кургунбаев, Битурина, Бурбаев, Байдаленова, Азнина, Долина, Дакинова, Кожухова, Жакон, Мингжанова, Маямеров, Улюкова, Наккажина, Бурина, Кашей, Шоткин, Каюпов т.б.* есімдердің мазмұнын былай қойғанда, қазақы сипатынан да ештеңе қалмаған. Тізімдегі осы аталған фамилиялардан кейін жалғанған баланың өз аты мен әкесінің аты болмаса, қазақ есімдері екендерін айырудың өзі мүмкін емес секілді. Осындай сипаттағы есімдер, қазақша білетін адамның айтуға аузы бармайтыны фамилиялармен толығымен түседі. Мұндай есімдердің құжаттардан көрініс беруінің антропонимжасамға ешқандай қатысы жоқ. Осының барлығы қазақ есімдерінің табиғатына тән ұлттық тілдің заңдылықтары өзі ұсынып отырған норманың, әлі де болса, ережелері бекітіліп, құқықтық-нормативтік тұрғыдан заңдастырылмауынан қалыптасып отырған кемшілік. Туындап отырған бір мәселе, есімдер мен фамилиялары осындай бола тұрып, мағынасын түсінбейтін кейбір азаматтар орысша дыбысталуын қалайтын жағдайлар да кездеседі. Тілдік сана мен тілдік тұлғаның антропонимжасаммен тығыз байланыста болатынын ескерсек, алдағы уақытта антропонимжасамдық норма мәселесіне терең мән беруімізге тура келеді.

Орыс тілінің ыңғайына бейімдеп жазудың салдарынан туындап отырған келесі мәселенің бірі – қазақ тіліндегі бір есімнің бірнеше нұсқада жазылуы. Кейде дыбыстық өзгерістерден келіп бір негізден тараған тұлғалардың Айша, Ғайша, Қайша т.б. секілді әртүрлі есімдер ретінде қолданысқа түсетіні бар. Кірме есімдердің тарихында болатын мұндай құбылыс антропонимжасамдық норма болып табылады. Алайда қазақ тіліндегі төл дыбыстық болмысынан ауытқыған мұндай есімдер антропонимжасам талаптарына сай келмейді, өйткені тілдің табиғи даму заңдылықтары бойынша емес, қолдан жіберілген қателер мен қателіктердің нәтижесінде пайда болып отыр. Ал қате немесе қателік түзетуді талап ететін ұғым. Қазіргі құжаттарда кездесетін осындай есімдердің жазылу сипаты төмендегідей: *Мөлдір, Молдір, Молдер, Молдир, Молдыр, Мольдер, Мольдир, Мольдр, Мольдыр, Мөлдир, Мулдер, Мулдир, Мұльдир – 13 түрлі; Анелия, Анеля, Анель, Анэля, Аннель, Анелья, Айнэль, Айнель (дұрысы Әнел) – 8 түрлі; Әсел, Асел, Асела, Аселим, Асель, Аселя, Эсел – 7 түрлі; Гүлнұр, Гүлнур, Гулнұр, Гулнур, Гульнур, Гулнура, Гульнура – 7 түрлі; Ләйла, Лайла, Лайля, Лейла, Лейля, Лэйла, Ляйла, Ляйля – 8 түрлі; Әйгерім, Әйгерим, Айгера, Айгерім, Айкерім, Айгерем, Айгерим, Айгерым, Айкерим, Аигерим, Айгорым, Айгерм – 12 түрлі.* Түрліше жазылу, бір есім туралы түрліше көзқарастардың орнығуына апарып

соғады, мысалы, жаңа заманға лайық адам ретінде дыбыстық болмысы орыс тіліне жақын есімді қалайтындар Лэйла, қазақша дұрыс дыбысталуын, жеті ғашықтың бірі, сұлулықтың символына айналған кейіпкер есімін қалайтындар Лэйлә болғысы келетін жағдайлар қазір де кездесіп қалып жатады. Болашақта тек дыбыстық жағынан ғана емес, психологиялық әртүрлілік пен жүйесіздікке бастайтын мұндай кемшіліктердің алдын алу антропонимжасамдық норма мәселесінің алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі.

Есімдерінің қалыптасу үдерісі белгілі бір уақыт көлемімен шектелетін халықтар бар: А.С. Приблуданың зерттеулері бойынша еврейлерде бұл үдеріс б.ж.с. дейінгі IV ғасырда аяқталған, ал орыстарда XVI – XVII ғасырларда, ал әзірбайжан тілінде әлі күнге дейін уәжделген есім қою дәстүрі сақталып келеді [158, 5 б.]. Қалыптасу үдерісінің аяқталуы кісі есімдерінің нормаға айналуының көрсеткіші. Енді мағынасы бойынша түрлі сөздерден есімдер жасалу сиреп, негізінен дайын есімдер пайдаланылатын болады. Христиандық ресми дін ретінде орныққаннан кейін «Святца»⁵ әулиелерінің есімі бойынша есімдер нормалана бастады. Бұл есімдер санының қысқаруына алып келді. Христиандықтың Византиялық тармағының таралуымен бірге Руське X ғасырдың соңында православ әулиелерінің құрметіне арналған есімдер келе бастады; жеті жүз жыл бойы шіркеулік емес есімдермен табанды күрес жүргізілді [122, 54 б.]. Өз заманында бұған белгілі бір топтар тарапынан қарсылықтардың болған болуы да мүмкін, алайда есімдер санының қысқаруы нормалануы мен жүйеленуіне негіз болды. Ұлт болып ұйысып, ортақ белгілерінің қалыптасуы үшін мұның өзіндік пайдасын да жоққа шығаруға болмайды.

Қазақ тіліндегі антропонимдер мұндай заңдылықтарға бағынбайды – есім таңдауда ешқашан шектеу қойылған емес. Қазірдің өзінде лексикалық құрамы үздіксіз жаңа бірліктермен толығу үстінде. Жалпы санының 50 мыңға (кей деректер бойынша 60 мыңға) жетуінің өзінде дамудың осы жағы көрініс береді. Тіліміздегі есімдер санының тым көптігі және үнемі жаңа бірліктермен толығып отыруы жалпы есімдер мен кісі есімдерінің арасындағы нақты шекараны белгілеуде қиындық тудырып отырғаны рас. Сондықтан, норма мәселесінде тілдік сана мен ұлттық тілдің даму заңдылықтарына тән белгілер негізгі ұстаным етіп алынады және сыртқы формасы мен антропонимжасамдық мағынасының бірлігі орныққан, тілдік сана антропоним ретінде қабылдаған бірліктерді антропонимжасамдық

⁵ Шірк. әулиелер мен діни мейрамдардың тізімі.

нормаланған формалар ретінде танымыз. Мәселеге осы жағынан келер болсақ, саны әлдеқайда қысқарып, белгілі бір дәрежеде есімдердің жүйеленген болмысы айқындалған болар еді.

Қазақ есімдері бүгінге дейін табиғи даму заңдылықтарының негізінде туып, қалыптасып келді. Оның мәдени болмысы тиісті талғам талаптары негізінде сұрыпталып, уақыт сынынан өткендері сақталып қалды да, сұранысқа ие болмағандары қолданыстан түсіп отырды. Алайда, ендігі даму бағыты білікті ізденістерге зәру. Ғылым-білім саласындағы әлемдік жетістіктер мен түрлі мәдениеттердің ықпалы қоғамдық санаға дендеп ене бастаған бүгінгі таңда келіп жатқан жаңалықтардың антропонимдер әлеміне өзгерістер әкелетіні даусыз. Осындай сын сәттерде оны мен солын ажырату қабілеті жете толыспаған жас мемлекет азаматтарының әуестенушілікке бой ұру жағдайларының көрініс беретіні белгілі. Мұндайда ұлттық есімдер туралы оң пікір-көзқарастар қалыптастыратын арнайы ғылыми-зерттеулер антропонимжасамдық норма және нормалау ұғымдары негізге алынуы тиіс.

1.3.2 Антропонимжасамдық негіздер табиғатындағы нормаға тән белгілер

Қазақ есімдерінің арасында жеке тұрып Арман, Арыстан, Асыл, Аян, Әбді, Рақым, Бақыт, Болат, Қуан, Рауан, Есен, Әбіш, Әбдірақым, Нұржан, Байтұрсын, Балабек, Өтепберген, Дәулеткелді, Нұртай, Айтан, Болтан, Әбіш, Нұрыш, Жанақ т.б. секілді кісі есімі ретінде танылған көптеген тұлғалар бар. Бұлардың танымалдық дәрежесі жоғары, антропонимдік қордың негізгі элементтері ретінде ұлттық ұғымға сіңісті болған бірліктер. Антропонимдерді зерттеуші ғалымдар, құрылымдық жүйесі бойынша бұларды дара тұлғалы, күрделі тұлғалы немесе компоненттердің бірігуі, тіркесуі арқылы жасалған есімдер деп қарастырады. Алайда, антропонимжасамдық норма тұрғысынан қарағанда, құрамындағы компоненттердің морфологиялық, синтаксистік құрылымынан гөрі, жеке элементтер өзінің тілде нормалану сырлары арқылы көбірек назар аудартады. Аталған есімдердің ішінде дара тұлғалылар да, біріккен, тіркескен тұлғалылар да, қосымша арқылы жасалғандары да бар. Осындай сипатына қарай оларды үлкен екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, құрамындағы компоненттері дербес мағыналы тұлғалар; екіншіден, есім түбірінің өзгеруіне байланысты бастапқы болмысынан ауытқыған тұлғалар. Осындай сипаттары бойынша олар-

ды мағыналық негіздер және көмескі негіздер деп екі топқа бөліп қарастырамыз.

1) *Мағыналық негіздер табиғатына тән нормалық белгілер*

Мағыналық негіздердің нормалануы туралы сөз қозғамас бұрын, жалпы түсінік үшін айта кету керек, бұлай аталуы осы топқа жататындардың мағына білдіруге қабілеттілігімен байланысты алынып отыр. Екінші сөзбен антропонимжасамдық мағыналы бөлшектер деп атауға да болады. Тұрақты қолданыла келе тілде орнығып қалған, осыған қарама-қарсы антропонимжасамдық тәсіл арқылы қалыптасқан, түбір орнында тұратын мағынасыз бөлшектер бар. Түбір тұлғалылар құрамында осы ерекшеліктеріне байланысты дара тұлғалылар мен күрделі тұлғалылар қатар қамтылады. Зерттеушілер тарапынан антропонимдерді құрылымдық жүйесіне қарай талдағанда мағыналық бөлшектерді *антропонегіз* (антропооснова) ретінде қарастырады [86, 9 б.].

Дара тұлғалылар тілдің лексикалық қорындағы дайын сөздерден жасалатын болғандықтан, әрі жалпы есім, әрі жалқы есім қызметін қатар атқарады. Мысалы, Айдын, Алдан, Алма, Алмас, Бақыт, Болат, Берік, Жамал, Жұпар, Самал, Сапар, Серік т.б. ешқандай компонент немесе қосымшалар жалғанбай әрқайсысы жеке тұрып қызмет атқара алады. Олар – осы қалпында кісі есімі ретінде танылуы жағынан тілдік сана қабылдаған тұлғалар. Ұлттық мәдениеттің дамуымен бірге эстетикалық талғамның да сапалық жағынан үнемі ілгерілеу үстінде болғаны белгілі. Аталған есімдер сол талғам сүзгісінен өтіп орныққан тарихи-мәдени құндылық, сондықтан олардың қолданылу белсенділігі де жоғары. Тілдік сана қабылдамаған, ұнамсыз есімдерді бұл қатарға қоя алмаймыз, сондықтан олар талдауларға қатыстырылмайды. Бұл тұрғыдан келгенде, есім етіп таңдалған сөздің мағыналық ерекшеліктерінің көркемдік мәні өзіндік рөл атқаратыны байқалады. Қазақ есімдері, Еуропа елдеріндегідей даму мен қалыптасудың шегіне жеткен жоқ, керісінше үнемі жаңа бірліктермен толығу үстінде, сондықтан тілдің лексикалық қорындағы сөздердің көпшілігі есім қызметінде де жұмсалады. Демек, дара тұлғалы есімдер саны ілгеріде аталғандармен шектелмейді және қос қызметте қатар жұмсалғандықтан, жалпы, жалқы есім ретінде танылуларының арасында нақты шекара жоқ. Мысалы, Арман, Аян, Әділ, Батыр, Дәулет, Жанар, Мерей, Мақсат, Мұрат, Жеңіс, Қанат, Қайрат, Рауан, Сая, Сәуле, Сарқыт, Салтанат т.б. көптеген тұлғалардың кісі есімі ретінде орнығуы тілдік санаға тікелей тәуелді. Бірақ, қазір оларды тілдік сана жатырмайды, керісінше дыбыстық

жағынан да, көркемдік сипаты бойынша да жоғары сапалы есімдер ретінде қабылдайды, сөйтіп антропонимдік қорда тұрақты сақталып келеді.

Тілдік сана мәселесі сөз болғанда, онымен тікелей байланысты ұлттық таным да назардан тыс қала алмайды. Қызметі жағынан, адам мен есім мағынасының арасындағы алшақтыққа байланысты антропонимнің мағыналық сипаты екінші орынға ауысқанмен, танымдық тұрғыдан алғанда символикалық табиғаты дыбыстық тұлғаға байлаулы. Тілдік санада бұл екеуінің бірлігі норма ретінде қалыптасқан. Қазақ есімдерінің құрамында символикалық мазмұнға бай көптеген есімдер бар. Мысалы, түске байланысты *ақ, қара, сары, қоңыр*; аспан денелерінің атауына байланысты *Күн, Ай, жұлдыз, Шолпан*; жануарларға байланысты *бота, киік, бөкен, қошқар*; құс атауларына байланысты *қаршыға, лашын, сұңқар, тұйғын, бүркіт* т.б. секілді көптеген сөздер қазіргі кезде кісі есімі немесе кісі есімінің компоненті ретінде жиі қолданылады. Осы аталған жалқы есімдердің түсіндірме сөздікте берілген мағынасы мен антропонимжасамдық мағыналарының арасында үлкен айырмашылық бар. Антропонимжасамдық мағыналарының мәдени болмысы эстетикалық талғам аясында сомдалып жүйеленгенмен, ұлт танымының кеңістігі секілді ауқымды әрі еркін. Ол да антропонимжасамдық формалардың табиғатына тән норма болып табылады, сондықтан кешенді талдаулар жасағанда оларды осы кеңістік аясында танимыз.

Қазіргі зерттеу еңбектерінде де мұсылман есімдерінің ішінде тұрақты антропонимдерге айналған немесе антропонимжасамдық қызмет атқаратын Әбді, Әбду, Әбу, Ағзам, Мағзам, Әли, Ахмет, Омар, Оспан т.б. секілді компоненттердің бар екені көрсетіледі [118]. Араб, парсы тілінен енген есімдерді, осы орайда, екіге бөліп қарастыруға болады. Тілімізге қарапайым тұрмыс-тіршілікке қатысты атаулар күйінде еніп, кісі есімдеріне айналған сөздер және тікелей ұлы адамдардың, тарихи тұлғалардың есімі ретінде еніп, тілде тұрақтап қалғандар. Тарихи тұлғалардың есімдері сол қалыбын сақтап, тек антропонимдік қызмет атқарады: Марат, Сәбит, Мұқтар, Әбді, Мұқамет, Мақамбет секілді есімдердің әрқайсысының түпкі тегінде өзіне тән мағынасы болғаны белгілі, алайда қазақ тілінде олар тек кісі есімінің қызметін атқарады (бұл жөнінде сәл кейінірек). Жұртшылық осы ерекшелігі бойынша таниды. Ал жалпы есім түрінде енгендер ілгеріде атап өткеніміздей, қос қызметте қатар жұмсалуда. Алайда, соған қарамастан көпшілігін қазіргі зерттеушілер күрделі есімдердің

компоненттері деп көрсетеді. Демек, тілдік сана қабылдап, кісі есімі ретінде танылған (нормаланған) тұлғалар болып табылады.

Дара тұлғалы есімдердің құрамында түрлі қосымшалар арқылы жасалған тұлғалар жиі кездеседі: Жұмабай, Жұмағай, Жұмағат, Жұмадік, Жұмажан, Жұмай, Жұмайыз, Жұмекей, Жұмекен, Жұмақай, Жұмақан, Жұмақас, Жұман, Жұмас, Жұмат, Жұматай, Жұмаш, Жұмашкей, Жұмашқан т.б. секілді тұлғалардың баршасына негіз болып тұрған – жұма сөзі. Түбірден кейін немесе алдынан келетін компоненттерді айтпағанда, осынша қосымшаның жалғануы оның тұрақты кісі есімі ретінде нормалануының көрсеткіші болып табылады. Қазіргі кезде есім қызметін атқаратын осы секілді тұлғалар көп-ақ, алайда еркелету мәнді қосымшалардың антропонимжасамдық қызметіне байланысты кейде нақты түбірді анықтау мүмкіндігі азайып кететін тұстар бар. Мысалы, қазақ тілінде жұма сөзіне ұқсас Жұмғал, Жұмыр, Жұмық (көзіне байланысты қойылған) т.б. секілді есімдер қойылған, олай болғанда түбірдің Жұма емес, Жұм- болып, түбір сипатты формаға айналып кетуі мүмкін. Сондықтан, қосымшалы тұлғаларды негізінен Жұмабай, Жұмабек, Жұмажан т.б. секілді мағынасы айқын және қазіргі кезде қосымшалар қатарына жатқызылып жүрген *-бай, -жан, -хан, -ман* т.б. секілді элементтермен келгенде болмаса, негізінен түбір сипаттылар қатарында қарастырған дұрыс.

Өзінің бастапқы мағынасынан алшақтап, антрополексемалық сипатқа ие болған *бай, бек, гүл, жан, ман, тай, хан, келген (-ді), берген (-ді, -сін), туған (-ар)* секілді компоненттер бар, олар жалғанған сөздердің барлығы дерлік антропоним қызметін атқарады: Ақжан, Қаратай, Сарыбай, Бөкенбай, Қошқарбай, Айгүл, Нұртай, Болатхан т.б. секілді есімдердің қызметі мен мағыналық сипаты осыған дәлел. Қазіргі кезде өзінің тұрақты антропонимжасамдық қызметінің нәтижесінде, дербес мағыналы бұл компоненттер қосымшалық мәнге ие болған және ол түркі және қазақ антропонимдерін зерттеуші ғалымдар тарапынан да мойындалып отыр. Мысалы, *-ман*-ның өзі жалғанған тұлғаның кісі есімі екенін білдіруі, *-бай, -бек, -хан* тұлғаларының кісі есімі болумен қатар ер есімі, *-гүл*-дің қыз (әйел) есімі екенін білдіруі, *-жан, -тай* еркелету мәнін білдіруі, оларға қосымшалық сипат беріп тұрғаны анық. Антропонимжасамдық қызметі барысында қалыптасқан осы ерекшеліктерінің *-кел, -бер, -ту* тұлғалары да антропоним жасау мақсатында өзінің бастапқы болмысынан ауытқыған және ол қазір заңдылық ретінде қабылданған. Бұл аталған тұлғалар қос қызметті сипатына қарай түбір тұлғалылар

құрамында да, қосымшалар құрамында да қарастырылады. Бірінші компонент орнында тұрғанда дербес мағыналы сөз, ал екінші компонент құрамында тұрғанда күрделі тұлғаға антропонимдік сипат беріп тұрады. Осы ерекшеліктердің барлығы қазір норма ретінде қалыптасқан.

Кісі есімдерінің түрлі компоненттерден біріктіріліп, тіркестіріліп *күрделі тұлғалардың* жасалуы әлемнің көптеген тілдерінде бар және мұндай тәсіл түркі халықтарына да жат емес. Түркі тектілермен қатар, ол араб, парсы тілдерінен енген есімдер құрамынан да көрінеді. Араларындағы айырмашылық тек әр тілдегі дыбыстық нұсқаларында ғана. Антропонимжасамға тән ортақ тәсілдер мен ортақ дәстүр кейіннен енген діни есімдердің де бір сипатта орнығуына негіз болып отыр. Демек, антропонимжасамдық компоненттердің бірігуі мен тіркесуі антропонимжасамдық нормаға тән заңдылық болып табылады. Өйткені, ілгеріде аталған компоненттерден өзге де, тұлғалардың бірігуі арқылы жасалып, тек кісі есімі ретінде қызмет атқаратындары өте көп. Айғабыл, Дінмұқамет, Бағашар, Мыңжасар, Сұлтанқұл, Құлмұқамет, Құлахмет т.б. есімдер осыған дәлел, яғни сөздердің дәстүрлі морфологиялық немесе синтаксистік тәсілдерге ұқсай бермейтін тосын бірігуі де – антропонимжасамдық нормаға тән белгілердің бірі.

Біріккен немесе тіркескен тұлғалы антропонимдердің құрамындағы компоненттердің бірігуі немесе байланысу жүйесіндегі норма мәселесі де өзіндік сипатқа ие. Құрылымдарындағы морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктердің өзі антропонимжасамдық норма ретінде қалыптасқан жүйе болып табылады. Мысалы, Қошқарбай – Байқошқар, Айтуған – Туғанай, Байжан – Жанбай, Беккелді – Келдібек, есімдерінің құрамындағы компоненттердің орын тәртібіндегі еркіндік антропонимжасамда қалыпты құбылыс, яғни норма, ал керісінше Нұртуған – Туғаннұр, Дәулеткелді – Келдідәулет, Баймағамбет – Мағамбетбай болып қолданылмайды. Сол секілді кісі есімдерінің дәстүрлі грамматика заңдылықтарына бағына бермейтін табиғатындағы ерекшеліктердің барлығы антропонимжасамдық норма болып табылады.

Осы жүйенің антропонимжасамдық болмысын айқындайтын ерекшеліктің келесі бір түрі, құрылымдық элементтердің антропонимжасамдық сипатымен де байланысты, яғни бір-бірімен тіркесетін, бірігетін тұлғалардың кісі есімі ретінде танымал болуының өзіндік рөлі бар. Мысалы, Әбдірақым, Өтепберген, Дәулеткелді есімдерінің құрамындағы бірігуі мен тіркесуі жалқы есімдерде де

болады, алайда мұндағы әр компоненттің антропонимдік болмысы жүйеге де антропонимжасамдық сипат беріп тұр. Ілгеріде аталған Әбдірақым, Өтепберген, Дәулеткелді есімдерінің әрқайсысы осы күйінде алғанда – жеке кісі есімдері. Құрамындағы Әбді, Рақым, Өтеп, Берген, Дәулет, Келді компоненттерінің антропонимжасамдағы орны үлкен, олар басқа компоненттермен бірігіп те түрлі есімдер жасай алады. Орыс ғалымы В.А. Никонов қазіргі ұйғыр антропонимдерінің даму бағыты туралы зерттеу жұмысында, екі негізден жасалған кісі есімдерінің жиі кездесетініне назар аударады және 30 компоненттен 870 есім жасауға болатынын атап өтеді [124, 192 б.]. Жалпы, түркі халықтарының баршасына ортақ осы антропонимжасамдық жүйе, қазақ есімдерінің құрылымына да тән.

Халықталғамының сүзгісінен өтіп, бүгінге жеткен мұндай көптеген компоненттер қазір антропонимжасамдық мүмкіндікке ие болған. Кісі есімін зерттеушілер тарапынан да олар Ш. Сагаутдиновтың дайындауымен жарық көрген «Татар есімдерінің түсіндірме сөздігінде» Әбді (Абд), Әбу (Абу), Аға (Ага), Ай, Айдар, Әли (Али), Ата, Берді (Берди), Бас (Баш), Бақыт (Бахт), Бек, Ер (Ир, Эр, Ар), Ес (Иш), Күш (Куш), Қос (Куш), Мардан, Таң (Таң), Шан (Чан), Шат (Шад) т.б. антрополексема деп көрсетсе, «Мұсылман есімдері» атты сөздікте күрделі есімдердің компоненті (КСИ) деп атайды. Екі атаудың да бір текті тұлғаларды атап отырғаны белгілі [118; 162]. Бұл компоненттердің тілде нормаланып, есім ретінде ұғымда тұрақтағанының, яғни нормаланғанының көрсеткіші болып табылады.

Кісі есімдерінің субстантивтенуі – нормалануының бір көрсеткіші. Қазақ есімдерінің тарихын зерттеуші ғалым Т. Жанұзақов Тұрсын, Тұрар, Тұрған, Сұраған, Өтеген, Өтеміс, Басар, Басқан, Босан, Тілеген, Тілеміс секілді есімдердің о баста етістік тұлғалы болып, кейіннен субстантивтенгенін көреміз дейді [64, 40 б.]. Сөз дыбыстық тұлғасын сақтағанмен, антропонимжасам талаптарына сай мағыналық өзгерістерге түсе отырып, келесі бір грамматикалық категорияның құрамына өтуі арқылы жанаша сипатқа ие болады. Тілдік санада осы жаңа сипатты тұлға кісі есімі ретінде қабылданады. Әсіресе, баяндауыш қызметінде жұмсалуға тиіс етістіктердің бірінші орында тұрып, өзінен кейін басқа сөз таптарынан болған компоненттерді жалғауы заттық сипатын айқындай түседі. Бержан, Бердос, Өтебек, Өтеқара, Өтелбек, Өтелбай, Өтелберді, Тұрқара т.б. секілді есімдердің құрамындағы етістіктер өзінің қимыл атауы болу қызметінен мүлде алшақтаған, дербес тұлғалы компонент ретінде қолданысқа түсіп отыр.

Сары, Қара, Қоңыр секілді сын есімдер жеке тұрып заттанса, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100, 1000 секілді сан есімдерге түрлі қосымшалар мен компоненттер жалғану арқылы атауыштық сипатқа ие болады. Сондықтан олар дара тұлғалылар құрамында да, күрделі тұлғалылар құрамында да кездеседі. Антропонимжасамдық негіздердің басты ерекшелігі жеке тұрып, өзінен кейін қосымша жалғап немесе басқа компоненттермен бірігу арқылы жаңа тұлғалар жасайды. Антропонимдердің жасалуы осы норма аясында жүзеге асады: тұлғалық жағынан алғанда негіздердің әрқайсысына тән антропонимжасамдық мүмкіндік немесе күрделі тұлғалылардың құрамындағы компоненттердің орын тәртібіндегі еркіндік пен тұрақтылықтың жеке есімдерге байланысты қалыптасқан тәртібі бар. Бастауыш пен баяндауыштардың орын тәртібінің ауысып келуі де антропонимжасамға тән ерекшелік болып табылады.

2) *Антропонимжасамдық көмескі негіздер табиғатындағы нормаға тән белгілер.* Антропонимжасамдық көмескі негіздер тілдік табиғатына байланысты өз ішінде *көне тұлғалылар және жасанды негіздер* болып екі топқа бөлінеді. Қазіргі сипаты тұрғысынан мағыналық болмысының толымды болмауына байланысты бұларды түбір сипаттылар қатарында қарастырып отырмыз. Екеуіне ортақ белгілері осы тұстан аңғарылады. Бүгінге дейін антропонимжасам мәселесі арнайы зерттелмегендіктен, оның өзіне тән ұғымдары да тілде орнықтағаны белгілі. Осыған байланысты түбір сипаттылардың қалыптасуы мен норма ретінде танылуының өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсету үшін этимологиялық талдаулар жасауға тура келеді. Сыртқы тұлғасына қарап, белгілі бір мағына беретін сөздер қатарына жатқызуға болатын кей лексикалық бірліктерді шығу тарихына қарай талдағанда, қазіргіге қатысы жоқ, басқа тектен тарайтынын анықтайтын фактілер кездеседі.

Көне тұлғалыларға уақыт өте келе түрлі өзгерістердің нәтижесінде мағынасы көнерген немесе көмескіленген, қазір лексикалық бірлік ретінде дербес қолданылмайтын түбірлер жатады. Антропонимжасамдық тұрғыдан алғанда олардың қазіргі сипаты түбір тұлғалылардан гөрі, түбір сипаттыға көбірек келеді. Себебі, этимологиялық талдаулар барысы олардың бір кездердегі дербес мағыналы сөз екенін көрсетсе, антропонимжасамзандылықтарындағы кей ерекшеліктер жасанды тұлғалылар қатарына жатқызуды да жоққа шығармайды. Түбір сипаттылар қатарында қарастыруымыздың себебі де сондықтан. Дегенмен, екіұдайылық тудыра отырып, олар өзінен кейін түрлі қосымшалар жалғап, антропонимжасамдық норманың

бір сипаты ретінде өмір сүріп келеді. Бастапқы мағынасын айқындау мақсатында осы орайда бір-екеуінің этимологиялық табиғатына тоқталып көрелік: *Бөк-*, *Боқа (Бог-)* т.б. секілді түбірлерден тарайтын тұлғаларды осы топқа жатқызуға болады. Мысалы, татар тілінде *Бөк-* түбіріне қосымша жалғау арқылы жасалған *Бөкәй* есімі бар, *диалектілік нұсқасы*: *Мөкәй*, *Батыр*, *ержүрек* т.б. мағыналарды білдіреді [162]. Қазақ тіліндегі нұсқасы *Бөкей* болып дыбысталады, ал *Т. Жанұзақов* көне түркі тіліндегі *батыр*, *ер*, *палуан* деген сөздің өзгерген түрі деп көрсетеді [62, 64 б.]. Татар диалектісіндегі *Мөкәй* тұлғасының қазақ тілінде *Мөкей*, *Мүкей*, *Мұқай* секілді түрлері кездеседі. Көне түркі тіліндегі нұсқасы *Bögä* (бөгә) түрінде дыбысталады [52, 116 б.]. Э. Севортян түркі, монғол, маньчжур тілдеріндегі дыбыстық тұлғаларын салыстыра отырып, «палуан», «күшті», «күш», «батыр», «батырлық», «берік», «ер (күйеу)», «сілеусін» секілді 8 түрлі мағынасын көрсетеді [191, 211-212 б.]. Қазіргі тілімізде, мағынасы көмескі тартқан осы түбірден тарайтын *Бөке-ш*, *Бөке-н*, *Бөке-т*, *Бөке-й*, *Бөке-с*, *Бөкетай*, *Бөкебай* секілді есімдер кездеседі. Этимологиялық талдаулар барысында шығу тегін осындай көне элементтермен байланыстыра отырып, мәселенің екінші жағын да назардан тыс қалдыруға болмайды: мысалы, осылардың кез келгені *Бөкен*, *Бөкенбай*, *Бөгенбай* секілді есімдердің қысқарған түрі болуы да мүмкін. Мұндай өзгерістер де антропонимжасамдық норма ретінде қарастырылады.

Боқа (Бог-)- тұлғасынан тарайтын *Боқа*, *Боқаш*, *Боқан*, *Боқай*, *Боқат* секілді есімдер бар. Көне түркі жазба ескерткіштерінің материалдарымен салыстыра қарағанда, бұл есімнің түбірі асыл зат салынған түйіншек, *дорба*, *сөмке* т.б. секілді мағына береді. *Бөк-*, *Боқ-* қазір антропонимжасамдық түбір ретінде қолданыста жоқ, қазақ тілінің қорындағы кей сөздерге дыбыстық формасы ұқсағанмен, жеке тұрып есім жасауға қабілетсіз, түбір орнында тұрып, өзінен кейін *-а*, *-е*, *-ан*, *-ен*, *-ай*, *-ат* секілді қосымшаларды жалғау қабілетіне қарай түбір сипаттылар қатарына жатқызылады.

Көне тұлғалылардың табиғатын зерделегенде байқалатын келесі бір ерекшелік – антропонимжасамдық нормаға қойылатын талаптардың әр кезеңде өзгерістерге түсіп отыратындығы. Бір дәуірде қоғамдық санада орын алған қажеттіліктерге байланысты жұртшылық жақын қабылдаған есімдер, келесі дәуірде қолданыстан мүлде түсіп қалуы мүмкін. Антропонимдер өмірінің ұзағырақ болуына оның дыбыстық формаларының сипаты да тікелей әсер етеді. Мысалы, *асыл зат салынған түйіншек*, *дорба* мағынасындағы көнерген

сөз Бок (Боғу «буу, байлау») кісі есімі ретінде қойылмайды, керсінше онымен мағыналас Асыл, Қазына, Қымбат, Бағалы т.б. секілді есімдер қолданыста жүр. Демек, антропонимжасамдық норма үдерісі мағыналық ерекшелігімен қатар, формаларды да эстетикалық талғам үдерісінен өткізіп отырады.

Жасанды негіздердің қалыптасуы тікелей антропонимдердің табиғатына тән ерекшеліктермен байланысты. Қазақ дәстүрінде жасы үлкенді құрметтеу, кішіні еркелету дәстүрі бар, ол ерекшелік тілдік элементтер арқылы кісі аттарына да берілген. Сондықтан, құрметтеу, еркелетуге тән тілдік құбылыстар кісі есімдерінің құрамынан көбірек көрініс береді. Тұрақты түрде жүзеге асып отыратын бұл құбылыс, түрлі антропонимжасамдық тәсілдердің пайда болуына әкеліп отыр. Соның бірі – біз сөз етіп отырған, түбір тұлғалардың қысқаруы мен қосымшалардың жалғануы және сол өзгерістердің нәтижесінде жаңаша формалардың қалыптасуы. Мәселенің қыр-сыры арнайы тарауда қарастырылатын болғандықтан, тікелей нормалану табиғатына тоқталайық. Мұндай тұлғалар қазақ антропонимдерінің құрамында бар және белгілі дәрежеде сандық көрсеткіштері де біршама. Оның өзі – есім жасаушы формалардың қалыптасқан жаңа бір түрінің айғағы. Тұрақты орныққан тұлғасы мен өзінен кейін қосымша немесе компонент жалғау қабілеті нормалық сипатының басты белгісі. Өзге тұлғалар секілді олардың арасында да антропонимжасамдық сипатқа ие болуы жағынан әртүрлі дәрежедегілері бар. Осы ерекшелігі антропонимжасамдық тұрғыдан арнайы талдауларды талап етеді.

Түбір сипатты тұлғалар ешқандай мағына бермегенімен, мағынаға тән «білдіру» белгісіне ие. Тілде орныққандарының кісі есімін білдіру қабілеті жоғары, яғни осы тұлғаларға қосымша жалғау арқылы жасалған есімдердің өзге емес, тек кісі есімі екені бірден білініп тұрады. **Кәк** (Кәкен, Кәкібай, Кәкіжан, Кәкібала, Кәкім, Кәкіман, Кәкімбек, Кәкітай, Кәкіш, Кәку), **Зек** (Зеке, Зекей, Зекен, Зекенай, Зекетбек, Зекетей, Зекеш, Зекібай, Зекім, Зекіш), **Жәк** (Жәке, Жәкебай, Жәкежан, Жәкей, Жәкемсал, Жәкен, Жәкенай, Жәкенбек, Жәкенберген, Жәкенжан, Жәкетай, Жәку, Жәкуәли, Жәкубай, Жәкубек, Жәкуда, Жәкуза, Жәкула, Жәкура, Жәкіжан, Жәкім, Жәкіман, Жәкін, Жәкіт, Жәкітай, Жәкіш, Жәкішбай) секілді жаанды негіздер осы сипаттың айғағы.

Түбір сипатты тұлғалар өзіне тән қосымшалар жалғанғанда да, антропонимжасамдық табиғаты айқындала түседі. Жалғанатын қосымша түрлерінің көптігіне қарай, есімнің түрі де көбейе түседі.

Сондықтан, қосымшалар мен түбір сипаттылардың бірлікте болуы да өзіндік жүйесіне тән норма болып табылады. Енді осы тұлғалардың қалыптасу жолдары мен ішкі болмысындағы қайшылықтарға байланысты бірнеше тұлғаның бойындағы даму өзгерістеріне тоқталып көрелік.

Қаб- тұлғасынан тарайтын Қаб-ен, Қаб-аш, Қаб-ош, Қаб-ыш, Қаб-ытай, Қаб-ыкен, Қаб-ден, Қаб-ай, Қабжан т.б. шығу тегіне көз жібергенде, араб тілінен енген бірнеше есімнің қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сай өзгеріп, бір тұлғаға айналғанын көреміз. Т. Жанұзақовтың зерттеулерінде араб тілінен енген Ғабит *ар. (қызмет етуші)* есімінің дыбыстық өзгерген түрі Қабден, ал Абдолла *ар. (Алланың, құдайдың құлы мағ.)* есімінің фонетикалық варианты ретінде Қабдолда, Қабдол, Қабділда деп көрсетіледі. Дәстүрлі жүйе бойынша алғанда аталған Қабен, Қабаш т.б. есімдердің жасалуында Қабдолда, Қабдол, Қабділданың да өзіндік орны бар. Сол секілді, **Мақ-** тұлғасынан тарайтын есімдер де түрлі өзгерістердің нәтижесінде қалыптасқан. Соңғы дыбысының қатан, ұяң болып келуіне байланысты Мақан, Мақат, Мақай, Мақтай, Мақатай, Мақаш, Мақыш және Мағаш, Мағжан, Мағыш секілденіп екі түрлі сипатта орныққан. Мухамматтың Махамбет болып өзгерген тұлғасы, онымен мағыналас Махмет, Махмұт және Мақсат, Мағаз, Мағауия, Мағрипа, Мақфуза, Мағрұп, Марқабат т.б. секілді қазақ тілінің дыбыстық заңдарына бейімделген кірме есімдердің барлығы антропонимжасамдық құбылыстың нәтижесінде жасанды **Мақ-** тұлғасының қалыптасуына негіз болып отыр.

Негізінен қазақ тіліне кісі аттары ретінде енгендіктен бұлардың мағынасы жалпы көпшілікке түсінікті болмағаны белгілі, енді ол дыбыстық жағынан өзгерістерге түскенде жаңа сипатқа ауысудың бір сатысынан өтсе, қазақ тіліндегі антропонимжасамдық тәсіл бойынша ықшамдалғанда жаңа бір формаға енеді де, өзінің бастапқы мағыналы тегіне мүлде ұқсамайтын дербес тұлға болып шығады. Ілгерідегі мысалдарға қайта оралсақ, Абдулладан Қаб-, Мухамматтан **Мақ-** секілді мүлде жаңа тұлғалардың жасалғанын көріп отырмыз. Жинақталған материал көрсеткіштеріне сүйенер болсақ, *антропонимдік жасанды тұлғаларға* көбіне кірме сөздер негіз болатынына көз жеткіземіз.

Жиналған материалдарды зерделеу барысында, сонымен қатар төл сөздер мен кірме сөздердің тоғысуынан пайда болған жасанды тұлғалардың да бары анықталып отыр. Мысалы: **Ай-** (Ай-дай, Ай-дан, Ай-кен, Ай-ман, Ай-ым, Ай-қан, Ай-аш, Ай-сын, Ай-тай, Ай-мат, Ай-

ым-бет, Ай-шан, Ай-мыш); **Ақ-** (Ақ-ай, Ақ-ан, Ақ-ат, Ақ-жан, Ақ-ман (-пан), Ақ-тай, Ақ-ша, Ақ-ыш); **Бай-** (Бай-ақ, Бай-ан, Бай-ас, Бай-ат, Бай-аш, Бай-еке, Бай-кен, Бай-мен, Бай-сын, Бай-тай, Бай-ыр, Бай-ша, Бай-шы, Бай-ыш т.б.). Есімдердің түбірлері мағынасы белгілі, антрополексема ретінде танымал *ай, ақ, бай* сөздерінен жасалған секілді болып көрінгенмен, мұндағы мынандай өзгерістерді назардан тыс қалдыруға болмайды: Айшадан *көне евр. (Ғайшә – ұзақ өмір сүруші, өмірге құмар, құштар)* – Айкен, Ахаттан *ар. (жалғыз, жалқы, бір)* – Ақат т.б. болып өзгерген тұлғалар бар [62, 36 б.]. Сонымен қатар, Айгүлді, Айманды, Аяғанды Ай-кен, Ақболатты, Ақбергенді Ақ-ат деп еркелетіп атау да дәстүрлі құбылыс (олар кейіннен дербес есімдерге айналып кеткен). Кейбір кісі есімдерінің құрамындағы *Ақ-* тұлғасын араб тіліндегі *һақ-* сөзінен өзгергені туралы ғылыми пікірлер бар, сол секілді Бай- тұлғасынан тарайтындардың ішінде Байлаубай және араб тілінен енген Вайыстың (Уайыс) өзгеруінен пайда болған Байыс есімдерінің де тұрғанын жоққа шығара алмаймыз. Демек, бұларды толықтай жасанды тұлғалардың қатарына қосып жібере алмаймыз, сондай-ақ *мағынасы айқын* түбірлердің қатарынан да алып тастауға болмайды (бұл антропонимжасамдық тұлғаларға тән тоғысу мәселесі ретінде арнайы қарастыруды талап етеді). Сондықтан, *мағынасы айқын* түбірлердің қалыптасуындағы осындай ерекшеліктер де назардан тыс қала алмайды. Қазақ есімдерінің даму заңдылықтарына тән ерекшеліктер тұрғысынан алғанда, азан шақырып қойылған дербес есімдердің өзгеруінен жасанды тұлғалардың пайда болуы және олардың уақыт өте келе негізгі антропонимдік қордан орын алуы антропонимжасамдық нормаға сай құбылыс болып табылады.

Антропонимжасамдық түбір тұлғалылардың тілде нормалануы және олардың антрополексема ретінде орнығуына тән заңдылықтар жалпы есімдерден, сонымен қатар ономастиканың өзге салаларынан кісі есімдерінің өзіндік ерекшелігін көрсететін негізгі белгілерінің бірі болып табылады.

1.3.3. Антропонимжасамдық қосымшалардың нормалануы

Антропонимжасамдық қосымшалар негізінен кісі есімдерінің құрамында тұрып, форма тудыру қабілетімен ерекшеленеді. Қолданыс барысында олардың табиғатынан екінші орында тұру қасиеті, яғни дайын тұлғалар қызметінің антропонимжасауға ауысқаны көрініп тұрады. Дегенмен, кісі есімі ретінде танылудың дыбыстық және мағыналық сипаты болса, соның ішінде дыбыстық

тұлғалардың нормалануында қосымшалардың да өзіндік орны бар. Өйткені, ешқандай мағына бермесе де, олар бір сөздің түбіріне жалғанып, түрлі формалар тудыру арқылы әрқандай есімдер жасайды. Антропонимжасамдық қосымшалар да әу баста өзіне тән материалы жоқ, тілдегі түрлі категорияларға тән қосымшалардың мағыналық және тұлғалық жағынан бейімделуінің және т.б. нәтижесінде қалыптасқан. Мысалы, Төле-бек, Төле-ген, Төле-к, Төле-міс, Төле-н, Төле-п, Төле-тай, Төле-у, Төле-у-лі, Төле-ш секілді есімдердің құрамындағы қосымшалардың әрқайсысы белгілі бір грамматикалық категорияларға тән екені белгілі. Алайда, тілдік санада осы түбір мен қосымшалардың бірлігі антропонимжасамдық норма ретінде қабылданған. Кісі есімдерінің құрамында кездесетін басқа да көптеген қосымшалар бар, алайда бәрі бірдей бір түбірге немесе түбір сипатты тұлғаға жалғанып, есім жасамайды, көпшілігінің арнайы жалғанатын тұлғалары бар. Антропонимжасамдық қосымшаларға тән норма мағыналық және дыбыстық тұлғасы жағынан ерекшеленеді. Көпшілігі түбір құрамында келіп, форма тудыру қабілетіне байланысты дыбыстық сипатымен танылады, ал мағыналық топтағыларға *-бай, -бек, -жан, -хан, -гүл* секілді тұлғаларды жатқызамыз. Бұлар өзі жалғанған түбір немесе туынды негіздердің барлығын кісі есіміне айналдырады, сонымен қатар лексикалық мағына беруге де қабілетті. Қызмет ерекшелігіне байланысты бұларды антропонимжасамдық қосымшалар қатарына санау ұғымда норма ретінде қалыптасқан.

Форма тудырушы қосымшалардың бір түрі ретінде көсемше жұрнақтарын атауға болады, алайда барлығы бірдей есім жасай бермейді, антропонимжасамдық нормаға сай келетіндері ғана бұл қызметті атқара алады. Антропонимжасамдық қызметті атқара алатын қосымшалардың да мүмкіндігі шексіз емес, белгілі бір ауқыммен шектеледі. Мысалы, көсемшенің *-а, -е, -й; -ып, -іп, -п; -ғалы, -гелі, -қалы, -келі; -ғанша, -генше, -қанша, -кенше* жұрнақтарының барлығы етістік түбірлеріне жалғанып, форма тудыруға қабілетті болғанмен, антропонимжасам талаптарына сай келетіндері алдыңғы екеуі ғана. Норма талаптарының ерекшеліктеріне байланысты айта кетуге болады – *-а, -е, -й; -ып, -іп, -п* қосымшалары да антропонимжасамға түгел қатыса алмайды. Көсемше жұрнақтары көбіне негізгі етістік пен көмекші етістікті байланыстыру қызметін атқарады, яғни «... барлық түрлері де бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы бола береді, бірақ олардың ішінде тек жіктелетін түрлері (*-ып, -іп, -п; -а, -е, -й*) ғана басыңқы сөйлемнің баяндауышы болады [180, 305 б.]. Қазірге

дейінгі жиналған материалдардан көсемше тұлғалы есімдердің жіктелу көрсеткіштері байқалған жоқ. Аталған қосымшалар да кісі есімін жасағанда екі етістіктің біріншісіне жалғанып, екіншісімен байланыстырып тұрады. Тілімізде осы үлгімен жасалған *Аңсапберген, Аяпберген, Бектепберген («бек» деп), Бөлепберген, Елепберген, Естепберген («ес» деп), Жарлықапберді, Жасапберген, Өтепберген, Сұрапалды, Сатыпалды, Тауыпалды, Төлепберген, Тілепберген, Тұрагалды* секілді есімдер бар. Бағыныңқы сыңар элементі ретінде бірінші компонент ойды аяқтауға қабілетсіз болу керек еді. Антропонимжасамдық норма мәселесінде осы жүйеден ауытқушылық байқалады: екінші сыңарларының қысқаруы нәтижесінде *-и* тұлғасымен аяқталатын есімдер қалыптасқан. Бұлардың да барлығы бірдей емес, *Аяп, Бектеп, Естеп, Жарлықап, Өтеп, Төлеп, Тілеп* секілді кейбірі ғана.

Етістік тұлғалы есімдердің барлығына бірдей қосымша жалғана алмайды. Өзінен кейін қосымша жалғайтын бірінші компонент-етістіктер *аңса-, бер-, бол-, ер-, жаңыл-, жүр-, кел-, қал-, қала-, оз-, өс-, сұра-, сүй-, тоқта-, тұр-* секілденіп келеді. Баршасына ортақ жалғанатын жалғыз есімшенің *-ған* тұлғасы. Сөз түрлендіруде аталған әр етістіктің түбіріне есімше немесе барлық шак, жақ мәнді жұрнақтар жалғана алса, антропонимжасамда олай емес. Мысалы, есімшенің өзге жұрнақтарынан гөрі *-ған* мен *-ар* қосымшаларының белсенділігі жоғары. Аталған тұлғалардың бәрі *-ған* тұлғасын қабылдағанмен, *-ар* тұлғасының аталған етістіктерге жалғана алу мүмкіндігі шектеулі. Осы секілді етістіктің өзге *-ды, -ып, -сын, -ін* т.б. қосымшалардың да жалғану мүмкіндігі етістіктің түрлеріне қарай. Мысалы, *Аңса-п-, р-, -ған, Бер-ген-, -сін, Бол-ған-, -сын, Ер-ген-, -сін, Жаңыл-сын-, -ған, Жүр-ген-, -сін, Кел-ген-, -ер-, -сін, Қал-ған, Қала-ған, Оз-ған, Өс-кен-, -ер, Сұра-ған-, -п, Сүй-ген-, -ер-, -ін, Тоқта-ар-, -ған-, -сын, Тұр-ар-, -ған-, -сын*. Тереңірек зер сала қарағанда, жалғану тәртібінде де норма мәселесі көрініс береді: *Аңсап, Аңсар, Аңсағанның* танымалдық, тілге жатық естілу дәрежелері әртүрлі. *Болсын-, Сұрап-, Сүйген-* т.б. кейбір тұлғалар өзінен кейін келесі компоненттің жалғануын талап ететін секілді. Антропонимжасамдық қосымшалардың табиғатына тән осыған ұқсас ерекшеліктерді саралай келіп, олардың бейімделу барысында тілдік іріктелуден өткенін және түрлі грамматикалық категорияларға тән жұрнақтар мен жалғаулардың белгілі бір антропонимжасамдық түбір тұлғалар аясына топтасқанын байқауға болады. Көсемшенің *-е*, есімшенің *-ған, -ген, -қан, -кен*, жедел өткен шақтың *-ды, -ді, -ты, -ті*, бұйрық райдың *-сын, -сін* жұрнақтары бір түбірге жалғану

мүмкіндігі жағынан топтасады: Тұрды, Тұрған, Тұрар, Тұрсын, бұл топқа көсемшенің *-н* жұрнағы Тұрып болып ене алмайды, ал *-е* Тұра-ғалды болып көмекші етістікпен байланыстыру үшін жалғанады. Өзге етістік түбірлерге жалғанатын қосымшалардың түрлері де әрқалай болып келеді. Бұлайша қалыптасудың нақты бір себептерін анықтау мүмкін емес, бұл – ғасырлар бойғы даму барысында орныққан антропонимжасамға тән норма. Осы норма аясында жалғау, жұрнақтардан антропонимжасамдық қосымшалардың өзіндік сипаты мен қызметі айқындалып шығады.

Қазақ есімдерінің жасалуы белгілі бір заңдылық аясына бағынбайды, сондықтан нақты шарттарын белгілеу де қиын екені белгілі, дегенмен бұл орайда тілдің табиғи даму заңдылықтары өзі ұсынған межені басшылыққа аламыз. Өзіндік жүйесінің қалыптасып, түрлерінің айқындалғаны осы қырынан көрінеді. Ол антропоним қолданысының белсенділігі мен жиілігі болып табылады.

Түбірлердің антропонимжасамдық сипатқа ие болуына қосымшалардың да қосатын өзіндік үлесі бар. Қазақ есімдерінің құрамында талай ғасырлардан кісі есімі ретінде тұрақты қолданылып келе жатқан сөздер бар. Құрамындағы қосымшалары да алуан түрлі. Аба, Ай, Ақ, Айт, Әбді, Әмір, Баба, Бай, Бақ, Бал, Бас, Бер, Бибі, Бір, Дос, Дін, Ел, Ер, Ес, Нұр т.б. кісі есімі немесе күрделі тұңғалы аттардың компоненті ретінде танымал. Бұлардың құрамына жалғанған қосымшалардың антропонимжасамдық ерекшеліктері көрініп тұрады.

Аба-қан, *-қ, -тай, -ш, -у, -лы;*

Ай-дан, *-ған, -бек, -дай, -дақ, -еке, -кеш, -жан, -зар, -зат, -кен, -кеш, -қан, -шат, -қаш, -лан, -ман, -мыш, -қат;*

Ақ-а, *-ан, -ай, -ас, -т, -тай, -аш, -бау, -шат, -маш, -мыш, -тан, -ша, -ыш, -мар;*

Айт-ақ, *-аш, -ек, -ыш, -ен, -ес, -ман, -мат, -өк, -пен, -тан, -ық, -ым, -еке*

бай, -бек;

Әмір-ай, *-е, -ен, -еш, -за, -қан, -кен, -тай, -лан;*

Баба-ай, *-ғұл, -қ, -қай, -қан, -лы, -лық, -н, -ай, -с, -ш, -сан, -т, -тай, -сал;*

Бай-ан, *-ас, -ақ, -алы, -ас, -ат, -аш, -бет, -ған, -ғана, -да, -дай, -дақ, -далы, -дан, -дар, -аш, -дек, -ден, -еке, -екен, -ен, -ет, -еш, -жан, -за, -зақ, -зат, -зен, -ке, -кен, -ке, -кеш, -қан, -қат, -құл, -мат, -лар, -лен, -лы, -лық, -мақ, -нар, -ман, -нат, -еш, -тай, -тан, -тен, -шан, -шек, -шен, -ыс, -ат, -сын, -шы, -аш, -ыш;*

Бак-ай, -ақ, -ан, -ас, -ат, -ау, -аиш, -зат, -ия, -(а)лай, -(а)лақ, -пан, -тан, -ты, -тық, -шай, -шақ, -шар, -шат, -ы, -ым, -ып(-бай), -ыш, -ия, -тай, -ты, -аиш;

Бал-ай, -би, -зат, -дай, -дан, -ден, -қа, -қай, -қан, -кен, -ман, -тан, -тен, -ша, -шай, -шан, -шен, -ым, -ыш. Аталған түбір сөздердің басқасына да осындай көп санды қосымша жалғанып, антропонимжасамдық тұлғаларды сомдайды. Материалдар түрлі дерек көздерден алынып отырғандықтан, бұлардың арасында көне тұлғалы – қазір қолданыста жоғы да, фамилиялар мен эке есімдерінің құрамында ғана кездесетіндері де, бүтінде қолданылып жүргендері де бар. Түбірлермен бірігіп жасалған жаңа тұлғаның, тілдік қолданыстардың басқа түрінен гөрі, антропонимдік, яғни кісі есімі ретіндегі сипаты айқын байқалып тұрады. Мұның өзі белгілі бір антропонимжасамдық қосымшалар құрамы мен оларға тән өзіндік жүйенің көрінісі.

1.3.4 Антропонимдік норма және қазақ есімдерінің ұлттық сипаты

Кез келген тілдегі кісі есімдері – ұлттың төл туындысы, ол өзгелерден өзіндік болмысымен айқындалады. Осы ерекшелігі арқылы ол қазақ есімдері, орыс есімдері, неміс есімдері, француз есімдері т.б. болып, түрлі топтарға бөлініп кете береді. Ұлттық белгілер әр қырынан көрінеді. Әрине, ол ең бірінші белгілі бір тілге тән лексикалық бірліктен жасалады да, сол тілдің төл есімі ретінде өмір сүреді. Төл элемент болғандықтан, кісі есіміне айналған сөздің мағынасында ұлттық таным, сол сөз арқылы беріліп тұрған ұғым аясындағы ұлттық білім ақпараттары, ұлттық тілге тән дыбыстар мүмкіндігінің шегіндегі заңдылықтар қамтылады.

Төл антропонимдер ұлттың төл туындысы ретінде пайда болып, ұзақ уақыттар бойы ұлтпен бірге жасасып келеді. Қалыптасу барысында да ұлт тағлымымен сусындап, рухани мазмұны тереңдей түседі, сондықтан екеуі бір-бірімен тығыз байланысты, тіпті бірінсіз-бірін елестету де мүмкін емес. Осы ерекшелік әрі ұлттық сипат, әрі антропонимжасамдық норма болып табылады. Кісі есімдерінің жалпы мазмұнында ұлттық психология, дүниетаным, ұлттық рухани құндылықтар аясындағы арман-тілек, тарих, тұрмыс-тіршілік т.б. қамтылады, сондықтан төл есімдер антропонимдік қордың басты элементі, негізгі өзегі болып табылады.

Антропонимдік қор құрамында сол секілді кірме есімдер де көптеп кездеседі, алайда олар төл есімдерге тән қасиеттерді бойына сіңіре отырып, ұлттық сипатқа ие болады. Бұл ерекшелік тіл мамандарының зерттеулерінде біраздан бері негізгі антропонимдік қор мен оның ұлттық сипатта сақталуының басты шарттарының бірі ретінде қарастырылып келеді. Ілгеріде осыған байланысты орыс тіл білімінде алпысыншы жылдарда «антропонимдік норма» ұғымы енгізілгені жөнінде айтқанбыз [175, 47 б.]. Орыспен қатар литван, латыш, эстон тілдеріндегі кісі есімдерінің нормаларын айқындау туралы да сол елдің ғалымдары тарапынан мәселе көтерілді [135, 69-73б.; 39, 71-79 б.; 193, 102-107 б.]. Т. Жанұзақовтың еңбектерінде қазақ есімдерінің ұлттық болмысы туралы біршама айтылған болатын. Татар есімдеріне байланысты А.Г. Шайхулов [166, 220-229 б.], өзбек тілінде Э. А. Бегматов [166, 199-207 б.], әзірбайжан тілінде З.А. Садыханов [166, 207-213 б.] зерттеулер жүргізді. Түркі тілдерінің кейбірінде бұл бағыттағы жұмыстар құқықтық тұрғыдан өз шешімін тауып отырғанға ұқсайды. Мысалы, Өзбекстан, Түркіменстан, Әзірбайжан Республикаларында тұрып, елге оралған азаматтардың аты-жөнін рәсімдеуде, құжатты сол тілдің заңдылықтарын басшылыққа ала отырып толтыруынан осы ерекшеліктерді көруге болады. Орыс ғалымдары мәселе етіп көтерген «антропонимдік нормаға» қайта тоқталу себебіміз – сол кезде осы ұғым аясында орыс есімдерінің құқықтық-нормативтік, орфографиялық, орфоэпиялық т.б. мәселелерінің барлығы қарастырылып, оған терең мән беріліп, алдағы даму бағыттарының лингвистикалық жүйесі белгіленген. Осы бағытта жүргізілген зерттеулер мен ғылыми тұжырымдар орыс есімдерінің бірыңғай ұлттық сипатын орнықтыруға бағытталған ғылыми-практикалық мәнге ие жұмыстар болатын. Бүгінгі таңда қазақ есімдерінің де алдында «антропонимдік нормаға» қатысты атқарылатын үлкен жұмыстар мен міндеттер тұр. Осы міндеттер үдесінен шығу – қазақ есімдерінің ұлттық сипатын қалпына келтіру болып табылады.

Ұлттық сипат туралы сөз болғанда мынандай екі мәселені ойға аламыз: *біріншіден*, төл есімдердің ұлттық болмысына тән ерекшеліктер; *екіншіден*, кірме есімдердің ұлттық сипатының көрінісі.

1.3.4.1 Төл есімдердің ұлттық болмысына тән ерекшеліктер

Кісі есімдерінің ұлттық сипаты біріншіден дыбыстық жағынан көрінеді, сондықтан тілдің дыбыстық заңдарына қатысты мынандай кей мәселелерге тоқтала кетуге тиіспіз. Кез келген ұлттық тіл өзінің дыбыстық заңдары аясында өмір сүреді: дыбыстық құрамы мен заңдары қатаң сақтала отырып әрі қарай дамуға бет бұрғанда ғана тіл өзінің төл болмысын сақтай алады. Қазіргі қазақ зерттеушілері тарапынан бұл мәселе айтылым және тыңдалым заңдылықтары тұрғысынан түсіндіріліп жүр. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі ауызша айтылу барысында ертеден қалыптасқан. Дыбыстардың сөз құрамында қатар тұру мүмкіндігі, үндесуі, буындарға бөліну ерекшеліктері т.б. тарихи дамудың жемісі болып табылады. Қазақ фонетикасын зерттеуші ғалым С. Мырзабеков «Адам организмінде тіл дыбыстарын айтуға арналған арнайы органдар жоқ. Мұны әр түрлі физиологиялық қызмет үшін жаралған органдар (*мәселен, өкпе, тіл, таңдай, тіс, ерін, т.б.*) қосымша атқарады. Ұзақ эволюциялық даму барысында адам өзінің анатомиялық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, органдарын түрлі дыбыстарды айтуға икемдеп, жаттықтырудың нәтижесінде дыбыстық тілге ие болады», – дейді [119, 27 б.]. Дамудың бұл белгілері, мүмкіндігіне қарай, әр адамда әртүрлі болғанмен, сөйлеу тілінің дыбыстық жүйесі мен заңдары – қоғамдасып өмір сүрудің нәтижесінде қалыптасатын құбылыс. Қоғам мүшелерінің бір-бірімен қатынас жасауы барысында айтылым заңдары ортақ жүйеге түсіп, ұлттық белгілері айқындалған. Осы тілде сөйлейтін ұлт өкілінің дыбыстау мүшелері де солай айтуға бейімделген. Қазақ фонетикасын зерттеуші ғалым Ә. Жүнісбековтің «Сөйлеу мүшесі физиологиялық тұрғыдан алғанда адамзат баласының бәріне ортақ, алайда сол бәріне ортақ сөйлеу мүшелерін ұлт тілінде пайдаланудың жолдары әртүрлі болады. Бір сөйлеу мүшесі бір тілде белсенді болса, екінші тілде қалыс қалып отырады» – деген пікірінде тіл дыбыстарының ұлттық белгісі туралы ой жатқаны белгілі [67, 34 б.]. Дыбыстық заңдары тілдің негізгі ұлттық ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Қазақ тілінің айтылым тәртібі бойынша қалыптасатын болғандықтан, қазақ есімдері де осы тілдік заңдылықтардың аясында жүйеленіп, орнығады. Көне түркі дәуірлерінен бастау алатын төл есімдердің дыбыстық жақтан қалыптасуы мен кірме есімдердің жаңа тілдік қалыпқа түсу үдерістері – қазақ есімдеріне тән ұлттық белгілердің дыбыстық формалар арқылы жүзеге асуы болып табы-

лады. Нақтырақ айтқанда, бұл – қазақ есімдерінің дыбыстық жақтан игерілуі әрі ұлттық ерекшелігі.

Төл есімдеріміздің дыбыстық жақтан игерілуі. Дыбыстық жақтан игерілу дегенде, әдетте, кірме есімдер құрамындағы дыбыстардың қазақ тілі дыбыстарына бейімделіп өзгеруі ойға алынады. Алайда, біз қазақ сөздерінің кісі есімін жасау барысындағы өзгерісін де антропонимжасамдық игерілу ретінде алып қарастырамыз. Қазақ есімдерінің құрамында бір немесе бірнеше компоненттен тұратын есімдер бар, сонымен қатар түбірге түрлі қосымшалардың жалғануы арқылы жасалатындары да көптеп саналады. Көпшілігінің дыбыстық тұлғасы түрлі өзгерістерге түсіп, дербес әрі біртұтас сипатқа ие болған – тек антропоним ретінде ғана қолданылады. Олардың біртұтас сипатқа енуі антропонимжасамдық форма сомдау мақсатындағы өзгерістер арқылы жүзеге асып отыр, «төл есімдеріміздің дыбыстық жақтан игерілуі» деп атауымыз да сондықтан. Компоненттердің бірігуі арқылы жасалған есімдердің дыбыстық құрамы мен морфологиялық құрылымы өзгерістерге ұшырады. Қолданыла келе осы өзгеріс тілде тұрақтап, нормаға айналды. Тіліміздегі көптеген есімдер мағыналары түсінікті, қолданыста бар сөздер секілді көрінгенмен, түбір мен қосымшалардың жігін анықтауға келгенде қиындық тудыратындары бар. Түпкі негізін анықтап, нақты бір тұжырым жасауға ұмтылудың да нәтижелі болатыны күмәнді, өйткені оған антропонимжасам заңдылықтары мүмкіндік бермейді. Енді осындай бірнеше есімнің құрылымына талдау жасап көрелік:

Ай-зақан (тілімізде Зақан есімі бар) және Айза-қан (Айзаданы еркелетіп, Айза деп атау бар, оған еркелету мәнді *-қан* тұлғасы жалғануы мүмкін);

Байзақ-ан – Байзақ-қан – Бай-зақан;

Ай-табақ – Айт-абақ – Айтаба-қ;

Ай-таш – Айт-аш – Айта-ш (Айтаза, Айтан, Айтан, Айтаңсық, Айтас секілді есімдердің кез келгені *-а* дыбысынан кейін қысқарып, *-ш* қосымшасын жалғауы мүмкін);

Ай-тәліп – Айт-әліп;

Айс-еке (Айсары т.б. есімдерден жасалған) – Айс-еке және т.б.

Түбір мен қосымшаның, жалпылай айтсақ, құрылымдық элементтерінің бір-біріне кірігіп, осылайша жаңа бір тұлғалардың жасалуы түркі, соның ішінде қазақ тіліндегі антропонимжасамға тән ерекшелік болып табылады. Әртүрлі тәсілдермен түзілуіне қарамай, аталған есімдердің құрылымын *Ай-* және басқа формалар деп тануға

да болады. Мағынаның маңыздылығынан гөрі, атауыштық қасиеті басым болып тұрғандықтан, бұл арада буынға жіктелудің де өзіндік әсері байқалады.

Қазақ антропонимдерінің құрылымдық жүйесіне талдаулар жасағанда, еркелету, құрметтеу секілді ұлттық дәстүрмен байланысты экстралингвистикалық факторларды да ескеруге тиіспіз, онсыз кісі есімдерінің жасалуына қатысты кей мәселелердің сырларына қанығу мүмкін емес. Көп есімдердің құрылымдық элементтерін жіктегенде, түбірге қарай ығысқан немесе сіңіскен кей дыбыстардың қиындық тудыратыны да осы тілден тыс факторларға байланысты, сондықтан оны ескермей жалпы есімдерге тән құрылымдық жүйені басшылыққа алып, талдаулар жүргізсек, қателікке жол берген болар едік. Енді осыларға тоқталып, мысал келтіріп көрелік: Айтан есімінің құрамы туралы, *ай* және *таң* сөздерінің бірігуінен жасалған дейтін болжам айтылады. Оның келесі бір этимологиясы ретінде өмірден алынған мына мысалды айтуға болады: Айтуған, Айтуар, Айтболат, Айтжамал (Айтан әрі ер, әрі әйел есімі) есімдерінің *т* дыбысынан қысқарып, еркелету мәнді *-ан* қосымшасының жалғануы арқылы жасалған. Бұлай болғанда, қосымша *-тан* емес, *-ан*, ал *т* қосымшаға қарай ығысқан екінші компоненттің бірінші дыбысы болып шығады. Жасалу жолының екеуін де жоққа шығаруға болмайды, екеуі де антропонимжасам заңдылықтарына сай, екі жол арқылы да кісі есімдері жасалған. Таң тұлғасының тан-ға айналуы мен екінші компонент құрамындағы *т*-ның қосымша құрамына сіңісіп барып, антропонимжасамдық элемент ретінде жаңа форманың құрылуы – дыбыстық жақтан игерілудің бір көрінісі. Кісі есімдерінің құрамында *-тан* тұлғасының жиі кездесуі оны тұрақты антропонимжасамдық қосымша ретінде тануға мүмкіндік береді. Ақтан, Алтан, Болтан, Құлтан, Ертан, Естан т.б. осының дәлелі.

Құрылымдық жүйесінің өзгеруіне байланысты жаңа формалы есімдердің жасалуы – тілде бар құбылыс. Айзақ, Әлзақ, Байзақ, Байзақбек, Балзақ, Баузақ, Бекзақ, Бизак, Ерзақ, Мыңзақ, Өмірзақ т.б. секілді есімдердің құрамындағы *-зақ* дыбыстық формасының өзгеруіне байланысты қосымша сипатына ие болған. Бұл жерде ол ешқандай мағына білдіріп тұрған жоқ, тек антропонимжасамдық қызмет атқарып тұр. *-зақ* Ұзақ, Жанұзақ, Жасұзақ секілді есімдер құрамындағы толық мағыналы сөз екені белгілі, дегенмен осыған қосымша мына бір мәселелер туралы да айта кеткен орынды: *-зақ* Өмірзақ, Ғұмырзақ, Жасұзақ т.б. секілді есімдердің құрамында ғана өзінің бастапқы қызметін атқарып тұр, ал қалған жерлерде, дыбыстық

тұлғасы өзгеріп, өзге тілден енген (*сал.* Балзақ – Бальзақтың қазақшаланған формасы Балұзақ емес,) немесе дербес мәнді сөздің қосымшаға айналған бөлігі. Мысалы, Бекзақ, Ерзақ тұлғаларын Бекзада, Ерзат және т.б. есімдердің қысқартылып, оған еркелету мәнді -қ қосымшасының жалғануы арқылы жасалған болуы мүмкін. Осы сияқты болжам-тұжырымдарды өзге есімдерге байланысты да келтіруге болады. Мұнан шығатын қорытынды: *-зақ* жиынтық тұлға – түрлі тұлғалардың дыбыстық өзгерістерінен пайда болған. Қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сай төл есімдеріміздің дыбыстық тұлғасының қалыптасуы тілде осылайша көрініс береді.

Қазақ тілінде *-ған* тұлғалы есімдер кездеседі. Етістіктер құрамында келгенде оны есімше жұрнағы ретінде танитынымыз белгілі. Антропонимжасамдық қосымшалардың табиғатына тән белгілерді зерделеу барысында, оның аясына да жасанды жолмен қалыптасқан тұлғалардың тоғысқаны анықталып отыр. Бектұрған, Бөлеген, Айберген, Ерген, Айтуған, Жалған, Есберген т.б. секілді есімдердің құрамындағылар есімше жұрнағы екені белгілі, ал Абаған, Айған, Айғанбек, Байған, Байғанақ, Байғаншек, Бақтыған, Биған, Еңсеген, Дәмелген т.б. құрылымдық элементтерінің қалыптасу жолдарын анықтау қиын. Тілімізде шектеулік мәнді «ғана» («тек сол», «осы ғана» мағынасында) шылауының жалғануымен жасалған Айғана, Байғана, Биғана есімдері бар. Еркелету мақсатында осы шылаудың қысқарған түрі (*-ған(a)*) немесе дауысты дыбыстан кейін келген *-қан (ған)* қосымшасының құрамындағы *қ-ның* ұяңға айналуынан пайда болған тұлға болуы мүмкін деген болжам жасауға болады. Төл сөздерден болған есімдердің құрамындағы дыбыстардың өзара алмасып, қысқарып немесе т.б. өзгерістері арқылы түрлі формалардың жасалуы немесе ұқсас формаларға барып тоғысуы – қазақ антропонимдерінің табиғатына тән ерекшелік, яғни дыбыстардың антропонимжасамдық игерілуі болып табылады. Атауыштық қабілетіне тән ерекшелік, антропонимдердің құрылымына дыбыстық өзгерістер енгізе отырып, осындай жаңаша сипат береді. Бұны біз өз тарапымыздан *дыбыстардың антропонимжасамдық игерілуі* деп атауды жөн көрдік.

Төл есімдердің мағыналық жақтан игерілуі. Ұлттық сипаты кісі есімдерінің дыбыстық формасы арқылы ғана жасалып қоймайды, мұнда мағынаның да өзіндік орны бар. Бұл дыбыстық тұлға мен мағынаның бірлігіндегі тілдік ерекшелік тұрғысынан қарастырылады. Қазақ тіліндегі кез келген сөз белгілі бір ұлттық ұғымдарымыздың таңбасы болып табылатыны секілді, дайын сөздерден жасалғанмен,

қазақ есімдерінің де дыбыс пен мағынадан тұратын өзіндік болмысы бар. Дыбыстық тұлға бірінші кезеңде қарапайым зат не құбылысты атаса, екінші сатыда адамды атайды, яғни антропонимге айналады, сонымен қатар, бастапқы мағынаға қарағанда, кісі есіміне айналғаннан кейінгі мағына өзгеріске түсетіні белгілі. Осындай түрде антропонимжасамдық тұлға мен антропонимжасамдық мағынаның бірлігі көрініс береді. Бұл тілдің табиғатына тән белгілі заңдылық болғанмен, қазіргі қазақ есімдерінің дыбыстық тұлғасы мен мағынасының арасындағы сәйкессіздіктің салдарынан туындап отырған қайшылықтар арнайы қарастыруды талап етеді. Өйткені, аталған сәйкессіздіктің салдары кісі есімдерін өзінің ұлттық болмысынан ауытқуына әкеліп отыратын кездер болады. Талдаулар барысында біз қазақ есімдерінің төл болмысына тән белгілермен қатар, оның ауытқуларын сипаттауға және оның себептері мен осы мәселені шешудің лингвистикалық тәсілдерін айқындауға да назар аударамыз. Басқа сөзбен айтқанда, бұл антропонимжасамдық норма және нормадан ауытқудың түрлерін саралау болып шығады.

Антропонимжасам – ішкі табиғаты жағынан әрі үдеріс, әрі тұрақты ұғым. Мағыналық болмыстың қалыптасу барысы – үдеріс, орныққан жаңа мағына – норма, яғни ұғым. Антропонимжасамдық үдеріс барысында мағыналардың игерілуі қатар жүретін құбылыс – кісі есімінің табиғаты жаңа сапаға өтеді. Мағыналық игерілудің мынандай түрлері бар: *антропонимжасамдық мағынаның игерілуі және процентті есімдердің мағыналық игерілуі.*

Антропонимжасамдық мағынаның игерілуі – жалпы есімнің кісі есіміне айналуының бір көрсеткіші. Мысалы, ұлттық ұғымдарымызда Дүйсен, Сейсен, Сәрсен, Бейсен, Жұман, Сенбі, Жексен осы күндері, Қаңтарбай, Ақпан (Ақпан), Наурызбай, Мамырбай, Маусымжан т.б. осы айларда, Тышқанбай, Қоянбай, Жылқыбай, Сиырбай, Барысбек т.б. осы жылдарда туған балаларға берілетін есімдер. Антропоним жасалғаннан кейін, халықтық дәстүрмен тығыз байланысты осы есімдер арқылы білдірілетін ұғымдардың орнығуы бір күнде немесе бір ғасырда жүзеге аса салған жоқ, ұзақ мерзімге жалғасты. Міне, осылайша сандаған ғасырлар бойы үздіксіз жүрген үдерістің нәтижесінде, ұлттық санада осы есімдердің өзіндік мағыналық болмысы орнықты, яғни осылай тану нормаға айналды. Бұл есімдер басқаша жағдайда қойылмайды деуден аулақпыз, алайда тілдік санадағы ең бірінші ойға оралатыны осы мағынасы. Бұл – әрі үдеріс, әрі орныққан ұғымның көрінісі⁶.

⁶ Антропонимжасамдық мағына туралы толығырақ арнайы тараушада сөз балады.

Прецедентті есімдердің мағыналық игерілуі. Антропоним-жасамдық мағына өзіне негіз болған сөздің лексикалық мағынасымен байланысын үнемі толық мәнінде сақтап тұрмайды. Мағынаның жаңаша сипат алуына оны иеленген тұлғалардың адами қасиеттері де әсер ете бастайды. Бұл адам мен есім арасындағы тікелей байланыстың нәтижесінде қалыптасатын табиғи құбылыс. Сөйтіп, адамды атай келе өзінің шығу тегінен алшақтап, жаңаша сипатқа ие болатын кездері де болады. Қазақ тілінде бастапқы мағынасынан гөрі белгілі бір тұлғалардың есімі ретінде танымал аттар бар. Келесі адам бұл есімді сол бұрын иеленген адамның жақсы қасиеттері жұғысты болсын деген ниетпен байланыстыра қояды. Есімдердің тілде нормалану дәрежесі секілді ол тұлғалардың танымалдық аясы да әртүрлі болуы мүмкін, дегенмен бұл орайда ойға алынып отырған бастапқы антропонимжасамдық мағына емес екені шындық. Ойға алынған ұғым антропонимжасамдық мағынаға айналатынын ескерсек, мұнда да игерілудің белгілері бар екенін байқаймыз. Мысалы, Тәуелсіздік жылдарында отандық тарихтың жаңғыруымен Елхан, Бейбарыс, Қасым, Абылай, Ерасыл, Кенесары, Әлихан, Тұрар, Жүсіпбек, Мағжан т.б. секілді есімдер қойыла бастады. Кеңес өкіметі тұсында да елге танымал Амангелді (Иманов), Болатбек (батыр бала), Асқар, Ботагөз («Ботагөз» романының кейіпкерлері), Бауыржан (Момышұлы), Кәмшат (Дөненбаева), Зылиқа (Тамшыбаева) т.б. секілді есімдер болды. Әрқайсысының елге танылған батырлық, еңбекқорлық т.б. қасиеттері мағына ретінде өз есімдеріне орнықты. Прецеденттік есімдер тек төл элементтерден ғана тұрмайды, тікелей кісі есімі ретінде енген кірме элементтерді де қамтиды.

Антропонимжасамдық мағына игерілуінің бірінші сатысында есімге негіз болған сөз бастапқы мағынамен байланысын сақтаса, екінші сатысында шығу тегінен мүлде алшақтап кетуі мүмкін. Бұған қарап антропонимжасамдық игерілу тек екінші сатыда ғана жүзеге асады екен деген тұжырым жасауға болмайды. Кез келген сөз кісі есіміне айналғанда оның мағынасындағы жағымды ақпараттар ғана ойға алынады, яғни мағына өңделеді. Теріс ақпараттар антропонимжасамдық мағынаға ене алмайды. Жалпы есім немесе онимдердің басқа түрі кісі есіміне айналғанда мағынасында болатын өзгерістер антропонимдердің жасалуымен тікелей байланысты, сондықтан ол кісі есімдерінің *мағыналық жақтан игерілуі* болып табылады. Бұл орайда игерілу мен нормалану ұғымдары бір-біріне сәйкес келеді және антропонимжасамдық мағыналардың игерілуі дегеніміз, екіншіден, жаңа сапалы мағынаның дыбыстық тұлғаға

бекітілуі болып табылады. *Нормаға сай* немесе *нормадан ауытқу* деген талап шарттарының бірі осы екеуінің бірлігімен тікелей байланысты болып келеді. Бұл антропонимжасамдық тұлға мен мағына сәйкестігінің нормаға сай болуы тұрғысынан қарастырылады.

Мағыналық игерілудің бір көрінісі есімдердің дыбыстық тұлғасы мен мағынасының арасындағы сәйкестіктен де көрінеді. Қазіргі қазақ есімдерінің қолданысында нормадан ауытқушылық көп кездеседі. Ең алдымен ауытқулардағы лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың біріне қысқаша ғана тоқтала кетелік. Лингвистикалық факторлар – кісі есімдерінің арнайы бекітілген жазылу ережесі болмай отыр. Экстралингвистикалық факторға қазіргі қоғамдық санадағы батысқа еліктеу әдеттерін немесе құжатты толтырушы мамандардың қазақша сауатының төмендігі, тілдің табиғатын түсінбегендіктен, аты-жөнді балаға бергенде де бұрынғы құжатқа сүйеніп, сондағыдай қате күйінде қалдыру т.б. толып жатқан себептерді жатқызуға болады. Мысалы, «Тіпті қазақтың мемлекет қайраткері Әліби Жангелдиннің ұлы Тіл білімі институтына, Тіл комитетіне бірнеше рет хат жазып «Менің әкемнің құжатында ол өмір бойы фамилиясы Жангелдин болып келген, ал оның атына берілген көшеде Әліби Жангелдин болып жазылыпты. Бұл тарихи құжат – сондықтан сол қалпында қалсын» деген ұсыныс айтқан екен» – деген мәселелер ақпарат құралдарында айтылды. Осындай және т.б. себептердің салдарынан қазіргі кезде тілімізде қазақ тіліндегі дыбысталуынан алшақ немесе мүлде ұқсамайтын есімдер пайда болды.

Тіліміздегі төл есімдер дыбыстық болмысынан ауытқыса, қазақ есімі бола алмайды. Өйткені, есім ретінде қолданысқа түскен тұлғаның құрамындағы әрбір дыбыстың өзіндік орны, ұлттық сипат беруі жағынан атқаратын ерекше қызметі бар. Дыбыстық құрамы өзгергенде есім өзінің болмысынан жаңылады. Айта кететін бір жайт – егер түбірге норма ретінде қабылданған антропонимжасамдық элементтер жалғанып, сондай-ақ кейбір дыбыстар немесе бүтіндей буын қысқарып қалып жатса, мұндай өзгерістер есімнің ұлттық болмысына ешқандай нұқсан келтіре алмайды. Керісінше, қазақ антропонимдерінің лексикалық қоры осы жолмен де толығып отырған, яғни бұл антропонимжасамдық норма, тілдің дамуына тән заңдылықтар ретінде кісі есімдерінің қалыптасуына үлес қосады.

Сонда кісі есімдерінің ұлттық сипаты мен болмысынан, яғни нормадан ауытқуы деп нені түсінеміз? Бұл орайда, біз қазіргі өтпелі кезең тудырып отырған орыс тілінің ықпалы туралы мәселеге на-

зар аудармақпыз. Мысалы, Қанат, Бердібай, Балақай, Беркін, Біжкен, Білім, Біржан, Еркін т.б. секілді көптеген есімдерді тек қазақша жазғанда немесе қазақша айтқанда ғана ол ұлттық сипатын сақтай алады. Антропонимге айналғаннан кейінгі үстелетін мағынасы және ол арқылы берілетін ақпараттар туралы айтпағанда, жалпы есім ретіндегі мағынасының өзі осы дыбыстық формаға байлаулы.

Қазіргі құжаттардың көпшілігінде толтырып жүргеніміздей (біздің зерттеулеріміз бойынша 85%-ы қате немесе нормаға сай келмейді), Қанат, Бердибай, Балақай, Беркин, Бижикен, Билим, Биржан, Еркін т.б. болған жағдайда ол өзінің қазақша дыбыстық әрі танымдық сипатынан айрылады, лингвистикалық тұрғыдан алғанда олар тек адамды атауға арналған дыбыстар жиынтығы болып шығады: орыс тілінің дыбыстық заңдарына бағындырылғанмен, олар орыс есімі бола алмайды, өйткені оны орыс халқы қабылдамайды, сондай-ақ толыққанды қазақ есімі де бола алмайды. «Атауға арналған дыбыстар жиынтығы» деуіміздің себебі де сондықтан.

Белгілі бір есімнің халықтың эстетикалық талғамы сынынан өтіп, негізгі антропонимдік қорға енуі үшін біршама уақыт талап етіледі. Осы уақыт ішінде дыбыстық форма жекелеген ат қоюшылардың тарапынан түрлі арман-тілекке негізделген мәдени ақпараттармен қанығады. Мұнда ұлттық дүниетаным құндылықтарының орны үлкен екенін назардан тыс қалдыруға болмайды, осы құндылықтар дыбыстық формаға сіңіріледі де екеуі біртұтастықта өмір сүре бастайды. Дыбыстық форма өзге тілдің заңдары бойынша табиғи болмысынан ауытқығанда, ол өзіне тән ақпараттарды жеткізуге қабілетсіз күйге көшеді. Бұл орайда қазақша білмейтін адам қазақша дыбысталса да есімнің мағынасын түсінбеуі мүмкін ғой деген сұрақ туындауы мүмкін, ол рас, алайда дыбыстық форманың қазақша дыбысталуы да есімнің ұлттық болмысының айғағы ретіне үлкен қызмет атқарады.

Қазақтіліндегі Сәулеесімін алыпқарайық – осылай дыбысталғанда ғана шын мәніндегі өз мәртебесіне лайық есім бола алады. Дыбыстық жағынан алғанда жіңішке айтылады, бұл нәзіктіктің, әрі сүйкім мен сұлулықтың көрсеткіші болып табылады. Сыртқы тұлғасы мен ішкі болмысының арасында тамаша үйлесім бар. Сәуле деген ұғымның өзі де тура және ауыспалы мағынада жұмсалады. Кісі есімі ретінде таңдалғанда, мұнда нұр сөзінің синонимі және сұлулық, қуат беруші, сонымен қатар «санасында сәулесі бар» – деген мағына арқылы білім, ақыл, парасат туралы да ақпарат қамтылып отыр. Бұл мағынаның антропонимжасамдық игерілуі болып табылады. Сәуле сөзінің араб тіліндегі бастапқы мағынасы қазақ тіліне енгеннен кейін үлкен

өзгерістерге түсіп, ұлттық ұғымдармен қанығып өзіндік сипатқа ие болған жаңа мағынаның негізінде кісі есімі жасалған. Енді осы есім *Сауле* тұлғасына өзгергенде басқы буыны жуан, кейінгісі жіңішке – айтылуы қиындап, төл табиғатындағы нәзіктіктен айрылып, мағынасына бастапқыда жүктелген ұлттық ақпараттарды жеткізуге қабілетсіз күйге түседі. Қазақ тілінде *сауле* деген сөз жоқ, сондықтан оның ұлттық есім ретінде де танылуы қиын. Бұл нормадан ауытқу болып саналады.

Қазіргі құжаттардағы көрініс және көпшіліктің, кейде тіпті тілші ғалымдардың да, құжаттағы орысшаланған аты-жөнін басшылыққа алуы, есімдердің ұлттық сипатын сақтау мәселесін күрделендіріп отырғаны шындық. *Сауле* ғана емес, тіліміздегі дыбыстық формасы бүлінген өзге есімдер туралы да осыны айтуға болады. Алайда бұл өтпелі кезеңдегі уақытшатуындап отырған мәселе. Антропонимдердің даму тарихында кездесетін мұндай ауытқулар кез келген тілге тән заңды құбылыс болса керек. Жетпісінші жылдардағы орыс есімдерін зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде, кірме есімдердің кеңінен қолданылатындығына қарамай, әлі күнге (сол кезді айтып отыр) орысшалану дәрежесінің төмендігі («до сих пор недостаточно «обрусевшие») мен әркімнің жеке «шығармашылықпен» айналысуы нәтижесінде жасалған жаңа есімдердің мәдени сапасының төмендігі және санының көптігі сыналады және осынша көп есімді орфографиялық игеру қиын болмай ма деген күмәнді пікірлер айтылады [190, 12-13 б.]. Мұнан байқалатыны орыс ғалымдарының ғылыми тұжырымдары бойынша есімдер санының көп болуы, олардың тұрақтылығы мен ұлттық сипатының орнығуына кедергі келтіретін секілді. Орыс есімдерінің даму бағыттарына байланысты статистикалық мәліметтерден, халыққа түрлі жолдармен (көркем әдебиет, революция қайраткерлері) таныс болып, қызығушылық тудырған шетелдік кейіпкерлер мен қайраткерлердің есімдерін қоюға қызығу оларда да болғанын көруге болады. Мысалы, Пенза қаласында 1921 – 1930 аралығындағы он жылда, көбіне бір рет қана қойылатын (разовый) есімдердің үлес саны артып, негізгі қордағы Александр, Анатолий, Борис т.б. секілді тұрақты есімдердің 31 түрі ғана қолданыста болған екен [190, 25 б.]. Алайда қазіргі шығарылып жатқан сөздіктер бойынша қолданыстағы орыс есімдерінің белгілі бір нормаға келгенін байқауға болады.

Орыс ғалымдары алпысыншы жылдардың өзінде-ақ дабыл қағып, ғылыми қауымның талқылауына салған бұл мәселе, қазақ ономастикасында да көтерілгені белгілі, алайда әлі күнге дейін тым

баяу, қарқын ала алмай келе жатқаны шындық. Қазақ есімдерінің ұлттық болмысын сақтау мәселесі ең бірінші ономастика саласы мамандарының табанды еңбегін талап етеді. Бұл бағытта көптеген талпыныстардың болғанын, әсіресе, қазақ ономастикасының негізін қалаушы Т. Жанұзақовтың бірталай еңбектер жазғанын қалың оқырман біледі. Баспасөз беттерінде мәселелер көтеріліп, дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар өткізілді, алайда құқықтық-нормативтік мәртебесі айқындалып, әділет мекемелері тарапынан ресми бекітілмеген соң олар мақала, жекелеген кітаптар мен конференция материалдарының жинақтары көлемінде қалып қойды. Алдағы уақытта осы жұмыстар әрі қарай жалғасып, ұлттық есімдер орфографиялық және құқықтық тұрғыдан өз жүйесін табуға тиіс деп ойлаймыз.

Төл есімдеріміздің өзіне тән табиғи-тарихи болмысын сақтап қалу бағытында атқарылған жұмыстарымыздың теориялық тұжырымдарында көптеген мәселе көтерілді, алайда орындалуы жағынан кемістік көріп отырғанын ілгеріде айттық, осы орындалмаудың нәтижесінде қазіргі тілімізге мағынасы да, дыбыстық сипаты да алыс, жат есімдер пайда болды.

Есімдердің ұлттық болмысына тән ерекшеліктердің бірі еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалар арқылы көрінеді, сонымен қатар есімінің орнына ата, әже, көке, аға, апа, апай т.б. жекелеген сөздерді қолдану да тілдік сана қабылдаған норма болып есептеледі. Қазақ тілінде еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалардың түрлері көп. Мысалы, Бекбосын, Бекзат т.б. секілді есімдер қысқартылып, Бек (Бег) компонентіне түрлі қосымшалардың жалғануы арқылы Бегай, Бегдар, Бекей (Бегей), Бекен (Беген), Бегеш (Бекеш), Бегім, Бекіш (Бегіш), Беглан, Беке, Бекес, Бекқай секілді формалар жасалады. Бұл есімдердің қолданыла келе, дербес тұлғаларға айналуы да антропонимжасамдағы заңдылық ретінде қалыптасқан. Осындай ұлттық сипатқа ие тұлғалармен бірге тілімізде дыбыстық жағынан игерілмеген кірме қосымшалардың қолданылуы да кездеседі. Қазір кейбірінің құжаттарға да енгізіле бастағаны байқалады. Бұл қосымшалардың түрлері мынандай болып келеді. Мысалы, *-а* тұлғасы арқылы жасалған есімдер: Айжана, Армана, Арнура, Асе-ла Бинура, Гульнара, Жанара, Дияра, Нурлана; *-на* тұлғасы арқылы Аяна, Аруна Жамиляна; *-ра* тұлғасы арқылы Айнара, Алияра, Гандира т.б. Құжатталмаса да, жасы кішіні еркелеткенде немесе жастар арасынан бір-бірін құрметтеу мақсатында қолданылатын тұлғалар бар. Мысалы, *-ик* қосымшасы арқылы: Еркін – Эрик, Жолдыбай – Жо-

рик, Жасұлан – Жасик, Уәлихан – Валик, Нұрлан – Нурик, Төлеген – Толик т.б.; -ка қосымшасы бойынша Сәуле – Саулешка, Айнаш – Айнашка т.б. түрленеді. Сонымен қатар әртүрлі тұлғада өзгертіп атап жүрген мынандай есімдер бар: Бақытжан – Баха, Алтын – Алтуха, Сейдахметов – Сейдох, Азамат – Аза, Қасымхан – Касо, Ерлан – Ерла, Қайрат – Кайра (соңғылары мектеп оқушылары арасындағы қолданыстардан алынды) т.б. еркелету құралы ретінде өзге тіл элементтерін пайдалану қазақ антропонимжасамы бола алмайды, ол есімдер мағыналық реңк үстеудің ұлттық нормадан ауытқуы болып табылады.

Түрліше жазылудың мәселелерін антропонимжасамға байланысты сөз етіп отыру себебіміз – түрленген тұлғалардың тұрақты қолданысынан келіп, дербес антропоним ретінде орнығу жүзеге асады. Қазіргі құжаттарда тіркеліп жүрген Жанара, Айжана, Данара, Айнара секілді нормаға сай келмейтін есімдер осы үдерістің нәтижесі және ол мағыналық жақтан да ауытқу болып табылады. Көпшілік ұғымында қабылданған форма мен мағынаның бірлігін норма ретінде танымыз. Алайда бұған есімдердің табиғатындағы ұлттық болмыс ерекшеліктері қоса қарастырылуы тиіс. Егер ілгеріде аталған есімдердің сол қате күйіндегі қолданысы сақталып қала бересе, бір күндері тілде қазақ есімдерінің қазақша және орысшаланған нормасы пайда болуы мүмкін. Орысшаланған нормасы бойынша қазақ есімдерінің мағыналық сипаты толық мәнінде көріне алмайтыны белгілі, демек ұлттық форманың өз табиғатынан ауытқуы мағыналық игерілу мәселесіне де өзгерістер әкеледі.

1.3.4.2 Кірме элементтердің антропонимжасамдық игерілуі

Белгілі бір тілге сырттан сөздердің, яғни есімдердің келуі бұрыннан бар және бола беретін құбылыс. Бұл тілдің дамуына тән ерекшеліктердің бірі. Ал кірме элемент мәселесі сөз болғанда оған қарама-қайшы төл элемент ұғымының тұратыны белгілі. Тілдің лексикалық қоры осы екеуінен құралады, басқаша айтсақ екеуі де ұлттық тілге тән заңдылықтардың аясында өмір сүреді. Қатынас құралы ретіндегі мүмкіндіктерін арттырып, ұлттық ұғымдарды байытып, көркемдік деңгейін жетілдіруде әрқайсысы өзіндік қызмет атқарады. Осы орайда ұлттық тіл мәселесіне қысқаша тоқтала кетуге тура келеді. Қазіргі қазақ тіл білімінде «ұлт тілі» немесе «ұлттық тіл» ұғымын тарихи категория ретінде қарастыра отырып, оның ішінде үш түрлі негізден туатынын көрсетеді. Соның бірінде «тілдік белгілері

бірыңғай, құрылымында айырмашылық жоқ» екені айтылған [102, 373 б.]. Демек, ұлттық тіл өзіндік бірыңғай жүйесі қалыптасқан, белгілі бір дыбыстық құрамы белгіленген, заңдылықтары айқындалған біртұтас құрылым болып табылады. Ұлт пен ұлттық тіл бір-бірімен тығыз байланысты. Өз тілінде сөйлеуші ұлт өкілдерінің дыбыстау аппараттары да сол тілдің заңдылықтарына бейімделген. Ұлт өкілдері өзге тілдің сөздерін айтқанда негізінен өз тілінің әуеніне салып айтады. Осылайша кірме элемент мағыналық жағымен қатар, дыбыстық болмысы бойынша да игеріледі. Ұлт тілінің элементіне айналады. Осы тұрғыдан келгенде «кірме элемент» ұғымының сипаты да айқындала түседі. Тіл білімінде кірме сөзге «Зат, құбылыс, ұғым түрлерімен бірге басқа тілден ауысқан сөздер» деген анықтама беріледі [102, 172 б.]. Мұны қазіргі біздің тілдік жағдайымызға байланысы берілген анықтама ретінде қабылдауға болады, алайда «дыбыстық жақтан игерілген» деп толықтыра түсуге де болар еді. Өйткені, «басқа тіл элементі» мен «кірме элемент» деген ұғымдардың айырмашылығы бар. Қай тілдің құрамындағы кірме элемент болсын сол тілдің табиғатына тән белгілерді қабылдап, бірдейлесіп, жымдасып, оның бірыңғай дамуына қызмет етеді. Біз өз тарапымыздан оны кірме сөз деп атаймыз. Өзі енген тілдің заңдылықтарына сай өзгерістерге түспей, бірдейлеспей тұрып, кірме элемент бола алмайды. Ал сол тілдің қалыптасқан бірыңғай заңдылықтарына қайшы, айтылғанда бөтендігі көрініп тұрса, «басқа тілдің элементі» демеуге келмейді. Кісі есімдерінің табиғатына тән ерекшеліктер тұрғысынан келгенде бұл әсіресе айқын көрінеді. Оларды да кірме есімдер және бөтен есімдер деп бөлуге болады.

Кірме есімдердің өзгерістерге түсуі – кез келген қабылдаушы тіл тарапынан қойылатын табиғи талап. Бұл мәселеде, әсіресе, дыбыстық өзгерістердің орны үлкен. Сондықтан, дамыған, өркениетті елдер тілінде осы талап үлгілері орфографиялық нормалар арқылы заңдастырылды да, көптеген ұсақ ұлттарда тілдің өз мүмкіндігінің дәрежесінде қалып қойды. Сыртқы лингвистикалық ықпалдардың салдарынан оның ғұмыры ұзаққа бара алмады – ықпалды тілдің шылауында кете барды, дегенмен ішкі «иммунитеттің» алғашқы кезде елеулі қарсылығы көрініс беретін мысалдар бар. Солардың бірі ретінде, саха тілінің антропонимжасамдық қабілетіндегі кейбір ерекшеліктерге тоқтала кетуге болады. Халқы христиандықты қабылдап, тілі жоғалуға айналған саха жұртының ұлттық есімдерінің сыртқы сипатындағы өзгерістерге қарағанда, тілдік иммунитетті, ішкі тайталасты көруге болады. Дінмен бірге тіліне енген орыс есімдерін

якут тілі өзіне былайша бейімдейді: Григорий – *Киргизлей*, Федор – *Суодэр*, Петр – *Буотур*. Орыс т-гі *ович* және *-овна* якутша: Васильевич – *Баһылайабыс*, Терентьевич – *Тэрэнтэйэбис*, Афанасьевич – *Охоноһойобус*, орыс текті және өзіндік үлгі бойынша жасалған фамилиялар: Кандаков – *Кондокуон*, Кандакова – *Кондокуоба*, Корякин – *Кэрээкин* т.б. Мұндай өзгерістер, кірме есімдердің якут тіліндегі кішірейту-еркелету мәнді қосымшалардың жалғануынан да көрінеді: *Дьогуор* – *Дьогуор-дээн* (Егор), *Мэхээ-лэ* – *Мэхээчэ* (Михаил) және т.б. Христиандықты қабылдағаннан кейін буряттар мен қалмақтардың құжаттарында христиан есімдері жазылғанмен, біраз уақытқа дейін *Александр* – *Анадык*, *Сергей* – *Ягда*, *Василий* – *Балдушаан*, *Борис* – *Бадма*, *Алексей* – *Лиджи* т.б. болып ұлттық есімдері қатар қолданылып келді. Сонымен қатар, қалалық интеллигенция арасында, өзінің төл есіміне орыс тілінің *-а* қосымшасын жалғау арқылы да, *Чимит* – *Чимита*, *Саян* – *Саяна*, *Туян* – *Туяна*, *Баир* – *Баира* т.б. секілді жана формалар жасау үрдіс алды [46, 46-53 б.].

Шығу тарихы өзге тілдермен байланысты қазіргі орыс есімдерінің көпшілігі-ақ осындай өзгерістерді басынан кешірген, нәтижесінде түпнұсқадан алшақтап, жаңаша сипатта қалыптасты, алайда олар сыртқы ықпалға түскен жоқ, керісінше кірме элементтерді игеру бағытында өзгерді [122, 54-79 б.]. Бұлайша дыбыстық тұрғыдан өзіне қарай бейімдеу – жер бетіндегі тілдердің барлығына тән қасиет. Мысалы, зерттеушілер тарапынан шығу тегі бір орыстың Иван, поляктың Ян, армиянның Аванес, грузиннің Вано, финнің Юхан, немістің Ганс, француздың Жан, ағылшынның Джон, итальянның Джованни, испанның Хуан көне еврейдің Иоханаан есімінен тарайтыны айтылады [122, 58 б.]. Кей ғалымдар бұған парсы тілінен енген *жан*-ды осыдан келіп шығатын Жунус, Иунус тұлғаларын қоса қарайды [51, 28-29 б.]. Бұл есімдердің қайсысы болсын түпкі тегінен алшақтап, түрлі өзгерістердің нәтижесінде белгілі бір ұлттың меншігіне айналған. Осы секілді ерекшелік араб есімдерінің таралу көрсеткіштерінен де байқалады. Мысалы, *Мұхаммет* есімі шығу тегі жағынан араб тілінің хамада «мақтау» деген етістігінен жасалған. Араб тілінде бұл сөз *Мухаммат* түрінде дыбысталады, мағынасы «найхвалимы». Қазір бұл есім жер шарындағы ондаған тілдерде қолданылады, алайда сол тілдердің барлығы оған өзіндік өзгерістер енгізді. Бұл есім адыгейлерде – *Мыхьамэт*, кабардиндарда – *Мухьэмэд*, алтайлықтар мен хакастарда – *Мамай*, лактарда – *Маханмад*, аварларда – *Мухаммад*, лезгиндерде – *Мехеммед*, құмықтарда – *Магьаммат*, қарашай мен балқарларда – *Мухаммат*, осетиндерде

– *Махамәт*, татарларда – *Мөхәммәд*, шешендерде – *Мохьмад*, ингуштарда – *Махьмад* тұлғаларында қолданылады [123, 15-16 б.]. Мұндай салыстырулар мен тұжырымдаулар А.В. Суперанскаяның еңбектерінде де кездеседі [150, 156.].

Кез келген тілдік тұлғаның мағына мен дыбыстық форманың бірлігінен тұратыны секілді *кірме есімдер де ұлттық сипатқа ие болғанда* осы қасиет бойында сақталады, яғни жүзеге асады. Әрине, бұл орайда жаңа тілдің ішкі заңдарына сай қалыптасатынын ескеруіміз керек. Қазіргі зерттеулерде қазақ тілінің құрамындағы кірме есімдерді қытай қабаты, моңғол қабаты, иран (парсы қабаты), араб қабаты, славян қабаты деп топтастырулар бар [86, 31 б.]. Ал кісі есімдері сөздіктерінде Кеңес заманында орыс тілі арқылы немесе тікелей енген есімдердің қатары мұнан да көп. Алайда олардың енуінде белгілі бір жүйе болмағандықтан және ұлттық тіл заңдылықтарына сай игерілмегендіктен, олардың барлығын санап шығудың қазір маңызы жоқ.

Кірме есімдерді қазіргі сипатына сай мағыналық әрі дыбыстық жақтан игерілу деп екі топқа бөлуге болады. *Кірме есімдердің мағыналық жақтан игерілуі*. Кірме есімдерді *кірме сөздерден жасалуына және тікелей есім ретінде енуіне* қарай екі топқа бөліп қарауға болады. *Кірме сөздерден жасалған есімдер* Әділ, Әмір, Рауан, Рақым, Сабыр, Сәуле т.б. Бұлар дыбыстық жағынан өзгеріске түскен, мағыналық жағынан қазақы түсінікке сай игерілген сөздерден жасалып отыр. Мұндай сөздерді тілші ғалым Р. Сыздық дыбыстық тұлғасы жағынан «сындырылған ~ сындырылмаған» сөздер деп атайды [152, 116.]. Дыбыстық тұлғалардың игерілуі туралы айтқанда, кірме есімдерге тән мағына мәселесін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Белгілі бір сөз келесі тілге өткенде алғашқы кезеңде мағына сол қалпында сақталуы мүмкін, алайда уақыт өте келе, ұлттық тіл мәдениетінің дамуымен бірге оған түрлі ұғымдар жүктеліп, мағыналық аясы кеңейе түседі. Сонымен қатар, бұл мағына ұлттық таным аясындағы түрлі ақпараттық реңктермен қанығып, сөздің ішкі болмысына мүлде жаңа сипат беруі мүмкін. Мысалы, «сая» сөзі араб тілінен аударғандағы бір мағынасы – «көлеңке». Олай болғанда «көңілін көлеңке шалу», «істің көлеңкелі жақтары» т.б. секілді мағынасы бойынша бұл сөздің кісі есіміне айналуы екіталай еді, алайда «жанға сая болу» секілді мағынасы кісі есіміне айналу мүмкіндігін арттырып отыр. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «1. Жанға жайлы көлеңкелі салқын жер. 2. ауысп. Арқа сүйер, камқор, пана» – деген екі мағынасы көрсетіледі [101, 717 б.].

Қалай болғанда да қазақ ұғымындағы, әсіресе, антропонимжасамдық мағынасы тұрғысынан алғанда осы екі сөздің (көлеңке және қамқор) бір-біріне жақындайтын тұстары аз. Бұл кірме сөздің мағыналық жақтан игерілуі, яғни ұлттық тілдің жүйесіне бағынып, жаңаша сипат алуының көрсеткіші болып табылады. Осындай үдерістерден өтіп, қазақ лексикасының толыққанды мүшесіне айналған бірліктер кісі есімі ретінде таңдалғанда оның шығу тегі өзге тілге тән екені туралы ескерілмейтіні сондықтан, өйткені ол енді ұлттық тілдің төл туындысы ретінде өмір сүріп жатқан элемент.

Ілгеріде берілген өзге есімдердің мағынасы туралы да осындай талдаулар жасауға болады. Мұнда қазақы таным-түсінік, оның аясындағы ауыс мағына арқылы берілетін түрлі ақпараттар оларды шығу тегінен алшақтатып жібергені анық. Арабтар мен парсылардың салт-дәстүріндегі ерекшеліктер де, соған байланысты ұлттық дүниетанымындағы ұғым мен түсініктер де қазақ халқымен сәйкес келе бермейтіні белгілі, сондықтан бір затты немесе құбылысты бірдей атағанмен, әрқайсысы әр қырынан тануы мүмкін. Аталған халықтардың арасында тығыз қарым-қатынас болмағандықтан, тілдік санадағы бұл ерекшеліктер де уақыт өткен сайын айқындалып, бір-бірінен алшақтап бара жатқаны белгілі. Сондықтан бұл есімдердің антропонимжасамдық мағынасында ең бірінші қазақ халқының таным түсінігі тұрғанын атап өтуге тиіспіз. Басқаша айтқанда, бұл есімдер енді өзі шыққан тілдің элементі бола алмайды, өйткені дыбыстық жағынан да, мағыналық жағынан да түпкі негізінен алшақтап кеткен.

Кірме есімдердің келесі тобы ислам діні қайраткерлерінің: пайғамбарлар, халифалар, сахабалар, әулие, әмбиелер, ғалымдар т.б. есімдерімен байланысты. Олар *тікелей есім ретінде* енген, сондықтан қазіргі сөздіктерде бастапқы шығу тегі талданып, сол мағыналары берілгенмен, қазақ есімі ретіндегі антропонимжасамдық мағынасы ислам діні қайраткерлерінің тұлғасы мен қасиеттерін сипаттайды, яғни есім таңдалғанда онымен аталған белгілі бір тарихи тұлғаның адами болмысы, өмірі, жеке басына қатысты кейбір оқиғалар т.б. ескерілген болатын. Кей жағдайда олар туралы қазақ арасына таралған аңыздар мен әңгімелердің, жыр-дастандардың мазмұнындағы образының сомдалуына орай, белгілі бір тұлға туралы көзқарастар да түпнұсқадан бөлектеу болуы мүмкін. Мысалы, Жүсіп-Зылиқа дастаны кейіпкерлерінің Құрандағы нұсқасы мен қазақ ауыз әдебиетіндегі бейнесінің арасында айырмашылық бар: Құранда Жүсіптің пайғамбарлық қасиеті басым сипатқа ие болса,

Зылиқа бөтен еркекке көз салушы, қиянатшыл әйел түрінде көрінеді, ал дастанда ғапықтық сезімдері басым айтылады. Осыған байланысты ол есімдердің қазақ ұғымындағы мағынасы да өзіндік ерекшелігімен қалыптасып отыр. Құран аңызындағы Зылиқа сол қасиетімен қазақ есіміне айнала алмас еді.

Мұхаммет пайғамбардың қыздары, күйеу балалары, олардан туған жиен немерелері мен олардың есімдерінің қазақ арасында таралуына «Қасен – Құсайын», «Дәриға қыз» дастандарының өзіндік әсері болды. Қазақ ақын, жыраулары дәстүрлі жырларға тән стилмен жырлай отырып, шығыстық дастандар кейіпкерлерінің болмысына да қазақы сипат берді. Осылайша тілдік санадағы ол есімдердің дыбыстық формасы мен мағыналарының бірлігі белгілі бір тұлғалардың адами болмысын білдіруге бейімделді. Бұл ерекшелік, соңғы жылдарда, Қазақстандағы ислам дінінің етек жаюымен бірге жаңаша сипатқа ие болды. Құран кәрім, пайғамбар хадистерінің қазақша түсінігі жарық көріп, ислам тарихы мен қайраткерлерінің есімдері жайлы әдебиеттерден түрлі ақпараттар алу арқылы дінге деген жаңаша көзқарастар қалыптасып отыр. Осыған байланысты кірме антропонимдердің де мағыналық сипатына өзгерістер еніп, жаңаша ұғым-түсініктермен толығып жатқаны шындық, дегенмен осыған дейін қалыптасып, тілдік санадан орын алған ерекшеліктері басым сипатқа ие күйінде қалып отыр. Араб, парсы есімдерінің тілімізге еніп, ұлттық санада орныққан түсінігі түпкі негізінен осы секілді ерекшелігімен айқындалады, ол шығу тегінен неғұрлым алшақтаған сайын соғұрлым қазақ есімінің құрамына сіңе береді. Мағына мен тұлға бірлігінің антропонимжасамдық болмысы ұлттық ұғымымызда қазақы сипатқа ие болып, осылайша нормаланған болатын.

Қазақ есімдерінің лексикалық құрамына сырттан енген көптеген кісі аттарының ішінде шығу тегі бір болғанмен, түрлі тілдер арқылы келген элементтер де бар. Әр тілдегі дыбыстық тұлғаларына қарай олар әр басқа болуы мүмкін және қазақ тілінің заңдарына қарай игерілгенде де түрлі есімдер болып шығады. Мысалы, Марат есімі туралы, зерттеушілер тарапынан «Француз буржуазиялық революциясы қолбасшыларының бірі Жан-Поль Марат (1747 – 1793) құрметіне қазақ семьясына 1930 жылдан бері кеңінен қойылған есім. Біріккен тұлғалы есім – Маратбек» – деген пікір айтады [62. 109 б.]. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Марат Тоқашбаев өз есімі туралы былай дейді: «...француздың атақты ойшылы Жан Поль Мараттың даңқы қазақ жеріне жеткен. «Сондай танымал азамат болсын» деген ниетпен қазақ шаңырағында дүние есігін ашқан нәрестеге

Марат есімі беріледі. Француздарға бұл ат Испания жақтан келген. Испания ұзақ жылдар бойы Осман империясының ықпалында болды ғой. Ол жаққа Марат аты түріктердің Мурат деген атынан ауысып барған көрінеді...» [194]. Ал қазақ есімін зерттеушілер пікірі бойынша Мұрат араб сөзі [62. 115 б.]. Осы мәліметтер бойынша ізін қуар болсақ *араб* → *түрік* → *испан* → *француз* → *қазақ* болып шығады. Ал қазақ тілінде бұл есімнің екі түрі де қолданылады. Мағыналық тұрғыдан алғанда бұлардың бірі (Мұрат) *орындалған мақсат, мұрат, арман-тілек немесе осылар болашақта орындалсын* деген т.б. мазмұнда қойылса, екіншісі (Марат) батыр, қаһарман, отансүйгіш тұлғаның адами болмысымен байланыстырылып отыр. Демек, осы бір сөз арқылы олардың түрлі тілдерге енгенде мағыналық жағымен қатар, дыбыстық тұлғасы да өзгерістерге түсіп, бірнеше нұсқасының қалыптасатынын көруге болады (Мурад *ар*, Мурат *түр*, Марат *франц*, Мұрат, Марат *қаз.*). Мағыналық жағын айтпағанда, енген тілдің табиғатына сәйкес бірнеше дыбыстық тұлғаның қалыптасуы әр тілдің өзіндік ерекшелігінің көрінісі болып табылады. Сондықтан кез келген тілдегі кірме есімдерді немесе кірме сөздерден жасалған есімдерді қазіргі тіл білімінде *араб (немесе т.б.) текті қазақ есімдері* деп атау мәселесі көтеріліп жүр. Бұл, есімнің шығу тегі араб тілімен байланысты болғанмен, қазақ есімі деген тұжырымнан туған. Олардың игерілуінде де қазақтың танымы мен тілдік заңдарының өзіндік орны жоғары, сондықтан «араб немесе т.б. текті» қазақ есімі деп атау ішкі табиғатын ашып көрсете алады. Оның себебі ілгерідегідей, яғни Марат есімін араб тілі қайта қабылдай алмайды, өйткені оның дыбыстық тұлғасы мүлде өзгеріп кеткен. Сол секілді Құранның алынған көптеген есімдерді қазақ халқы діні бөлек еврей тілінен деп емес, араб тілінен алынған деп мойындайды: «Муса – к.евр. – Моисей – судан шығарып алынған» т.б. [62. 115 б.]. Шығу тегі бір болғанмен, қолданылуы жағынан алғанда бұл екі есімнің екеуі де (Муса, Моисей) тілімізде қолданылмайды, қазақыланған тұлғасы – Мұса. Осы тұрғыдан келгенде Мұса есімін жалпы қарапайым жұртшылық (лингвистерден өзге) қазақ есімі ретінде қабылдайды. Мұса пайғамбардың қасиеттері туралы қазақ арасында түрлі аңыздар тараған. Сол аңыздардағы Мұса бейнесі бұл есімнің ақпараттық мазмұнына, яғни мағынасына айналып отыр. Ал зерттеушілер тарапынан «араб текті қазақ есімі» ретінде танылады, өйткені олар қазақ тілінің антропонимжасамдық жүйесінің негізінде тілдің дыбыстық заңдарына бағындырылып, қазақы тұлғаға ие болған. Орыс тілімен байланысты «волостнойдан» шыққан Болыс немесе Болысбек, «Мат-

вейден» шыққан Мәтібі немесе Мәтібай, «сатиннен» шыққан Сәтен немесе Сәтенкүл және басқаларды дыбыстық игерілуі мен мағынасы арқылы ұлттық ұғымымызға сіңген түсініктері бойынша төл есімдеріміз ретінде танимыз.

Кірме есімдердің дыбыстық жақтан игерілуі. Антропоним-жасамдық тұлғалардың ұлттық болмысын айқындаушы белгілерінің бірі – дыбыстық сипаты. Әр тілдің өзіне тән дыбыстары мен дыбыстау мүмкіндігінің шегінде қалыптасқан заңдылықтары ұсынған нормасы болады. Ғасырлар бойы қалыптасып, тілдік санада орныққан дыбыстық жүйенің заңдылықтары антропонимжасамда да өзіндік маңызға ие. Сыртқы ықпалдың күштілігіне қарамай, оған қарсы күресе отырып, халық тілінің сақшысы ретінде зор қызмет атқарады.

Осыған дейінгі зерттеулерде қазақ есімдерінің лексикалық құрамында қытай, моңғол, араб, парсы, тәжік, орыс т.б. көптеген тілдердің элементтері және солардан жасалған немесе тікелей кісі есімі күйінде енген тұлғалар бар екені туралы айтылған болатын. Олардың әрқайсысы дыбыстық өзгерістерге түскені белгілі. Исламды қазақ халқы төл діні ретінде қабылдағаннан кейін араб, парсы тілдерінің элементтері тұрмысқа дендеп ене бастады, соның ішінде кісі есімдерінің де үлес салмағы басым болатын. Араб-парсымен салыстырғанда өзге тіл элементтері аз және олар тілге төл элемент ретінде сіңісіп кеткен. Басты мақсат олардың ұлттық сипат иеленуі, яғни нормалану көрсеткіштерін анықтау болғандықтан, өзімізге дейінгі зерттеулер деректеріне сүйене отырып, дыбыстық өзгерістерін басты назарға аламыз.

Қытай тілімен байланысты «Көптеген сөздер Шынжаң қазақтарының тіліне тікелей қытай тілінен ауысқанмен, біраз қытай сөздері қазақтың жалпы халықтық тіліне арадағы елдер арқылы сатылы түрде ауысып келген. Мұндай сөздер алдымен өзін алғаш қабылдаған елдің тілінің заңына бейімделіп өзгерген. Кейіннен қазақ тіліне ауысқанда бұл тілдің үлгісіне сәйкес, біршама дыбыстық та, мағыналық өзгеріске түскен, не болмаса жаңа мағынаға ие болған «жайсаң» сияқты сөздер аз емес» – дейді. Сөйтіп, Жайсаң – Цзайсянь; хан – хуан; тәжі, тайшы – хуантайцзы; шер, шеру – шиэр; шен – чэнь; ноян — нань [29, 131-154]. Қазіргі қазақ тілінде осы аталған сөздерден жасалған кісі есімі бар.

Қазақ тілі мен моңғол тілінің өзара ұқсастығы туралы ғалым Г. Сағидолда бұл тілдерде атау жасау процесінің бір-бірінен алшақ кетпейтінін, моңғолдық кірме элементтердің қазақ топонимиясына кірігуіне айтарлықтай тілдік қарсылық, «тілдік қыңырлық», «тілдік

бөгет» кездеспеді деуге болады – дей келіп, дегенмен қазақ тілінің кірме элементтерді кіріктіру заңдылықтарына сай бейімделгенін айтады [137, 207-208 б.]. Моңғол тілімен байланысты есімдер тұрасында Т. Жанұзақов «Моңғол үстемдігі кезінде енген кісі аттары саны жағынан онша көп емес. Тек моңғол хандары мен әскер басыларының аттары және әскери атақ, мансапқа байланысты санаулы ғана сөздер. Мысалы, Шағатай, Батый, Сыпатай (Субздей), Ноян, Ноянбай, Нөкербек, Түмен, Түменбай, Тұманбай, Сайын т.б. Бұл кісі аттары тіліміздің дыбыстық заңдарына бағынып, халықтық тілдің айтылу нормасына сай бейімделіп, өзгеріп кеткен» – деген пікір айтады [64].

Араб-парсы тілінен енген есімдердің дыбыстық игерілуі туралы айтпас бұрын, осы тілдерден енген есімдердің қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне әкелген өзгерістеріне де қысқаша тоқтала кетуге болады. Бүгінге дейінгі зерттеулерде түрлі элементтерімен бірге жаңа дыбыстардың енгені туралы айтылады. Олардың саны көп емес – ә, ғ, г дыбыстары ғана. М. Томанов ә дыбысы туралы – араб, парсы тілдерінің өзінде сөз басындағы ғ, х немесе соларға ұқсас дыбыстардан басталатын сөздер қазақ тілінде ә-ден басталып айтылған дейді, сонымен қатар, көне түркі тілінде сөздің абсолют басында ғ, г дыбыстарының қолданылмағаны, ал *гүл, ғашық, гұрып, гұмыр*, т.б. төркінін байқасақ, ондай сөздер араб-парсы тілдерінен ауысқан болып отырады. Олай болса, қазақ тіліндегі сөздің абсолют басындағы ғ, г сыртқы әсерден, басқа тілдерден ауысқан сөздер құрамында қалыптасқан дыбыстар деген тұжырым жасайды. Осы тұжырымға қосымша М. Томанов зерттеулеріндегі тағы мынандай мысалдар назар аудартады: *алып бер, алып кел* тіркестерінің қысқаруынан пайда болған *әпер, әкел* немесе алдында тұрған *ж, ш* дыбыстарының әсерінен *жәй, шәй*, ілгерінді ықпалдың нәтижесінде қалыптасқан *Күләш* секілді бірен-саран сөздердің құрамында ә дыбысы айтылады [163, 45-58]. Демек, осы аталған сөз басындағы ә, ғ, г дыбыстарын өзге тілдің элементі ретінде санағанымызбен, оларды айтуға тіліміздің мүмкіндігі жеткілікті болған, яғни сөз ортасындағы немесе соңындағы тілімізде бар дыбыстардың негізінде орныққан. Тіпті, кей деректерден ғ дыбысының сөз басында қолданылатыны айтылады: «Қыпшақ тілдеріндегі анлаут ү кірме сөздерге тән, түркілік төл сөздердің ұяң ү-мен айтылуы қарақалпақ тілінде кездеседі: *үаз* ‘қаз’, *үағуа* ‘қарға’, *үаууа* ‘қауға’. Оғыздық белгі қарақалпақ этносының, тілінің қалыптасуы кезеңінен бастау алатын құбылыс болса керек» [54, 228 б.]. Осы тұрғыдан келгенде, кірме есімдер арқылы келген бұл

өзгерістерді тілге жаңа дыбыстардың енуі деп емес, бар дыбыстардың алдыңғы позицияға шығуы деп қарастырған орынды секілді.

Араб, парсы тілінен енген есімдердің дыбыстық жақтан игерілуіндегі басты ерекшеліктердің бірі ретінде жаңа дыбыстардың пайда болуы десек, жаңа антропонимжасамдық формалардың қалыптасуында олардың өзіндік қызметі болды. Ілгеріде аталғандарға қосымша *ә-ден басталатын*, Әбді (Ғабд), Әби (Аби, Абу), Әжі (Хадж), Әжімағи (Әджмағин), Әзіз – Әзез – Әзиз (Ғазиз), Әзикан (Әзикан), Әзмаған (Әзмағанбет), Әзір (Азир), Әзірет (Хазірет), Әділ (Ғадил), Әкім (Хаким), Әлі – Әли (Ғали), Әлім (Ғалим), Әліп (Алиф), Әмен (Әмин), Әмір (Амр), Әни (Әни), Әубай – Әубәкір (Абубәкір), Әуез – (Хауаз), Әуел (Аууал) т.б.;

з-ден басталатын Гүлажар, Гүлсім (Кулсум «Умму Кулсум»), Гауһар (Кәукәр, Кеукер);

з-дан басталатын Ғабд (Ғабд), Ғаббас (Ғаббас), Ғабдол (Абдул), Ғаби (Аби), Ғабиден (Ғабиддин), Ғабит (Ғабид), Ғадыл (Ғадл), Ғаділет (Ғадилат), Ғазиз (Ғазиз), Ғазірет (Хазрат), Ғали (Ғали), Ғалиб (Алиф), Ғани (Ғани), Ғалым (Ғалим), Ғұмыр (Ғумр), Ғауаз (Хауаз) т.б. есімдер бар тілімізде. Сол секілді «сөз басындағы ғ, х немесе соларға ұқсас дыбыстардан басталатын сөздер» қазақ есімдерін жасауда *ә-ден* ғана емес, басқа да дыбыстардан басталып айтылды. Төмендегі есімдер осыған дәлел. *Кісі есімі басындағы араб-қазақ дыбыстарының сәйкестігі*: Абдол (Ғабдуллаһ), Қаби (Аби), Қазез (Ғазиз), Қазірет (Хазрат), Қали (Ғали), Қәкім – Кәкім (Хаким), Құспан – Құсман (Ғусман), Омар (Ғумар), Оспан (Ғусман) т.б.

Сөз басындағы араб дыбыстарының қазақ тіліне енгендегі өзгерісі туралы қысқаша осылай тұжырымдауға болады, алайда сөз ортасындағы, соңындағы алмасулар белгілі бір фонетикалық заңдылықтарға бағынбайды, олар ауызша сөйлеу тілінің ыңғайымен түрліше қалыптасқан. Сондықтан, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай орныққан есімдердің әр нұсқасы нормаға сай болып есептеледі. Дегенмен, мынандай араб, парсы тілінен енген есімдердің бойындағы өзгерістерді зерделегенде мынандай дыбыстық сәйкестіктерді көруге болады: ь ~ а, ә, ғ, қ,

Антропонимдердің ұлттық сипатқа ие болуы кезінде араб тіліндегі бір есімнің бірнеше формада қалыптасып, оның нормаға айналғанын осы орайда атап өтуге болады. Әрбір дыбыстық форма, түпкі шығу тегі мен мағынасының ортақтығына қарамай қазақ тілінде дербес есім болып саналады. Мысалы, Әбді мен Ғабды немесе Әкім мен Кәкім, Әубәкір мен Әбубәкір, Мұқамет – Мақамбет – Мағамет,

Ыбырай – Ыбырайым т.б. бірінің орнына бірі қолданылмайтын дербес тұлғалар.

Орыс тілінен енген есімдердің игерілуі. Орыс тілінен енген есімдерді де екі топқа бөліп қарастыруға болады: тікелей кісі есімі ретінде енген тұлғалар және орыс тілінен енген сөздерден жасалған кісі есімдері. Т. Жанұзақов зерттеулерінде осындай есімдерге мынандай мысалдар келтіреді: Ескендір (Александр), Мекәйіл (Михаил), Жебрәйіл (Григорий), Жандарал (Генерал), Майыр, Болысбек т.б. Ол осы және басқа да мысалдарды келтіре отырып, енген есімдердің күшті дыбыстық өзгерістерге ұшырағанын айтады [64, 61 б.]. Сол секілді Дмитрийді – Метрей, Григорийді – Күркерей деп орыс есімдерінің өзін де қазақ тілінің дыбыстық заңдарына бейімдеп айту болған. Өзгерістерге түскен ондай есімдердің саны қазақ тілінде көп емес. Қазан төңкерісіне дейінгі тұста енген сөздермен және кісі есімдерімен бірге тілге бөтен дыбыстар кірген жоқ, бұл үдеріс сырттан сөз қабылдаудың дәстүрлі жүйесі бойынша ғана жүзеге асты.

Айта кететін бір жайт – ертеректе енгендер мен кейінгі кезеңде енген есімдердің айырмашылығы бар. Мысалы, адамның аты-жөні құжатталмай тұрғанда қабылданғандар мен Кеңестік жүйе тұсында қазақ тіліне енген орыс есімдерінің қазақылану сипаты екі түрлі. Кейінгілері дыбыстық тұрғыдан игерілген жоқ деуге болады, сондықтан оны қазақ есімі ретінде қабылдау қиын. Тағы бір себебі, олар тұрақты қолданысқа ие бола алмады – кезеңдік есім ретінде бірді-екілі адамдар ғана қолданып, кейіннен қалып қойды. Ұлты қазақ азаматтары тұтынған есімдер арасында орыс тілі арқылы өзге тілдерден енгендері де болды, алайда олардың көпшілігі жеке адамдар тарапынан уақыт өзгерістеріне еліктеумен, сондай-ақ Кеңес өкіметі тұсындағы социализм қайраткерлерінің есімдерімен байланысты қойылғандар еді. Орыс тілі арқылы еніп отырғандықтан, дыбыстық сипаты да сол тілдің жүйесіне бағындырылған болатын. Дыбыстық тұрғыдан игерілмегендіктен, олар ұлттық сипатқа ие бола алмады, тілде тұрақтап, негізгі антропонимдік қордан да орын ала алған жоқ.

Кірме есімдердің құрамында ырым-жораларға байланысты есімдер де кездеседі. Мысалы, бала өліп тоқтамағанда, орыс есімін қойған. Дыбыстық нұсқалары ұқсағанмен, ол есімдердің ішкі мәні түпнұсқадан мүлде бөлек болатын. Сондықтан олардың ырымдап қойылған ұлттық есімдермен ішкі болмысында ұқсастықтардың бары рас, алайда ырым-жораларға байланысты қойылатын өзге есім-

дер секілді олар да, тілде тұрақтап, негізгі антропонимдер қатарынан орын ала алған жоқ.

Орыс тілінен енген немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген есімдер туралы бұған дейін Т.Жанұзақовтың зерттеулерінде айтылған болатын. Оның құрастыруымен жарық көрген сөздіктерде ұлты қазақ азаматтары таңдаған кейбір бөгде есімдер берілді де. Төл табиғатын сақтаған, қазақ есімдерінің арасында бөтендігі көрініп тұр. Егер осы есімдердің шығу уәждеріне, яғни қазақ баласына қойылу себептері мен мағыналық ерекшелігіне талдаулар жасасак, белгілі дәрежеде орыс есімдерінің өзге тілдерге ену жолдары туралы мәселеге келер едік те, ол өз кезегінде орыс есімдерінің мәселесі болып шығар еді, сондықтан оның сырларына үңілмейміз. Орыс тілінен енген немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген есімдерді жекелеген ұлты қазақ азаматтары таңдағанмен, «қазақ есімі» деген ұғымның аясына енген жоқ, өйткені мағыналық жағынан да, дыбыстық формасы жағынан да игерілмеген еді.

«Қазақ есімі» деген ұғымды айқындап алу үшін антропонимжасамдық норма мәселесіне талдаулар жасалуы керек. Ұлттық есімдердің төлболмысына тән белгілерді анықтап, олардың сақталуын қамтамасыз ету антропонимжасамдық нормаға тән шарттар мен талаптарды айқындау болып шығады. Сайып келгенде, қазақ есімдері жүйеленіп, біртұтас сипатқа ие болса, ол антропонимжасамға тән нормаланудың жүзеге асуы. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Антропонимжасам – үдеріс. Ол үнемі жасарып, жаңғырып отырады. Тұрақты қолданыста бола отырып, антропонимдік қордың элементі ретінде сақталып қалатын тұлғалар бар. Сонымен қатар, бір рет қана қойылып ұмытылатын және әр кезде норма ретінде қабылданып, уақытпен бірге көнеріп қалып қоятын есімдер де аз емес. Белгілі бір тарихи кезендердегі қоғамдық сананың өзгеруімен бірге бұрын қолданыста болып, кейін түсіп қалған есімдердің қайта жаңғыруы да мүмкін. Сол секілді мына есімнің мағыналық сыңары мынандай, осы екеуінің біреуі ғана нормаға сай деп, қолданыстағы екіншісін жоққа шығару қиын. Осындай мәселелерді жинақтай келгенде «антропонимжасамдық норма» ұғымы талап-шарттарының аясы ұлттық тілдің заңдылықтары ұсынған жүйеге сай болу, негізгі антропонимдік қорға өту, яғни кісі есімі ретінде танылу және өмір сүру мерзіміне қатысты мәселелерді қамтитыны анықтала түседі.

Қазақ есімі – тарихи-мәдени мұра. Ол ғасырлар сүзгісінен өтіп, ұлт мәдениетінің дамуымен бірге есейіп келеді. Осы уақыт аралығындағы тілдік саралаулар мен сұрыптаулардың нәтижесінде

өзіндік заңдылықтары мен жүйесі қалыптасқан. «Қазақ есімі» деген ұғым туралы ойланғанда осы тарихи әрі табиғи үдеріс нәтижелері еске алынуы тиіс. Ешқандай талғаусыз «таңдай салынған» жалпы есімді ұлты қазақ азаматы иеленгені үшін «қазақ есімі» деген ұғымның аясында қарастыруға болмайды. Мысалы, Анжелика, Жакширак, Консентрат, Эдмон, Эрик т.б. секілді қазақ арасында таңдалған шетелдік есімдер бар. Сонымен қатар, айтылуы қиын әрі мағынасы ыңғайсыздық тудыратын есімдер де кездеседі. Олардың антропонимдік қорда тұрақталуы екіталай, мұндай есімдер қазақ есімі ретінде нормаға айнала алмайды. Қазақ есімі мен антропонимжасамдық норма ұғымының арасында тығыз байланыс бар дейтініміз сондықтан.

Сонымен, «қазақ есімі» деп, ең бірінші мәдени сапасы көпшілік көңілінен шығатын, ұлттық тіл заңдылықтарына сай дыбыстық әрі мағыналық жақтан игерілген тілдік бірліктерді айтамыз. Қазақ есімі – қазақ ұлтының көрсеткіші. Ол өзге туыс емес және туыстас ұлттардан қазақты ерекшелеп көрсетіп тұратын ұлттық айшық.

1.4 Антропонимжасамдық мағына

1.4.1 Антропонимжасамдық мағынаның лингвистикалық саралануы

Тілдегі сөздердің табиғатына тән ерекшеліктердің бірі – үнемі дамып отыратындығы, оның аясында құрылымдық жүйесі мен мағыналық жақтары қатар қамтылады. Табиғатына тереңірек үнілсек, даму барысында өздеріне тән ерекшеліктерінің қалыптасқанын байқауға болады. 1. Бұл, әсіресе, олардың мағыналық жақтарынан көбірек көрініс береді. Бір есімнің (түбір, туынды, біріккен тұлғалы) өн бойына, ат қоюшының өзіне мәлім бір емес, бірнеше мағынаның жүктелуі мүмкін. Мысалы, Құралай есімі қыз балаға құралайдай сұлу, нәзік, пәк, таза болсын деген мағынада беріледі. Осындағы *сұлулық, нәзіктік, тазалық* әр басқа ұғымдар болғанмен бір антропонимге жүктеліп тұр. Мұны тек антропонимжасамдық мағына аясында ғана қарастыруға болады. Сондықтан, антропонимдерді мағыналық топтарға жіктегенде осы жағы да ескерілгені жөн. Бұл орайда мынандай екі мәселені басшылыққа алуға болады: біріншіден, *антропоним жасаушы сөздің грамматикалық табиғатын басшылыққа ала отырып топтастыру*; екіншіден, *антропонимжасамдық ұғым-түсініктер табиғатын басшылыққа ала отырып топтастыру*.

Бірінші мәселе бойынша алғанда, антропонимдер астарлы мағынасының кеңдігіне қарамастан, жалқы, яғни бір адамды атау үшін ғана қолданылады. Әрине бір есімнің бірнеше адамға қойылуы мүмкін, алайда, ол – адамдық қасиеттерінің негізінде беріліп отырған жоқ, қалыптасқан дайын есімдердің қолданыста қайталануы. Өйткені, тіліміздегі антропонимдердің лексикалық қорында дайын күйінде қолданылатын бірліктер көптеп саналады. Жалқы есімдердің өзге тобынан антропонимдердің бір ерекшелігі осында. Мысалы, бір антропоним түріне, кескін-келбетіне қарамай, бірнеше адамға берілуі мүмкін, ал дәстүрлі ономастикалық атаулардың өзгесінде мұндай мүмкіндік шектеулі. Осы орайда, мазмұнының кеңдігіне қарамастан, кісі аттарының жалпы көпшілікке біршама танымал, ортақ мағынасының да бар екенін еске алу қажет. Мұның антропонимдердің мағыналық топтарын анықтауда өзіндік үлесі болмақ. Айта кету керек, «біршама танымал» деуіміздің себебі қойылған әрбір есімнің толық мағынасы тек ат қоюшыларға ғана мәлім болуы мүмкін, алайда ол жағы көпшілікке толық мәлім бола бермейді. Сондықтан оны есімнің иесімен ғана байланыстыруға тура келеді. Осы тұрғыдан келгенде, қойылу мақсатына қарай бір есімнің бірнеше мағыналық ерекшелігі болуы мүмкін. Алайда, ат қоюшының арман-тілегіне байланысты, оның тарапынан телінетін түрлі жағдайлар қалыптастырған жеке мағыналарды жоққа шығармағанымызбен, тікелей мәселеге қатыстылығы жағынан – синонимдік қатарға енетін антропонимдерді анықтауда бұл мағынаны негізге ала алмаймыз. Себебі, теориялық тұрғыдан басшылыққа алу үшін, ең бастысы замандар бойы қалыптасқан танымал болуы шарт.

Тіліміздегі антропонимдерді синонимдік қатарға топтастыру үшін, ең алдымен оған тірек мағынасын анықтап алуымыз керек. Себебі, атап өткеніміздей антропонимдердің мағынасында нақтылықтан гөрі жалпылық сипат басым. Бір есімді түрліше түсіндіруге болады. Бұлай болғанда олардың синонимдік қатар түзуі екіталай. Сондықтан, көпшілікке ортақ танымал мағынасы басшылыққа алынуға тиіс. Бұл мағына ең алдымен антропонимге айналған сөздің атауыштық қасиеттерімен байланысты болып келеді, демек кісі есіміне негіз болған сөздің грамматикалық қасиеті басшылыққа алынады. Екінші сөзбен айтсақ, бұл – антропоним мағынасының ядросын жасайтын денотаттық мағына. Сөзіміз жүйелі болу үшін бірінші синонимдік қатар түзетін кейбір антропонимдерді мағыналық топтарға жіктеп көрелік.

1. Заттық мәнде қолданылатын синонимдес антропонимдер: Алмас – Болат – Темір, Есбай – Ақылбай, Ақыл – Сана, Серік – Ер-

мек, Бабажан – Атажан, Бақыт – Қуаныш, Ырыс – Береке, Бірлік – Ынтымақ, Мұрат – Мақсат, Меңтай – Қалтай, Шалбай – Кәрібай, Дәрия – Теңіз – Көлбай, Қозы – Қошақан, Тайжан – Жабағы, Киікбай – Бөкенбей, Шолпан – Жұлдыз, Барақ – Итбай, Бауыржан – Ағабек, Асқар – Шыңбай – Таужан, Арын – Ағын, Өріс – Жайлау т.б.;

2. Сындық мәнде қолданылатын синонимдес антропонимдер: Сарыбай – Жиренбай, Қоңырбай – Күреңбай, Мықтыбай – Берікбай, Батыр – Ержан, Дархан – Жомарт, Әсем – Сұлу – Көркем – Әдемі, Таймас – Қайсар т.б.;

3. Қимыл-әрекет мәнді синонимдес антропонимдер: Тұрсын – Тоқтасын, Жұбан – Алдан, Аманкелді – Есенкелді, Аңсаған – Көксеген, Есіркепберді – Жарлықапберді, Ұлбосын – Ұлтуар – Ұлжалғас, Таңатар – Күнтуар, Алдаберген – Құдайберген – Ақбарген, Оңдасын – Оңғарсын, Бегей – Бектен, Ұлас – Жалғас т.б.

Мағынасына қарай синонимдес антропонимдерді осылай топтастырғанымызбен, лексика-морфологиялық жағынан келгенде, бұлардың ішінде де бір-бірінен айырмашылығы бар екі топты байқауға болады. Бұлар: лексикалық синонимдер және морфологиялық синонимдер. М. Серғалиев өз еңбегінде, «лексикалық синонимдерде сөздердің бәрі бір сөз табынан болуға тиістілігі шарт...» десе [195, 35 б.], ал морфологиялық синонимдерге тән ерекшелік «бір түбірден жасалуы керек» екенін атап өтеді [195, 37 б.]. Келтірілген мысалдарда көріп отырғанымыздай, лексикалық синонимдердің саны басым. Мысалы, лексикалық синонимдерге жататын антропонимдер Болат – Алмас – Темір, Ақыл – Сана, Ырыс – Береке, Мұрат – Мақсат т.б. секілденіп келсе, морфологиялық синонимдерге, Оңдасын – Оңғарсын – Оңалсын, Бегей – Бектен, Айман – Айым т.б. секілді антропонимдерді жатқызуға болады. Берілген лексикалық антропонимдердің бір сөз табына қатыстылығы оның осы топқа тән екендігіне дәлел бола алады деп ойлаймыз. Ал морфологиялық синонимдердегі Оңдасын – Оңғарсын – Оңалсынның құрылымы түсінікті болғанмен, Бегей – Бектен, Айман – Айым жөнінде бірер сөз айта кету керек секілді. Бегейдің түбіріне (бек) жалғанған қосымша (-ей) етістік тудырушылық қызметте жұмсалып, бек, бол мағынасын беріп тұр. Бектеннің құрамындағы (-тен) қосымшаның мағынасы да осыған ұқсас. Бұл тұлғалық жағынан шығыс септігінің жалғауына ұқсағанмен, көне тұлғалы антропоним. Көне түркі жазба ескерткіштерінде Беклән нұсқасы (-лән – етістік тудырушы, -н – өздік етіс жұрнағы) кездеседі. Байыптап қарар болсақ, қазіргі мағынасы да осыдан алшақ тұрмаған секілді. Келесі Айман – Айым антропонимдерінің негізгі мағынасы

ай түбірімен байланысты. Айманды сыртқы тұлғасына қарап, біріккен тұлғалылар қатарына жатқызуға болады. Бұл жөнінде, -ман компонентін біраз тілдердегі нұсқаларымен салыстыра келіп, «адам» деген мағына беретіндігі жөнінде пікір білдірген тілшілер бар. Алайда бұл ғалымдардың бәріне ортақ пікір емес. Антропоним компоненті ретінде қарастырсақ, дегенмен, осы пікір біршама дұрыстыққа сәйкесетіндей. Осылай десек те, қазіргі кезде -ман, -бан, -пан жеке, дербес мағыналы компоненттен гөрі антропоним жасаушы қосымшаға көбінесе ұқсайды. Өйткені, көп сөздердің түбіріне жалғанып, антропоним ретінде танылуына қызмет етеді. Мысалы, Нұрман, Бірман, Ерман, Гүлман, Биман т.б. атағанда ең бірінші кісі аты ретінде ойымызға оралады. Осы тұрғыдан келгенде Айман антропонимін анықтаушы, анықталушы компоненттері бар синтаксистік синонимдер қатарына емес, -ман қосымша ретінде танылып, морфологиялық синонимдер қатарына жатқызылады. Ал Айымның құрамындағы -ым қосымшасы ертеректе тәуелдік жалғауы қызметін атқарғанмен, кейіннен еркелету мәніне ие болған. Тілімізде Айжанды Айым, Балжанды Балым, Гүлжанды Гүлім деп еркелету бар. Айтыла келе еркелту мағынасынан да алшақтап кеткен. Етене болғаны соншалық Гүлжан өзінше, Гүлім өзінше жеке-жеке есім болып қалыптасып кетті. Екеуіне де тән антропонимжасамдық қызметтеріндегі ортақтық оларды (-ым мен -ман) бір-біріне жақындата түседі. Демек, Нұрман мен Нұрымды, Гүлман мен Гүлімді бір синонимдік қатарға қоюға болады.

Ілгерідегі топтаулардан байқалатын тағы бір ерекшелік антропонимдердің құрылымында жатыр. Мұнда синонимдік қатардың әртүрлі жолмен түзілгендігі байқалады. Мысалы, Әсем – Сұлу – Көркем – Әдемі, Ақыл – Сана, Дархан – Жомарт синхрониялық тұрғыдан алғанда ешқандай қосымшасыз, түбір сөздерден жасалса, Тұрсын – Токтасын, Аңсаған – Көкसेген, Бегей – Бектен туынды сөздерден, Қоңырбай – Күреңбай, Киікбай – Бөкенбай, Алдаберген – Тәңірберген – Құдайберген т.б. біріккен тұлғалы яғни екі сөзден құралып тұр. Бұлар үнемі осы тепе-тең дәрежесін сақтамайды, бірде бір сыңары бір компоненттен болса, екінші сыңары екі компоненттен болып келетіндері де кездеседі. Мысалы: Берік – Мықтыбек, Жабағы – Тайжан, Мұхит – Теңізбай т.б. Өлмес – Жасұзақ – Мыңжасар т.б. Сөз таптарына қатыстылығы жағынан алғанда негізінен зат есім, сын есім, етістіктерден тұратынын ілгеріде атап өткенбіз. Бұлай болуы тіліміздегі синонимдес антропонимдердің басым көпшілігінің осы сөз таптарынан жасалатындығында жатса керек. Мұны К. Аха-

нов әрбір тілдегі сөздердің басым көпшілігінің осы сөз таптарынан тұратындығымен түсіндіреді [18, 126 б.]. Демек, бұл қазақ тіліне ғана емес, басқа тілге де ортақ жайт.

Синонимдес антропонимдердің сөз таптарына қатыстылығы жағынан алғанда, ілгерідегі мысалдардың бәрінде де бір қатарда тұрған есімдердің бір сөз табынан жасалғандығын көріп отырмыз. Алайда, осы жерде мына бір мәселеге көңіл аударалықшы, егер Таңатар – Күнтуар сыңарларын тура мағынасында «таң ату» және «күн туу» түрінде алып қарар болсақ, «таң атудың» мағынасын еркін тіркес ретінде тура қабылдаймыз да, «күн тууды» тұрақты тіркес ретінде фразеологиялық байлаулы мағынасы бойынша қабылдаймыз. Сондай-ақ, осыларды синонимдік қатарға қоюға болар ма екен? Біздіңше жоқ. Демек, бұларды бір жерге топтастырып тұрған антропонимдік мағынасы. Осы мағынасы ғана осылай топтастыруға мүмкіндік беріп тұр.

В.И. Кодухов синонимдердің бір-бірінен айырма белгілерін үш топқа бөліп қарайды: «1. Ұғымдық синонимдер (немесе идеографиялық). Олар бір-бірінен ең бірінші лексикалық мағынасы арқылы ажыратылады...; 2. Стилдік синонимдер (немесе функционалдық). Олар бір-бірінен қолдану аясы бойынша ажыратылады...; 3. Эмоционалдық-бағалауыштық синонимдер...» [196, 182 б.]. Антропонимдерді осы аталғандардың ішінде бірінші топқа жатқызып, осы шеңбердің аясында қарауға болатын секілді. Өйткені антропонимдер ең бірінші ұғымға негізделеді де, бір-бірінен лексикалық мағыналары арқылы ажыратылады.

Ұғым, түсінік тұрғысынан келгенде, антропонимдердің синонимдік қатар түзуінде тіл білімінде қалыптасқан кейбір заңдылықтарға қайшы келетін тұстары кездеседі. Мысалы, тіл білімінде синонимдерге қойылатын шарттардың бірі ретінде «сөздердің бір-бірімен мағыналық жақтан жақын, өзара мәндес болуымен бірге, барлығының бір сөз табына қатысты сөздерден жасалуы» аталады [18, 125 б.]. Ал синонимге берілген анықтамалардың негізгі мазмұны «Дыбысталуы әр басқа болғанмен, мағынасы жақын сөздер синонимдер делінеді» тектес болып келеді [37, 108 б.]. Мағынасы жақын антропонимдерді бір синонимдік қатарға топтастыру барысында мынандай жайттар кездеседі. Мысалы, Тұяқ – Ізбасар, Рауан – Таңат, Ұлжан – Жаңылсын т.б. осы аталғандардың антропонимдік мағынасы сөз жоқ мәндес. Ал сөз таптарына қатыстылығы жағынан, бірінші сыңарлары зат есім, екінші сыңарлары етістік. Сондай-ақ, Таймас – Қайсар, Өлмес – Жасыұзақ секілді сын есім мен болымсыз етістіктердің, Ер-

кін – Кеңшілік, Білгір – Білім – Білжан секілді сын есімдермен зат есімдердің бір синонимдік қатарға тұруы кездеседі. Мұнан, қазақ антропонимдері мағыналық тұрғыдан алғанда, өзіндік грамматикалық жүйесі қалыптасқан дербес құрылым және ол көп жағдайда, дәстүрлі грамматикалық заңдарға бағына бермейді деген қорытынды жасауға болады.

Екінші мәселе бойынша алғанда, кісі аттарының мағынасында ат қоюшының арман-мұраты жататыны белгілі. Бұл ұлттық дүниетанымның шеңберін қамтиды және ол жалпыхалықтық болғандықтан, көбіне қойылатын есімдердің мазмұны да онымен сәйкесіп жатады. Сөйтіп, бір мәндегі мазмұнның өзін әркім әртүрлі сөзбен беруі мүмкін. Осыдан келіп атауыш сөзге негізделген мағыналары жақын, мәндес антропонимдер қалыптасады, сонымен қатар осы қатарға антропонимжасамдық ұғым-түсініктер тұрғысынан келіп қосылатын антропонимдер қатары қалыптасады. Олар *антропонимжасамдық ұғым-түсініктер табиғатын басшылыққа ала отырып топтастыруды* талап етеді. Осындай тұжырымдарға жетелейтін жайттардан антропонимдердің өзіндік ерекшеліктері көрінеді – сөз таптарына қатыстылығын ескермегенде, бір қатарда тұрған мәндес антропонимдердің құрамына сырт көзге бөгделеу көрінетін келесі бірінің енетіні бар. Мысалы, Ұлжан, Ұлту, Ұлтуар, Ұлжалғас, Ұлбосын секілденіп келеді де, осы қатарға Жаңылсын, Үміт, Тоқтар (әйел.) есімі қосылады. Сол секілді Ізтай, Ізбасар, Орынбасар т.б. қатарына Тұяқ, Сарқыт (ер) келіп кіреді.

Жалпы, осы айтылғандардан антропонимжасамдық мағынаның сипатына тән өзіндік ерекшеліктерді байқауға болады: олардың бойында негізгі және ауыспалы мағына қатар жүреді. Ілгеріде берілген синонимдік қатарлардың барлығы антропонимжасамдық негізгі мағыналарына қарай топтастырылса, кейінгі Ізтай, Ізбасар, Орынбасар т.б. мен Тұяқ секілді шығу тегі бір-бірінен алшақ жатқан есімдердің бір қатарға тұруы аталған – антропонимжасамдық туынды мағынаның негізінде жүзеге асып отыр.

Кісі аттарына негіз болған сөздердің бастапқы мағынасы антропонимдік туынды мағынамен үнемі байланыста болатыны анық, алайда антропонимдік туынды мағына дами келе, өзінің шығу тегінен алшақтап мүлде басқа мәнге ие болатын жайттар кездеседі. Олардың қатарына тарихи тұлғалар, қоғам, өнер қайраткерлері, танымал тұлғалар т.б. есімдерін жатқызамыз. Мысалы, қазіргі кез-

де Нұрсұлтан есімі балаға «нұрлы болсын, жігіттің сұлтаны болсын» дегеннен бұрын, қазір Қазақстан Республикасының Президентіндей адам болса екен деген тілекпен қойылады. Бұл орайда *дана, басшы, жетекші* мағыналарында Нұрсұлтан есімі Шыңғыс, Жошы, Жәнібек, Керей, Тәуке, Қасым, Хақназар, Абылай, Кенесары т.б. қатарынан орын алады. Сол секілді соңғы жылдары өткен тарихымызда болған қайраткерлер туралы айтылып, олардың халқына сіңірген еңбектерін дәріптеу қолға алынғаннан кейін-ақ, есімдерінің қолданылу белсенділігі артқаны белгілі. Бұл жерде Ахмет, Әлихан, Мағжан, Міржақып т.б. секілді есімдер өзінің бастапқы мағынасынан гөрі, осы аттас тұлғалардың бойындағы дарындылық қасиеттерін білдіріп тұрғаны анық. Өйткені, антропоним ретінде алғанда бұл сөздер өздерінің бастапқы мағынасынан мүлде алшақтап кеткен.

Антропонимжасамдық мағынаның табиғатына тән осындай ерекшеліктер тұрғысынан келер болсақ, оларды синонимдік қатарға жіктеудің біз атап отыран екі түрлі тәсілінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, қандай жолмен болсын кісі есімін жасаушы сөз өзінің түпкі негізін сақтай отырып, антропонимжасамдық мағынаға ие болады. Демек, оның бойында лексикалық әрі антропонимжасамдық мағына қатар өмір сүреді. Осы ерекшелігін басшылыққа ала отырып, оларды грамматикалық сипатына қарай топтастыру талап етіледі. Басты мақсат дыбыстық құрылым мен мағынаның өзара қатынасын айқындау – кісі есімдерінің құрамындағы әрбір дыбыстық форманың антропонимдердің жасалуында өзіндік орны бар. Грамматикалық тұрғыдан зерделегенде осы қырларын басшылыққа аламыз.

Антропонимжасамдық жүйеге тән заңдылықтар бойынша алғанда, грамматика теориясының ұстанымдарына сәйкеспейтін, тек кісі есімдерінің өзіндік табиғатын саралау арқылы ғана тереңірек тануға болатын сырлар бар. Ат қою дәстүрімен тікелей сабақтасып жататын осы сырлардың мәні терең, ауқымы өте кең. Бұл қасиеті бойынша саралар болсақ, көптеген антропонимдердің мағыналық жағынан бір-бірімен тығыз байланысып жататыны байқалады (Бұл мәселе мағыналардың тоғысу құбылысы деген атаумен арнайы қарастырылады). Синонимдік қатар түзу мәселесінде антропонимдердің осы екі жағын қатар қарастырғанда ғана антропонимжасамдық мағынаның болмысы ашылмақ.

1.4.2 Антропонимжасамдық мағынаның түрлері

Кісі аттарын мағыналық тұрғыдан зерделегенде, оның бір-бірімен тығыз байланысты екі жағы ескеріледі: 1. Кісі есімі – атау. Белгілі бір адамға берілген есім. 2. Кісі есімі – атауға айналған сөз. Түпкі лексика-грамматикалық мағынасын сақтай отырып, жаңаша қызмет пен мәнге ие болған. Басқаша айтсақ, мәселеге өзек болғалы отырған бір нәрсенің екі жағы – кісі есімі және оның атауыштық қызметі. Антропонимдерді социолингвистикалық зерттеу нысаны ретінде қарастырған зерттеуінде Т. Жанұзақов «әлеуметтік өре» мәселесіне тоқтала келіп, «Айталық, Айтан Ағымановтың отбасындағы әлеуметтік өресі – үй иесі, әке, ұл, аға, күйеу, жезде, өзінің зерттеу институтындағы әлеуметтік өресі – филология ғылымдарының докторы, бірнеше кітаптың авторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, спорт бойынша әлеуметтік өресі – шахматшы, шаңғышы. Бұған қарағанда кісі аттарының *төтенше мағынасы және қоғамдық мағынасының* бар екені байқалады» – деп тұжырымдайды [63, 60 б.]. Бұл тұжырым кісі есімдерінің әлеуметтік болмысына байланысты жасалып отыр. Осыдан келіп, атау мен мағына арасындағы бірлік мәселесі туындайды. Ғалым, отбасындағы және қоғамдық ортадағы «өресін» екі түрлі таниды. Мағынаның негізгі қызметі дыбыстық форма арқылы белгілі бір ұғымды білдіру болса, «әлеуметтік өре» мағына ретінде қарастыруға әбден лайық. Алайда, Т. Жанұзақов көрсеткендей жеке адамдарға қатысты тым даралап, «тікелей мағына», «қоғамдық мағына» деп емес, жалпылауыштық мәнде «әлеуметтік мағына» деп қарастырғанды дұрыс көреміз. Әлеумет сөзінің түсіндірме сөздікте «1. Ел-жұрт, көпшілік қауым. 2. Қоғам, мемлекет» деген түсінік беріледі. Жеке адам қасиеті әлеумет тарапынан бағаланатын болғандықтан, есім мағынасының орнығуы да әлеуметпен тікелей байланысты, «әлеуметтік мағына» деуіміз де сондықтан. Кісі аттарының түсіндірме сөздіктерінде Ақымет қаз. араб тілінен аударғанда «1. Ең атақты, танымал, нағыз мақтауға лайық. 2. Мұхамбеттің лақап аты» – деп көрсетіледі [62, 36 б.; 162.]. Сөздікте берілуінен антропонимжасамдық мағынаның екі түрлі жағы көрінеді: түпкі мағына және әлеуметтік мағына. Негізінен, Мұқамет, түркі халықтарына, бастапқы араб тіліндегі мағынасынан гөрі пайғамбардың есімі ретінде жақын. Сондықтан, Мұқамет дегенде ойымызға адам есімі, діни сеніміне байланысты Алланың елшісі – пайғамбар келуі мүмкін. Есімнің «қазақы санада бейнеленіп, тұрақталған ұғымының мазмұны» осы. Есімнің атауыштық

қызметі негізінде қалыптасқан әлеуметтік түсінік. Оны қазақ және басқа да мұсылман-түркі тілдерінде қолданылатын осы есімнің әлеуметтік мағынасы ретінде тануға болады. Сол секілді қазақ тіліндегі Болат, Қанат, Жанат т.б. жалқы есімдік түпкі мағынасы мен антропонимжасамдық мағынасының бір-бірінен өзіндік ерекшеліктері бар: аталған сөздердің бастапқы мағынасы, осы атаулардың ішкі мазмұны туралы санада бейнеленіп, тұрақталған ұғымдарды білдірсе, антропонимжасамдық мағына бастапқы лексикалық мағынаның негізінде жүйеленіп, антропонимжасам талаптарына сай сомдалған жаңаша сипаттағы үлгісі болып табылады, яғни сол мағына арқылы ұғынылатын қасиеттерді адамның – нәрестенің бойынан көргісі келуден туған арман-тілектің ұлттық таным аясында жүйеленген мазмұнын білдіреді. Мұнда да мағынаның ауысып қолданылу үдерісі байқалады.

Кісі есімдерінің табиғатына тән осындай ерекшеліктер бойынша алғанда, біздің пікірімізше, антропонимжасамдық мағынаны екі топқа бөліп қарастыруға болады: жалпы есімдердің негізінде қалыптасқан антропонимжасамға тән *лексикалық мағына* және атауыштық қызметіне негізделіп, жеке адамның қасиеттері мен өмірдегі қоғамдық мәртебесі т.б. сай қалыптасқан *әлеуметтік мағына*. Екеуінде де антропонимжасамдық сипат бар. Осы тұрғыдан алғанда кісі есімдерінің мағыналық сипатын осы екі бағытта қарастыру арқылы теренірек зерделеуге болады.

1.4.2.1 Антропонимжасамға тән лексикалық мағына

Жалпы есімдердің лексикалық мағынасы мен антропонимжасамға тән лексикалық мағынаның өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, *бота* сөзінің мағынасы – түйенің жас төлі, ал антропонимжасамдық мағынасы сүйкімділік, тазалық, сұлулық. Антропонимжасамға негіз болатын, осы орайда, сөздің ауыс мағынасы екені байқалады, дегенмен қызметі мен антропоним ретінде танылуы барысында антропонимжасамдық сипаты тереңдей түседі. Аpellлятивпен салыстырғанда – антропонимдер екіншілік мәнге ие. Олар аpellлятивтерден жасалады. Аpellлятивтерден антропонимдердің жасалуы қандай да бір белгілерді көрсету принциптерімен жүзеге асады. Осы белгілердің атауы тұлғаға беріледі. Мысалы, Андрей – «нағыз ер» (грек т.), Валерий – зор, ірі (лат.) [116, 65 б.]. Қазақ есімдерінің мағыналық қалыптасуы да осындай жолдармен жүзеге асады. Есім туралы пікірлер жинақталып, жүйелене келіп, белгілі бір сөз арқылы

көрінеді немесе бір ғана нақты мақсаттан туып, кең қолданысқа ие болған есімдер келе-келе тұтынушылар тарапынан телінетін түрлі мағыналық реңк, компоненттермен толығып отырады. Осы ерекшеліктері бойынша алғанда, кісі есімі мағынасының қалыптасу үдерісінде жалпы есімдермен ұқсас жақтар көп.

Кез келген тілдік бірліктің өзіне тән мағынасы бар – дыбыстық форма мағынаға ие болғанда ғана тілдік қасиетке ие немесе ақпарат беруге қабілетті бола алады. Қолданылатын сөздердің әрқайсысы қоғамдық орта қабылдаған белгілі бір ұғымдардың атауы ретінде өмір сүреді. Мағына осы ұғымдарды білдіретін белгі. Дыбыстық формалары ұқсас сөздер мағынасына қарап ажыратылады және негізгі ой мағына арқылы жеткізіледі. Антропонимдер де тілдік бірлік ретінде белгілі бір мағыналарға ие екені шындық және олардың да мағынаға ие болуы тіл заңдылықтарының негізінде жүзеге асады. Мәселені байыптау үшін әуелі сөз мағынасы туралы осы уақытқа дейін тілші ғалымдар тарапынан берілген бір-екі анықтамаға тоқталып көрелік: «Әрбір сөздің өзге сөздермен қарым-қатынасқа түспей, жеке-дара тұрғандағы (статикалық күйдегі) нақтылы я негізгі мағынасы, әдетте, лексикалық я тура мағына деп аталады» [180. 7 б.]. «Лексикалық мағына – зат, құбылыс, іс-әрекеттің санада бейнеленіп, тұрақталған ұғымының мазмұны» [37, 736.] немесе «Мағына дегеніміз – ойлау мен сөздің аралығында жатқан аумақ. Мағына бұл ойлаудан сөзге дейін жүрілетін жол» – деп оның ауқымын кең көлемде қарастырады [15, 155 б.]. Бұлай болғанда, «мағына» ұғымы тар мағынасында – бір нәрсені білдіру, кең көлемде алғанда сөзге тән аялық білім ауқымындағы ұғымдардың жиынтығы болып шығады, демек бұл қасиеттер белгілі бір жалпы есім сөзге де, ол арқылы жасалған кісі есімдеріне де ортақ.

Кісі есімдерінің өзіндік ерекшелігі – осы тектес анықтамалардың аясына сыймайтындығында. Өйткені, антропоним адамды атайды, ал ол үшін арнайы сөз ойлап табылмайтындықтан, дайын сөз алынады. Дайын сөз қалай болғанда да адамның ішкі, сыртқы келбетін толық сипаттап бере алмайды, екіншіден, есім таңдалғанда мағынасы арқылы адам болмысын сипаттап беру, кей жағдайда болмаса, мақсат етілмейді. Сондықтан, антропонимжасаушы лексикалық мағынаның ерекшелігі өзі атайтын нысанмен арасындағы байланыстың мүлде жоқтығында немесе әлсіздігінде.

Антропоним ретінде алғанда аталған сөздер ең бірінші дыбыстық таңба ғана, мысалы, Болат, Қанат, Жанат есімдерін алайық: белгілі бір адамды шақырып немесе сөзді есім ретінде атап тұрып асыл темір-

ді, құстың т.б. қанатын, терісі бағалы аңды (жанат) немесе ғажайып жұмақты ойға алу мүмкін емес, оның орнына осы есімді иеленген адам туралы ойлаймыз, я болмаса бұл тұлғаның адам аты ретінде қолданылып тұрғанын білеміз, демек, адам мен есімге айналған сөз мағынасы арасында ешқандай байланыс жоқ.

Байланыс түркі халықтарының дәстүрінде бар ырым-жоралар арқылы көрінеді – баланың туған кездегі түріне, денесіндегі белгілеріне байланысты қойылған есімдерді осы топқа жатқызуға болады. Тек баланың денесіндегі кемістігіне немесе ерекшелігіне қарап қойылған есімдер ғана оның сол кездегі жағдайын білдіруі мүмкін: көздері шапыраштанып туғандықтан Шапырашты, жарық бас болып туғандықтан Жарқышақ, сол секілді денесіндегі қалы бойынша Қалдыгүл, түріне қарап Қарабала, Сарбала т.б. және көркем шығарма кейіпкерлерінің есімдері т.б. Олардың өзі де сол кездегі жағдайға байланысты атау мен сәби арасындағы шартты байланыс, алайда өмірлік тұрақты ұғымдарды білдіре бермейді (баланың түрі кейін өзгеріп кетуі мүмкін).

Мағына мен тұлға арасындағы алшақтық атауыштық қызметімен байланысты алғанда туындайтын көрініс, дегенмен сөздің кісі есімі ретінде таңдалуы мағынаға қатыссыз жүзеге асады деуге болмайды. Сондықтан, жалпы есімдердің жалқы есімге, нақтырақ айтқанда антропонимдерге ауысуы барысында басшылыққа алынған негізгі мағыналық элементтер екеуіне ортақ күйінде қалатыны да назардан тыс тұра алмайды. Антропонимжасамға тән лексикалық мағына деп атауымыздың себебі де сол. Олай болса, кісі есіміне тән мағынаның бұл түрін қай тұрғыдан тануымыз керек? Осыған дейінгі зерттеушілердің тарапынан кісі есімдерін лексика-семантикалық топтарға жіктеп қарастыру дәстүрі бар. Мысалы, татар ғалымы Саттаров ер және әйел есімдерінің лексика-семантикалық классификациясын жасағанда оларды мынандай топтарға жіктейді: *Сипаттау мәнді (дескриптивті) есімдер*: нәрестенің физиологиялық ерекшеліктеріне, бала туған кездегі жағдайларға байланысты. *Тілек мәнді есімдер*: денсаулық, ұзақ өмір, сұлулық, сәттілік. *Арнау мәнді есімдер*: исламды дәріптеу мақсатында қойылған діни есімдер, белгілі бір тұлғаның құрметіне қойылған есімдер» [170] – деп топтастырса, түрік ғалымы Celaleddin Çelik (Джелаледдин Челик) мынандай 14 топқа бөліп қарастырады: 1. Тарихи және саяси лидерлер есімдері; 2. Діни мақсатты және мотивті аттар; 3. Аталар және туыстар мен жақындарға байланысты аттар; 4. Біреуге қарыздарлық сезіммен қойылатын аттар: досының, өзіне жақсылық жасаған адамдардың

атын беру; 5. Туған күні немесе уақытқа байланысты қойылатын аттар; 6. Туған жері мен мекеніне байланысты берілетін аттар; 7. Тууы кезіндегі кездейсоқ жағдайлар мен баланың көзге түсетін ерекшеліктеріне байланысты берілетін аттар; 8. Географиялық атаулар, табиғат оқиғаларына, космонимдерге байланысты есімдер; 9. Бір мақсат пен тілектің орындалуы үшін берілетін аттар. 10. Жанды және жансыз зат аттарын беру. 12. Мода есімдер – әр замандағы қоғамдық сана қабылдаған есімдерді айтады. 13. Идеологиялық, мазхабтық есімдер: ер балаларға – Хасан, Хусейн, Жафер, қыздарға Мериам – Мәриям, Гүлсім, Ериф (Әріп). 14. Сөздердегі өзгерістер – жасанды есімдер: Әкесінің аты Айхан, шешесінің аты – Гунай болса, екеуінен қосылып Айкүн есімі жасалған [153]. Антропонимжасамдық ұя мәселесін Г. Көлдеева «Семантическое гнездо» деген атаудың аясына былайша топтастырады: I Семантическое гнездо «Быт, предметы быта», II Семантическое гнездо «Скотоводство», III Семантическое гнездо «Земледелие», IV Семантическое гнездо «Рыболовство, охота», V Семантическое гнездо «Наименование одежды и ее деталей, ювелирные изделия»; I Семантическое гнездо «Языческие культуры и верования», II Семантическое гнездо «Ислам», III Семантическое гнездо «Мораль, нравственность», IV Семантическое гнездо «Семья, род, племя, народ», V Семантическое гнездо «искусство. Праздники» [85, 20-28 б.].

Мұндай саралаулар өзге ғалымдардың еңбектерінде де кездеседі [104; 61, 20 б.; 14; 86]. Барлығында лексикалық мағынамен байланыста қарастырылады. Біздің «антропонимжасамға тән лексикалық мағына» деп атау себебіміз де сондықтан. Осы зерттеулер негізінде жасалған топтастырулар кісі есімдері мағынасының белгілі бір өлшем аясымен шектелмейтінін көрсетеді. Көпшілігі бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені түркі халықтарында екі немесе онан да көп есімнің бір мақсатта (бір мағынада) қойылатыны бар. Мысалы, алғыр қыран құстар атауынан қойылатын Лашын, Қаршыға, Тұйғын есімдерінің антропонимжасамдық мағыналарын бір-бірінен ажырату қиын. Осы құстарға тән халық ұғымындағы символикалық белгілер, негізінен, алғырлық, өжеттік, жылдамдық, тектілік т.б. секілденіп келеді. Бұл кісі есімінің жасалуындағы уәждемелік белгілер болып табылады. «Уәждеме лексеманың қалыптасуында реалийлердің арасындағы байланысты, яғни, атауға қандай белгінің, ерекшеліктің негізі өзек, себеп болғанын қамтамасыз етеді» [104, 96 б.]. Мысалы, үш, жеті, тоғыз, он, қырық сандары «киелі», «қасиетті» мағынаға ие [63, 122 б.]. Кісі есіміне айналуына, яғни антропоним жасауға негіз болып

тұрған да оның осы мағынасы. Бұл өз кезегінде ұлттық таныммен, салт-дәстүрмен сабақтасып жатады.

«Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» уәж, уәждеме, уәжділіктерминдерін «мотивацияның» баламасы ретінде қарастырады да, «белгілі қимыл-әрекеттің болу себептерін түсіндіру, дәлелдеп негіздеу» – деген түсінік беріледі [102, 370 б.]. Олай болғанда, қазақ есімдерінің шығу, қалыптасуына негіз болған оқиғалар мен ұлттық дүниетаным аясындағы ұғым-түсініктердің ат қою дәстүріндегі орнын антропонимжасамдық уәж ретінде түсінеміз. Қоғамдық немесе жеке адамдардың санасында орныққан белгілі бір қажеттілікке байланысты сұраныс антропоним мазмұнын қалыптастырады да, енді оған атау таңдау мәселесі туындайды. Батырлыққа, ерлікке, Отанды, елді, намысты қорғауға байланысты; адамгершілікке, сүйіспеншілікке және т.б. мәдени ұғымдарға байланысты; наным-сенімдерге, ұлттық дүниетанымға байланысты т.б. сан салалы тараулар жеке адамдардың түсінігі, эстетикалық талғамы бойынша белгілі бір дыбыстық таңбалар арқылы беріліп жатады. Осыдан келіп бір мазмұндағы бірнеше антропонимжасамдық формалардың қалыптасуы мүмкін. Міне, осы тұлғалардың жалпы мазмұны, қалыптасуының себептері ұлттық танымға тереңдеген сайын айқындала береді де, антропонимжасамдық уәж ретінде танылады.

Белгілі бір дыбыстық таңба, яғни сөз антропонимге айналғаннан кейін, ұлттық санада оның жалпыға ортақ мағыналық аясы қалыптаса бастайды. Жеке адам тарапынан қойылған есім жаппай қолданысқа ие болып, тілде дербес антропоним ретінде нормалану үдерісі тереңдей түседі де, мағыналық аясы да жаңаша сипатқа ие болып, өңделе береді. Мысалы, Жолбарыс, Арыстан, Қабланбек, Барысбек т.б. есімдер ұлттық танымда күштіліктің, батырлықтың, қайсарлықтың, тектіліктің т.б. символы ретінде қалыптасып, антропонимжасамдық уәжге айналса, осы аңдардың бойындағы жыртқыштық, әлсіздерге көрсететін жауыздық, ерлікті, батырлықты тек тамағы үшін жасайтындығы секілді теріс жақтары антропонимжасамдық мағына аясынан тыс қалады. Екінші кезеңде осы есімді иеленген адамдардың бойындағы игі қасиеттер антропонимжасамдық мағына ретінде орнығып, өзінің аясын жаңаша сипатымен кеңейте береді. Үшіншіден, жеке адамдардың, яғни ат қоюшының есімдерді өз тарапынан тануы арқылы жүктелетін мағыналар болады: осы жануарлармен байланысты оқиғалар, түсінде көру, аян беру т.б. Бір есімнің құрамына бірнеше мағынаның топтасуы көпмағыналылыққа ұқсағанмен, көп мағыналы сөздерге тән сабақтастық мұнда жоқ – бұл мағыналар ұқсастық не-

гізінде емес, антропонимжасам заңдылықтары негізінде туындап отыр, сондықтан оларды бір антропонимнің аясына топтасқан, бір-біріне бағына бермейтін дербес мағыналық компоненттер ретінде та- нимыз. Жеке есімнің өзін лингвистикалық тұрғыдан талдағанда осы компоненттердің кешені толықтай назарға алынады. Ал ат қойғанда олардың барлығы бірдей ескерілуі шарт емес – бір дыбыстық тұлға (есім) әр адамға әртүрлі мақсатта қойылуы да мүмкін. Алайда, лингвистикалық талдауларда жалпыға ортақ «...санада бейнеленіп, тұрақталған ұғымның мазмұны» негізгі болып есептеледі.

Сонымен, антропонимжасамның өзі секілді оған тән лексикалық мағына да екіншілік сипатта өмір сүреді. Ол бір жағынан антропонимжасамдық үдерістің жүзеге асуын қамтамасыз етсе, екін- шіден, ұлттық ат қою дәстүріне тән элементтердің баршасын өз бойы- на жинақтайды. Бұл элементтер өз кезегінде антропонимжасамдық- лексикалық мағынаның ішкі мазмұнын құрайтын ауқымды құрылымға айналады да, құрылым өз ішінде түрлі компоненттерге жіктелетін болады. Әр компонент – өзінше бір кешен, яғни мағыналық топ түрлі тұлғалы есімдерден тұрады. Ілгеріде аталған зерттеулердегі мағыналық топтар осының көрсеткіші. Негізгі мағыналық белгілері бойынша топтастырылғанмен, антропонимжасамдық-лексикалық мағына жеке есімге тән бола отырып, біртұтас жүйе ретінде де маңызды. Аталған топтар өз ішінде, арасына нақты шек қоюға бол- майтындай дәрежеде бір-бірімен тығыз байланысып жатады. Осы- дан мағыналардың тоғысуы келіп шығады.

1.4.2.2 Антропонимжасамдық әлеуметтік мағына

Әлеуметтік мағына да антропонимжасамға қызмет етеді. Айталық, Болат есімі «болаттай берік, қажырлы азамат болсын» – деген тілекпен қойылса, осы тілек оның лексикалық мағынасы ретін- де қабылданады. Ал Болат ер жетіп, ғалым, көшбасшы немесе т.б. секілді адами сапасы жоғары дәрежеге көтерілсе, әлеумет тарапынан оның атына азаматтық тұлғасы мағына ретінде телінеді. Енді Болат секілді азамат болсын деген тілекпен де есімдер қойылуы мүмкін. Жеке адамның қасиеттері арқылы есім жаңа сапаға көтеріледі, осы- лайша кісі аттарының жаңа бір қырынан танылуына ықпал етуі жағынан әлеумет тарапынан телінген мағына антропонимжасамдық маңызға ие болады. Адамның әлеуметтік ортадағы орны, мәртебесі өзімен бірге есімінің де танымалдық дәрежесін айқындайды, демек әлеуметтік (жұртшылық тарапынан берілетін) баға мен әлеуметтік

мағына арасында үлкен байланыс бар. Әлеуметтік мағына табиғаты туралы тұжырым жасағанда адам, есім (дыбыстық тұлға) және мағына арасындағы қатынастар мәселесін шешу қажеттілігі туындайды. Кез келген кісі аты тілде бұрыннан бар, қолданыстағы сөздерден жасалып, белгілі бір адамға телінеді. Жалпы есім мағынасындағы антропоним жасауға қабілетті мағыналық элементтер дыбыстық тұлғаның кісі есіміне айналуына әсер етеді де, осыдан кейін ол дамудың келесі бір сатысына көтеріледі. Ал күнделікті атау барысында есім ретінде таңдалған сөз бен адам (сәби – есім иесі) арасында байланыс орнайды. Атау (сөз) өзінің төл мағынасынан алшақтап, нақты адамды білдіру қызметіне көшеді, сөйтіп жеке тұлғаның болмысына тән қасиеттер әлеуметтік мағынаның қалыптасуына алып келеді. Сөзге тән лексикалық мағынаның табиғаты туралы М. Оразовтың «... кез келген сөз өзі атау болған заттың не түрлі құбылыстың барлық қасиетін (тым болмағанда белгілі бір қоғам мүшелеріне белгілі болған) толық қамтуға әрекет етеді. Сондықтан да тауық дегенде екі аяқты, үстін қауырсын қаптаған, екі қанатты (бірақ онша ұзап ұша алмайтын) үй құсын түсінеміз» – деген пікірінің мазмұнында антропонимжасамдық әлеуметтік мағынаға тән элементтер де байқалады [11. 28]. Сөзжасамдық немесе сөздің лексикалық мағынасы мен антропонимжасамдық мағынаның ортақ белгілері мен айырмашылықтары осы секілді нәзік тұстардан көрініс беріп отырады.

Антропонимдік және жалпы есімдік лексиканың өзара байланысын саралау мақсатында жүргізілген зерттеулерде, ғалымдар арасында дау туғызып жүрген «жалпы антропонимдерде лексикалық мағына бар ма, жоқ па?» – деген мәселеге тоқталады. Осындай пікірдің тууына себепші болып отырған да, кісі есімдерінің атау мен жалқы есімнің аралығындағы екіұдай күйі болса керек. Кей ғалымдар жалқы есімдерде ешқандай ұғым да, мағына да болмайды деген пікір айтады [117, 537 б.; 167, 72 б.]. М.Н. Морозованың пікірі бойынша антропоним өзге ономастикалық топтан өзінің айырмашылығын көрсетіп тұратын арнайы лексика-семантикалық мағынаға ие. Бұл мағына антропонимдік топтағы өзге сөздерден өзі білдіретін объектінің сипаты арқылы бөлінеді. Ол объект – шынайы өмірде болған тұлғалар немесе ойлап табылған көркем образдар болуы мүмкін (Зевс, Аврора, Несмеяна) [116, 62-63 б.]. Кісі есімдерінің мағыналық ерекшеліктерін атауыштық қызметі тұрғысынан зерделегенде, мәселеге ең бірінші, тіл біліміндегі «кісі есімі дегеніміз не?» – деген қарапайым сұрақтың деңгейінен келіп көрелік. Жауабы да түсінікті – «Антропоним

– адамдардың өзіне меншікті есімдері, аты-жөні, бүркеншік, жасырын, лақап аттары» [102, 24 б.]. Бұл анықтамадан, адамды өзгелерден айыру, жекелеп көрсету, шақыру үшін пайдаланылатын атау екенін түсінеміз. Олай болғанда, әр адамның ешкімге ұқсамайтыны секілді, өзіне ғана телінген, басқалардан бөлек есімі болу керек еді. «Зат есімдер ішіндегі нақтылысы жалқы есімдер десек, бұлардың өзінде де белгілі дәрежеде жалпылық сипат болады. Ахмет деген жеке адамға меншіктеп берілген ат (өзгелерден даралап ажырату үшін қойылған белгі) деп қаралғанмен, осы есімнің өзі өмірде біреу (жалқы) болмай, толып жатқан адамға ортақ ат болып қолданылады» [37, 71 б.]. Бұл – кісі есімінің атауыштық қабілетіне тән сипаты бойынша қойылып отырған талап. Жеке адамды даралау мақсатында жұмсала отырып, олар адамның жеке қасиеттеріне байланысты түрлі мағыналық қырларымен танылады.

Жалпы, жер бетіндегі түрлі қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың әрқайсысының өзіне бекітілген есімі бар. Антропонимжасамдық әлеуметтік мағынаны зерделеу барысында, дыбыстық тұлға мен мағынаның байланысына тікелей қатысты кейбір әлеуметтік мәселелерге де тоқтала кетуге тура келеді.

Кісі аттарының әуел баста шығуының бір себебі қоғамдық қызметімен тікелей байланысты. Өйткені, ру немесе тайпа құрамындағы адамдардың саны артқан сайын оларды бір-бірінен айырып тануды жеңілдететін арнайы бір құралдың қажет болғаны анық. Бұл жерде кісі есімдері адамзаттың ақыл ойы қалыптасқаннан кейін, кеңесе отырып, арнайы ойлап табылған дегеннен гөрі, тілдің дамуымен бірге табиғи жолмен қалыптасқан десек шындыққа жақын келетін секілді: әуелде әр тайпа өзіндік атау иеленсе, кейіннен сол тайпадағы жекелеген адамдарға қоғамдағы орнына қарай есімдер беріле бастаған. Осылайша, шығу мақсатының төңірегінде антропонимдердің практикалық мәні де айқындала берді.

Әсіресе, қоғам мүшесі ретінде азаматтардың бәрі тіркеуге алынған қазіргі заманда есімсіз немесе түрліше аталып жүре беру мүмкін емес. Сондықтан есім адамның қоғамдағы орнын белгілеуші – бар екенін білдіруші бірден-бір құрал. Нақтылай айтқанда, адамсыз есімнің болмайтыны секілді, қоғамда есімсіз адам да болмайды. Адам мен есім арасындағы тікелей байланыстың нәтижесінде екеуінің арасында кірігу үдерісі жүре бастайды. Мысалы, белгілі бір адам туралы айту үшін міндетті түрде оның есімі аталады. Ал есімі аталған жерде, танысақ есімінің иесі көз алдымызға келеді, тіпті танымасақ та ойымызға адам оралады. Сөйтіп, адаммен арадағы осындай қатынас,

есім мен адамды біртұтастықта қарауға ғана итеріп қоймай, шығуы мен қалыптасуына қатысты түрлі факторлардан алшақтатып, кісі аттарының дербес болмысын айқындайды. Бұл болмыс есім иеленуші тұлғаның жеке қасиеттерімен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, Жак Ширак, Клинтон, Джорж Буш т.б. есімдердің мағынасын барлық адам білмеуі мүмкін, алайда ол есімдерді иеленген президенттерді дүниежүзінің көптеген елдерінде білетіндігі анық. Есім мен адам арасындағы байланыс – бірінің екіншісіне баламаға айналуы (суретін не өзін көріп, есімін еске түсіреміз, есімін айта отырып, адами болмысын ойға аламыз) осындай мысалдардан көрінеді.

Тарихта есімі қалың көпшілікке танымал тұлғалар бар. Қазіргі кезде олардың есімдерін «прецеденттік есімдер» деп атаймыз. Прецеденттік есім ұғымына С.Иманбердиева «белгілі бір ассоциация тудыратын жекелеуші белгілері бар және салыстыру үшін қолданылатын нақты оқиғаға, кеңінен танымал мәтінге, жеке тарихи немесе белгілі тұлғаға байлансты есім» деген анықтама береді. Бүгінге дейінгі аралықта өзінің адами болмысы, түрлі қасиеттерімен халық жадында сақталып, көне түркі дәуірінен жеткен Күлтегін, Тоныкөк, Елхан; кейініректегі Қадырғали Жалайыр, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Мұхамет Хайдар Дулати, Жәнібек, Керей, Абылай, Барак т.б. секілді есімдер – тек сөз-тұлға емес, оның әр жағында тарихи тұлға, яғни адам тұр. Сондықтан, осы есімдерді атағанда, оны иеленген басқа да көптеген адамдардың болғанына қарамай, ең бірінші антропонимжасамдық мағынасы бойынша аталған тарихи тұлғаларды ойға аламыз. Түпкі мағына бұл орайда өз мәнінен айырылып, дыбыстық формасы ғана қалады да, ол үнемі тек бір адамды ғана атай бергендіктен, сол адамның болмысы мен қасиеттерін өзіне жаңа мағына ретінде сіңіреді. Нәтижесінде тарихи тұлғалардың ерекше қасиеттері арқылы есім жұртшылыққа кеңінен танымал болады және халық үшін атқарған оң істеріне және дыбыстық тұлғаның есімге қойылатын мәдени талаптар үдесінен шыға алу дәрежесіне қарай есімінің де белсенділігі артып, қолданыс аясы кеңейеді.

Әлеуметтік мағына мен прецеденттік есімдердің осы тұрғыдан келгенде өзара тығыз байланыста болатындығы көрінеді. Бұл орайда тұлға арқылы мағынаның түрленуі жүзеге асады. Мысалы, А. Йүгнеки, М. Қашқари, Қ. Яссауи, М. Дулати, Қ. Жалайыр білім мен біліктің, символы, ғұлама ғалымдар ретінде танымал, Алпамыс, Қобланды, Қарасай, Қазы, Қарадөң, Наурызбай, Бөгенбай, Қабанбай, Саурық т.б. ел мен жер тағдыры сынға түскенде намысты қорғаған батырлар, алып күш иелері. Жүсіп – Зылиқа, Айша бибі, Қозы мен

Баян, Жібек пен Төлеген ғашықтық-махаббат, сұлулықтың бейнесі, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова т.б. – Отан үшін от кешкен батыр, патриоттар. Бұл есімдердің түпкі мағынасынан гөрі, қазіргі кезде, негізінен осы әлеуметтік мағынасы көбірек ойға алынады.

Әр адамның қоғамдағы қызметі, мәртебесі, адами қасиеттеріне қарай танымалдық дәрежесі әрқалай болып келеді. Тарихи тұлғалардың есімінен бөлек, белгілі бір аймақта, тіпті отбасы – ағайын-туыстары мен ұжымында ғана танымал болғанның өзінде де, Т. Жанұзақов ілгерідегі пікіріне сүйенсек, әр есімнің лексикалық мағынасымен бірге әлеуметтік мағынасы бар деп шамалауға болады. Алайда, кісі аттары лексикалық қордағы сөздерден жасалатын болғандықтан, екінші орында тұрады да, мағынасына ауыспалылық тән болып келеді. Себебі, жалғыз «адам» деген сөз ғана бүкіл адамзатқа тән ортақ, тура мағыналы атау болады, ал жеке есімдердің бәрі сипаттау, бағалау, теңеу және түрлі арман-тілектің символы т.б мәнінде беріледі.

Кез келген тілдік тұлғаға мағына тән екенін ескерер болсақ, қойылған есімнің өзін иеленген адамды білдіруін мағынадан тыс қарай алмаймыз. Осы уақытқа дейін кісі аттарының семантикалық табиғатын антропонимжасамдық-лексикалық мағынаға байланысты қарастырып келдік, алайда адамның жеке қасиеттері мен жұртшылыққа танылуы бойынша әлеумет тарапынан телінетін мағынаның бары айтылса да, оның өзіндік сырлары арнайы зерделенген емес. Қазіргі жағдайда қалың жұртшылыққа танымал есімдер бойынша ғана саралауға болады, дегенмен бір есім бірнеше адамға беріле отырып, әр адамға тән қасиеттерге байланысты жалқылық сипаты айқындала түседі.

1.4.3 Антропонимжасамдық мағынаның көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімі арқылы берілуі

Антропонимдердің жасалуына қатысты өмірлік жағдаяттар көркем шығармаларда жиі кездеседі. Кейіпкер есімдерінің қойылу уәждерінде антропонимжасамдық мағынаның белгілері көрініп тұрады. Әсіресе, ауыз әдебиетіндегі көптеген есімдер автор тарапынан кейіпкер бейнесін сомдауға арналады да, мағынасы арқылы берілетін ақпараттар есім иесінің кім екенін алдын ала айғақтап тұрады. Антропонимжасамдық мағынадағы басты мәселелердің бірі «есім ретінде таңдалған сөз өзі атайтын адам болмысын қаншалықты

сипаттап бере алды?» – деген сұрақтың төңірегінде. Осыдан келіп, есім мен адам арасындағы байланыс мәселесі туындайды. Есім таңдалғанда, таңдап алынған сөз мағынасы арқылы баланың болмысын сипаттап беру көбіне мақсат етіле бермейтіндіктен, екеуінің арасында алшақтық байқалып тұрады. Мысалы, өзен, көл, теңіз т.б. судың жағасында туған ұлдың аты Өзенбай, Көлбай, Теңізбай т.б., қыздың аты Дәрия деп қойылады, ал ол есімнің баланың табиғатына ешқандай қатысы жоқ. Ат қою дәстүріндегі ерекшеліктерге байланысты, тілдік тұрғыдан алғанда ғана байқалатын, осындай қайшылықтар болғанмен, тіліміздегі «Атына заты сай», «Алтын десе алтын» т.б. секілді тіркестердің адамның аты мен затының үйлесімін қалаудан туғанын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен қатар үйлесім таппағанда «Жаман итінің атын бөрібасар қояды» – деп кекететіні бар. Көркем әдебиетте кездесетін кейбір авторлық суреттеулер де осыған саяды: «Қайдан қалай тауып әкелгені есімде жоқ, тәтем бір күні қалқиған қара әйел алып келді. Шектен шыққан олақ та, салақ та жан екені көрініп тұр. Шаш дегенің таралмай, дудырап, орамалдың жан-жағынан шығып кеткен, бөренедей аяқ-қолы қап-қара. Беті балшықтан жасағандай быттиған майбет. Үстіндегі киімдері әрі лас, әрі тозып біткен. Қап-қара күс шынтағы көйлектің жырттық жеңінен көрініп жүреді.

Түр-түсі осындай бола тұрып, әйелдің аты тамаша-ақ еді – Биби-жамал. Соңынан ере келген, өзіне аумап тартқан бес-алты жасар қызы бар. Оның да аты осал емес – Айгүлсім» [147, 1796.] немесе «Күміс әкемнен үлкен бе деп қалам (жас жағынан). Ал бойы жағынан Ыдырыстан биік: бет бітімі кесек, қалбиған қара әйел. Аты Күміс демесен, өзі де, киген киімі де шойынға көбірек ұқсайды» [147. 289]. Қазақ ұғымында адамның аты мен затының бір-біріне сай, үйлесімді болуы қашан да эстетикалық құндылық ретінде жоғары бағаланғанын осындай кері мысалдар айғақтай түседі. Адамның жаман, жақсы қасиеттерінің бәрі ең бірінші атымен байланыстырылады. Мұндайда есім бойынан тілдік және тілден тыс факторлардың қызметі қатар көрінеді де, антропонимжасамдық мағына мен адам арасындағы байланыстың негізін құрайды.

Есім ретінде таңдалған сөздер баланың өмірлік болмысы мен қасиеттерін сипаттап бере алмайды дей тұрғанымызбен, ұқсатуға, сипаттауға арналған кейбір есімдердің бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Ол бала бойындағы физиологиялық ерекшеліктеріне және есім иесінің адами қасиеттеріне байланысты болып келеді. Айта кететін бір жайт соңғылары лақап есімдер мен автор тара-

пынан берілген көркем шығарма кейіпкерлерінің есімдеріне тән болып келеді.

Көркем әдеби шығармалардан қазақ тіліндегі антропонимдер жасалуының біршама үлгілері көрініс береді. Мұндағы кейіпкерлердің аттары затына сай ойдан шығарылған. Халық ауыз әдебиетінде олардың бірнеше түрі кездеседі, солардың бірі жануарларға байланысты есімдер: «...бәйбішенің аюмен бірге тұрып, туған балаларының екеуі аюға, біреуі адамға ұқсайды. Жұрт арасында ол Аюбала аталып кетеді», сол секілді Аюқұлақ, Аюалпаң секілді кейіпкерлердің де есімі олардың болмысымен тікелей байланысты [93, 86 б.; 94, 125-133 б.]. Адам болмысы мен есім мағынасының арасындағы байланысты бүкіл өмірі тек жақсылықтан және жамандықтан тұратын Жақсылық пен Жамандық, ішкі ниет, көңілдеріне қарай берілген Ақниет пен Қараниет, наннан жасалған Нанбатыр секілді кейіпкерлер есімдерінің мағынасы олардың болмысын сипаттауға арналған. Бұған қосымша ауыз әдебиетінің материалдарындағы «Қағанақбас, Қылкенірдек, Шиборбай» ертегісінің кейіпкерлері осындай атаулар. Сырт келбетіндегі ерекшеліктеріне байланысты осылай аталып тұр. Ертегі, түрлері осындай адамдар болыпты деп емес, керісінше «Қағанақбас, Қылкенірдек, Шиборбай үшеуі жолдас екен» – деп басталады – демек, бұл сөздер әрі есімдері, әрі олардың сыртқы келбетінің сипаты [98, 3 б.]. Сол секілді «Ұртоқпақ» ертегісінде тұзаққа түскен қаз келесі жылы Қазыбай болып шалмен кездеседі. Сондай-ақ «Алпамыс батыр» жырындағы Ұлтан, «Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу» жырындағы Қарабай, Қодар – көркем шығармадағы образдардың мінезі мен бітіміне сай қойылған халықтық есімдер. Мұнда кейіпкердің заты мен атының сәйкес болуын көздеуден туған идея жатыр. Қазақ халық әдебиетінен мұндай мысалдарды көптеп табуға болады.

Кісі аттарының әлеуметтік қызметі – адамды атау. Айта кететін тағы бір ерекшелік адамды атау арқылы оны өзіне қаратып қана қоймайды, әңгімелесуші екі адам есімі арқылы үшінші біреуді есіне түсіріп, ол туралы сөз қозғай алады. Есімін өзгертіп айту, дыбыстық формасының ұқсастығына байланысты басқа мағыналы сөздермен алмастыру арқылы оған деген жақсы немесе жаман көзқарастарын да білдіре алады. Сонымен қатар адамның ішкі, сыртқы қасиеттерін сипаттайтын лақап есім қояды. Міне бұл халық санасында қалыптасқан ат қоюдың дәстүрлі үлгілерінің бір түрі болып табылады. Ертегі кейіпкерлерінің есімдері де осы негізде жүзеге асқаны шындық. Адам болмысының есімі арқылы берілуі кейінгі әдебиеттерден де өз жалғасын тауып отырды.

Кісі аттарының шығуына қоғамдық сананың әсері күшті болатынын ескерсек, әр кезеңнің өзіне лайық есімдерінің болғанына көзіміз жетеді. Бүкіл болмысымен үйлесімділікті қалайтын қазақ халқының ұлттық танымымен байланысты бұл құбылыс өткен ғасыр басындағы қазақ жазушыларының кейбір көркем шығармаларында да ерекше орынға ие болып отырды. Олардың көркем шығармаларындағы кейіпкерлер есімінен де ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы замана суреттері, соған лайық қалыптасқан қоғамдық типтік бейнелер – кейіпкерлердің мінез-құлықтары, ішкі тілегі, сыртқы болмыс-бітімдері арқылы көрініс береді.

Енді Қошке Кеменгерұлының көркем шығармалары бойынша солардың бірнешеуіне тоқталып өтелік: «Отаршылдық ұсқындары» атты әңгімесіндегі кейіпкердің есімі – Жаңатай. Ол – сыртқы көрінісі, киім киісі, жүріс-тұрысы, келбетімен жаңа заманның адамы. Автор ол туралы былай дейді: «Жыландай иірілген қара жолдың жусаған шаңын аспанға атып бүркыратқан, ауыздығымен алысып, оқтай зымыраған қоңыраулы пар атпен, шаруа школында оқып жүретін Жаңатай тәжірибе атқару үшін белгіленген қаласы Преснов станциясына (Қызылжар уезінде) тұмсық тіреді... Үстінде оқып жүрген школдың сарыала түйме «формасы» бар Жаңатай дедектей басып жақындағанда, урядник сескенгендей болып, қырындап жүре берді» [197, 234 б.].

Жаңатайдың ойлау жүйесі де, өз халқын сүюі де, ішкі тебіренісі де жаңаша: «Қазақ» газетін оқумен ұлтшылдықты иман қылып ұстаған Жаңатай: мынау жатақтар торға түскен шыбындай, бірте-бірте сорылып, қазақтық белгісінен айрылады-ау. «Айқын зорлықтан, сүліктей соратын көрбілте зорлық жаман» деген пәлсапамен қалаға кірді» [197, 234 б.].

Жаңатайдың ой-тұжырымдары да, қиындықтан шығудың жолдарын іздеуі де жаңаша: «тұрмыстан ел қазағының соққы көретіні надандығы, оқымағандығы, оқыған мен құрым үйде жатпаймын, мінекей самиян қаққан бөлмеде жатырмын. Оқыған мен таяқ жемеймін, «арда» деп ешкім келемеж қылмайды. Ел қазағы оқымай бұл құлдықтан құтылмайды деген пікірге сенген қалпымен Жаңатай ұйқыға кетті» [197, 235-236 б.].

Автор Жаңатай есімі арқылы заман суреттерін берумен қатар, қазақ қоғамына жаңаша ойлайтын жас буын өкілдерінің келгенін хабарлайтындай. Ондағы ақпараттардың мазмұны осы есімнің төңірегіне топтастырылған. Жаңатай есімінің мағынасы кейіпкердің ұлтына деген жанашыр тілегі, қараңғылықтан шығудың жолын іздеп шарқ ұрған ішкі толғаныстары арқылы ашылады.

«Қанды толқын» әңгімесіндегі кейіпкерлердің аттары – Сарқынбай (ауыл ақсақалы), Тынымжан (оның казак-орыс өлтіріп кеткен баласы). Ақсақалдың есімі оның қарттығын, жалғыз ұлдан айрылып, сарқылған күйін суреттеп тұрғандай. Сондай-ақ, ол соңғы қайратын жиып, дұшпаннан кегін алады, сөйтіп осы жолда мерт болады. Ал казак-орыстың оғы тиіп, соңғы рет «әкелік қаныңды кеш» деп даусы дірілдеген ұлы Тынымжан есімі оның мәңгілікке тыным тапқан жанын елестетеді. Бұл әңгімеде адамдардың тағдыры мен іс-әрекеттері есімдерінің мағынасына арқау болып отыр, яғни автор кейіпкерлер бейнесі арқылы казак есімдерінің мағыналық болмысын да зерделеп отырған секілді.

«Момынтай» әңгімесіндегі басты кейіпкер – Момынтай есімді бала. Заманы оны момын болуға итермелейді. Бала күнінен бастап, кедейлік пен жетімдік, оның еркін ойлауына ешқандай мүмкіндік берген жоқ. Сөйтіп, ол қараңғылықтың шырмауында момын болып қала берді. Момынбайдың бейнесі шығармада былай беріледі: «Момынтайдың күндегі өмірден алған тәжірибесі: «Байсыз күн жоқ екен, байға жағу керек екен» деген оймен тұйықталды» [197, 239-240 б.].

Осы аттас кейіпкердің бірі – «Парашылар» пьесасындағы Момынбай. Оның момындығына қоса қорқақтығы да басым: «Жүрегімнің қабы жарылып кете жаздады. Аман қайтсам жарар еді. Әлгі үш сом болмағанда жанымызды қоймайтын еді... Біздейлер жалғыз болса, әлгіндей жерде арам өледі» – деген жолдар соның көрінісі [197, 222 б.]. Кеңсе начальнигінің алдын көрмей, сырттай қорқып жүрген кейіпкердің бірі Момынбайдың досы – Қоңырбай. Қазак ұғымында қоңыр сөзінің бір мағынасы – жуас, сабырлы. (Қойда – қоңыр, жылқыда – торы). Осы тұрғыдан келгенде Момынбай мен Қоңырбай есімдері бір-бірімен мағыналас. Бұлардың мінез-құлықтарындағы аңғалдық, кеңсенің ішіне кірмей жатып үрейлену секілді қылықтары бір-біріне ұқсайды. Алайда, Қоңырбай өз есімінің мағынасына сай – Момынбайға қарағанда, салмақтырақ. Ол Момынбайдың «Қоңырбай қу деген атыңды осы жолы ақтадың» деген сөзінен де көрінеді [197, 223 б.]. Сондағы Қоңырбайдың қулығы парақорға үш сомды ебін тауып, жерге түсіріп алған болып ұсынуынан аспайды.

Қошке Кемеңгерұлының шығармаларындағы зорлықшыл, қиянатқа жақын тұратын кейіпкерлердің есімдері Карабек, Карабай, Жуанбай, Борсықбай; желдей ескен қу, алаяқтың аты Дауылбай; әділет орнатып, теңдік әперушілердің аттары – Ес, Көбен, Мұрат; сұлу, ақылды, өз теңдігі үшін күресуші әйелдердің есімдері – Қарашаш, Дүрия, Зәйра т.б. секілденіп келеді.

Қазақ есімдерінің мағыналық ерекшеліктері бойынша алғанда, кара түбірі артта қалған қарайған – мұрагер, избасар мағынасында коданылады. Сонымен қатар, Т. Жанұзақов Қарасай, Қараман, Қаратай есімдерінің бірінші компонентін ірі, үлкен, зор, күшті түріндегі ауыспалы мағыналар ретінде қарастырады [198, 94 б.]. Жуанбай, Борсықбай есімдері қазақта болмаған тек автор тарапынан беріліп отыр деуге әсте болмайды. Ондай есімдер түрлі жағдайларға байланысты қойылуы мүмкін. Қолданылу барысында, құлақ үйрене келе осы есімдерді иеленген адамдардың жеке қасиеттеріне байланысты жақсы мағынаға ие болатын кездері де бар. Алайда, автор дәрекілік пен кара ниеттіліктің, жатып-ішер арамтамақтықтың, семіздіктің т.б. мінез-құлықтың образы ретінде кері мағынасына баса мән береді. Кейіпкерінің өзі қалаған бейнесін жасау үшін қолданған түрлі тілдік элементтердің қатарында есімдерді де пайдаланады.

Тамыры терең қазақ халық әдебиетінен бастау алатын әдеби кейіпкерлердің аты мен затының сай болу идеясы осындай сипатымен көрінеді. Ол кейіпкерлерінің болмыс-бітімі, іс-әрекеті, ішкі жан дүниесінің ерекшеліктері арқылы сол кездегі қазақ қоғамы өмірінің суреттерін, психологиялық бейнесін жеткізе білді. Қазақ есімдеріне жүктелетін дәстүрлі мазмұнға өзіндік сипат беріп, оны кейіпкерлердің образымен шебер үйлестіре алды. Мұндай шеберлік тек Қошке еңбектерінде ғана емес, басқа да қаламгерлердің көркем шығармаларында кездеседі. Ондағы кісі аттарының шығуы мен мағыналық ерекшеліктеріне байланысты факторлар ұлттық ат қою жүйесінің дәстүрлі негіздерімен байланысып жатқанында дау жоқ. Өйткені, авторлар тарапынан берілгенмен, қазақ тілінде бұрыннан бар антропонимдердің жасалу заңдарының аясында жаңаша сипатқа ие болды. Адам болмысына тән түрлі қасиеттердің есім мағынасы арқылы берілуі қазақ антропонимдерінің жинақтауыштық сипатын айқындайды. Оларды оқиғалар арқылы саралау есімдердің өзіндік табиғатына тән тарихи мәлімет ретінде де құнды.

Белгілі бір оқиға мазмұнының көркемдігі мен ішкі болмысының ашыла түсуі үшін оның барлық компоненттері кешенді және толыққанды, сапалы болуы керек екені белгілі. Мұндайда кейіпкерлер есімі де мазмұнның белгілі бір компоненті ретінде қатысады, сондықтан мағынасының кейіпкер келбетімен, мінезімен тікелей байланыста болуы міндетті. Біз сөз етіп отырған кейіпкерлер есімі белгілі бір мазмұнды ашуға бағытталған, яғни әуелі ойда кейіпкер тұлғасы сомдалады да, оның ішкі мазмұнын ашуға лайықты, сәйкес мағыналы сөз таңдалады. Сөздің антропонимге айналуына негіз

болған мағына антропонимжасамдық мағына болып табылады. Міне, осылайша антропонимжасамдық мағына мен есім иеленуші адам арасындағы байланыс келіп туындайды.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, қолданылып жүрген есімдердің көпшілігінің мағыналары мен есімді иеленуші адам арасында байланыс болмайтындығы белгілі, алайда ілгеріде атап өткеніміздей кей жағдайларда сол байланыстың болатынына көзіміз жетіп отыр. Бұл ресми (азан шақырып қойылған) есімдер мен бейресми есімдердің антропонимжасамдық мағыналары арасында өзіндік айырмашылықтардың болатынын көрсетеді. Лақап есімдер мен автор тарапынан берілетін кейіпкер есімдерінің шығу, пайда болуында да антропонимжасамның өзіндік үлгілері бар. Мұндағы есімдердің мағыналары да өзіндік сипатымен антропонимжасауға қатысады. Осы тұрғыдан келгенде олардың да антропонимжасамның бір компоненті ретінде қарастырылуы қажет.

1.4.4 Антропонимжасамдық мағына табиғатындағы қос қызмет мәселесі

Тілдің даму тарихы үнемі болып тұратын түрлі өзгерістерге толы. Солардың ішінде кейбір түбірлердің шылауларға, жұрнақтарға, жалғауларға айналып қалыптасатыны тіл білімінде бұрыннан белгілі [138, 197 б.]. Б. Сағындықұлы соң сөзінің лингвистикалық табиғатын *дербес мағыналы* («соңымнан ерген жалғызым»), *шылау* («барған соң»), *жұрнақ* («барғасын») деп үш сипатын көрсетеді. **Жасыр**, **топыр** т.б. сөздердің құрамындағы жұрнақтарды қазір тілімізде қолданылып жүрген **үр** («Тесіктен жел ұрып тұр») және **үр** («Тесіктер жел үріп тұр») етістігін дербес мәнді сөздің өзгеріске түскен түрі деп қарайды [139 ; 80, 108-115 б.].

Б. Сағындықұлы осындай мысалдарды келтіре отырып, «олар бір жағынан, сөз түбірінің қосымшаға (сөзден шылауға, шылаудан жұрнаққа) қалай ауысатындығын айқын танытса, екінші жағынан, лексикалық мағынаның абстракцияланып, грамматикалық мағынаға ұласа алатындығын аңғартады» – деген тұжырым жасайды [138, 197 б.].

Түркі тілдерінің даму тарихы бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу еңбектерде, түбірлер тарихында осы секілді өзгерістердің болғандығы туралы басқа да мысалдар кездеседі. Қазір қосымша ретінде жұмсалып жүрген грамматикалық тұлғалар бір кездерде дербес мағыналы сөз болған, деген пікір айтылады. Оған бір мысал

ретінде тілімізде I, II жақтағы жіктік жалғауының қалыптасу тарихын атауға болады. М.Томанов «Жіктік жалғауының қалыптасуы, яғни жіктеу есімдіктің жақты білдіретін грамматикалық көрсеткіштерге айналуының басты тәсілі – поспозициялық қолданыс болғандығын көне, жана түркі тілдерінің материалдары дәлелдейді» – дей келе, бұған көне түркі тіліндегі («Үчин Күлүг Тіріг бен, Қырғыз оғлы мен») және жаңа түркі тіліндегі («тува тілінде: мен ада мен, сен ада сен т.б.» *мен атамьн, сен атасың т.б.*) кей мысалдармен дәлел келтіреді [163, 20 б.]. Сөйтіп, «Бұл фактілер жіктеу есімдіктерінің поспозициялық қолданыста жалғауларға айналуының есім не есім мәнді сөздер негізінде пайда болғандығын көрсетеді» – деген қорытынды жасайды [163, 144 б.]. Қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде жіктік жалғауы мен тұлғасында кездеседі. Демек, дербес түбірлердің қосымшаға айналуының бір тәсілі – поспозициялық қолданыс болып табылады. Қазіргі тілімізде бұл қосымшалардың барлығы шығу тегінен алшақтап, бастапқы дыбыстық формасы да, қызметі де өзгерістерге түскен. Олар енді, абстракцияланып, тек грамматикалық мағына үстеумен ғана шектеледі. Түркі тілдерінің ішінде ноғай, татар т.б. аталған тұлға әрі жіктеу есімдік, әрі жіктік жалғау қызметін қатар атқарып, осылайша екі түрлі мәнде жұмсалады. Бұл тілдің тарихи дамуы барысындағы дербес мағыналы сөздердің қосымшаларға айналу үдерісінің бір көрсеткіші болып табылады.

Қазақ антропонимдерінің құрамында да осы аталғандар секілді дербес мәнді компоненттердің қосымшаға айналу үдерісінің көріністері байқалады. Олардың өзіндік ерекшелігі – қосымшаларға тән белгілер көрінгенмен, атап өткеніміздей, ноғай, татар т.б. тілдердегі секілді қызметі де антропоним бойындағы орын тәртібіне қарай өзгеріп отырады. Бірінші компонент ретінде дербес мағыналы сөз, ал екінші, үшінші орындарда келгенде антропонимжасамдық қосымша қызметін атқарады. Бұл тарихи даму заңдылықтарына сай поспозициялық қолданыстың нәтижесі болып табылады.

Антропонимжасамдық қосымшалардың мағыналық табиғатындағы осы секілді ерекшеліктер арнайы қарастыруды талап етеді, сондықтан дербес мағыналы сөз түрінде де, қосымша ретінде қызмет атқаруы, яғни лексикалық, әрі грамматикалық мағынада жұмсалыуына байланысты оларды *қос қызметті тұлғалар* деп арнайы сөз етеміз.

Тілдің дәстүрлі даму заңдылықтарында дербес сөздердің лексикалық мағыналарынан айрылып, қосымшаларға айналуы болғанмен, антропонимдердегі сияқты қос қызметті қатар атқаруы сирек және түбір сөздердегідей (соң→соң→сын, ұр (үр)→ыр (-ір),

антропонимжасамдық қосымшалар дыбыстық өзгерістерге көп түсе бермейді. Мұнан байқалатыны тарихи даму барысында, үнемі антропоним жасау қызметінде және соңғы орында қолданылуы олардың жаңаша сипатқа ие болуына ықпал еткен. Антропонимжасамда белсенді қызметімен танылатын компоненттердің лингвистикалық табиғатындағы қос қызмет мәселесі мағыналық қызметімен назар аударады. Қос қызмет тек дербес мағыналы сөздердің қосымшалық сипатынан ғана көрінбейді, екінші орында қолданыла келе субстантивтенген көмекші етістіктердің бірінші орынға ауысуы арқылы антропонимжасамдық тұлға ретінде танылуынан да байқалады.

Қазақ тіліндегі антропонимжасамдық қосымшалардың ішіндегі кейбірі тек грамматикалық табиғатымен шектеледі. Мысалы, *Ес-ен, Ес-ім, Ес-кен* секілді кісі аттарының құрамындағы *-ен, -ім, -кен* қосымшалары әуелде еркелету мәнінде пайда болып, кейін тұрақты антропонимжасамдық қосымшаларға айналған тұлғалар. Бұлар тек грамматикалық мағынасымен ғана танылады. Ал ертеректен антропоним компоненті ретіндегі қызметімен белгілі болып келген тұлғалардың сол мағынасын сақтай отырып, басқа сөздермен біріккенде, қосымшалық қызмет атқаратындарының негізгілері мынандай болып келеді. Мысалы, *-бай-, -бек-, -гүл-, -жан-, -ман-, -хан-, -бер-, -кел-, -мбет* секілді формалар қазіргі кезде жалқы есімдердің құрамында келгенде бірінші орында тұрса, лексикалық мағынасымен танылады да, екінші орында келгенде білдіретін мағыналары оларды дербес сөздермен қатар қосымшаларға көбірек ұқсатады. Қазіргі зерттеулерде аталған компоненттердің бұл ерекшелігі туралы айтылып та жүр. Мысалы, Г. Көлдеева *бай, бек, гали, жан, зат, мырза, ман, сұлтан, тай, хан*, тұлғаларын антропоформанттар ретінде қарастырады [86].

Бүгінге дейінгі дамудың нәтижесінде грамматикалық құрамы мен мағынасы жағынан алғанда осы және т.б. компоненттердің антропоним ретінде өзіндік ерекшеліктері қалыптасып, тұрақты қызметі де айқындалған. Бұл кісі аттарын тіл білімінің дербес саласы ретінде тануға мүмкіндік береді. Мысалы, ілгерідегі компоненттерді кез келген сөзге жалғасақ, оны антропоним ретінде танимыз. Мысалы, Түлкібай, Алмабек, Айгүл, Байжан, Нұрман, Құлмат, Мейізхан т.б. біріккен сөздерді басқаша қабылдау мүмкін емес. Бұлай болатын себебі, мұндай тіркестер тек кісі есімдеріне ғана тән – тіркес құрамындағы сөздер мағыналық жағынан бірі-біріне қатысы жоқ, тілдің лексика-семантикалық заңдарына қайшы келетініне карамастан, тіркесіп тұр. Алайда, ғасырлар бойғы даму үдерісінің ба-

рысында тілдік сана оларды кісі есімі ретінде қабылдаған, сондықтан ол тілде дағдылы құбылыс ретінде танылады.

Тілдік және тілден тыс факторлардың, сондай-ақ үнемі соңғы орында тұрып, антропонимжасамдық қызметте жұмсалуды, оның үстіне кейбірінің бойында көнеру үдерісі белгілерінің байқалуы кейде лексикалық мағынаның әлсіреп, шылау немесе қосымшаға айналу үдерісін тудыруы мүмкін. Бұл, әрине, екінші орында тұрған компоненттердің бәріне ортақ жайт емес, бүгінге дейін кеңінен қолданылып, өзінің бастапқы мағынасынан алшақтаған не өзіне қосымша мағына үстеп, антропоним жасаушылық қызметке ие болғандарға ғана тән сипат. Мысалы, Бал-мұқан, Бек-молда, Дос-босын т.б. антропонимдердің екінші компоненттері өздерінің лексика-семантикалық қызметтерімен ғана шектеледі. Дегенмен, «алғашқы қосымшалардың соңғыларынан қандай айырмашылығы бар?» – дегенге келелік. Қосымшаға айналу үдерісінің басталуы негізінен антропоним құрамындағы компоненттің соңғы орында тұруымен қатар, актив, яғни жиі қолданылуымен де тікелей байланысты. Егер тілде тұрақты қолданылып, антропонимжасамдық қызметі жалпыхалықтық сипат ала алмаса, олардың бойында ондай өзгерістің болуы екіталай. Осыған орай әр компоненттегі қосымшалық мәннің сипаты әртүрлі. Мысалы, қазір жиі қолданылатын *-ман* (*-бан*, *-пан*)-ның бастапқы мағынасы көмескі тартқан, арнайы этимологиялық зерттеулердің көмегімен ғана болмаса, жалпы көпшілікке түсініксіз. Ал бұл жөніндегі арнайы зерттеулерге сүйенсек, «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» «С. Аманжолов *-ман* аффиксі арабтан әуелде «адам» мағынасында еніп, кейін жұрнаққа айналған болуы керек дейді. Бұған мысал ретінде атарман, шабарман, аламан (аларман) сөздерін келтіреді... Бұған қарап аламан сөзі ал//ала қол *-(әскер)* және *ман* (адам) деген екі түбірден құралған күрделі сөз деп топшылауға болады» – деген тұжырым жасалса [199, 29 б.], кісі аттарын зерттеуші Т. Жанұзақов та Қалқаман есімінің құрамындағы *-ман* тұлғасын сол мағынада таниды [198, 93 б.]. Демек, *-ман* бір кезде дербес мағыналы сөз болса, қазір антропоним компоненті ретінде жиі қолданылады. Ілгерідегі болжамдарды бұл компоненттің антропонимжасамдық қызметі де нақтылай түсетін секілді. Мысалы, бірінші орында тұрғанда *Ман-ай*, *Ман-ақ*, *Ман-ас* (*Ман-аш*), *Ман-келді*, *Ман-кен*, *Ман-тай*, секілді антропонимдердің жасалуына негіз болады. Бұл жерде *ман* тұлғасы антропонимдер құрамында бірінші орында тұрып, өлі түбір ретінде де танылып тұр. Ал екінші орында келгенде көбіне антропоним тудырушылық қызметте жұмсалып,

мынандай есімдер жасайды: Ай-ман, Ақ-ман, Бол-ман, Гүл-ман, Діл-ман, Ер-ман, Ел-ман, Құл-ман, Құс-пан, Қос-пан, Тұр-ман, Шар-ман, Шор-ман, Из-бан, т.б. Қосымшалардың қос мағыналылығы дегенде біз, әрі түбір, әрі қосымша ретінде қолданылатын, осы мәселеге назар аударамыз.

Антропоним құрамында екінші орында тұрып, қосымшаға айналу үдерісіне ұшыраған *-бай, -бек, -жан, -тай, -хан* т.б. тұлғалы компоненттердің антропонимжасамдық қосымша ретіндегі қызметтері бір-бірімен ұқсас болғанмен, өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Қосымшаға айналуы кісі есімдерінің құрамындағы орнынан ғана емес, кейбірінің қосымша еркелету мәніне ие болуынан да көрінеді. Еркелету мен құрметтеудің екі түрлі тәсілі болса бірі – қысқартып айту, екіншісі – қосымша жалғау. Еркелету мәнін үстеу қосымшаларға тән қасиет, демек дербес мағыналы сөздерге қосымшалық сипат беріп тұрған бір фактор еркелету мәні. Осы компоненттермен келетін Айжан, Нұртай, Қошқарбай, Жылқыбек, Болатхан т.б. есімдер бар. Қазіргі кезде олардың әрқайсысы өзінің бастапқы мағынасын сақтап, «қошқарға бай», «Мұхтар есімді хан» немесе т.б. секілді мағыналарда қойылады деу қиын. Біздің пікірімізше қазір оларды антропонимжасамдық компоненттерден құралған дайын есімдер (конструкциялар) деп тануымыз керек, өйткені, осылардың әрқайсысының екінші компоненті өздерінің лексикалық мағынасымен қатар, жалғанған сөздердің кісі есімі екенін білдіретін қосымшалық мәнде де жұмсалады, яғни бұл тұлғаларға жиі айтылудың нәтижесінде кісі атын білдіру мәні тұрақты бекіген. Қазір *-жан, -тай* сөздеріне еркелету мәні жүктелген болса, *-бай, -бек, -хан* лауазымдары көнеріп, негізінен кісі есімдері құрамында антропонимжасамдық қызметімен сақталып келеді. Жалқы есімдердің өзге топтарынан кісі аттарының ерекшелігін танытуда, бұл элементтердің қызметі зор. Олардың туынды мағынасы өзі жалғанған сөздерге басқаша сипат беріп, антропоним ретінде танылуына мүмкіндік тудырады және сөздік қордағы басқа сөздерден даралап көрсетіп тұрады.

Даму сатысына байыппен қарар болсақ, дербес сөздердің антропонимдік мағынаға ие болғанға дейінгі аралықтағы өзгерістерін байқаймыз. Мысалы, аталғандардың ішінен *жан* сөзін алайық, әуелде өзге тілден енген дербес сөз ретінде қызмет етсе, кейін өзіне тым жақын санау көзқарасына байланысты *күнім, айым* т.б. секілді еркелетулермен мәндес негізде *жаным* мағынасы қалыптасқан. Еркелету мәнді сөздер кейде тәуелдік жалғауынсыз да айтылады: *құлын, қарға, күн* т.б. *-Жан* тұлғасы да осылайша қалыптасқан деген

тұжырым жасауға болады. Еркелету мәнінде Сәулені – Сәулежан, Болатты – Болатжан, Айгүлді – Айгүлжан (немесе Айжан) деп атайды. Осы дағды дәстүрлі құбылысқа айнала келіп, антропоним жасаудың жаңа бір үлгісі ретінде тілімізде тұрақтаған.

Қалыптасуына байланысты осы үдерістің аталған қосымшалар бойындағы көрінісі де осы тектес, мағыналық жағынан тең дәрежеде дей алмаймыз. *-хан* мен *бекке* қарағанда *-жан*, *-бай*, *-тай* тұлғаларында еркелету мәні айқын. *-Жан* қосымшасының еркелету мәнінде қолданылатындығы жөнінде зерттеуші, ғалым Т. Жанұзақов еңбегінде мынадай мысал келтіріледі: «Тайбек тайға мінгенде құламайтын, жығылмайтын, мықты берік отыратын бала болсын деген мақсатпен қойылған есім. Еркелетіп, қысқартып айту түрі – Тайжан» [198, 134 б.]. Сондай-ақ, *-бай* тұлғасының да осындай мәнде жұмсалатындығына мынандай мысалдар келтіруге болады: Қайратты – Қақабай, Тоқтарды – Тоқабай, Жақанды – Жақабай, Ақанды – Ақабай т.б. деп еркелетеді. Әуелде бұл қосымшалар кісі аттарына еркелету мәнінде тіркеліп айтылса, кейін соның өзі дербес есімдерге айналып отырған. *-тай* сөзі де өзінің жылқы төлінің атауы ретіндегі лексикалық мағынасымен қатар, қазақ тіліндегі біріккен тұлғалы есімдердің құрамында келіп, еркелету мәнін үстейді. Біздің пікірімізше, тайдың жастығы, минуте жарағанмен, әлі бойының кішкентай – өсіп жетілмегендігі, балаға ұқсастығы, құлдырандаған мінезі осы сөздің еркелету мәнін иеленуіне себепші болған. Тай сөзі орын талғамайды – бас жағында да, соңында да қолданыла береді. Бірінші орында тұрғанда лексикалық мағынасында Тайжан, Тайбек, Тайман, Тайғара, Тайболат т.б. есімдердің жасалуына тірек болады. Ал екінші орында тұрғанда Ақтай, Жирентай, Бозтай, Құлтай, Қаратай т.б. секілді есімдердің жасалуына негіз болады. Бұл есімдердің бастапқы түрлері Ақболат, Жиренше, Бозжігіт, Құлмұхамет, Қараман болуы мүмкін. Ал қазіргі есімдердің арасында осы дәстүрлі жүйе бойынша Нұрболатты – Нұртай, Бектасты – Бектай немесе Бекентай, Базарбекті – Базартай т.б. деп еркелету әлі күнге дейін кездеседі.

Еркелетумен қатар бұл есімдер қазір жеке кісі аты ретінде де қолданылады. Демек, *-тай* қосымшасы еркелету мәнінде жұмсала отырып, антропоним жасау қабілетіне ие болған. Бұған ілгеріде аталғандармен бірге Байтай (Байболат, Байтас, Байбек т.б. болуы мүмкін) Сейтай, (Сейтжан, Сейтқали, Сейтнұр т.б. болуы мүмкін), Естай (Есжан, Есбек, Есімхан т.б. болуы мүмкін), Өстай (Өскенбай, Өскінбай, Өсербай т.б. болуы мүмкін), Жұматай, Шалатай т.б. секілді есімдерді мысалға келтіруге болады.

-бек, -хан сөздерінің ертедегі мағынасы жалпы көпшілікке белгілі лауазым атауларымен байланысты, антропонимдік жағынан алғанда тектілік, берік, мықты және хан секілді ұлы, лауазымы биік болсын – деген мағынада қолданылады. Бұл компоненттердің мағыналарында еркелету мәні аса байқалмайды. Ал антропонимжасамдық қабілеті жағынан алғанда өзгелермен тең дәрежеде деп санауға болады. Ал шығу тегі жағынан алғанда – бір кездегі лауазым атауларының антропоним ретінде тұрақтаған формасы. Өйткені, ілгеріде атап өткеніміздей, қазір -бек, -хан атақтары жоқ. Лауазым атауы ретіндегі мағынасы мен қызметінің қолданыстан ығысып, көмескіленуі және негізінен кісі аттарының құрамында ғана қолданылуы олардың антропонимжасамдық қабілетінің артуына әкеліп отыр.

Гүл сөзінен тарайтын және гүл сөзінің қосымшалық қызметі арқылы жасалған антропонимдер көп. Дербес мағыналы компонент түрінде бірінші орында тұрғанда сұлулық, нәзіктік, еркелік т.б. секілді антропонимжасамдық мағынасымен танылса, екінші орында жиі қолданудан келіп, сөздің кісі есімі екенін және соның ішінде әйел есімі екенін білдіру қасиеті антропонимжасамдық ерекшелігін айғақтап тұрады. Тілімізде сирек те болса, гүл тұлғасымен жасалып, қолданысқа түскен Жамбылгүл, Абайгүл, Серікгүл секілді есімдер бар – бастапқыдағы ер есімдері гүл тұлғасы арқылы әйел есіміне айналып отыр. Осы орайда, гүл қосымшасы жалғанған сөздің әйел есімі ретінде қабылдануы ұғымға сіңісті болғанын көрсететін, Софы Сматаевтың есімі туралы мына мысалға тоқтала кетуге болады: «Анасы Қантбала аяғы ауыр кезінде ауылда тұратын Ешмағамбет деген ақсақал әкесі Қалыбекке: «Мына келін босанғанда нәрестенің есімін Софы қойыңдар» – депті. Қарияның жүрегінен шыққан сөзге амалсыз езу тартқан әкесі: «Аға Софы бола ма, әлде Софыгүл бола ма, оны қайдан білдіңіз?» – дегенде, «Құдай бір ұлдың атын аузыма салған шығар. Осы ұл болады», – дейді. Содан дүниеге Софы келеді (негізі Софиян) [12].

Етістік тұлғалы есімдердің ішінде *бер, кел* тұлғалары арқылы жасалған есімдердің құрылымы өзіндік сипатымен ерекшеленеді. Бұлар негізінен көмекші етістіктер ретінде дербес мағыналы сөздің шылауында тұрып қызмет атқарады. Олар баланың туғанын айта отырып, тұлғаның есім екенін білдіреді. Сонымен қатар, тұрақты қолданыла келе дербес заттық мағынаға да ие болған.

Негізінен, кісі есімдерінің құрамындағы тұлғалар қос қызметтілік ерекшелігі тарихи дамуы барысында дыбыстық өзгерістері бойынша емес, қосымша ретінде тану ұғымдарының негізінде орныққан.

Осы аталған әрі дербес сөз, әрі еркелету мәнді антропонимжасамдық қосымшалар дамуы барысында мағыналық жағынан да, қызметі жағынан да өзіндік сипатқа ие болған. Жеке тұрғанда немесе бірінші орында тұрып, өзінен кейін дербес мағыналы сөзбен біріккенде не қосымша жалғағанда, дербес лексикалық мағынасымен танылса, екінші орында келіп антропонимжасамдық, сондай-ақ еркелету мәнінде жұмсалудың қосымшалық қасиеті айқындала түскеді.

1.4.5 Антропонимжасамдық мағыналық желі

Қазақ есімдеріне негіз болған сөздердің түрлі мағыналық топтарға жататыны белгілі. Ал антропонимжасамдық мағыналары тұрғысынан қарағанда, олардың көпшілігі бір-бірімен тығыз байланысты. Саралау барысында, аясының кеңдігіне байланысты нақты бір топқа телудің өзі шартты сипатқа ие екеніне көз жеткізуге болады. Өйткені, бір тұлғаның бойында бірнеше мағына көрініс береді. Осы жинақталуларды өз ішінде екіге бөліп қарастыруға болады: а) бір тұлғаға бірнеше мағынаның тоғысуы; ә) бірнеше тұлғаның ортақ мағынада қолданылуы. *Бір тұлғаға бірнеше мағынаның тоғысуы* мынандай жағдайда көрінеді: қазақ есімдерінің қайсысы болсын, белгілі бір мақсат пен арман тілектің негізінде қойылады. Таңдалып отырған есім, өзіндік мағынасы айқын, тілімізде бұрыннан қалыптасқан, көпшілікке танымалдығына қарамастан, сәбиді атағанда оған әркім өзінше мән-мағына береді. Осындай себептеріне байланысты бір тұлғаның бойына түрлі мағыналық белгілер топтасады.

Кісі есімдерінің қойылуына байланысты жиналған материалдар дерегінен, тіліміздегі көптеген есімнің жалпы халыққа танымал мағынасынан өзге де, қосымша мәні болатынын көріп отырмыз. Мысалы, антропоним компоненті ретінде жиі қолданылатын *тай* сөзінің мағынасы туралы түрліше пікірлер бар: белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбеков өз есімі туралы, «...ептеп қазақша білетін сыған: «аман-есен босанасың, балаң бақытты әрі атақты болады, елге танылады. Оң аяғында белгі бар» депті. Мырзатай деген атты әкесі қойған, «елдің мырзасы, елдің жұмсайтын қол баласы болсын, тай болсын» деген тілекпен қойылғандығы туралы айтады [200]. Ал Т. Жанұзақов Тайбек туралы «Тайбек, тайға мінгенде құламайтын, жығылмайтын, мықты берік отыратын бала болсын деген мақсатпен қойылған есім. Еркелетіп, қысқартып айту түрі – Тайжан» деген тұжырым жасайды [62, 134 б.]. Екі есім де жылқы төліне байланысты қойылғанмен мағыналары екі түрлі. Біріншісінің мағынасы тай

секілді шапқылаудан шаршамасын деп, тайға теңестірген – тай туралы болса, екіншісінде, адамның тайға қатынасын білдіреді, яғни мұнда адам туралы айтылып тұр.

Тай тұлғасы есімдер құрамында жиі кездеседі және тайдың жасы оны жас төл ретінде көрсетеді. Сондықтан, тай құлыншақ, ботақан, қошақан, бұзауқан секілді еркелету мәніне ие болған. Сөйтіп, аталған мағыналармен қатар, қазіргі кезде тай тұлғасына еркелету мәні де үстеліп отыр – бұл оның үшінші бір мағынасы болып шығады. Осындай ерекшелік тай компонентінің аясына бірнеше мағынаның тоғысуын көрсетеді. Есімдердің бойындағы мұндай үдерісті көп мағыналылық немесе мағынаның кеңеюі деп атауға да болар еді, алайда мұның сөздік қордағы жалпы есімдерден өзіндік ерекшелігі бар. Көп мағыналы сөздерде, мағына дамыған сайын түрлі заттарды атауы мүмкін, мысалы, адамның басы (дене мүшесі), шөптің басы (жоғарғы бөлігі), ауылдың басы (ауылдың кіре беріс бөлігі) т.б. белгілі бір ұқсастығына байланысты бірінен екіншісіне ауысқан мағыналар болып табылады. Ал есімдерге әркім өзінше мән-мағына үстейді, алайда ол адамды ғана атайды. Дайын есімге әр ат қоюшының үстеген мағынасы жиналады, сондықтан оны тоғысу құбылысы деп атағанды жөн көрдік. Бұл ілгеріде атап өткеніміздей бір тұлғаға бірнеше мағынаның тоғысуы болып табылады.

Мағыналық тоғысудың келесі түрі *бірнеше тұлғаның бір мағынада қолданылуы*. Олардың синоним сөздерден өзіндік ерекшеліктері бар. Синонимдерге беріліп жүрген түрлі анықтамаларды саралай келгенде, белгілі бір контексте бірінің орнына екіншісінің қолданылуын олардың баршасына ортақ белгі екенін байқаймыз. Ә. Болғанбаев тілдегі синонимдерді мынандай белгілеріне қарай тануға болатынын айтады: «1. Сөздердің сырт формасында аз да болса, тұлғалық жағынан өзгешелігі болуы шарт. 2. Сөздер бір ғана ұғымды білдіруі керек. 3. Синоним болып жұмсалатын сөздер бір ғана сөз табынан болуға тиіс» [201, 156.]. Қазақ антропонимдерінің табиғатына тән ерекшеліктер бұл тұжырымдардың аясына сия бермейтін сияқты. Мысалы, *әдемі, көркем, сұлу* т.б. секілді синонимдік қатардағы сөздерді жалпы есім ретінде тану мен кісі есімі ретінде қарастырудың өзіндік айырмашылығы бар. Жалпы есім ретінде қолданғанда олардың қатарын, көрікті, сымбатты, келбетті деген қатыстық сын есімдермен толықтыруға болса, антропоним ретінде қарастырғанда, Көрік, Сымбат, Келбет т.б. зат есімдермен толықтыруға болады. Мұндайда, мағыналас антропонимдердің табиғаты синонимдік қатардың сөз таптарына қатысты ережесіне қайшы келеді. Екіншіден, бұл есім-

дер жеке тұлғаларға берілетін болғандықтан, бірінің орнына бірі қолданылмайды. Үшіншіден, ілгеріде аталған әдемі, көркем, сұлу деген сөздердің мағыналық реңктерінде белгілі дәрежеде болсын айырмашылықтары бар екені белгілі, ал кісі аттарының мағыналық ауқымы кең, аталған үшеуінің қайсысы таңдалса да, ат қойған кезде бірінің мағынасы екіншісінен өзгеше деп айта алмаймыз. Керісінше, үшеуіне телінетін мән-мағына ортақ болып келеді де, ат қоюшының көңіліне ұнаған дыбыстық тұлға (Әдемі, Көркем, Сұлудың бірі) алынады. Сондықтан, мұндай ерекшелік, бірнеше антропонимдік тұлғаның ортақ мағынаны білдіруі болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, бірнеше антропонимдік тұлғаның бір мағына аясынан табылуы тоғысу құбылысы ретінде тануға мүмкіндік береді.

Бірнеше тұлғаның бір мағынада жұмсалуды өзіндік ерекшеліктерге ие. Ол ерекшеліктер антропонимдердің мағынасы жағынан өзара жақындығының *жалпылық және нақтылық* сипатымен тікелей байланысты. Қазақ халқының күнделікті тұрмысында қолданылатын заттардың, айнала қоршаған дүниенің және рухани әлемі таныған эстетикалық талғам шеңберіндегі түрлі құбылыстардың атаулары антропоним құрамынан көрініс береді. Дүниенің келбетін елестету, санада сәулелендіру арқылы замандар бойы қалыптасқан бейнелі ойдың нәтижесінде, бір нәрсені екіншісіне ұқсату арқылы адам баласының ұғымында заттар мен құбылыстардың символикалық мәні орнықты. Мысалы, қазақ халқының ұғымында қыран құс (Бүркіт, Лашын, Тұйғын, Сұңқар, Қаршыға т.б.) ерліктің, қырағылықтың, биіктік пен тәкаппарлықтың, тектіліктің символы болып табылады. Осыған ұқсас ерлік пен өрлік, тәкаппарлық пен тектілік *арыстан, жолбарыс (арабша шері), қабылан, көкжал қасқыр* (Арыстан, Жолбарыс, Қабыланбек, Көкжал) және т.б. жыртықш аңдарға да тән болып келеді. Ерлік пен тектілікті ту етіп жоғары ұстайтын қазақ халқы өз тарихында болған тұлғаларды Көкжал Барақ, Шақан шері деп немесе әдеби кейіпкерлерді Хазірет Шері арыстан (Әли – пайғамбардың досы әрі күйеубаласы), және т.б. деп аталған жануарлар атауларын есімдерге айқындауыш ретінде жалғап отырды. Тарихи қиын қыстау кезеңдерді басынан көп кешірген қазақ қоғамы үшін ерлік, қырағылық, отансүйгіштік үнемі күн тәртібінде тұрғандықтан, бұл мазмұндағы антропонимдер жануарлар атауының төңірегімен шектеліп қана қойған жоқ, сонымен қатар, түрлі компоненттермен тіркесіп немесе қосымшалардың жалғануы арқылы *болат, алмас, тас, темір* (Болат, Болатбек, Болатжан; Тасболат, Тастай, Тасмағамбет, Бектемір, Теміртас, Темірәлі) т.б. берік зат атауларынан, *батыр, ер,*

берік, шымыр (Бекбатыр, Батырболат, Батырхан; Ерболат, Ерхан, Ерасыл, Ербол; Берік, Берікбай, Берікқали; Шымыр, Шымырбек) т.б. адами сапаны білдіретін сөздерден көптеп жасалды. Есімдердің бәріне ортақ *жалпы мағына* оларды бір арнаға тоғыстырады. Тоғысу құбылысының бұл түрі лингвистикалық жолмен, синонимдік қатар түзу арқылы пайда болған жоқ, керісінше ұқсату, салыстыру, зерделеу т.б. секілді бейнелі ойдың тұжырымдары арқылы ұлттық танымның дәстүрлі компонентіне айналып, жаңаша мәнге ие болу барысында жүзеге асты.

Қазақ есімдерін антропонимдік мағынасы жағынан осылайша топтастырар болсақ, ұлттық таным аясындағы тақырыптарды көрер едік. Бұл айтылғандар негізінен мағынасына қарай тоғысудың жалпылауыштық сипатын айқындайды. Ал аталған ілгерідегі есімдерді өз ішінде топтастырып, ол топтарды бір қатарға қояр болсақ, бір-бірінен айырмашылықтарының бар екені байқалады. Мысалы:

- *Бүркіт, Лашын, Тұйғын, Сұңқар, Қаршыға, Қарлығаш т.б.;*

- *Арыстан, Жолбарыс, Қабыланбек, Көкжал т.б.;*

- *Болат, Темірболат, Ақболат, Тасболат, Тастай, Тастан, Темір, Бектемір, Теміртас т.б.;*

- *Бекбатыр, Батырболат, Батырхан, Ерболат, Ерхан, Ерасыл, Ербол, Берік, Берікбай, Берікқали, Шымыр, Шымырбек т.б.* секілді есімдер тобының әрқайсысы өзіндік ішкі байланысының жақындығымен ерекшеленеді. Өйткені, ілгеріде аталған ортақ жалпы мағынасы бойынша берілген есімдер бір топқа жіктелгенмен, есімге негіз болған жануарлар мен құстардың өзіндік қасиеттеріне немесе адами сапа атауларына қарай нақтылана бастайды. Мысалы, жыртқыштық, биікке самғауға қабілеттілік, жылдамдық т.б. қыран құстарға тән қасиет, азулылық, күштілік, жердегі аңдарға үстемдік құру, қайсарлық т.б. секілді аталған жыртқыш аңдарға тән қасиет немесе асыл, берік заттарға тән, сондай-ақ адамның адами сапасын немесе қоғамдағы орнын білдіретін титул т.б. өзіндік ерекшеліктерімен бір-бірінен бөлініп тұрады. Белгілі бір дәрежеде нақтылана түскенмен, кісі есімдеріне тән ерекшеліктер тұрғысынан алғанда, соңғы топтардың табиғатында да жалпылық сипаттың бар екенін жоққа шығаруға болмайды.

Кірме есімдерді қабылдауда да ұлттық таным аясындағы төл құндылықтарға тән ерекшеліктердің ескерілгені ақиқат. Осыған орай қазақ есімдері мен кірме есімдер шығу тегінің қай тілге тән екеніне қарамай бір-бірімен сабақтасты, ортақ желі құрды. Мысалы, түркі дәуірлерінен жеткен білім мағыналы есімдер кейінгі

ислам ғұламаларының есімімен жалғастық тапты. Әулиелер мен пайғамбарлар есімі, баһадүр, батырлар мен ислам жолында күрескен қолбасшылар, ержүрек батырлар есімі, нәзіктік пен сұлулықты бейнелейтін әйел есімдері мағыналық желі арқылы бір-бірімен байланысып жатты.

Ал кей есімдердің ортақ мағынасынан *нақты бір арман-тілек, мақсат-мүддеге* бағытталатынын байқаймыз. Мысалы, бір отбасында тек қыз бала болғандықтан, ұл тілеу ырымымен байланысты Ұлбала, Ұлжан, Үміт, Үмітбала, Жаңыл, Жаңылсын т.б.; туған баланың өле беруіне байланысты туындаған түрлі ырымдарға байланысты Тұрсын, Тоқтасын, Сатыпалды, Тауыпалды, Сұрапалды, Отыншы және ырымдап құлағын тесіп, сырға таққаннан кейін қойылатын Сырғабек немесе ұлға қыздың атын қоюдан келіп шыққан Қарақыз, Ләззат т.б.; денесіндегі қалына байланысты Қалдыгүл, Қалдыбай, Ментай, Менгесер, Мендігүл т.б. көптеген есімдердің қойылуы нақты ұл тілеуге, баланың аман болуын сұрауға және денесіндегі меңіне байланысты белгілі бір мақсатты көздеуден туған. Мұндай бағыттағы кісі аттарының мағыналық топтары аталғандармен шектелмейді. Жалпы, қазақ есімдерінің табиғатында ұлттық дүниетанымның көкжиегіндегі мәселелер толық қамтылатын болғандықтан, олардың әрқайсысы жеке есім бола отырып, жалпы осы бір ғана рухани әлеміміздің аясына топтасады. Ал рухани әлеміміздің өзі түрлі салаларға жіктелетіні белгілі, сондықтан кісі есімдері де өзара жақын топтарға бірікпей тұра алмайды. Осы тұрғыдан келгенде, жалпы қазақ есімдері ұлттық таным кешенінің ішінде бір-бірімен нәзік бір мағыналық желі арқылы сабақтасып жатады.

Кез келген кісі есімі – антропонимжасамның жемісі. Антропонимжасам – өзіндік болмысы айқындалған, сөздік қоры мен біртұтас жүйесі қалыптасқан сөзжасамның құрамындағы дербес сала. Сондықтан оның ішкі сырларына талдау жасағанда өзіне тән ерекшеліктер басшылыққа алынуы тиіс. Ол ерекшеліктер құрылымдық жүйесі, яғни антропоним жасау үшін арнайы түбірлер мен қосымшаларды, антропокомпоненттерді, есім ретінде таңдалған жалқы есімдерді бір-бірімен байланыстырудан, осы тәсілдер арқылы жасалған есімдердің мағыналары мен мазмұнындағы ақпараттардан, жеке сөздерден антропонимдердің жасалу уәждерінен, есім жасауға қатысатын тілден тыс факторлардан көрінеді. Осы тарауда қарастырылған мәселелер антропонимжасамның дербес сала ретіндегі болмысын сомдайды. Кісі есіміне негіз болған сөздердің антропонимге айналу үдерісінде де белгілі бір шарттар мен заңдылықтардың

болуы қисынды. Осы заңдылықтар жүйесіне тілдік факторлар ретінде кісі есімін жасау үшін сөздердің арнайы тіркестірілуін, біріктірілуін және қосымшалар жалғауды, тілден тыс факторлары ретінде, бір сөзбен айтқанда, антропонимге айналуына негіз болған ұлттық санадағы сөздің символикалық мәні мен орнын атауға болады. Осы екеуінің арасындағы байланыс антропонимжасамның негізгі болмысын айқындайды. Өйткені осы екінің бірлігі орныққан сәттен бастап, жалқы есімдерге тән кейбір ерекшеліктер екінші орынға ығысып, антропонимдерге тән тілдік белгілер бірінші орынға ығысады. Кісі есімдерінің құрамындағы қосымшалардың мағына білдіру қабілеті төмендеп, форма тудыру арқылы жаңа есімдер жасауға бейімделуі (Тұрарбек, Тұрғанбек, Тұрдыбек, Тұрсынбек т.б. секілді есімдерде шақтық, бұйрықтық мағыналар қызметінің көрінбеуі), сол секілді дыбыстық ерекшеліктеріне байланысты шығу тегі бір, бір мағыналы есімдердің бірінің орнына бірінің қолданылмауы (Жүсіп, Нүсіп, Түсіп; Әли, Ғали, Қали; Арыстан, Арыслан; Марат, Мұрат т.б.), бір есімнің түрлі мағынада қойылуы (1. Амангелді а) бала өмірге аман-есен келді, ә) әкесі, шешесі, жақын туысы алыс сапарда аман-есен келді, 2. Амангелдідей батыр болсын. 3.) «Амангелді» ауылында туды) т.б. секілді ерекшеліктер антропонимжасамның болмысын айғақтай түседі. Қазіргі кезде кісі есіміне тән мұндай ерекшеліктер өзіндік жүесі қалыптасып, нормаға айналып отыр. Нормадан ауытқыған жағдайда есім ұлттық сипатынан да, қазақ есімі деген ұғым аясынан да алшақтай береді.

Жалпы есімдердің жасалуы мен кісі есімдерінің жасалуының әрқайсысына тәр ерекшеліктер тіл жүйесінде бұрын айтылмаған жаңа бір бағыттың барын көрсетеді. Ол «антропонимжасам» деп аталады. Әрине тілдегі кез-келген лексикалық бірлікті ең бірінші «сөз» деп атайтынымыз белгілі. Кісі есімі де – сөз. Құрылымдық жүйесі жағынан да тілдің қалыптасқан дәстүрлі заңдарының аясынан алшақ жатқан жоқ. Дегенмен, сөзжасамға қарағанда антропонимжасамда экстралингвистикалық ықпалдардың күштірек болуына байланысты тілдік құралдар қызметінде төл табиғатынан ауытқулар жиі орын алады. Мұндай өзгерістерді кісі есімін жасау барысында ғана болатыны «антропонимжасамды» сөзжасам құрамындағы дербес сала ретінде тануға мүмкіндік береді.

2 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНТРОПОНЕГІЗДЕРДІҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

2.1 Антропонегіз ұғымының жалпы сипаттамасы және тарихи-лингвистикалық табиғатына тән белгілер

Тілдің құрылымдық жүйесіне тән ерекшелік секілді антропонимдер де негізгі мағыналық бөліктер (негіз, түбір) мен басқа элементтерден тұрады. Антропонегіз ұғымында осы мағыналық бөліктің табиғаты қамтылады. Қазіргі есімтану ғылымында (антропоними-када) ол түбірмен синонимдес термин ретінде қолданылып жүр. Антропонимжасам кісі есімдерінің құрылымдық жүйесіндегі ерекшеліктерді қарастыратыны белгілі, алайда зерттеудің кей тұстары тарихи фактілерді талап етеді. Осы талап үдесінен шығу үшін алға қойылатын міндеттерден екі мәселе туындайды, яғни антропонегіз ұғымын танудың өзі екіге бөлінеді: 1. Антропонегіз – кісі есімінің мағыналық бөлігі, демек ол құрылымдық жүйесі бойынша талдауларды талап етеді. 2. Антропонегіз – мағыналық бөлік әрі кісі есімдерінің тарихи негізі болып табылады, ол мәселеге тарихи әрі танымдық тұрғыдан келуді талап етеді. Енді осы екеуінің сырларын саралап көрелік.

1. Қазақ есімдерінің құрылымдық жүйесін зерттеуші ғалымдар оларды антропонегіздер және антропоформанттар деп екі топқа бөліп қарастыруды қолайлы көреді. Мысалы, антропонимдердің құрылымдық жүйесін жалпы есімдермен салыстыра отырып, өзіндік айырмашылықтарына тоқталған М. Тагиева «Жалқы есімдер құрамын түбір, жұрнақ, префикс және флексиядан тұрады. Ал жалқы есімдерді негіздер және форманттар деп қарастырған дұрыс» деп есептейді [158, 7 б.]. Антропонегіз (антропооснова) бен форманттарға қарай жіктеуді басқа ғалымдар да өз зерттеулерінде басшылыққа алады. Олай етуінің өзіндік себептері бар: кісі есімдерінің басты мағынасы негіздер арқылы анықталады да, қосымшалар форма тудыру ерек-

шелігімен шектеледі, сондықтан бұл терминдердің ішкі мазмұнында қайшылық болмауы мүмкін. Орыс есімдерінің табиғатына тән ерекшеліктер негізінде туындап отырған бұл пікірдің, қазақ есімдеріне кей жағдайда сай келмейтін тұстары бар. Сонымен қатар, қазақ тілі білімінде қазір бір-бірінен білдіретін ұғымдары жағынан айқындалмаған түбір және негіз терминдері қатар қолданылып жүр. Осыған байланысты антропонимжасамдағы түбір мен негіз ұғымдарының өзара айырмашылығы мен байланысы туралы кейбір сұрақтардың туындайтыны да рас. Қарастырылғалы отырған негізгі мәселенің айқындығы үшін, әрі зерттеуіміздің осы бағытында жиі қолданылатын болғандықтан, түбір мен негіз ұғымдарына қысқаша түсінік бере кетелік. Тіл білімі терминдерінің сөздігінде «негіз» ұғымына мынандай анықтама беріледі: «Құрамындағы лексикалық мағынамен байланыстырып тұрған жалғау мен форма тудырушы жұрнақты алып тастағанда қалатын сөз форманың бөлігі» [19, 296 б.], ал түбір терминіне тіл білімінде «...сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі негізі. Бұл түпкі негіз сөздің құрылысының да, мағынасының да негізгі ұйытқысы болып есептеледі» деген түсінік беріліп жүр [180, 24 б.]. Бұл анықтамалардан көріп отырғанымыздай, түбір негіз ұғымдарының бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығы байқалып тұрған жоқ. К. Аханов «Түбір морфема сөздердің ары қарай бөлшектеуге келмейтін және негізгі лексикалық мағынаны білдіретін түп бөлшегі болса, негіз, әдетте түбір мен жұрнақтың қосындысынан жасалады» [18, 278-279 б.]. Демек, түпкі бөлік – түбір, жұрнақ арқылы жасалған туынды тұлға- негіз болып табылады. Мағына білдіруімен байланыстылығын ескерсек, қазақ есімдерінің құрамында дыбыстық сипатқа ғана ие жасанды тұлғалар бар. Өзінен кейін түрлі қосымшалар жалғап, көптеген антропонимдердің жасалуына негіз болып отырғандықтан, оларды жоққа шығара алмаймыз және қызметіндегі түбір тұлғалыларға ұқсас мүмкіндігін ескере отырып, екеуіне ортақ жалпылық мәндегі атау ретінде *негіз* сөзін қолданамыз. Негіз сөзіне қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «бір нәрсенің түп-төркіні, негізі» деген түсінік беріледі [101, 616 б.]. Шығу тегі бойынша алғанда түбір сөзінің мағынасында нақтылық, яғни жалқылық, ал негіз сөзінде жалпылық сипат бар. Осы анықтамалар мен түсініктерді басшылыққа ала отырып, антропонимжасам мәселесінде біз *негіз* терминін қолданамыз. Түбір термині сөздің түпкі бөлшегіне қатысты болып келеді де, жұрнақ жалғанған бөлігі туынды түбір немесе туынды негіз деп аталады. Түбір немесе туынды негіздер туралы пікірлер ғылыми-зерттеу жұмыстарында үнемі айтылып жүр [74;

179; 206]. А. Ысқақов Түбір морфема мен қосымша морфеманың мағыналарындағы негізгі айырмашылық деп мыналарды көрсетеді: «Түбір морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі нақтылық, әрі дербестік тән болса, екіншіден, сол мағына тікелей түбірдің өз бойында болады; қосымша морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі тым жалпылық, әрі дербестігі жоққа тән болса, екіншіден, сол жалпы мағына тек сөздің құрамында ғана сақталады [180, 27 б.]. Бұл негіз термині туралы ұстанымдарымызды бекіте түседі. Нақтырақ айтқанда, біздің пікірімізше бұл термин жалпы есім сөздердің сипатына сәйкес келеді. Антропонимжасамдық тұлғалар қашанда екінші – дайын сөздерден жасалатындықтан, оның құрамында түбір тұлғалар да, туынды тұлғалар да болуы мүмкін, алайда кісі есімі үшін екеуінің бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Сөздің антропонимге дейінгі сипаты бар да, антропонимдік сипаты бар. Антропоним ретінде қолданылатын, дербес мағынаға ие бүтін тұлға түбір қызметін атқарады. Мысалы, қазір түбір ретінде қолданылатын кісі есімдеріне негіз болып жүрген көптеген сөздердің этимологиялық түбірлері бар. Алайда, ондай бөлік кісі есімінің түбірі бола алмайды. Түбір орнына негіз сөзін басшылыққа алу себебіміз де осыған және негіз сөзіндегі жалпылауыштық мәнге байланысты. Сонымен, осы тарауда қаралатын басты мәселелер *антропонимжасамдық негіз* ұғымының аясында өрбиді. Ол өз ішінде *мағыналық негіз және жасанды негіздер* болып топтасады. Мағыналық негіз бір-бірімен тығыз байланысты екі түрлі сипатымен ерекшеленеді: *тұлғалық негіз және мағыналық немесе тарихи-танымдық негіз*. Мағына білдіру және білдірмеуіне байланысты алғанда антропонегіздің орыс тіліндегі «антропооснова» терминінен айырмашылығы бар, яғни оның тікелей баламасы бола алмайды.

Антропонимикада қолданылатын *антропокомпонент* ұғымы бар, осы орайда оның да өзіндік ерекшелігіне түсінік бере кетуге тура келеді. Антропонегіз – қысқарған немесе дербес мағыналы сөзден жасалған дара тұлғалы және қосымша арқылы жасалған туынды тұлғалы есімнің негізгі ұйытқы бөлігі. «Бір нәрсенің құрамындағы бөлік» деген компонент сөзінің мағынасына сай, *антропокомпонент* – антропонимжасаушы дербес тұлға, яғни күрделі тұлғалы есімнің бір сыңары. Олардың құрамы бірнеше компоненттен тұруы мүмкін. Мысалы, Асанбай екі, Ернұрбек үш компоненттен құралған. Нақтылай түссек – антропонимжасамдық тұлға жеке тұрғанда *антропонегіз*, күрделі есімдердің құрамында келгенде *антропокомпонент* деп аталады.

Кісі есімдерінің мағыналық бөлігі антропонегіздер болып табылады, сондықтан шығу, қалыптасу тарихы сөз болғанда, осы негіздер мәселесі ойға алынады. Сөзжасамда әрбір жаңа сөздің қосымша арқылы үстелетін туынды мағынасы негізгі орында тұрса, антропонимжасамдық қосымшалар тек форма тудырушы элемент ретінде танылып, антропонегіздің мағынасы басты орында тұрады. Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген есімдердің құрылым жүйесінен осы белгі берік орын алған. Негіздерге жалғанған антропонимжасамдық қосымшалардың мағына білдіруден форма тудыру қызметіне ауысуы немесе әуелден-ақ осы қызметімен қолданысқа түсуі ертеректен бастау алатын болса керек. Қазақ тілі мен татар тілдеріне ортақ есімдердің мағыналық ерекшеліктерінен осыны байқаймыз. Мысалы, аталған екі тілдегі кісі есімдерінің түсіндірме сөздіктерінде Айтуар – Айтуар, Айтуған – Айтуған, Абызкелді – Абызгилде, Айбақсын – Айбаксын, Айбақты (Байбақты) – Айбакты, Айберді – Айбирде, Айдай – Айдай, Айдан – Айдан, Айбақ – Айбак, Айбол – Айбул, Айдаш – Айдаш, Айсын – Айсун т.б. есімдердің түсіндірмелерінде құрамындағы қосымшалар білдіретін грамматикалық мағыналар назарға алына бермейді.

Кісі есіміне айналған тұлғалардың антропонимжасамдық мағынасы оның өміршеңдік дәрежесімен айқындала түседі. Сөздің антропонимжасамдық ғұмыры неғұрлым ұзақ болған сайын, антропонимжасамдық мағынасы тереңдеп, танымалдық аясы да кеңейе түседі.

Антропонимдердің құрылымдық жүйесі бір немесе бірнеше компоненттерден тұрады. Сөз тіркесіне тән норма талаптары тұрғысынан қарастырғанда есім жасаушы кей компоненттердің мағыналық байланысында қайшылықтар кездеседі – бір-бірімен қатар тұрып жаңа мағыналы сөз жасауға қабілеті жетпейтін лексикалық бірліктер бірігіп, әрқайсысы дербес мағынасымен есім жасауға қатысады. Сондықтан, әр компоненттің кісі есімі құрамындағы ғана емес, жеке тұрғандағы ерекшеліктерін де арнайы қарастырудың өзіндік маңызы бар. Әрбір антропокомпонент тілде өзіндік сипатымен танылып, өзіне тән антропонимжасамдық мағынасымен өмір сүреді.

2) Антропонегіздер кісі есімдері құрылымының негізгі бөлігі әрі тарихи негізі болып табылатыны туралы ілгеріде айттық. Тарихи сипаты жағынан алғанда ол экстралингвистикалық факторлардың жемісі. Ол мәселе арнайы тарауда қаралатын болғандықтан, бұл орайда олардың тілде орнығуын, туыстас тілдердегі сипатын, антропонимжасамдық ерекшеліктерін назарға аламыз. Тарихи не-

гіз мәселесі туралы сөз болғанда, кейіннен пайда болған есімдерге байланысты сұрақтардың туындауы мүмкін. Алайда, негіз мәселесі, ілгеріде айтып кеткеніміздей, экстралингвистикалық факторлардың жемісі, демек антропонимжасамдық уәж арқылы жаңа есімдердің тарихи негізі назарға алынады. Кісі аттарын тілдік тұрғыдан талдау дыбыстық тұлғасы мен мағынасына қарай жүргізіледі. Бұл антропонимдер болмысындағы жүйенің талабы болып табылады. Дыбыстық тұрғыдан алғанда кісі есімі жаңа және көне болып бөлінуі мүмкін. Тілімізде жылдар бойы халықтың өзімен бірге өмір сүріп келе жатқан есімдер қолданылады. Ол есімдердің арасында қазіргі кезде жаңадан пайда болғандары да бар. Алайда, тіліміздегі төл немесе кірме сөздерден жасалғанына қарамай олардың әрқайсысы көне бола отырып жаңа, жаңа бола отырып көне есімдер екені туралы көп ойлана бермейміз. Қазір жиі қолданылатын Мирас, Рауан, Қуаныш, Нұрболат т.б. көптеген есімдерді соңғы ғасырдың еншісіне телітініміз рас, дегенмен бұлардың барлығы, ғасырлар бойы халықтың санасында сақталып келе жатқан ұлттық таным мен арман тілектің жаңа заманға лайық жарыққа шыққан дыбыстық формалары болып табылады.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің материалдарында өзге тілдермен қатар араб-парсы тілдерінің элементтері молынан ұшырасады. Қазіргі түркі халықтарының антропонимдік жүйесінде де осы ерекшеліктер көрініс береді. Қазақ есімдерінің лексикалық құрамында негізінен түркі текті төл есімдермен қатар кірме есімдер де қолданылады. Олардың ішінде бәрінен көп енгені – араб, парсы тілдерінің элементтері. Ене бастағалы бері олар қалыптасудың түрлі кезеңдерін басынан кешірді. Сөйтіп, антропоним жасау туралы ортақ жүйе мен ортақ ұғымдар қалыптасты. Төл және кірме есімдердің үздіксіз қатар қолданылуы қазіргі кезде олардың арасын ажырататын жікті жойып, бір-біріне кіріктіріп жіберді. Екеуі де ұлттық-рухани қазынаның элементі болып табылады. Ислам төл діні саналып, рухани-танымдық әлемінің компонентіне айналғаннан кейін мұсылман түркі халықтарының есімдері де жанаша даму бағытына ие болды. Демек, түркі халықтарына ортақ антропонегіздер мәселесі сөз болғанда, тек түркі тектілерді ғана емес, араб-парсыдан еніп, түркіленген есімдерді де түркілерге ортақ мәдениеттің элементтері ретінде қарастыруға тиіспіз, себебі мұнда да түркілік антропонимжасамның айқын іздері бар.

Төл сөздерден антропонимдердің жасалуы түрлі жолдармен жүзеге асады. Олардың арасында мағыналық және дыбыстық жақтан

тарихи негізін сақтай отырып, кісі есімдері ретінде өмір сүріп келе жатқандары бар. Түркі халықтарының баршасына ортақ осы тілдік негіздер әрі тарихи негіз ұғымының бір сипатын білдіреді. Антропонегіздерді тарихи тұрғыдан қарастыруымыздың бір себебі қазақ антропонимжасамының тарихын зерделеу болса, екіншіден, ол тілдер туыстастығының бір көрінісі болып табылады. Мұсылман түркілердің баршасына тараған ислам есімдерінің ортақ қолданылуы да туыстық-жақындықтың тарихи жалғастығы. Антропонимжасам экстралингвистикалық сипаты жағынан түрлі мәдени ойлар мен ұғымдардың жемісі, сондықтан ортақ есімдер ортақ ойлар мен ұғымдардың нәтижесінде жүзеге асатыны да ескерілуге тиіс. Мұның бәрі антропонимдердің ортақ дыбыстық формасы арқылы өмір сүретін ортақ рухани құндылықтар.

Осы белгілері мен ерекшеліктері арқылы антропонегіздер дербес зерттеу нысанына айналады. Сонымен антропонегіз дегеніміз – кісі есімін жасаушы негізгі өзек, тірек тұлғалар деген тұжырымға тоқталамыз.

2.2 Қазақ антропонегіздерінің қалыптасу тарихы және түркі антропонимдерінің арасынан алатын орны

Антропонегіз кісі есімдерінің мағыналық бөлігі, негізгі қаңқасы. Кісі есімі жасалуының ұйытқысы, тірегі. Антропонегіз – «антропонимдік негіз» ұғымының қысқарған түрі. Кез келген нәрсенің бастау негізі болатыны секілді антропонимдердің де әуел баста жасалу тарихы бар. В.А. Никонов «Есім іздейміз («Ищем имя») атты еңбегінде, кісі есімдерінің шығу тарихына, Гомердің он мың жыл бұрын жазылған «Одиссейіндегі» «адамдар арасында есімсіз ешкім болмайды» – деген өлең жолын мысалға келтіреді [123, 12 б.]. Алғашқы адамзат есімдерінің қандай болғандығы туралы ғалымдардың көп ойланғаны туралы айта келіп, Ивашко оны анықтау мүмкін емес дейді, алайда өз болжамын ұсынады. Алғашқы есімдер жекелеген ерекшеліктерді (особый) білдіретін, еркін дыбыстардың кешені түрінде пайда болуы мүмкін, яғни адамдар айнала қоршаған ортадағы нысандарды атай бастаған уақыттан бері есімдер де пайда бола бастаған дейді [144, 26 б.]. Кей зерттеулерде, адамға ат қою дәстүрінің сонау рулық қоғамнан бары туралы айтылады [64, 22 б.]. Ұлан-ғайыр осынау мерзім ішінде алуан түрлі сұрыптаулардан өтіп, қоғамдық сананың өзгеруіне байланысты кейбірі көнеріп қолданыстан шығып отырғанмен, алуан түрлі жолмен кісі есімдері өзінің лексикалық қорын үнемі жаңартып,

толықтырып келді. Көне дәуір ескерткіштеріндегі антропонимдердің мағынасынан, қоғамдық қызметінен адамдарды бір-бірінен ажыратып тану және қалай болса солай емес, арнайы есімдермен атау дағдылары, сол дәуірдегі түсінікке сай адами қасиеттердің сапалық белгілері, яғни есімі арқылы адам болмысын суреттеу мәселелері көрініс береді. Мұнан адамдар арасында мәдени қатынастардың және ұқсату, бейнелеу арқылы көркем ойлау қабілетінің қалыптаса бастағанын байқаймыз. Демек, антропонимдер өмірге адамзат баласы жасаған мәдениеттің бір тарауы ретінде енді. Ол сол дәуірлердегі пісіп жетілген мәдени сананың сұранысы әрі жемісі болатын.

Кісі аттары қатынас құралы ретіндегі тілдік элементтердің негізінде пайда болды және адамзат мәдениетінің өркендеуіне елеулі үлес қосып, қоғам өкілдерінің эстетикалық талғамымен бірге үнемі жаңа биіктерге көтеріліп келеді. Ұзақ уақыттар бойы үздіксіз дамудың нәтижесінде, ұлт тарихының, дәстүрінің, дүниетанымдық кеңістігінің қазынасына айналды. Құрамындағы түрлі тілдің элементтері ұлт тілінің қазанында қайнап, тұлғалық (белгілі жағдайда мағыналық жағынан да) жаңаша сомдалды, сөйтіп қазақ есімдері деген біртұтас сипатқа ие болды. Яғни, қай кезде де мәдени-рухани ізденістің жемісі бола отырып, осы бағытта қоғамдық қызмет атқарды. Демек, антропонегіздің тарихи қалыптасу жолдары қоғам дамуымен тығыз байланыста қатар жүрді, яғни ол тілдік қолданыста тұлғалық негіз бола отырып, тарихи негіз ретінде де құндылыққа айналды. Қазақ есімдерінің тұлғалық негізі туралы айтпас бұрын тарихи негіздерге тоқталамыз.

Біздің алдымызда қазір түркі текті ұлттардың кейбірінде сақталған белгілер бойынша, тарих қойнауындағы көмескі дүниелерден жекелеген белгілерді ғана емес, түпкі негізі бір ортақ тарихымыздың, мәдениетіміздің, соншалық бай рухани әлеміміздің тұтастығына сызат түсіріп алмай, жалпы түркілік біртұтас мәдениет пен өркениеттің тұлғасын аршып алу міндеті тұр. Көне түркі антропонегіздерінің құрылымдық жүйесінен антропонимжасам тәсілдерінің белгілері айқын байқалады. Жазба ескерткіштер материалдары арқылы тарихи-мәдени антропонимиялық тегімізді айқындауға болады, алайда жекелеген тілдердің қазіргі ерекшеліктеріне ұқсас кейбір элементтер табыла қалса, бүтін дүниені белгілі бір ұлтқа тели салуға болмайды. Негіз ұғымына біртұтастық тән.

Қазақ есімдерінің тарихы туралы сөз болғанда үнемі жазба ескерткіштер материалдарына жүгінетініміз анық. Алайда, ол ескерткіштер өткен дәуірлердің, тіпті өзі өмірге келген кезең

қолданысындағы тілдік элементтерді толықтай қамтиды дегенге кепілдік беру қиын. Қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы мен шығу тегі көмескі тартқан тұлғалардың этимологиясын анықтауға көне жазба ескерткіштер материалдарының мүмкіндігі жете бермейтіні белгілі. Сондықтан бүгінгі таңда бұл мәселені, сонымен қатар туыстас түркі халықтарының тілімен де байланыстыра қараудың мәні зор болып отыр.

Бұл өз кезегінде түркі тілдерінің ішіндегі диалектілердің дамуы және жекелеген ұлт тілдерінің қалыптасу ерекшеліктерімен байланысты болып келеді. Ә. Қайдар мен М. Ораздың «Түркітануға кіріспе» еңбегінде ол жөнінде «Алтай, Саян таулары мен қазіргі Моңғолия жерінде орналасқан түркі тайпалары сөздік қоры мен грамматикалық құрылымы бір, негізі бір тілде сөйлеп, қарым-қатынас жасап келсе де, уақыттың озуымен байланысты өзіндік ерекшеліктері бар жеке-жеке түркі тілдеріне жіктеле бастайды, бірақ сатылай байланысып, туыстығын сақтайды» – деп атап өтеді [89, 106 б.]. Бұл пікір, әрине, тарихи деректерге сүйене отырып айтылғаны белгілі. Сол деректердің бірі ретінде – XI ғасырда өмір кешкен ұлы ғұлама М. Қашқари еңбектерін атауға болады. «Диуани лұғат-ит-түрікте» ол: «Сонымен, мен сол түріктердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілдерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. Түрік, түрікмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін және (сөздерінің) қасиет, құпияларын анықтап шықтым, оларды пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдердегі кішігірім айырмашылықтарды парықтап білу үшін істедім. Сонымен олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, берік сақталып қалды... [105, 31 б.]

Бұл жазған еңбегім талапқа сай болсын, пайдаланушыларға анық, қолданушыларға қолайлы болсын деген ниетпен бірқатар қағидаларды түзіп, өлшем үлгілерін жасадым. Әр тайпаның тілінен сөз жасауға негіз болған түбір сөздерді алдым. Сондықтан, сөздердің қысқасы жақсы, ілгері кеткендерге тура нышан көрсетіп, кең жол ашып беру үшін, өрлеп-өсу ниетіндегілерге саты қойып беру үшін осыларды істедім» – дейді [105, 33]. Бұл жолдардан түркі тілінің диалектілері туралы алғашқы ғылыми пікірді аңғарамыз. Қазіргі қалыптасқан ұлт тілдерінің ішінде де аймақтық ерекшеліктердің бары зерттеушілер тарапынан айтылып жүр және осы ерекшеліктер, негізінен, тілдің тарихымен байланыстырылады. Белгілі диа-

лектолог ғалым Ә. Нұрмағамбетов еңбегіндегі мына жолдар соған дәлел: «Татар, башқұрт, ноғай тілдерінде қазақ тіліндегі «о» қолданылатын сөздердің көбінде «у» дыбысы айтылады. Қазақ тіліндегі «борсық», «босаға» сияқты сөздер татар тілінде «бусаға», «бурсық» түрінде дыбысталатынын еске алсақ, қазақ тілі говорларының батыс тобында «ояну» орнына «ұяну», «борыш» орнына «бұрыш» т.б. болып қолданылуы таңғаларлық құбылыс емес» [127, 85 б.]. Бұл деректер, түркі тілдері түрлі факторларға байланысты бір-бірінен алшақтап, жеке, дербес ұлттық тілдерге айналып кеткенімен, олардың құрамында өткен заманнан қалған ортақ тілдік белгілердің әлі де сақталып келе жатқанын дәлелдейді. Байырғы түркі мәдениеті әлемдік өркениетке қосқан өзіндік үлесімен ерекшеленеді.

Бүгінге дейінгі уақыт аралығында олардың барлығы атқаратын қызметіне және мағыналық аясына топтасқан таным құндылықтарының ерекшеліктеріне қарай бір арнаға тоғысып, қазақ есімдерінің лексикалық қорын түзіп отыр. Ал қазақ есімдерінің антропонимжасамдық жүйесі туралы сөз болғанда, яғни құрамындағы тілдік элементтерді талдағанда, оның өткеніне, қалыптасу тарихына көз жібермей тұра алмаймыз. Бұл орайда мәселенің мәнін ашу үшін салыстырмалы тарихи грамматика әдістеріне сүйенетініміз белгілі.

Қазақ тілінің тарихын зерттеуші ғалымдар түркі тілдерін өзара салыстыруды тарихи салыстырмалы зерттеу әдістерінің бір саласы ретінде қарастырады [163, 7 б.], сонымен қатар «Салыстырмалы-тарихи әдіс тілдердің қазіргі қалпын да, оның тарихын да, тарихи даму жолы мен кезеңдерін де көрсетіп беру мүмкіншілігіне ие» екені туралы айтылады. [89, 72 б.]. Тарихи зерттеу әдістері ең бірінші туыстас тілдердің ішінде де өзара жақын тілдерді салыстырудың маңызды екенін көрсетіп отыр, сондықтан қазақ антропонимжасамдық жүйесінің қалыптасуындағы кей мәселелердің сырларын тереңірек тану үшін, қыпшақ тобына жататын тілдердегі кісі есімдерін өзара салыстыру әдісін назарда ұстанамыз. Өйткені, «Қыпшақ тобындағы тілдерде сөйлеуші этностардың барлығының да көне қыпшақ тіліне белгілі дәрежеде қатысы бар, кейбір тілдер о бастан қыпшақ негізінде қалыптасса, енді бір тобының қыпшақ сипаты кейін басымдыққа ие болған тілдер. Қыпшақ тілінде сөйлейтін барлық этностар тілінде оғұз, қарлұқ, бұлғар тілдері элементтерінің сақталып отыруы түркі халықтары тілінің қалыптасуы күрделі де, қайшылықты лингвоэтникалық, лингвоэволюциялық даму жолынан өткенін көрсетіп қана қоймайды, түркілік тектілден бастау алатын тарихи тамырының тереңдігін айғақтайды» [207, 62-63 б.]. Демек, өзара

туыстас қыпшақ тобындағы тілдер антропонимдерінің лингвоэлементтерін салыстыра отырып, қазақ антропонимжасамдық жүйесі қалыптасуының тарихи негіздерін анықтауға мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі антропонегіздердің қалыптасуындағы тарихи үдерістердің сырларын анықтауда да салыстыра зерттеудің өзіндік маңызы бар.

Бұл ең бірінші шығу тегіндегі ортақ негіздің тұрақтылығын, өзінің антропонимжасамдағы дәстүрлі заңдарын өзгеріссіз сақтап келе жатқандығын көрсетеді. Қазіргі қазақ антропонимдерінің құрылымдық жүйесіне және тұлғалық болмысына тән элементтердің антропонимжасамдық қызметінің орнығуына байланысты көптеген мәселелердің дұрыс шешімін туыстас тілдердің фактілеріне сүйене отырып табуға болады. Басқаша айтсақ, антропонимжасамдық түбірлердің немесе антропонимжасамдық ұялардың, сондай-ақ антропонимжасамдық қосымшалардың шығуы мен даму үдерісі, әрқайсысының құрамындағы тұлғалардың ортақ қызмет аясына топтасуының тарихи себептерін ашу үшін туыстас тілдердің фактілерін салыстырудың маңызы зор.

2.2.1 Көне түркі тіліндегі антропонегіздер

Түркі тілдеріндегі кісі есімдерін салыстыра зерттегенде, олардың баршасына ортақ антропонегіздердің құрылымдық жүйесі мен мағыналық жақтан бірдей, тек дыбыстық тұлғаларында ғана аздаған ерекшеліктердің бары байқалады. Қазақ есімдерінің тарихына байланысты зерттеулерде көне түркі ескерткіштерінің материалдарымен салыстыра отырып, біршама мәселелер айтылған болатын. Бүгінде қазақ тіліндегі антропонимдердің өзіне тән белгілері қалыптасып, көптеген сөздер антропоним немесе антропоним компоненті ретінде нормаға айналған. Бізге белгілі көне түркі заманынан бергі кезеңде кісі аттарының қойылуында осы бір дәстүрлі ерекшелік сақталып келеді. Бұл жүйенің тарихи тамырының тереңдігі көне түркі жазба ескерткіштерінің материалдары мен қазіргі түркі халықтарының есімдерін салыстырғанда байқаймыз. Осы тараушада сөз еткелі отырған қазақ – ноғай – татар – башқұрт – қарашай-малқар – құмық (әрі қарай түркі есімдері) есімдеріне тән ортақ белгілер туралы айтқанда, ең бірінші ойымызға әлі күнге дейін сақталып келе жатқан осы тарихи дәстүрлі жүйе оралады. Антропонимдену үдерісінің нәтижесінде дербес сөздерден түбір тұлғалылардың, қосымшалар

жалғану арқылы туынды негіздердің және түрлі компоненттердің бірігуімен, тіркесуімен күрделі тұлғалылардың жасалуы, белсенді қолданыла келе негіздердің антропонимжасамдық ұяға айналуы осы тілдердің барлығына ортақ жүйе ретінде қызмет етеді.

Бұл жүйе нақты тарихи жазба дерек көзі болып табылатын көне түркі ескерткіштерінің материалдарынан бастау алады. Мағыналық сипаты бойынша бүгінгімен сәйкесетін антропонимжасамдық таным мен ұғымдардың және құрылым жүйесінің айқын көріністері көне түркі жазба ескерткіштерінде молынан кездеседі: *Түбір және туынды негізден тұратын кісі есімдері*: aǰaz (Аяз), aǰna (Айна), altu (Алту), adaj (Адай), aǰ (Ай), alp (Алп), altmıš (Алтмыш), anar (Анар), baǰatur (Бағатур), bars (Барс), batur (Батур), böri (Бөри), buǰra (Буғра), buǰayu (Бузағу), bükä (Бүкә), čaǰri (Чағри), čaǰ (Чаң), činar (Чынар), erän (Ерән), esän (Есән), jaruq (Яаруқ), julduz (Йулдуз), juqa (Йуқа), kök (Көк), küčük (Күчүк), kümüş (Күмүш), bilig (Билиг), otuz (Отуз), tarǰan (Тарқан), qul (Кул), bars (Барс), jürük (Йурук); abı (Абы), abıč (Абыч), abıq (Абык), ačqı (Ачқы), aǰduq (Ағдуқ), alču (Алчу), aqıš (Ақыш), ariǰ (Арығ), arčuq (Арчук), arslan (Арслан), aruq (Аруқ), artuqač (Артуқач), asıǰ (Асығ), ašmıs (Ашмыш), atıq (Атығ), abamu (Абаму), bajıǰqu (Байырқу), beglan (Беглән), bektür (Бектүр), čonaj (Чонай), elči (Елчи), jorčiq (Йорчық), meñlik (Меңлик), otamıš (Отамыш), ozmıš (Озмыш), muñsuz (Муңсуз), tümän (Түмән), temir (Темир), turmıš (Тұрмыш). Бұл келтірілген мысалдар антропонимжасамдық негіздердің көне нұсқалары. Құрылымдық жүйесі бойынша бұлардың көпшілігі күрделі тұлғалылардың компоненттері болып табылады. Даралап көрсетуіміздің себебі – бүгінгі кісі есімдерінің бастауында тұрған осы тұлғалардың антропонегіздік сипатын айқындау және жеке компоненттердің антропонимжасамға дербес күйінде қатысып, өзіндік ұғым-түсініктер түзу мүмкіндігі мен сырларын зерделеу. Түркі ескерткіштерінен беріліп отырған осы мысалдар түгелге дерлік қазақ есімдерінің құрамында кездеседі. Дыбыстық тұлғасы жағынан да соншалық алыстап кете қоймаған. Антропонимжасамдық қосымшалардың түрлері де, жалғану тәртібі де қазіргі есімдер жүйесіне өте жақын. Дыбыстық және рухани негіз болып табылатын көне түркілік нұсқаларды қазір антропонимжасамдық негіз ретінде қабылдаймыз. Аталған есімдердің рухани-танымдық кеңістігін өзіндік белгілері бойынша шамамен, түр-түске, тазалыққа, қоғамдық лауазым атауларына, наным-сенімдерге, сұлулыққа байланысты т.б. мағыналық топтарға жіктеуге болады. Бүгінгі кісі есімдерінің құрамында осы эстетикалық талғамның сонау бастапқы

негіздері әлі күнге сақталып келеді. Осы орайда кейбір есімдердің даму көрсеткіштеріне назар аударып көрелік: көркемдік, сұлулық, нәзіктік, тазалық ұғымдарын мағыналық аясына жинақтаған ај (Ай), Ајас (Ајас) ајаз (Аяз), ċīnar (Чынар) есімдері көне түркі тілінде *таза, айқын* (аспан туралы) мағыналарын білдіреді, бұл есім жүзі сұлу құлдарға берілген [52, 27 б.], ајна (Айна) есімін де *ай* түбірінен жасалған, *анық, айқын* сөздерімен мағыналас деп есептейміз. ċīnar (Чынар) күрделі тұлғалы есім: *ċīnar ċeċäk qiz* (әйел есімі) қазіргі өскін, шыбық мағынасында қойылған есім. Мұндай болжам жасауға *гүл* мағынасында көне және қазіргі біраз түркі тілдерінде қолданылатын екінші сыңары мүмкіндік береді. Осы есімдердің барлығы мағыналық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты, мұнда түркілік антропонимжасамдық таным-түсініктер мен антропонимжасамдық тұлғалардың сипаты көрініс береді. Ортақ ой түрлі лексикалық бірліктер арқылы антропонимге айналған. Осы бастау негіз қазақ тіліндегімен қатар, қазіргі түркі тілдеріндегі есімдердің жасалуынан да айқын байқалады. Антропонимжасамдық сипатқа ие сұлулық, кескін-келбет, тазалық т.б. секілді ұғым-түсініктердің негізінде қалыптасқан *қазақ тілінде*: Айбике, Айсұлу, Айшат, Ақтамақ, Гүлжан, Жұлдыз, Шынар т.б.; *ноғай тілінде* Айбийке, Айсылув, Айшат, Ақтамақ, Кызылгуыл т.б.; *татар тілінде*: Айшат, Айзат, Айбулат, Айбикә, Айгөл, Аксылу т.б.; *башқұрт тілінде*: Айбикә, Айһылыу, Айзәдә, Айгөл, Аксәсәк т.б., *қарашай-малқар тілінде*: Айшат, Акътамақ, Гюлджан, Джулдуз т.б.; *құмық тілінде*: Айшат, Айбийке, Айгюл, Аксылы; Сюйкюм т.б. секілді есімдер бар.

Араб, парсы элементтері көне түркі есімдерінің құрамында да кездеседі. Ислам дінімен бірге еніп, тұрақтап қалған осы есімдердің құрамында пайғамбарлар, дін қайраткерлері, Алланың сипаттарына (эпитет) байланысты есімдерден тұрады: Abu-bäkr al-mufid al-zağarāni (Абу-бәкр ал-муфид ал-Зарзарани), Abu-bäkr al-qaffal uš-šaši (абу-бәкр ал-қаффал уш-шаши), Abu-l-qasim ‘abdullah ibn-muhammad al-muqtadi bi-amrillah (Абу-л-қасим ‘Абдуллаһ ибн-Мухаммад ал-муқтади би-амриллах) ibn abi-d-dünja (ибн аби-д-дүниа), Ashab (Асхаб), Idris (Идрис), Isa (Иса), Jaqja (Яқия), ‘Abbaz (Аббаз), Adam (Адам), ahmad, Ali (Али), Jaqub (Яқуб), Jusuf (Йусуф), Mübäräk (Мубәрәк), Muhammäd (Мухаммәд), Mīsīr (Мысыр), Omar (Омар), Osman (Осман), Qadir (Қадир) [52]. Түркі тілдерінде бұл есімдердің барлығы сақталған. Түрлі қосымшалар, компоненттермен бірігіп жасалған жаңа есімдер көптеп саналады. Жиналған материал көрсеткіштерінен қарастырылып отырған түркі халықтарының ант-

ропонимдік қорында исламмен байланысты есімдердің үлес салмағы басым екені байқалады.

Антропонимжасамдық негіз мәселесі сөз болғанда көне түркіден бастау алатын олардың жүйесіне қатысты екі мәселе туралы айта кету орынды: 1. Ілгеріде атап өткеніміздей жекелеген компоненттердің антропонимжасамға қатысу көрсеткіштері. Көне антропонимдер құрамындағы компоненттердің біразы қоғамдық лауазым атаулары: *taɣɣan* (тархан), *tegin* (тегин), *tutuq* (тутуқ), *baj* (бай), *beg* (бег), біразы сипаттау мәнді: *alp er toɣa* (алп ер тоға), *alp turmıš* (алп турмыш), *aq baš atıq* (ақ баш атық), *bilgä beg* (билгә бег), *jürük qırçaq* (йүрүк қыпчак); сан атауларынан: *altmıš qara* (алтмыш қара), *altu* (алту), *otuz* (отуз) т.б. байланысты сөздерден жасалған. Бір кездердегі бұлар адамның кескін-келбетін, қоғамдағы орнын айғақтайтын сөздер мен сөз тіркестері (лақап) ғана болуы мүмкін. Осы қызметінде қолданыла келе біртұтас атауға айналып, антропонимжасамдық сипатқа ие болған. Бір сөздің бірнеше есімге негіз болуы сол заманның өзінде-ақ олардың антропонимжасамдық ұғымдардың формасы ретінде қалыптасу мүмкіндігін көрсетеді. Мысалы, *алып* сөзі адамның сипатын білдіреді – біріншіден, денесі зор, ерекше тұлға; екіншіден, оның күш-қуаты, қайраты, үшіншіден, жаудан елді қорғаудағы ерлігі туралы ұғымдар жинақтала келе осы сөздің антропонимжасау мүмкіндігін қалыптастырады. Бойындағы антропонимжасамдық үдерістердің нәтижесінде сөз тұрақты компонентке айналады. Компоненттердің дербес мағынасымен антропонимжасамға қатысу мүмкіндігі дегенде осы мәселелер ойға алынады.

2. Антропонимжасамдық негіз ретінде қалыптасқан тұлғалардың өзінен кейін түрлі қосымшалар мен компоненттерді жалғау арқылы антропонимжасамдық ұя ретінде орнығу мәселесі. Мысалы, *oɣul taɣɣan* (оғул тарқан), *oɣul tegin* (оғул тегин), *oɣul toɣa* (оғул тоға); *beg buɣa* (бег буға), *beg arslan* (бег арслан), *beg bars* (бег барс), *beg buɣa* (бег буға), *beg čur* (бег чүр), *beg taš* (бег таш), *beg temür qız* (бег темүр қыз), *beg turmıš* (бег турмуш) т.б. Антропонимжасамдық ұялар қалыптасуының сол кездегі элементтері көне түркілік есімдердің құрылымдық жүйесінен байқалады. Көне түркі жазба ескерткіштері материалдары бойынша алынған төмендегі мысалдар сөз болып отырған екі негіздің көрсеткіштері:

ALP: *alp aja* (Алп аяа), *alp er toɣa* ~ *toɣa alp er* (Алп ер тоға ~ Тоға алп ер), *alp burɣučan* (Ал бурғучан), *alp qutluɣ* (Алп қутлуғ), *alp taɣɣan* (Алп тархан), *alp tegin* (Алп тегин), *alp toɣrıl* (Алп тоғрыл), *alp turmıš* (Алп турмыш), *alp tutuq* (Алп тутуқ), *alp uruɣu* (Алп уруну).

ALTMİŞ: altmîş qara (Алтмыш қара), altmîş tükün (Алтмыш түкүн).

AQ: aq baş atıq (Ақ баш атығ), aqış (Ақыш).

JÜRÜK: jürük qırçaq (Йүрүк қыпшақ), jürük tümän (Йүрүк түмән).

OYUL: oğul tarqan (Оғул тарқан), oğul tegin (Оғул тегин), oğul toğa (Оғул тоға), qutluğ oğul (Қутлуғ оғул).

ESÄN: esän buqa (Есән буқа), esän qaja (Есән қая), esän tegin (Есән тегин), esän temür (Есән темүр).

AJ: aj qayan (Ай қаған), aj ölütcü (Ай өлүтчү), aj toldi (Ай толды).

APA: ara tarqan (Ай тарқан); öz ara tutuq (Өз апа тутуқ), qul ara (Қул апа).

BAJ: baj ara (Бай апа), baj buğa (Бай буға), baj temür (Бай темүр), bört baj (Бөрт бай), түз bai (Түз бай).

BEG: beg arslan (Бег арслан), beg bars (Бег барс), beg buğa (Бег буға), beg çür (Бег чүр), beg taş (Бег таш), beg temir quz (Бег темүр қуз), beg turmuş (бег турмуш); bars beg (Барс бег), jegin silig beg (Йегин силиг бег), ügün beg (Үрүн бег).

BILGÄ: bilgä beg (Билгә бег), bilgä çikşän (Билгә чикшән), bilgä qayan (Билгә), bilgä talui (Билгә); çik bilgä çikşi (Чик билгә чикши), inanču bilgä qayan (Инанч билгә қаған), kül bilgä qayan (Күл билгә қаған), oğuz bilgä (Оғуз билгә), өз bilgä (Өз билгә), taj bilgä (Тай билгә), töläş bilgä (Толаш билгә).

KENÇ: kenç estemi (Кенч естемі), kenç bersü (Кенч берсү), kenç toymış tarqan (Кенч тоғмыш тарқан).

ÖZ: өз ара tutuq (Өз апа тутуқ), өз bilgä (Өз билгә), qizil өз (Қызыл өз).

QARA: qara baqşi (Қара бақшы), qara buqa (Қара буқа), qara oquj (Қара окуй), qara qan (Қара қан), qara quş (Қара қуш), qara seğün (Қара сенүн), qara tekün (Қара текүн), qara temür (Қара темүр), qara toyma (Қара тоғма), qara tojin (Қара тойын); altun qara (Алтун қара), baş qara хан (Баш қара хан), buğa qara хан (Буға қара хан), bujan qara (Буйан қара), bürlük qara (Бүрлүк қара), miñ qara (Мың қара), misir qara quz (Мысыр қара қуз), ögrünç qara (Өгрүнч қара), qalıñ qara ađi (Қалын қара ачы), qiti qara (Қыты қара), qutadmış qara (Қутадмыш қара), qulun qara (Кулун қара), sekinç qara (Секинч қара), tükäl qara (Түкәл қара) [52].

Бүгінгі түркі есімдерін өз ішінде салыстыра отырып саралағанда, бір-біріне жақын екені байқалады. Бұл ең бірінші шығу тегіндегі ортақ негіздің тұрақтылығын, антропонимжасамдағы дәстүрлі

заңдардың өзгеріссіз сақталып келе жатқанын көрсетеді. Қазіргі қазақ антропонимдерінің құрылымдық жүйесіне және тұлғалық болмысына тән элементтердің антропонимжасамдық қызметінің орнығуына байланысты көптеген мәселелердің дұрыс шешімін табу үшін туыстас тілдердің фактілеріне сүйенеміз. Басқаша айтсақ, антропонимжасамдық түбірлердің немесе антропонимжасамдық ұялардың, сондай-ақ антропонимжасамдық қосымшалардың шығуы мен даму үдерісі, әрқайсысының құрамындағы тұлғалардың ортақ қызмет аясына топтасуының тарихи себептерін ашу үшін туыстас тілдердің фактілерін салыстырудың маңызы зор.

Тілдік ерекшеліктердің кей жағдайында олар тіптен бірдей деуге болады. Біз түркі есімдеріне ортақ белгілер мен екеуінің әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктеріне талдаулар жасамақпыз. Осы тәсіл арқылы қазақ антропонегіздерінің тарихи қалыптасу жолдарын зерделеуге болады. Енді осы тілдерге жеке тоқталып әрқайсысындағы антропонегіздерді қазақ есімдерімен салыстырып көрелік. Салыстырмалы лексика әдісімен түркі тілдері бойынша көптеген зерттеулер жүргізілді. Ә. Қайдар бұл саладағы табысты еңбектердің қатарына Л. Будагов, В.В. Радлов, Э.К. Пекарский, Ә. Нәджи, Э.И. Фазылов, Ә. Құрышжанов, А.К. Боровков, А.М. Щербак, Э.В. Севортян секілді ғалымдардың сөздіктерін, «Көне түркі сөздігін» жекелеген ғалымдардың атсалысуымен жарық көрген «Исторические развития лексики тюркских языков» (М. 1961), «Очерки сравнительной лексикологии алтайских языков» (Л., 1972) т.б. жинақтарды жатқызады [208, 41-42 б]. Осы уақытқа дейін түркі тілдеріндегі есімдердің лексикалық құрамы салыстыра зерттеу нысанына алынып, арнайы зерттелген емес. Қазақ антропонегіздерінің шығу тегі мен түркі есімдерінің арасындағы орнын, өзіне тән белгілерін айқындау екінші жағынан түркі есімдерінің бір-бірімен қазіргі жақындығын әрі түпкі негіздерден таралу, яғни алшақтық дәрежесін көрсетеді. Түркі есімдері мағыналық жақтан алғанда бір-бірінен аса алшақ тұрмағаны белгілі. Салыстыру барысында әр түркі есімі қазақ тіліндегі нұсқасына ұқсастықтары мен дыбыстық ерекшеліктеріне назар аударылады. Тағы бір айта кететін мәселе әр тілдегі дыбыстардың сипаты мен таңбалануына байланысты. Түркі тілдеріндегі дыбыстар жүйесі баршасына ортақ дегенімізбен, кей жерлеріне түсінік беруге тура келеді, сондықтан әрқайсысының дыбыстық ерекшелігіне жалпы сипаттама беріледі.

2.2.2 Қазақ-ноғай тілдеріне ортақ антропонегіздер

«Ноғай тілі дыбыстық жағынан қазақ пен қарақалпақ тілдеріне өте жақын. Ноғай тілінің төл сөздері буын үндестік заңдылығын берік сақтаған. Яғни, ноғай тілінің төл сөздері бірыңғай жуан не жінішке буынды болып келеді» [89, 267 б.]. Бұл ерекшелік негізінен кісі есімдерінің табиғатында да сақталған. Осы орайда біздің оқырмандарға түсінікті болу үшін ноғай тіліндегі кей дыбыстардың таңбалануынан қысқаша мәлімет бере кетуге тура келеді. Дыбыстардың көпшілігі ортақ әріптермен (кирилл) беріледі. Қазақ тіліндегіге ұқсамайтындары: «Аь аь – езулік, тіл алды, ашық, жінішке дыбыс: авзиз «мейрімді, сүйікті» (Қазақ тіліндегі ә-мен сәйкеседі: эзиз *авт*). Вв – у дыбысын таңбалайды: жазылғанда сув, айтылғанда суу (сүү)». Гг – гь тіл арты, үнді дыбыс: ага болып жазылады, ағыа болып айтылады. Қазақ тіліндегі ғ әрпімен сәйкеседі. Ее – сөз басында йә дыбыстарының тіркесін таңбалайды: *ел* түрінде жазылып, йел болып айтылады. Ии – қазақ тіліндегі и дыбысымен бірдей, тек редукцияланған түрінде и жазылып, і айтылады: кир – кір. Кк – жазылуы мен айтылуында орыс тіліндегі к және тіл арты, қатан къ дыбысымен сәйкеседі: жазылғанда *кара*, айтылғанда *къара* (Қазақ тіліндегі қ дыбысына ұқсайды). Нь нь – мұрын жолды, үнді дыбыс. Орыс тіліндегі дыбыстармен сәйкеспейді: *тань* сөзінің құрамында қолданылады (қазақ тіліндегі н дыбысына ұқсайды). Оь оь еріндік дауысты дыбыс, орыс тілінің дыбыстарына ұқсамайды. Коьз сөзінде қолданылады (қазақ тіліндегі ө дыбысына ұқсайды). Уь уь – қысан, еріндік дыбыс. Орыс тіліндегі дыбыстармен сәйкеспейді. *Буьгуьн* сөзінің құрамында бар. Э (э) – тек сөздің басында ғана қолданылатын езулік дыбыс: эл (ел), эс (ес). Дауыссыз дыбыстардан кейін келгенде е әрпімен жазылады: *кеме, коьшпели* [136, 5-6 б.]. Ноғай тіліне байланысты зерттеулерде көрсетілуі бойынша 1962 жылғы реформадан кейін ноғай тілінде 37 әріп бар деп белгіленеді. Яғни, бұрынғы әліпбиі толықтырылып, аь, уь, оь, э әріптері қосылды да, бұрынғы къ, гь әріптері алынып тасталды» [89, 267 б.]. Қазіргі жазу емлесі бойынша қ, ғ дыбыстары к, г әріптерімен таңбаланады, оқылуда сөздің жуан не жінішкелігіне қарай қ, ғ болып айтылады. Салыстыру барысында, есімнің қазақша нұсқасы жақша ішінде беріліп, ноғай тіліндегіден ерекшеліктері бар нұсқаларының қасына дыбыстық сәйкестіктері көрсетілді: Абай, Абак, Абаш, Агабай, Адай, Айбас, Айбат, Айдар, Айдын, Аййигит (Айжігіт и~ж), Айзак, Айсын, Айтемир, Агзам, Аьдем (Адам), Азамат, Азат, Айдар, Айкожа, Аймырза,

Аймухамед (Аймұқамет д-т), Айзак, Абдулгазы (Әбдіғазы а-ә), Абдулкадыр (Әбдіқадір а-ә), Абдурахман (Әбдірақман а-ә, х-қ), Абу, Абубекир (Әбубәкір а-ә, е-ә, и-і), Ажмамбет (Әжмәмбет а-ә), Азамат, Айдемир (Айтемір д-т), Акболат, Акманбет, Акмурза (Акмырза ұ-ы), Ақтай, Али (Әли а-ә), Алибек (Әлибек а-ә), Аманкай, Аманбай, Анвар (Әнуар а-ә), Арслан, Асан, Аубекир (Әубәкір а-ә, е-ә), Ахмет (Ақымет х-қ), Ашим (Әшім а-ә, и-і), Аюб (Айып у-ы, б-п), Аьжибатыр, Аьким, Аьлибек, Аьлим, Аьмин, Аьмирбай, Аьмирхан, Аьскерби, Базарбай, Байдемир (Байтемір д-т), Байрам (Мейрам б-м, е-а), Баймырза, Баубек, Баьтир (Батыр ә-а; і-ы), Баьтирбек (Батырбек ә-а; і-ы), Бекали (Бекәли а-ә), Бекберди, Бекболат, Бекет, Бекмурза, Бектемир, Белял (Біләл е-і й-а ә), Бийсултан, Ваьис (Уәиіс), Вали (Уәли а-ә), Белял (Біләл е-і й-а), Дауыт (Дәуіт а-ә, ы-і), Динибек, Диниш, Жантемир, Зекерия (Зәкәрия е-ә), Ибрагим (Ыбрайым), Иса, Ислам (Есләм и-е, а-ә), Исмаил (Исмайыл), Исмак (Ісмақ), Искак (Ысқақ и-ы), Йоллы (Жолды й-ж, л-д), Йолмамбет (Жолмәмбет й-ж), Кадир, Казбек, Казий (Қазі), Каирбек, Каплан, Карасай, Касым, Кенжеболат, Керим, Кожохмет, Койлыбай, Кокькоьз, Кокьшекбай, Кудайберди, Курмаш, Курман, Кыдыр, Кыдырәли, Лукпан, Мамаш, Матай, Маьмбет, Медев, Межит (Мәжит е-ә), Менълибай, Мурат, Муса, Мухтар, Нияз, Ниязбек, Нургазы, Ораз, Оразәли, Оразбай, Оспан, Оьзбек, Оьмирбек, Оьмирзак, Оьтемис, Оьтеш, Рамазан, Рашид (Рәшит а-ә, д-т), Сагындык, Сарсемби (Сәрсембі а-ә), Сарбас, Сартай, Сатай, Саьлим, Солтан, Суьйиндик, Сыдыйк (Сыдық), Танъатар, Темирбек, Токтар, Тоьлеген, Тоьлемис, Умар (Омар у-о), Шокай, Ыдырыс, Элболды (Елболды ә-е), Элдар (Елдар ә-е), Эрболат (Ерболат ә-е), Эсберген (Есберген ә-е), Эсенгелди (Есенгелді ә-е), Юмагелди (Жұмагелді й-ж, у-ү), Юмай (Жұмай й-ж, у-ү), Юманияз (Жұманияз й-ж, у-ү), Юнус (Жүнүс й-ж, у-ү), Юсуп (Жүсіп й-ж, у-ү), Явгайтар (Жауқайтар й-ж), Якуп (Жакып й-ж), Ямболат (Жанболат й-ж), Янибек (Жәнібек й-ж), Ярболат (Жарболат й-ж), Ярыкбай (Жарықбай й-ж), Яхия (Яхия). Талдаулар барысында кездескен ұлттық тілдің белгісі болып табылатын дыбыстар сәйкестігі мынандай болып шықты: д-т, а-ә, х-қ, е-ә, ұ-ы, х-қ, и-і, у-ы, б-п, і-ы, б-м, е-а, е-і, й-а, ы-і, и-е, и-ы, й-ж, л-д. Ноғай есімдері дыбыстық ерекшеліктері жағынан қазақ есімдеріне өте жақын екені байқалады. Мысалға алынған 159 есімнің 101-дыбыстық жағынан дәл сәйкеседі. Дыбыстық өзгешелігі бар қалған 58 есімнің бесеуі ғана түркі текті, қалғандары араб тілінен енген есімдер. Төрт есімнің екеуі *темір* сөзінің *демир* болып айтылуына байланысты ерекшеліктер. Ноғай

әдеби тілінде бұл сөздің алғашқы дыбысы *темир* түрінде *т* болып айтылады және Бектемир есімінде де *т* дыбысы қолданылады. Батырдың Бәтір болып айтылуы қазақ тілінің ішкі ерекшелігіне ұқсайды. Йоллы ноғай тілінің диалектілік ерекшелігіне байланысты қалыптасқан тұлға. Қалған 54 есім араб тілінен енген. Қазақ-ноғай тілдеріне ортақ қалған есімдердің ішіндегі түркі текті төл тұлғалар да, кірме есімдердің бейімделуі де өзінің тарихи негізін сақтағаны байқалады.

2.2.3 Қазақ-татар тілдеріне ортақ антропонегіздер

Татар тілінде өзге түркі тілдері секілді сингармонизм заңдылығы сақталған. Алғашқы буынның жуан, жіңішкелігіне қарай соңғысы да жуан не жіңішке болады. Мысалы, *алты, сигез, сап-сары*, бұл заңдылыққа кірме сөздер, күрделі сөздер және жаңадан жасалған кейбір туынды түбір сөздер бағынбайды. Дауысты дыбыстардың арасында ерін және езу үндестігі сақталған, бірақ татар тілінде ерін үндестігі өте әлсіз, айтуда ғана сақталады, жазылуда есепке алынбайды [89; 164]. Бұл ерекшеліктері жағынан алғанда, қазақ тіліне жақындығы байқалады. Дауыстылардың ішінде *ы* дыбысынан бөлек, *-ый* қолданылады: *Габделкадыйр, Казыйхан, Касыйм*. Дыбыстарының таңбалану сипаты жағынан қазақ тілінен ерекшеліктері мынандай: *қ* жазылуда *к*, *ғ* жазылуда *г*, сөз құрамының жуан жіңішкелігіне қарай оқылғанда *қ*, *ғ* болып ажыратылады. *гь* әрпімен (*мағълүмәт*) таңбаланатын дыбыс *г* дыбысына ұқсас айтылады. *е* (хамза) жазылуда *э*, мұнан өзге *жс* түрінде таңбаланатын *дж* дыбысы бар. *w* дыбысы сөз басында *в*, соңында *у* немесе *ү* болып жазылады [89; 164; 32]. Қазақша жазылуымен ұқсас есімдер қалдырылып, таңбалануында және дыбыстық сипатында ерекшеліктер бар есімдердің қазақша нұсқасы жақша ішінде беріліп, қасында дыбыстық сәйкестіктері көрсетілді:

Абай, Абак (Абак), Абаш, Агабай (Агабай), Адай, Айбаш (Айбас шс), Айбат, Айдар, Айдын, Айзәк (Айзақ ә~а, к~к), Айгет (Айжігіт е~жі), Айсун (Айсын уы), Айтимер (Айтемір и~е, е~і), Аскар (Асқар), Әғзам (Ағзам ә~а, ғь~ғ), Адам, Азамат, Азат, Һәйбәт (Айбат һә~а), Абдрәшит (Әбдірәшит а~ә), Абдулла (Абдолла-Әбділда ә~а, л~д), Абзал, Абубәкер (Әбубәкір а~ә, е~і), Айхужа (Айқожа х~қ, у~о, ж~ж), Айморза (Аймырза о~ы), Аймөхәммәт (Аймұқамет ө~ұ, ә~а, х~қ, мм~м), Айбулат (Айболат у~о), Айдар, Айдаш, Айзат, Айтуган (Айтуған), Айчуак (Айшуақ ч~ш), Айшат, Ақбулат (Ақболат у~о),

Акназар (Акназар), Алмас, Алтын, Алчын (Алшын ч~ш), Амирхан (Әмірхан а~ә, и~і), Арсылан (Арыслан), Асылбай, Аюхан, Аяз, Әбубәкер (Әбубәкір ә~е, е~і), Әбдрәшит, Әбдрәхим (Әбдірақым ә~а, х~к, и~ы), Әбугали (Әбуғали), Әбжәлил (Әбжәлел дж~ж, и~і), Әхмәдиар (Ақмадияр ә~а, х~к), Әюп (Айып ә~а), Байбулат (Байболат у~а), Баймирза (Баймырза и~ы), Байназар, Байсал, Байтимер (Байтемір и~е, е~і), Байтирәк (Бәйтерек и~е, ә~е), Батыр, Батырша, Баян, Бикбулат (Бекболат и~е, у~о), Бостан, Бәкер (Бәкір е~і), Бәхтияр (Бактияр ә~а, х~к), Вәлиша (Уәлиша, Әлиша), Вәлихан (Әлихан, Уәлихан), Габбас (Ғаббас), Габделкадыйр (Әбдікадыйр ый~ы), Габдилжан (Әбдіжан-Әбжан дж~ж), Габдрәхим (Ғабдырақым ә~а), Гәбдрахман (Әбдірақман ~ Ғабдырақман), Габдулла (Қабдолда у~о, л~д), Габдрәшит (Ғабдырәшит), Гази (Ғази), Газиз (Ғазиз), Габсаттар (Әбсаттар ға~ә), Гайни (Ғайни), Гайса (Ғайса), Гали (Ғали), Галим (Ғалым и~ы), Галиәсгар (Қалиасқар ~ Әлиасқар ғ~к, ға~ә, ә~а, ғ~к), Гамбар (Қамбар ғ~к), Гаскәр (Ғаскер, Әскер ә~е), Гафар (Қапар ғ~к, ф~п), Гибат (Ғибат, Қибат), Гомәр (Ғұмыр ғ~к, о~ұ), Госман (Ғұсман о~ұ), Данияр, Дастан, Даут (Дәуіт), Дилшат (Ділшат и~і), Дусмәт (Досмәт у~о), Дәүләт (Дәулет ү~у, ә~е), Заман, Зия, Зәйнулла (Зейнолла ә~е, у~о), Зәйтүн (Зәйтүн), Зәки, Ибат, Ибрай (Ыбырай и~ы), Идирис (Ыдырыс и~ы), Илдар (Елдар и~е), Илдус (Елдос и~е), Илтуған (Елтуған и~е), Илхан (Елқан и~е, х~к), Ильяс (Ілияс и~і), Искәндәр (Ескендір и~е, ә~і), Ислам (Ісләм и~і, а~ә), Исмак (Исмак), Исраил (Исрайыл), Исхак (Ысқақ и~ы, х~к), Исәнбай (Есенбай и~е, ә~е), Ишқилде (Ескелі и~е, ш~с, е~і), Кадергул (Қадірғұл е~і), Кадыйр (Қадір ый~і), Қазыйхан (Қазықан ый~ы), Қасыйм (Қасым ый~ы), Қаюм (Қайым у~ы), Килчура (Келшора и~е, ч~ш, у~о), Кинәсағол (Кенжеғұл и~е, дж~ж, а~е, о~ұ), Корбанғали (Құрбанғали о~ұ), Котлыбай (Құттыбай о~ұ, л~т), Куаныч (Қуаныш ш~ч), Кәлимулла (Қалимолла к~к, ә~а, у~о), Кәрим (Кәрім и~і), Күчәрбай (Көшербай ү~ө, ч~ш, ә~е), Локман (Лұқпан о~ұ, п~м), Максут (Максұт у~ұ), Мәрдан (Мардан ә~а), Мирас, Мирза (Мырза), Миңлегази (Мендіғазы и~е, л~д, е~і, и~ы), Морат (Мұрат о~ұ), Мортаза (Мұртаза о~ұ), Мостай (Мұстай о~ұ), Мостафа (Мұстапа о~ұ, ф~п), Моталап (Мүтәліп о~ү, а~ә, а~і), Муса (Мұса у~ұ), Мохтар (Мұқтар о~ұ, х~к), Мәғди (Мәди), Мәсгут (Мәсіғұт), Мәмәт (Мәмет ә~е), Мәүлет (Мәулет ү~у), Мәслим (Мүслим ө~ү, и~і), Назар, Науруз (Наурыз у~ұ), Нияз, Ногьман (Нұғман о~ұ, ғь~ғ), Нурбаян (Нұрбаян), Нурғали (Нұрғали), Нух (Нұқ), Рамазан, Рәзак (Разак ә~а), Рәсүл (Рәсіл ү~і), Рәхимжан (Рақымжан ә~а, х~к, и~ы), Рәхман (Рақман ә~а, х~к), Рәшит, Рәстәм

(Рүстем ө~ү, ә~е), Сабир (Сабыр и~ы), Сабит (Сәбит а~ә), Сагыйд (Сағит ый~и), Самат, Саттар, Сафар (Сапар ф~п), Ситдыйк (Сыдық и~ы, дт~д, ый~ы), Солтан, Сәгыйт (Сағит ә~а, ый~и), Сәетгәрәй (Сейткерей ә~е, йе~йі, г~к, ә~е), Сөөнеч (Сүйініш ө~ү, йе~йі, е~і), Сәләймән (Сүлеймен ө~ү, ә~е, ә~е), Сөмбел (Сүмбіл ө~ү, е~і), Сөнгат (Сүнғат ө~ү, н~н), Сөяргол (Сүйерғұл ө~ү, йа~йе, о~ұ), Талмас, Тансык (Таңсық н~н), Таңатар, Тимер (Темір и~е, е~і), Тукай (Токай у~о), Тургай (Торғай у~о), Тәлгәтә (Талғат ә~а), Түләк (Төлек ү~ө, ә~е), Уразай (Оразай о~у), Фазыйл (Пазыл ф~п, ый~ы), Хатимулла (Қатимолла х~к, у~о), Хажғали (Қажығали дж~ж), Ходайбирде (Құдайберді х~к, о~ұ, и~е, е~і), Хужабай Хәким (Кәкім х~к, и~і), Хәлил (Қалел х~к, и~е), Хәлим (Қалым х~к, ә~а, и~ы), Хәмза (Қамза х~к, ә~а), Хамит, Хәсән (Қасен х~к, ә~а), Чукай (Шоқай ч~ш, у~о, к~к), Шайморат (Шаймұрат о~ұ), Шамил (Шәмил а~ә, и~і), Шәңгәрәй (Шәңгерей ә~е), Шәраф (Шарап а~ә, ф~п), Шәриф (Шәріп и~і, ф~п), Шәяхмәт (Шәйакмет х~к, ә~а), Юлай (Жолай й~ж, у~о), Юлдаш (Жолдас й~ж, у~о), Юмат (Жұмат й~ж, у~ұ), Юныс (Жүніс й~ж, у~ұ, і~ы), Юсуп (Жүсіп й~ж, у~ұ, у~і), Якуб (Жақып й~ж, у~ы), Ямал (Жамал й~ж), Яппар (Жапар й~ж). Осы салыстырулар барысында дыбыстық сәйкестіктердің төмендегідей түрлері анықталды: ә~а, а~і, ә~е, г~к, г~к, ға~ә, гь~ғ, дт~д, е~жі, е~і, дж~ж, и~е, и~і, и~ы, і~ы, й~ж, йа~йе, йе~йі, к~к, л~д, л~т, мм~м, н~н, һә~а, о~ү, о~ұ, о~ы, ө~ү, ө~ұ, п~м, у~а, у~і, ү~і, у~о, ү~ө, ү~у, у~ұ, у~ы, ф~п, х~к, х~к, ч~ш, ш~с, ш~ч, ый~і, ый~ы. Негізгі ерекшеліктер араб тілінен енген есімдердің араб тіліндегі нұсқаларының түрлеріне байланысты. Татар тіліне араб тілінің әсері күшті болғаны байқалады. Безертинованың келтірген мәліметі бойынша «татарлар 72% араб, 8% парсы, 4% жаңа, орыс және Еуропа, 16% ғана татар (түркі) есімдерін пайдаланады» [32. 46]. Сондықтан көп есімдердің ұлттық тілге бейімделуінде осы ықпалдың белгілері көрініп тұрады: Мәди есімінің құрамындағы Ғ дыбысы қазақ тілінде түсіріліп айтылса, татар тілінде түпнұсқаға жақын Мәғди тұлғасында қалыптасқан, Мәсгүт (Мас‘уд) есімінің татар тіліне бейімделуі де осыған ұқсас (қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сай екі дауыссыз арасына і дыбысы қосылып, Мәсіғүт түрінде қалыптасқан). Араб тілінен енген есімдердің көпшілігі қазақ тілінде қ дыбысымен, татар тілінде х-мен айтылады, қазақ тілінде п дыбысымен айтылатын есімдерде ф қолданылады.

Қазақ тіліндегі нұсқаларынан татар есімдерінің айырмашылығы кей дыбыстардың редукциялануындағы ерекшеліктерден байқалады: татар тілінде и ден кейін келетін ы әнтек естілсе, қазақ тілінде айқын:

Исраил, Даут *тат.* – Исрайыл, Дәуіт *қаз.*, керісінше кей дыбыстар қазақ тілінде әнтек естілсе, татар тілінде айқын: Сәғйіт *тат.*, Сағит *қаз.* Сәетгәрәй (Сейіткерей), Сөөнеч (Сүйініш) есімдерінің құрамындағы *е~йі* дыбыстық сәйкестіктері екі дыбыстың бір дыбыспен сәйкестігі секілденіп көрінгенмен, *ә* тіркесінің құрамында әнтек болса да *й* дыбысының бары байқалады, сондықтан, бұл *йе~йі* сәйкестігі болып табылады. Арсылан *тат.*, Арыслан *қаз.* есімдерінің құрамындағы *ы* дыбысының орындары ауысып келеді.

2.2.4 Қазақ-башқұрт тілдеріне ортақ антропонегіздер

Өзге түркі тілдері секілді башқұрт тіліне де қатаңдану, ұяндану, дыбыс үндестігі, буын үндестігі тән. Тек, шиғыр 'өлең', кино, кило, телевизор т.б. секілді кірме, Ағизел <ак изел – 'Ақөзен', билбау 'белбау' секілді байырғы түбірлердің бірігуі арқылы жасалған күрделі түбірлердің құрамындағы үндестік заңы бұзылады. Дыбыстық ерекшеліктері жағынан қазақ тілінен мынандай айырмашылықтар бар: еріндік, езулік үндесу жолы сақталмаған, сондықтан сөздің екінші, үшінші буындарында, қосымшалардың құрамында еріндік дауысты дыбыстар қолданылады: *бойоқ* 'мұңды', *борго* 'тау', *йозрок* 'жұдырық', *йоко* 'ұйқы'. *Ү* дыбысының башқұрт тілінде жуан *ұ* сыңары жоқ. Башқұрт тілінде жуан еріндік *у* дыбысы бар, бірақ ол айтылуда, қолданылуда қазақ тіліндегі *о* дыбысына сәйкес келеді. Айырмашылығы *о* орташа ашық дауысты дыбыс болса, башқұрт тіліндегі *у* қысаң дауысты дыбыс болып саналады. Мысалы, *урман* 'орман', *урак* 'орақ', *хурмак* 'соқпақ', *тун* 'тон'. *Һ* дыбысы көп қолданылады: сөз басындағы, сөз ортасындағы *һ* дыбысына қазақ тіліндегі *с* дыбысы сәйкес келеді. Кей ғалымдар башқұрт тіліндегі *һ* дыбысы этимологиялық жағынан *с* дыбысымен байланысты деп ескертеді. Мысалы, *һаран* 'сараң', *һасу* 'сасу', *һаңырау* 'саңырау' т.б. *З*, *с* дыбыстары қазақ тілінде жоқ. Башқұрт тілінде *з* дыбысы сөз басында тек *зур* (зор) сөзінің құрамында ғана қолданылады, сөз ортасы, сөз соңында көп қолданылады да, қазақ тіліндегі *з* дыбысына (кейде *д*, *й* дыбыстарына) сәйкес келеді: *азан* (азан), *азык* (азық), *Кыз* (қыз); *азаду* (адасу), *азын* (адым); *азак* (аяк). *С* дыбысы қазақ тілінде қолданылмайды, оған *с* дыбысы сәйкес келеді [89; 164; 171]. *Қ* дыбысы башқұрт тілінде *к* түрінде таңбаланады. Башқұрт-қазақ тілдеріне ортақ есімдердің дыбыстық нұсқалары мен ерекшеліктері мынандай болып келеді: Абай, Абак (Абак), Абаш, Ағабай, Адай, Айбаш (Айбас), Айдар, Айдын, Айегет (Айжігіт *е~жі*, *е~і*), Айзак (Айзақ),

Айсун (Айсын у~с), Әғзам (Ағзам ә~а), Адам, Азамат, Азат, Айкужа (Айқожа у~о), Аймырза, Аймөхәммәт (Аймұқамет ө~ұ, ә~а, мм~м), Аембәт (Айымбет йе~йы, ә~е), Айсыуак (Айшуақ с~ш), Айтуған, Айшат, Акбирзе (Айберді и~е, е~і), Акбулат (Акболат у~а), Аккускар (Аккошқар у~о, с~ш), Аккубәк (Аккөбек у~ө, ә~е), Акьюл (Акжол й~ж, у~о), Алмас, Алсынбай (Алшынбай с~ш), Алтын, Амирхан (Әмірхан а~ә, и~і), Арыслан, Асғәт (Асқат ғ~к, ә~а), Аскар, Асылбай, Асылгәрәй (Асылкерей ғ~к, ә~е), Аюхан, Аяз, Байбәк (Байбек ә~е), Байдағол (Байдағұл о~ұ), Байдәүләт (Байдәулет ү~у, ә~е), Байморат (Баймұрат о~ұ), Байназар, Баймырза, Байсал, Байтимер (Байтемир и~е, е~і), Байтирәк (Байтерек и~е, ә~е), Батыр, Батырша, Баян, Бикмурза (Бекмырза и~е, у~ы), Бостан, Булат (Болат у~о), Буран (Боран у~о), Вәлихан (Уәлиқан в~у), Вәлиша (Уәлиша в~у), Ғаббас, Ғайса, Ғали, Ғалимъян (Ғалымжан й~ж), Ғөбәй (Ғұбай ө~ұ, ә~а), Ғәбделқадир (Әбдіқадір и~і), Ғәбделмәжит (Ғабдімәжит, Әбдімәжит), Ғәдел (Әділ, Ғәділ е~і), Ғәлиәсқәр (Ғалиасқар, Қалиасқар, Әлиасқар ә~а), Ғәмбәр (Қамбар ғ~к, ә~а), Ғәни (Ғани ә~а), Ғәскәр (Ғаскер, Әскер ә~е), Дамир, Данияр, Дастан, Дауыт (Дәуит а~ә, ы~і), Ділшат, Дүсмәт (Досмат ү~о), Дәүләт (Дәулет ү~у, ә~е), Дәүләтшә (Дәулетше ә~е), Зия, Зәйнулла (Зейнолла ә~е, у~о), Закир (Зәкір а~ә, и~і), Ибрай (Ыбырай), Игебай (Игібай е~і), Идел (Еділ и~е, и~і), Идирис (Ыдырыс и~ы), Илдан (Елдан и~е), Илдар (Елдар и~е), Илдус (Елдос и~е, у~о), Ильяс (Ілияс и~і), Имаш, Ирзат (Ерзат и~е), Ишбирде (Есберді и~е, ш~с, и~е, е~і), Иштуған (Естуған и~е, ш~с), Йомабай (Жұмабай й~ж, о~ұ), Йанбай (Жанбай й~ж), Кейекбай (Киікбай е~і), Килдейәр (Келдіяр и~е, е~і, ә~а), Карағужа (Қарағожа у~о), Каюм (Қайым у~ы), Колмөхәммәт (Құлмұқамет о~ұ, ө~ұ, х~к, мм~м), Коләхмәт (Құлақмет о~ұ, ә~а, х~к, ә~е), Кужак (Қожақ у~о), Кунақбай (Қонақбай у~о), Қылысбай (Қылышбай с~ш), Локман (Ұлықпан о~ы, м~п), Максүт (Максұт у~ұ), Малик (Мәлік а~ә, и~і), Мамай, Минлебай (Меңлібай и~е, е~і), Мирас, Мирза (Мырза и~ы), Морат (Мұрат о~ұ), Мортаза (Мұртаза о~ұ), Мостай (Мұстай о~ұ), Мостафа (Мұстапа о~ұ, п~ф), Мөхтәр (Мұқтар ө~ұ, х~к, ә~а), Мөсәлим (Мүсәлім ө~ү, и~і), Муллабай (Молдабай у~о, л~д), Мурат (Мұрат у~ұ), Мырзағали, Мәмбәт (Мәмбет ә~е), Мәмәт (Мәмет ә~е), Мәсәлим (Мәсәлім и~і), Мәхмүт (Макмұт ә~а, х~к, ү~ұ), Назар, Науруз (Наурыз у~ы), Нияз, Ноғай, Ноғман (Нұғман о~ұ), Нур (Нұр у~ұ), Нурай (Нұрай у~ұ), Нурғәли (Нұрғали у~ұ, ә~а), Өмәт (Үміт ө~ү, ө~і), Рәсүл (Рәсіл ү~і), Рәхимйән (Рақымжан ә~а, х~к, и~ы, й~ж), Рәхмән (Рақман ә~а, х~к), Рәшит, Сабирьян (Сабыржан и~ы, й~ж), Сабит (Сәбит а~ә), Ситдиқ (Сыдық и~ы),

Солтан (Солтан, Сұлтан), Сөйәрғол (Сүйерғұл ө-ү, ә-е, о-ұ), Сөләйман (Сүлеймен ө-ү, ә-е, а-е), Сөңғәт (Сұңғат ө-ү, н-н, ә-а), Сәйед (Сейіт ә-е, е-і, д-т), Сәғит (Сағит ә-а), Сәлим (Сәлім и-і), Таңатар, Тархан (Тарқан х-қ), Тимер (Темір и-е, е-і), Түләк (Төлек ү-ө, ә-е), Ураз (Ораз у-о), Уразай (Оразай у-о), Урал (Орал у-о), Үлмәс (Өлмес ү-ө, ә-е), Үтәгән (Өтеген ү-ө, ә-е), Фазыл (Пазыл ф-п), Хажғали (Қажғали х-қ), Халиқ (Қалық х-қ, и-ы), Хасан (Қасен х-қ, а-е), Ходайбирде (Құдайберді х-қ, о-ұ, и-е, е-і), Хөрмәт (Құрмет х-қ, ө-ұ, ә-е), Хужа (Қожа х-қ, у-о), Һөйөндөк (Сүйіндік һ-с, ө-ү, ө-і), Һөйөнөс (Сүйініш һ-с, ө-ү, ө-і, с-ш), Шайбәк (Шәйбек а-ә, ә-е), Шайморат (Шаймұрат о-ұ), Шакир (Шәкір а-ә, и-і), Ырыс, Ырысбай т.б. Қазақ – башқұрт тілдеріне ортақ 166 есімге салыстыру жасалды.

Қазақ-башқұрт тілдеріне ортақ есімдердің әрқайсысына тән ұлттық сипат беретін дыбыстық сәйкестіктер төмендегідей: а-ә, ә-а, ә-е, в-у, г-к, ғ-қ, Ғ-қ, д-т, е-жі, е-и, е-і, и-е, и-і, и-ы, й-ж, йе-йы, л-д, м-п, мм-м, н-ң, һ-с, о-ұ, о-ы, ө-і, ө-ү, ө-ұ, п-ф, с-ш, у-а, у-о, у-ө, у-с, у-ұ, у-ы, ү-і, ү-ө, ү-у, ү-ұ, ф-п, х-қ, ш-с, ы-і. Бұлар, негізінен, араб тілінен енген есімдерге байланысты қалыптасқан ерекшеліктер. Түркі текті есімдердің көпшілігі екі тілде бірдей дыбысталады. Айырмашылықтар Айегет (Айжігіт е-жі, е-і), Айсун (Айсын у-с), Айсыуак (Айшуак с-ш), Акбирзе (Айберді и-е, е-і), Акбулат (Ақболат у-а), Аккубәк (Ақкөбек у-ө, ә-е), Акьюл (Ақжол й-ж, у-о), Байдағол (Байдағұл о-ұ), Байтимер (Байтемир и-е, е-і), Байтирәк (Байтерек и-е, ә-е), Түләк (Төлек үө, әе), Һөйөнөс (Сүйініш) секілді есімдердің құрамынан байқалады. Бұл түркі тілдеріндегі дыбыстардың тарихи өзгерістерімен сәйкес келеді.

Өзгешеліктердің бір көрінісі кейбір есімдер құрамындағы дыбыстардың редукциялану сипатынан байқалады. Мысалы, башқұрт тіліндегі Айсыуак есімінің құрамындағы ы дыбысы айқын естілсе, қазақ тіліндегі Айш(у)уак есінде ұ дыбысының естілуі көмескі. Башқұрт тіліндегі Кейекбайдың бірінші буынындағы е дыбысы айқын естілсе, қазақ тіліндегі К(і)иікбайдың құрамындағы осы дыбыспен сәйкесуге тиіс і дыбысы көмескі естіледі. Керісінше башқұрт тіліндегі Ибрай араб тіліндегі дыбысталуына жақын айтылса, қазақ тілінде бр дыбыстық тіркесінің арасына ы қосылып, Ыбырай түрінде айтылады. Дыбыстардың кірістірілуі қазақ тіліндегі Ильяс (айтылуы Ілійас) есімінің құрамынан да байқалады, оның башқұрт тіліндегі нұсқасы – Ильяс. Башқұрттарда Сыдық есімі де араб тіліндегі нұсқасына жақындатылып, *Ситдик* болып айтылады, ал қазақ тілінде т дыбысы түсіп қалған да, и дыбысы ы-ға айналған.

2.2.5 Қазақ – қарашай-балқар тіліне ортақ антропонегіздер

Қарашай-балқар – өздері шығу тегін аландардан тарататын, қарашай және балқар ұлттарының тілі. Қарашай мен балқарға ортақ әдеби тіл сөз басында *ч, дж* дыбыстарымен келетін басқан-чегем говорының негізінде қалыптасқан [82, 806 б.]. Басқа түркі тілдері секілді дауыстылар жуан, жіңішке, ашық, қысаң, еріндік, езулік болып бөлінеді және сөздер буын үндестігі заңдылығы бойынша бірыңғай жуан не жіңішке болып келеді. Қазақ тілінде кездеспейтін ерекшеліктердің бірі – *у, ю* дыбыстары қосымшалардың құрамында да қолданылады [89, 288 б.]. Дыбыстардың таңбалануы жағынан алғанда қазақ тілінде жоқ *гъ, дж, къ, нь, ў* әріптері қолданылады. Бұл әріптер *ғ (гъ), дж* (қазақ тілінің говорларында ғана кездеседі), *қ (къ), ү (ў)* дыбыстарын таңбалайды. М.А. Хабичевтің зерттеуінде тірек диалекті еріндік дауысты *ё (ё), ю (ў)* бойынша ерекшеленіп, сапасы жағынан оғыз тілдеріндегі дауысты дыбыстармен сәйкеседі. Ол балқар диалектісіне тән қыпшақ тілдеріндегі дауысты *кюн 'күн', кёрюк 'көрік'* сөздеріндегі *ё, ю* дыбыстарына жақын. Зерттеулер тұжырымына және осы ұлт өкілдерінің сөйлеу ерекшеліктеріне сүйене отырып, *ё* мен *ю* әріптері *йё, йу* дыбыстарын таңбалайды деген қорытынды жасауға болады. Сонда *кюн – кйун, кёрюк – кйёрюк* түрінде дыбысталады, яғни бұл дыбыстар дифтонгтар болып табылады. Сонымен қарашай-балқар – қазақ тілдеріне ортақ антропонегіздердің дыбыстық нұсқалары мен ерекшеліктері төмендегідей болып келеді:

Айдар (Айдар), Айдемир (Айтемір *д~т, и~і*), Азаткьул (Азатқұл *у~ұ*), Азрет (Әзірет), Акъкъуш (Аққұс *у~ұ, ш~с*), Апай, Аслан, Атабий (Атаби *ий~и*), Ахкёбек (Ақкөбек *х~к, йё~ө*), Айса, Алибек (Әлибек *а~ә*), Шоштай, Абулкерим (Әбілкерім *а~ә, у~і, и~і*), Абдулла (Әбділла *а~ә, у~і, л~д*), Абдулмаджит (Әбділмәжит *а~ә, дж~ж*); Абдулрахим (Әбділрақым *а~ә, у~і, х~қ, и~ы*), Абдулрашид (Әбділрәшит *а~ә, у~і, д~т*), Абдулсамат (Әбділсамат *а~ә*), Абдулхамит (Әбділкамит *а~ә, у~і, х~қ*), Абдурахман (Әбдіракман *у~і, х~қ*), Абил (Әбіл *а~ә, и~і*), Абу (Әбу *а~ә*), Адам, Адил (Әділ *а~ә, и~і*), Азамат, Азат, Айтмырза, Айыб (Айып *п~б*), Алий (Әли *а~ә*), Алим (Әлім *а~ә, и~і*), Алихан (Әлиқан *а~ә*), Амин (Әмен *а~ә, и~е*), Амирхан (Әмірқан *а~ә, и~і, х~қ*), Ансар (Аңсар *н~н*), Аныұар (Әнуар *а~ә*), Аскер (Әскер *а~ә*), Аскербий (Әскерби *а~ә*), Абубекир (Әбубәкір *а~ә, е~ә, и~і*), Аўбекир (Әубәкір *а~ә, е~ә, и~і*), Асхат (Асқат *х~қ*), Бекир (Бәкір *е~ә, и~і*), Байбатыр, Бийсолтан (Бисұлтан), Балбаш (Балбас *ш~с*), Баракъ (Барак), Барисбий (Барысби *и~ы, ий~и*), Батырге-

рий (Батыргерей и~і), Башчы (Басшы ш~с, ч~ш), Бекбулат (Бекболат у~о), Бекир (Бәкір е~ә, и~і), Бекмырза, Боташ, Жора, Билял (Біләл и~і, йа~ә), Бәрюка (Бәрі йә~ө), Даниял, Даулет (Дәулет а~ә), Дауұт (Дәуіт а~ә, ұ~і), Джанмырза (Жанмырза), Джаныбек (Жәнібек), Джамал (Жамал), Жанбек (Жанбек), Джигит (Жігіт дж~ж, и~і), Ислам (Ісләм и~і, а~ә), Исмаил (Исмайыл), Исхакъ (Ысқақ х~қ), Қядырбек (Қадырбек), Қязий (Қазі), Қыйсар (Қайсар), Қъарасай (Қарасай), Қъара (Қара), Қазбек (Қазыбек к~к), Қанаш (Қанаш к~к), Мурат (Мұрат у~ұ), Мустафа (Мұстапа у~ұ, ф~п), Мухаммат (Мұқамет у~ұ, х~к, мм~м), Мухтар (Мұқтар у~ұ, х~к), Мырза, Ногай (Ноғай г~ғ), Нюрмухаммат (Нұрмұқамет йұ~ұ, х~к, мм~м, а~е), Омар, Оразай, Ортабай, Отар, Осман, Рамазан, Расул (Рәсіл а~ә, у~і), Рашит (Рәшит а~ә), Рустам (Рүстем у~ү, а~е), Сабыр, Сағьыт (Сағит ы~и), Салим (Сәлім а~ә, и~і), Салих (Салық и~ы, х~к), Самат, Сафар (Сапар ф~п), Сейит (Сейіт й~і), Сары, Сарыбаш (Сарыбас ш~с), Солтан, Сулей (Сүлей у~ү), Сюлемен (Сүлеймен йү~ү), Танай, Таўқьан (Тауқан), Темир (Темір и~і), Теньиз (Теніз и~і), Тинибек (Тыныбек и~ы), Токай (Тоқай к~к), Токаш (Тоқаш к~к), Тока (Тоқа к~к), Топай, Тохтар (Токтар х~к), Тукъум (Тұқым у~ұ, у~ы), Туўгъан (Туған), Хаджи (Қажы х~к, дж~ж, и~ы), Хайдар (Қайдар х~к), Хаким (Кәкім х~к, а~ә, и~і), Халил (Қалел х~қ, и~е), Хасан (Қасен х~қ, а~е), Хусейн (Құсайын х~қ, у~ұ, е~ә), Чомай (Шомай ч~ш), Чотай (Шотай ч~ш), Шамил (Шәміл а~ә, и~і), Шогъайып (Шұғайып о~ұ) т.б. Қарашай-балқар – қазақ тілдеріндегі антропонегіздердің әрқайсысына тән ұлттық сипат беруші дыбыстық сәйкестіктер мынандай болып келеді: а~е, а~ә, г~ғ, д~т, дж~ж, е~ә, и~е, и~і, и~ы, ий~и, йа~ә, йә~ө, йү~ү, йұ~ұ, к~к, л~д, мм~м, н~н, о~ұ, п~б, у~і, у~о, у~ү, у~ұ, у~ы, ф~п, х~к, х~қ, ч~ш, ш~с, ы~и. Қазақ пен қарашай-балқар есімдерінің де кейбір ерекшеліктері дыбысталуы жағынан және араб элементтерінің ұлттық тілде орнығуынан көрінеді: бий компонентінің құрамындағы и дыбысы айқын естілсе, қазақ тілінде онымен сәйкесетін і (бий) дыбысы көмескі айтылады. Мұндай ерекшеліктер Атабий (Атаби), Алий (Әли), Аныұар (Ән(і)уар), Туўгъан (Т(ұ)уған), Исмаи(й)л (Исмайыл) секілді есімдердің дыбыстық құрамынан байқалады. Дәнекер дыбыстардың кірістірілуі немесе түсіп қалуы да екі тілдегі ерекшелік болып табылады: Сюлемен (Сүлеймен араб тіліндегі дыбысталуында й дыбысы бар), Хусейн (Құсайын), Қазбек (Қазыбек), Мухаммат (Мұқамет).

2.2.6 Қазақ-құмық тілдеріне ортақ антропонегіздер

Құмық тілінің дыбыстық құрамы туралы зерттеулерде сегіз дауысты, жиырма үш дауыссыз дыбыс бар екені айтылады. Олардың таңбалануында қазақ тіліндегі әріптерден кейбір айырмашылық бар: *оь* (ө), *уь* (у), *кь* (қ), *гь* (ғ), *нь* (ң), *гь* (һ). Ә. Қайдаров пен М. Оразовтың еңбегінде дауысты дыбыстардың екеуі *оь*, *уь* түрінде таңбаланады да, бір сөздің құрамында екі түрлі беріледі: «*уьйге* (хасовюрт диалектісінде *уьйгоб*)». Ал «*туькенге* (хасовюрт диалектісінде *туькенгоь*)» сөздерінде бір ғана *уь* түрінде таңбаланады. Аталған зерттеу еңбегінде көрсетілген дыбыстардың ішінде *оь*, *уь* таңбалары берілмеген. «Түркі тілдері» атты зерттеу еңбегінде *оь*, *уь* жіңішке еріндік дыбыстар ретінде көрсетіледі. Бұл еңбекте де аталған екі дыбыстың ь белгісімен таңбаланады. Мұнда сонымен қатар көмей *гь* дыбысы бар. А.М. Аджиев пен К.С. Кадыраджиевтің 1992 жылы шыққан орысша-құмықша тілашарында «құмық тілінің графикасы мен фонетикасындағы кейбір ерекшеліктер» ескертіледі: «*оь* – дауысты фонема, сапалық жағынан немістің *ö* дыбысына жақын. *Уь* – дауысты фонема сапалық жағынан немістің *ü* дыбысына жақын. *Кь* – тіл арты қатаң фонема, айтылуы жағынан орыс тіліндегі *к*-ден жуан айтылады. Қазақ тіліндегі *қ* дыбысына сәйкес. *Гь* – тіл арты ұяң фонема, орыс тіліндегі *г*-ден жуан айтылатын дыбыс. *Гь* – көмей, қатаң фонема, сапалық жағынан немістің *h* дыбысына жақын [109, 5 б.]. Соңғысында дыбыстардың қазіргі қолданыстағы таңбалануы беріліп отыр және авторлар сол ұлттың өз өкілдері болғандықтан, осы еңбектегі таңбаларды басшылыққа аламыз. Тағы бір ескерерлігі *о* мен *у*-дан кейін жіңішкелік белгісінің келуі бұл дыбыстардың жіңішке нұсқасы екенін білдірсе керек. «Түркі тілдеріндегі» *гь* әрпінің екі бірдей дыбысты таңбалауы қате екенін де «тілашардан» көреміз: дұрысы *гь* (ғ) және *гь* (һ) болуы керек екен. Демек, жоғарыдағы екі еңбекте кездесетін сәйкессіздіктердің себептерін іздеп жатпай, «тілашар» ескертпелерін басшылыққа аламыз.

Абай, Абдул (Абдол *у~о*), Абдулкерим (Әбділкерім *а~ә*, *у~і*, *и~і*), Абдулқадыр (Әбдіқадір *а~ә*, *у~і*, *ы~і*), Абдулла (Абдолда *у~о*, *л~д*), Абдулманап (Әбділманап *а~ә*, *у~і*), Абдулмежит (Әбділмәжит *а~ә*, *у~і*, *е~ә*), Абдулрағман (Әбдірақман *а~ә*, *у~і*, *гь~к*), Абдулразакь (Әбдіразакь *а~ә*, *у~і*), Абдурашид (Әбдірәшит *а~ә*, *у~і*, *а~ә*, *т~д*), Абдусамат (Әбдісамат *а~ә*, *у~і*), Абсалам (Әбсәләм *а~ә*), Абу (Әбу *а~ә*), Абулакь (Әбілакь *а~ә*, *у~і*), Абуш (Әбіш *а~ә*, *у~і*), Агьабек,

Агъай, Агъахан, Адам, Адил (Әділ а~ә, и~і,), Адилбек (Әділбек а~ә, и~і,), Азамат, Азиз (Әзиз а~ә), Айбат, Айбатыр, Айболат, Айгуън (Айгүн у~ү), Айдемир (Айтемір д~т, и~і), Акъай, Акъболат, Акъгөз (Ақкөз йө~ө), Али (Әли а~ә), Алып, Аманат, Амин (Әмин а~ә), Амир (Әмір а~ә, и~і), Анвар (Әнуәр а~ә, в~у), Ансар (Ансар н~ң), Арслан, Арслангерей (Арслангерей г~к), Аскер (Әскер а~ә), Ата, Атабай, Атакъай, Багъадур (Баһадүр у~ү), Байгиши (Байгісі и~і, с~ш), Баймурза (Баймүрза), Байрам (Мейрам б~м, е~а), Байтемир (Байтемір и~і), Батыр, Бахтияр, Бекболат, Бёрю (Бөрі йө~ө, йү~і), Бийакъай (Биакъай), Бийбала, Биболат, Билал (Біләл и~і, а~ә), Боташ, Бозигит (Бозгігіт и~ж, и~і), Болат, Борагъан, Боран, Борахан (Бурақан о~у, х~к), Вазилхан (Бәзілқан в~б, а~ә, и~і, х~к), Вали (Уәли в~у, а~ә), Валихан (Уәлиқан в~у, а~ә, х~к), Гебек (Кебек г~к), Гёкгөз (Көкөз йө~ө), Генже (Кенже г~к), Герей (Керей г~к), Гъажи (Қажы ғ~к), Гъажиагъмат (Қажыакымет гъ~к, и~ы, а~е), Гъайдар (Қайдар гъ~к), Гъаким (Кәкім гъ~к, а~ә, и~і), Гъамза (Қамза гъ~к), Гъамит (Қамит гъ~к), Гъасан (Қасен гъ~к, а~е), Гъюсейн (Құсайын гъ~к, йү~ү, е~а), Давут (Дәуіт у~і), Даниял, Девлетгелди (Дәулеткелді е~ә, в~у, г~к, и~і), Денгизбий (Теңізбай д~т, и~і), Ёлчу (Жолшы й~ж, ч~ш, у~ы), Жалал (Жәләл а~ә, а~е), Жамал, Жанакъай, Жанай, Жанбек, Жанибек (Жәнібек а~ә, и~і), Жанмурза (Жанмүрза у~ү), Жумагиши (Жұмагісі у~ү, и~і, ш~с), Загъит (Сағит з~с, гъ~ғ), Зайнал (Зейнел а~е), Зайнулла (Зейнолла а~е), Заки (Зәки а~е), Ибакъ, Ибрагъим (Ыбыраһим), Идирис (Ыдырыс и~ы), Ильяс (Ілияс и~і), Иса, Искендер (Ескендір и~е, е~і), Ислам (Есләм и~е, а~ә), Калимолла (Қалимолла к~к), Камил (Кәміл а~ә, и~і), Карим (Кәрім а~ә, и~і), Керим (Керім и~і), Къарасай, Къадыр, Къазакъ, Къазбек, Къази, Къайирхан (Қайырқан и~ы), Къайтмас (Қайтпас м~п), Къайырбек, Къалсын, Къанболат, Къаплан, Къарагиши (Қарагісі иі, шс), Къаратай, Къасум (Қасым у~ы), Къойчу (Қойшы у~ы), Къонакъбий (Қонақбай), Къураш, Къурман, Къылыч (Қылыш ч~ш), Къыясбек, Лачин (Лашын ч~ш, и~ы), Лукъман (Ұлықпан у~ы), Мажит (Мәжит а~ә), Макъсут (Максұт у~ү), Малик (Мәлік а~ә, и~і), Мамат (Мәмет а~ә, а~е), Манай, Манап, Мардан, Мирза (Мырза и~ы), Мурат (Мүрат у~ү), Мурзабек (Мырзабек у~ы), Муртаза (Мүртаза у~ү), Муса (Мұса у~ү), Муслим (Мүсілім у~ү, и~і), Мустапа (Мұстапа у~ү), Мухтар (Мұқтар у~ү, х~к), Навруз (Наурыз в~у, у~ы), Нияз, Ногъай, Нутьбек (Нұк гъ~к), Нурадил (Нүрәділ у~ү, а~ә, и~і), Оразай, Оракъ (Орақ), Осман, Оьлмес (Өлмес), Пирали (Пірәли и~і), Рамазан, Расул (Рәсіл а~ә, у~і), Рашит (Рәшит а~ә), Рустам (Рүстем у~ү, а~е), Сабанчы (Сабаншы ч~ш),

Сайыт (Сейіт а~е, ы~і), Салигь (Салық и~ы, гь~к), Салим (Сәлім а~ә, и~і), Сапар, Солтан, Султанбек (Сұлтанбек у~ұ), Сулейман (Сүлеймен у~ү, а~е), Сунгур (Сұнқар у~ұ, н~н, г~к, у~а), Сююнч (Сүйініш йү~ү, ү~і, ч~ш), Таймас (Таймас), Талгъат (Талғат), Таштемир (Тастемір ш~с, и~і), Токъай, Токътар, Тункъатар (Тұнқатар н~н), Турсун (Тұрсын у~ы), Улантай (Ұлантай у~ұ), Умар (Омар у~о), Халикъ (Қалық х~қ, и~ы), Халил (Қалел х~к, и~е), Чолпан (Шолпан ч~ш), Шамил (Шәміл а~ә), Шарап, Шарип (Шәріп а~ә, и~і), Шугъайип (Шұғайып у~ұ, и~ы), Эдилбий (Еділбай ә~е, и~і), Элдар (Елдар ә~е), Эсгербек (Әскербек ә~ә, г~к), Эсенболат (Есенболат ә~е), Юнус (Жүніс й~ж, у~ү), Юсуп (Жүсіп й~ж, у~і), Ягъия (Яқия гь~к), Яраш (Жарас й~ж).

Қазақ тіліндегі нұсқаларымен салыстырғанда, құмық есімдерінің арасында мынандай дыбыстық сәйкестіктер кездеседі: а~е, а~ә, б~м, в~б, в~у, г~к, г~к, гь(һ)~к, гь(һ)~ғ, гь(һ)~к, д~т, е~а, е~ә, е~ә, е~і, з~с, и~е, и~ж, и~і, и~ы, й~ж, йө~ө, йү~і, йү~ү, йу~ұ, к~к, л~д, м~п, н~н, о~у, с~ш, т~д, у~а, у~і, у~о, у~ү, у~ұ, у~ы, х~к, ч~ш, ш~с, ы~і, ә~е, з~ә.

Бийакъай-Б(і)иақай, Къыясбек (Қиясбек), Навру(ұ)з (Наурыз), Мус(и)лим – Мүсілім, Сююн(и)ч – Сүйініш секілді есімдердің құрамындағы дыбыстар екі тілдің бірінде айқын, бірінде әнтек естіледі. Л дыбысының алдынан естілетін ұ қазақ есiмiнде Ұлықпан түрінде қолданылса, құмық нұсқасында Лукъман болып қалыптасқан. Дыбыстық сәйкестіктердің мына түріне арнайы тоқтала кетуге болады: кей есімдерде қазақ тіліндегі е-нің орнына ә, ж-ның орнына й (йа, йұ, йу, йү) дыбыстары қолданылады.

2.2.7 Түркі тілдеріне ортақ антропонегіздердің дыбыстық сипаты

Түркі есімдерінің құрамындағы дыбыстық ерекшеліктерді саралай отырып, баршасына бірдей антропонегіздердің бар екені анықталды. Бұл салыстырулар кезінде дыбыстық сәйкестіктердің ішінде анық байқалғаны – араб тілінен енген есімдердің басындағы Ғ дыбысының қолданылу ерекшелігі. Қазақ тіліндегі Әбді (Ғабды) және т.б. тұлғалар түркі тілдеріндегі нұсқалары әртүрлі.

Қазақ	Татар	Башқұрт	Ноғай	Қарашай-балқар	Құмық
Ғабды	Габдел	Ғәбд	Абд	Абд	
Қабсағтар	Габсағтар	Ғәбсағтар	Абсағтар	Абсағтар	
Ғәліл	Гадел	Ғәдел	Адил	Адил	Адил
Қази	Гази	Ғәзи	Казий	Къазий	Къази
Ғазиз	Газиз	Ғәзиз	Казиз	Къазиз	Къазиз
Ғайса	Гайса	Ғайса	Айса	Айса	Иса
Ғали	Гали	Ғали	Гали	Алий	Али
Ғалым	Галим	Ғәлим	Алим	Алим	Алим
Ғаскер	Гаскәр	Ғәскәр	Аскер	Аскер	Аскер
Қапар	Гафар	Ғафар	Капар	-	Къагур
Ғибат	Гибат	Ғибат	Ибат	Ибат	Ибат
Ғұмыр	Гомәр	Ғұмәр	Оьмир	-	Умар
Ғұсман	Госман	Ғосмән	Осман	Осман	Осман

Кестедегі салыстыруларда көрініп тұрғандай ғ дыбысының есімдердің басында қолданылуы татар, башқұрт, қазақ тілдеріне тән болып келеді екен. Қазақ антропонимдерінің құрамында араб текті тұлғалардың ғ және ә дыбыстарымен келетін екі нұсқасы да қолданылады. Қазақ есімдерінің ішінде ғ дыбысының қолданылуы батыс аймақтарында көбірек байқалатыны белгілі. Бұл көрсеткіш татар, башқұрт тілдерінің әсерін байқатса керек.

Қазақ, ноғай, татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық тілдерінде тарихи негізі бір және осы уақытқа дейін ортақ қолданылып келе жатқан есімдер бар. Бұлар атропонимжасамдық негіздердің тарихилығын көрсететін фактілер болып табылады. Сонымен қатар, ат қою дәстүріндегі ортақ таным-түсініктер мен ортақ дін мен мәдениет факторлары осы құндылықтардың сақталуына ықпал етіп отырса керек.

Қазақ	Ноғай	Татар	Башқұрт	Қарашай-балқар	Құмық
Абай	Абай	Абай	Абай	Абай	Абай
Абақ	Абак	Абак	Абақ	Абакъ	Абакъ
Абаш	Абаш	Абаш	Абаш	Абаш	Абаш
Ағабай	Ағабай	Ағабай	Ағабай	Ага	Ағъабай

Қазақ	Ноғай	Татар	Башқұрт	Қарашай-балқар	Құмық
Айбас	Айбас	Айбаш	Айбаш	Айбаш	Айбаш
Айкүн	Айкуьн	Айкөн	Айкөн	Айгюн	Айгюн
Айдар	Айдар	Айдар	Айдар	Айдар	Айдар
Айдын	Айдын	Айдын	Айдын	Айдын	Айдын
Айжігіт	Аййигит	Айегет	Айегет	Айджигит	Айигит
Арыслан	Арслан	Арыслан	Арыслан	Арслан	Арслан
Асылан	Аслан	Аслан	Аслан	Аслан	Аслан
Атабай	Атабай	Атабәк	Атабәк	Атабий	Атабий
Аққұс	Аккус	Аккош	Аккош	Акъкъуш	Акъгёз
Кебек	Кебек	Кубәк	Кубәк	Кёбек	Гебек
Көкбай	Коккоьз	Күккүз	Күккүз	Кёккёз	Гёкгёз
Күміс	Куьмисхан	Көмеш	Көмеш	Кюмюш	Гюмюч
Қылыш	Кылыш	Кылыч	Кылысбай	Кьылыч	Кьылыч
Би(сұлтан)	Бий (солтан)	Би(солтан)	Би(солтан)	Бий (солтан)	Бий (солтан)
Барысбай	Барыс	Барс	Барс	Барсбий	Барс
Батыркерей	Батыркерей	Батыргәрәй	Батыргәрәй	Батырге-рий	Батыргерей
Батыр	Баьтир	Батыр	Батыр	Батыр	Батыр
Бек(болат)	Бек(болат)	Бик(булат)	Бикбулат	Бекбулат	Бекболат,
Болат	Болат	Булат	Булат	Булат	Болат
Бөрі	Боьри	Бөре	Бөре	Бёрюка	Бёрю
Бурахан	Бора	Ақбура	Ақбура	Борахан	Борахан
Қарасай	Карасай	Карасай	Карасай	Къарасай	Къарасай
Ноғай	Ногай	Ногай	Ноғай	Ногай	Ногай
Өлмес	Оьлмес	Үлмәс	Үлмәс	Ёлмесхан	Ольмес
Сарыбас	Сарыбас	Сарбай	Сарбай	Сарыбаш	Сарбаш
Таубай	Таубай	Таугилде	Таукилде	Таўкъан	Тавсултан
Теңізбай	Тенъиз	Дингезхан	Дингезхан	Тенъиз	Денгизбий
Тінібек	Тинибек	Тинибек	Тинибек	Тинибек	Тинибек
Тоқай	Токай	Тукай	Тукай	Токай	Токъай
Тоқаш	Токаш	Ткуаш	Тукаш	Токаш	Токъаш
Токтар	Токтар	Токтар	Токтар	Токътар	Токътар
Туған	Туган	Айтуған	Айтуган	Туўгъан	Тувгъан
Темір	Темир	Тимер	Тимер	Темир	Демир (Темир)

Қазақ	Ноғай	Татар	Башқұрт	Қарашай-балқар	Құмық
Адам	Адам	Адам	Адам	Адам	Адам
Азат	Азат	Азат	Азат	Азаткьул	Азат
Ақымет	Ахмет	Әхмәт	Әхмәт	Ахмат	Ахмат
Бақтияр	Бәхтияр	Бәхтияр	Бәхтияр	Бахтияр	Бахтияр
Дәниял	Дәһниял	Даниял	Данияр	Даниял	Даниял
Дәулет	Дәһулет	Дәүләт	Дәүләт	Даулет	Девлет
Дауыт	Даут	Дауыт	Дауыт	Дауұт	Давут
Жәнібек	Янибек	Жәнибәк	Янибәк	Джәһәнибек	Жәһәнибек
Ислам	Ислам	Ислам	Ислам	Ислам	Ислам
Исмайыл	Исмаил	Исмаил	Исмаил	Исмаил	Исмаил
Ысқақ	Искақ	Исхақ	Исхақ	Исхакь	Исхакь
Қази	Қазий	Қазыйхан	Қази	Қъазий	Қъази
Қайсар	Қайсар	Қайсар	Қайсар	Қъайсар	(Қъайтмас)
Меңлібай	Менълибай	Миңлебай	Миңлебай	Мингли-кьыз	Мингли-кьыз
Мұрат	Мурат	Морат	Морат	Мурат	Мурат
Мұстапа	Мутафа	Мостафа	Мостфа	Мустафа	Мустапа
Мұса	Муса	Муса	Муса	Муса	Муса
Мұқамет	Мухамед	Мөхаммәт	Мөхәмәт	Мухаммат	Мухаммат
Мұқтар	Мухтар	Мохтар	Мөхтар	Мухтар	Мухтар
Нұр(бай)	Нур(газы)	Нур(баян)	Нур	Нюрму-хам-мат	Нур(адил)
Сабыр	Сабыр	Сабир	Сабир	Сабыр	Сабур
Оспан	Оспан	Осман	Осман	Осман	Осман
Рамазан	Рамазан	Рамазан	Рамазан	Рамазан	Рамазан
Рақман	Рахман	Рәхман	Рәхмән	Рахман	Рахман
Рәсіл	Расул	Рәсүл	Расил	Расул	Расул
Рәшит	Рашит	Рәшит	Рәшит	Рашит	Рашит
Рүстем	Рустам	Рөстәм	Рөстәм	Рустам	Рустам
Омар	Омар	Гомәр	Ғомәр	Омар	Омар
Оразай	Оразай	Оразай	Оразай	Оразай	Оразай

Талдаулар жасалып отырған қазақ, ноғай, татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық тілдеріне ортақ есімдердің жалпы сипаты осы кестедегідей болып келеді. Бұл тізім біздің жинаған қолымыздағы материалдар бойынша ғана алынып отыр, деген-

мен соңғы дерек емес, алдағы уақытта толығы түсетіні анық. Кестеде көрсетілгендей, бір-бірімен дыбыстық жағында ғана аздаған айырмашылықтары бар. Талдаулар барысында байқалғаны ортақ негіз сақталған. Көне түркі антропонимжасамдық ұғым-түсініктердің негізінде орныққан *ай, бөрі, барыс, бай, бек, би, жан, хан, алтын, күміс, қылыш, сары, көк, күн, қара, тоқта, тұр, кел; туган* т.б. көптеген антропонимжасамдық компоненттер өзінің әлі күнге белсенділігін жоғалтпағаны байқалады.

Бірінші кестеде өзге түркі тілдеріндегі есімдердің қазақ тілімен байланысы қарастырылған болатын, екінші кестеде жалпы баршасына ортақ есімдердің түрлері берілді. Бір тілде қолданылатын кей есімдер екінші бірінде бола бермейді – таралу, қалыптасу, орнығу дәрежелері әртүрлі. Сонымен қатар, антропонегіздердің әр тілдегі антропонимжасамдық қабілеті де әртүрлі. Мысалы, қазақ, татар, башқұрт тілдерінде «бай» компонентінің белсенділігі жоғары болса, ноғай, қарашай-балқар, құмық тілдерінде «бий» тұлғасы жиі қолданылады. Антропонегіздердің қолданылу белсенділігіне байланысты әр тілдегі есім жасау қабілеттері де бірдей емес. Тұлға тілдердің бірінде белсенді қолданылса, келесісінде бәсең. Енді жиналған материалдардың ішінен түркілік негізден бастау алатын Ай, Бай, Бек, Көк, Күн, Қара, Сары, Қан секілді тұлғалардың есім жасау қызметіне жеке-жеке тоқталып көрелік:

Қазақ тілінде Ай негізінен тарайтын Айбек, Айжан, Айбол, Айқан, Айбол, Айболат, Айтуған, Айман, Айбатыр т.б. **Бай:** Байбек, Байжан, Байкелді, Байбота, Байдос, Байтұрған, Баймұқа т.б. **Бек:** Бекайдар, Бекбау, Бекбол, Бекжан, Беккелді, Бектұр, Бекіш, Бекен, Бектай, Бекет, Бектен, Бекман т.б. **Көк:** Көкбай, Көкен, Көкіш, Көккөз т.б., **Күн:** Күнбала, Күнбике, Күнбөпе, Күнжан, Күнболат, Күнсұлу, Күнтай, Күнтуған т.б. **Қара:** Қарабала, Қарабас, Қарабатыр, Қарабек, Қараби, Қарабура, Қарағыз т.б. **Сары:** Сарыбай, Сарыбек, Сарыболат, Сарыбөпе, Сарығасқа, Сарыжал, Сарығожа, Сарыкөбек, Сарымолда т.б. **Қан:** Қаныбек, Қангелді, Қангерей, Қанғара, Қанғали, Қанболат, Қансары, Қансеіт, Қантай, Қантөре, Қансұлу, Қандәулет, Қанбике т.б.

Ноғай тілінде Ай: Айбас, Айбол, Айбуга, Аййигит, Айдемир. **Бай:** Байдемир, Байманбет, Баймырза, Байсолтан, Байжан, Байсал, Байтуған. **Бек:** Бекаъли, Бекберди, Бекболат, Бекманбет, Бекмурза, Бектемир. **Көк:** Коьккоьз, Коьгей. **Куьн:** Куьнбийке, Куьндаруьв, Куьнсылув. **Қара:** Карадав, Карайдар, Карасай, Караян, Карагоьз,

Карашаш; **Сары**: Сарайдар, Сарыбас, Сарытай. **Кан**: Қанболат, Қанмурза Камбийке (Қанбике). *тоқта, тұр, кел, туған.*

Татар тілінде **Ай**: Айбулат, Айгиз, Айдаш, Айзат, Айназ, Айнур, Айсал, Айсан, Айсәт, Айсән, Айтуган, Айчуак т.б. **Бай**: Байбак, Байбулат, Байкилде, Баймирза, Байморат, Байназар, Байсал, Байсар, Байтазар, Байтимер, Байтирәк, Байтура, Байхужа т.б. **Бик**: Бикбай, Бикбулат, Биккол, Бикмирза, Бикморат, Бикмәй, Бикмәт, Бикмөхәммәт, Бикташ, Биктимер, Бикхужа, Бикчура. **Күк**: Күккүз, Күкморза, Күктай, Күктимер. **Күн**: Көнтуган, Көнтуды, Көнкөз, Көнсылу. **Кара**: Кара, Карабай, Карабаш, Карагыз, Карай, Каракай, Каракаш, Каракол, Каракул, Каракучук, Караман, Карасакал т.б. **Сары**: Сары, Сарыбай, Сарыбаш. **Қан**: Канкилде, Кансура, Кансөяр, Кансуяр, Каныбәк.

Башқұрт тілінде **Ай**: Аимбәт, Айбул, Айбулат, Айгиз, Айгизәр, Айзат, Айназ, Айнур, Айсал, Айсыуак, Айтуган, Айшат т.б. **Бай**: Байбак, Байбулат, Байбәк, Байгилде, Байғотло, Байғужа, Байғускар, Байдәүләт, Байморат, Баймурат, Баймурзат.б. **Бик**: Бикбай, Бикбирде Бикбулат, Бикхужа Биккол, Бикморат, Бикмөхәммәт, Бикмәй, Бикмәт, Биктәш, Биктимер т.б. **Күн**: Көнтуган, Көнтуды, Көнкөз, Көнһылу. **Күк**: Күккүз, Күкморза, Күктай, Күктимер, Күкәш, Күкчи, Күкән т.б. **Кара**: Карағужа, Карақыз, Карасу, Карачамулла, Карашай, Карашман, Карашы. **Сары**: Сары, Сарыбай, Сарыбаш. **Кан**: Канкилде, Кансура, Кансөяр, Кансуяр, Каныбәк.

Карашай-малқар тілінде **Ай**: Айджаякь, Аймәлек, Айсурат, Айшат, Айдар, Аймырза. **Бай**: Байбатыр, Байдуллах, Баймырза. **Бек**: Беги, Бекбай, Бекболат, Бекмырза. **Кёк**: Кёкей, Көккёз, Кёгала. **Кюн**: Кюнбаракь, Кюнбий, Кунтуўгьан. **Къара**: Къара, Къарабатыр, Къарабаш, Къарабий, Къаракиши, Къарамай, Къарамырза, Къарачач. **Къан**: Къантемир, Къанбатыр. **Сары**: Сары, Сарыбаш.

Құмық тілінде **Ай**: Айбийке, Айдай, Айгюн, Айдемир, Айзанат, Айғанат, Айгюл, Айнургъаят, Айтувгъан, Айшат. **Бай**: Байгиши, Баймагъаммат, Баймурза, Байтемир. **Бек**: Бекбаммат, Бекболат, Бекмурза, Бектемир. **Гёк**, Гёкгёз, **Гюн**: Гюнарив, Гюнсылы, Айгюн. **Къара**: Къарагиши, Къарамагъаммат, Къарамурза, Къарамутдин, Къаранай, Къаратай, Къарахан, Къарачай, Къарагиши. **Къан**: Къанболат, Къангерей, Къантемир.

Көне дәуірлерден басталып, үздіксіз жетілу үстінде келе жатқан антропонимжасам жүйесінің қазіргі түркі тілдеріндегі лингвистикалық табиғаты осындай негіздерді құрайды. Талдауларға алынып отырған антропонегіздердің өзінен кейін компонент жалғау

мүмкіндігі ғана қарастырылып отыр. Олардың әрқайсысы кейінгі орында тұрып та қолданыла береді. Түркі есімдерінің табиғатына тән бұл ерекшеліктердің себебі – әрбір негіздің дыбыстық тұлғасына антропонимжасамдық ұғымдар мен түсініктер сіңірілген. Бірі-бірімен бірігіп не тіркесіп, жаңа есім жасағанда, олардың құрылымдық жүйесінде лингвистикалық заңдылықтардан гөрі осы ұғым-түсініктердің басым тұратыны да сол. Компоненттердің әрқайсысы антропонимжасамға дербес болмысымен қатысып, біртұтас құрылым түзеді. Жекелеген компоненттердің антропонимжасамдық сипат алып, тұрақты таңба ретінде орнығуы олардың жаңа есімдерге негіз болуына мүмкіндік беріп отыр. Дербес негіздердің антропонимжасамдық ұя түзуі – соның бір айғағы.

Ілгерідегі салыстыруларда біз антропонимжасамдық негіздерге тоқталып, олардың баршасына ортақ белгілерді анықтауға назар аудардық. Алайда, бұл салыстырулар қолда бар материалдардың негізінде ғана жүргізілгенін ескерте кетуге тиіспіз. Тереңірек ізденістер жүргізілсе, ортақ белгілердің де көбейе түсетіні анық. Біз талдаулар жүргізген тілдердің ішінде ноғай, қарашай-балқар, құмық есімдері әлі толық жиналып болмаған. Аталған үш тіл бойынша материалдар 1987 жылы Мәскеуде жарық көрген «Справочник личных имен народов РСФСР», 1989 жылғы «Карачаево-балкарско-русский словарь», 1963 жылғы «Ногайско-русский словарь» сөздіктерінен, 2004 жылы жарық көрген Н.Э. Гаджихмедов пен Г.-Р. А.-К. Гусейновтың «Кумыкские личные имена: происхождение и значение. Введение в кумыкскую антропониимику» атты кітабынан алынды және 2009 жылғы Солтүстік Кавказда болған іссапарымыз барысында жиналған есімдер пайдаланылды. Татар, башқұрт есімдері бойынша материалдар А.Г. Шайхулов пен З.М. Раемгужинаның «Башкирские и татарские личные имена тюркского происхождения», «Башкорт һәм татар исемдәре. Башкирские и татарские имена собственные», «Толковый словарь татарских личных имен» атты сөздіктер пайдаланылды.

Қарастырылып отырған жұртшылық қазір кеңінен пайдаланып жүрген есімдер, арасында, жаңа заманға лайықталған түрлері көп болғандықтан, онда түркілік белгілердің сақталу көрсеткіштері де өз дәрежесінде деу қиын. Сондықтан, бұл бағытта әлі де талай атқарылуға тиіс жұмыстар бар.

Дегенмен, осы материалдардың өзін пайдалана отырып, түркілік антропонегіздердің ішкі мазмұнына үңіліп көрейік. Кісі аттары қашанда экстралингвистикалық факторлардың нәтижесі. Сондықтан, антропонегіздердің тарихи қыры сөз болғанда, антропонимжасамдық

негіздердің қалыптасуындағы ұғым-түсініктерге де тоқтала кетуге тура келеді. Түркі жұртының дүниетанымдық кеңістігі – бүкіл өмірінің айнасы, сондықтан есімдердің ақпараттық мазмұнының қамтитын ауқымы аса кең, мағыналық топтары да сан алуан. Негізгілерінің бірі – діни наным-сенімдермен байланыстылар. Біз қарастырып отырған түркі халықтарындағы кісі аттарының лексикалық құрамында алуан түрлі топтар бар, солардың ішінде түрлі нанымдар мен діни сенімге байланысты шыққан есімдердің орны ерекше. Оларды исламға дейінгі және исламды қабылдағаннан кейінгі элементтер деп тарихи қабаттарға топтастыруға болады. Тарихи қабаттың тарихи кезеңдерден ерекшелігі – белгілі бір мерзім аралығын қамтымайды.

Түркі қабатына, негізінен, көк тәңіріне, айнала қоршаған орта және табиғат құбылыстарының киесіне сену мен сыйынудан бастап, бүкіл өмір тіршілігінің суреттерін қамтитын ғасырлар бойы қалыптасқан есімдер жатады. Ол есімдерді өз ішінен ішкі мазмұны бойынша бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. I. *Арнау – есімдер (меморатив)*. 1. *Көк және табиғат құбылыстарымен байланысты антропонимдер*: Айбек (қаз., құм.), Айбәк (б., т.); Айсұлу (қ.), Айһылу (б.әй.), Айсылу (т.әй.), Айсылы (құм. әй.); Боран (қаз. құм, ноғ.), Буран, Буранкол (т.). 2. *Сөздің магиялық күшіне сену негізінде жасалған есімдер*: Итбай (қ.), Этбай (т.б.); Итемген (қ.), Этимгән (т.б.); Итқұсты (қ.), Этқусты (б.); Итшіғұл (қ.), Этчекол (т.б.); Бөрі, Қалсын (қ.), Калсын (т., б.); Өлмес (қ.), Үлмәс, Үлмәскол (т., б.); Тұрсын, Тұрсынай, Тұрсынбай (қаз., құм.), Торысынбай, Торсынай, Торсын (т., б.) т.б. 3. *Діни түсініктер және мәдени-тұрмыстық өмірмен байланысты, жануар, құс, өсімдіктер әлемі атауларының негізінде жасалған антропонимдер*: Барыс (қ.), Барыс (т., б.); Елік (қ.), Илек (б., т.); Бүркіт (қ.), Бөркөт (б.); Аққұс, Ақкош 'Аққу' (т.); Бұлан (қ.) қазақ тілінде Бұғыбай есімі де бар, Болан 'Бұғы'; Жолбарыс (қ.), Юлбарс (т.); Түйебай (қ.), Дөя (т., б.) т.б. – деп топтастырылады.

II. *Сипаттау мәнді есімдері (дескриптив)* 1. *Астарында сәби кұту, сұрау сарыны бар антропонимдер*: Тілек (қ.), Теләк (б., т.); Тілеуқұл (қ.), Теләукол (б., т.); Тілепберді (қ.), Теләпбирде (б., т.); Сораған (б., т.), Сұраған; Берді (қ.), Бирде (б., т.); Бердіғұл (қ.), Бирдекул (б., т.); Өтеген (қ.), Үтәгән (б., т.); Ескелді (қ.), Ишкилде (б., т.) т.б. 2. *Сәби туған кездегі жағдайды (туған жылы, орны, мезгілі) көрсететін есімдер тобы*: Тышқанбай (қ.), Тычкан (б., т.); Сыырбай (қ.), Чигир, Сығыр (б., т.); Қоянбай (қ.), Куян (б., т.); Жылқыбай (қ.), Елқай, Елқы (бай) (т.) т.б. 3. *Сәбидің бет пішіні және денесіндегі*

ерекше белгілерімен байланысты есімдер: Шолак (қ.), Чулак (т.); Ақбай (қ.) – Ақбай (т.); Сары, Сарыбай (қ.), Сары, Сарыбай (б., т.); Қарабай (қ.) – Қарабай (б., т.) т.б. 4. *Сәбидің отбасындағы туу реті – нешінші туғанын білдіретін есімдер:* Алдан (қ.) – Алдан (б., т. алғашқы бала деген мағынада); Бірке (қ.), Беркәй (б., т.); Екібай (қ.), Икебай (б., т.); Косай (қ.), Кушай (б., т.); Бесбай (қ.), Бишбай (б., т.); Алтыбай (қ.), Алтыбай (б., т.); Жетібай (қ.), Йетебай Жидебай (б., т.); Тоғызак, Тоғызай, Тоғызбай (қ.), Туғызак, Тугызай, Тугызбай (б., т.) т.б. 5. *Үй тұрмысында қолданылатын заттар мен құрал атауларынан жасалған есімдер:* Ақша (қ.), Ақша (б., т.); Қазан (қ.) – Қазан (б., т.); Орақ (қ.), Урақ (б., т.); Сабаншы (қ.), Сабан (б., т.) т.б. 6. *Әлеуметтік жағдай мен қызмет түрін білдіретін антропонимдер:* Балықшы (қ.), Балықсы (б., т.); Орманшы (қ.), Урманчы (б., т.); Елші (қ.), Илсе (б.), Илче (т.); Қашқын (қ.), Қасқы (б.), Качкы (т.) Қыа-чакъ (құм.); Сабаншы (қ.), Сабанчы (б., т., құм.); Орақшы (қ.) – Урақчы (б., т.), Орақчы (құм.); Темірші (қ.) – Тимерче (т.) т.б. – болып бөлінеді.

III. *Арман-тілек негізді есімдер* 1. *Түрлі тілектермен байланысты (ұзақ өмір, денсаулық тілеу) антропонимдер:* Сатыбалды (қ.), Сатыбал (т.); Сатылған (қ.), Сатылған (т.); Төлек, Төлеу, Төлен (қ.), Түләк, Түләу, Түлән (б., т.); Байжігіт (қ.), Байгет (б., т.); Байболды (қ.), Байбулды (б., т.); Байбөрі (қ.), Байбүре (б., т.); Байгелді (қ.), Байкилде (б., т.) т.б. 2. *Антропоним жүйесіндегі жақындық, туыстық терминдерімен байланысты есімдер:* Атамқұл (қ.), Атамкол (т.); Аталық (қ.), Аталық (б.); Абықай (қ.), Абықай (т.); Ағабек (қ.), Ағабек (т.) т.б.» – болып бөлінеді [171, 9-30 б.].

Антропонимжасамдық негіздер өзінің шығу тегімен байланысын сақтағанмен, ішкі болмысы түрлі өзгерістерге толы. Ілгерідегі топтастырулардағы біраз есімдер қазір фамилиялар құрамында сақталған, сонымен қатар көптеген есімдер түркілік негізбен байланысын сақтай отырып, бүгінгі заманға да лайықталып, жаңа ұғым-түсініктер жемісі ретінде өмір сүріп келеді.

Араб қабатына, ислам дінін қабылдағаннан кейінгі кезеңде жылдар бойы біртіндеп енген есімдер жатқызылады. Түркі халықтарының өміріне исламмен келген түрлі жаңалықтар кісі есімдерінің құрамынан көрініс берді, сонымен қатар тікелей араб есімдері де ене бастады. Кейіннен тілде орныққан соң, төл элемент ретінде бір-бірімен араласып кетті. Мысалы, аталған алты тілде де қолданылатын Жәнібек (Жаныбек) есімінің құрамында *араб-түркі* тілдерінің антропонимжасамдық элементтері бар. Антропонимжасамдағы

бір сипаты «рухани элем» мағынасын білдіретін арабтың *жан* сөзіне түркілік *-бек* компоненті жалғанып, жаңа бір тұлға жасалып отыр. Бұл есім *жанның тазалығы, асылтектілік, ақсүйектік* секілді қасиеттерді армандаудан туған. Мұндай ортақ жасалымдар – кірме элементтердің тілде етенеленіп, антропонимжасамдық сипат алғанының көрсеткіші: Мұқамет (*қ.*), Мухамед (*ноғ.*), Мөхаммәт (*т.*), Мөхәммәт (*б.*), Мухаммат (*қараиш.-балқ., құм.*). Бұл есімнің мағынасы 1. Мақтаулы, даңқты, атақты. 2. Ислам дінінің негізін салушы Мұхаммат пайғамбардың есімі). Біріншісі – түпкі мағынасы, оны мұсылман түркі халықтарындағы қарапайым жұртшылықтың барлығы бірдей түсіне бермеуі мүмкін, ол шарт та емес. Түркі жұрты оны дайын күйінде пайғамбардың есімі ретінде қабылдаған. Сондықтан, екінші мағынасы бірінші орында тұрады. «Мұсылман есімдері» сөздігінде «Мұхаммат пайғамбардың кейбір есімдері мен эпитеттері (лақап)» деген тақырыппен алпыс түрлі сипаттаушы есімі беріледі. Олардың біразы біз сөз етіп отырған тілдерде қолданылады: Ахмад – мақтаулы, даңқты; ‘Абд Аллах (Абдолла) – Алланың құлы, ‘Адил – әділ, Әмин – сенімді, сақтаушы, Вали – дос, Махмуд – даңқты, Мустафа – таңдаулы, Расул – Алланың елшісі, Рашид – шыншыл, әділ т.б. болып жалғаса береді [118, 14-15 б.]. Түркі халықтарына Алланың 99 сипаты, Ислам діні және Пайғамбар мен оның өміріне қатысты таралған есімдерді өз ішінде бірнеше топқа бөлуге болады. *Пайғамбарлар есімдері*: Адам, Ибрахим, Нух, Салих Исмаил, Исхак, Йа‘куб, Йусуф, Шу‘аиб, Муса, Да‘ут, Сулайман, Аййуб, Йунус, Илійас, Закарийя, Йахйя, ‘Иса, Лукман, Зү-л-Карнайн. *Пайғамбардың халифалары*: Әли, Омар, Оспан, Сыдык. *Пайғамбардың қыздары*: Зейнеп, Рұқия, Кулсум, Фатима. *Пайғамбардың балалары*: Ибрахим, Қасим, Тахир. *Пайғамбардың немерелері*: Хасан, Хусайн, Мухсин, Кулсум, Зайнаб. Мұнан өзге Құран сүрелерінен алынған, адами қасиеттер мен қатынастардағы түрлі құндылықтарды дәріптейтін көптеген есімдер түркі халықтарының рухани қазынасына антропонимжасамдық негіз болып қосылды.

Көне түркі ат қою дәстүрінің шарттары қай кезеңде де өз талаптарының аясында антропонимдік қордың жаңа есімдермен толығына ықпал етіп келеді. Түркілік негіз, ислам өркениеті және т.б. қайсысына қатысты болсын есімдердің тілге енуі түркілік антропонимжасамдық ұғым-түсініктерге сай жүзеге асып отырған. «Ұғым дегеніміз – шындық өмірдегі зат, құбылыс, іс-әрекетке тән басты белгілердің адам санасында жинақталып, қорытылып берілген бейнесі» [37. 69 б.]. Ал антропонимжасамдық ұғым-түсініктер

дегеніміз – ат қоюда ескерілетін түрлі экстралингвистикалық факторлардың жиынтығы. Халықтың дүниетанымы уақытпен бірге кемелденіп, жаңа құндылықтармен толығады. Жақсылыққа ұмтылу, жамандықтан жирену, жақсыға еліктеу, игі қасиеттерін қабылдауға талпыну, дүниенің сырларына үңілу, эстетикалық талғам сүзгісінен өткен көркем құндылықтарды зерделеу т.б. секілді адам санасында үнемі болып тұратын үдерістердің кісі есімдерін таңдауға әсер ететін қырлары бар. Мысалы, балаға берілетін есімнің магиялық күші туралы түсініктерден келіп, жақсы адамның есімін қою, жын-перілерден қорғайтын есімдерді қою т.б. ырымдар пайда болды. Ілгеріде жіктелген мағыналық топтар осы антропонимжасамдық ұғым-түсініктердің жемісі, әрі элементтері болып табылады. Әр кезеңде ат қою туралы түрлі ұғым-түсініктер пайда болып, олардың біразы кісі есімі ретінде сақталады да, көпшілігі көнеріп, қызметін тоқтатады, яғни енді антропонимжасауға қатыса алмайды немесе белсенділігі төмендейді. Алайда, көнелері жаңа түрінің тууына негіз болады. Мысалы, көне дәуірлердегі ырымдардан туған есімдер мен бүгінгі – баланың болашағы жақсы болсын деген тілекпен қойылған есімдердің арасында байланыс бар. Бұл орайда дыбыстық тұлғалар өзгеріп, ішкі ұғымдар өзінің бастапқы негізін сақтап қалып отыр. Көне тұлғалы Итемген мен қазіргі Тоқтар секілді есімдер – түпкі тегі бір ұғым-түсініктердің антропонимжасамдағы түрлі формалары. Ұғым-түсініктер антропонимжасамдық негіздердің пайда болуына ықпал етуші факторлар ретінде де сипатталады. Кісі есімдерінің өміршеңдігі ішкі негіздің сапасымен де өлшенеді, сондықтан антропонегіз мәселесі туралы сөз болғанда, тұлғалық негізбен қатар тарихи-танымдық негіз мәселесін де назардан тыс қалдыруға болмайды.

2.3 Қазақ тіліндегі антропонегіздер табиғатын тұлғалық тұрғыдан танудың мәселелері

Қазақ есімдерінің құрылымдық жүйесі түрлі элементтерден тұрады. Антропонимжасамдық тұлға ретінде алғанда олардың өзіне тән ерекшеліктері бар: түбір мен қосымшалардың жігін ажыратып қарау немесе түбір орнында тұрған элементтің табиғатындағы дәстүрлі жүйеге сәйкес келе бермейтін белгілер арнайы талдаулар мен зерттеп, зерделеуді талап етеді. Антропонимжасамдық негіз ұғымы кей тұстарда түбір, түбір морфема, морф ұғымдарына сәйкес келеді. Сондықтан оның өзіндік ерекшеліктерін айқындау үшін тіл біліміндегі кей зерттеулердің тұжырымдарына тоқтала кел-

туге тура келеді. Тіл біліміндегі түбірге берілетін анықтамаларда, сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналық түпкі форма-сы және түбірдің әр сөзде міндетті түрде болатын негізгі морфема, сөздің лексикалық қазығы екені, сондай-ақ түбір сөздердің ішінде қазір дербес тұрып қолданылмайтын, сол себепті әрқашан да айқын көріне бермейтін тарихи түбірлер болатыны туралы айтылады: *майысу, майыру, майып, маймақ* сөздерінің түбірі: *майы-, май-* [102, 333 б.]. Б. Сағындықұлы осы тектес тарихи тұлғаларды «түбіртек» деп қарастырады: «Түбіртек бір ғана дауысты мен дауыссыздың тіркесуінен тұрады да, я лексикалық, я грамматикалық мағына береді. Лексикалық немесе грамматикалық мағынасы анықталмаған жағдайда дауысты мен дауыссыздың жай тіркесі түбіртек болып есептелмейді» [140, 57 б.]. Қазіргі түбірге беріліп жүрген анықтама негізінен осындай болып келеді. Бұл турасында түбірге қатысты зерттеулерде көп жазылды [75; 110; 134; 155; 157]. Солардың ішінде Ж. Манкеева: Өзіне дейінгі ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, «...қазақ тілінде түбір атаулының бәрін ілкі түбір және негізгі түбір деп екі топқа бөліп қараған жөн секілді», – деген ұсыныс айтады [115, 67]. Осыған дейін қолданылып келген «түбіртек», «түпкі түбір», «ілкі түбір», «этимон түбір» қайсысы болсын қазіргі кезде дербес қолданылмағанымен, бір кездерде мағыналық бөлшек ретінде қызмет атқарған тұлғалар ретінде танылады.

Сонымен қатар, зерттеушілер тарапынан тілдегі мағыналы бөлшек – морфемалар құрамында морфтардың болатындығы туралы айтылып жүр. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде «Морф, морфа – мәтіннің морфемдік деңгейде ары қарай жіктеуге болмайтын маңызды шағын бірлігі, морфеманың мәтіндік көрінісі. ... Морфеманың варианты бола тұра, морфқа үнемі жаңғырып отыру тән емес. Мыс., көне түбір *көз, көр* сөздерінің құрамындағы *көз-* және *-з, -р* морфтары морфологиялық үлгілерге сай қайталана бермейді» – деген тұжырым жасалған [102, 219 б.]. Ал ғалым А. Айғабыловтың еңбегінде мынандай түсінік беріледі: «*Мен егін ектім* деген сөйлемдегі *егін* және *ектім* сөздерінің түбір морфемасы бір. Демек, бір морфеманың өзі бірде *ег*, бірде *ек* болып қолданылып тұр екен. Сонда ол сөйлемде бір морфеманың екі өкілі – морфтар болып есептеледі. Біз сөзді не сөз формаларын морфемаға емес, морфтарға бөлеміз, өйткені контексте морфеманың морфтары қолданысқа түседі. Сонымен морфема – жалпы ұғымды аңғартса, морф – морфеманың қолданысқа түсетін өкілі» [4, 13 б.]. Берілген анықтамаларға сүйенсек – морфтар дербес қолданылатын түбір морфеманың бөлшегі бо-

лып табылады. Кісі есімдерінің құрамындағы Бекен, Бегім, Мақаш – Мағаш, Ақберген – Ағару т.б. мағыналық бөлшектердің болуы және екі түрлі нұсқада қолданылуы жағынан түбір тұлғалармен, яғни морфтармен сәйкесетін тұстары бар. Сөз құрамындағы орындары, негізгі ұйытқы бөлігі болуы жағынан да ортақ сипатта.

Қазақ тіліндегі антропонегіздер өз ішінде белгілі бір заттар мен құбылыс, қимыл атауларынан жасалуына байланысты *мағыналық* негіздер және антропонимжасамдық жолмен қалыптасқан *жасанды* негіздер болып екіге бөлінеді, соңғылары ешқандай мағына білдірмейді. Екеуіне ортақ басты белгі – есімнің басқы бөлігінде тұрып, өзінен кейін түрлі қосымшалар жалғауға қабілетті. Жаңа есімдердің жасалуына негіз болады. Екеуінің тілдік табиғаты жағынан елеулі өзгешеліктері бар: мағыналық негіз дербес тұрып есім жасауға, компонент ретінде басқа компоненттермен бірігуге қабілетті, мүмкіндігіне қарай бірінші орында да, екінші орында да тұра алады. Жасанды негіздердің ондай мүмкіндігі шектеулі.

Мағыналық негіздердің құрамында да шығу тегін айқындауда күмән тудыратын тұлғалар бар: Бөле, Бөлебай, Бөлеби, Бөлеген, Бөлеқан, Бөлек, Бөлекен, Бөлекші, Бөлембай, Бөлен, Бөленді, Бөленей, Бөленқан, Бөлеп, Бөлепберген, Бөлесін, Бөлет, Бөлетай, Бөлешбай. Осы есімдердің тілдік табиғатынан шамамен *бөле* (*зат.* туыс), *бөле* (*ет.* бесікке немесе қуанышқа бөлеу), *бөлек* (*сын.* басқа, алшақ) секілді үш түрлі мағынаны көруге болады. Бұл сөз таптары тұрғысынан жасалған болжам, ал антропонимжасамдық заңдылықтар оған аса бағына бермейді. Қазіргі кезде есімдерге негіз болып тұрған *бөле* тұлғасының нақты қай мағынаға тән екенін анықтап, бір тоқтамға келу қиын. Мысалы, аталған есімдер құрамындағы секілді қазақ тілінде *-бай*, *-қан*, *-й (-ей)*, *-к (-ек, -ік)*, *-кен*, *-қан*, *-н (-ен)*, *-сін*, *-тай*, *-шы* т.б. секілді антропонимжасамдық қосымшалар бар *-сін*, *-шы*-дан өзгелері еркелету мәнін білдіреді. Ал еркелету мәнді осы қосымшалар жалғанғанда дербес мәнді есімнің дыбыстық құрамы өзгеріске түседі. Мұндайда Бөлек, Бөлекен, Бөлен, Бөленей секілді есімдердің түбірі қайсы (бөл ме, бөле ме?) және қай сөз табына тән екенін немесе қандай мағына беретінін ажырату қиын. Сол секілді Бөле-*сін* құрамындағы Байсын, Демесін, Ебейсін, Айсын, Нұрсын, Гүлсін т.б. секілді есімдердегі қосымшалардың қайсысына жақын екенін ажырату да жеңіл емес. Бөле есімін жеке алғанның өзінде де, оның етістік немесе зат есім екенін нақты айқындау үшін есім қойылған сәттегі ойға алынған мақсат белгілі болу керек. Экстралингвистикалық сырлары терең, осындай бір сөзге әр адам тарапынан телінетін мағынаны

анықтап беру мүмкін емес, оларды тек құрамындағы қосымшаларға немесе мағыналық компоненттерге қарай ұйытқы негізін айқындап, дайын тұлға ретінде қарастыратын себебіміз де сол. Дегенмен, бұлардың түпкі бөлігі антропонимжасамға негіз болып тұрған белгілі бір мағынаға ие. Сондықтан, жиынтық тұлға екеніне қарамай, мағыналық негізге жатқызамыз.

Мағыналық бөлшектер жалқы есім сөздердің құрылымындағы секілді түпкі түбір, туынды түбір секілді кезендерден тұрмайды. Мағына білдірмейтін жасанды негіздер тарихи даму барысында мағынасы көмескіленген тұлғалар емес, арнайы қысқарту жолымен қалыптасып, қолданыла келе шығу тегінен алыстап кеткен негіздер. Дыбыстық жағынан сәйкес келуіне байланысты олар бірнеше негіздің жиынтығы болуы да мүмкін, сондықтан оның түпкі негізін іздеуде нәтижеге жету қиын. Табиғатындағы осы ерекшеліктерге байланысты оларға бұл талап қойылмайтын да секілді. Осы тұрғыдан келгенде түбір ұғымы мен антропонимжасамдық негіздердің өзіндік ерекшеліктері айқындала түседі.

2.3.1 Антропонимжасамдық мағыналық негіздерді тұлғалық тұрғыдан танудың мәселелері

Мағыналық негіздердің басты ерекшелігі мағына білдіруімен айқындалады. Өзіндік ерекшелігі де жоқ емес. Түбір сөздерден негіздердің ерекшелігі – түбірлер бірінші де, антропонимжасамдық негіздер екінші болып табылады. Осыған байланысты сөз табиғаты антропонимге дейінгі сипаты және антропонимдік сипаты болып екі түрлі қарастырылады. Осы екеуінің аражігін ашып алу сөзжасамдық түбір мен антропонимжасамдық негіздің нақты аралық шегі ретінде танылады. Мысалы, тілімізде қолданылатын Арыстан, Қаршыға, Қарлығаш, Батыр т.б. секілді көптеген есімдер бар. Бұл есімдердің түбір тұлғалы сөз ретінде танығанымызбен, этимологиялық тұрғыдан әрі қарай бөлшектеуге болады. Бастапқы формалары қазіргіден басқаша, құрылымы бойынша сөздердің бірігуі, қосымшалардың жалғануы арқылы жасалған. Алайда ол түпкі түбір антропонимжасамдық түбір болып есептелмейді, өйткені ол антропонимжасамға негіз бола алған жоқ, яғни антропонимжасамға дейін қалыптасқан түбір. Аталған есімдер лексика-семантикалық тәсіл арқылы қалыптасқан, әрқайсысының осы тұтас қалпында өзіне телінген антропонимжасамдық мағынасы бар. Есім түбір сөзден де, туынды сөзден де жасалуы мүмкін, бірақ екеуі де антропонимжасамдық негіз болып саналады. Тұлғаларында

бірізділіктің болмауы негіздерге нақтылықтан гөрі, жалпылық сипат береді. Түбір емес негіз деп аталу себебі де сондықтан.

Антропонимжасамдық негіз кісі есімдерінің басты бөлігі, ұйытқы-тірегі болғандықтан, құрылымдық жүйенің басты элементі ретінде түрлі зерттеулерде сөз болғаны белгілі. Көпшілігінде түбір тұлғалы, туынды тұлғалы, біріккен тұлғалы немесе алдыңғы екеуі біріктіріліп дара және соңғысы күрделі тұлғалылар деп топтастырылып жүр [64; 85; 86; 87; 61; 3; 107]. Қазақ есімдерімен қатар өзге тілдердегі зерттеушілерде де құрылымдық жүйені осы қырынан келіп қарастырады [112; 114; 146; 71]. Бұл зерттеулердің барлығында компоненттердің бірігуі, тіркесуі дәстүрлі грамматикалық жүйенің аясында қарастырылады. Кісі есімдерінің қалыптасу жолдары тілдік жүйенің негізінде жүзеге асатын болғандықтан, зерттеулердің бұл бағытты басшылыққа алуы заңды да. Дегенмен, кей ғалымдар тарапынан антропонимдердің тілде ерекше қабат түзетіні туралы айтылады. Мысалы, Б.Ю. Хигр «Есімдердің мағынасын талдау мен түсіндіру антропонимияның міндеті. Алайда, антропонимдік мағынаны өзі жасалған сөздің мағынасымен салыстыруға болмайтынын» айтады [168, 3 б.]. Даму барысында орныққан осы секілді және басқа да сипаттарына қарай, антропонимжасамдық негіздердің табиғатын зерделеуге жаңаша бір қырынан келу қажеттіліктері туындайды.

Грамматикалық құрылымы жағынан кісі аттарының жалқы есімдерден өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан, талдаулар барысында дәстүрлі жүйенің аясына сыймайтын кейбір мәселелердің сырларын айқындауға дәстүрлі талдау әдістерінің мүмкіндігі жетпейтін кездер болады. Мысалы, Туғанбай есімінің компоненттері морфологиялық жолмен жасалып тұр ма, әлде синтаксистік пе? дейтін сұрақтың туындауы мүмкін. Синтаксистік тұрғыдан қарастырсақ дәстүрлі жүйеге қайшы және тұшымды бір мағынаны түсіну қиын. Морфологиялық тұрғыдан қарастыруға – екі сөздің бірігуі тіркеске ұқсайды. Сол секілді Өтеп, Төлеп, Тілеп секілді есімдердің де морфологиялық өлшем-нормаға қайшы тұстары бар. Мұндай ерекшеліктер тек антропонимжасам заңдылықтары аясында қарастырылатын мәселелер болып табылады, өйткені олардың әрқайсысы дербес антропонегіздер – әрқайсысы есім жасауға құрамындағы элементтердің түрлеріне немесе сөздердің бірігу мен тіркесу заңдылықтарына тәуелсіз дербес күйінде қатысады. Туғанбай – Байтуған, Байгелді – Келдібай, Болсынбек – Бекбосын (Бекболсын) т.б. есімдер компоненттерінің орын талғамай бірігу еркіндігі олардың дербес тұлға ретіндегі қабілетін

көрсетеді. Осы секілді өзіндік ерекшеліктеріне қарай антропонегіздер табиғатын саралау, оның дербес күйінде есім жасауға қатысу дәрежесі мен мүмкіндіктері туралы мәселелерді қамтиды.

Антропонимжасамдық негіз – қызметі жағынан жалпы есімдерден алшақ тұрған тұлға. Ішкі мазмұны жағынан алғанда өзінің шығуына қатысты түрлі факторлар кешенінің антропонимдік бейнесі болып табылады. Осы қасиеті арқылы ол дара тұрғанда ұйытқы негіз, күрделі тұлғалылардың құрамында келгенде дербес компонент ретінде өмір сүреді. Тілдегі нормалану дәрежесіне қарай олардың белсенділік сипаты да әртүрлі. Бір негіздер тілдік санада кісі есімі ретінде танымал – даяр күйінде қолданысқа түседі, белсенділігінің жоғарылығынан түрлі тұлғалардың жасалуына ұйытқы болады. Келесі бірінің белсенділігі төмен, антропонимжасамға да сирек қатысады. Антропонимдік қор құрамындағы негіздер белсенділігінің түрлі дәрежеде болуына қарамай, әрқайсысы дербес тұлға және осы жүйенің дербес элементі ретінде қызмет етеді. Кісі есімдерінің түсіндірме сөздіктерінде «күрделі тұлғалы есімдердің компоненті (КСИ – компонент сложносоставного имени)» немесе «антрополексема» деген түсінік жиі қолданылады [118; 162]. Бұл қысқарған сөз немесе антропонимдік тұлғаның сипаттамасы ғана емес, қалыптасқан ұғымның да атауы болса керек, яғни тілде антропоним ретінде танылатын дербес тұлғалар бар.

Антропонегіздердің қызметі адамды атау, өзгелерден бөлектеп көрсету. Бұл орайда есім ретінде қолданылып отырған сөз өзінің шығу тегінен алшақтап кетеді де, оның бойында тұлға мен мағына бірлігі әлсіреп, есім мен адам арасындағы байланыс басымдыққа ие болады, басқаша айтсақ есім – адам немесе тұлға – антропоним ұғымдары бірінші орынға шығады. Антропонимжасамдық тұлғалардың құрылымындағы грамматикалық өлшемдерге сай келмейтін қайшылықтардың туындау себебі де осында. Демек, антропонегіздерді грамматикалық тұлға ұғымының аясында қарастырғаннан гөрі, антропонимжасамдық форма, яғни таңба ретінде танудың да өзіндік орны бар. Бұл – оның тілдік табиғатындағы бұрын сөз болмаған қыры. Антропонегіздерді таңба тұрғысынан тануда, негізінен, назарға алынатыны оның тұлғалық жақтары. Сондықтан, бұл орайда біз экстралингвистикалық факторларға қатысты (символикалық сипаты т.б.) мәселелерге тоқталмаймыз. Тұлғалық ерекшеліктердің аясында біртұтас негіз және оның құрылымын түзуші дыбыс-элементтерге қатысты кей мәселелер қарастырылады. Тілдің таңбалық табиғатын зерттеуші ғалым Ю.А. Левицкая тілдік таңба қандай жол-

мен адам санасынан орын алатыны туралы сұраққа, «тілдік таңба зат пен оның атауын байланыстырмайды, керісінше ұғым мен дыбыстық бейнені (акустикалық образды) жалғастырады» – деген Фердинанд де Соссюрдің пікірімен жауап береді [111, 52 б.]. Осыдан келіп, материал (зат не құбылыс) – ұғым – дыбыстық таңба үшеуінің арасындағы бірлік туындайды. «Кісі есімдері өзінің атауыштық қызметі арқылы біздің санамызда қандай ұғым тудырады?» – деген мәселеде – «адам», ол болмағанда – «антропоним» деген жауап ойға оралады. Сөздердің кісі есімін таңбалау мүмкіндігі сапалық жағынан әртүрлі, жалпылай сипаттағанда арасында әрі жалпы есім, әрі кісі есімі ретінде қолданылатын және тек кісі есімі ретінде ғана қолданылатын негіздер бар. Қос қызметте қатар қолданылатын, түрлі зат, құбылыс атауларынан болған есімдердің түрлері көп. Ол антропонегіздердің табиғаты «тұлға – есім» ұғымы бойынша да қарастыруды талап етеді. Ал екінші мәселе бойынша алғанда, тілде тұрақты қолданылатын көптеген негіздер қазір антропоним ретінде ұғымға айналған. Олар өз ішінде *жеке тұрып* антропонимдік сипатқа ие болған тұлғалар. *Қосымшалар арқылы* антропонимдік сипатқа ие болған тұлғалар және *басқа компоненттермен бірігіп* антропонимдік сипатқа ие болған тұлғалар болып үшке бөлінеді. 1) Жеке тұрып антропонимдік сипатқа ие болған тұлғаларға, негізінен, кірме есімдер жатады, олар өз ішінде түрлі сипатымен ерекшеленеді. Тікелей кісі есімі ретінде енген тұлғалар: Ақымет, Әли, Әбді, Омар, Мұса, Мұстапа, Ыдырыс, Ыбырайым, Мөңке, Марат т.б.; Құран сүрелерінен алынған, түпкі мағынасы қарапайым жұртшылыққа түсініксіз араб тілінен және иран тілінен енген есімдер: Ағила, Ғазиза, Ғани, Жәмила, Нияз, Мұқтар, Мүсіреп, Сейіт, Шәкір т.б.; 2) Қосымшалар арқылы антропонимдік сипатқа ие болған тұлғалар тілімізде көптеп саналады Ақан, Ақас, Ақаш, Ақша, Ақтай; Беке, Бекей, Бекіш, Бектан, Бектен, Бекес, Бекеш, Бекше, Бектай, Бекқай; Қарай, Қаратай, Қараш, Қараман; Нұрақ, Нұрай, Нұраш, Нұрдай, Нұрдан, Нұрден, Нұрек, Нұреке, Нұри, Нұрке, Нұркей, Нұркен, Нұркеш, Нұрман, Нұрмат, Нұрсын, Нұртай, Нұрша, Нұрқат, Нұршат, Нұрым, Нұрыш т.б. Бұл тұлғалар қазір тілде тек есім ретінде қолданылады, бастапқы негіз *ақ, бек, қара, нұр* сөздері компоненттік сипаты бойынша белсенді қолданылатын тұлғалар, алайда жеке тұрғанда көбіне өзінен кейін антропонимжасамдық қосымшалар жалғау арқылы дербес есім сипатына ие болады. Әуелінде антропонегіздерге түрлі мақсатпен жалғанған қосымшалар мен қосымша сипатты жасанды формалар қолданыла келе негізбен біртұтас тұлғаға айналып, сыртқы сипаты бойынша кісі есімі

ретінде танылатын жағдайға жетіп отыр. 3) Басқа компоненттермен бірігіп жасалған есімдер күрделі тұлғалылар деп аталады. Олардың қатарына дербес мағыналы сөздердің қатар тұрып жалғануы арқылы немесе екі сөздің тіркесуі арқылы жасалған есімдер жатады. Дегенмен, грамматикалық сипаты тұрғысынан алып қарағанда, солай болғанымен, қазір ол компоненттердің әрқайсысы дербес негіздер екенін мойындауға тиіспіз. Әсіресе, бастауыш пен баяндауыштың бірігуінен жасалған Өтепберген, Байкелді, Нұртуған, Нұрбосын, Бектұрсын т.б. толып жатқан есімдердің құрамындағы зат есім мен етістіктердің әрқайсысы қазір дербес антропонимжасамдық негіздер болып табылады. Осы есімдер құрамындағы антропокомпоненттердің әрқайсысы өздерінің қай сөз табына қатыстылығына қарамай, бірінші орында тұрып, өзінен кейін түрлі қосымшалар мен компоненттер жалғауға қабылетті. Енді осыған мысалдар келтіріп көрелік: Берген, Бергенәлі, Бергенбай, Бергенбек, Бергенсейіт, Бергенбала; Болсын, Болсынай, Болсынбек, Болсынәлі, Болсынқан; Келдібай, Келдібек, Келдігүл, Келдияр, Келдімұрат; Туған, Туғанай, Туғанбай, Туғанбақ, Туғансейіт т.б. Тұлғалық жағынан антропонимжасамдық ұяға айналу мүмкіндігі мен бірінші, екінші орында тұрып өзінің дербес болмысымен есім жасауға қатыса алу мүмкіндігі – кісі есімдерінің дербес негіз ретінде орнығуының көрінісі Өзгелеріне қарағанда *бер, бол, кел, өте, тоқта, төле, ту, тұр* секілді етістік негіздер тұлғалық жағынан грамматика заңдылықтарына тәуелсіз болуымен қатар, мағыналық жағынан да бәріне ортақ ұғым иеленіп, өмірге баланың келгенін білдіреді. Осы ерекшелігімен өзі жалғанған немесе өзіне жалғанған компоненттерге антропонимжасамдық сипат беріп тұрады. Күрделі тұлғалардың антропонимдік сипатта танылуына осы секілді бір сыңарының антропонимдік ұғымда жұмсалуды әсер етіп тұрады: Әлімбай, Баймұқан, Ақыметжан, Досмұса т.б. Белсенді қолданылатын қос қызметті компоненттердің бірігуінен де күрделі тұлғалар жасалып, тілде тек антропоним ретінде қолданылады. Мысалы, Айгүл, Нұрбала, Бибатыр, Досымжан, Ғалымбек т.б. Қазақ есімдерінің құрамындағы осы секілді антропонегіздер атауыштық қызметіне байланысты қазір өзінің шығу тегімен көп байланыстырыла бермейді. Сондықтан, дыбыстық тұлғаны дайын үлгі ретінде тану қажеттілігі туындайды. Дыбыстық тұлға – әрі таңба, әрі есім. Таңбаның бір нәрсені білдіруі шарт болса, ол ең бірінші – есім, адамды атаушы құрал болып табылады.

Антропонимжасамдық негіздерді таңбалық тұрғыдан қарастыру кезінде олардың дыбыстық табиғатындағы кей мәселелер туралы да

айта кетуге тура келеді. Сыртқы сипаты жағынан өзгерген есімдер бір негізден тарағанына қарамай, әрқайсысы өз алдына дербестікке ие болуы мүмкін. Сондықтан, есімнің тілдік табиғатын тереңірек тану үшін оларға жалпы есім сөздермен бірдей талап қоюға болмайды. Қазақ есімдерінің құрамы алуан түрлі – төл есімдермен қатар кірме есімдер де көп. Тілдің дыбыстық заңдарына қарай бейімделудің нәтижесінде, сонымен қатар антропонимжасамдық заңдылықтардың негізінде олар бастапқы формасынан айрылып, жаңаша сипатқа ие болған. Сондықтан, антропонегіз түзуші әрбір дыбыс өзіндік қызмет атқарады. Бұл орайда кірме элементтердің енген тілдің дыбыстық заңдарына қарай бейімделуінен келіп, ұлттық сипат көрініс береді. Дыбыстық таңбаның өзіндік ерекшеліктеріне байланысты екі мәселеге назар аударуға болады. *Біріншіден*, тілдегі кез келген лексика-грамматикалық құрылымның ең ұсақ бөлшегі дыбыстар болатыны секілді кісі есімдерінің де дыбыстық құрамы оның құраушы материалы ретінде танылады, сондықтан таңбалық сипаты туралы айтқанда есім құрамындағы дыбыстардың орнын назардан тыс қалдыра алмаймыз. Егер дыбыстарды жеке-жеке атайтын болсақ, әр дыбыстың сипаты туралы ғана ойланар едік, ал оларды біртұтастықта айтқан кезде ғана біз толық мәнді есімді түсінеміз. Тілдегі саны шектеулі дыбыстарды түрліше тіркестіру арқылы әрқандай есімдер жасалады. Бұл жерде сол дыбыстардың орын тәртібі мен мағына айырғыштық қабілеті назар аударады. Мысалы, Манат, Матан, Аман, Томан, Тоқан, Оқан секілді алты есім алты дыбыстан ғана құралып тұр (дыбыстар тіркесуінің мүмкіндігіне байланысты тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады). Арнайы тіркестіріліп, әрқайсысының орын тәртібі белгіленген. Сонымен қатар, дыбыстардың мағына айырғыштық табиғаты да антропонегіздердің дербес таңба ретіндегі болмысын айқындайды. Мысалы, Жанат, Қанат, Манат, Санат, Данат секілді есімдердің айырмашылықтары бір ғана дыбыста. *Екіншіден*, есімдер құрамындағы дыбыстық таңбалардың жалпы мәселелерінен келіп, жалқы мәселелер туындайды. Бұл, әсіресе, кірме есімдердің табиғатынан көбірек көрінетін, жекелеген антропонимдерді жасауға қатысатын сәйкес дыбыстардың орнына байланысты болып келеді. Қазақы қалыпқа құйылған мұндай есімнің біртұтас құрылымын морфологиялық жағынан талдау мүмкін емес, әрі түпкі мағыналары да қарапайым жұртшылықтың бәріне бірдей түсінікті бола бермейді. Мұндай есімдердің бір-бірінен айырмашылықтары дыбыстық ерекшеліктері ғана болып шығады. Қазір біртұтас күйінде ғана қолданылатын Ғали – Қали – Әли, Өмір – Ғұмыр, Махамбет – Мағамет

т.б. секілді есімдердің дыбыстық формасы қазақ тілінің заңдары бойынша ыңғайланғаны болмаса, құрамында қазақша мағына беретін морфема жоқ. Сол себепті бір-бірінен құрылымдық элементтері, яғни морфемалары арқылы емес, дыбыстық құрамы жағынан ғана ажыратамыз. Мағыналары ортақ болғанмен, бұлар бірдей есімдер емес, әрқайсысының дыбыстық тұлғасы бір-бірінен дербес екенін айғақтап тұр. Этимологиялық тұрғыдан бір негізден тарағанын және бір есімнің дыбыстық нұсқалары екенін білеміз, алайда олар бірінің орнына екіншісін қолдануға көне бермейді. Мысалы, Ғали Ормановтың атын Әли немесе Қали деп атауға болмайды. Осы есімдердің құрамындағы бірінші дыбыс, араб тіліндегі табиғатынан жаңылып, қазақ тілінің дыбыстарымен таңбаланып тұр.

Жалқы есім сөздерде дыбыстық варианттардың болуына байланысты, құрамындағы бір дыбыс екіншісімен алмасып жүре беруі мүмкін (бәле – пәле, бал – пал), ал жалқы есім, соның ішінде кісі аттары, жекелеген адамдардың айту мүмкіндігіне байланысты болмаса, негізінен, мұндай өзгерістерге бағына бермейді. Мысалы, Дүсүп, Жүсүп, Нүсүп, Түсүп мағыналары ортақ есімдер болғанмен, бірінің орнына бірі қолданылмайды. Бұл аталғандар – сөз басындағы дыбыс сәйкестігіне байланысты туындап отырған өзгешеліктер. Есімдердің басындағы Д–Ж–Н–Т дыбыстары мағына айырушылық қызмет атқарып тұрған жоқ, керісінше форма айырушылық қызмет атқарып тұр, демек кісі аттарына қатысты алғанда дыбыстардың мағына айыруы мен форма айыруының өзіндік сырлары бар, ол таңбалық (тұлға) табиғатына қатысты мәселе болып табылады.

Таңбалық сипат – кісі есімдерінің кез келген элементіне тән қасиет, соның ішінде антропонегіздер, ілгеріде атап өткеніміздей, кісі есімдерінің негізгі ұйытқысы, тірегі болып табылады, оның табиғатын осы жағынан арнайы қарастыру себебіміз сондықтан. Негіздердің дыбыстық тұлғасына тән ерекшеліктер – олардың дербестігінің белгісі.

2.3.2 Антропонимжасамдық жасанды негіздердің құрылымдық жүйесі мен жасалу жолдары

Қазақ есімдерінің құрамында түрлі жолдармен қалыптасқан тұлғалар бар. Мағыналық негіздерден айырмашылығы оларда мағына болмайды, дыбыстық форма атауыштық қызметі арқылы өмір сүреді, яғни қолданыста болады. Қазақ есімдеріне тән қасиеттердің бірі адамның азан шақырып қойған есімі мен кейіннен иеленген есімінің

қызметі жағынан бір-бірінен аса айырмашылығы бола бермейді. Көптеген тарихта белгілі тұлғалар лақап немесе еркелету, құрметтеу мәнінде дыбыстық формалары өзгерген есімдерімен танылғанын білеміз. Сондықтан, ол есімдер атауыш құрал ретінде тең тіпті азан шақырылып қойылған есімнің орнына қолданылып, ұлттық тілдің заңдылықтарына сай қалыптасып, тарихқа, кейінгі кезде құжатқа еніп жатса, зерттеу аясынан тыс қалдыра алмаймыз және оларды тек этимологиялық тұрғыдан ғана қарастырып қоя салу мәселенің мәнін ашып бере алмаса керек. Түбір орнында тұрып өзінен кейін түрлі қосымшаларды жалғап, жаңа есімдердің жасалуына негіз болады. Дыбыстық формаларының түбір орнында тұрып мағына бермеуі; мағыналары әртүрлі сөздердің антропонимге айналғаннан кейінгі өзгерістері нәтижесінде бәріне ортақ бірдей дыбыстық тұлғаның қалыптасуы; бұлайша қалыптасу үдерісінің тек осы тұлғаларға ғана тән болып келуі – антропонимжасамдық негіздердің өзіне тән ерекшелігі ретінде саралауды қажет етеді. Ж. Манкеева түбір туралы зерттеулерінде «... «өлі» түбірлердің пайда болуы сөз жасаудың морфологиялық тәсілінің тууымен, яғни, түркі тілдерінің агглютинациялық табиғатымен байланысты... түбір сөздердің дамуын тіліміздің дыбыстық жүйесінің тарихи өзгерістерінен тыс қарауға болмайды. Индоевропа тілдерінде түркі тілдерімен салыстырғанда, фузия құбылысының жиі ұшырауы, мүмкін, олардың агглютинативті емес екендігімен түсіндіруге болар. Бірақ, түркі тілдерінде де фузия құбылысы кездеседі. Кейбір «өлі» (көбіне бір буынды) түбірлердің құрамындағы түбір мен қосымшаның әбден кірігіп, қазір бөлуге келмейтін түбір сөз деп ұғынылуы соның нәтижесі» – деп атап көрсетеді [115, 64-65 б.]. Демек, қазіргі қолданыста шығу тегі белгісіз тұлғалардың қазіргі құрылымдық жүйесіне қарай тану тіл білімінде бар ұғым. Қазақ есімдерінің қалыптасуында да қатар тұрған компоненттердің немесе түбір мен қосымшаның бір-біріне сіңіп кетуі, айтылу барысында дыбыстардың түсіп қалуы, антропонимжасам заңдарына сай кейде бірнеше дыбыстың қысқарып қалуы секілді заңдылықтардың нәтижесінде қалыптасқан негіз тұлғаларды бүгінгі сипаты бойынша қарастыру лингвистика талаптарына қайшы емес.

Қазақ тілінің айтылым ережелерінде қарастырылатын дыбыстардың ұлттық сипаты қандай болса, қазақ есімдерінің сыртқы болмысы да сол жүйе бойынша орныққан, сонымен негіздес. Жасалу жолдары мен тілдік табиғатына байланысты оларды жасанды негіздер деп атаймыз. Тілде қалыптасу жолдары алуан түрлі. Басты-

лары – еркелету, құрметтеу және үнемдеу заңдылығымен байланысты болып келеді. Бұл екеуі бір-біріне жақын құбылыстар. Аздаған айырмашылығы – еркелету, құрметтеу үнемдеу заңдылығына сәйкес келгенмен, үнемдеу әркезде еркелету, құрметтеу мақсатында жүзеге асып отырмайды. Үнемдеу заңдылығының түрлі жақтары туралы біршама зерттеулер жүргізілгені белгілі. Сол зерттеулерде «...үнемдеу құбылысы тілдің бүкіл жүйесін – фонетиканы да, лексиканы да, морфологияны да, синтаксисті де қамтиды. Алайда бұл заңдылық тіл білімінде әртүрлі терминдермен аталып жүр. Мысалы, фонетикада «элизия», «апокопа», «гаплоглогия» деп аталса, лексикада – «метонимия», морфологияда – «сіңісу», «кіріккен сөздер», синтаксисте – «эллипсис», «толымсыз сөйлемдер» деп аталады. Түптеп келгенде, үнемдеу процесінде пайда болатын соңғы нәтиже – белгілі бір дыбыстың, буынның, сөздің, тіпті сөйлемнің қысқартылып, ықшамдалып айтылуы. Біздіңше, бытырап жүрген терминдердің барлығының басын қосып, үнемдеу заңы деп атаған дұрыс» – деген ұсыныстар айтылады [138]. Бұл бағытқа мұнан өзге де біршама зерттеу жұмыстары арналды [5; 13; 174; 132; 106]. Жасанды антропонегіздердің де қалыптасу жолдарынан осы үнемдеу заңдылығының іздері байқалады.

Тіл білімінде үнемдеу құбылысының тарихи сипаты туралы зерттеулерде, үнемдеу заңының ықпалынан тарихтың бүкіл өн бойында сөздің басында да, ортасында да, аяғында да кейбір дыбыстар айтылмай ықшамдалып, қысқарып қалып отырғаны туралы айтылады [140, 57 б.]. Дыбыстардың айтылу ерекшеліктеріне қатысты қазақ тіл білімінде «айтылым» термині қолданылады. Үнемдеу айтылу барысында жүзеге асатын болғандықтан, тікелей айтылымға қатысты болып келеді. Бұл тұрғыдан алғанда үнемдеу – тілде орныққан заңдылық, ал айтылым осы тәсілді орындаушы құрал қызметін атқарады. Кісі есімдерін еркелету, құрметтеу мақсатында қысқартып айту тілде бар дәстүр. Сөз құрамын үнемдеу, яғни қысқартып айту, тілдің айтылым заңдарына сай жүзеге асатын құбылыс болғанмен, кісі есімдеріне қатысты алғанда, осының өзі ұлттық ұғымымызда еркелету, құрметтеу қатынастарының көрсеткіші. Бұл орайда құрметтеу, еркелету мен айтылымның арасындағы өзіндік ерекшеліктер айқындала түсетін секілді. Өйткені құрметтеу, еркелету мақсатында қысқарту айтылым үдерісінің жемісі емес. Қысқартып айту тәсілі арқылы есімнің дыбыстық формасына айтуға жеңіл, тыңдауға да жағымдылық сипат дариды, өйткені дыбыстық форманы қысқарту арқылы адамның өзіне деген жылы қатынастың білдірілетіні – ұлттық ұғымымызда

қалыптасқан түсінік. Екіншіден, адамды атау кезінде кісі есімінің құрылымдық жүйесіндегі әрбір элементтің білдіретін мағынасы аса маңызды болып саналмайды, оның есесіне біртұтас тұлға ретіндегі қызметі басты назарда тұрады. Бұл ерекшелігі өзінен-өзі құрылымның барынша ықшам, айтуға жеңіл болуына алып келеді.

Қазақ есімдерін тереңдете зерттеген ғалым Т. Жанұзақовтың еңбектерінде еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалардың түрлері туралы біршама айтылған болатын [62; 64]. Алайда, үнемдеу заңдарына байланысты алғанда олардың ішкі сырларын тереңірек зерделеу қажеттігі туындайды. Еркелету, құрметтеу мақсатында есімдерді қысқартып айтудың бірнеше түрі бар, енді соның бір екеуіне тоқталып көрелік. Екі не одан көп буынды есімдерді (дара немесе туынды тұлғалы болуы да мүмкін) қысқартып айту арқылы жасалған Қарлыға (Қарлығаш), Қами (Хамит), Гүли (Күлиша), Бек (Бекен), Жан (Жандос), Рашиддин (Рәшит). Екі компоненттен тұратын Мұхаметкерімді – Керім немесе Мұхамет (кейде Мұқа), Нүсіпқожа – Қожа, Байболат – Болат т.б. болып айтылуы да, еркелету-құрметтеумен қатар, осы үнемдеу заңдылықтарының нәтижесі. Қолданылу барысында бұл есімдер жасалуына негіз болған құрметтеу, еркелету мәнінен ажырап, дербес тұлғаларға айналған.

Қазақ есімдерінің өзіндік даму тарихы мен қалыптасқан дербес антропонимжасамдық жүйесі бар. Тіліміздегі есімдердің барлығы осы жүйенің негізінде орныққан, баршасына (төл және кірме) ортақ сипат беретін де сол. Үнемдеу заңдылықтарына байланысты кірме есімдердің табиғатында мынандай бір ерекшелік көрініс береді. Олар қазақ тіліне енгеннен кейін екі түрлі даму сатысынан өтетіні байқалады: 1. Араб тіліндегі сөз тұтастай қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сай өзгерді; 2. Антропонимжасамдық заңдар бойынша жаңаша тұлғаға ие болды. Бірінші кезеңде құраннан немесе ислами аңыздардан, қалыптасқан ұғым-түсініктер бойынша алынған түрлі есімдер мен сөздер антропоним ретінде қабылдана бастады. Мысалы, әр-Рахман (қазақшасы – Рақман) ‘аса қамқор’, әр-Рахим (қазақшасы – Рақым) ‘аса мейірімді’, әл-Мумин (қазақшасы – Момын) ‘жүрекке иман беруші, азаптан қорғаушы’, әл-Азиз (қазақшасы – Әзіз) ‘ұлы, жеңілуі мүмкін емес, жеңімпаз’, Абдуллаһ (Қабдолда, Абдолла, Әбділдә, Әбилдә, Ғабдолла, Ғабділда, Қабдолда, Қабділдә т.б.) ‘Алланың құлы’ т.б. секілді есімдердің қайсысы болсын, өзінің бастапқы дыбыстық тұлғасынан ажырап, қазақ тілінің заңдарына сай қалыптасқан. Бірінші кезеңде осындай үдерісті басынан кешіре отырып, тілдік санада төл элемент ретінде орныққаннан кейін, бұл есім-

дер даму сатысының екінші кезеңіне өтті. Алдынан немесе соңынан түрлі компоненттер мен антропонимжасамдық қосымшалардың жалғануы, еркелету, құрметтеу мақсатында құрамының қысқартылып айтылуы немесе қысқарған тұлғаларға да антропонимжасамдық қосымшалардың жалғануы осы екінші кезеңнің көрсеткіштері болып табылады. Енді осыларға мысалдар келтіріп көрелік. Алдынан компоненттер жалғанып Байділдә, Нұрділдә, Бекділдә; соңынан жалғанып: Рақманқұл, Рақманберді, Рақманғали; Рақымбай, Рақымгерей, Рақымберді; Момынбай, Момынбек, Момынәлі; Әзізбек, Әзізғали, Әзізқан, Әзізжамал т.б. кісі аттарының алдынан және соңынан компоненттердің жалғанып, жаңа бір форманың жасалуы ескіден қалыптасқан жүйе. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі кісі есімдерінің бірнеше компоненттен құралуы осыған дәлел. Келтірілген мысалдардан араб тілінен енген кісі аттарының да осы заңдылыққа сай қалыптасқанын көреміз.

Антропонимжасам жүйесіндегі ерекшеліктердің келесі бірі – кісі есімдерінің құрметтеу, еркелету мәнінде қысқартылып айтылуы. Ондай есімдерге Қабдолданың – Қабдол, Әбділдәнің – Әбділ, Рақым, Рақманның – Рақ т.б. жатқызуға болады. Осылайша қысқарып айтылатын тұлғаларға кейде арнайы қосымшалар жалғанады, кісі аттарының бастапқы тұлғасы еркелету, құрметтеу мәнін тудыратын осындай қосымшаларды жалғау үшін кейде арнайы да қысқартылады. Антропонимжасамдық жүйедегі ерекшеліктердің бірі ретінде танылатын бұл ерекшелік бойынша тіліміздегі көптеген есімдердің жасалғаны белгілі және осы жүйе бойынша қалыптасқан тұлғалардың аясы көбіне белгілі бір есімдердің төңірегімен шектелмейді, яғни кейде бірнеше есім қысқарғанда бір түрлі дыбыстық тұлға қалыптасуы мүмкін. Мысалы, Рақым, Рақман, Райымбек, Разак т.б. секілді бастапқы екі дыбысы *ра*-дан басталатын есімдердің барлығынан бір ғана Рақыш, Рақай, Рақып, Рақан т.б. секілді жаңа тұлғалар қалыптасады. Осындай жолмен тілімізде *Әб*- (Әбжан, Әбен, Әбіш, Әбітай т.б.), *Қаб*- (Қаба, Қабай, Қабаш, Қабош, Қабыш, Қабтай, Қабжан, Қабас т.б.) және басқа көптеген тұлғалар қалыптасқан. Осы аталған үш түрлі белгі тек кірме есімдерге ғана емес, барлық есімдерді қысқартып айтудың дәстүрлі заңдылықтары болып табылады.

Антропонимжасамдық жасанды немесе көмескі негіздер өзге тілдерде де бар. Орыстың кісі есімдерінен жасалған географиялық атауларының ішінде күнтізбелік есімдермен қатар, онан бөлек есімдер де кездеседі. Арасында өзгелерінен тым қысқалығы жағынан ерекшеленетін тұлғалар бар. Көне күнтізбелерде небәрі екі дыбыс-

тан тұратын *Ив*, *Ор* ер және *Ия* әйел есімі сақталған. Үш дыбыстан тұратын есімдердің түрлері мынандай болып келеді: *Лен*, *Вар*, *Вил*, *Вис*, *Вит*, *Гай*, *Дан*, *Дей* (иначе *Дий*), *Див*, *Ерм*, *Ива*, *Иов*, *Кай*, *Кир*, *Лин*, *Мал*, *Мар*, *Нил*, *Нчт*, *Ной*, *Пуд*, *Руф*, *Сим*, *Тит*, *Том*, *Фал*, *Фан*, *Фот* [40, 8 б.]. Бұл есімдер қазіргі қолданыста көп кездесе бермейді, мағыналары да тым көмескі. Кейбірінің тұлғасы қазіргі орыс есімдерінің алғашқы дыбыстарымен сәйкес келеді, сондықтан оларды дыбыстық негіз ретінде қабылдауға болатын секілді. Осы ерекшелігі қазақ тіліндегі жасанды тұлғалардың табиғатына ұқсайды. Есімдерді қысқартып, жаңа форма жасауда да жасандылық сипат бар. Мысалы, В.А. Никонов, Мәскеуде егіз туған қыздардың біреуіне Леля, екіншісіне Дика деп есім берген екен (Эвридика есімінің бір бөлігін алған болуы керек) деген болжам айтады [122, 4 б.].

Жасанды тұлғалар араб тілінен енген есімдердің құрамында да бар. Түбір сипатты тұлға ретінде танылып жүрген кей есімдердің этимологиясына жасалған талдаулар арқылы олардың бір кездерде түбір мен қосымшалардан немесе екі сөздің бірігуінен, тіркесуінен жасалған күрделі тұлғалар болғаны анықталып отыр, қазір қазақ тілінде антропонегіз ретінде қолданылады. Оған бірнеше мысал келтіріп көрелік: Баязит араб тілінен енген, аудармасы – Абу Язид «Әбудің әкесі». XI ғасырда өмір сүрген атақты мұсылман-әулие Язидті осылай атаған. Араб тілінде Язид «жоғары мәртебелі «превосходящий» мағынасын білдіреді [210, 60-61б.]. *Гүлсім* – Мұхамет пайғамбар қызының есімі, бастапқы тұлғасы Уммукулсум шамамен «Кулсумның анасы» деген мағына береді. Кулсум ер адамның есімі, мағынасы – «толық, семіз». Алғашында Уммукулсум, келе-келе Умму қысқарып, Кулсум, кейіннен Күлсім – *Гүлсім* болып қазақы сипатқа ие болған [210, 71-72 б.]. *Мырза* Әмір Темір заманында шығып қалыптасқан есім, өзге әмірлерден ерекше көріну үшін Әмір Темір ұрпағы өз есімдеріне Әмірзада «әмірден туған» лауазымын қосып айтатын болған, кейіннен айтылым заңдарына сай алдындағы *А* мен артындағы *-за* дыбыстары қысқарып, *мырза* (мирза) формасы қалыптасқан [210, 98-100б.]. Бұл аталған антропонегіздер өзге тілдерден енген есімдердің дыбыстық өзгерістері арқылы қалыптасқан. Бұл есімдер өзге мұсылман халықтарының тілдерінде өзгерістерге түсіп, қазақ тіліне дайын күйінде келген есімдер. Осыған ұқсас айтылым заңдылықтарына байланысты Абд Аллах (Алланың құлы) қысқарып – *Әбілда*, *Қабдолда*, *хадж* тұлғасынан өзгеріп – Қажы, Әжі, *Нұрмұхамбеттің* қысқаруынан – *Нұрмат* (Мұхамметтен өзгеріп *мат* формасына дейін қысқарған компоненттер), *Зенуллах-*

тан қысқарып – Зейнел (Құдайдың көріктісі, әдемі жаратқаны) секілді формалар қалыптасқан. Бұл есімдер қысқарудың түрлі тәсілдері арқылы қалыптасып, бізге жаңаша формада жетіп отыр. Айтылу ба-рысында барлығы бірдей өзгеріссіз сақталды деуге болмайды, ерке-лету мәнді қосымшалардың жалғануына байланысты қысқартудың нәтижесінде дыбыстардың өзгеруі немесе түсіп қалуынан, сонымен қатар көне тұлғалылардың қазіргі кезде мүлде басқаша дыбыста-луынан жаңаша қалыптасқан кісі есімдері бар. Қазақ тіліндегі ан-тропонимжасам заңдылықтары бойынша қалыптасқан жасанды тұлғалардан жоғарыдағы есімдердің айырмашылығы шығу тегі белгілі, қазір өзіндік мағынаға ие (мырза) және тарихи тұлғаның есімі (Баязит) ретінде қабылданады. Ал қазақ тіліндегі жасанды тұлғалардың табиғатында ондай белгілер аз. Жасанды негіздердің дербес тұрып антропоним болу мүмкіндігі шектеулі.

Жасанды негіздер қазір дербес есімдердің тұрақты бөлігі емес, мағыналық негіздердің өзгеріске түскен дыбыстық нұсқалары, яғни дыбыстық ерекшеліктері бойынша [211, 70 б.], зат есімнің реңк мәнін тудыру сипаты бойынша [180, 158 б.] және тұлғасына қарай қысқарған сөздердің құрамында қарастырылып жүр [90, 261]. Мұндай ерекшелік-ке ие Момбек, Момыш, Мұқыш, Батай, Қабай, Біжкен, Мәншүк секіл-ді есімдер туралы Т. Жанұзақов олардың негізгі түбірін мағыналық жағынан ажыратуға болатынын айта келіп, «мом» балауыз, Момыш, Мұқыш, Қабай еркелету әрі қысқарту формасында тұрғаны, толық формаларының Момынәлі, Мұқырбек, Батырхан, Қабдолла, Мәнсия екені туралы тұжырым жасайды, сонда түпкі морфема *Бат-*, *Қаб-*, *Мом-*, *Мұқ-* болып шығады екен [64, 131 б.]. Бұл жекелеген есімдерге байланысты алғанда дұрыс болуы мүмкін, *Мом-* тұлғасынан тарай-тын Момақ, Момбай, Момбек, Момеш, Момкен, Момын, Момынбай, Момынбек, Момындық, Момынәлі, Момынжан, Момынқұл, Момыш секілді есімдер бар. Арасында Момыннан басқа толық мағыналы сөз байқалмайды, сондықтан оның түбірін шамамен *Мом-* деп білуге бо-латын секілді. Алайда, қалған морфемалар тек аталғандармен ғана шектелмейді. Қазіргі қазақ есімдерінің арасында *Қаб-* тұлғасынан тарайтын, Қаба, Қабабай, Қабажай, Қабажаппар, Қабаз, Қабази, Қабай, Қабайқұл, Қабақ, Қабақай, Қабақан, Қабақбай, Қабақы, Ка-бала, Қабан, Қабанбай, Қабаншы, Қабар, Қабарбек, Қабаргелді, Қабарды, Қабаршары, Қабас, Қабасақал, Қабат, Қабатай, Қабаш, Қабдай, Қабдекен, Қабдет, Қабділәшин, Қабдімәлік, Қабдолқабар, Қабдос, Қабдықан, Қабдылғалым, Қабдылжапар, Қабдырамбай, Қабер, Қабетхан, Қабибназар, Қабис, Қабит, Қабланбай, Қабош,

Қабтан, Қабыдаш, Қабылбар, Қабылдаш, Қабылкерім, Қабылқұл, Қабылмәлік, Қабылпазыл. *Мұқ-* тұлғасынан тарайтын Мұқа, Мұқәлі, Мұқабай, Мұқабек, Мұқағали, Мұқадам, Мұқадес, Мұқаділ, Мұқадір, Мұқажан, Мұқай, Мұқасан, Мұқайыс, Мұқал, Мұқалбай, Мұқалит, Мұқалы, Мұқалық, Мұқам, Мұқамал, Мұқаман, Мұқамбай, Мұқамбедия, Мұқамбек, Мұқамбет, Мұқамбет, Мұқамбетайдар Мұқамбетбек, Мұқамбетияр, Мұқамбетқали, Мұқамбетқасым, Мұқамбеткәрім, Мұқамбетқожа, Мұқамбетмұстапа, Мұқамбетназар, Мұқамбетпайыз, Мұқамбетпайыз, Мұқамбетразы, Мұқамбетсалық, Мұқамбеттұрсын, Мұқамәди, Мұқамедия, Мұқамәлі, Мұқамер, Мұқаметғани, Мұқаметғапұр, Мұқаметдин, Мұқаметәлі, Мұқаметжан, Мұқаметзәкір, Мұқаметқали, Мұқаметқанат, Мұқаметкәрім, Мұқаметкөшім, Мұқаметқұл, Мұқаметқұсайын, Мұқаметнұр, Мұқаметхан, Мұқаметшәкір, Мұқаметшәріп, Мұқамараз, Мұқан, Мұқанбетшәріп, Мұқанғали, Мұқанжар, Мұқанқұл, Мұқантай, Мұқарам, Мұқаран, Мұқасан, Мұқасәли, Мұқат, Мұқатай, Мұқау, Мұқаш, Мұқашбай, Мұқашбек, Мұқибек, Мұқилан, Мұқисын, Мұқитан, Мұқия, Мұқият, Мұқсын, Мұқсыл, Мұқсым, Мұқсын, Мұқтан, Мұқтар, Мұқтас, Мұқтасам, Мұқтасар, Мұқтасын, Мұқташ, Мұқы, Мұқыжан, Мұқылбай, Мұқым, Мұқымбек, Мұқып, Мұқыр, Мұқыш, секілді көптеген есімдер бар. Айтылым барысында түрлі өзгерістерге түсіп, осындай формаларда бүгінге жетіп отыр. Өрқайсысы жеке сөзден жасалған деуге болмайды. Құрылымдық жүйесі антропонимжасамның түрлі жолдары арқылы қалыптасқан. Бұл есімдердің құрамында түрлі грамматикалық формалар мен өзгеріске түскен дербес мағыналы төл және кірме сөз элементтерінің кездесетіні даусыз, өзге тілдің материалдарымен салыстыра отырып, шамамен қалпына келтіруге болар еді, алайда кісі есімдеріне тән ерекшеліктердің бірі – өз аясына топтасқан ұқсас лексикалық бірліктер мен грамматикалық тұлғалардың барлығын этимологиялық талдауларға көнбейтіндей жағдайда өзгертіп жібереді. Мысалы, Қаба, Қабаз, Қабақ, Қабақай, Қабақан, Қабтан, Қабатай, Қабаш, Қабытай, Қабош, Қабас; Мұқа, Мұқай, Мұқан, Мұқат, Мұқау, Мұқаш, Мұқтан, Мұқатай секілді есімдердің құрамын *Қаб-*, *Мұқ-* тұлғасы және антропонимжасамдық қосымшалар деп екіге бөліп жіктеуге болатын секілді, алайда ілгеріде аталған есімдердің қайсысынан жасалғаны белгісіз. Еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалар жалғанғанда түбірдің қысқарып кетуі, оны дыбыстық жағынан ұқсас басқа бір тұлғалармен жақындастырады. Қазір «өлі» түбірлер қатарында саналатын кей тұлғалардың сөзжасамдық табиғатында да осындай ере-

кшеліктер кездеседі. «Қазақ грамматикасында» аң (-сыз, -қау, -ғал, -ғар, -ды, -ысы, -ыру, -кию), жүр (-дай, -ын, -нақ, -қа), кый (-ан, -ыр), ар (-ық, -на, -ал, -ыс), жыл (-ға, -уан, -ым), жаң (-сақ, -ыл, -ғалақ), ең (-іс, -кек, -кіш, -кей), жор (-ға, -ту, -ық) секілді бөліктердің алдыңғы жағындағы жүйелі түрдегі дыбыстық біркелкіліктің негізінде түбір статусындағы сөз деп қарайды [90, 286 б]. Мұндай тұлғалар туралы К. Аханов та өз еңбегінде тоқталып өтеді [18, 278-283 б.].

Жасанды негіздер күрделі тұлғалылардың айтылуы барысында біріншісінің қысқаруынан және еркелету, құрметтеу мәнінде қысқартып, қосымша жалғануы арқылы жасалған. Қысқаруы, негізінен, есімнің құрамындағы буын санына тәуелсіз экстралингвистикалық факторлардың нәтижесінде де жүзеге асуы мүмкін. Құрылымы көбіне бір буындылар болып келеді. Осыған дейінгі талдаулар барысында ескертілгендей, түпкі негізін табу көп жағдайда мүмкін емес, тілдік сипаты антропонимжасамдық тұлға, әрі ұя қызметімен айқындалады. Өзінен кейін түрлі қосымшалардың жалғануы да тұлғалық сипатын айғақтай түседі. Тілде тұрақты негіз ретінде қызмет ететін көптеген тұлғалар анықталды, олардың кейбірінің түрлері мен сипаты төмендегідей болып келеді:

Әб- тұлғасынан тарайтын Әбәди, Әбғали, Әбдалы, Әбдан, Әбдемеш, Әбен, Әбжан, Әбжуас, Әбзен, Әбзер, Әбқожа, Әблен, Әблек, Әбнағи, Әбнәби, Әбрақым, Әбсағит, Әбсадық, Әбсақы, Әбсалам, Әбсалық, Әбсат, Әбсаттар, Әбсәбит, Әбсәлім, Әбсәмет, Әбсәпи, Әбсәт, Әбсейіт, Әбсәмет, Әбсенбай, Әбсүгір, Әбтази, Әбшейіт, Әбшен, Әбшерхан, Әбікбай, Әбіқай, Әбішай, Әбішбек, Әбішкен, Әбіштай т.б. **Әбі-** Әбікен, Әбіқай, Әбіқан, Әбіқас, Әбінұр, Әбітай т.б. **Әу-** Әубай, Әубәкір, Әубәкіш, Әубек, Әубен, Әуенай, Әуек, Әуен, Әуеш, Әужан, Әузар, Әуке, Әукебай, Әукей, Әукен, Әукер, Әукеш, Әумекен, Әумен, Әупай, Әупен, Әупи, Әупік, Әутай, Әутайыр, Әутәлім, Әутәліп, Әутан, Әушама, Әушәкім, Әушәріп, Әуше, Әуіт, Әуіш т.б. өзінен кейін жалғанатын қосымшалар мен компоненттер түпкі негізін айқындап тұр. Қазіргі қолданыста біршамасы белсенділігімен танылып жүрсе, енді біршамасы фамилиялар құрамында кездеседі. Бұл негіздер – жиынтық тұлғалар. Дайын үлгі түрінде алып отырғандықтан, дыбыстық ерекшеліктеріне байланысты топтастырғанымызбен, бұл үшеуінің антропонимжасамдық заңдылықтар аясында бір-бірімен тығыз байланысқан тұстары көп. Сондықтан, әрқайсысының нақты шығу көздері бар немесе белгілі бір есімнің қысқаруынан ғана жасала салған деуге болмайды. Бір ғана мысал келтіре кетелік, «әуке (әуке, бұғақ) дербес мағыналы

сөз бе, еркелету мәнді есім бе (Әу-ке)?» – деген сұрақ туындай қалғанда, әр есімнің өзіндік шығу уәждері болатындықтан, нақты жауап беруде қиналамыз. Қазақ тілінің үндестік заңы бойынша Әбі тұлғасының жуан нұсқалары қолданылады: Абықай, Абықан, Абықаш, Абықбай, Абылақ, Абылан, Абыс, Абыт. Құрамындағы -қай, -қа-ш, -қ-бай, -лақ, -лан, -с, -т антропонимжасамдық қосымша ретінде қолданылады. Еркелету, құрметтеу мәнді есімдердің жасалу заңдылықтары бойынша мұндай тұлғалардың жасалуы кездейсоқ емес. Бұлай болғанда Әбі- (Абы-) негіздерінің жинақтауыштық аясы кеңейе түседі: Абабай, Абабүкір, Абаған, Абадан, Абажан, Абай, Абайбек, Абайділдә, Абайділдан, Абайқан, Абақ, Абақай, Абақан, Абақат, Абақаш, Абал, Абалақ, Абамүслім, Абан, Абанқұл, Абанолда, Абау, Абаужүніс, Абаш т.б. есімдерінің кез келгенінің антропонимдік өзгеруі нәтижесінде аталған еркелету, құрметтеу мәнді формалардың бірі жасалуы мүмкін. Мысалы, Әубәкір есімі Әбубәкір, Әбутайыр, Әбутәліп, Әбушәріп т.б. қысқаруынан жасалғаны белгілі. Жасанды негіздің алғашқы нұсқасы, әрі қысқаруға көп түсе бермейтін есімнің алғашқы буыны осылай пайда болды. Бұл тұлғаға еркелету мәнінде қысқарған, Әуез, Әуенай, Әуіт (шығыр суы жиналатын жер) секілді есімдердің бірінші буыны келіп қосылады да, Әу- тұлғасының қолданыс аясы кеңейе түседі. Дайын үлгі ретінде орнығуы мен айқындала түсуіне, бастапқыда еркелету, құрметтеу мақсатында жалғанатын антропонимжасамдық қосымшалардың да қосатын өзіндік үлесі көп. Әуелде бұл қосымшалар мағыналық реңк үстегенмен, тұрақты қолданыла келе бастапқы мағыналық тұлғаның орнын басады да, дыбыстық нұсқасы орнығып, құрметтеу, еркелету реңкі солғындайды. Сөйтіп, пайда болған жасанды негіздердің әрқайсысы қызметі бойынша дербес есімге айналады, сондықтан этимологиялық жағынан гөрі, тұлғалық болмысы маңызды. Оларды дайын форма (танба) ретінде қарастырудың осы бір тұста маңызды жақтары байқалады.

Жасанды негіздердің жалпы тілдік сипаты «тұлға – есім» ұғымы бойынша қарастыруды талап етеді. Прототиптік сипатта болмаса, мұнда антропонимжасамдық мағынадан гөрі, атауыштық қызмет басты орында тұрады. Сондықтан оларды тілдік сипатына қарай жүйелегенде негізді анықтау үшін көбіне жалғанған элементтерді басшылыққа аламыз. Ол элемент антропонимжасамдық мағыналық негіз болуы да, қосымша да болуы мүмкін, алайда түпкі негіздің бірыңғай сипаттағы ортақ белгілерін айқындауда өзіндік орны үлкен.

2.4 Антропонимжасамдық ұя бірліктерінің тілдік табиғаты

Антропонегіздер табиғатындағы бір негізден түрлі тұлғалардың өрбуі, сатылап даму, мағыналас тұлғалардың антропонимжасамдағы орны секілді ерекшеліктер сөзжасамдағы «сөзжасамдық ұя», «сөзжасамдық жұп», «сөзжасамдық тарам», «сөзжасамдық саты» бірліктерімен сәйкеседі, антропонимжасамда да осы белгілер айқын байқалады. Антропонимжасамдық тұлғаларды бұл тұрғыдан қарастырудағы алға қойылатын мақсат – кісі есімдерінің үнемдеу заңдылықтары бойынша жасалуы секілді, түпкі негізден таралу, даму барысындағы әрбір элементтің жалғану тәртібі секілді ерекшеліктерді зерделеу. Осы орайда мына мәселені ескеруіміз керек. Түбірлес сөздердің қатарын құрайтын әрбір туынды сөз – лексикалық мағынасы бар бүтін бірлік және бір қатардағы сөздер бір-бірімен тығыз дыбыстық және мағыналық байланысты болып келетіні белгілі. Сөзжасамдық сатының әр сатысындағы бірлік лексикалық мағынасымен айқындалады. Тіл біліміндегі осы тұжырымдар мен жасанды негіздердің мағына білдіре алмау ерекшелігінің арасында қайшылық тұрады. Жасанды негізден өрбіген есімдердің құрамы негізгі, туынды тұлғалылардан және біріккен, тіркескен есімдерден тұрады. Түпкі бөлігімен қатар әр сатыдағы туынды тұлғаның да мағына білдіре алу мүмкіндігі төмен. Сондықтан, олардың түбірлестер қатарына тұру мәселесі ойландыратыны рас. Бірақ, қысқару тәсіл арқылы жасалған есімдердің ұйытқылық қызмет атқаруы, яғни өзінен тарайтын барлық нұсқалардың басын бір арнаға тоғыстыру қабілеті тұрғысынан олар осы мүмкіндікке ие болады. Мысалы, Мұқ-а, Мұқ-аш, Мұқ-ыш, Мұқ-а-тай, Мұқ-ан, Мұқ-ат, Мұқ-а-жан, Мұқ-а-бай, Мұқ-а-ғали секілді есімдер Мұқтардан да, Мұқаметтен де, Мұқтасардан да, Мұқасаннан да, Мұқарамнан да, Мұқанбетшәріптен де жасалуы мүмкін. Оларды бір-бірінен ажыратып алу мүмкін емес, сондықтан қосымшалар жалғанған бөлігін шартты түрде түбір сипатты жасанды форма деп аламыз да, құрылымдық жүйесін осы формалардың аясында қарастырамыз. Оларды бір арнаға тоғыстыратын антропонимжасам заңдылықтары, атап айтқанда: осылардың көпшілігі сөздік қорымызда басқа емес, кісі есімі ретінде белгілі, нақтырақ айтқанда енді олар антропонимдік қордың элементтері. Кісі есімдерінің негізгі қызметі адамды атау болса, олар мағыналық жақтан ғана емес, атауыштық қызметі, яғни дыбыстық тұлғасы жағынан да топтасуға тиіс, сондықтан жасанды негіздер де, «түбірлес сөздер» орнына «тұлғалас негіздер» деген ұғыммен антропонимжасамдық бірлік-

тер қатарынан орын алады. Сөзжасамдағы бірліктермен салыстыра отырып, енді «сөзжасамдықтың» орнына «антропонимжасамдық...» терминін қолдана отырып, осылардың әрқайсысына жеке тоқталып көрелік.

Орыс тіл білімінде сөзжасамдық ұяға қатысты, «Сөзжасамдық тип – сөзжасам жүйесіндегі жалғыз бірлік емес. Сөзжасамдағы жүйе – бұл *сөзжасамдық ұяның* да жүйесі болып табылады. Сөзжасамдық ұя дегенде түбірлердің ортақтығын сипаттайтын туындылық қатынастары бойынша реттелетін сөздің жинақтаушылық сипатын түсінеміз» – деген сипаттама беріледі [161, 13 б]. Ал қазақ тіліндегі, сөзжасамдық ұя мәселесін зерттеу 1989 жылғы жарияланған «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиялық еңбектен басталады [90, 262 б.]. Б.Р. Есімсейітов осы зерттеулерге тоқтала келіп, «Қалиев Ғ. Сөз тудыру – жеке сала (59 б.) // Қазақстан мектебі, 1984. № 6. 57 – 60 беттер). С. Исаев «Қазақ тіліндегі туынды сөздер сөздігі», А., 1988, Р. Сыздықованың «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» А., 1990, А. Алдашева, Ш. Сарыбаев, Н. Уәлиевтің «Жаңа атаулар» А., 1992, О. Тоққожаевтың «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұялар сөздігі» А., 1996, Б.Қ. Қасымның «Күрделі зат есімдер сөздігі» А., 1999 сияқты еңбектердің сөзжасамдық ұя жасауда берер пайдасы мол» екенін атап өтеді [56]. Сөзжасамдық ұя туралы мұнан өзге біршама зерттеу жұмыстары жүргізілді. Олардың бәрінде сөзжасамдық ұя әр қырынан талданған болатын [53; 74]. Барлығындағы ортақ пікір «сөзжасамдық ұя дегеніміз бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы» деген тұжырым аясынан өрбиді.

Антропонимияда «ұя» терминін қолданған ғалым Г. Көлдеева, алайда ол бұл терминді кісі есімдерін семантикалық сипатына қарай топтастыруда («Семантическое гнездо») пайдаланды. Қазақ есімдерінің құрамындағы туынды сөздерден жасалған немесе кісі есімін жасау үшін арнайы қосымшалардың жалғануымен қалыптасқан есімдер туралы Т. Жанұзақов еңбегінде берілген Тіле және Төле тұлғаларынан тарайтын көптеген жаңа есімдердің берілуінде де антропонимжасамдық ұяға тән белгілер бар болатын. Құрылымдық жүйесіне қарай «антропонимжасамдық ұя» мәселесі осы уақытқа дейін арнайы қарастырылған жоқ. «...ұя», «...жүп», «...тарам», «...саты», «...тізбек» секілді бірліктер, осы орайда сөз болып отырған мағыналық негіздермен қатар жасанды негіздерге де ортақ екенін ескере кетуге тиіспіз. Сөзжасамдық ұя секілді антропонимжасамдық ұяда да түпкі негіз әрбір жаңа есімнің жасалуына қатысып отырады. *Мағыналық негіздерден тарайтын:* Бозай, Бозайқан, Бозалақ, Бо-

зан, Бозанбай, Бозанша, Бозаншар, Бозаншы, Бозбай, Бозбаш, Бозбет, Бозғұл, Боздай, Боздақ, Боздан, Бозеке, Бозжан, Бози, Бозлаң, Бозтай, Бозтан, Бозша, Бозшы, Бозы, Бозыкұл, Бозым, Бозымбай, Бозымбек, Бозымбет т.б.; Ақа, Ақан, Ақанай, Ақай, Ақабай, Ақабек, Ақажан, Ақайбай, Ақалтын, Ақанбай, Ақанбек, Ақатай, Ақанғали, Ақанжан, Ақанқұл, Ақансері, Ақантай, Ақаным, Ақбаба, Ақбағыс, Ақбайжан, Ақбану, Ақбау, Ақбаушан, Ақбаян, Ақбәтес, Ақбәтима, Ақбержан; *жасанды негіздерден тарайтын: Бәт*: Бәтен, Бәтенбану, Бәтес, Бәтеш, Бәтжан, Бәти, Бәтибала, Бәтия, Бәткей, Бәткел, Бәткен, Бәткұл, Бәткиза, Бәтнияз, Бәтпен, Бәтшебатыр, Бәтім, Бәтіш. *Бот*: Ботай, Ботан, Ботанбай, Ботанбек, Ботантай, Боташ, Ботбай, Ботбарақ, Боти, Ботқара, Ботқы, Ботмұрат, Ботпан, Ботпанай, Ботықан, Ботыш т.б. ортақ бөліктен таралған есімдердің жоғарыдағы сандық мөлшері антропонимжасамдық негіздердің іргесі берік, белсенділігі жоғары және өзіндік мәнге ие екенін көрсетеді.

Антропонимжасамдық жұп сөзжасамдық жұп ұғымының нақтыланған түрі. Сипаты жағынан сөзжасамдық жұпқа ұқсас. Тіл білімінде «негіз сөз бен туынды түбірдің сөздің жиынтығы сөзжасамдық жұп деп саналатыны» айтылған. Сөзжасамдық ұя құрамында неғұрлым туынды сөздің саны көп болса, соғұрлым сөзжасамдық жұптың саны да көп болады. Мысалы, қазақ тілінде толық сөзінен тарайтын [90, 268 б.]. Антропонимжасамдық жұп құрайтын формаларды бірнеше топтарға бөлуге болады. 1) түпкі негізден тікелей жасалған жұптар: *Бек*→Беке, Бек→Бекей, Бек→Бекен, Бек→Бекіш, Бек→Бектай, Бек→Бекжан, Бек→Бегман, Бек→Бегалы, Бек→Бекшора т.б. *Бөк*→Бөке, Бөк→Бөкен, Бөк→Бөкіш, Бөк→Бөкей, Бөк→ет. 2) Туынды негіздерден тарайтын жұптар: Бекен→Бекенай, Бекен→Бекенәлі, Бекен→Бекентай, Бекен→Бекентұр; Бөкен→Бөкенай, Бөкен→Бөкенбай, Бөкен→Бөкентай. 3) Сатылы жолмен жасалған жалғаспалы жұптар: Бек→Беке, Беке→Бекен, Бекен→Бекенай; Бек→Бектен, Бектен, Бектен→Бектенәлі; Бек→Бекзат, Бекзат→Бекзаттар, Бек→Бекті, Бекті→Бектібай. Бөке →Бөкен, Бөкен→Бөкенай т.б.

Бір сөзжасамдық ұя құрамындағы сөзжасамдық тізбекке енетін сөздер бір-бірімен мағыналас болып келеді, мағыналары алшақ болса олар бір сөзжасамдық тізбектің құрамына ене алмайды және «...қанша сөзжасамдық тізбек болса, олардың бәрінде тізбек басталатын түп негіз сөз бен оны аяқтаушы сөз болады» [90. 273]. Осы шарттарды антропонимжасамдық сипатта – дыбыстық тұлғаларын басшылыққа ала отырып, талдаулар жасасак, тізбек құрайтын есім-

дерге төмендегілерді жатқызуға болады: Ақ → Ақан → Ақанай → Ақанайбек; Ақ → Ақназар → Ақназарлы; Ақ → Ақтай → Ақтайберді; Ақ → Ақтан → Ақтанша. Көріп отырғанымыздай, бір негізден, яғни *ақ* тұлғасынан басталып, *Ақанайбек*, *Ақназарлы*, *Ақтайберді*, *Ақтанша* сөздерінен аяқталатын төрт түрлі антропонимжасамдық тізбек түзіліп тұр.

Антропонимжасамдық саты құрамына енетін есімдер сатылай даму көрсеткіштері болып табылады. Қазақ тіліндегі есімдердің құрамы бір, екі, үш буындылардан тұрады, төрт буынды негізінен күрделі тұлғалылар. Олардың тұлғалық сипаты мынандай: Болат → Болатбек – екі саты, Нұр → Нұрым → Нұрымжан, Сәт → Сәтім → Сәтімжан – үш саты. Қосымшалардың тікелей түбірге жалғануы мен келесі компоненттің жеке өзі бір сатыны ғана құрауына байланысты ұя құрамындағы негіздердің саны көп болғанмен, бір-бірінен туындап, сатылай даму мүмкіндігінің аз екені байқалады.

Негіздердің антропонимжасамдық ұя түзу ерекшеліктері жоғарыдағыдай сипатта көрінеді. Түрлі жолдармен қысқару, қысқарудың негізінде қосымшалар мен компоненттердің жалғануымен жаңа тұлғалардың қайта түзілуі – олардың тілде көрінуінің бір тәсілі және даму заңдылықтарына тән құбылыс. Осы тәсіл арқылы құрамы жаңғырған сайын тұлғалардың антропонимдік тұлғасы сомдала түседі, сөйтіп антропонимжасамдық қордың дербестік болмысы да айқындалып келеді.

2.5 Антропонегіздердің табиғатындағы тоғысу мәселесі

Антропонимжасамдық негіздердің тілдік табиғатындағы тоғысу үдерісі бір тұлғаға бірнеше мағынаның телінуі және түрлі тұлғалардың антропонимдік қолданыс барысында дыбыстық өзгерістерге түсе отырып бірдейленуі арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, кірме есімдердің дыбыстық сипатындағы өзгерістер, түбір мен қосымша жігінің бір-біріне кірігуі, тұлғалардың мағыналық негізінен алшақтап кетуі тоғысу үдерісінің негізгі себептері болып табылады. Кісі есімдері табиғатындағы тоғысу үдерісінің сипатын саралай келгенде мынандай екі мәселеге тоқталамыз: 1) Еркелету, құрметтеу мәнінде сөздерді (есімге негіз болып отырған) қысқарту немесе ол сөздерге түрлі қосымшалардың жалғануын атауға болады. Сөздердің қысқаруынан олардың бастапқы тұлғасы өзгеріп, басқаша тұлғаға ие болғанда, белгілі бір дыбыстық құрамы сақталады. Сөйтіп, бас жағындағы дыбыстарының бірдейлігіне бай-

ланысты әртүрлі сөздің бірігіп, бір формаға айналуынан тоғысу құбылысы көрініс береді. Мысалы, Қазақ тілінде *айт* тұлғасынан тарайтын Айтжан, Айтмұқамет, Айтбек, Айтан, Айтым, Айтақ, Айтық, Айтек т.б. секілді антропонимдер кездеседі. Сыртқы тұлғасы жағынан алғанда олардың бәрін *айт* негізінен таратуға болады. Өйткені, жасалу тәсілдері бойынша кісі аттарының бірінші және екінші компоненттерінің арасында ешқандай күмәнді элементтер байқалмайды. Есімдердің шығу тарихы мен қалыптасу негіздеріне байланысты еңбектерде де осыған ұқсас пікір айтылады. Мысалы, Т.Жанұзақов Айт компонентімен байланысты Айтақын есімі туралы «...ар. Эйдь – «ораза мейрамы», акун – «өлең шығарушы, жыршы». Ертеде айт күні туған балаларға Айтбай, Айтжан, Айтбек тәрізді есімдер қойып отырған. Айтақын есімінің екінші сыңарындағы ақын сөзі «бай», «бек» сөздері сияқты жалғана береді» – деген пікір айтады [62, 24 б.]. Ал қалған есімдерді түбірі мен қосымшаларына қарай жіктегенде де, Айт-ан, Айт-ым, Айт-ақ, Айт-ық, Айт-ек т.б. бәріне ортақ түбір *айт* болып шығады. Осындай талдаулар жасауға олардың құрамындағы антропонимжасамдық қосымшалар мүмкіндік береді. Бұл қосымшалар өзге сөздерге жалғанып та, кісі аттарын жасай береді. Енді осы аталғандардың кейбіріне арнайы тоқталар болсақ, кісі аттарының сөздігінде Айтан есімін Ай және таң сөздерінің бірігуінен жасалған деген пікір де айтылады [62, 24 б.]. Ал кей материалдар бойынша Айтан есімі екі сөздің бірігуінен емес, *ай-т* тұлғасына еркелету мәнді *-ан* қосымшасының жалғануы арқылы жасағанын көреміз. Бұлай болғанда, түбірге ұқсас *айт* ешқандай мағына білдірмейтін жасанды форма болып табылады, яғни Айтаңсық, Айтолған т.б. құрамындағы екінші компонентінің бірінші дыбысы *т*-дан басталатын есімді еркелетіп атау мақсатында қысқартып, аталған қосымша арқылы жаңаша түрі қалыптасып отыр, яғни бірінші компонент үш дыбыстың тіркесуінен жасалған. Демек, «айт» тұлғасы Айтуған (Айту, Айтуар), Айтоқа, Айторы, Айтөлен, Айтөре, Айтілек, Айтілес, Айтолды, Айтемір т.б. есімдерді қысқартып, арнайы қосымшалар жалғау арқылы жасалған деген пікірге негіз бар. Сонымен талдаулар нәтижесі Айт-тың әрі түбір, әрі ешқандай мағына бермейтін жасанды форма екенін көрсетіп отыр. Екеуін бір арнаға тоғыстырып тұрған – антропонимдік ортақ қызметі. Жасанды негіздер мен мағыналық негіздердің бір-біріне тоғысуы Дәу тұлғасынан да көрінеді. Дәубала, Дәубас, Дәубек, Дәуғара, Дәутай, Дәужігіт, Дәулет, Дәуренбек, Дәуіт, Дәутәлі (Дәуітәлі), Дәуірбек, Дәуімбет т.б. есімдердің өзгерісінен жасалған Дәуек, Дәуен, Дәужан, Дәуке,

Дәукей, Дәукен, Дәуіш секілді тұлғалар, Еламан, Елібай, Елғонды, Елден, Елдес, Елбек, Елжан, Елубай, Елгезек, Елік, Елікбай, Елеу, Елеукен, Елеңбай, Елепберген, Елдос, Елмұқан, Елсүйер, Елеусін, Елемес т.б. секілді есімдерінен түпкі тұлғарары ортақ Елес, Елкен, Елжан, Елек, Елкей, Елай, Елтай, Елтан секілді есімдер жасалған. Ес, Есен, Есім, Есіл, Есләм, Есіркеп, Ескелді, Есқара, Есбосын, Есберген, Есболат, Есбота, Есдәулет, Есей, Есейбұқа, Есейтемір, Есен, Есенай, Есенәлі, Есенбек, Есентемір, Есенбол, Есенжан, Есенберді, Есенбай, Есенгелді, Есенаман т.б; Есім, Есімбек, Есімбай, Есімхан, Есімжан, Есімғали, Есімке т.б; Есіл, Есілбай, Есілбек т.б; Есіркеп, Ескіркесін, Есіркеген, Ескендір, Есрәпіл т.б. секілді түрлі негіздердге ортақ Ес тұлғасына Ескен, Естай, Есен (кейде «аман» мағынасынан бөлек бұл есім еркелету мәнінде өзге тұлғалардан (ес-ен) жасалады), Есет Есжан, Есақа, Есқай, Еске, Естай, Есім т.б. тоғысады, яғни жаңа тұлғалы есімдер жасалан.

2) Кісі аттарының табиғатындағы тоғысу ерекшеліктерінің бірі антропонимжасамдық мағынаның дамуы барысында туындайды. Адамның есімі – оны өзгелерден айырушы құрал. Екеуінің арасындағы байланыс нәтижесінде адам қасиеті белгілі дәрежеде есімінің мағынасына айналады. Дамудың келесі сатыларында есім бастапқы мағынаға тәуелсіз дербес тұлғаға айналады. Мысалы, Бауыржан, Ерлан, Бақтияр, Марлан, Санжар, Әсет т.б. көптеген тұлғаларды біз ең бірінші кісі есімі ретінде танимыз. Олардың әрқайсысын әркім әртүрлі мақсатта қоюы мүмкін, бірақ ол баршаға бірдей белгілі емес. Осылайша мағынасына алшақтаған дыбыстық тұлғалар арасында тоғысу жағдайлары болады. А. Гафуров есімдердің шығу тегіне жасаған талдауларында бір есімнің құрамындағы екі түрлі түсінік туралы айтады: Асқар (орысша нұсқасы) есімінің құрамында екі түрлі араб сөзі араласып кеткен. Араб тілінде асгар «кішкентай» деген мағына береді. Әзірбайжан тілінде Алескер тұлғасында қолданылады. Имам Хусейннің ұлдарының бірін осылай атаған. Орта Азияда Асгар және Асқар тұлғалары қатар кездеседі, бірақ әзірбайжан тілінде Аскер түрінде қолданылады, сондықтан бұл есімде бір-біріне мүлде ұқсамайтын екі мағына бар [210, 48 б.]. Алим Гафуров осымен байланыстырып, қазақ, қырғыз тілдерін биік, шын мағынасындағы Асқар есімін де шығу тегі жағынан осы негізден тарайды деген пікір айтады. Бұл пікірдің шындыққа қаншалықты жақын екенін анықтау өз алдына жеке мәселе, алайда бір тұлғаның екі түрлі түсінілуі оның бойындағы тоғысу үдерісінің белгілерін айғақтайды. Қазақ тіліндегі есімдер мен дыбыстық жағынан өзгерген есімдердің

тоғысуы. Мұнда да мағыналық жақтан әртүрлі түсінушілік болады. Бірақ атауыш-дыбыстық тұлға бір ғана сипатта қызмет етеді. Мысалы, Ақ тұлғасынан тарайтын Ақболат, Ақбота, Ақжігіт, Ақбас, Ақан, Ақыш, Ақтай, Ақай, Ақат, Ақтан, Ақберді, Ақмағамбет т.б. есімдер бар. Оларға ортақ негіз біреу ғана болғанмен, шығу тегі жағынан бәрі бірдей емес. Мысалы, Ақанның мағынасы қазақтың атақты серісі – Ақан есімімен байланыстырылады. Ал шығу тарихы жағынан Ақжігіт тұлғасының еркелету мәніндегі түрі екені қазір көпшілікке белгілі. Бұл орайда оның ілгеріде аталған түр-түс атауы ақ сөзіне қатыстылығы анықталады. Ал кісі аттарының сөздігінде, иран тіліндегі аһен – темір деген сөзінен алынғаны туралы айтылады [62, 25 б.]. Қазақ тілінде темір сөзімен байланысты Темір, Темірхан, Темірәлі, Байтемір, Бектемір, Жантемір т.б. көптеген есім қолданылады. Демек, темір тұлғасының антропоним ретінде жиі қолданылуы осы ұғымның парсы тілінен енгендігін де жоққа шығармайды. Сондықтан, парсы элементі деген ғылыми болжамды да назардан тыс қалдырмаймыз. Ақ тұлғасы арқылы жасалған Ақтан, Ақберді, Ақмағамбет есімдері бастапқыда Жаратушы-Һақ дегеннен шықты дейтін ғылыми пікірдің де негізі бар. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ есімдерінің құрамындағы Ақ- тұлғасының бірнеше жолмен (1. ақ – түс, 2. ақ – аһеннің, 3. ақ – Һақтың өзгеріске түскен дыбыстық тұлғасы) жасалып, бір тұлғаға келіп тоғысқанын байқаймыз. Бостан есімін қарапайым қолданыста *bos* – еркіндік мағынасында түсінушілік бар. Есім қоюда жеке адамдардың пікірі маңызды болғандықтан, сөздің бұл түсінігін да назарда ұстаған жөн. Екіншіден, Ә. Хасенов еңбегінің этимологияға қатысты тарауында, «Шыңғыс Айтматовтың «Жан пίδα» романындағы геройының аты – Бостон. Америкада Бостон деген қала да бар. Бұл екі сөз – бұл жерде бір-бірімен омоним... Қарастыра келгенде, қырғызша бостон – *сұр тон* деген сөз. Сондықтан, оны кісі атымен де, қала атымен де шатастыруға болмайтынын айтады [211, 196 б.]. Арсен айтылуы барасында кейінгі жіңішке буынның ықпалымен Әрсен болып өзгеруінен жасалған есім. Бұл есімнің шығу тегін зерттеуші ғалымдар грек тілінен енген «ержүрек, батыл» мағынасын білдіретін Арсениймен байланыстырады [211, 196 б.]. Өмірде баласының есімін Т. Жанұзақтың сөздігінен алып «батыл, ержүрек» мағынасында қойғандар да бар. Осы тұлғаға «арың сен» деген мағына беретіндер де кездеседі. Есімінің мағынасын осылай түсіндіретіндерге бастапқыда сол тілекпен қойылғаны анық. Арилана Әрсенмен мағыналас есім. Арилана «менің атым

«арыңа илан» деген мағына береді. Соңындағы *-а* орысша еркелету мәнді қосымша» – деп түсіндіреді. Осыған ұқсас Айша (дыбыстық нұсқалары: Гайша, Қайша) 1. Мұхамет пайғамбардың қызы; 2. Ай және еркелету мәнді *-ша* ерикелету мәнді қосымша. Оразалы: 1. Ораз (бақытты) + Әлі (Әли, Ғали); 2. Оразада туған бала. Оразак: 1. *ар.* Разак – өмірге, тіршілікке алғыс сезімін білдіру; 2. *к.т.* Ораз – ырыс, құт, бақ + *-ақ* еркелету мәнді қосымша [62].

Антропонегіздер табиғатындағы тоғысу құбылысы дыбыстық тұлға мен мағынаның арақатынасындағы кей мәселелерден туындайды. Антропонимжасамдық үдеріс барысында мағынасынан алшақтап қалған тұлғалар табиғатында айнымалылық сипат алады да, тұрақтылық дыбыстық тұлғасында сақталады. Дыбыстық тұлғасының сипатына қарай бір есімді әркімнің өз түсінігінше таңдауы антропонегіздер бойындағы тоғысу үдерісінің жандануы алып келеді. Мысалы, бір отбасында болған мынандай мысал соның дәлелі. Дүниеге келген қыз балаға әкесі Жаннет деп ат қояды. Оны естіген атасы «Балам дұрыс қойыпсың, тұңғыш немерем «жаным, етім – жан етім болсын» – деп ұлының таңдауын қолдапты. Ұлының айтып отыран француздың – Жанеттасы, ал «Мұсылман есімдері» атты сөздікте «Жаннет – Жәннәт бағы» деген мағына беретіні айтылады [158, 342 б.]. Бір ғана Жанет тұлғасының қазақша, арабша, французша мағынасы түрліше түсінуге орай бір тұлғаға тоғысып отыр. Осы оқиғадан хабары жоқ адам есімді өзінің түсінігі бойынша қабылдайды. Бұл антропонегіздерді тұлғалық тұрғыдан тану мәселесінің өзектілігін көрсетеді.

Тоғысу үдерісі антропоним дамуының бір көрсеткіші. Тоғысудың нәтижесінде антропоним жасауға қатысатын сөз өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан алшақтап, жаңа сипатты антропонимдік тұлғаларға айналады. Белгілі бір тұлғалар дыбыстық өзгерістерге түсіп, басқа тұлғалармен бірдейлеседі. Төл есімдер мен кірме есімдердің бір тұлғаға айналып, қос мағыналы, кейде бірнеше мағыналы есім жасауы немесе мағыналары алшақ көп есімдердің антропонимжасамдық қосымшалар жалғау арқылы бірнеше тұлғаға келіп тоғысуы қазақ есімдерін белгілі бір қалыпқа келтіріп, өзіндік сипат береді. Сондықтан, тоғысу мәселесі антропонимжасам дамуында өзіндік орны бар маңызды бағыт болып табылады. Антропонегіздер құрамындағы тоғысуға тән басты ерекшеліктердің бірі – оларды омонимдес тұлғалар ретінде қарастыра алмаймыз. Нақты мағыналардың қайсысына тән екенін айқындау мүмкіндігі төмен болғандықтан, оларды бір-біріне тоғысқан тұлғалар ретінде тануымыз. Антропоне-

гіздер табиғатындағы бұл ерекшеліктер тарихи дамудың, екіншіден антропонимжасамның нәтижесі болып табылады.

Антропонегіздер ішіндегі мағыналық және жасанды негіздердің өзіндік ерекшеліктері осы уақытқа дейін арнайы сөз болмай келеді, сондықтан бұл бағытта да арнайы қарастыруды талап ететін мәселелер бар. Тіл біліміне қатысты зерттеулерде жасанды негіздер қысқарған сөздердің құрамында немесе дербес есімдердің қысқарған нұсқалары ретінде қаралып келді. Қысқарған тұлғалардың да өзіндік жасалу жолдары мен қалыптасу заңдылықтары бар. Қазіргі қазақ есімдері бойынша жиналған материалдардан олардың белгілі дәрежеде қорынын орныққаны анықталып отыр. Бұлай болуының да антропонимжасаммен байланысты себептері бар, Оларды антропонимжасамдық тұрғыдан қарастырғанда ғана өзінің оң шешімін табады.

Мағыналық негіздер дыбыстық тұлға бола отырып, әрі тарихи негіз ретінде де маңызды рөл атқарады. Оның дербес антропонимжасамдық тұлға ретінде қалыптасу жолдары, тарихи негізбен байланысы мағыналық сипаты арқылы белгілі болады. Осы тұрғыдан келгенде көне түркі жазба ескерткіштері материалдарындағы кісі есімдерімен байланысын айқындаудың маңызы зор. Көне негіздердің даму көрсеткіштері қазіргі түркі тілдерінің материалдарымен салыстыра зерттегенде, айқындала түседі. Олардың арасындағы ортақ негіздердің дыбыстық жағынан да ұқсастықтары бар және ерекшеліктері де осы жағынан көрінеді. Бұл екіншіден, қазақ есімдерінің қазіргі түркі тілдері арасындағы орнын да айқындауға үлес қосады. Түркі текті қазақ антропонегіздері осылайша қалыптасудың түрлі сатыларынан өте отырып, дербес тұлға ретінде қалыптасты. Қазіргі кезде олардың әрқайсысы антропонимжасамға өз дербестігімен қатысады.

Антропонегіздер дара және күрделі тұлғаларға жіктеледі, олар құрылымдық жүйесіндегі осы ерекшеліктері бойынша «антропонимжасамдық ұя», «антропонимжасамдық жұп», «антропонимжасамдық тарам», «антропонимжасамдық саты» секілді ұғымдарға да негіз болады.

3 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНТРОПОНИМЖАСАМДЫҚ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

3.1 Антропоним тудырушы қосымшаларға тән белгілер

Кісі есімдерінің негізгі қызметі – адамдарды атау. Әлеуметтік қолданыста ол көбіне біртұтас таңба түрінде көрінеді. Құрамындағы түрлі грамматикалық элементтері мағына білдірумен қатар бір-бірінен айырмашылығын да көрсетеді. Мысалы, Тұр-ай, Тұр-ан, Тұр-ыш, Тұр-ым т.б. секілді Тұр негізінен тарайтын есімдердің құрамындағы төрт түрлі қосымшаның төртеуі де еркелету мәнінде жұмысалады, алайда бәріне ортақ мағына бірінің орнына екіншісінің қолданылуына мүмкіндік бере алмайды. Дос-ым, Дос-тай, Дос-ан, Дос-жан т.б. сол секілді көптеген есімдердің мағыналық табиғатынан да осы ерекшелік көрінеді. Кісі есімдері жекелеген адамдарды атайды, оларды бір-бірінен ажыратады. Сондықтан құрамындағы әрбір дыбыстық өзгешеліктің өзіндік орны бар – мағыналарының ортақтығына карамай негізінен әрқайсысы дербес есімдер жасайды. Осы айтылғандардан шығатын қорытынды: антропонимжасамдық қызметке ие болғаннан кейін қосымшалардың мағына білдіру белсенділігі төмендеп, таңбалық сипаты арта түседі. Осыған байланысты оларды дыбыстық тұлғаларының ұқсастығына қарай топтастыру қажеттілігі туындайды.

Қазақ есімдері – тілдің лексикалық қорында өзіндік орны бар үлкен саланың бірі. Осыған орай оның құрамындағы қосымшалардың табиғаты да, антропонимдік жүйеге тән біртұтастығымен айқындалады. Сол тұтастықтың құралу себептерін анықтау барысы мәселені қарастырудың жаңаша тәсілін ұсынады. Өйткені, осы кешенді құрайтын алуан түрлі элементтерді «антропонимжасамдық қосымшалар» деген атаудың аясына топтастырып тұрған – шығу тегінің әртүрлілігіне карамай, тұлғалық ұқсастықтары мен

күнделікті қолданыстағы қызмет бірлігі. Осы орайда мынандай бір мәселеге назар аударма кеткен орынды. Кісі есімдерінің құрамындағы қосымшалардың тұлғалық жағынан ұқсастықтары болғанмен, шығу тегі бойынша бәрі бірдей ортақ негізден тарамдауы мүмкін. Мысалы, -ақ қосымшасы әрі түстің атауы, әрі еркелету, құрметтеу мәнді қосымша: Жанақ есімінің құрамын *жаньы ақ* деп те, Жанарыс, Жанболыс секілді есімдерді еркелету мәнінде қысқартып, түбірге -ақ қосымшасын жалғау арқылы жасалған деп те талдауға болады. Этимологиясына жасалған талдаулар әр кезде әрқалай екенін көрсетіп отыр, сондықтан екеуін де жоққа шығаруға болмайды. Екеуі де антропонимжасамға қызмет етеді. Антропонимжасамдық қосымшаларға тән белгілерді сараламас бұрын, қазақ тіліндегі сөзжасамдық қосымшалардың табиғатына тән кейбір мәселелерге тоқтала кетуге тура келеді, өйткені антропонимжасамның сөзжасам аясындағы өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын белгілері де осы арадан көрінеді. Қазақ тіліндегі қосымшалардың жіктелу үлгілеріне байланысты біршама зерттеу жұмыстарының болғаны белгілі. Осылардың баршына тән ерекшеліктерді саралап, ғылыми тұжырымдар жасаған еңбектердің қатарына А. Жаңабекованың кандидаттық диссертациясын жатқызуға болады. Ол қосымшалардың жіктелу үлгілеріне біршама тоқталып, XIX ғасырдан бергі олардың атауларына мән береді. Қосымшаларды жіктеудегі түркологиядағы, қазақ тіл біліміндегі бір жобаға келген соңғы үлгі – қосымша атаулыны екі түрге бөлу дәстүрі. Бұл үлгі бойынша қосымшалар, бірінші сөз тудырушы аффикстер, екінші форма тудырушы аффикстер болып жіктеледі [60]. Сөз тудырушы қосымшалар мен форма тудырушы қосымшалардың өзіндік ерекшеліктері мұнан өзге де еңбектерде сөз болады. Тек кейде олар сөзжасамдық және тұлғажасамдық қосымшалар немесе лексикалық мағына тудырушы, грамматикалық форма тудырушы тұлғалар т.б. деп аталып әртүрлі қырынан қарастырылып жүр [90, 191б.; 169; 131, 16-20 б.; 202, 44-45 б.; 180, 13-18 б.]. Зерттеу еңбектеріндегі соңғы тұжырымдарға сүйенер болсақ, сөзжасамдық қосымшалар да осылайша екі топқа бөліп қарастырылады. Антропонимдердің құрамында келіп, өзіндік ерекшелігімен айқындалатын осы қосымшалар есім жасағанда, өзіндік қызметіне сай антропонимжасамдық сипатта ғана болады. Форма тудырушы қосымшалар да, сөз тудырушы қосымшалар да, антропонимжасам ұғымының аясына келіп тоғысады, яғни екеуі де антропоним жасауға қызмет етеді.

Антропонимжасамда кісі есімдерінің дыбыстық құрамының маңызы зор. Кез келген қосымша жаңа форма тудыру арқылы жаңа есім

жасауы мүмкін. Сөз лексикалық мағына білдіре алуы арқылы жаңа бір формаға еніп, сөздік құрамды байыта алады. Антропонимжасамдық қосымшаға айналғаннан кейін аталған қосымшалар (сөзжасамдық, формажасамдық) арқылы жасалған есімдердің екі түрі де антропонимдік қорда жаңа есім ретінде орын ала алады. Мысалы, Қуандық, Қуанған, Қуаныш есімдерінің құрылымын морфологиялық тұрғыдан талдасак, алдыңғы екеуі форма тудырушы, соңғы -ыш қана сөзжасамдық қосымша. Бұлай болғанда сөздікте Қуаныш есімі ғана берілуі керек еді, алайда антропонимжасамдық қабілетке ие болуына байланысты үшеуі де антропонимдік қорға дербес ене алады.

Т. Жанұзақов кісі аттарын жасаушы қосымшаларды тілдік табиғатына қарай топтастырған зерттеуінде, «еркелету, кішірейту аффикстері...», «антропонимдердің құрметтеу, сыйлау, қадірлеу аффикстері...», «антропонимдерді жасаушы аффикстер», «Кісі аттарындағы көне аффикстік тәсіл» т.б. секілді түрлерін атап өтеді [64, 129-168 б.]. Мұнда ғалым негізінен қосымшалардың сөз таптарына қатыстылығы мен шығу тегіне тоқталады, ал мәселеге есімдердің жасалуы тұрғысынан келер болсақ: тілімізде антропонимжасамдық қосымшалардың бары анық, олар бірер ғасырдың айналасында қалыптаса қалған жоқ, сондықтан шығу тегі жағынан түрлі сөз таптарына тән екендігін мойындамауға болмайды, алайда ендігі қаралуға тиіс мәселе – сол түрлі сөз таптарына тән қосымшалардың антропонимжасамдық кешенге топтастыратын белгілері турасында болмақ. Нақтырақ айтар болсақ, антропонимжасамға қатысатын қосымшалардың барлығына тән ортақ қасиет – кісі есімін жасау. Осылай ғана тұжырымдап қоя салуға болар еді, дегенмен кісі аттарының шығу, қалыптасу жолдарымен өзіне ғана тән ерекшеліктері арнайы талдауларды қажет етеді. Енді осы кешенге топтасқан түрлі элементтерге талдаулар жасап көрелік:

Зерттеушілер тарапынан антропонимжасамдық формалар антропонегіз, антропоформант деп бөліп қарастырылады. Мысалы, А. Құлмағамбетова, «Антропонегіз (антропонимдік негіз, антропоним негізі) – антропоформантты алып тастағанда қалатын антропонимдік лексеманың бөлігі. Антропоформант (антропонимдік формант, антропоним форманты) – антропонимдік аффикстік элемент, соның ішінде антропонимдік суффикс, флексия» – деген түсінік береді [87, 55-56 б.]. Антропоформанттар деген ұғымның аясында, қосымшалардың форма тудыру қызметі басым сипатқа ие деген түсінік аңғарылады. Г. Көлдеева өзінің докторлық диссертациясында кісі есімдерін «семантикалық ұяларға» топтасты-

рады. Мұндағы топтастырулардың барлығында түбір мағынасы басшылыққа алынады, яғни қосымшалардың қызметі аса ескеріле бермейді, демек бұл жерде антропонимжасамдық қосымшалар негізінен форма жасауға ғана қатысатыны көрінетін секілді [86]. Осы қасиетіне байланысты антропонимжасамдық қосымшаларды мағыналық сипатына қарай жұрнақ, жалғау деп қарастырғаннан гөрі, форма тудырушылық қабілетін басшылыққа алған дұрыс, өйткені бір есім мен екіншісінің айырмашылығы негізінен дыбыстық формаларының өзгешелігінде. «Бір ғана дыбыстың өзгешелігі жаңа есімді білдіреді: шығу тегі жағынан Әлия, Ғалия, Әлиям, Ғалиям – бір есімнің төрт түрлі нұсқасы» [124, 197 б.]. Осы секілді тілдегі кез келген есім құрамындағы қосымшаларының дыбыстық формаларына қарай әртүрлі есімдер болып саналады. Қарапайым көпшіліктің ұғымында да антропонимжасамдық қосымшалардың грамматикалық мағынасынан гөрі дыбыстық формасы бірінші орында тұрады. Ілгеріде аталған Нұрбек, Нұржан, Нұрман, Нұртан т.б. секілді есімдер мағынасының ортақ болып келуінен осыны аңғарамыз. Сонымен қатар, мынандай бір мысал келтіруге болады: Түлкібай есімінің мағынасын бала болашақта ақылды, айдалы, білгіш болсын деген арман-тілекпен де, әкесі не туыстары түлкі аулап келген күні туылғандығымен де т.б. түрлі жағдаймен байланыстыруға болады. Осыған орай есімді Түлкібай десек те, Түлкібек десек те тіпті осы екеуінсіз тек Түлкі (Түлкиев деген фамилия құрамында кездеседі) десек те осы аталған мағыналарды берген болар еді. Осыған ұқсас Тұрған, Тұрды, Тұрар, Тұрсын т.б. құрамындағы жұрнақтардың әр түрлі грамматикалық ренкі, яғни *бұрынғы өткен шақ*, *жедел өткен шақ*, *болжалды келер шақ* және *бұйрық райлы үшінші жақ* мәні қарапайым *тұр* етістігінің түбіріне жалғанса, өзара айырмашылықтары білінер еді, ал кісі аты ретінде келгенде бұл мағынасында айырмашылық болмайды. Т. Жанұзақовтың еңбегіндегі талдауларда бұл есімге мынандай анықтама беріледі: «Тұрғанбек, бала өмірде ұзақ өмір сүрсін, тұрақтап қалсын деген мағынаны білдіреді» [62, 60 б.], «Тұрдыбек, бала көп жасасын, ұзақ өмір сүрсін деп қойылған есім. Дыбыстық өзгеру түрі – Тұрлыбек [62, 150 б.]», «Тұрсын, баласы тұрақтамаған семьяда туған балаға осындай есім берілген [62, 151 б.]», яғни мұнда да өмірлі болсын деген мән жатыр. *-ар* тұлғалы Тұрар есімі де, қазақ халқының ұғымына осы мағынасы бойынша сіңісіп кеткені белгілі. Демек, олардың құрамындағы қосымшалар антропонимге грамматикалық мағына үстеп тұрған жок, тек жаңаша форма ғана беріп тұр. Арнайы мәнге ие болмағандықтан, түбірге жалғанғаннан

кейін, оларды біртұтас тұлға ретінде де тануға болады. Бұл антропонимжасамдық қосымшалардың баршасына тән қасиет болып табылады, сондықтан грамматикалық мағынасында шарттылық сипат бар екенін және оның негізінен мағына үстеуден гөрі форма тудырушылық қабілеті басымрақ екенін атап айтқан орынды.

Сөз тудырушы жұрнақтар турасындағы кей ғылыми тұжырымдар мынандай болып келеді: «Туынды түбірлер белгілі сөз таптарына қатысты болады, себебі әр сөз табының өзіне тән сөзжасамдық жұрнақтары бар. Туынды түбір қай сөз табының жұрнағы арқылы жасалса, сол сөз табының туынды түбірі саналады. Әр сөз табының жұрнағы туынды түбірге өзі тәуелді сөз табының мағынасын қосып, сол сөз табының сөзін жасайды. Сондықтан туынды сөздің бәрі де белгілі сөз табының сөзі болып табылады» [55, 6 б.]. Кісі есімдерінің таза атауыштық қызметі тұрғысынан алғанда антропонимжасамдық қосымшалар шығу тегі жағынан түрлі категорияларға тән болып келгенмен, барлығы бірдей кісі атын жасауға қызмет етеді. Олардың жалғануымен сөздер бір сөз табынан екіншісіне өтпейді. Түрлі қосымшалардың жалғануымен бір сөз бірнеше сөз табының сөзіне айналуы мүмкін, ал кісі есімін жасаушы қандай қосымша болсын өзі жалғанған сөзді заттандырып, зат есімнің аясына топтасады.

Түбір сөзге немесе антропонимжасамдық түбір сипатты формаларға жалғанатын әр қосымша сыртқы тұлғасының өзіндік ерекшелігіне қарай дербес есім жасауға қызмет етеді. Мысалы, тілімізде дербес антропонимдер ретінде қалыпсыз қалған Кәкіш, Кәкен, Кәкібала, Кәкітай, Кәкім т.б. әрқайсысы шығу тегі жағынан бір-біріне жақын – араб тілінен енген Хакімнің қазақы сипатқа ие болуы нәтижесінде, яғни Кәк болып қысқарған формаға түрлі қосымшалардың жалғануы арқылы жасалған. Бұлардың барлығы еркелету мақсатынан шығып, келе-келе дербес мәнге ие болған. Сонда негіз формасы да, мағына да ортақ болып шығады, алайда қосымшалардың әртүрлілігіне байланысты әрқайсысы жеке адамдарды атайды, атап өткеніміздей бірінің орнына бірі қолдануға аса келе бермейді.

Антропонимжасамдық қосымшалардың шығу тегіне байланысты бастапқы мағынасының төркіні негізінен этимологиялық талдаулар жасаған ғылыми қауымға ғана белгілі болуы мүмкін, алайда есімдерді тұтынушы жалпы жұртшылыққа түсінікті жаңа мағынасы оның қызметіндегі белгілерді айқындап отырады. Қолданылуына қатысты болғандықтан, жалпы жұртшылықтың ұғымындағы жаңа мағынаның рөлі жоғары тұрады. Өйткені, есімдерді мағыналық жағынан байы-

татын өмірдегі қолданысы. Осы орайда қолданылу ерекшелігіне байланысты қалыптасқан мынандай мәселені айта кетуге тура келеді. Мысалы, қазіргі көзқарас тұрғысынан алғанда, есімдер құрамындағы *-ақ* қосымшасының еркелету мәні жалпы жұртшылыққа белгілі. Сондықтан, әлеуметтік қолданысы жағынан алғанда, оның шығу тегіне мән берілмей тек, түрлі даму сатыларынан өтіп келіп осы тұлғаға сіңірілген еркелету мағынасы ғана басшылыққа алынады. Т. Жанұзақов бұл қосымшаның ертеден бар екенін айта келіп, көне кісі аттарынан мынандай мысалдар келтіреді: «Сапарбай – Сапақ, Қожамбет – Қожак, Мәтиақмет – Матақ, Сәрсенбай – Сәрсек т.б.». Осы түбірлермен байланысты кей тұлғалардың құрамындағы *-ақ* еркелету мәнді қосымшаға ұқсағанмен, талдаулар барысы түзілімнің басқа бір жолын ұсынады. Мысалы, Молдахметті – Молдақ, Сейдахметті – Сейдақ, Қожахметті – Қожақ деп еркелеткенде «аталған есімдер құрамындағы *-ақ* қандай тұлға деген сұрақ туындайды: еркелету мәнді *-ақ* па, әлде екінші сыңар – Ахметтің қысқарып, бірінші буынындағы *ах*-тың *-ақ* болып өзгерген түрі ме?». Біздіңше, екеуі де. Лингвистикалық табиғаты бойынша талдағанда, бұл ерекшелікті ашып көрсеткенімізбен, дәл осы есімдердің құрамындағы *-қ* (*-ақ*) тұлғасын еркелету мәнді қосымша ретінде қарастыруымызға негіз бар. Өйткені, осы түбірлерден тарайтын, Қожан, Қожай, Қожаш есімдері Қож формасын қалыптастырып отыр, сол секілді, Молдаш, Молда-бек және Сейт-ен, Сейт-ек, Сейт-ай тұлғалары да осы жолмен жасалған. Мұндайда Қож (Молда, Сейт) формасын жоққа шығара алмайтын болғандықтан, *-ақ* тұлғасын да түбірге қарай ығысқан екінші компоненттердің бірінші буынының бөлшегі екеніне қарамай, қосымша ретінде қарастыруымызға тура келеді. Дыбыстық форма ұқсастығына байланысты жұртшылық санасында олар еркелету мәнді әрі антропоним тудырушы қосымша ретінде танылып отырғандықтан, осындай тұжырым жасауға болады. Оған қысқартып айтудың өзінде де болатын еркелету мәні мағына мүмкіндік береді. Мұндай ерекшелік жалпы антропоним тудырушы қосымшалардың басым көпшілігіне тән болып келеді. Түрлі элементтердің бірігіп, жаңаша формалардың түзілуі – кісі есімдеріне тән ерекшеліктердің бірі. Көп жағдайда екінші немесе соңғы компонент орнында тұрып, түрлі өзгерістерге түскен тұлғалар, өзінің бастапқы мағынасынан ажырап қалса, форма тудыру қызметіне байланысты қосымшалар қатарына қосылады.

Тағы бір мысалға көз жүгіртіп көрелік: қазақ тіліндегі *Кәкім, Кәкіш, Кәкен, Кәкітай, Кәкібала* т.б. секілді есімдерді морфологиялық

құрылымына қарай жіктесек, бірінші, яғни антропонимжасамдық ұя кәк болып шығады. Осы есімдердің құрамындағы қосымшалардың барлығы антропоним жасауға қабілетті тұлғалар, сондықтан сөздің жігі, яғни түбір мен қосымшаның тіркескен жері ретінде олардың жалғанған тұсын аламыз. Барлығына негіз болып отырған бастапқы тұлға – араб тілінен енген Хаким антропоними. Шығу тегі жағынан алғанда, Кәкім қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сай *-ақ -ім-нің -ім-*ге айналуынан жасалған. Ал қазақ тілінде *-ім* антропоним жасауға қабілетті қосымша. Осы тұрғыдан келгенде тағы бір айта кетерлігі кәк-тен (хак) кейінгі *-ім-нің* өзгерген түрі болуы да, қазақ тіліндегі антропонимжасаушы *-ім* болуы да мүмкін: Кәкітай немесе Кәкібаланың қолданыла келе еркелету мағынасы көмескіленген кезде оған еркелету мән үстеу мақсатында формасы басқа *-ім* жалғанған. Сондықтан, осы секілді қазақ антропонимжасамдық заңдарына сүйенсек, аталған екі болжамды да жоққа шығаруға болмайды. Атап отырғанымыздай, Хаким тұлғасы қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сай тұтастай өзгеруі де, құрметтеу, еркелету мақсатында сөздерді қысқарту арқылы жасалған кәк формасы қалыптасқаннан кейін оған *-ім* қосымшасының жалғануы арқылы да жасалуы мүмкін. Бұларды шығу тегінен бөліп қарастыруға мүмкіндік беретін өзіндік себептері бар: *біріншіден*, Хаким араб сөзі болғанмен, Кәкім араб сөзі бола алмайды. Өйткені, араб тілінің дыбыстық заңдарынан алшақ тұр, осыған орай ол араб тілінің лексикалық қорынан орын ала алмайды. *Екіншіден*, әлеуметтік қызметі тұрғысынан алып, оны қазақ тіліне тән есім ретінде және қазақ тілінің зерттеу нысаны ретінде танимыз. Өйткені, ол қазақ тілінің дыбыстық заңдарына бейімделіп, морфологиялық құрылымы жағынан антропонимжасамдық заңдарға сай қалыптасқан және оларға қазақ есімдеріне тән ұғымдар жүктеліп, қазір тілімізге әбден сіңісіп кеткен. *Үшіншіден*, олардың барлығына ортақ қызмет – антропоним жасау. Бұл өз кезегінде кісі аттарының әлеуметтік болмысымен тікелей байланысты болып келеді. Бір тоқтамға келуде қиындық тудыратын осындай пікірлер антропонимжасам табиғатына тән заңдылық болып табылады. Сондықтан, бұл мәселе антропонимжасамдық қосымшалардың табиғатындағы тоғысу құбылысына тән ерекшелік ретінде қарастырылады.

Араб-парсы тілдерінен енген аффикстер қазақ тілі құрамында да сөзжасамдық қабілетімен танылып жүр. *-хана,- қор,-зада,-нама,-стан,-кеш* секілді кірме қосымшалардың түрлі даму үдерістерін басынан кешіре отырып қалыптасуы – осының айғағы. Бұл аталған қосымшалардың барлығы араб, парсы тілдерінде дербес мәнді сөз

болғанмен, қазақ тіліне енгеннен кейін қосымшаларға айналған. Сол секілді мұндай үдерістің төл сөздер табиғатында да болғаны белгілі. Ғ. Мұсабаев зерттеулерінде *тон* сөзі тұлғасының тарихи өзгерістерін мысалға келтіреді: бір кездердегі жалпы киімді білдіретін мағынасынан ажырап, *тон* тұлғасы өзгеріп *-тан, -тен, -тын, -тін* секілді жұрнақтарға айналғаны туралы айтады [178, 51-54 б.]. Қазақ тілінің даму заңдылықтарына тән бұл ерекшеліктер антропонимжасамға да тән болып келеді. Араб тіліндегі Мұхаммат есімінің бірінші буынының қысқаруынан қалыптасқан *-мақ, -мұқ* екінші буынының қысқаруынан қалыптасқан *-мат*, Мұқамбет түрінде айтыла келе тұлғаланған *-імбет, -бет*; Қасиетті құдай сыйы деген мағынадағы Аспандияр, Алла, бақыт жар (дос) болсын деген мағынадағы Алдияр (Алла жар), Бақтияр секілді есімдердің құрамында айтыла келе қосымшалық сипатқа ие болған *-дияр (-тияр)* тұлғасы осы аталған тарихи дамудың нәтижесі және антропонимжасамның жемісі болып табылады. Бұл қосымшалар қазіргі қазақ тілінде антропонимжасамдық белсенділігімен танымал.

Қазақ тіліндегі антропоним тудырушы қосымшалардың шығу тегі алуан түрлі болып келеді. Тіліміздегі өзге қосымшалардан айырмашылығы – олар негізінен грамматикалық мағынасына қарай емес, дыбыстық формасына қарай топтасады. Мысалы, қазақ тіліндегі *-м* тұлғалы қосымшаны шығу тегіне немесе морфологиялық құрылымы бойынша талдағанда, білдіретін мағыналарына қарай кейбірін Досым, Нұрым, Гүлім т.б. *І* жақ тәуелдік жалғауының қатарына жатқызамыз да, Тұрым, Келім т.б. секілді енді біреулерін зат есім тудырушы жұрнақ қатарына жатқызамыз, ал антропонимжасамдық формалар тұрғысынан алғанда, ілгеріде атап өткеніміздей қызметіне қарай оларды *-м* тұлғалылар қатарына жатқызамыз. Мұндайда, тәуелдік жалғауының үшінші жағында тұрған Тоққұлы, Аққұлы, Елбегі секілді есімдердің құрамындағы қосымша, морфологиялық табиғаты жағынан тәуелдік жалғауының бірінші жақтағы қосымшаларына жақын болғанмен, антропонимжасамдық ерекшелігі жағынан алғанда олардан мүлде алшақтап кетеді.

Антропонимжасамдық қосымшалар бойындағы даму үдерісін мағыналық кезеңдеріне байланысты мынандай топтарға бөлуге болады: 1) антропонимжасамдық мағына тудыру кезеңі, яғни сөз түбіріне белгілі бір қосымшалардың жалғануы арқылы кісі есімінің жасалуы. Басқаша айтқанда тілде бар дайын қосымшалардың сөзжасамдық немесе формажасамдық қызметінен антропонимжасамдық қызметке ауысу кезеңі. 2) Еркелету, құрметтеу мақсатында мағыналық

реңк үстеу кезеңі → еркелету, құрметтеу мағынасынан ажырап, тұрақты антропонимжасамдық тұлғаға айналу кезеңі. 3) дербес сөздердің қосымшаға айналу үдерісі және орнығуы. Бұл орайда қосымшалардың антропонимжасамдық қабілетінің қалыптасуына дейінгі даму үдерісіне де тоқтала кетуге болады. Талдаулар барысы олардың бірнеше кезеңдерді басынан кешіргенін анықтап беріп отыр. Мысалы антропонимжасамдық, -м тұлғалы қосымшаның дамуы туралы зерттеулерге сүйенсек, әуелде меншіктеу мағынасында, онан соң әйел тегін (женский род) білдірген, кейінгі кезде еркелету мәнінде қолданылған.

Антропонимжасамдық қосымшалардың дыбыстық формалары, негізінен, тілде бұрыннан бар қосымшалармен тұлғалас болып келеді. Нақтырақ айтсақ, сөзжасамдық немесе формажасамдық қосымша мен антропонимжасамдық қосымшалардың айырмашылығы дыбыстық формасында емес, бірінші және екіншілік қызметінде. Қосымша бірінші кезеңде сөз немесе форма жасаса, екінші кезеңде антропоним жасайды. Мағыналық жағынан алғанда формажасамдық қосымша мен еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалар арасында өзара ұқсастық бар. Сөз тудырмайтын қосымшалар негіз сөзге жалғанып, грамматикалық форма тудырады, ал грамматикалық формаларда қосымша лексикалық мағына болмайды. Мысалы, қызғылт, ұзындау, қысқалау т.б. Еркелету, құрметтеу мәнді есімдер де осыған ұқсас, мағыналық реңк үстегенмен, есім бастапқы негізімен байланысын үзбейді, яғни мағынасы мен қызметі сақталады. Мысалы, Мұқтарды – Мұқа, Жанатты – Жәке т.б. деп құрметтейді, яғни есімінің орнына қолданылатын, жасалған жаңа форма сол адамды атауға қабілетті күйінде қалады. Форма тудыруға байланысты сөз қозғалғанда, еркелету-құрметтеу мәнді қосымшалардың антропонимиялық аталымдар тудыру қабілеті туралы да айта кетуге болады. Балам, құлыным, Жәкең, Сәкең, әкесі, көкесі т.б. тәуелдік жалғауының үш жағындағы қосымшалар арқылы жасалып отыр. Осылардың әрқайсысында еркелету, құрметтеу мәні бар. Бұл түрінде қосымшалардың антропонимжасамдық деңгейге көтеріле алу мүмкіндігі төмен, сондықтан осы мағынасымен сөз түрлендіру сипатында болады.

Бұл айтылғандарды жинақтай келгенде *антропонимдік форма тудырушы қосымшалар және антропонимжасамдық қосымша ұғымдары* туындайды. Антропонимдік форма тудыру еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалардың бірінші кезеңіндегі күйі болады да, екінші кезеңінде олар дыбыстық тұлғасын сақтай отырып, қызметі бойынша антропонимжасамдық тұлғаларға айналады.

Бұл аталғандардан бір қосымшаның үш кезеңі көрініс береді: 1) сөзжасамдық, яғни сөз формасын тудыру кезеңі; 2) антропонимдік форма тудыру кезеңі; 3) антропонимжасамдық кезең. Кісі есімдерінің табиғатына тән мұнан өзге де антропонимжасамдық белгілер көптеп кездеседі, ол өз алдына қосымшалардың түрлері мен этимологиялық сипаттарына байланысты талдауларды талап етеді.

3.2 Антропонимжасамдық қосымшалардың түрлері

Антропонимжасамдық қосымшалардың табиғатына тән ерекшеліктер негізінен мағынасы мен дыбыстық тұлғасының арасындағы байланыстың алшақтауынан туындайды. Осы алшақтықтың салдарынан ұқсас тұлғалар бір опқа бірігеді. Кісі аттарын жасаушы қосымшалар зерттеушілер тарапынан бірнеше топқа бөліп қарастырылады. Жалпы, антропонимжасамдық қосымшалардың тілдік табиғаты тұрғысынан алғанда *қос қызметті тұлғалар*, *дәстүрлі қосымшалар* және *еркелету*, *құрметтеу* мәнді қосымшалар деп топтастыруға болады. Бұлардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар, сонымен қатар антропонимжасамдық қызметімен белгілі *қосымша сипатты жасанды тұлғалар* да төртінші бір түрі болып осы қатарға қосылады. Қарапайым қосымшалар мен еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалардан бөлек алып қарастыруға болғанмен, жасанды тұлғалардың екеуінің де арасында жүре беретін түрлері кездеседі, өйткені дыбыстық жағынан тілде бар қосымшаларға ұқсас формалар да қалыптасады. Оларды топтастыру барысында, мағыналық ерекшеліктері көп ескеріле бермейтіндіктен, дыбыстық формалары басшылыққа алынады, мұндайда жасанды тұлға да, тілде бұрыннан бар қосымшалар да бірдей сипатта көрінеді. Сонымен қатар дыбыстық формалары жағынан өзгелерге ұқсамайтын, өзіндік сипатта орныққандары бар, олар бөлек қарастырылады.

3.2.1 Қос қызметті тұлғалардың қосымшалық сипаты

Қос қызметті тұлғалар табиғатына тән ерекшелік екі жағынан көрінеді: *біріншіден*, дербес мағыналы сөздердің қосымшаға айналу үдерісі, *екіншіден*, бойында екі қызметті қатар атқару мүмкіндігінің бірдей сақталуы. Екеуі де тілдің дәстүрлі даму заңдылықтарына тән қасиет (Бұл жөнінде толығырақ «Антропонимжасамдық мағына табиғатындағы қос қызмет мәселесі» тараушасында баяндалған).

Ал антропонимжасамдағы біз қарастырып отырған қосымшалар бастапқы тұлғаларын сақтап қалған.

Қос қызмет мәселесі тіл білімінде бұрын да сөз етілген. Мысалы, А. Жаңабекова «Екі функциялы аффикстер» атты Қ. Шаяхметовтың кандидаттық диссертациясына сілтеме жасай отырып, *-дай, -дей* қосымшасын «сөз тудырушы», «форма тудырушы», «екі функциялы» секілді үш түрлі қызметіне қарай анықтау керектігіне тоқталса [60, 51-52 б.], С. Суатай *-ша, -ше* қосымшаларының грамматикалық қызметіне жасаған талдауларында И.Е. Мамановтың пікіріне сүйене отырып, «әрі сөз жасаушы, әрі форма жасаушы, яғни екі функциялы» деп қарастырады [157, 24 б.]. Демек, екі функциялылар құрамына «әрі сөз жасаушы, әрі форма жасаушы» қосымшалар топтастырылса, біз қарастырып отырған «қос қызметтілерге» әрі лексикалық мағына білдіруге қабілетті, әрі грамматикалық мағына тудыру қызметін қатар атқаратын қосымшаларды жатқызамыз. Кісі есімдерінде «форма тудыру» мен «антропоним жасау» ұғымдары синонимдес болып келеді, өйткені дыбыстық формасы өзгеріп, тұрақты қолданысқа түскеннен кейін-ақ жаңа есім пайда болады. Бұл орайда біз, тұрған орнына қарай антропокомпонент ретінде лексикалық мағынаның сақталуын ескеріп отырмыз. Аталған компоненттер қазіргі кезде бірінші орында тұрғанда – антропокомпонент, екінші орында тұрғанда антропонимжасамдық қосымша қызметін қатар атқарады. Басқаша айтсақ, мұндай тұлғалардың бойынан *жартылай қосымша, жартылай лексикалық бірлік* қызметі қатар көрінеді.

Антропонимжасамдық қосымшалар арасында тілдік табиғаты жағынан алғанда әуел бастан есім жасау үшін қолданысқа түскен қосымшалар бар, сонымен қатар, біз сөз етіп отырған, бастапқы лексикалық мағынасынан ажырап, грамматикалық мағынасы басым сипат алған дербес мәнді сөздер де кездеседі. Оларды кісі есімдерінің құрамындағы орнына қарай атқаратын қызметіне байланысты *қос қызметті тұлғалар* деп атадық. Лексикалық мағынасынан алшақтаған тұлғалар: *-алы, -бай, -бек, -бер, -гүл, -жан, -зия, -кел, -қан, -құл, -ман, -тай* т.б. секілді антропоним құрамында соңғы орында келіп, мағыналық өзгерістері арқылы қалыптасқан қосымшалар. Бұлар туралы өткен тарауларда «қос қызметті тұлғалар» деген атаумен мағыналық ерекшеліктері сөз етілген болатын, алайда қосымшалық табиғатына тән қасиеттеріне байланысты кей мәселелерді осы тараушада да атап өтуге тура келеді, демек I тараудың «антропонимжасамдық мағына» деп аталатын тараушасында қос қызметті тұлғалардың мағыналық сипаты айқындалса, бұл тараушада оларды қосымша ретіндегі қызметі

мен табиғатын айқындау көзделіп отыр. Жалғамалы тілдердің даму заңдылықтарына сай бұл тұлғалардың сөз соңында келіп, үнемі кісі есімін білдіруі лексикалық мағынасынан алшақтауына және антропонимжасамдық қосымша ретінде танылуына ықпал еткен. Т. Жанұзақов өз зерттеулерінде олардың қосымшалық сипатына баса мән береді. *-қан, -бай, -бек, -жан* бұрын дербес мағыналы бірлік болғанмен, кісі аттарының сыңарында келіп, жұрнаққа айналып кеткен сөздер дей отырып, Жұмақан, Ғабитқан, Дүйсеқан, Мұқаметжан, Бейсенбай, Дүйсенбек, Ноянбай, Нөкербай т.т. мысалға келтіреді [64, 167 б.]. Қазақ ғалымдарының ғана емес, жалпы түркі тілдеріндегі есімдерді зерттеушілер тарапынан да аталған сөздерді антропонимжасаушы қосымша ретінде тану сыңайы байқалады [170; 124, 192-193; 30, 199-207]. Антропонимжасамдық қосымшалардың арасында әрі дербес мағыналы сөз, әрі қосымша түрінде қос қызметті қатар атқаратын тұлғалардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшелік бола отырып, баршасына ортақ қасиет антропоним жасайды. Мысалы, *-бай, -бақ, -бек, -бер, -бет, -гүл, -дияр, -діл, -жан, -зия, -кел, -қан, -құл, -ман, -тай, -шан, -шар, -шат* т.б. бірінші орында тұрып дербес мағыналы сөз ретінде де, мағынасы көмескіленген антропокомпонент ретінде де кісі есімін жасауға қызмет етеді. Сонымен қатар, екінші орында тұрып, өмірге сәбидің келгенін және өзі жалғанған сөздің кісі есімі екенін, кейбірі есімнің ер немесе әйелдікі екенін білдіреді. Өзінің бастапқы болмысынан ауытқып, жаңаша мәнге ие болуы және жеке тұрып емес, дербес мағыналы сөздердің түбіріне жалғану арқылы осы қызметін жүзеге асыруы бұл аталған тұлғалардың қосымшалық сипатын айқындай түседі. Аталған қосымшалардың ішінде, қалыптасу ерекшелігіне байланысты *-тай* тұлғасының мағыналық даму үдерісіне тоқтала кетуге болады. Біздің пікірімізше жылқы төлінің әлі жастығы, ондағы балаға тән қасиеттер, қазақ халқының жылқыны ерекше жақсы көруі секілді экстралингвистикалық факторлар *тай* сөзінің мағыналық жағынан өзгеріп, еркелету мәнді қосымшаға айналуына себеп болған секілді. Тілдік эволюциялық даму жолдар арқылы қалыптасқан бұл қосымша өзінің бірінші кезеңде антропонимжасамдық компонент, екінші кезеңде еркелету мәнді қосымша, үшінші кезеңде антропонимжасамдық формант ретіндегі қызметімен ерекшеленеді. Мұндай өзгерістерді қалған қосымшалардың да басынан кешіргенін жоққа шығаруға болмайды.

Қос қызметті тұлғалардың құрамында *-бай, -бақ, -бек, -бер, -бет, -гүл, -діл, -жан, -зия, -кел, -қан, -құл, -ман, -тай, -шан, -шар, -шат* сынды көптеген қосымшалар бар.

3.2.2 Байырғы қосымшалардың антропонимжасамдық қабілеті

Антропоним жасауға қатысатын қосымшалардың бірнеше түрі барын ілгеріде атап өткен едік. Тілде түрлі қызметте қолданылып келген, бұрыннан бар байырғы қосымшалар да солардың қатарында тұрады. Байырғы қосымшалар шығу тегі жағынан белгілі бір сөз табына қатысты болып келеді. Т. Жанұзақов антропоним құрамында келетін қосымшалардың түрлерін жеке алып қарастырады. «Олардың ішінде: есімдердің, етістіктердің, үстеу, есімше, көсемше, етіс сөздердің жұрнақтары бар. Олар екінші бір сөз табына жалғанып, кісі атына айналғанда субстантивтенетінін» айта отырып, кісі аттарының құрамындағы келетін қосымшалардың 37 түрін мысалдарымен атап көрсетеді [64, 164-166 б.]. Біздің жинаған материалдарымыз бойынша олардың жалпы саны мұнан әлдеқайда көп екені анықталып отыр, дегенмен «байырғы қосымшалар» деген атаудың аясына топтасатын қосымшалардың түрлері мынандай болып келеді: қалау райдың *-ғай*; есімшенің *-ған, -ген, -қан, -кен; -ар, -ер, -р*; көсемшенің *-ып, -іп, -п*; бұйрық райдың III жақ *-сын, -сін* тұлғасы; зат есім, сын есім, етістік формалы *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік*; тәуелдік жалғауының I жақ *-м, -ым, -ім* тұлғалары; шығыс септік пен көптік жалғауы т.б. Морфологиялық тұрғыдан қарастырғанда, құрылымдардағы осы қосымшалар ешқандай өзгеріссіз сақталып, өзіндік сипатымен айқындалып тұрады. Дегенмен, қазақ есімдері бойынша жиналған материалдарды талдаулар барысында бұл категорияларға жіктеудің де шартты екені байқалып отыр. Өйткені, арасында дыбыстық формалары ұқсағанмен, шығу тегі өзге негізден тарайтын қосымшалар да кездесіп қалып жатады. Сондықтан, оларды белгілі бір категорияларға топтастырғаннан гөрі сыртқы формаларының ұқсастығына қарай *-ған тұлғалылар* немесе т.б. деп қарастырған дұрыс болатын секілді. Енді осылардың әрқайсысына жеке мысалдар келтіріп көрелік, антропонимжасамдық сипатына талдаулар жасап көрелік.

-ғай тұлғалылар құрамында Болғай, Байтолғай, Нұртуғай, Байтуғай, Қаптағай секілді антропонимдер бар.

-ған, -ген, -қан, -кен тұлғалары арқылы жасалған антропонимдер: Абаған, Байтуған, Байтұрған, Бақтыған, Бектеген, Бектуған, Бектұрған, Берген, Биған, Бөлеген, Білеген, Дарған, Демеген, Дүзгенбек, Еңсеген, Ескерген, Есіркеген, Жайлаған, Жайнаған, Жаңылған, Жаралған, Жебеген, Жетіген, Жеткерген, Жуанған, Жиғанша, Гүлжиған, Өтеген, Төлеген, т.б. секілді есімдер тілімізде қолданылады екен. Осы кешеннің ішінде тек есімшенің ғана емес, өзге

де грамматикалық элементтер кездеседі. Әрқайсысының болмысын анығырақ тану үшін кейбір талдауларға баруға тура келеді. Мысалы, Байтуған, Байтұрған, Бектуған, Бектұрған, Берген, Бөлеген, Демеген, Дүзгенбек, Ескерген, Төлеген, Жеткерген, Жуанған, Есіркеген, Жайлаған, Жайнаған, Жаңылған, Жаралған нақты есімше тұлғалылар болып келсе, Абаған, Қапаған, Қатаған, Өтеген, Бақтыған, Байған, Биған, Жиғанша, Гүлжиған, Еңсеген, Жетіген, Дарған есімдерінің жасалу жолдарын түрліше қарастыруға тура келеді: Абаған, Білеген, Қапаған, Қатаған, Өтегеннің құрамындағы, біздің пікірімізше, есімшенің *-ған, -ген* емес, етістіктен сын есім тудырушы өнімсіз *-аған, -еген* жұрнағы. Көне түркі жазбаларының материалдарындағы, *qat* (қат) 'қату, қатты болу', *qatay* (қатағ) 'күшті, өктем'; *qataylan* (қатағлан) 'тырысу, қарсыласу, қатулану' [52, 432-433 б.] және *qap* (қап) 'қапсыру, құшақтау, басып алу сүйене отырып', қазіргі *тебеген, қашаған, қабаған* т.б. сөздермен мағыналас деп шамалауға болады. Нақтылай түссек, *Қатағлан* құрамындағы л дыбысының түсіп қалу нәтижесінде *Қатаған* тұлғасының қалыптасқаны секілді, Қапаған да осы жолмен орныққан болса керек. Өтегеннің есімшелік қолданысымен қатар, диалектілік мағынасы да (Өткір) назарда тұрады [100, 550 б.]. Дарғанның құрамын Дарығанның ы дыбысы түсіп қалған нұсқасы деп қарастыруға болады. Сонымен қатар, к дыбысының ұяндануынан жасалған нұсқа деп шамалауға болады. Ал Жиғанша, Гүлжиған жиған (жер-жақан дегендегі) сөзінің нұсқасы болуға тиіс.

-ар, -ер, -р тұлғасы арқылы жасалған антропонимдер: Айтуар, Бөбер, Көбер, Гүлжайнар, Дәлер, Дәмер, Дәметер, Бағатар, Мынжасар, Байыр, Байырша, Балтамар, Басар, Бекашар, Бекжасар, Данар, Данаркүл, Елсүйер, Елтебер, Елтүзер, Емер, Еңсер, Ерер, Есқатар, Жайнар, Жаубасар, Жауқашар, Жолашар, Жұқар т.б. Осы берілген *-р (-ар, -ер)* тұлғалыларды жасалу жолдарына қарай мынандай формаларға жіктеуге болады: 1) негізінен есімше тұлғалылар болып келеді; 2) Бөбер (бөпе ерсін), Көбер (артынан ерген көп болсын) есімдеріне жалғанған *ер* етістігі деп шамалаймыз. Антропонимжасамдық жағынан «ер» етістігі өзіндік мағынаға ие. «Артынан ерген қара» тіркесін және Ерсін, Ерген есімдерін осыған дәлел етуге болады; 3) ал Дәмер есімін осы топқа («дәм ерсін» мағынасында) қосуға да, Дамирдің өзгерген тұлғасы деп қабылдауға да болады.

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік тұлғалары арқылы жасалған антропонимдер: Аталық, Барлық, Бірлік, Даналық, Екілік, Бабалық, Байлық, Байшылық, Баулықбай, Бегендік, Беглік, Жақсылық, Жанқойлық, Жаналық, Зарлық, Қуандық, Сүйіндік, Шегендік, Бай-

тік, Жамантік, Жәутік, Түнтік, Битік, Жантікей, Жәутік, Зейтік т.б. Ілгеріде атап өткеніміздей, бұлардың құрамында 1) зат есім тудырушы: Бірлік, Даналық, Байлық т.б.; 2) сын есім тудырушы: Аталық, Бабалық, Бегілік; 3) жедел өткен шақтың бірінші жақ көптік мағынасын білдіретін: Қуандық, Сүйіндік, Сағындық; 4) Байтік, Жәутік, Түнтік т.б. еркелету мән тудыратын қосымшалар бар.

-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен тұлғасы арқылы жасалған антропонимдер: Абадан, Аждан, Боздан, Бостан, Ғазиден, Ғұмырдан, Ғаниден, Гүлбағдан, Гүлден, Ғабиден, Ғұмырдан, Дәрден, Әзденбай, Әлден, Әлденбек, Әлиден, Бағдан, Байдан, Балдан, Бардан, Бауданбай, Бәжриден, Бегдан, Белден, Бердан, Берден, Бидан, Биден, Боздан, Гүлден, Ғабиден, Ғаниден, Ғұмырдан, Достан, Ердан, Ерден, Ертанбек, Естен, Естан, Жақиден, Жалдан, Жардан, Жартан, Жолдан, Зейден, Зиядан, Зияден т.б. Бұлардың құрамында шығыс септігімен қатар шығыс септігінің жалғауы арқылы жасалған Байдан, Балдан, Бардан, Баудан, Биден, Боздан, Достан, Ерден т.б. секілді есімдер бар. Белден, Гүлден, Естен есімдерін есімнен етістік тудырушы (*-де, -те*) жұрнаққа өздік етіс (*-н*) тұлғасының жалғануы арқылы жасалған, Ердан, Ертан, Бегдан, Естан, Жартан т.б. Ердәулет, Ертанас, Бегдалі, Естуған, Жартыбай т.б. секілді есімдердің еркелету мәнінде қысқартылып, *-ан* қосымшасының жалғануы арқылы қалыптасқан деп шамалауға болады. Сөйтіп, екінші компоненттің немесе екінші буынның бірінші дыбысының қосымшаға қарай ығысуы арқылы *-дан, -тан* тұлғалары орныққан. Мұнан өзге Зияден, Ғаниден, Жақиден секілді есімдердің құрамындағы араб тіліндегі дербес мағыналы *дин* (*din*) сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі болып табылады.

-м, -ым, -ім тұлғасы арқылы жасалған Ажым, Әжім, Аяулым, Бағым, Балым, Бітім, Бітімай, Бегім, Берімбай, Гүлсім, Досым, Жолым, Нұрым құрамы да түрлі тұлғалардан тұрады: 1) еркелету мәніне ауысқан бірінші жақ тәуелдік жалғауы арқылы Айым, Аяулым, Гүлім, Балым, Бегім, Досым, Нұрым; 2) етістіктен есім тудырушы Бағым, Бітім, Берімбай; Жолымбеттің қысқаруынан жасалған Жолым; 3) Гүлсім – Умму Кулсумның дыбыстық нұсқасы болып табылады. Араб тілінен аударғанда Кулсумның анасы (Кулсум ‘қалың бет’ – ер адамның есімі) деген мағына береді. Бұл аталғандар – негізінде, тілде бар қосымшалар мен антропонимжасамдық түрлі тәсілдер арқылы қалыптасқан жасанды тұлғалар. Бұлардың негізгі қызметі антропонимжасамдық форма тудыру болып табылады, осыған байланысты оларды қарапайым қосымшалар деген атаудың аясына топтастырып отырмыз.

Кісі есімдерінің жасалуы, экстралингвистикалық факторлардың әсерінен, белгілі бір жүйеге бағына бермейді. Талдаулар барысындағы күрделі мәселелердің бірі де осы қырынан көрінеді. Мысалы, кісі есімдерінің дыбыстық формасына қарай әр ат қоюшы әр түрлі мән береді, мұндайда белгілі бір тұжырым жасаудың қиынға соғатыны белгілі. Бұл қазаққа ғана емес, өзге түркі тілдес халықтарға да ортақ мәселе болса керек. Татар есімдерінің түсіндірме сөздігінде Айдар есімінің үш түрлі мағынасын береді: 1. Ай сипатты, сүйкімді. 2. Баланың маңдайына қойылатын кекіл немесе айдар (Л. Будаговтың түсіндірмесі бойынша). 3. Беделді, келбетті, айдынды жігіт; Алим Гафуровтың пікірі бойынша араб тіліндегі Хайдардың дыбыстық нұсқасы [162]. Талдауларға қарағанда, бірінші мағынасы бойынша есімнің құрамы түбір және қосымшадан тұрады (Ай+дар). Екінші мағынасы бойынша дербес мағыналы сөз, үшіншісі бойынша дыбыстық өзгерістердің нәтижесі болып табылады. Мұндай болжамдарға жетелейтін ерекшеліктер антропонимжасамдық қосымшаларға да тән болып келеді. Қарапайым қосымшалар құрамында да дыбыстық формалары ұқсас жасанды формалар бар.

Байырғы қосымшаларды саралай келгенде, жоғарыдағы талдаулардан көріп отырғанымыздай, олардың құрамында тілдегі грамматикалық категорияларға тән дәстүрлі қосымшалар да, дыбыстық өзгерістермен жаңаша қалыптасқан қосымшалар да, жасанды дыбыстық формалар да бар екеніне көз жеткіземіз. Олардың барлығы дыбыстық ұқсастықтарына байланысты тілде бұрыннан бар қосымшаларға келіп тоғысқан элементтер болып табылады.

Антропонимжасамдық байырғы қосымшалардың антропонимжасамдық қызметіне тән өзіндік ерекшелігі – бастапқыда арнайы кісі есімін жасау мақсатында ойға алынған мағынаны жеткізу үшін дербес мағыналы сөзге жалғанады немесе туынды сөздің құрамды бөлігі ретінде қолданысқа түседі. Антропонимдік негіздің мағынасы бірінші орында тұрғандықтан, қолданыла келе байырғы қосымшалардың мағынасы ешқандай рөл атқармайтын күйге жетеді, тіпті қосымшаларсыз да осы мағына берілуі мүмкін. Мысалы, Қуан, Қуанған, Қуандық, Қуанбай, Қуанбек, Қуантай т.б. секілді есімдерінің барлығының антропонимжасамдық мағынасы бір. Бұл тұрғыдан алғанда, ең бірінші, ілгеріде атап өткеніміздей форма тудырушылық қабілеті көрінеді, яғни еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалар секілді өзі жалғанған сөздің түбірін өзгертпейді, тек тілдің дәстүрлі дыбыстық заңдарына сай формасын түрлендіреді. Мағынасынан гөрі форма жасау қызметі бірінші орында тұратындықтан, байырғы қосымшалар

тұлғасына келіп тоғысқан жасанды элементтер де қосымша қатарына енеді. Байырғы қосымшалардың антропонимжасамдық сипатына тән белгілер өзінің бастапқы мағынасынан ажырауы мен форма айыруы арқылы дербес есімдер жасау қабілетімен айқындалады.

3.2.3 Қосымша сипатты жасанды формалардың тілдік табиғаты

Антропонимжасамдық қосымшалар арасында, тіл дамуының заңдылықтарына сай, дербес мағыналы сөздердің өзгеруінен пайда болған түрлі *жасанды формалар* бар. Байырғы қосымшалар құрамындағылардан өзіндік ерекшелігі дербес дыбыстық тұлғасы болуымен айқындалады. Тіл тарихын зерттеушілер тарапынан байырғы түбірлерден пайда болған қосымшалардың этимологиялық сырларына жасалған талдаулар осыған дәлел [157]. Мысалы, М. То-манов *-лық* қосымшасының шығу тегіне талдаулар жасағанда, Н.А. Баскаковтың *лық* (лық толы) сын есімі деп қарастыратын пікіріне сілтеме жасайды [163, 171 б.]. Осындай тұжырым Н.К. Дмитриев еңбегінде де кездеседі [50]. Б. Сағындықұлы *-ша* қосымшасы туралы: бір замандарда шағындықты, кішілікті т.б. лексикалық мағыналарды білдірген, қазір *шағын* сөзінің түбірінде сақталып қалған, сол секілді кичик, кішік, кіші, кішкентай сөздерінің құрамындағы ч – ш дауыссыздарында да осы мағынаның барын айтады [138]. Өзіне дейінгі зерттеулерге сүйене отырып, А. Салқынбай қытай тіліндегі *-чие*, парсы тіліндегі *-зада*, грузин тіліндегі *-дзе*, қазақ тіліндегі *-шы*, *-ші* тұлғаларының өзек семасы – адам, кісі, кейін осы өзек сема десемантизацияланып, адам мағынасын туғызатын грамматикалық мағынаға алмасқан деген этимологиялық тұжырымдар жасайды [203, 23 б.]. Келтірілген мысалдардан тарихи даму барысында дербес мағыналы сөздердің қосымшаға айналу үдерісі негізінен дыбыстық өзгерістер арқылы жүзеге асканы байқалады. Антропонимдер құрамындағы мұндай қосымшалар соңғы орында тұрып, антропонимжасамдық форма тудыру қабілетіне байланысты олар жасанды тұлғалар ретінде қарастырылады. Сөзге қосымшалар арқылы үстелетін грамматикалық мағыналар антропонимжасамда маңызды рөл атқармайтынын ескерсек, форма тудыру қабілеті жағынан жасанды формалардың антропонимжасамдық қосымшалардан айырмашылығы жоқ екенін шамалауға болады. Этимологиялық жағынан жасанды формалардың шығу тегі белгілі бір дербес мағыналы сөздерден бастау алатыны белгілі болғанмен, өзгерістердің негізінде пайда болған қазіргі дыбыстық формалар бастапқыдан өзгеше, демек жаңа форма бар, оны

жоққа шығара алмаймыз және сипаттамалық тұрғыдан саралағанда күнделікті қолданыстағы сипаты басшылыққа алынады.

Жасанды формаларға қосымшалық сипат беретін негізгі қасиет – дербес мағыналы негіздерге жалғанып, жаңа формалар тудырады. Қос қызметті тұлғалар секілді бірінші орында тұра алмайды.

Дыбыстық формаларының өзгеруі арқылы қалыптасқан қосымшаларды өз ішінде, «дыбыстық формалары өзгелерге ұқсамайтын дербес тұлғалылар» және «тілде бұрыннан бар қосымшаларға ұқсас тұлғалар» деп екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бұлайша топтастырудағы мақсат – шығу тегінің әртүрлілігіне қарамай, антропонимжасамдық қабілеті жағынан дыбыстық тұлғалары ұқсас қосымшалардың бір-бірінен айырмашылығы болмайды. Сондықтан, оларды топтастырғанда тілде бұрыннан бар қосымшалардың қатарында қарастырамыз. Мысалы, Аба-ған, Ай-ған, Айту-ған, Бай-ған, Бақты-ған, Бектұр-ған есімдерінің құрамындағы қосымшалардың шығу тегі әртүрлі болғанмен, антропонимжасамда барлығы бірдей форма жасап отыр. Тілдік табиғатындағы осы ерекшелік тоғысу құбылысы ретінде жеке қарастыруды талап етеді, сондықтан оған арнайы тоқталатын боламыз.

Дербес тұлғалы жасанды формалар – қазақ тілінің айтылым заңдарына сай қалыптасқан төл сөздер мен кірме сөздердің дыбыстық элементтері. Олардың қатарына ұзақ сөзінің қысқаруынан және т.б. себептермен орныққан *-зақ* қосымшасын (Байзақ, Бекзақ, Бизак, Райзақ, Мыңзақ, Нұрзақ, Өмірзақ т.б.), *ұлан* сөзінің қысқаруынан жасалған, *-лан* (Ақұлан – Ағлан, Бозұлан – Бозлан, Бегұлан – Беглан, Ерұлан – Ерлан), *анар* сөзінің қысқаруынан жасалған *-нар* (Гүланар – Гүлнар) [113, 38 б.], *Мұхаммет* есімінің қысқаруынан жасалған *-бет* (Әлімбет, Бименбет, Есенбет), *-мат* (Нұрмұқамет – Нұрмат), «шыққан тегі, түп нәсілі, тұқымы» мағынасындағы *зада* сөзінің қысқаруынан жасалған *-зат* (Айзат, Бекзат, Нұрзат, Гүлзат, Ақзат, Перизат, Шәйзат), түбір құрамындағы дыбыстың қосымшаға қарай ығысып, оған *-яр* (жар 'дос') тұлғасының жалғануы арқылы қалыптасқан *-дияр* (*-тияр*) (Бақтияр, Байдияр, Молдияр, Жандияр, Алдияр, Аспандияр, Ақтияр, Әлдияр, Баудияр, Бегдияр, Бектияр, Бердияр, Достияр, Елдияр, Есендияр, Жолдияр) қосымшаларын жатқызуға болады. Антропонимдерге тән ерекшеліктер талабы олардың қайдан шыққан туралы нақты болжам жасауға мүмкіндік бермейді және бұлардың табиғатындағы тоғысу құбылысының нәтижесі шығу тегінің әртүрлі тұлғалардан тарайтынына қарамай бұл қосымшалардың барлығын антропоним жасау қызметінің аясына біріктіреді.

3.2.4 Еркелету, құрметтеу және еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалардың антропонимжасамдық табиғаты

Баланы еркелету, үлкендерді жас ерекшелігіне қарай құрметтеу әлемнің көптеген тілдерінде бар. Тілдік деректерге сүйенсек, құрметтеу, еркелету мәнді есімдер тек қазақ халқында ғана емес, иісі түркі жұртында бар ортақ құбылыс екен, сонымен қатар славян тілдеріне де тән ерекшелік болып табылады. Орыс тілінде Екатерина – Катя, Елизавета – Лиза, Виктор – Витя т.б. деп еркелетеді. Алайда, олардың өзіндік сырлары бар. Орысша еркелету мәнді есімдердің айтылуында дәстүрлі қолданыс басым, сондықтан Саша т.б. секілді қысқарып, қосымшалар жалғанған немесе т.б. жаңаша түрленген есімдердің түпнұсқа формасы белгілі болып тұрады. Мысалы, Саша – Александр (Александра), Володия – Владимир, Славка – Вячаслав, Женя – Евгений (Евгения), Боря – Борис, Наташа – Наталья, Надя – Надежда, Ваня – Иван, Гриша – Григорий т.б. Адам атын қысқарту арқылы еркелету, құрметтеу – әр тілде ертеден қалыптасқан көне тәсіл [90, 261 б.]. Көне грек тілінде «күншуақ», «жарық» мағынасын беретін *Хэленэ* көне орыс тіліне *Елена* тұлғасында еніп, халық тілінде *Олена* болып қолданылған. А дыбысын қолдану («аканья») барысында, аздаған еркелету мәніне ие жаңа *Алёна* нұсқасы қалыптасты. Қазіргі кезде осы есімнің кішірейту-еркелету түрінде қолданылатын түрлері көп: *Елена* – *Еленка* – *Еленушка* – *Лена* – *Леночка* – *Ленуся* – *Ленка* – *Неля* – *Нелечка* – *Нелик* – *Нелюсик*; *Олёна* – *Алёна* – *Алёнушка* – *Алёнка* – *Ленуша* және т.б. [176, 18 б.]. Орыс есімдерінің құрамындағы кішірейту-еркелету мәнді қосымшалар турасында қазақ ғалымдарының да кей мәселелерге тоқталған тұстары бар [64, 160-161б.; 90, 321б.]. Зерттеушілер тарапынан да, әдетте француз, ағылшын, итальян, поляк, чех тілдерінде кішірейту, еркелету мәнді есімдерге арнайы жұрнақтардың жалғанатынын айтады. Мысалы, француз тілінде *-ette* (дыбыстық жағынан сәл өзгертіп *-emma* деп алуға болады: *Lisette* → *Лизетта*), ағылшын тілінде *-y* (*Johnny* → *Джонни*), итальян тілінде *-ino, -ello, -etto* (*Giovanino* → *Джованино*), поляк немесе чех тілдерінде *-ek* (*Janeček* → *Янечек*) [43, 22 б.].

Қазақ тіліндегі еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалардың қалыптасу тарихы көнеден басталады – тілде өзіндік қор мен жүйе құрап, орнығуында ұлттық таным мен ұлттық психологияға байланысты тілден тыс факторлардың өзіндік орны бар. Үлкенді құрметтеу дәстүрі қазақ халқында түрлі тыйымдар мен ұлттық педагогика талаптары арқылы қорғалып, үздіксіз жетілдіріліп келді. Ұлттық педа-

гогика арқылы тілдік санаға енген осы дәстүр, ұлттық иммунитеттің нығаюына ерекше ықпал етті. Оның өміршеңдігінің бір сыры осында. Кісі аттарының да сол дәстүр талаптарына сай икемделуі ұлттық танымдағы эстетикалық құндылықтардың көрінісі болып табылады. Құрметтеу, еркелету мәнді қазақ есімдерінің қалыптасуындағы экстралингвистикалық факторлар жалпы алғанда, осындай сипатта көрінеді.

Жалпы, түбірлерді қысқарту арқылы жаңа формалардың жасалу мақсаты есімге еркелету, құрметтеу мәнін үстеу болып табылады. Бүгінде бұл тәсіл белгілі бір жүйеге түсіп, әртүрлі тұлғалардың қалыптасуына негіз болып отыр. Қысқарған есімдер жөнінде біршама зерттеулерде айтылған да – «Қазақ грамматикасында» «Қазақ тілінде адам атын қысқартып қолданудың түрлі жолы бар: 1) үлкен адамды сыйлау, құрметтеу мақсатында кісі атын қысқарту: Жұмабай – Жүмеке, Бейсен – Бәке, Өмірзақ – Өмеке, Сәрсен – Сәке, Ақмади – Ақа, Асқар – Асеке т.б. 2) бала атын еркелету ретінде қысқарту. Мысалы, Айнагүл – Айнаш, Қалихан – Қанаш, Қожабек – Қожаш, Сағынғали – Сағынжан, Өмірғали – Өміртай т.б. [90, 261 б.]» – деген жолдар бар. Аталған еңбекте өзге тілдерде де кісі аттарын қысқартып қолданылатынын айта келіп, мысалдармен бірге «... үлкен адамды сый-құрмет ретінде қысқартудың себебі қазақ халқында үлкен кісінің атын атап сөйлеу дәрежелік саналады» – делінген [90, 261 б.].

Еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалардың екеуі екі түрлі мақсатта қолданылады: кішірейту, еркелету және сыйлау, құрметтеу. «Еркелету, кішірейту аффикстері арқылы кісі аттарының жасалуы» деп олардың құрамына *-ш*, *-қан (-кен)*, *-тай (-ай, -й)*, *-дай (-тай)*, *-жан*, *-шүк*, *-м (-ым, -ім)*, *-қ (-ақ)*, *-қай (-кей)* және «антропонимдер құрметтеу, сыйлау, қадірлеу аффикстері арқылы жасалуы» деп олардың құрамына *-ақа*, *-қа (-ке, -еке)*, *-й* жұрнақтары жатқызылады [64, 157-162 бб]. Бұларға тән ерекшеліктердің бірі жалғануында – көп жағдайда өздері жалғанған сөздің түбірін қысқартып, өзгертіп жібереді де жаңаша антропонимдік форманың қалыптасуына себепші болады. Мысалы, Қожабек, Нұрлан, Болатжан т.б. секілді есімдердің құрамына еркелету мәнді қосымшалар жалғанып, жаңаша Қож-ан, Қож-ай, Қожа-ш, Нұр-тай, Нұр-ыш, Нұр-еке, Бол-аш, Бол-ан, Бол-ақ т.б. тұлғалар қалыптасқан. Бұл ерекшелік сөздің белгілі бір шегі бойынша қатаң тәртіп жүйесіне бағынбайды. Мысалы, Болатты – Бәке деп атағанда, бастапқы түбірдің бірінші дыбысы ғана сақталады, ал Боқа десе, екі дыбысы, Болтай десе, үш дыбысы сақталады және

бұл осы аталғандармен ғана шектелмейді, айтылу ыңғайына қарай түрліше өзгеріп отырады. Қосымшалардың қазіргі кезде өзіндік формалары қалыптасқан және олар сөз түбірінің соңғы дыбысына байланысты түрленіп жалғанады: Дос-ым, Көш-ім, Толы-м; Дос-ақ, Көш-ек, Төле-к, Аж-ық, Бөж-ік т.б.

Кісі аттарының қысқартылып айтылуының аталған екі түріне тән қосымшалардың да өзіндік ерекшеліктері бар. Ілгеріде аталғандардың құрамындағы *-еке* тұлғасы үлкендерді құрметтеу мағынасында жұмсалса, *-тай*, *-жан*, *-ш* жасы кішілерге арналып, солардың есімдеріне тіркеледі. Қазақ тілінде мұнан өзге де бастапқыда қысқарту арқылы пайда болып, кейіннен келе-келе дербес есімдерге айналған тұлғалар көп. Мысалы, Мақан, Нұрмат, Есен, Бошақ, Бөшен, Боқа, Бегай т.б. морфологиялық құрылымына жүргізілген талдаулар қысқарған түбірлерге *-ан*, *-мат*, *-ен*, *-ақ*, *-ай* секілді қосымшалардың жалғануы арқылы жасалғанын көрсетіп отыр. Демек, қысқарған түбірлерге жалғанған қосымшалардың саны ілгеріде аталған *-жан*, *-тай*, *-ш*-мен шектелмейді, олардың саны көрсетілгендерден әлдеқайда көп.

Еркелету-құрметтеу мәнін туғызудың бір жолы есімді қысқартып айту. Қысқарту негізінде пайда болған тұлғалар келе-келе реңк мәнінен ажырап, атауыштық қызметке ауысады. *Қазақ тіліндегі қысқарған есімдерді тұлғалық жағынан* алғанда буын санына байланысты қалыптасқан тәртіп байқала бермейді. Кісі атына негіз болып тұрған сөздің түбірі немесе біріккен тұлғалы компоненттердің бірінші сыңары кейде бірінші буыннан қысқарса, кейде екінші буыннан қысқарады. Сөйтіп, аталған қосымшалар жалғанады. Мысалы, Тоқтасын, Тұрсын, Жарас, Бердіғали, Бейсенбек, Сәрсенғали, Мендіғали т.б секілді есімдер Тоқа, Төке, Түке, Тәке, Жақа, Жәке, Беке, Бәке, Сәке, Мәке, Мекен тұлғаларында бірінші буыннан қысқартылады. Сол сияқты Тұрсеке, Сәрсеке, Бейсеке, Мендеке секілденіп екінші буыннан да қысқарады. Мұнда көріп отырғанымыздай бірінші буындағы дауыстылардың бастапқы қалпы бірде сақталса, бірде сақталмайды. Әркім өзінің қолайына қарай ұқсас дыбыстарды қолданады. Ал, екінші буыннан қысқару шамалап кісі атының бастапқы тұлғасын анықтауға мүмкіндік береді. М. Әуезовтің «Абай жолында» Өскенбай есімін – «Өскенеке» деп екінші буыннан қысқартып айтатын тұстар бар, жалпы бұл есім бірінші буыннан қысқартылып, Өсекең деп те айтылады. Бұл айтылғандардан қазақ тіліндегі құрметтеу мәнді *-еке* қосымшасының түбірге жалғануы екі түрлі формада жүзеге асады деген тұжырым жасауға болады, яғни

Сәрсенғали, Сәрсенбек, Мендібай т.б. бірінші буынан қысқарып, Сәке, Мәке немесе екінші буыннан қысқарып, Сәрсөке, Меңдеке түрінде тұлғалануы мүмкін.

Құрметтеу мәнді есімдермен қатар еркелету мәнді есімдердің де өзіндік ерекшеліктері бар. Дәл осы есімдер еркелету мәнінде басқаша жұмсалады. Тоқтасын – Тоқыш, Тоқай; Тұрсын – Тұраш, Тұрсынжан, Тұқаш, Тоқаш; Жарас – Жарасжан немесе Жарастай, Жақаш; Бердіғали – Бердіжан, Бертай, Беркен т.б. Бірінші буынан қысқару мұнда да кездеседі. Мұнда да жалпылық мәнмен қатар жинақтауыштық қасиет байқалады.

Қысқарту арқылы жасалған еркелету, құрметтеу мәнді есімдер қолданысы негізінен адамның азан шақырып қойылған есімімен қатар қолданылады. Айналасындағы адамдар атымен атап жүріп, кейде ерекше риза болғанда сол есімді пайдалануы мүмкін. Құрметтеу, еркелету мәнді есімдердің өмір сүруінің бұл – бір формасы, екінші, бірі бала күнінде немесе есейген кезінде жалпы өз аты ұмытылып, жұрттың берген есімімен аталуы, үшіншісі, құрметтеу мәнді есімдердің дербес антропоним ретінде туған кезде бірден берілуі. Сирек қолданылған жағдайда реңк мәні сақталады да, тұрақты қолданысқа көшкенде антропонимжасамдық сипат алады. Дайын есім ретінде қолданысқа түсуі антропонимжасамдық болмысының көрсеткіші болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытып, антропонимдердің жасалу жолдарындағы тілдік мәселеге келсек, бірнеше тәсілдің қолданылатынын байқаймыз. Оларды жинақтап, мынандай екі топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Біріккен тұлғалы антропонимнің алдыңғы немесе артқы компоненттерінің бірі қысқартылып айтылады. Мысалы, Мұхаметкерім – Мұқамет немесе Керім, Мұқаметсалық – Мұқамет немесе Салық, Айымжан – Айым, Болатжан – Болат, кейде Гүлнұрды – Гүл деу секілді т.б. түрде тұлғаланады. Мысалы, *«Күйеуі қасына келді: – Гүл, не болды саған? Гүлнұр ұят пен аяныштан жүрегі қарс айрылып: Еркін, ол менің бұрынғы күйеуім... – деді»* [88, 11 б.]. Көріп отырғанымыздай, мысалдағы есім еркелету мәнінде жұмсалып, тілдік дәстүрге сай қысқарту арқылы берілген. Бұл жерде қысқарғаны болмаса, ешқайсысына арнайы жалғау жалғанып тұрған жоқ. Ал, ілгеріде берілген «Абай жолындағы» Асылбекті – Асыл аға немесе Қуандықты (Шаңғытбаев) – Қуан аға – деп қолдануда аға сөзі тіркеліп айтылады, сонымен қоса, осы құрмет мәнді қысқарту тәсілі қолданылып тұрғанын атап өтуіміз керек.

2. Мағынасы айқын, дербес қолданыстағы кісі есімдері қысқарып, оған құрметтеу, еркелету мәнді арнайы қосымшалар жалғанады. Бұл жүйе өз ішінде буын санына қарай бірнеше топқа бөлінеді: а) бірінші буыны немесе бірінші дыбысы ғана (дауысты болып, жеке буын құрай алатын) қалдырылып, қалғаны қысқарады да, оған арнайы қосымша жалғанады. Мысалы, а) бірінші дыбыс немесе буынның сақталуы: Ормантай – Оқан, Әлпейіс – Әшен, Еркін – Екенай, Сыпабек – Сәке, Биенді – Бәке, Жұмабек – Жәкен т.б.; ә) екінші буыннан қысқарып, арнайы қосымшалардың жалғануы: Жолдыбай – Жолдеке, Нұрман – Нұрмеке, Өскенбай – Өскенеке т.б.; б) біріккен тұлғалылардың бір сыңары қысқартылып, еркелету мәнді қосымша жалғанады: Болатбек – Болатжан, Молдабек – Молдаш, Нұрболат – Нұртай, Ермағамбет – Еркен т.б.; в) толық есімге еркелету мәнді қосымша жалғанады: ілгеріде келтірілген «Абайжан-ай қайдағыны айтқыздың-ау! Айыпты Өскенекеңнің өзі емес. Тағы сенің әкең [22, 112 б.]» – деген сөйлемнен соны анық аңғарамыз. Егер азан шақырып қойылған есім шығу тегі жағынан еркелету мәнді болса, оған осы мағынадағы тағы бір қосымша жалғанады. Мысалы: Бәкежан, Жәкенай, Бәкентай т.б. Кейде Баймұқанды – Бай-жан-тай, Ақмолданы – Ақ-тай-жан, Айманды – Ай-ым-жан т.б. деп бірден ортақ мағыналы екі қосымша қатар жалғанады. Жалғамалы тілдің заңдары бойынша бір түбірге мағыналас екі қосымша қатар жалғанбауға тиіс. Алайда, кісі аттарының құрамындағы қолданысын, алғашқы қосымшаның өз мәнін жоюымен немесе түбірге қарай ығысуымен түсіндіруге болады.

Есімдердің дыбыстық тұлғасындағы мұндай өзгерістерге арнайы тоқталуымыздың себебі, біріншіден, құрылымындағы әрбір өзгерістің, әлеуметтік қызметімен байланысты, тілдік тұрғыдан зерделенуге тиіс өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, бірінші буыннан қысқаратын Сәке тұлғасының құрамына Сәрсенбек, Сағынай, Серікқали, Сыздық, Солтанқұл т.б. секілді бірнеше тұлғаның бірігуі мүмкін. Сондықтан мұндай тұлғалардың табиғатында жалпылауыштық, жинақтауыштық мән күштірек болады және осы сөз болып отырған тәсіл арқылы қалыптасқан тұлға тілде дербес мәнді есім ретінде тұрақтап қалуы мүмкін. Ал екінші буыннан қысқаратындардың бастапқы дыбыстық тұлғасын шамалап ажыратуға болады. Сондықтан олардың жалпылық, жинақтауыштық мәні бәсеңдеу болады және дербес антропоним ретінде қалыптасу мүмкіндігі де аса жоғары бола бермейді. Оның бір себебі – қолданыста кісі аттары тұлғасының айтуға жеңіл, ықшам болу жағы да назарға алынады. Бірінші буыннан қысқару

мен бірінші компоненттен қысқарудың буын санына байланысты өзара ұқсастығы осыған дәлел. Мысалы, Досымбектің Досым болып қысқаруы мен Қалмұқаметтің Қалкен түрінде тұлғалануы буын санына байланысты ортақ антропонимжасамдық тәсілдің жемісі – екеуі де қысқарып, екі буынды (бірдей) тұлғаға айналып отыр.

Қазақ тілінде адамды еркелету, құрметтеу түрлі формада жүзеге асады: *қосымша жалғау* арқылы және *есімін қысқарту* арқылы немесе *мүлде басқаша ат қою* арқылы. Антропонимдік қордағы бірліктердің көпшілігі осы жолмен жасалғаны байқалады. Е р - келету, құрметтеу мәнді қосымшалар табиғатындағы ерекшелік – кісі есімі құрамында қолданыла келе бастапқы төл мағынасынан алшақтап, форма тудыру қабылетімен көрінетіндігі. Әуелде үй ішінде, кейін ауыл-аймаққа осы тұлғасымен танымал болады. Мұндайда есім құрамындағы еркелету, құрметтеу мәнді қосымша мағынасымен емес, форма тудыру қызметімен танылады. Осы орайда есім мен адам арасындағы байланыс мәселесін тағы бір еске ала кеткен жөн. Есім адамды атаушы таңба – ол біртұтастығымен мәнді. Қажеттілікке байланысты адамды шақырғанда (еркелету, құрметтеу мәнінен бөлек) есім өзінің жұртшылыққа танымал біртұтас сипатымен қолданылады. Ол өзін иеленген адамның болмысын сипаттау қабілетіне де ие. Бастапқы мағынасынан алшақтауының бір себебі осында. Біз еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалардың антропонимжасамдық қабілеті дегенде олардың тұрақты қолданысқа көшіп, форма айырғыштық сипатқа ие болған жағдайын айтамыз. Егер қосымша жекелеген адамдар тарапынан тек еркелету, құрметтеу мақсатында ғана жалғанса, сол дәрежесінде қалады. Ал еркелету, құрметтеу мәнді есім жұртшылық тарапынан бірізді, тұрақты қолданыс тапса, оны жасап тұрған қосымша жаңа бір форманың қалыптасуына себеп болады да, антропонимжасаушы сипатқа ие болады. Қазір қолданылып жүрген Құлекеев, Ескеева, Доскеев, Мәкенов, Жәкенов, Тұрышев т.б. секілді фамилиялардың бастауында еркелету, құрметтеу дәстүрінің тұрғаны анық.

Еркелету, құрметтеу мәнді есімдер туралы айтқанда қысқарту мен мүлде басқа есімдермен атауды да айта кеткен орынды, өйткені мұнда да адамға деген мейірім мен сүйіспеншілік, құрмет тұту сезімі көрініс береді және осы сезімдердің негізінде жаңа тұлғалы есімдер жасалады. *Қысқарту арқылы* жасалған есімдердің өзгеру жолдары мынандай болып келеді: мысалы, Мұқаметкерім, Мұқаметсалық, Мұқаметқанапия, Әбілмансұр, Әбдірақман, Әбділәзиз т.б. секілді есімдердің көпшілігі қысқарып, қолданыста тек бірінші не екін-

ші компоненті қалған: Мұқамет, Керім, Салық, Қанапия, Әбіл, Мансұр, Әбді, Рақман, Әбділ, Әзиз т.б. Оның себебі – біріншіден, баланы еркелету, екіншіден, үнемдеу заңдылығының әсері. Қазақ тілінің қорындағы сөздердің басым бөлігі бір, екі, үш буындылар. Қалыптасқан дағдыдан ауытқып, күрделі тұлғалы есімдерді айту белгілі дәрежеде қиындық тудыраты белгілі. Ықшамдалған жаңа тұлғалардың пайда болуы – артикуляциялық мүмкіндігіміздің қалауы. Антропонимдік қолданыстағы бұл фактілер еркелету, құрметтеуге қатысты арнайы қосымшалар жалғаудан бөлек антропонимжасамдық сипатқа ие қысқарған формалардың бар екенін көрсетеді.

Балаға еркелетіп қосалқы ат берудің бір түрі түпкі негізге ешқандай қосымша жалғанбай, дыбыстық жағынан бастапқы формасына жақындығы жоқ атпен атау арқылы жүзеге асады. Қазақ халқының ұлы тұлғаларына бала күнінде еркелету мақсатымен мүлде басқаша ат қойғанын тарихтан білеміз. Мысалы, Шокан (Мұқаметханафия), Абай (Ибраһим) есімдері солардың бірден-бір дәлелі. Еркелету мәнді есімдердің бұлайша жасалуы тек осы екі тұлғаның төңірегімен ғана шектелмейді. Ел арасында баланың түріне, тәтті қылықтарына қарап қойылған қосымша есімдер жиі кездеседі, солардың ішінде кейбірінің шығу уәждері еркелетумен тікелей байланысты, сондықтан мағыналарында сол ақпарат сақталады. Осыған қарап қосымша есім беру халықтың әдетінде бар дағды екенін болжауға болады. Т.Жанұзақов ондай есімдерді «қосалқы аттардың» қатарына жатқызады. Еркелету мәнді қосалқы есімдер үлкендердің тарапынан да, кішкентай балалардың тілі келмей басқаша атауынан да, кейде сәбидің өз атын солай айтуына да жасалады. Қазіргі таңда қолданылып жүрген мынандай қосалқы аттар бар: Алтынай – Балтамған, Мұқаметжан – Балапан, Қанатбек – Әпек (тетелес ағасының тілі келмей), Райхан – Акон (көршілердің еркелетіп қойған аты), Күнболат – Жұқар, Руслан – Ұшан, Гүлбану – Бамбук (баланың өз атын айтуы бойынша аталып кеткен) т.б.

Еркелету, құрметтеу қазақ есімдерімен көп уақыттан бері бірге жасасып келе жатқан дәстүрлі ұғым. Оның антропонимжасамдағы орны ерекше. Ілгеріде аталған тәсілдер бойынша жүзеге асады. Тараудың негізгі мақсаты антропонимжасамдық қосымшаларға бағытталып отырғандықтан кейбір ерекшеліктердің төңірегімен шектелеміз. Дегенмен, кісі есімдерінің мағынасындағы еркелету, құрметтеу мәнді ақпараттардың берілу жолдары арнайы тереңірек қарастыруды талап етеді

3.3 Антропонимжасамдық қосымшалардың этимологиялық негіздері

Қазақ есімдерінің құрылымдық жүйесі түрлі элементтерден тұратыны белгілі, солардың ішінде антропонимжасамдық қосымшалардың орны үлкен. Олар белгілі бір кезеңде туып қалыптаса салған жоқ, керісінше ұзақ уақыттар бойы тілдің дәстүрлі даму заңдылықтарымен қатар дами отырып, өзіндік белгілері айқындалған. Оның бастауларын көне замандардан және қазіргі түркі халықтарының есімдерінен көруге болады. Кісі есімдерінің құрамындағы қосымшаларға этимологиялық талдаулар жасау барысында кейбір күтпеген жайттарға тап боламыз. Кей қосымшалардың шығу тегінің тікелей антропонимдік аталымдардан басталуы (*ақа, еке* 'аға' мағынасын білдірген), қарапайым қолданыста бір-бірінен алшақ жатқан қосымшалардың бір негізден таралуы (-ша, -ше мен -ш, -ыш, -іш), бірдей дыбысталатын тұлғалардың түрлі негіздерден таралуы т.б. соның айғағы.

Атауыштық қабілеті жағынан кісі есімдері екіншілік қызмет атқаратыны (бірінші сөз, екінші антропоним) секілді, антропонимжасамдық қосымшалардың да дайын формалардың қызмет ауысуы бойынша қалыптасқаны белгілі. Алайда, олар ішкі ерекшеліктері жағынан өз ішінде мынандай топтарға бөлінеді: 1) Кісі есімін жасауда белгілі мағынаны білдіру үшін жалғанатын түрлі грамматикалық категорияларға тән қосымшалар. Мысалы: есімше, көсемше, жедел өткен шақ т.б. Олардың бастапқы тұлғасы мен мағынасын ашу антропонимжасамдық қосымшаларды этимологиялық талдаудың нысанына кірмейді, өйткені кісі есімін жасауға қатысқан оның бастапқы элементтері емес, түрлі өзгерістердің нәтижесінде тілде орнығып болған қазіргі нұсқасы. Сондықтан олардың мәселесі бұл орайда қарастырылмайды. 2) Кісі есімдерінің құрамында дыбыстық өзгерістердің нәтижесінде қалыптасқан жасанды формалар бар. Тұрақты қолданылуы мен антропонегізге жалғанып, жаңаша тұлғалар жасау қабілеті бойынша оларды да қосымшалар қатарына жатқызамыз. Қалыптасу мен антропонимжасамдық қабілеті бойынша олардың табиғаты тым терең саралау мен тарихи салыстырмалы әдісті талап етпейді. Антропонимжасамдық фактілер мен антропонегіздерді өзара салыстыра отырып, анықтауға болады. 3) Шығу тегі жағынан арнайы саралауларды талап ететін қосымшалар – негізінен еркелету, құрметтеу мәнділер мен тоғысу құбылысының негізінде, тілде бұрыннан бар қосымшаларға ұқсап кеткен тұлғалар бо-

лып табылады. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген көптеген есімдердің осы қосымшалар арқылы қалыптасқаны байқалады. Этимологиялық талдаулар жасаудағы негізгі мақсат – бастапқы мағынасы мен антропонимжасамдық мүмкіндікке ие болу жолдарын айқындау, яғни даму сатыларын зерделеу.

3.3.1 Антропонимжасамдық жасанды тұлғалардың қалыптасу жолдары

Антропонимжасамдық жасанды тұлғалардың құрамында төл сөздерден жасалғандармен қатар, кірме сөздерден қалыптасқандары да кездеседі. Олардың біршамасы түрлі мысалдармен салыстыра қарастыруды талап етсе, енді біразы туралы қарапайым түсінік берумен шектелуге болады. Мысалы, айтылу барысындағы өзгерістің нәтижесінде ұзақ компонентінің қысқарып, -зақ (Байзақ, Мыңзақ, Нұрзақ), ұланның қысқарып, -лан (Бозлан, Беглан, Ерлан), заданың қысқарып, -зат түрінде қалыптасқан жаңа түрі жасанды тұлғалардың қатарына жатады.

мбет (-бет) тұлғаларының қалыптасу жолдары

-мбет (-ымбет, -імбет) тұлғасы Айымбет, Ағымбет, Әжимбет, Әлімбет, Бегімбет, Байымбет, Болымбет, Бозбәйімбет, Бозымбет, Болымбет, Білімбет, Бақтымбет, Балқымбет, Балымбет, Бегімбет, Бердімбет, Берімбет, Биімбет, Бозымбет, Бершімбет, Дәуімбет, Дәулетімбет, Дәйімбет, Дәрімбет, Досымбет, Дүйсембет, Ділімбет, Елімбет, Есімбет, Жайсымбет, Жайымбет, Жақсымбет, Жалымбет, Жәлімбет, Жарқымбет, Жаршымбет, Жарымбет, Жәрімбет, Жолымбет, Зарымбет, Келімбет, Қазымбет, Қалымбет, Қосымбет, Құлымбет, Құрымбет, Құттымбет, Нарымбет, Нұрымбет, Тұрымбет, Сырымбет т.б. секілді антропонимдер құрамында кездеседі. Біршама сөздің түбіріне жалғанып, антропоним тудыратын белсенді қызметі және өзі жалғанған сөздің ер есімі екені туралы ақпарат беруі оның антропонимжасамдық қосымша ретіндегі өзіндік орнын айғақтайды.

Морфологиялық құрылымы жағынан алғанда -мбет тұлғасының әртүрлі жолмен жасалғаны байқалады, яғни тілдің дыбыстық заңдарына сәйкес өзгерістердің нәтижесінде түрлі мәнде жұмсалған бірнеше тұлға бірдей формаға айналып отыр. Бұл түзілімге екі түрлі қарауға болады: біріншіден, -мбет – қазіргі кезде антропоним тудыру қабілетіне ие болған дербес қосымша. Түбір сөздің қысқаруы арқылы жасалған. Ал оның форма ретінде қалыптасу ерекшелігі де екі түрлі болжамға жетелейді: 1) -мбет «Мбет – Мұхаммед пайғамбар

есімінің қысқарған формасы», «мақтаулы» деген мағына береді [216, 30 бет]. Бұл ғылыми тұжырымды қосымша мынандай мәліметтермен толықтыруға болады. Қазақ тілінде Мұхаммадтың Мұхамбет (м-ның б-ға алмасуы) болып айтылуы жиі кездеседі. Олар қазір екі түрлі есім ретінде қолданылып, құжаттарда сол нұсқада жазылып та жүр. 2) -мбет қосымшасы араб тіліндегі уммат (халық, көпшілік қауым, пайғамбардың дініне кіріп, мұсылмандықты қабылдаушылар) сөзінің қазақ тілінде фонетикалық өзгеріске түскен үмбет нұсқасының қысқарған түрі. Қазір осы сөзден жасалған Үмбетәлі, Үмбетбай, Үмбетей секілді антропонегіздер кездеседі. Демек, мағыналары әртүрлі екі сөздің антропонимжасамдық бір тұлғаны сомдауы болып табылады. Ілгеріде аталғандар Аймұхамбет, Нұрмұхамбет, Бекмұхамбет, Баймұхамбет, Келмұхамбет, Қалмұхамбеттің қысқарып, Айымбет, Нұрымбет, Бегімбет, Байымбет, Келімбет, Қалымбет болып тұлғалануы немесе Ай+үмбет (Айымбет), Нұр+үмбет (Нұрымбет) т.б. екі сөздің бірігуінен жасалған есімдер. Алғаш екі түрлі мағына мен тұлғада пайда болғанмен, кейін ортақ сипатқа ие болған.

Екінші болжам бойынша -мбет – құранды қосымша. Құрылымы жағынан қазақ тіліндегі антропоним тудырушы -м қосымшасы мен бет сөзінің бірігуінен жасалған. Тілдік фактілер бұл болжамды да раска шығарады. Мысалы, қазақ тіліндегі антропонимдер құрамындағы *-бет* сөзі дербес компонент ретінде қолданылады: Бетімбай, Бетбай, Ақбет т.б. Ілгеріде аталған есімдерді Ай-ым-бет, Нұр-ым-бет, Бегім-бет, Қал-ым-бет түрінде морфологиялық тұлғаларға бөлшектеуге болар еді. Құрамындағы *бет* формасын қысқартып карағанда, пайда болатын Айым, Нұрым, Бегім, Қалым антропонимдері қазіргі кезде белсенді қолданылатын, дербес антропонимдер болып табылады. Осы болжамдарды жинақтай келгенде *-мбет* (*-ымбет*, *-імбет*) тұлғасын қосымша ретінде тануға мүмкіндік беретін мынандай дәлелдерді келтіруге болады: 1. Дыбыстық тұлға өзгеріске түскен, қазіргі кезде жеке тұрып Ымбет немесе Імбет (Үмбет емес) түрінде есім жасау қабілеті төмен. 2. Жалғанған сөздер антропонимге айналады. 3. Ер есімі екенін білдіреді. 4. Үнемі соңғы орында тұрады, яғни есімге негіз болатын сөзге жалғанады. Құранды тұлға – белгілі бір есімнің құрамында тұрғанда түпкі негізінің қайдан тарайтындығын (үмбет пе, -ім-бет пе?) анықтау қиын. Бұл ерекшеліктері тұрғысынан алғанда қосымшалық спатының терендей түскені байқалады.

-дияр тұлғасының қалыптасу жолдары

Ел, облыс, аймақ мағынасын білдіретін Дияр есімі қазақ тіліне арабтан енген. Қазіргі қазақ есімдерінің құрамында осыған ұқсас -

дияр (-тияр) тұлғалы антропонимжасамдық тұлға кездеседі. *-дияр* тұлғасымен келетін есімдердің мағынасына жасалған талдаулар бұл дыбыстық өзгерістердің нәтижесінде қалыптасып, қосымшалық сипат алған жасанды тұлға екенін көрсетеді. Кісі есімдерінің түсіндірме сөздігінде «Мадияр араб тілінен аударғанда 1. *махди* Марапатталған, құрметті; 2. жетекші; 3. әділетті және Түркі тілінде «дос» мағынасын білдіретін яр сөзінің бірігуінен жасалған есім. Венгрлердің атауы» деп көрсетеді [68, 240 б.; 118, 152 б.]. Бақтияр (Бақтияр, ир. – бақытты, құтты; Бақытжар, ар. Бәхт + қаз. жар – дос. Бақытты жолдас болсын деген тілекпен қойылған есім [198, 46 б.]. Мадияр (Венгрлер тайпасы), Алдияр (Алла жар), Аспандияр, Спандияр (Асфандияр//Спандияр 1) иран халық эпосындағы басты кейіпкердің бірінің есімі, 2) иран жыл санауындағы ай аты [198, 31 б.]), Молдияр (Мол және дияр), Ағдияр (Ақ және дияр), Байдияр (бай және дияр) т.б. секілді есімдер кездеседі. Осылардың шығу тарихы алуан түрлі Бақтияр көне этноним – қазіргі тұлғасына қарап *бақыт, жар* деген екі сөздің бірігуінен *бақыт жар болсын* деген мағынада қойылған болуы мүмкін. Мадияр да – көне тайпаның атауы. Ал, Алдияр, Спандияр, Аспандияр араб тілімен байланысты есімдер. Бұл жерде дыбыстық тұлғалардың сәйкестігіне байланысты *дияр* тұлғасы антропоним компоненті ретінде дербестікке ие болған, сөйтіп, қазақ тілінде бұрыннан бар *ақ, мол, бай* компоненттеріне тіркеліп, жаңа есімнің жасалуына себепші болып отыр. Құранды *-дияр* тұлғасы татар тіліндегі есімдер құрамында да кездеседі екен: Зағидяр «киелі, қасиетті дос» мағынасын білдіреді. Қысқарған түрі – Задияр [162]. Қазақ отбасыларында дияр тұлғасының мағынасынан гөрі, дыбыстық тұлғасын басшылыққа ала отырып, ұйқас есімдер қою бар. Мысалы, Мадияр мен Бақтияр т.б. есімінің бір отбасындағы балаларға қойылуы бір ғана дәлелі. Ақтияр, Алдияр, Андияр, Аспандияр, Ахмедияр, Әлдияр, Бақтияр, Бектияр, Байдияр, Баудияр, Бердияр, Гүлдияр, Достияр, Елдияр, Есендияр, Естияр, Жолдияр, Құдияр, Мамадияр, Молдияр, Мұхамедияр, Сақтияр, Шадияр секілді есімдердің соңында тұрып, белсенді антропонимжасамдық қолданылуы бұл тұлғаның қосымшалық сипатын айқындай түседі.

-ман, -пан тұлғаларының қалыптасу жолдары

-ман тұлғасының этимологиялық табиғатына жасалған зерттеулерде көне мағынасы – «адам» деп берілетіні туралы айтылғаны белгілі. Сол зерттеулердің тұжырымдарына сәйкес тіліміздегі Айман, Гүлман, Қараман, Болман т.б. секілді есімдерді дербес мағыналы сөзден қосымшаға айналған *-ман* тұлғасы арқылы жасалып тұр деген

болжам жасаймыз. Қосымшаға айналған дербес мағыналы сөздің этимологиясын ашу өз алдына жеке мәселе, сонымен қатар осы тұлғаға келіп тоғысатын жасаңды элементтердің антропонимжасамдық қабілеті мен қалыптасу жолдарындағы кей ерекшеліктер арнайы қарастыруды қажет етеді. Тілімізде «адам» мағыналы сөзден қосымшаға айналған *-ман* тұлғасынан басқа *-ман*, *-пан* тұлғалары қолданылады. Екеуі бір қосымшаның дыбыстық нұсқалары. Араб тілінен енген Құсман (Құспан), Қосман (Қоспан) секілді есімдер қазақ тіліне енгенде дыбыстық тұлғасының өзгеруімен қатар, құрамына антропонимжасам заңдары бойынша түрлі қосымшалар жалғаған бірінші буыны Қосан, Қосай, Қостай, Қосым секілді жаңа есімдердің жасалуына негіз болған. Екінші буынындағы *-ман* бөлігі де сыртқы тұлғасының ұқсастығына байланысты жаңа қызметке ауысқан сияқты. Дербес қолданыла келе *-пан*, *-мен*, *-пен* секілді нұсқалары да қалыптасқан сыңайлы. Доспан – Досман, Ақпан – Ақман, Тоқпан – Тоқман, Болман – Болпан, Балман – Балпан, Батман – Батпан (Батпанак), Бекпан – Бекман, Әумен – Әупен, Әлмен – Әлпен, Биман – Бипан, Гүлман – Гүлпан, Ерман – Ерпан т.б. секілді көптеген есімдерді түбір мен қосымшаларға жіктесек осыған көз жеткіземіз. Аталған есімдер құрамындағы қосымшалардың түпкі тегін *-ман* тұлғасымен ғана байланыстыру біржақтылық болатын секілді, алайда олардың қалыптасуында осы форманың өзіндік орны бары да анық. Бұл айтылғандардан *-ман* тұлғасының екі түрлі жолмен жасалғанын байқауға болады: *біріншіден*, араб тілінен енген *Үсман*-ның қазақ тілінің заңдарына бейімделе қалыптасқан дыбыстық нұсқалары. Қазақша айтыла келе сырт келбеті қазақ тіліндегі басқа сөздермен бірдейлесіп, құрамы екі морфемадан тұратын секілді сипатқа ие болған. Алайда бұл шығу тегіне қатысы жоқ, айтылу барысындағы өзгерістердің нәтижесі. Бұл есімнің қазақ тілінде Оспан, Осман, Ғосман, Ғұсман, Ғұспан, Қосман, Қоспан, Құсман, Құспан секілді дыбыстық нұсқалары бар. *Екіншіден*, аталғандардың ішінде *Құсман*, *Құспан*, *Қосман*, *Қоспанның* бірінші компоненттерімен сәйкес келетін қазақ тілінде *Құс-ан*, *Құс-аяқ*, *Құс-жан*, *Құс-бек*, *Құс-қара*; *Қос-ай*, *Қос-ан*, *Қос-жан*, *Қосбармақ*, *Қосдәулет*, *Қосжүрек*, *Қосжігіт* т.б. секілді есімдер бар. Бұл есімдердің бірінші компонентін *Үсман*ның дыбыстық тұлғасы ретінде тануға да және қазақ тіліндегі *құс* (қанаты бар жануар), *қос* (жұп, екеу) сөздерімен байланыстыруға да болады. Қазақ есімдерінің жасалуына қатысты тілдік тәжірибе көрсеткіштерін жанақтай келгенде мынандай да фактілер кездеседі екен. Баймақан, Бірмағамбет, Есмұқан, Аймақан

т.б. секілді есімдердің қысқаруынан Байман, Біран, Есман, Айман т.б. болып жаңа тұлғалар жасалған. Бұған қарағанда қазақ антропонимжасамының тәжірибесінде ман тұлғасы жасалуының үшінші бір тәсілі көрініс береді.

3.3.2 Антропонимжасамдық байырғы қосымшалардың қалыптасу жолдары

Қазақ тіліндегі түрлі сөз таптарына тән сөзжасамдық немесе формажасамдық қосымшалардың көпшілігі антропоним жасауға да қатысып, жанаша сипатқа ие болған тұлғалар. Бұл ерекшелігінде олардың екі түрлі қолданысы байқалады. Даму үдерісі жағынан да сөзжасамдық (формажасамдық та) және антропонимжасамдық мүмкіндігі көрінеді. Тілде бұрыннан қолданылып келген байырғы қосымшалар антропоним жасау қызметіне ие болғаннан кейін олардың тілдік табиғаты түрлі өзгерістерге ұшырайды. Біраз тұлғалар өзі арқылы берілетін *шақтық*, *бұйрықтық* мағыналарынан алыстайды: кісі есімдерінің мағынасында негізінен баланың болашағы меңзеледі, ондайда өткен шақтың болуы мүмкін емес, сонымен қатар Ұлы Жаратушыдан пендесі тек сұрай алады, бұйрық беретін құзіреті жоқ. Бұйрық мәнді есімдердің (Тұрсы, Тоқтасын, Берсін т.б.) құрамындағы қосымшалардың мағынасындағы өзгеріс осындай ерекшеліктерінен көрінеді. *Шағын*, *шектеулі көлем мен мөлшерді* білдіретін ұғымдар жинақталып еркелету мәнінде жұмсалса, *кеңдік*, *үлкендік*, *көптік* секілді ұғымдар сыйлау, құрметтеу мағынасының аясына топтасады. Аталған екі топтың құрамында түрлі тұлғалар бар, яғни еркелету мен құрметтеу түрлі қосымшалар арқылы беріледі. Белгілі бір есімдердің құрамында тұрақты қолданыла келе бұл қосымшалар еркелету мәнінен алшақтап, дербес есім жасау мүмкіндігіне ие болады. Байырғы қосымшалардың біразының шығу тегі, кісі есімдерінің құрамында тұрғанда атқаратын қызметі, мағыналық өзгерістері айқын болғандықтан, арнайы талдауларды қажет етпейді. Олардың қатарына есімше, көсемше, рай, жедел өткен шақтың жұрнақтарын т.б. жатқызуға болады. Ал енді біразының тілдік табиғатындағы ерекшеліктер ішкі сырларына үніліп, түпкі мағынасы мен антропонимжасамдық мағынасының арасындағы байланыстарды ой елегінен өткізуді қажет етеді. Енді солардың бірнешеуіне тоқталып көрелік: Тоқ-а, Ман-ақ, Ақан, Ақтай, Ақыш т.б. секілді тұлғаларды негізінен кісі есімі ретінде танимыз. Түбір мен қосымшаларға жіктесек, Тоқ-, Ман-, Ақ- және -а, -ақ, -ан, -тай,

-ыш болып шығады. Этимологиялық табиғаты терең талдауларды қажет ететін осы қосымшалардың антропонимжасамдық қабілетінің қалыптасу тарихы мен мағынасы туралы қазірге дейін арнайы зерттеулер қолға алынбай келеді. Бастапқы тегі еркелету, құрметтеу мәнді антропонимжасамдық қосымшалардың шығу тегі «кішкене, шағын, жұқа, нәзік т.б.» секілді дербес мағыналы сөздерге барып тіреледі. Осы ерекшеліктеріне қарай шектеулік мәннен кішірейту, кішірейтуден еркелету; көптік мәннен үлкейту, үлкейтуден сыйлау, құрметтеу мәніне ауысқан деген қысқаша тұжырым жасаймыз. Қазақ тілінде көптік ұғымды білдіретін үш түрлі морфологиялық форма бар. Олардың бірі -ыз/-із, -з. екіншісі – -қ/-к, үшіншісі – -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер формасы [181, 2 б.]. Осы аталған қосымшалардың үшеуі де қазіргі кезде кісі есімдерінің құрамында антропонимжасаушы тұлғалар ретінде қолданылады. Антропонимжасаушы қосымшалардың саны бұлармен шектелмейді, керісінше тілдегі сөзжасаушы және форма тудырушы байырғы қосымшалардың көпшілігі антропонимжасамға да қатысады.

-й (-ай, -ей) қосымшасының тарихи негіздері

Қазақ тіліндегі антропонимжасамдық *-й (-ай, -ей (әрі қарай -й))* қосымшасының шығу тегі мен қалыптасуы да осы жүйенің аясында жүзеге асқан. Сондықтан, оның табиғатына тән белгілер мен заңдылықтардың сырларын айқындау тарихи және салыстырмалы талдауларды қажет етеді. Бұл орайда, жалқы есімдердің қолданысындағы тілдік фактілер және антропонимжасамдық қосымшалардың табиғатына тән белгілер мен әрқайсысының жекелеген тілдердегі нұсқалары, мағыналық ерекшеліктері туралы мәліметтер аса маңызды болып табылады. Ал оған дереккөз ретінде көне түркі ескерткіштерінің материалдары мен қазіргі түркі тілдеріндегі (қазақ, ноғай, құмық, қарашай-малқар, татар, башқұрт) кісі есімдерін пайдаланамыз.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің материалдарында *-ай* тұлғасы препозитивті-күшейткіш демеулік және поспозитивті-вокативті (шақыру, назарын аудару) демеулік қызметін атқарғаны туралы деректер бар [52, 25 б.]. Б. Сағындықұлы шаңқай сөзінің этимологиясына талдау жасағанда «*-ай* жұрнағы молшылықты білдіретінін» айтады [138, 211 б.]. Татар есімдерінің түсіндірме сөздігінде *Балтай, Батырай, Иманай, Казанай, Манай* т.б. секілді есімдердің құрамындағы *-ай*-ды шақыру-көңіл бұру-бұйыру мәнді қосымша ретінде таниды. Бұл орайда ол көне түркі тілінің деректеріне де сүйенетін секілді [162]. Қазір осы мағынасымен сөздің алдында, артында «*әй*, қарағым-

ай!», «эй, шырағым-ай!» т.б. секілді сипатта одағай жасауға қызмет етеді.

Қазақ антропонимдерінің құрамындағы *-й* тұлғасының негізгі қызметі құрметтеу, еркелету болып табылады. Сондықтан оның антропоним жасауға негіз болған қарапайым қолданыстағы түрлеріне тоқталудың да маңызы бар. А. Ысқақов өз зерттеулерінде *-й* жұрнағының сыйлау, құрметтеу, үлкен тұту сияқты мағынасы барын айта келіп, *апай, ағай, әкей, шешей, атай, жездей, әпкей* т.б. секілді туыстық атауларды мысалға келтіреді. Қазір тек жақын туыстық атауларға ғана емес, құрмет тұтатын жасы үлкендердің бәріне жалғанып, *Жамбыл атай, Шолпан апай, Мәдина тәтей, Ұлбосын шешей* түрінде қолданылатынын айтады [180, 159 б.]. Қазақ тіліндегі осы қосымшаның кісі есімдері құрамынан орын алуы, яғни тарихи негіздері көне түркі жазба ескерткіштерінде кездеседі. Онда *-ай* (*-қай, кай*) тұлғасымен келетін *Сонај* (Чонай) [52, 153], *Іркәј* (Иркәй) [52, 12 б.], *Қатқай* [52, 436 б.], *Туғрај* (Турпай) [52, 588 б.], *Умай* (Умай) [52, 611 б.] т.б. секілді есімдер бар. Дыбыстық құрамынан *-ай* және *-қай* түріндегі екі нұсқа байқалады. Бұл екеуі мағыналық жағынан бір-біріне жақын болғанмен, қазір бір-бірінен алшақтаған дербес тұлғалар. Алайда, кей зерттеушілер тарапынан бір қосымшаның түрлі нұсқалары ретінде бірге қарастырылып жүр [79, 45; 170, 28 б.].

-й тұлғасының құрметтеу, еркелету мағынасы қазіргі түркі халықтарының есімдеріне ортақ. Ілгеріде атап өткеніміздей, «Татар есімдерінің түсіндірме сөздігінде» татар тіліндегі *-ай* тұлғалы кейбір есімдерді «шақыру-көңіл бұру-бұйыру» мәнді деп қарастырса, башқұрт, татар есімдерін зерттеуші А.Г. Шайхулов пен З.М. Раемгужина өз еңбектерінде татар, башқұрт тілдеріндегі *Атай, Атакай, Әти, Өтекәй, Өтәй* есімдерінің құрамындағы *-й, -кәй// -кай, -әй* қосымшаларын құрметтеу, жоғары санау мақсатында қолданылатын қосымша ретінде таниды [170, 28 б.]. Антропонимжасамдық бір қосымшаның мағынасы туралы екі пікір, бұл жерде, қайшылық емес, керісінше көне түркі замандарынан жеткен дыбыстық тұлғаның дамуы барысында қалыптасқан екі түрлі сипаты болса керек. Осы есімдердің қазіргі түркі тілдеріндегі нұсқалары мынандай болып келеді. *Татар есімдерінің құрамында*: Асыл+ай, Дусм+әй, Күз+ай, Рәхм+ай, Тука+й, Ураз+ай, Чук+ай; *башқұрт тілінің құрамында*: Азна+й, Гим+ай, Ирза+й, Ирс+ай, Күз+әй, Нур+ай, Ураз+ай [Шайх. Башк-тат.исем]; *ноғай есімдерінің құрамында*: Зейн+ай, Кубан+ай, Сарсе+й, Шәммет+ей, Шока+й, Юма+й, Кокке+й, Тот+ай, Тотым+ай

[148]; *қарашай-малқар есімдерінің құрамында*: Ач+ей (Ачакмет), Дур+ай, Зул+хай, Мат+ай, Мах+ай, Ораз+ай, Чот+ай, Чука+й [148]; *құмық есімдерінің құрамында*: Ағъа+й (түркі. Аға), Акъа+й (түкі. аға), Буда+й (түркі. ерк. әке), Дада+й (әкей), Дат+ай (түркі. дәмді, тәтті), Зазай (гүлдену, шешек ату, гүл ату), Атай (әке), Сарай (Сара – ханым немесе жат жерлік); Тетей (булг. «тәте»), Укъу(й) (араб.-түркі. ерк. «ақылды»), Чубай (түркі. ерк., бұрмаланған, өзгертілген «Шұбар»), Шамай (парс.-түркі. ерк. Шамала-хош иіс) т.б. [41] секілді тұлғаларда қолданылады. Зерттеушілер осы аталған -й тұлғалыларды еркелету мәнді есімдер деп таниды.

-й тұлғалы есімдердің құрамын морфологиялық тұрғыдан талдағанда, кейбірін дербес мағыналы сөз (Ай) ретінде қабылдауға да болатыны байқалады. Осыған байланысты антропонимжасамдық -й қосымшасының этимологиясы (екінші сөзбен – жасалу жолдары) туралы зерттеулерде де жан-жақты қарастырылады. Мысалы, Т. Жанұзақов еңбектерінен оның бірнеше түрін көреміз: 1. Ай (планета атауы) дербес мәнді сөз: Бозай, Досай, Жанай, Қосай, Гүлай (Күлай), Жұлдызай, Күнай, Күмісай, Нұрай, Толғанай, Тұрсынай, Ұлғанай т.б. секілді есімдердің құрамындағы ай тұлғасын осы топқа жатқызады. Этимологиялық тұжырым жасағанда толық мағыналы сөз ретінде қарайды. 2. Бошайдың құрамын «көне түркі тілінде бош – тәуелсіз, еркін + бай» – түрінде талдайды, яғни -ай тұлғасы «-бай» сөзінің дыбыстық өзгерісінен пайда болған тұлға [62]. 3. «Антропонимдерді жасаушы аффикстерді» топтастырғанда -ай, -ейді қосымшалар қатарында қарастырады [64, 165-166 б.]. Бұл талдаулардың қай-қайсысын да жокқа шығару қиын, нақты біреуіне тоқталып, осы негізден таралады деген тұжырым жасауға да келмейді, өйткені антропонимжасам болмысының өзі жан-жақты қарастыруды талап етеді.

Ай сөзінің қосымшаға айналу үдерісі жөнінде мынандай болжам жасауға болады. Антропонимжасам жүйесі тұрғысынан қарағанда, -й формасының бір нұсқасы -ай әу баста дербес мағыналы сөз түрінде кісі атының компоненті болып қолданысқа түскен. Дыбыстық тұлғасының ықшамдылығы өзі бірігетін сөздің алдынан да, артынан да тұруына мүмкіндік тудырған сыңайлы. Бұл мүмкіндігі қазірге дейін сақталып қалып отыр. Жалғамалы тілдің даму заңдылықтарына сай, күрделі есімдердің құрамында бірінші орында тұрғанда өз дербестігін сақтап қалған да, соңғы орында келгенде, осы қызметте жиі қолданылуының нәтижесінде, лексикалық мағынасынан алшақтап, қосымшалық қызметі басым сипатқа ие болған. Тіліміздегі көптеген

тұлғалардың осындай жолдармен қалыптасқанын ескерсек, -Ай сөзінің қосымшаға айналу үдерісі де түсінікті болмақ. Көне түркі тілінде Ай компонентінің бірінші орында тұруынан жасалған *Aj qayan* (Ай қаған) *э.е.*, *Aj ölütcü* (Ай өлүтчи); *Aj toldi* (Ай толды *э.е.*) секілді есімдер кездеседі [52, 25 б.]. Қазір мұсылман (соның ішінде түркі) халықтарының антропонимжасам жүйесінде ай компоненті кеңінен таралған, тұрақты әрі белсенді қолданылатын антрополоксема ретінде танымал [118, 33 б.], ал қазақ тіліндегі нұсқалары мынандай сипатта қалыптасқан: Айбақ, Айбақан, Айбала, Айбалта, Айбану, Айбарша, Айбаршын, Айбас, Айбасқали, Айбатыр, Айбейнеш, Айбек, Айбекет, Айберген, Айберді, Айберік, Айбет, Айбәтес, Айбибі, Айбике, Айбол, Айболат, Айболған, Айболды, Айбосын, Айбөбек, Айбөпе, Айбүбі, Айғабыл, Айғазы, Айғайша, Айғали, Айғалым, Айған, Айғана, Айғанбек, Айғанша, Айғаным, Айғаныс, Айғара, Айгелді, Айгенже, Айгерім т.б. Ай компоненті екінші немесе соңғы орында тұрғанда дыбыстық формасы жағынан да, адамды атау, яғни қызметі жағынан да қосымшадан айырмашылығы болмайды. Тек бір айта кетерлігі – қосымша ретінде жалғанғанда кісі есімінің түбірі кез келген буыннан немесе дыбыстан қысқаруы мүмкін. Мысалы, Қоспан, Қосбармақ, Қосанәлі бірінші буыннан қысқарып, оған -ай қосымшасы жалғанып, еркелету, құрметтеу мәнді Қосай тұлғасы жасалған, сондықтан ілгеріде келтірілген Т. Жанұзақов талдауларындағы Бозай, Досай, Жанай... т.б. секілді өзге есімдердің де осындай өзгерістерге түсе алатынына күмән жоқ. Бұл жағдайда ол қосымша қызметін атқарады.

Құрметтеу, еркелету қосымшалары (-й, -ай, -ей) кісі есіміне жалғанып, тұрақты қолданысқа көшкен жағдайда рең мәнін тудыру мүмкіндігінен айрылады да, құрылымның бөлшегі, яғни форма тудыру қызметімен ғана қалады. Екіншіден, кісі есімі негізінен адамды атауға бағытталады да, қолданыс барысында оның бастапқыда ойға алынған мағынасы біртіндеп екінші орынға қарай ығысады, нәтижесінде дербес мәнді сөздің (-Ай) қосымшаға айналу үдерісі басталады. Екеуінің (қосымша мен дербес мәнді сөздердің) бойында болатын осындай екі түрлі үдеріс оларды бір-біріне сіңіріп жібереді де, құрылымдық жүйесі мен семантикалық табиғаты бойынша ажыратып алу мүмкін болмай қалады. Ілгерідегі түбір тұлғалы *Ай* мен қосымша тұлғалы *-айға* байланысты туындап отырған мәселе осы үдерістің негізінде пайда болған. Бұл антропонимжасамдық қосымшалардың дамуы мен дербес мәнді сөздердің қосымшаға айналу үдерісіне тән заңдылық

Ғылыми тұжырымдармен қатар, өмірдегі кейбір мысалдардан *-й* қосымшасының еркелету, құрметтеу мағынасына ие екенін байқаймыз. Күнделікті өмірде кездесетін Ержанды – Елай, Есенжанды – Есенай (дыбыстық нұсқасы Есенай), Бекболатты немесе Бекзатты – Бекенай, Болатбекті – Болатай, Гүлсімді – Гүлсінай т.б. деп атау осыған дәлел. Тұрақты қолданыла келе екіншісі басымдыққа ие болып, азан шақырып қойылған сыңары қалып қоюы мүмкін. Мұндайда олар, рең мәнін тудырушылық (еркелету, құрметтеу) сипатынан ажырап, антропонимжасамдық жаңа тұлғалардың қалыптасуына негіз болады. Қазіргі кезде дербес қолданыстағы Есенай, Бөкей, Шоқай, Боқай, Мұқай т.б. секілді есімдер осындай даму үдерісінің көрсеткіші. Қазақ тілінде *-й* қосымшасымен жасалған Абай, Боғай, Бозай, Боқай, Болай, Болатай, Бопай, Борай, Боранай, Ботай, Ботпанай, Бошай, Бошайбек, Бөбей, Бөгей, Бөдей, Бөжей, Бөкей, Бөкейқан, Бөлей, Бөпей, Бөтей, Бөтеней, Бұғай, Бұғанай, Бөпеней, Бітімай, Бажай, Бажанай, Бәкенай, Дікей, Дәкенай, Дәтей, Гүлай, Гүлдерай, Гүлнарай, Гүлсінай, Гүлшұғай, Ғадай, Дадай, Дәдей, Дәшай, Ебей, Екей, Екейбай т.б. секілді есімдер көп. Ілгеріде аталғандай түрлі жолдармен дами отырып, қазір баршасына ортақ антропонимжасамдық қызмет аясына топтасқан. Қалыптасу жолдары туралы талдаулар олардың шығу тегі әртүрлі екенін көрсеткенмен, антропоним жасау барысында бір-біріне сіңісіп, қазір бірыңғай қосымшаға тән қасиетке ие болған. Есім компонентінің соңында келіп, *-й, -ай, -ей* түрінде орнығуының өзі олардың дәстүрлі қосымшаларға тән сипаты мен дербестігін көрсетеді.

-ан (-ен, -н) қосымшасының қалыптасу жолдары

-ан, -ен, -ын, -ін, -н қосымшалары арқылы жасалған тілімізде *пішен, бөген, қыран* (<қыр-ан), *қорған, боран, сүрен* тәрізді етістік негізді біраз зат атаулары бар [90, 310 б.]. Ә. Нұрмағамбетов алақан сөзінің құрамын алақ (еліг) және *-ан* деп екіге бөліп қарастырады. Еліг түбірі «қол» мағынасын беретінін айтады. «Елін» не «алы» түбірлеріне *-ан* немесе *-қан* жұрнақтары қосылып, қазіргі қазақ тіліндегі «алақан» сөзі туған...». «Қол» сөзіне *-ан* (немесе *-қан*) қосымшасы жалғанса, біздің пікірімізше, «қолдың кішкене бөлігі» деген мағына білдіруге тиіс, яғни жұрнақ кішірейту-еркелету мәнінде жұмсалып тұр. Қарашай-малқар тілінде зат есім тудырушы өнімсіз жұрнақ қызметін атқарады: *-ан, -ын* (улан 'ұл', 'бала', 'жас өспірім' түб. улу 'ұл'; джалын 'түтін', 'қоңырсыған иіс' түб. джал 'от'; джауун 'жауын' түб. жау 'жауу'; джыйын 'топ', 'отряд' түб. джый- 'жи, жинау') [82, 814 б.]. Көне түркі тілінде Оула 'бозбала,

жас жігіт', ал оулан 'сәби, бала' мағынасын білдіреді [52, 363 б]. -*an* (-*än*) кішірейту, күшейту (көпше түрді білдірудің көнерген нұсқасы) мәнді қосымша. *Сурек қолд.*: *erän* 'er' (er 'ер'), оулан 'бала'; ұл; боз-бала (оуул 'бала; ұл', *örtän* 'жалын' (ört 'жалын, өрт')) [52, 650 б]. Д.Х. Базарова белгілі бір сөздер тобының түбірі дыбысқа еліктеуден жасалып, оған кішірейту-еркелету қосымшаларының жалғанғанын айта келіп, біршама мысалдар келтіреді. Солардың ішінде -*on* қосымшасы арқылы жасалған, *загизгон* 'сауысқан', *жиблажибон* (*диал.* жимбала-жибан) 'қаратамақ (шымшықтың бір түрі)' атауларын көрсетеді. Кішірейту-еркелету мәнді қосымша ретінде қарастыра отырып, -*on* өлі -*анның* фонетикалық нұсқасы деген этимологиялық тұжырым жасайды [24, 52 б.]. Қарапайым қолданыстағы осы секілді кішірейту-еркелету мәнді қосымшалар кісі есімдеріне жалғанғаны байқалады. Татар тілінде -*an* тұлғасы Балтан (Балта сөзіне кішірейту-еркелету мәнді -*an* (-*n*) қосымшасының жалғануы арқылы жасалған есім), Бузан (*көне түркі-татар; салттық (обрядовый) есім.* Есей, ұзақ өмір сүр (көне түркілік *буз* қазіргі татар тіліндегі 'бой' сөзімен сәйкес келеді); сонымен қатар «шашың ағарғанша жаса» деген мағынасы да назарда тұрады. Татар тілінде Бузан және оған қосымша жалғану арқылы жасалған Бузанақ түрі қолданылады [162]. Қазақ тілінде Абан, Әбен, Әмірен, Бозан, Божан, Болан, Ботан, Бажан, Бәкен, Бәген, Ғайсан, Әмен, Әден, Бабан, Бәбен, Мақан, Бәтен т.б. -*n* (-*an*, -*en*) тұлғасымен келетін көптеген кісі есімдері бар. Бұлар дербес тұлғалы есімдер ретінде саналғанмен, шығу тегі жағынан еркелету, құрметтеу мәнінде пайда болып, қалыптасқаны көрініп тұр. Аталған қосымшалардың қазіргі және көне мағынасы да осыны растайды.

-қан, -кен қосымшаларының қалыптасу жолдары

Антропонимжасамдық -*қан, -кен* тұлғаларының сыртқы табиғаты бойынша алғанда бір қосымшаның жуан және жіңішке екі түрлі нұсқасы деген тұжырым жасауға болады. Алайда, кісі есімдерінің құрамындағы қолданысынан мәселенің мұнан гөрі күрделірек екені байқалады. Хан компонентінің соңғы орында келіп, антропонимжасамдық қосымша сипатына ие болуы, сөйтіп оларды бір-бірімен айырғысыздай дәрежеде бір-бірінен сіңісіп кетуі сол қиындықтың бір қыры болып табылады. Осы ерекшелігіне байланысты болса керек, есім мағынасын түсіндірушілер қан тұлғасының мағынасын үнемі ханмен байланыстыруға бейіл. Т. Жанұзақов бұл қосымшалардың қазіргі кезде кісі аттарының сыңарында келіп, жұрнаққа айналып кеткен сөздер деп қарастырады да, кісі есімдерінің құрамындағы қосымшаларға қарай талдағанда Әзілқан, Тұрақан,

Төрехан, Қожақан есімдерін береді. Бұл екі қосымшаның бір-біріне сіңісіп кетуіне хан сөзінің бастапқы мағынасынан алшақтауы да себеп болып отыр. Дегенмен, *-қан* тұлғасымен келетін Абақан, Аятқан, Балақан, Ботақан, Білімқан, Гүлқан, Ғалымқан, Жұмақан, Дүйсеқан, Қошақан, Нұрқан т.б. секілді кей есімдерден еркелету мағынасының аңғарылатыны анық. Сонымен қан тұлғалы антропонимдердің құрамындағы қосымша екі түрлі: бірі жұрнаққа айналған көне лауазым атауы – *-хан*, екіншісі – еркелету, құрметтеу мәнді *-қан* қосымшасы. Лауазым атауынан ауысқан хан сөзінің шығу тарихы туралы зерттеулерде көп айтылғандықтан оған тоқталмаймыз. Антропонимжасамдық қосымшаға айналу себебі де түсінікті. Ал *-қан* тұлғасының қалыптасу мен антропонимжасамдық мүмкіндікке ие болуының сырларын талдауларды арнайы тоқталуды қажет етеді.

Ташкент говорында қан тұлғасымен қолданылатын «кітапқан – оқырман, гәзітхан – газет оқушы» секілді сөздер кездеседі [127, 97 б.]. Сол секілді ауыз-екі сөйлеу тілінде «намаз оқитын адам» мағынасында намазхан сөзі қолданылады. Бұл қолданыстарында қосымша әрекетті жүзеге асырушыны білдіріп тұр. Антропонимжасамдық мағына тудыруға қабілетті болғанмен, еркелету, құрметтеу мәні онан да гөрі жақынырақ, яғни есім тудыруға бейім екенін ескерсек, тағы да қарастыра түсу керек екені байқалады. Қазақ тілінде *-қан*, *-ақан* есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақ ретінде танымал. Бұзауқан, ботақан, балақан, қошақан т.б. секілді сөздерінің құрамында осы кішірейту-еркелету мәнінде қолданылады [180, 160 б.]. Б. Базылқан зерттеулерінде «қазақша *ботақан*, моңғолша *ботұғұқан* > *ботогхон*, мағынасы: «бота, еркелету сөзі» [25, 148 б.]. А. Әбдірахманов «Топонимика және этимология» атты еңбегінде А.П. Дульзонның еңбегіне сілтеме жасай отырып, «қан, -хем, -кем элементтерінің Алтайдан Атырауға дейін таралғанын айта келіп, *-қан* формантының шығу тегі екі түрлі болуы ықтимал – деп көрсетеді. Біріншісі, кішірейту жұрнағы...» [21, 121 б.]. Түрлі қосымшалардың қалыптасуы туралы талдауларында М. Томанов «Әртүрлі аффикстердің бір-біріне қабаттасып, бірігуі түбірге тікелей жалғанған аффикс мағынасының солғындап, дербес қолданудан шығып қалуына, кейде соңғы компоненттің күңгірттенуіне байланысты болса керек. Айталық «ботақан» сөзінің құрамындағы *қ* өз дербестігін жоғалтқаннан кейін барып *-ан* (әлде тек *н*, ал *а* – «жалғастырушы» дауысты дыбыс) жалғануы мүмкін. Солай екендігін кішкентай сөзінің құрамымен салыстыру арқылы көреміз: *кіш+ке+н+тай*. Көне түркі тілінде соңғы сөздің *кішіг* (соңғы *-г* қосымша) түрінде айтылғаны белгілі) – деген

ғылыми болжам жасайды [163, 96 б.]. Еркелету, құрметтеу мәнді -к (-к) қосымшалары арқылы жасалған есімдер – Бабақ, Тілек т.б. Осы есімдердің өзінен кейін *-ай, -ей; -ан, -ен* қосымшаларын жалғау арқылы жасалған Бабақай, Тілекей немесе Бабақан, Тілекен секілді түрлері бар. Тіліміздегі *бала+қай мен бала+қан, ботақай мен ботақан, лақай мен лақан және Абақай мен Абақан* секілді есімдер біз сөз етіп отырған еркелету мәнді *-қанның* қалыптасу жолдары туралы болжамымызда айқындай түседі [180, 1436]. Қосымша кісі есімдерінің құрамында тұрақты қолданыла бастағаннан-ақ алғашқы мағынасынан алшақтай береді. Сонымен, еркелету мәнді *-қан* – екі *-қ+ан* элементтерінің бірігуінен жасалған құранды қосымша. Екеуі де еркелету мәнін білдіреді. Айта кететін бір жайт – қалыптасу үдерісінің антропонимжасамда тез жүзеге асатыны белгілі болғанмен, кей есімдердің құрамында болмаса, *-қан* қосымшасы дайын күйінде қолданысқа түседі. Мысалы, Абақан, Бабақан есімдерінің құрамында еркелету мәні екі кезеңде (Аба-к және Абақ-ан, Баба-к және Бабақ-ан) орнықса, Бейсе-қан, Дүйсе-қан, Жұма-қан есімдерінің құрамында тұтас, дайын күйінде қолданысқа түскен. Бұл қосымшаның жіңішке формасы арқылы жасалған мынандай есімдер бар: Қалкен, Қайраткен, Әйкен, Нұркен, Өркен, Әукен, Зәукен, Ләзкен, Бескен, Күлкен, Байкен, Тәпкен, Нәшкен, Нәукен, Дәукен, Назкен, Нескен т.б.

-қа, -ке, -ға, -ге (-а, -е), -еке қосымшаларының қалыптасу жолдары

-қа (-ке, -кө), -ға, -ге қосымшалары мен сөзжасамдық *-қа, -ке, -ға, -ге* қосымшаларының өзара айырмашылығы бар. Әуелі сөзжасамдық қосымшалар туралы: тілімізде *тұтқа (<тұт+қа), жоңқа (< жоң+қа), бұр+ге (<бұр+ге)* туылымдары бүгінде тек зат атауы ретінде қолданылады [90, 310 б.]. М. Томанов *-қа (-ға), -ке, (-ге)* тұлғалы сөздерді шығу тегіне қарай талдағанда, осы қосымша арқылы жасалған *етістіктер* (бұл-ға, бай-қа, бұр-ке, тал-ға, тар-қа), *зат есім* (қол-қа), *сын есім* (қыс-қа; көне түрк. қыс ‘кішірейту, қысқарту’) [163, 126-127б.]. Қарашай-малқар тілінде *-къа (-қа), -къы (-қы)* сын есім тудырушы жұрнақ қызметін атқарады: джукъа ‘жұқа’, иничке ‘жіңішке’ [82, 818 б.]. Ноғай тілінде де осы секілді қолданыстар кездеседі: йинъишке ‘жіңішке’ [125, 124 б.]; юка 1) ‘жұқа’, 2) ‘жеңіл’ [125, 447 б.]. Бұл тұжырымдарға қарап, тұлғасы бойынша антропонимжасамдық қосымшаларды да осы негізден таратуға болатын секілді. Дегенмен, «Жергілікті говорларда Игісін, Томыш, Тумыш, Сылан, Жолай, Шамғали, Ерғали, Есқали сияқты толық есімдермен қатар, сыйлау, құрметтеу, формаларында жұмсалатын

-ақа, -қа, қосымшалары бар. Мысалы, Шамғали – *Шамақа*, Сылан – *Сақа*, Есқали – *Есақа* т.б.» [64, 187 б.]. -ақа говорларда *аға*, *әке* мағынасында қолданылады [100, 34 б.]. Көне түркі сөздігінде *аға* (*ақа*) 'жасы үлкен туыс' деп беріледі [52, 48 б.]. Жасы үлкенді сыйлап, атына аға сөзін тіркеп айту өзге түркі халықтарында да бар: құмық тілінде *Акъай* (Ақай) есімі 'жасы үлкен аға, бауыр' мағынасын береді әрі еркелету мәнінде қолданылады. Осы секілді *Биакъай* (Биақай) 'би+жасы үлкен аға, бауыр' 80, *Жанакъай* (Жанақай), *Устакъай* (Устақай) [41]. Жасы үлкенді құрметтеу қазақ халқының дәстүрінде ертеден бар. «Аға тұту», «Ағалап артынан еру» секілді ұғымдар сыйлау, құрметтеуден туып орныққаны белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, *ақа* (аға) сөзінің кісі есімінен кейін үнемі қайталануынан -қа тұлғасының қалыптасуы мүмкін деген болжам жасауға болады. Қазақ тілінде -ақа тұлғасымен келетін Әлмақа, Бейсақа, Дүйсақа, Исақа,; -қа тұлғасымен жасалған Боқа, Борқа, Ботанқа, Долаңқа, Жалқа, Жақа, Зарқа, Қалиқа, Мақа, Мұқа т.б. секілді есімдер бар. Жасалуы жағынан алғанда түрлі жолдармен қалыптасқан. Мысалы, Мақа – Мархабаның, Марфуғаның т.б.; Мұқа – Мұқтар, Мұқамет, Мұраттың т.б.; Боқа – Бостан, Болманның; Бораш, Борбас т.б.; Ботанқа – Болатжан, Ботабай т.б. Долаңқа – Долаңқара (жер аты) қысқаруынан жасалған есімдер. Бұл есімдердің құрамындағы -қа тұлғасының жалғану сипатынан -ақаның өзгеруінен қалыптасқан дейтіндей белгілер байқалмайды. Осыған қарағанда, көне түркі дәуірлерінен бастау алатын -ақа тұлғасының антропонимжасамдық екі (-ақа, -қа) нұсқасы қалыптасқан. -қа қазіргі кезде бастапқы нұсқасына тәуелсіз, дербес қосымша ретінде қолданылады. -қа тұлғасының келесі бір түрі кірме есімдердің құрамында кездеседі. Мысалы, Балиқа, Батиқа, Зылиқа, Салиқа, Сәмиқа, Заприқа және -ға тұлғасы арқылы жасалған Сәмиға, Дәмиға, Жәниға, Жәмиға, Зариға т.б.

Бұл аталғандар мен жіңішке нұсқаларының арасында айырмашылықтар бар екені байқалады. Әжіке, Әліке, Әніке, Баймеңке, Баянке, Берке, Бөрке, Бірке, Дәрікө, Дәуке, Жәніке (Жәніке), Жәуке, Мәйкө т.б. есімдердің құрамындағы -ке, -кө -ақа, -қаның жіңішке нұсқалары деген тұжырыммен шектеле салуға болар еді, алайда түркі тілдеріндегі ақаның *акә ~ әке ~ әке ~ әкә ~ еке* секілді түрлі нұсқалары жаңа бір тұжырымдарға жетелейді. Э. Севортян бұлардың 1. әке, 2. жасы үлкен бауыр, 3. жасы үлкен туыс, 4. ата, 5. аға (жасы үлкен ер адамды қарату үшін айтылатын сыпайылық, құрметтеу мәнді сөз) [191, 1216.]. Осылардың ішінде, әсіресе, сары ұйғыр және түрік диалектінде қолданылатын *еке*-ні

құрметтеу мәнді *еке* мен салыстыруға болатын секілді. Құрметтеу, мақтау ағаны «ақыл тұтудын» астарында жас үлкен, ақылының толықтығын дәріптеу, бағалау жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Көне түркі тілінде *ög I* ақыл, ой; *ög II* ана; *ög-* мақтау, дәріптеу; *ögä* 1 дана, данышпан мағыналарында кездеседі [ДТС 378-379]. Осындай тілдік фактілерді саралай келгенде *өг (өк) ~ өгә ~ акә ~ аке ~ әке ~ әкә ~ еке* тұлғаларының шығу тегі бір негізден тарайтынын шамалауға болады. Демек, қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген кішірейту, еркелету, құрметтеу мәнді *-еке, -ке* нұсқалары жуан *-қанын* қолданылуы барысында, өзі жалғанатын түбірдің түріне байланысты жінішкеруінен емес, әуел бастан жінішке тұлғалы дербес мағыналы сөздің өзгеруі нәтижесінде қалыптасқан. Бұлай болғанда, *-ке, -е* дыбыстық өзгерістердің нәтижесінде, қазір құрметтеу мәнінде белсенді қолданылып жүрген *-еке* (Күлеке, Нүреке, Сәреке, Сәрсеке т.б.) қосымшасынан тарағаны анықталады.

Қазақ есімдерінің құрамындағы қосымшаларды саралай отырып, олардың түпкі негізін анықтауға қол жеткізуге болады. Өйткені, тіл тарихын зерттеу тәсілдерінің бірі – тілдің өз ішіндегі фактілерді салыстыра отырып зерделеу. *-еке* тұлғасының шығу, қалыптасу жолдарын анықтау кезінде *-екен* тұлғасының да осы негізден тарағаны белгілі бола түседі. Біздің пікірімізше, *еке+н* құранды қосымша. Жоғарыда *-ан, -ен, -н* қосымшаларының кішірейту-еркелету мәнін білдіретіні туралы айтып өттік және кісі есіміне жалғанған бұл қосымшаның қолданысына біраз уақыт өткен соң өзінің бастапқы мәнінен ажырап – мағыналық ренк мәнін тудыру қызметі тоқталып, антропонимжасамдық қосымшаға айналады. Осыдан кейін еркелету, құрметтеу мәнді формасы басқа келесі қосымша келіп жалғанады. *-екен* осындай жолмен қалыптасқан қосымша: әуелі *-еке*, кейін оған *-н (-ан, -ен)* жалғанған.

-дар тұлғасының қалыптасу жолдары

Тілдің құрылымдық жүйесіндегі кез келген өзгеріс бір күннің еншісіндегі жұмыс емес, ұзақ уақыттар бойы ұлттың танымы және тілінің өзіне тән дыбыстық заңдарымен бірге қалыптасатын күрделі құбылыс болып табылады. Жалпы алғанда, тілдің табиғаты үнемі өзгерістерге түсіп, дамып отыруға бейім. Ал тілдің құрамды бір бөлшегі – қазақ тіліндегі есімдердің құрылымдық жүйесіне тән ерекшеліктер туралы сөз қозғағанда да, ең бірінші осы даму заңдылықтарына назар аударуға тура келеді. Екіншіден, даму барысында кісі аттарының өзіндік дербес сипаты қаншалықты дәрежеде қалыптаса алды деген мәселеге тоқталуымыз керек. Осы екі талаптын

үдесінен шыға алу, кісі есімдерінің құрылымдық жүйесіне жасалатын талдаудың сапалық көрсеткіші бола алмақ.

Тіл лексикасының құрамындағы әр саланың өзіндік даму ерекшелігі бар, олар қатынас құралы ретінде қолданысқа түсе отырып, қызметі барысында өзіндік сипаттарға ие болады және сол сипаттар тереңдеген сайын салалардың дербестігі де арта түседі. Бұл ерекшеліктер біз сөз еткелі отырған қазақ есімдерінің бойынан да анық байқалады. Қазақ есімдерінің өзіндік ерекшеліктері тек лексикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар құрылымындағы әрбір элементтің есім жасау қабілетінің қалыптасуымен де айқындалады. Қазақ тілінің сөздік қорындағы көптеген сөздердің әрі зат немесе құбылыс атауы ретінде жұмсалып, әрі кісі есімі қызметін атқаратыны секілді, қосымшалар да, сөз тудырушы немесе түрлендіруші және сол сәтінде антропоним тудырушылық қызмет атқарады.

Есім тудырушы қосымшалардың тарихы ертеректен басталады, ғасырлар бойы олардың бойындағы сөз тудырушылық және антропоним тудырушылық қабілеттің қатар дамуы нәтижесінде екеуінің арасындағы өзіндік ерекшеліктер айқындала түсті. Сөйтіп, қос қызметті қатар атқаруы, олардың қос мағынаға ие болуына мүмкіндік берді.

Қазақ тілінде антропоним тудырушы қосымшалардың түрі көп, олардың біразы дыбыстық жағынан сөз тудырушы немесе түрлендіруші қосымшаларға ұқсағанмен, бұл тұлғалардың бойында шығу тегі жағынан әр түрлі элементтер кездеседі. Сондықтан оларды белгілі бір грамматикалық категорияға қарай теліп, мысалы, көптік тұлғалы дегеннен гөрі -дар тұлғалы антропоним тудырушы қосымша немесе т.б. деп атау орынды болады. Олардың шығу тегі мен бойында бірнеше мағыналық, дыбыстық элементтің болуына қарамай, антропоним тудырушылық қызметі басшылыққа алынады да, дербес тұлғалы әрі мағыналы қосымша ретінде танылуына мүмкіндік береді. Қазіргі лингвистикалық табиғатына тән белгілер олардың мұндай қабілетінің қалыптасқандығын көрсетіп отыр. Енді осылардың арасындағы -дар тұлғасына тоқталып көрелік.

Нақты мысалдарға жүгінер болсақ, жиналған материалдар бойынша -дар тұлғасымен жасалған антропонимдер мынандай болып келеді: *Ағдарбек, Байдар, Гүлдерай, Елдар, Ердар, Жандар, Желдербай, Күндар, Қалдарбек, Қыздарбек, Қыздархан, Малдарбек, Мандарбек, Мұңдарбек, Сайдар, Сардарбек, Ұлдарбек, Шардарбек т.б.* Мысалы, антропонимдік тұрғыдан алғанда, аталғандардың барлығы түбір мен қосымшаларға бөлінеді – аражігі анық. Түбірлерінің

әрқайсысы өзге жеке түбір немесе қосымшалармен бірігіп дербес антропоним жасауға қабілетті. Біріккен тұлғалыларды айтпағанда, сол түбірлер өзінен кейін түрлі антропоним тудырушы қосымшаларды жалғау арқылы қазір көптеген есімдердің бастауына, яғни антропоним жасаушы ұяға айналып отыр. Мысалы: Елдар: *Ел-хан, Ел-жан, Ел-тай т.б.*, Қалдар: *Қал-ыш, Қал-ман, Қал-тай, Қал-ен, Қал-жан т.б.*, Жандарбек: *Жан-ай, Жан-ақ, Жан-тай т.б.*, Ағдарбек: *Ақ-ан, Ақ-ыш, Ақ-тай, Ақ-ман т.б.*, Шардарбек: *Шар-ақ, Шар-ман, Шар-хан, Шар-ым т.б.* Бұл тізімді әрі қарай соза беруге болады, алайда мақсат -дар тұлғасының өзіне тән ерекшеліктері болғандықтан, осымен шектелеміз.

Антропоним ретінде түбірі анық осы есімдердің бойындағы, ілгеріде атап өткеніміздей, даму мен дербестіктің көрінісі қай деңгейде? деген мәселеге келер болсақ, олардың осылайша есім ретінде танылуының өзі дамудың бір көрсеткіші болып табылады. Екіншіден, олардың құрылымында, қазақ тілінің дәстүрлі заңдарына қайшы келетін тұстар бар екені байқалады және осы қайшылықты антропонимдерге ғана тән ерекшеліктермен түсіндіруге болады. Демек, -дар қосымшасының өзіне тән антропоним тудырушы белгілері қалыптасқан деген тұжырым жасауға болады.

Талдаулар дерегі, есімдер құрамындағы -дар тұлғасының грамматикалық мағынасы бәрінде бірдей емес екенін көрсетіп отыр. Олардың ішінде, дыбыстық тұлғасы бойынша дәстүрлі грамматикалық категория түрлерімен байланыстыра қарар болсақ, тілдік нормаға қайшы келетін тұстары бар. Мысалы, Желдербай есімін грамматикалық құрылымына қарай *Жел + дер + бай* деп бөлуге болады. Ал *жел* сөзінің өзі қазақ тілінде көптік мәнде жұмсалатындықтан, оған көптік жалғауы жалғанбауға тиіс болатын. Мұңдарбек, Малдарбек есімдерінің құрамындағы *мұң, мал* сөздері туралы да осыны айтуға болады. Жалғамалы тілдерге тән заңдылыққа сай сөздің бойында бір текті белгі екі рет қайталанбауға тиіс. Бола қалса – алғашқысы өзінің түпкі мәнін жойған жағдайда. Қазіргі қолданысында жел, мұң сөздерінің қызметінен жалпылық мәнінен айрылу белгілері байқалмайды. Сондықтан, -дар тұлғасы бұл жерде көптік мән үстеуден бұрын антропоним тудыру қызметін атқарып тұрғаны анық. Жалғамалы тілге тән тағы бір қасиет – кез келген лексикалық бірліктің құрамында арнайы қызмет атқармайтын элементтердің болмайтындығы. Тіл тарихы бойынша алғанда, тілдің грамматикалық жүйесінде өзге категориялардан бұрын арнайы кісі есімін тудыру үшін пайда болған қосымшалар туралы мәлімет

жоқ. Демек, -дар тұлғасының қазақ тіліндегіден өзге түрін анықтау қажеттілігі туындайды. Т. Жанұзақов өзінің «Есіміңіз кім?» атты еңбегінде «Сайдар, моңғ. ир. Моңғол тіліндегі сай (сайын) сөзіне иран тіліндегі ие болуды білдіретін *дар* қосымшасы қосылу арқылы жасалған есім. Мағынасы «жақсылық, қайырымдылық иесі» дегенді білдіреді [198, 125 б.]» – деген ғылыми болжам жасайды.

Демек, Желдербай есімінің құрамында -дар қосымшасы көптік емес, сындық мағына беріп тұр. Мұндай ат желді күні туған балаға қойылады. Шығу тегіне және таза грамматикалық мағынаға байланысты осылай тұжырым жасағанымызбен, Желдербай мен Желдібайдың антропонимдік мағынасы бір. Өйткені «желді» десек те, «желдер» десек те, желдің көп екенін байқаймыз және екеуі де желді күні туған балаға қойылады. Бұл жерде тұлғасы жағынан болмаса (-ді мен -дар), грамматикалық мағынасы жағынан үлкен айырмашылық білініп тұрған жоқ – екеуінің қызметінде ортақ қасиет бары анық. Сөйтіп, бұл талдаулардан Желдібай мен Желдербайдың, Мұңдыбай мен Мұңдарбектің мағыналық жақтан бір-біріне жақын екенін көреміз (Сөз орайында айта кететін бір мәселе – антропоним тудыру қызметіндегі осындай ортақ қасиет бұл қосымшаларды белгілі бір мақсаттың төңірегіне топтастырады және олардың қатары аталған екеуімен шектелмейді).

-дар қосымшасының антропоним құрамында көптік мән тудыру мақсатында жұмсалуды мына мысалдан да көруге болады: ономаст ғалым Қыздархан Рысбергін өз есімі туралы – «Әкем қыздардың ханы болсын» – деген тілекпен қойған екен» – дейді. Осы секілді Ұлдарбек, Гүлдерай есімі де бастапқыда көптік мәнде қойылуы мүмкін деген болжам жасаймыз.

-дар тұлғасының қолданылуындағы мұнан өзге ерекшелікті әскери термин, сонымен қатар антропоним ретінде жұмсалатын *сардар* сөзінің құрамынан кездестіреміз. Т. Жанұзақов бұл есімді былайша талдайды: «Сардар, ир. *сэр* – 1) сардар, генерал, бастық, қолбасшы; 2) түркі тілінде – батыр. Біріккен тұлғалы есім – Сардарбек» [198, 127 б.]. Сардарбек есімін -дар тұлғасына байланысты талдағанда түбірдің *сар* (ир. *сэр*) екенін көреміз. Әскери термин ретінде, сардар, сарбаз сөздерін алар болсақ та, осы негізден тарайтындығын байқаймыз. Демек, бұл жерде есім тұтастай алғанда, көптік мағынада қойылып тұрмағанмен, оны морфологиялық құрылымы жағынан түбір мен қосымшаға бөлуге болады. Өйткені, *Сар-ым*, *Сар-тай*, *Сар-мат*, *Сар-жан* т.б секілді еркелету мәнінде туып қалыптасқан көптеген есімдер *Сар-* түбірінен тарайды. Қазақ

есімдері бірінші буыннан қысқарып, түрлі еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалардың жалғануы арқылы сандық жағынан өсіп отырғаны белгілі – олар бастапқыда еркелету мәнінде пайда болып, кейін дербес есімдерге айналған. Сондықтан, аталғандардың ішінде Сарыбай, Сарыбас, Сарыбала т.б. ғана емес, Сардардың да еркелету мәніндегі нұсқалары болуы мүмкін. Сардар сөзі есім ретінде дайын күйінде тандалғанмен (есім жасау үшін біріктіру, қосымшалар жалғау секілді үдерістерден тыс, мысалы, Қали-жан, Қалыш, Қален т.б. секілді), антропонимдердің жасалуына тән жолдар арқылы өзгерістерге түсу барысында түбір мен қосымшаға қарай жіктеліп отыр – түбірі антропоним жасаушы ұяға айналғанда, қосымша өзінен-өзі онан бөлініп қалады. Осы ерекшелігі -дар тұлғасын антропоним тудырушы қосымша ретінде тануға мүмкіндік береді.

Бұл талдаулар -дар қосымшасының қазақ тіліндегіден бөлек, кірме нұсқасының бар екенін де көрсетіп отыр. Атропонимдердің осы қосымша арқылы жасалуы өзге түркі тілдерінде де кездеседі. Мысалы, өзбек, ұйғыр тілдерінде Эльдар, татар тілінде Ильдар түрінде қолданылады. Ал, түрік тілінде *Диздар* тұлғасындағы есім кездеседі. Мағынасы – камал қорғаушысы. Ал парсы тілінде -дар қосымшасы бір нәрсенің болуын (өзінде не басқа біреуде) білдіреді. Осы дерекке сүйеніп, Елдар есімі елдің басшысы, иесі деген мағынада қойылғандығын шамалауға болады. Қазақ тіліндегі «діні бар», «иманды» мағынасында жұмсалатын *діндар*, білімді мағынасында жұмсалатын *білімдар* сөзіндегі -дар тұлғасы да осы сөзбен мәндес болса керек. Қазақ есімдерінің құрамындағы -дар тұлғасының тек көптік мағынада ғана емес, сындық мағынада да жұмсалатындығына бұл да бір дәлел. Тек қазақ тілінде ғана емес, өзге түркі тілдерінде де кездесуі, бұл қосымшаның бастапқы мағынасынан бөлек, есім тудырушылық қасиетінің де тереңірек тарихы барын көрсетеді.

Елдар есімін түбір мен қосымшаға жіктегенде, парсы тіліне тән, сондай-ақ түрік тіліндегі туынды мағынасын (*диздар* – қақпа қорғаушысы) басшылыққа алар болсақ, *елдің иесі, қорғаушысы* дегенді білдіретін болып шығады, ал көптік мәнді деуге келіңкіремейтін сияқты. Бұл -дар тұлғасының аясына екі түрлі мағынаның тоғысып тұрғанын көрсетеді.

Осы қосымшаға тән тағы бір ерекшелік – жиналған материалдар бойынша байқайтынымыз, антропоним ретінде қолданысқа түскен сөздердің барлығының құрамында -дар тұлғасы жиі қолданылатындығы және оның жалғануында тілдің дәстүрлі грамматикалық жүйесінен ауытқушылық кездеседі. Мысалы, Бай-лар

түрінде де, Бай-дар түрінде қолданылады. Этимологиялық жағынан Байлар көптік мәнді, Байдар – байлықтың иесі деген мағына береді деп тұжырымдауға болады. Екінші бір тұжырым, Ә. Нұрмағамбетов шығыс диалектіндегі говорлардың бәріне ортақ ерекшелік – әдеби тіліміздегі *-лар, -лер, -дар, -дер* көптік жалғауының соңғы *-дар, -дер* тұлғалары ғана қосылатынына мынандай мысалдар келтіреді: үйдер (үйлер), ағадар (ағалар), недер (нелер) т.б. Бұл тек оңтүстіктін де кей аймақтарында бар ерекшелік. Бұл көрсеткіштерге сүйеніп, *-дар* тұлғасын да қазақ тілінің төл элементі ретінде қарауға болады. Сол секілді кейінді ықпалдың әсерінен қ дыбысының ғ-ға айналып, Ағдарбек (дұрысы Ақтар) түрінде қолданылуы да осындай екіұдайы пікір тудырады.

Қазақ тіліндегі есімдердің құрамында келіп, түрлі антропонимдердің жасалуына ықпал етіп отырған осы қосымшаның тұлғалық және мағыналық қызметіне лингвистикалық тұрғыдан жасалған талдауымыздың нәтижесі мынандай қорытындыға жетелейді: *-дар* тұлғасы қазақ тілінде дербес антропоним жасау қабілетіне ие; екіншіден, бұл қабілет қазақ тіліндегі көптік мағынасынан бұрын парсы тіліндегі сындық мағынасы бойынша қалыптасқан, сондықтан негізінен *-дар* тұлғасы қолданылады және қазақ тілінің дыбыстық заңдарынан ауытқиды; үшіншіден, антропоним қосымшасы ретінде жиі қолданылуына байланысты, оның осы қызметі белсенділікке ие болып, келе-келе кісі атын жасау мақсатында, сөздердің мағынасын талғамай жалғана беретін болған. Мысалы, Мандарбек есімінің түбірі – ман, оның бастапқы мағынасы адам дегенді білдіретіні туралы ғылымда айтылатын болжам қазір тілші-ғалымдардың көпшілігіне белгілі болғанмен, қарапайым жұртшылық оның мағынасын білмей-ақ, антропоним компоненті ретінде танып, оған антропоним тудырушы қосымша *-дар-ды* жалғап, жаңаша есім жасап отыр. Демек, бұл қосымшаның дербес антропоним жасау қабілетін осы жерден де байқаймыз.

Осы қосымшаның мағыналық жақтан дамуы барысына талдаулар жасар болсақ, антропонимдерге тән – бір тұлғаға түрлі мағынаның жүктелу құбылысына орай олардың да мағыналық реңктерге ие болғандығын байқаймыз. Зерттеуші ғалым Т. Жанұзақовтың аталған еңбегінде *-дар* тұлғалы бірнеше есімнің мағынасы ашылады. Енді солардың әрқайсысына тоқталып көрелік: Қалдарбекті көптік мәнді есімдердің қатарына жатқызады да, «Қалдарбек, ир. хол – денедегі мең + көп. жалғ. дар + бек. Денеге шыққан қалы болса, ондай адам бақытты саналған. Сондықтан есімдер сыңарына қал сөзі жиі қосылып

отырған. Мысалы, Қалдыбай (Қалыбай), Қалдыбек (Қалыбек)» – деген болжам жасайды [198, 93б]. Бұл есімнің құрамынан ілгеріде атап өткеніміздей, қазақ тіліндегі қатыстық сын есім тудырушы -ды қосымшасымен сәйкестікті көреміз.

Ал қалған есімдердің құрамында көптік мағынасынан бөлектеу болып келеді: «Байдар, байлықтың қожасы, иесі [198, 43 б.]», «Ер-дар, қаз. Ер + ир. дар билеу, яғни ел билеуші батыр [198, 69 б.]» – деп қарастырған Т. Жанұзақов зерттеулерінде бұл екеуіне берілген түсініктердің арасында аздаған айырмашылық (біріншісінде иесі, екіншісінде билеуші, батыр) болғанмен, екеуі де иесі (байлықтың, елдің) деген мағына беріп тұр. Ал келесі есімнің, «Жандар, жан біткеннің дарындысы болсын деген тілекпен қойылған. Біріккен тұлғалы есімдер – Жандарбек, Жандархан [198, 78 б.]» – мағынасында, алдыңғы екеуіне ұқсамайтын басқаша түрлі мағынаны байқаймыз. Сонымен қатар, «Кұндар, қаз. Күн, тәж.+ *доро* – мейірім, шапағат етуші, мейірімді. Күн сияқты тіршілікке шапағат таратушы, мейірімді жан деген мағыналы есім» және «Сайдар, моңғ. ир. Моңғол тіліндегі сай (сайын) сөзіне иран тіліндегі ие болуды білдіретін -дар қосымшасы қосылу арқылы жасалған есім. Мағынасы «жақсылық, қайырымдылық иесі» дегенді білдіреді [198, 43б.]» – деген есім мағынасына берілген түсініктердің бір-бірінен алшақтап бара жатқанын байқаймыз.

Осы есімдердің Т. Жанұзақов берген мағыналық түсініктерін жинақтай келгенде, көптік; иесі – қожасы, билеуші – батыр; дарынды; қайырымды, жақсылық жасаушы деген мағыналық реңктерді көреміз. Бастапқыда екі түрлі мағынада (әр түрлі тілдегі) жұмсалған, екі түрлі дыбыстық тұлғаның антропоним құрамына енуінің арқасында жаңаша дыбыстық нұсқасы қалыптасып отыр. Ал мағыналық жағынан алғанда, алғашқы екі түрлі мағына онан көп мағыналық реңктерге ие болды. Бұл тек антропонимдердің қызметіне байланысты қалыптасқан қасиеттер болып табылады.

Қорыта айтқанда, -дар тұлғасы шығу тегі жағынан омонимдес қосымшалар болғанмен, қызметі жөнінен ортақ антропоним тудырушы мәнге ие.

-тай қосымшасының қалыптасу жолдары

-тай қосымшасының қалыптасу тарихына талдаулар жасағанда оның дербес мәнді сөзден жұрнаққа айналуы және құрандылық табиғатына қатысты екі мәселені ойға аламыз. Кісі есімдерінің құрамында еркелету мәнді қосымшалардың бірінен кейін екіншісі жалғана береді. Осындай ерекшелік *-тай* қосымшасы туралы да

нақты бір тұжырым жасауда қиындық тудырады. Мысалы, Жоматай есімінің құрамын Жома-тай деп те, Жом-ат-ай деп те талдауға болады. Сондықтан, -тай қосымшасының жасалуы, яғни этимологиялық табиғаты туралы сөз болғанда бұл ерекшелік назардан тыс қалмауға тиіс: Жоматай есімінің шартты түрде түбірін Жом түрінде де, Жома түрінде де алуға болады. Тілімізде оған мысал болатын Жомарт, Жомарт-бай, Жомарт-бек, Жомартқали, Жом-ак, Жом-ат, Жом-ат-ай (Жома-тай), Жомаш, Жомық т.б. секілді есімдер бар. Жомарттан тарайтындарының дыбыстық құрамы белгілі, ал қалғандары Жом- тұлғасынан тарайтын еркелету мәнінде қалыптасқан жасанды формалар. Жомарт есімінің қысқаруынан әуелі Жом-ат, кейін оған -ай қосымшасы жалғанып, Жом-ат-ай немесе бірден Жома-тай болып жасалуы да мүмкін. Соңғы дыбысы т-ға аяқталатын есімдердің құрамына еркелету мәнді *-тайдың* немесе *-айдың* жалғанғанын ажыратып алу қиындығы тай қосымшасының құрандылық сипатын айғақтайды: Болат-тай мен Болат-ай, Мұрат-тай мен Мұрат-ай, Қанат-тай мен Қанат-ай. Т дыбыстары қатар келгенде біреуі түсіп қалады. Т. Жанұзақов Сыпатай есімін Субәдей есімінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі деп қарастырады. Ал қазақ тілінде осы есімнің *-тай* қосымшасын бөлектеп тұратын Сыпабек, Сыпаш, секілді есімдер бар [64, 46 б.]. Бұлай болғанда дыбыстық өзгерістермен *-тай* тұлғасына тоғысқан тағы бір тұлға анықталады.

Дегенмен, негізгі еркелету мәнді, тұтас *-тай* тұлғасының қалыптасу жолдарына талдаулар жасап көрелік. Қосымшаның шығу тегі бастапқыда дербес мағыналы сөз болған деп шамалаймыз. Қазақ тілінде де осы мағынасында қолданылады, тілімізде Тайман, Тайбек, Тайболат, Тайбазар т.б. есімдер бар. Бұл компонент көне түркі тілінде де белсенді қолданылғаны байқалады. Орын талғамайды – бірінші тұрып та, соңында тұрып та антропоним жасауға қатыса алады. Көне түркі сөздігінде мынандай есімдер берілген: *Tai beg*; *Tai bilgä tutuq* [52, 528 б.]; *Taiḡan*, *Taiinṣaq*, *Taitiḡ* [52, 529 б.]. Тай тұлғасы мынандай мағыналарда жұмсалады: көне түркі тілінде *Tai* құлын, жас жылқы [52, 527 б.]; Алтай тілінде тай – екінші көктемнен өткен құлын [204, 328 б.] Ноғай тілінде Тай – құлын; тайлақ – 1. бір жастағы түйенің ботасы [125, 326 б.]; Қарашай-малқар тілінде тай – құлын, *тайпа* – үлкен құлын, *тайпан* – жас жылқы [82, 597 б.]. Осы берілген мағынаның барлығында малдың төлі, яғни олардың кішкене, жас екенін білдіреді. Тай тұлғасынан тарайтын *тайша*, *тайынша*, *тай өгіз* сөздерін осыған қосымша мысал етуге болады. Мұнда да малдың жастығы туралы мағына бар. Сонымен қатар, көне түркі

тілінде *Tailan* 'әсем, сымбатты' [52, 528 б.]; *Taitur* 'жіңішке, нәзік'. Ноғай тілінде *май* сөзі 'ұзын бойлы (ұзынтұра), нәзік, жіңішке' деген ауыс мағынасында да қолданылады [125, 327 б.]. Кішкене, жіңішке, нәзіктік, сүйкімділік секілді мағыналар кішірейту-еркелетуге бейім екені белгілі. Осы мағынасында үнемі екінші орында тұрып, есім тудыруы оған қосымшалық сипат берсе, *май* сөзінің 'кішкентай, жас' мағынасынан еркелету мағынасы қалыптасқаны байқалады. Қазақ тіліндегі кей сөздер *май* тұлғасын әлі де тереңірек қарастыра түсуге жетелейді. Ә. Қайдар *май* түбірінен тарайтын «тайпи-<тай+пый 'жалпаю'; тайыз<тай+ыз 'терең емес'; тайқы<тай+қы 'жалпақ маңдай'; тайпақ<тай+пақ жалпақ» [78, 254 б.] сөздеріне талдаулар жасайды. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *тайпақ* сөзінің бір мағынасы «биік емес, аласа, жатаған». *Тайпақ* – *талпақ* сөздерінің мағыналас болып келуі, екеуіне ортақ түбірдің *та-* екенін көрсетеді. «Жалпақ, аласа, кішкентай» мағыналарына жуық *тал бойы, талдырмаш, талықсу, талқан* секілді сөздердің де түпкі негізі бір деп ойлаймыз. Сонымен *-май* қосымшасы *кішкентай, жас, нәзік, әсем* мағынасында қолданылатын *май* сөзінің түбір шылауында тұрақты қолданысынан қалыптасқан. Тай тұлғасымен жасалған есімдердің мынандай түрлері бар: Кәрентай, Естай, Нестай, Ұлтай, Күлтай, Қызтай, Ақтай, Ағатай, Ақатай, Жирентай, Бақатай, Байтай, Сейтай, Сыпатай, Өметай.

-к, -к (-ақ, -ек, -ық, -ік) қосымшаларының қалыптасу жолдары

Қазақ есімдерінің құрамындағы антропонимжасамдық қосымшалардың келесі бір түрі *-к, -қ (-ек, -ақ)* тұлғалары (әрі қарай *-к, -к*). Бұл қосымшаның тарихи негізі туралы түрлі пікірлер бар. Мысалы, ономаст ғалым Т. Жанұзақов сырманақ, шуманақ, қосанақ т.б. этнонимдердегі *-ақ, -ек* қосымшаларын әуелде көптік мәнде жұмсалған деген тұжырым жасаса [66, 14 б.], М. Томанов «... қазіргі қазақ тілінің кейбір оқулықтарында *атақ, желек, түйнек, бұлтақ* тәрізді сөздер есім түбірден жасалған зат есімдер, *тікенек, қылтанақ* тәрізді сөздер де осы топқа жатады делінеді. Бұл жерде екі түрлі қате ұсыныс барын айту қажет. Біріншіден, *желек, түнек, түйнек, атақ, бұлтақ* зат есімдері есім түбірден емес, туынды етістіктен (*жел+е+к, тун+е+к, түй+ін+е+к, ат+а+қ, бұлт+а+қ*) жасалған, яғни, *-ақ* таза етістік тұлғасына жалғанған. Екіншіден, *тікенек, қылтанақ* сөздерінің құрамындағы *-ақ, -ек* кішірейту мәнін, яғни «рендік» мән беретін аффикс. Бұдан *тікенек* пен *түйнек* немесе *атақ* пен *қылтанақ* сөздерінің құрамындағы аффикстер бір емес, екі түрлі аффикс екені көрінеді» – деп, бұл ерекшелікті ковергенция құбылысына жатқызады. Яғни,

генезисі жағынан әртүрлі топтарға жататын сөздер мен тұлғалардың бірыңғай, бірдей дыбысталуы [163, 101 б.].

Талдауларымыздың мақсаты антропонимжасамдық қосымшалардың қалыптасу жолдары болғандықтан, -к, -қ тұлғаларының этимологиясын ашуға баса назар аударудан гөрі, бізді ғалымдар зерттеулеріндегі түрлі көзқарастардың қайсысы шындыққа жақын және антропонимжасамдық қосымшаның қалыптасуына генезисі жағынан әртүрлі, тұлғалық жағынан бірдей осы қосымшалардың қайсысы негіз болды деген сұрақтардың көбірек қызықтыратыны анық.

Көне түркі сөздігінде, +ақ (+äk) тұлғасы кішірейту мәнді форма ретінде қаралады да, jоlaқ (йолақ) «соқпақ» (түбірі *йол*), julaқ (йулақ) жылға, бастауша (түбірі *йул*) сөздерін мысалға келтіреді [52, 650 б.], сондай-ақ +q (+k; +iq; +ik; +uq; +ük) тұлғасына да осы мәндес қосымша ретінде сілтеме жасалады және кішірейткіш мәнді *ögük* 'сүйікті'; 'шешей (матушка)' (*ög* 'шеше') [52, 660 б.] сөзін мысалға келтіреді.

Ал Э. Севортян түркі тілдеріндегі моделдер туралы айта келіп, олардың қатарына көне лексикалық қабаттың өзінде-ақ кеңінен таралған, ұқсату-кішірейту мағынасын білдіретін сөзжасамдық -(а)қ тұлғасын жатқызады және оның параллелі ретінде -қак тұлғасын атайды. -(а)қ тұлғасы арқылы жасалған туыншы негіздердің арасында, сондай-ақ адам дене мүшелері атаулары да бар дейді. Мұндай сөздерге жалпы түркілік башақ «егіннің басы, масак», әзірбайжан диалектіндегі *baldir* *балтырдан* тарайтын *baldirak* (*балтырға киедін жылы қоныш*) сөзін жатқызады. Сонымен қатар, дыбыстық өзгерістермен пайда болған *білек* (бастапқы түбірі *бел*) сөзі де осы кішірейткіш мәнді тұлғаның көмегімен жасалып тұрғанына тоқталады [205, 39 б.].

Ілгерідегі зерттеулер деректері, кісі есімдерінің құрамындағы -к, -қ қосымшалары қазіргі қолданыстағы мағынасына сәйкес, көне тұлғалы еркелету мәнді осы тұлғалардың негізінде қалыптасқандығын дәлелдейді. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі «бары осы-ақ», «жалғыз мен-ақ қалдым» дегендегі -ақ шектеулі демеулігінің мағынасында да кішірейту, азайтып айту, шағын нәрсені білдіру мәні жатқанын айта кеткен орынды секілді. Осы тұрғыдан келгенде кісі аттарының құрамындағы элементтерге тән тоғысу немесе таралу құбылысы осы жерден көрініс беріп тұрған жоқ па деген болжам ойға оралады. Яғни, тұлғалық әрі мағыналық жағынан алғанда да кішірейту, еркелету мәнді қосымша мен шектеулік демеулігінің арасындағы ұқсастық олардың тарихи тегінде байланыс болуы мүмкін деген тұжырымға әкеледі.

Кей зерттеулерде «-қ, -ақ – ерте кезде болған еркелету аффиксі. Оны қазіргі қазақ тіліндегі көне кісі аттарынан ғана байқаймыз. Мысалы: Сапарбай – Сапақ, Қожамбет – Қожақ, Мәтиақмет – Матақ, Сәрсенбай – Сәрсек т.б.» – деп, бұл қосымшаны көнерген формаға жатқызады [64, 160 б.]. А. Ысқақов -ақ тұлғасын күшейткіш демеліктер қатарына қосады: *Ертең емес, бүгін-ақ, қазір-ақ жүрсек етті* (М. Әуезов), сөз мағынасы арқылы беріліп тұрған ақпараттарға тереңірек назар салар болсақ, істің бүгіннен қалмай, яғни осы күннің шегінде орындалғанын қалау байқалады. Осы жерден шектік мағына байқалады, сондықтан қосымшаның кішірейту, еркелету мағынасына ие болуы осы негізден бастау алады деген болжам жасаймыз. Осы көне элементтер әрі еркелету, құрметтеу мәнінде, әрі дербес антропонимжасамдық мағынасында тілімізде әлі де өмір сүріп келе жатыр. Мысалы, Молдабайды – Молдақ, Тілеуқабылды – Тілек, Төлөндіні – Төлек деп еркелету әлі кездеседі. Бұл тұрғыда -к, -қ тұлғасын еркелету мәнді деп қарасақ, Қоянақ, Бабақ, Кемпірек, Көшек т.б. секілді көнеден жеткен антропонимдер құрамында келгенде, олар өзінің бастапқы мәнінен ажырап, тек құрылым элементі ретінде ғана өмір сүріп отырғанына назар аударамыз, яғни антропонимжасамдық тұлға ретінде танимыз.

-к, -қ қосымшасының дыбыстық тұлғасы мен мағынасына тән ерекшеліктерді айқындау барысында туындайтын кей мәселелер де тоқтала кетуді қажет етеді. *Дыбыстық тұлғасы* турасында мынандай мысал келтіруге болады: тілімізде Молдахметті Молдақ, Жанахметті Жанақ т.б. деп атау бар. Осы орайда, бұл есімдер соңғы буынынан қысқарып, х-ның қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сай -қ-ға айналуы арқылы жасалды ма, әлде -ақ қосымшасы арқылы жасалып тұр ма? деген сұрақ туындайды. Өйткені, дәл осы есімдердің Молдан, Молдаш және Жантай, Жанай секілді де нұсқалары бар. Мұндайда, «молда» түбірі қысқарып, «мол» формасы антропонимжасамдық ұяға айналады да, оның құрамындағы антропонимжасамға қатысатын қосымшалар осы қызметі арқылы бір мақсатқа топтасады. Бұл деректер -ақ қосымшасының екі түрлі жолмен жасалатындығын дәлелдейді. Біріншісі – көне дәуірлерден жеткен тұлғасы, екіншісі – біріккен тұлғалы есімдердің екінші компонентінің бірінші буынынан қысқаруы және оның сыртқы формасының -ақ тұлғасымен сәйкес келуі. Антропонимжасамда дыбыстық сәйкестік кісі есіміне шығу тегінің өзгелігіне қарамай еркелету сипатын береді.

Мағыналық жағынан да осыған ұқсас мәселелер бар: Досақ есімінің мағынасын Т. Жанұзақов: «Досақ, ар. Дос + қаз.ақ. Нағыз

дос» – деп түсіндіреді [198, 64 б.]. Ал күнделікті өмірде Досақ тұлғасы Досахмет, Досмұхамет және т.б. қысқартып, еркелетіп айтылуы түрінде де кездеседі. Аталған екі деректің бірін алып, екіншісін жоққа шығару қиын. Сондықтан антропонимдер табиғатына тән заңдылыққа сай мұны да қолданыста бар нұсқа ретінде қабылдаймыз. Олай болғанда, ілгеріде аталған екеуіне (еркелету, құрметтеу және антропонимжасамдық мағынасы) қоса, күшейткіш демеулік қызметінде жұмсалып, үшінші мағыналық нұсқасы пайда болады. Қазіргі тілімізде осы қосымшалар арқылы жасалған мынандай есімдер бар: Сәмек, Шүрек, Шөрек, Сейтек, Төлек, Жанақ, Манақ, Мырзақ, Молдақ, Жігітек, Шарақ, Бабақ, Қанақ, Мәметек, Әулік, Бәйтік, Жәутік, Мәтек, Кемпірек т.б.

-м қосымшасының қалыптасу жолдары

Қазақ тіліндегі антропоним тудырушы қосымшалардың бірі – *-м (-ім, -ым)* тұлғасы. Оның осы қабілетінің өзіндік даму, қалыптасу тарихы диахрониялық әрі синхрониялық тұрғыдан талдауды қажет етеді. Бір айта кетерлігі, тілдің сөздік қорындағы қарапайым сөздерге тәуелдік мән үстеу үшін қолданылатын түрі мен кісі есімдерінің құрамындағы түрінің арасында ортақ қасиеттермен қатар өзара айырмашылықтар да бар.

Антропоним тудырушы өзге қосымшалар секілді *-м* тұлғасы да түрлі мағыналық элементтерден тұрады. Мағыналық элементтер деп отырғанымыз – даму үдерістері барысында қалыптасқан жаңа мағыналық реңктер. Мысалы, тәуелдік формалы *-м* тұлғасы, антропонимдер құрамында тұрғанда қазір жаңаша мәнге ие болып, еркелету және антропоним тудыру қызметін атқарады. Бұл тек антропонимдерге байланысты болып отырғандықтан, жаңа сипатына қарай антропонимжасамдық қосымша деп арнайы атаумен аталды. Тәуелдік жалғауы негізінде пайда болғаннан бастап, антропонимжасамдық болмысының қалыптасуына дейінгі аралықта тарихи даму кезеңдерінің жатқаны анық. Сондықтан әуелі осы мәселеге тоқталып көрелік.

Жазба ескерткіштердің мәліметі бойынша мұндай есімдердің көне түрін ерте орта ғасырлардан кездестіреміз. Соның бірі Манихей ескерткіштеріндегі – *Abami*. Бұл сөздің түбірі *Aba* екені белгілі. Көне түркі сөздігінде *Aba* II [түб. а- рһа] аудармасы *әке* деп беріледі және мұндағы мәлімет бойынша шығу тегі тибет тілімен байланысты [52. 1 б.]. Сондай-ақ *Abami*: *abami burxan* жалқы есімінің будда *Abami* екені айтылады [52, 2 б.]. Бұл жерде шығу тегінің қай тілге жататынына назар аударуымыздың себебі, *-ти* қосымшасы тұңғыс-манжұр

тобына жататын удәгей, ороқ тілдерінде қазіргі кезде *ту/му, бу/бу* [183, 215 б.] тұлғаларында I жақ, көпше түрдегі тәуелдік жалғауы ретінде кездеседі. Демек, *Abatu* – әкеміз деген мағына береді. Алтай тілдері тобына жататындығын және өзара ортақ белгілерін негізге ала отырып, осы есімді Абақ этнонимімен (кісі есімі ретінде де қолданылады) салыстыруға болатын секілді. Бұл әрине түбірге қатысты жағы бойынша.

Түркі тілдерінде көпше түрдегі тәуелдік категориясы I жақта - *muz / -miz, -mus / -mis, -buz / -biz* [182] тұлғаларында беріледі. Антропонимдер құрамындағы тәуелдік жалғау көрсеткіштері көне түркі жазба ескерткіштерінде *Jigim* 'йырым' [52, 268 б.], *Qalim* 'қалым' [52, 411 б.] т.б. секілді тұлғаларда кездеседі. Осы сөздердің бәрі көне түркі жазба ескерткіштерінде жалқы есім, яғни кісі аты ретінде көрсетілген. Тәуелдік жалғауымен байланысты есімдердің келесі бір тобы, орыс жылнамаларында кездеседі. Онда мынандай түрлері бар: Акум (*Aqu*'ақу'+*m*) [28, 42 б.], Окум(*ok* 'разум') [28, 62 б.], Атакум ~ Атакам [28, 32 б.]. Тарихи әдебиеттерде хан, сұлтан әулеттерінің әйелдерін бегім деп атайтыны белгілі. Көне түркі сөздігіне Тарым (*Tarim* *титул присоединяемый к именам женщин или детей ханского рода*) лауазым және жалқы есім ретінде де берілген [52, 537 б.]. Ал, Ај III (*ajim*?) 'Айым' сөзі менің қызметшім (әйел) мағынасында меншіктеліп айтылады [52, 25-29 б.]. Демек, мұнда да тәуелдік жалғауы деуге болатын дәлелді дерек бар. Ал Бегім қазіргі кезде дербес антропоним ретінде қолданылады. Көне түркі жазба ескерткіштері мен оған қосымша тарихи деректердегі тәуелдік жалғау көрсеткіштерімен келетін есімдердің сипаты жалпы алғанда осындай болып келеді. Зерттеулер барысы бұл қосымшаның антропоним жасау қабілеті сонау ескі замандардан басталатындығын көрсетіп отыр. Енді осы тарихи сабақтастықты негізге ала отырып, -м тәуелдік тұлғасының қазіргі болмысына көз жіберіп қараймыз.

Тәуелдік жалғауы бүгінгі күнде де кейіннен пайда болған біршама антропонимдер құрамында кездеседі. Қазіргі зерттеушілердің талдауларына сүйеніп, олардың қатарына мынандай есімдерді жатқызуға болады: «Айымгүл – менің айым мен гүлім деген мағынада қойылған» [62, 165 б.], «Досым – жан серігім, жолдасым» [62, 64 б.], Гүлайым, ир. – гүлдей сұлу қыз, менің гүлім, айым [62, 163 б.] деген және т.б. мағыналарда қойылған есімдер. Мағыналық ерекшеліктері оларды ілгеріде берілген тарихи ескерткіштер деректеріндегі тұлғалармен сабақтасып жатқандығын байқатады.

Осы секілді зерттеушілердің деректері мен күнделікті өмірдің өзі көрсетіп отырған мәліметтерден тәуелдік тұлғаның кісі аттары құрамында өзіне тән қызмет атқара отырып, еркелету мәнді жаңаша грамматикалық мағынаға ие болғанын байқаймыз. Ал біршама уақыт бойғы белсенді қолданысының нәтижесінде бұл қосымша қазір дербес антропоним тудыру қабілетіне ие болып отыр. Есімдер құрамындағы тәуелдік тұлғаның бойында жүріп жатқан осындай мағыналық даму үдерістерін сараласақ, басынан өткерген үш түрлі кезең (тәуелдік форма, еркелету мәні және антропоним тудырушы дербес қосымша) көрініс береді.

Тәуелдік формалы есімдер туралы біршама зерттеулерде айтылды, ал сол *тәуелдік мәнді тұлғаның еркелету мәніне ауысу үдерісіне* келсек, ол тікелей ұлттық психология элементтерімен байланысты. Тілімізде кез келген туыстық атауды, тікелей бір адамға қаратып атағанда болмаса, тәуелдік жалғауын жалғап, біреуге меншіктеп айтады. Мысалы, өзіне тікелей қарату үшін әке, көке, апа т.б. десе, сырттай атағанда әкем, көкем, апам деп өзіне немесе әкең, көкең, апаң т.б. деп екінші адамға, сондай-ақ ағасы, әкесі, көкесі, апасы т.б. деп үшінші бір адамға теліп айту дәстүрге айналған. Сонымен қатар, құрметтеу, еркелету мәніндегі Сәке (Сарман, Сағынай т.б.), Мәке (Марат, Манас, Мағауя т.б) антропонимдеріне Сәкең, Мәкең деп, II жақ тәуелдік жалғауын жалғап қолданады. Адамдарды азан шақырып қойған атымен атауда да осыған ұқсас жайттар бар болғандықтан, тәуелдік жалғауын жалғап қолдану қазақ халқы үшін қалыпты құбылыс болса керек. Ал, әсіресе, бірінші жақтағы формасының қолданылуынан ұлттық бомысқа тән мейірімнің белгілері көрінеді. Ботам, құлыным, қозым, қарашығым, жаным т.б. сөздердің мәні – сүйсіну, мейірлену, еркелету. Осы мағына кісі аттарының психологиялық мазмұнына да ауысқан секілді. Қазіргі қолданыстағы көптеген есімдердің осы жолмен жасалғандығында дау жоқ. Т. Жанұзақовтың зерттеулерінде де бұл туралы мәліметтер берілген. Ол, «-м, -ым – еркелету аффикстерінің бірі. Бұл қысқартып айтқан кісі аттарына қосылады. Мысалы, Нұрмаханбет – Нұрым, Қажығали – Қажым, Сейітмұхамбет – Сейдім, Айтбай – Әйтім, Бекмұхамбет – Бегім. Бұл аффикстер – қарашығым, құлыным, ботам, қозым, сәулем сияқты еркелету мағынасындағы сөздердің аффикстерімен бірдей» – деген тұжырым жасайды [64, 159 б.].

Тасмағамбетті – Тасым, Айғанымды – Айым, Нұрқасымды – Нұрым, Балшекерді – Балым деп еркелетіп айту, тәуелдік тұлғаның бұл қызметінің (сыйлау, құрметтеу, еркелету) әлі де өз қызметін

сақтап келе жатқандығын көрсетеді. Бұған, атап өткеніміздей, зерттеушілер еңбегіндегі материалдар да, күнделікті өмірдің өз материалдары да дәлел. Осылайша, ұзақ уақыттар бойы -м тұлғасының еркелету мәнінде жұмсалуды дербес антропонимжасамдық болмысының қалыптасуына алып келді.

-м тұлғасының антропонимжасамдық дербес қызметі оның тіркесу мүмкіндігін бұрынғыдан кеңейтіп отыр. Мысалы, қазақ тілінің дәстүрлі грамматикалық табиғатындағы ерекшеліктердің бірі – қосымшалардың мағынасына қарай түрлі сөз таптарына тән болып келуі. Ал тәуелдік жалғауының дамуы барысында қалыптасқан антропонимжасамдық қабілеті оны бұл ауқымның аясынан үлкен кеңістікке алып шықты. Тілдің қалыптасқан жүйесі бойынша тәуелдік жалғауы тек зат есімдерге ғана жалғануы тиіс болатын. Ал қазақ антропонимдерінің арасында кездесетін Жүрім, Тұрым, Толым, Келім(бек) т.б. есімдердің түбірі етістік, оларға осы қосымша жалғанып тұр. Етістіктерден зат есім тудыратын -м (-ім, -ым) тұлғалы жұрнақтың бар екені рас («жастарға жүрім берсін» дегендегі), алайда аталған немесе басқа бұл текті кісі аттары дайын зат есім күйінде таңдалды ма, болмаса арнайы зат есім тудырушы жұрнақтың көмегімен жасалды ма, әлде антропонимжасамдық тәуелдік текті -м (-ім, -ым) тұлғалы қосымшаның көмегімен қалыптасты ма? – деген сұрақтар тұрғысынан келер болсақ, алдыңғы екеуіне қарағанда, қазақ есімдерінің қалыптасу заңдылықтарына соңғысы жақын болып көрінеді. Өйткені, кісі аттарының жасалуы үшін етістіктің зат есімге айналуы міндетті шарт болып табылмайды – етістік мағынасында тұрып та антропоним ретінде жұмсала алады. Сондықтан, аталған етістіктерге -м тұлғалы зат есім тудырушы қосымша антропонимжасамдық қызметі бойынша жалғанды деу аса дәлелді емес.

Тағы бір дәлел – қазақ тіліндегі антропонимжасамдық төл қосымшалардың көпшілігі бастапқыда кісі аттарына еркелету, құрметтеу мақсатында жалғанған. Қазақ антропонимдерінің қалыптасу тарихында, тіпті қазіргі кезде де, кісі аттарын қысқартып, ықшамдап айту кездеседі, ондайда түрлі құрметтеу, еркелету мәнді қосымшалардың жалғанатыны белгілі. Сондықтан, Жүргенбайдың – Жүрім, Тұрғанбайдың – Тұрым, Толғанбайдың – Толым болып өзгеруі де мүмкін.

Дегенмен, солай бола тұрғанның өзінде де, ат қою кезінде болатын түрлі жайттарға және адамдар арасындағы кісі аттарына әсер ететін түрлі қатынастарға байланысты экстралингвистикалық фак-

торлар зат есім тудырушы жұрнақтың да антропоним жасаудағы орнын үзілді-кесілді жоққа шығаруға мүмкіндік бермейтінін ескеруіміз керек. Осындай негіздерді басшылыққа алар болсақ, мәселеге антропонимдердің табиғатына сай қадам жасауымызға тура келеді, яғни екі қосымшаның да антропонимжасамдық қызметін негізді деп тануға тиіспіз.

Осы орайда айтылуға тиіс тағы бір мәселе бар. Бұл қосымшаның шығу тегі зат есім тудырушы жұрнақ болсын, тәуелдік жалғауы болсын кісі аттарының құрамында тұрғанда бұрынғы грамматикалық мағынасы көмескіленіп, екеуінің де антропонимжасамдық қызметі бірінші орынға шығады. Яғни, қай сөз табына қатыстылығынан бұрын, олардың екеуі де кісі есімін тудырып тұр. Сондықтан, екеуіне ортақ бұл қызмет -м тұлғасының антропонимжасамдық қасиетінің қалыптасқандығын көрсетеді.

Қосымшалардың дербес антропонимжасамдық қабілеті қалыптасқаннан кейін тіркесу мүмкіндігінің кеңейетіндігі де осы жерде ескерілуі керек, яғни бұрын белгілі бір сөз табына тән болып келген қосымша енді бірнеше сөз табынан кісі есімін жасауы мүмкін. Мысалы, ілгерідегі зат есім мен етістікке қоса сын есімге жалғанып, Сарым, Көгім, Торым т.б. есімдерге негіз болып отыр. Демек, -м тұлғасының антропонимжасамдық дербес қызметі туралы сөз қозғағанда, бастапқы тегінен алшақтап, жаңаша сипатқа ие болуы, дыбыстық тұлғасы ұқсас қосымшалардың антропонимжасамдық қызметі бойынша бір арнаға тоғысуы т.б. секілді ерекшеліктерді басшылыққа аламыз.

Бастапқыда меншіктеу мәнінде жалғанған -ым қосымшасы кейіннен тұрақты түрде қолданылу барысында антропоним тудырушылық қабілетінің артуына байланысты әуелгі мағынасынан алшақтап, жаңаша, еркелегу мәніне ие болған, ал әрі қарайғы даму үдерісі тұрақты антропонимжасамдық қасиетін айқындап беріп отыр.

-қай, -кей (-ақай, -екей) қосымшаларының қалыптасу жолдары

Қазақ есімдерінің құрамында кездесетін -қай, -кей (-ақай, -екей) қосымшаларының шығуы мен қалыптасу тарихы көне замандардан бастау алады. Антропонимжасамдық қосымшалардың өзіндік этимологиялық табиғаты белгілі бір негізден таралған деп нақты болжам жасауға келмейтін болғандықтан, антропонимжасамдық мүмкіндігі бар омонимдес тұлғаларға да назар аударуға тура келеді. Сондықтан, тілде қолданылатын -қай тұлғалы қосымшаларға тоқтала кетейік. Дереккөз ретінде қазіргі тілдік фактілерге жүгінер болсақ, бұл қосымшалардың қазір бастапқы мағынасынан ажырап, өлі күйге

ауысқанын байқауға болады, алайда олардың бір кездерде өнімді қызмет атқарғанын дәлелдейтін мысалдар бар. Түрколог ғалым Ә. Қайдар сөз түбіріне жалғанған *-қай*, *-кей*, *-ғай*, *-гей* қосымшаларына *төскей*, *күнгей*, *шалғай*, *оңқай*, *мешкей* сөздерін мысалға келтіреді [78, 118 б.]. «Қазақ грамматикасында» *-қай*, *-кей* өнімсіз жұрнақтар қатарына жатқызылады. *Төскей*, *беткей*, *теріскей*, *күнгей*, *оңқай*, *солақай* дегендегі тұлға мен *алаңқай*, *сілекей* сөздеріндегілердің екеуі екі түрлі, соңғы екеуіндегі *-қай*// *-кей* кішірейту мағынасында қолданылған деп тұжырымдалады [90, 306 б.]. Біздің пікірімізше, осы аталған сөздердің мағынасына тереңірек мән беріп қарар болсақ, белгілі дәрежеде шектеулік мән байқалады. Мысалы, *төскей*, *беткей*: таудың белгілі бір бөлігі, *күнгей*, *теріскей*: бір өңірдің бөліктері, *оңқай*, *солақай*, *деңгей* де осы секілді. *Шалғай* алыс, шексіздікті білдіретін секілді көрінгенмен, бұл кейінгі туынды мағынасы, ал бастапқыда 'шеткі аймақ, мекеннің белгілі бір алыс бөлігін' білдірген. «Шалғайына оралу», «шалғайынан айрылмау» тіркесі – етегіне оралу, маңынан кетпеу мағынасында қолданылады. *Шалғайдың* бір мағынасы «киімнің етегі», екінші ауыс. «мұрт жебесінің үш жағы» [101]. Ноғай тіліндегі мағынасында да «*шалғай*» 'шолақ шекпеннің артқы сүйір бөлігі' [125, 402 б.]. Сондықтан, ілгеріде аталған қосымшаларды (*төскей... мен алаңқай...*) екі түрлі дегеннен гөрі, мағыналық даму барысында бір-бірінен алшақтаған тұлғалар деп қарастыру орынды секілді көрінеді. Шектеу, кішірейту бір-біріне жақын, сәйкес ұғымдар. Ә. Қайдардың ілгеріде аталған зерттеу еңбегінде *шала* сөзінің түбірі *шал+a* түрінде қарастырылады [78, 271 б.], яғни *шал+ғай* мен *шал+a-ның* шығу тегі бір негізден тарайды. Мұнда да шектеулік мән бары байқалады. Бұл кісі есімдерін жасаушы қосымшаларға тән ерекшеліктердің бірі болып табылады.

Көне түркі тілінде *-ғай* (*-gāj*; *-qaj*, *-kāj*; *-yā*, *-gā*; *-qa*, *-kā*) қосымшалары келер шақ, кейде модальдылық мәнінде жұмсалғаны туралы айтылады [52, 651 б.]. Бұлардың кісі есімін жасаушы *-қай* тұлғасына қаншалықты жақындығы тереңірек қарастыруды талап етеді, дегенмен «Күрделі *-ғай еді* форманты арқылы сөйлеуші басқа субъектінің белгілі бір амалды жасағанын я орындағанын аңсайды, іздейді, бірақ одан амалдың қалай тынғаны көрінбейді де, білінбейді де...» – деген ғылыми тұжырымнан келер шақ мәні аңғарылады және осы мағынасы арқылы көне тұлғалармен сәйкестікте бола алатыны байқалады [180, 321 б.]. Ал, «Қалау мәнді келер шақтың *-ғай/-ga* қосымшалары түркі тілінде *-ғай/-qaj*, моңғол тілінде *-ғай/-qai* (ертегілерде) және *-tagai* (әдеби), тұңғыс-манжұр тілінде *-ga/-ka*, корей

тілінде *-kai* түрлерінде қолданылады» [164, 176.]. Қазіргі бурят тілінде осы қосымшаның *-хай*, (*-хэй*, *-хой*) нұсқасы етістіктен және зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ ретінде қызмет атқарады. Түркі тілдерінде соның ішінде қарашай-малқар тілінде (къай (*тар* 'узкий' – *таркъай* 'мелеть') етістік тудырушы өнімсіз жұрнақ [82, 651 б.], ноғай тілінде (*-кай*, *-кей урла*- 'ұрлау', *урлакай* 'ұры' *тисле*- 'тістеу', *тислекей* 'тістеуік') етістіктен сын есім тудыратын жұрнақ [125, 651 б.]. Аталған қосымшалардың дыбыстық формалары жақын болғанмен, мағыналық жағынан бір-бірінен өзгешеленетіні байқалады. Алайда, ол ілгеріде атап өткеніміздей, кейіннен пайда болған – дамудың нәтижесі. Біздің тұжырымдауымыз бойынша, осылардың ішінде кісі есімін жасауға жақыны – қалау мәнді тұлғалылар. Өйткені, есім табиғаты арман-тілекке құрылатыны белгілі. Қазақ тіліндегі Байтуғай, Бергей, Тоқтағай, Қаптағай секілді есімдердің мағынасы осы мақсаттан туған секілді.

Кісі есімдеріне негіз болған мағыналық сипат қазақ тіліндегі *балақай*, *ботақай* (ауыз-екі тілде), *шошақай* (жеңілтек мінезді кішкене балаға қаратылып айтылғанда) және осыған ұқсас *маңқай*, *таңқай* сөздерінде де бар, бұларда еркелету мәні байқалатыны рас. Тек соңғы екеуі *маңқи*, *таңқы* сөздерімен түбірлес, олай болғанда қосымша *-қай* емес, *-ай* тұлғалы болып шығады. Осы тұрғыдан қарағанда, еркелету мәнді *-қай* түбірдің соңғы дыбысының қосымшаға қарай ығысуынан пайда болған құранды қосымша емес пе екен? деген тұжырым ойға оралады. Ю. И. Каракаев ноғай тілінің пассив қолданыстағы лексикасы туралы зерттеу еңбегінде *-ай// -ей*, *-кай// -кей* (*-кай// -гай // -ай*) қосымшаларын кісі есім жасаушы, кішірейту-еркелету қосымшасы деп қарайды. Бұлардың өнімсіз қосымшалардың қатарына жататынын айта келіп, *кейкей* – 'шешей', *балакай* – 'балақай', *безекей калша* – 'өрнектелген кілем', *башекей камыс* – 'жұқа қамыс' секілді мысалдар келтіреді. Өзі жинаған материалдарға сүйене отырып, түркі тілдерінде бір буынды есімдер мен етістік тұлғалы негіздерге жалғанып, кішірейту мағыналы есімдер жасайды деген М.А. Хабичевтің пікірін қолдайды [79, 456.]. Тағы бір мысал: ілгерідегі *ботақай* мен *балақай* құрамындағы *-қайдың* еркелету мәнін сақтай отырып, *ботақан*, *балақан*, *бұзауқа* болып қолданылатын нұсқалары бар. Сонымен, ізденістер барысында *-қай...* тұлғасының антропонимжасамдық қабілеті, арман-тілек және кішірейту-еркелету секілденіп, екі түрлі мәнде жүзеге асқанына көз жеткіздік.

-қай... тұлғалы кісі есімдері тек қазақ тілінде ғана емес, басқа да түркі тілдерінде кездеседі. *Қарашай-малқар* тілінде: Аккай, Ра-

кай, Алакбай, Мусакбай; *құмық* тілінде: Атақай, Жанақай, Улақай, Умақай, Устақай, Бахтикай; *татар* тілінде Айқай, Балқай, Батырқай, Бүрекәй, Калқай, Карақай, Кәнжекәй, Кобақай, Кодақай, Күзкәй; *башқұрт* тілінде: Азнақай, Илкәй, Илсекәй, Кусқай, Мақай, Муллақай, Мырзақай, Нөркәй, Темиркәй, Бибикәй, Бибекәй; *ноғай* тілінде: Абақай, Айқай, Алғай, Бобрикай, Буланқай, Елкей, Елшикей, Йаныкей, Исақай, Канақай, Карақай, Нурқай. Жиналған материалдар бойынша осы аталған есімдердің құрамындағы қосымшалардың барлығы кішірейту-еркелету мәнін білдіретіні анықталып отыр.

А. Бісқақовтың аталған еңбегінде «-қай (-кей) – тіпті өнімсіз форма, тек балақай, саусақай, шешекей деген бірлі-жарым сөздерге ғана жалғанады. *Иттің ұлы итақай* дегендегі -қай формасы да, *Ашақай, Мұсақай, Әлкей, Бейсекей, Сәрсекей* деген кісі аттарындағы -қай элементі де осы айтылған кішірейту формасымен байланысты» – деп көрсетіледі [180, 161 б]. -қай... қосымшасының тілдік әрі антропонимжасамдық табиғаты туралы қазақ тіліндегі негізгі тұжырымдар осы секілденіп келеді. Бұл қосымшамен келетін мұнан өзге де есімдер бар. Олар, Абақай, Ажықай, Бабақай, Балқай, Балкей, Бергей, Беркей, Бердікей, Бекқай, Жолақай, Жолдыкей, Жүмекей, Жұмақай, Қалқай, Қарақай, Қатқай, Қожақай, Қоскей, Кенжекей, Матақай, Мәркей, Күнікей, Қаныкей, Тінікей т.б. секілденіп келеді.

-қай... тұлғасының өзге түркі тілдеріндегі антропонимдерде де кішірейту-еркелету мәнінде қолданылуы қалыптасу тарихының ертеден басталатынын көрсетеді. Кез келген тұлғаның антропонимжасамдық қабілетінің (дыбыстық және мағыналық) орнығуы үшін түрлі даму сатыларынан өтетіні белгілі. -қай, -кей, -гай, -гей қосымшаларының қалыптасу тарихы да осындай кезеңдерді басынан кешіргені байқалады, себебі аталған есімдер құрамындағы тұлғалардың барлығы бір негізден таралған деу қиын. Жиналған материалдардағы кісі есімдерінің фактілері мен антропонимжасамдық қосымшалар табиғатына тән ерекшеліктерді басшылыққа ала отырып, талдаулар жасап көрелік. Есімдердің құрылымдық жүйесі мен жасалу жолдары туралы ой тұжырымдағанда, Исақай, Жолақай, Қожақай, Жұмақай, Матақай секілді есімдердің құрамындағы «-қай ма әлде құрметтеу мәнді -ақай ма?» – деген секілді сұрақтардың туындауы мүмкін, ол заңды да. Аға, ақа тұлғалары көне түркі заманынан бүгінгі күнге дейін 'жасы үлкен ер адам' және құрметтеу мәнді атау ретінде қолданылып келеді. Қазақстанның батыс өңірлерінің кей жерлерінде «Ақа – аға, кейде өзінен үлкен кісіге қаратпа сөз ретінде де айтылады» [100, 34 б.]. Ноғай тілінде ақай – әке, әкеге

айтылатын қаратпа сөз [125, 33 б.]. Кісі есімдерінің құрамындағы еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалар, біраз уақыттан кейін, тұрақты айтыла келе өзінің мағынасынан ажырап, антропонимнің құрамды бөлігіне айналады. Ұлттық танымдағы дағдыға байланысты, еркелету, құрметтеуге деген сұраныстың нәтижесінде, енді біртұтас есімге айналған антропонимжасамдық туынды түбірге келесі осы мағынадағы басқа тұлға қосылады. Осы тәртіппен құрметтеу мәнінде жалғанған *ақаға* еркелету мәнді *-ай* қосымшасы жалғанып, *ақай* тұлғасы жасалған деген болжам ұсынамыз. Осы секілді *-ғай* тұлғасы арқылы жасалған Ботағай (Бота+ағай) нұсқасы бар. Кейде еркелету мәнді екі қосымша қатар жалғанатын кездер де болады. Бекбосын, Бекзат, Бексұлтан секілді Бек компонентінен тарайтын есімдер осы мақсатта – Бек+ен+ай, Бек+ен+тай, Нұрман, Нұрмұқамет, Нұрсерік – Нұр+жан+тай т.б. есімдердің түрленуі оған дәлел. Сөздің соңы дауыстыға біткенде *а* дыбысы қысқарып, *-қай* тұлғасы қалатыны белгілі. Материал жинау барысында Дүйсенбек, Сейсен, Бейсен есімді адамдарды Дүйсеқай, Сейсеқай, Бисақай деп атау фактілері кездесті. Осы үлгіге сүйенер болсақ, ілгеріде атап өткеніміздей, *-қай* қосымшасының бір нұсқасы *ақай* сөзінің қысқаруынан пайда болған, яғни бұл даму заңдылығынан дербес мағыналы сөздің қосымшаға айналу үдерісі байқалады.

Келесі бір болжам – кісі есімдерінің құрамында еркелету, құрметтеу мәнінде жұмсалатын *-к(к, -ақ, -ек, -ық, -ік)* қосымшаларымен байланысты. Бұл үдеріс те екі қосымшаның қабаттаса жалғануын көрсетеді. Бейсенді – Бейсек, Сәрсенді – Сәрсек, Дүйсенді – Дүйсек, Абылғазыны – Абақ деп құрметтеу-еркелету кездеседі. Енді осылардың үстіне еркелету, құрметтеу мәнді *-ай, -ей* қосымшалары жалғанады. Сөйтіп Бейсе+к+ей, Дүйсе+к+ей, Сәрсе+к+ей, Аба+к+ай тұлғалары қалыптасқан.

Бұл тұжырымдар *-қай...* тұлғалы қосымшалардың барлығы бірдей дербестігі жоқ, тек құранды жолмен жасалады деген пікір тудырмауғы тиіс, керісінше осындай даму үдерістерін басынан кешіре отырып, олар қазіргі кезде жеке тұлға ретінде қалыптасқан. Қазақ тіліндегі аталған тұлғалардың тілдік табиғаты олардың дербестігін көрсетуге әбден жеткілікті деп ойлаймыз, сонымен қатар өзге түркі тілдеріндегі зерттеулерде де бұл тұлғалар дербес антропонимжасамдық қосымша ретінде қарастырылады. Ілгеріде атап өткен есімдердің барлығы Ата+қай, Уста+қай, Бахти+қай; Бал+қай, Батыр+қай, Бүре+қай, Кал+қай, Кара+қай, Кәнже+қай т.б. секілденіп, дербес мәнді түбір мен арнайы еркелету, құрметтеу қосымшалары ретінде қарастырылады.

Өйткені, қазіргі қолданыста олар дамудың түрлі сатыларынан өтіп, қызметі айқындалған, дыбыстық тұлғасы қалыптасқан бірегей тілдік құрал ретінде жұмсалады.

-ша, -ше, -ш (-аш, -еш, -ыш, -іш) қосымшаларының қалыптасу негіздері

Қазақ есімдерінің құрамында *-ша, -ше* тұлғаларымен келетін есімдердің құрамы мынандай болып келеді: Айша, Бозша, Дәмиша, Қалиша, Дінше, Әдиша, Әділше, Әлшекей, Әлиша, Әлімше, Әниша, Әуше, Бадамша, Бағымша, Байменше, Байша, Байырша, Балғынша, Балиша, Балша(а)йым, Балшақан, Балымша, Батырша, Бауша, Баушабай, Бегімше, Бекше, Бекшебай, Бекшетай, Биша, Боранша, Бөкше, Дәмиша, Дәрменше, Дәулетше, Дінше, Дайырша, Жақанша, Жаманша, Жәмше, Жанша, Жәниша, Жиенше, Жиғанша, Қалша, Нұрша т.б. Бұл қосымшалар, біздің пікірімізше, екі түрлі жолмен орныққан: бірі – араб тілінен енген шах сөзінің қысқаруынан пайда болған тұлға, екіншісі реңк мәнін тудыратын *-ша, -ше* жұрнағы. Қазақ тілінде «ша, ше формасы зат есімдерге жалғанып туынды үстеу (балаша, балықша т.б.) жасайды да, сын есімдерге жалғанып, белгінің шағындық шама-шарқын білдіретін формалар жасайды (ақша, қызылша, сарша, сұрша, бозша, көкше, ұзынша т.б.), сондай-ақ бұл форма зат есімдерден кішірейту ұғымын білдіретін формалар (көрпеше, кітапша, сандықша, қобдиша, өгізше т.б.) тудырады» [180, 161 б.]. Бұл қосымшалардың тарихы туралы зерттеулерде, қазақ тілінде қолданылып жүрген *-шақ, -шек, -шық, -шік, -ша, -ше, -ш* жұрнақтарының әуелгі шығу тегі *кішік* деген лексикалық атау сөзбен тығыз байланысты екені туралы айтылады [157, 43 б.]. Ж. Тектіғұлова, Қ. Жұбановтың зерттеулеріне сүйене отырып, *-шақ* (*-шек*), *құлыншақ*, *келіншек*), *-шық* (*-шік*) *қапшық*, *төбешік*), *-ша* (*-ше*) *өгізше*, *тайынша*), уақыт мағынасында қолданылатын (түс ауған *шақ*) «шақ» сөзі моңғол тілінде тәңә «көмекші сөзі, салыстыру, кішірейту мәнді» *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнағы, *шейін*, *дейін* шылауы бәрі моңғолдың «шаған (шегін, тегін) «бала, сәби, уақыт» сөзінен тараған деп тұжырымдайды. Профессор С. Исаев «сөйтіп, бұдан «тек» пен «тегін» сөздері «шақ» пен «шаған» сөздерімен семантикалық сипаты жағынан ұқсас мәнді қосымшаға айналып, фонетикалық түр-тұлғасы, мағынасы мен морфологиялық сипаты жағынан бірін бірі қайталап отырғанын көруге болады дейді [159, 87 б.]. Б. Сағындықұлы *-ша* қосымшасының шығу тегіне терең талдаулар жасай отырып, мәселенің мән-жайын ашып берді. Бір замандарда шағындықты, кішілікті т.б. лексикалық мағыналарды білдірген, қазір *шағын* сөзінің

түбірінде сақталып қалған, сол секілді кичик, кішік, кіші, кішкентай сөздерінің құрамындағы ч – ш дауыссыздарында да осы мағынаның элементтері сақталғанын айтады [138 б.]. Бұл өз алдына терең мәселе, біздің қарастырып отырғанымыз осы қосымшалардың антропонимжасамдық қабілетке ие болуының сырлары туралы болғандықтан, осы жағына назар аударамыз. Антропонимжасамдық қабілетке ие болуына себепші – кішірейту, еркелету мәні. -ш тұлғасы антропонимжасамда «кішкентай» мағынасын сақтай отырып, ша (-ше) және -ш (-аш, -еш, -ыш, -іш) болып екі түрде орнықты. Қазіргі кезде шығу тегі бір болғанмен, екеуі екі басқа қосымшалар ретінде танылады. Мысалы, Нұрша мен Нұрыш, Айша мен Аяш, Қалша мен Қалыш т.б. Шығу тегінің бір негізден тарайтынын этимологиялық талдаулар арқылы ғана білуге болады, ал антропонимжасамдық тұрғыдан алғанда бұл екеуі екі басқа. Өйткені, антропонимжасамға екі түрлі орныққан, дайын күйіндегі тұлғалар пайдаланылып отыр. Оның бір көрінісі кісі есімдері құрамында қазір *-ша* тұлғасының кішірейту, еркелету мағынасының солғындап қалғанында. Ал *-ш* (-аш, -еш, -ыш, -іш)-ның антропонимдік форма тудыруда да, антропонимжасамдық қосымша ретінде де белсенділігі жоғары. Күләш, Бораш, Бұлаш, Құраш, Қараш, Құрмаш, Самаш, Әбдеш, Ормаш, Әлмаш, Нұрыш, Құлыш, Кәмалаш т.б. секілді есімдер *-ш* тұлғасының антропонимжасамдық мүмкіндігінің көрінісі болып табылады.

Әр есімді жеке адамдарға берілген кезіндегі түрлі факторлар жиынтығының негізінде қалыптасқан табиғатына тән дәстүрлі жүйенің аясында қарар болсақ, құрамындағы олардың жасалуына қатысы элементтердің бірін растап, келесісін теріске шығаруға болмайды. Өйткені, әркім өзі таңдаған есіміне қаншалықты мән беріп, мағыналық салмақ артатыны барша жұртқа көбіне белгілі бола бермейді, сондықтан есімдерді түрлі белгілеріне қарай топтастырғанда, ұлттық ат қою дәстүрінің қалыптасқан жүйесіне арқа сүйеуімізге тура келеді. Ал ол жүйе ұлттық болмысымызға тән ерекшеліктердің баршасын қамтитын болғандықтан, ауқымы өте кең және ұлттық таным растап тұрған құбылыстардың ешбірін теріске шығармайды. Қазақ есімдерінің өзіндік негізгі ерекшеліктерінің бірі де осында, сондықтан әрқайсысының біртұтас мағынасына қоса, құрамындағы әрбір элементтің тұлғалық, мағыналық қасиеттерінің және атқаратын қызметтерінің бәрі де лингвомәдени тұрғыдан зерделеуді қажет етеді. Осы тараушадағы талдауларға негіз болған қосымшалардың барлығы тілімізде бұрыннан бар, жалпы есімдер құрамында сөзжасамдық, формажасамдық қызметте жұмсала келіп, антропонимжасамдық қызметке ие болғаннан кейін дамудың жаңа бір сатысына көтерілген байырғы тұлғалар.

3.4 Антропонимжасамдық қосымшалардың табиғатындағы тоғысу мәселелері

Антропонимжасамдағы басты ерекшеліктердің келесі бірі – тоғысу үдерісі. Тоғысу дыбыстар сәйкестігінің немесе өзгерістерінің нәтижесінде жүзеге асады. Сондықтан, оның табиғаты құбылыстан гөрі үдеріске көбірек ұқсайды. Тұрақты үдерістің нәтижесі әрекетті құбылысқа айналдыратыны белгілі, алайда барлық антропонимжасамдық қосымшаның қалыптасу жолдарында ортақ жүйе, бірізділік болмағандықтан, олардың құбылысқа айналуын мойындау қиын. Қандай жолмен жүзеге асатынына қарамай, тоғысудың антропонимжасамда өзіндік орны бар. Антропонимжасамдық қосымшаларды топтастырғанда олардың өзара жақындық белгілерінің бірі тоғысу үдерісі арқылы айқындалады: дыбыстық ұқсастықтары бойынша бірдей қосымшалардың қатарына топтастыру мен мағыналық жақтан айырғысыз өзара сіңісіп кеткен тұлғалардың тілдік табиғаты тоғысу үдерісінің аясында айқындалады. Мысалы, Гүлден есімінің етістік не есім тұлғалы екенін айқындау мүмкін емес, ол антропонимжасамда тоғысу құбылысының нәтижесі болып табылады.

Қазақ тілінде антропоним жасауға қатысатын қосымшалардың түрлері көп, құрамында мағына білдіретіндері де, мағына білдірмейтін, алайда дыбыстық жағынан ұқсас жасанды формалар да кездеседі. Негізгі қызметі антропонимжасамдық форма тудыру болғандықтан, олар тұлғасы да, қызметі де ортақ тілдік құрал ретінде танылады. Себебі, мысалы, Гүлім десек те, Келім (Келімбай, Келімсейіт есімдерінің құрамындағы) десек те, антропонимжасамдық мағына қосымшалар арқылы емес, антропонегіз арқылы анықталып тұр. Нақтылай түссек, қазір Гүл, Кел компоненттерінің антропонимжасамдық мағынасы айқын: Гүл компоненті нәзіктіктің, еркеліктің, сұлулықтың символы; «Кел» басқа емес, тек сәбиге, ұрпаққа, олардың туылуына қатысты ұғымдарды білдіреді, ал қосымшалар негіздің шылауында тұрғанда бастапқы мағыналарынан алшақтап, бірдей форма жасайды. Алғашында бұл қосымшалар антропоним жасауға өзіндік мағыналары бойынша қатысқанмен, тұрақты қолданыла келе дыбыстық тұлға ретіндегі мәні бірінші орынға шыққан. Сөйтіп, қазір екеуі де антропонимжасамдық қызметте жұмысалады. Шығу тегі мен алғашқы мағыналарының екі түрлі болғанына қарамай, қазіргі кезде екеуі бір тұлғада, бір қызметте қолданылатындықтан, омонимдес бола алмайды. Керісінше қосымшалар табиғатындағы бұл

үдеріс сипатына қарай дыбыстық формалардың бір-біріне тоғысуы болып табылады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «тоғыс» сөзінің мағынасы «1. Әр тараптан келіп бір-бірімен түйісу. 2. Ойлары бір жерден шығу, үйлесе кету» деген түсінік беріледі [101, 805 б.]. Осы мағынаны басшылыққа ала отырып, дыбыстық формалары ұқсас қосымшалардың антропонимжасамдық қызметте жұмсалудың осылай атауды жөн көрдік. Қосымшалар табиғатындағы тоғысу ұғымы өте кең, себебі дыбыстық формалары әр басқа қосымшалар да қызметі бойынша антропонимжасам аясына жинақталатыны белгілі, бұл орайда да тоғысудың белгілері байқалады. Алайда, біз осы кезекте тоғысу ұғымын, шығу тегі әр басқа, дыбыстық формалары ұқсас қосымшалардың антропонимжасамдық бірігуі бойынша ғана қарастырмақпыз. Антропонимжасамдық тоғысу көрсеткіштері кей есімдердің құрамында айқын, кей есімдердің құрамында көмескі болып келеді. Мысалы, *-ай*, *-ақ* тұлғаларын антропонегізге жалғанғанда еркелету, құрметтеу қосымшаларынан айыру өте қиын және *-ай*, *-ақай*, *-қа*, *-қай* тұлғаларын қатар тұрғанда нақты аражігін ашу мүмкін емес: Жамақай есімінің құрамын Жам+ақай – Жама+қ+ай – Жама+қай түрінде талдауға болады. Қалдыбай есімінің мағынасын анықтауда да *-ды* қосымшасының етістік не сын есім екені белгісіз. Бұл айқын тоғысудың көрсеткіштері болып табылады. Ал сын есім мағыналы Малдыбай, етістік тұлғалы Тұрдыбай есімдерінің қосымшалары жасалу жолдары белгілі болғандықтан, тоғысуы жағынан көмескі, дыбыстық сәйкестіктер болып табылады.

Антропонимжасамдық қосымшалар табиғатындағы тоғысу түрлі сипатымен көрінеді. Оларды, «қосымшалар мен қосымшалардың тоғысуы», «қосымшалар мен дербес мағыналы сөздердің тоғысуы», «дербес мағыналы сөздерден жасалған тұлғалардың қосымшаларға тоғысуы» деп топтастыруға болады.

1) *Қосымшалар мен қосымшалардың тоғысуы* өз ішінде *дыбыстық формасы ұқсас* қосымшалардың тоғысуы және *дыбыстық формасы бөлек* қосымшалардың тоғысуы деп екіге бөлінеді. *Дыбыстық формасы ұқсас* қосымшалар Жарас, Кеңес, Талас, Тілес, Тұрыс секілді ортақ етіс жұрнағы мен еркелету мәнді Бабас, Байтанас, Байыс, Бекес, Борас, Бөдес, Данияс, Данас, Мырзас есімдерінің сәйкесуінен көрінеді. *-лық*, *-лік*, *-дық*, *-дік*, *-тық*, *-тік* тұлғалары арқылы жасалған: *зат есім тудырушы* Бірлік, Даналық, Жақсылық; *сын есім тудырушы* Аталық, Бабалық; *етістік мәнді* Қуандық, Сүйіндік; еркелету мәнді Байтік, Жәутік, Түнтік есімдерінен де ортақ тұлға, ортақ қызмет байқалады. Бұйрық рай тұлғалы Ерсін,

Байтұрсын, Байбосын, Тұрсын, Жарлықасын, Жебесін, Жаңылсын т.б. есімдері мен зат есімнің реңк мәнін тудыратын *-сы* және өздік етістің *-н* жұрнағының бірігуінен жасалған *-сын* тұлғалы Айсын, Байсын, Екеусін, Ебейсін, Елеусін, Жарықсын, Нұрсын т.б. есімдері, сонымен қатар осы қатарға араб тілінен енген Умму Кулсумның өзгеруінен жасалған Гүлсін, Гүлсінай, Гүлсінхан есімдерін де қосуға болады. Антропонимжасамдық өзгерістерімен жасалған сұраулық мәнді Ұлмекен, Нұрмекен есімдеріндегі *-екен* (...*ме екен?*) тұлғасы мен Әлекен, Бейсекен, Есекен, Жасекен есімдеріндегі еркелету мәнді құранды *-екен* (*-е+кен*) қосымшалары тоғысады. *-дан(-ден)*, *-тан(-тен)*, *-нан(-нен)* дыбыстық болмысы жағынан қосымшалардың бұл түрі шығыс септігінің жалғауына ұқсағанмен, құрамында басқа да түрлі элементтер бар. 1) Шығыс септігінің элементтері: Айдан, Гүлден, Ерден, Достан, Келден, Қордан, Қостан, Нұрдан Тастан, Естен, Бектен, Қордан, Сырдан, Молдан, Берден, Әлден Өзден, Әзден, Жолдан екеуі екі есім), т.б.; 2) Екінші антропокомпоненттің бірінші дыбысының қосымшаға қарай ығысуынан жасалған тұлғалар: Шертан, Бостан, Жолтан, Нұртан, Қабден; 3) араб тілінен енген *-дин* сөзінің дыбыстық өзгерісінен пайда болған тұлға: Қайырдан (Хайриддин), Мұқиден (Мұхиддин), Шәмшиден, Нұриден т.б. Осы қосымшалардың барлығын бір антропонимжасамдық арнада басын қосатын тағы бір ерекшелік – осы қосымшалар туралы екіұдайылық пікір. Мысалы, Гүлден шығыс тұлғалы және етістік тұлғалы, Нұртан Нұртуғанды еркелету мәнінде қалыптасқан.

Дыбыстық формалары бөлек қосымшалардың тоғысуы *-дар* тұлғалы есімдердің тарихи қалыптасу сипатынан көрінеді. Бұл тұлға арқылы жасалған мынандай есімдер бар: Ағдарбек, Байдар, Гүлдерай, Елдар, Ердар, Желдербай, Күндар, Қалдарбек, Қыздарбек, Қыздархан, Малдарбек, Мандарбек, Мұндарбек, Сайдар, Сардарбек, Ұлдарбек, Шардарбек т.б. Осы есімдердегі дыбыстық формасы ортақ *-дар* (*-дер*) сипатты қосымшалар Гүлдерай, Қыздархан, Ұлдарбек есімдері *көптік жалғау* қызметін атқарады; Желдербай, Мұндарбек, Малдарбек есімдерінің құрамында Желдібаймен және т.б. синоним-дес *қатыстық сын есім* мағынасын; Байдар, Жандар, Сардар есімінің құрамында келіп, әскери қолбасшы, батыр – байлықтың, елдің иесі яғни *зат есім* тудырушы; Күндар, Сайдар есімінің құрамында келіп жақсылық, қайырымдылық жасаушы, яғни зат есім тудырушы жұрнақ мағынасын білдіреді. Қазақ, иран, тәжік тілдеріндегі (*-дар және -доро*) екі түрлі қосымша қазақ тілінің заңдарына сай бір тұлғаның аясына жинақталғанын байқауға болады. Шығу тегі жағынан әртүрлі

болғанмен, олар қазір қазақ тілінің төл элементі ретінде бір мақсатқа қызмет етеді.

2) Қосымшалар мен дербес мағыналы сөздердің тоғысуы. Антропонимжасам барысында, сөздердің тұрақты қолданыла келе мағыналық өзгерістері нәтижесінде қосымшаға айналуы және дыбыстық тұлғасы жағынан тілде бар антропонимжасамдық келесі бір қосымшаға ұқсауында дербес мағыналы сөздермен сәйкестіктер байқалады. Сәйкесудің бұл түрі дербес мағыналы сөздердің постпозициялық қолданыста, яғни үнемі соңғы орында тұруынан пайда болады. Есімшенің *-р, -ар, -ер* жұрнағымен тұлғалас Бөбер, Көбер (соңынан бөпе ерсін, көп болып ерсін мағыналарындағы) есімдерінің құрамындағы дербес сөздердің бастапқы мағыналары қолданыста ескеріле бермеуінің нәтижесінде, қазір қосымша ретінде танылады. Осы секілді *-ай* тұлғасымен келетін көптеген есімдердің тұлғасынан осы тоғысу құбылысының белгілері көрінеді. Бозай, Бөбенай, Бегай, Гүлай, Досай, Еренай, Жанай, Жолай, Нұрай, Әмірай т.б. мағынасы мен құрылымдық жүйесіне қарай талдағанда негізге жалғанған *ай* тұлғасын компонент әрі еркелету, құрметтеу мәнді қосымша ретінде де тануға болады. Антропонимжасамдық қызметі бойынша алғанда екеуінің бірін жоққа шығару мүмкін емес. Жеке адамға қойылу мақсатына қарай анықталмаса, антропонимжасамдық қордағы сипаты бойынша нақты тұжырым жасау дұрыстыққа әкеле бермейді. *-ақ* тұлғасы туралы да осындай болжам жасалады. Кей зерттеулерде *ақ* компонентін «бақыт», «бақытты» мағынасын білдіретін приставка деп қарастырады [118, 36 б.]. Жанак, Молак, Жонак, Жолак, Басақ, Қосақ т.б. құрамындағы екінші орында тұрған тұлғаның дербес мағыналы сөз немесе еркелету, құрметтеу мәнді қосымша екенін айырудағы қиындық, олардың аражігінің жымдасуын көрсетеді. Т. Жанұзақов Досақ есімінің құрамын түбір мен *дос-ақ* – *нағыз дос* мағынасындағы күшейткіш шылау ретінде қарастырады. Бұлай болғанда *ақ* тұлғасына *түс, еркелету мәнді қосымша, шылау* мағыналары келіп тоғысады. Дыбыстық тұлғасы, дербес мағыналы сөздердің түбіріне жалғануы, екі дыбыстан ғана тұратын ықшам көлемі *ай* мен *ақ* тұлғаларын дербес мағыналы сөзден гөрі, қосымшаға көбірек ұқсатады.

3) Дербес мағыналы сөздерден жасалған тұлғалардың қосымшаларға тоғысуы – өзгерістердің нәтижесінде дыбыстық формалардың бір-біріне ұқсауы. Бұл ерекшелік арқылы қалыптасқан тұлғалар төмендегідей болып келеді:

-тан тұлғасының табиғатындағы тоғысу құбылысы: Т. Жанұзақов Айтан есімінің *ай* және *таң* компоненттерінің бірігуінен жасалғанын

айтады [62, 24 б.]. Қазақ тілінде сол секілді Нұртан, Ақтан секілді есімдер бар. Антропонимжасамдық тәсіл бойынша -тан қосымшасы Айтуған, Айтолды секілді есімдердің *айт* тұлғасынан қысқарып, еркелету, құрметтеу мәнді -ан қосымшасының жалғануы арқылы жасалған. Демек, -таң сөзі мен -т-ан қысқаруы арқылы *тан* формасы пайда болып отыр.

-қан тұлғалы есімдердің құрылымында да екі түрлі сипат байқалады. Қазіргі кезде х әрпімен жазылып жүргеніне қарамай, тіліміздегі Абақан, Аятқан, Балақан, Білімқан, Гүлқан, Ғалымқан, Нұрқан т.б. секілді есімдердің құрамындағы еркелету мәнді қосымша ретінде де қызмет атқарады. Мұндағы – ботақан, қошақан т.б. секілді еркелету мәнді қосымшалар. Антропонимжасамдық қосымша ретінде белсенді -қан тұлғасы осылайша әрі дербес мағыналы сөз (хан), әрі қосымша ретінде танылады. -қан тұлғасына қатысты тағы бір тоғысу Қалмұқанның – Қалым-қан болып өзгеруінен де көрінеді.

-алы (-әлі) тұлғалы есімдердің сипаты мынандай болып келеді: Байалы, Бошалы, Біралы, Дәуітәлі, Дербісәлі, Досалы, Дүйсалы, Жеңісалы, Жорталы, Тоқталы, Тұралы т.б. Жасалу жолдарына қарай, етістік тудырушы -а жұрнағы немесе түбірдің соңғы дыбысы мен рай тұлғалы -лы (-лі) қосымшаларының бірігуінен және араб тілінен енген Әли есімінің дыбыстық өзгерістері арқылы қалыптасқаны байқалады. Бошалы, Жорталы, Тоқталы, Тұралы есімдерінің құрамындағы құранды тұлға да, Бірәлі, Дәуітәлі, Дербісәлі, Досалы, Дүйсалы – Жеңісалы Әли есімінің өзгерістері.

Еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалардың құрылымдық болмысында тоғысудың ерекше көрсеткіштері бар. Жеке тұрғанда әрқайсысы дербес сипатымен танылса, бір есімнің құрамында бірінен кейін екіншісі қатар келгенде олардың жігін ажырату қиындық тудырады. Олардың түрлері мынандай болып келеді: Бабақай (Баба+қай, Бабақ+ай), Дабақай (Даба+қай, Даб+ақай), Жамақай (Жама+қай, Жамақ+ай), Байматай (Бай+матай, Баймат+ай), Бекетай (Бекет+тай, Бекет+ай), Бөлекен (Бөлек+ен, Бөл+екен), Байақат (Баяқ+ат, Бай+ақат), Әлжекей (Әлжек+ей, Әлже+кей), Байдырақман (Байды (Байдыбек тұлғасында бар)+рақман, Байдар+ақ+ман, Байдарақ+ман), Бабақан (Баба+қан, Баба+ақан, Баба+қ+ан) т.б. Антропонимжасам заңдылықтарына тән бұл ерекшеліктердің себебі кісі есімдерінің жеке адамдар тарапынан жасалып, әркімнің оған тікелей өзі ойлаған мағына-ұғымдарды телуімен байланысты. Антропонимжасам жүйесіндегі тоғысу құбылысы түрлі тұлғалардың

антропонимжасамдық қосымша ұғымының аясына топтасуына әсер етеді, яғни антропонимжасамдық сипатқа ие болады.

-ман қосымшасының құрамына талдаулар жасағанда түрлі элементтердің тоғысын көреміз. Айман, Болман, Нұрман есімдерінің құрамында дербес мағыналы сөзден қосымшаға айналған тұлға; Досман, Есман, Құлман есімдерінің құрамында мәмбет компонентінің қысқарған түрі, Жекеман есімінің құрамында (жеке-) *-аман* сөзінің өзгерген түрі. Антропонимдік қорда Жұқар есімі бар, сол секілді *-ман* тұлғасының жалғануымен *Жұқарман* есімі жасалған. Бұл жерде біздің пікірімізше *-ман* тұлғасы болымсыз етістік тудырып тұр. Бұлардың барлығы жиналып келіп *-ман* тұлғасын құрайды.

-мат – Мұхаммат есімінің қысқаруынан қалыптасқан жасанды тұлға. Нұрмат (Нұрмұхамет), Құлмат (Құлмұхамет), Есмат (Есмұхамет) есімдерінің құрамында қолданылады. Соңы т дыбысымен аяқталатын осындай есімдерге ұқсату негізінде, яғни аналогиялық жолмен қалыптасқан Армат (Арман), Қалмат (Қалман), Алмат (Алман) тұлғалары бар (нақты өмірден алынған мысалдар). Бұл көрсеткіштер Бекмат, Бірмат, Досмат, Жармат т.б. құрамындағы тұлғалардың да *-ман-нан* жасалуы мүмкіндігін жоққа шығармайды. Олай болса, *-мат* тұлғасы Мұхаметтің қысқаруынан және еркелету мәнінде *манның* мат болып айтылуынан жасалған тұлға деген болжам жасауға болады. Сол секілді кей қолданыстарда *-мат* «матай» сөзінің қысқартуынан да пайда болғаны белгілі болып отыр. Байматай есімі *Баймат* болып қалыптасқан.

-шат тұлғасы зерттеушілер тарапынан екі түрлі талданып жүр. Татар зерттеушілері Бикшат *түркі-парсы* 1. Өте қуанышты, көңілді. 2. Көне түркі тіліндегі *бек пен шад* титулдарының бірігуінен жасалған есім. Қазақ тілінде бұл тұлғамен келетін, Айшат, Гүлшат, Ділшат, Ершат, Нұршат, Бақшат, Баршат, Бекшат, Бишат, Елшат т.б. секілді есімдер бар.

Осы орайда, кейбір антропонимжасамдық қосымшалардың грамматикалық мағынасы туралы ғылыми пікірлерге тоқтала кетуге тура келеді: мысалы, «Айдай, Тастайбек тәрізді есімдерде *-дай*, *-тай* аффикстері салыстырмалы сын туғызатын жұрнақ мағынасында жұмсалып, субстантивтеніп тұр. Сондай-ақ Алмастай, Серіктей, Күләндай, Мұраттай деген мысалдарда «сияқты», «тәрізді» сөздерінің орнына қолданылған қатыстық сын жұрнағы мағынасын аңғартады» – деген жолдарда есімнің грамматикалық мағынасы туралы айтылып тұр [64, 158 б.]. Алайда, бұл есімдерге қатысты алғанда екі мәселе ойға оралады: біріншіден, олардың құрамындағы қосымшалар байқап

қарасақ, *-тай, -тей, -дай* тұлғаларында келген. Мағыналарын шығу тегіне байланысты саралар болсақ, әртүрлі жолдармен қалыптасқан. Мысалы, алғашқы Алмастай құрамындағы *тай*-ды еркелету мәнді, *-тей* сын есім тудырушы жұрнақ (Серіктей) деп қарастырып, *-дай*-ды халық әніндегі «Күлэнда-ай-мен (Күлэн-дай емес)» салыстыруға да болады, сондықтан олардың басын біріктіріп тұрған ерекшелік – антропонимжасамдық қасиеті. Еркелету мәнді *-тай* тұлғасы осы секілді қызметі мен дыбыстық ұқсастықтары бойынша салыстырмалы шырайдың *-тай, -тей, -дай, -дей* және *-да-й* (Күлэнда+ай) тұлғаларына тоғысады.

Қорыта келгенде антропонимжасамдық қосымшалардың құрылымы мен құрамы өзіндік болмысымен ерекшеленеді. Құрылымдық жүйесі бойынша жасалған талдаулар олардың әрқайсысына тән сипат пен өзара тығыз байланыста болатынын көрсетіп отыр.

Антропонимжасамдық қосымшалар тілдік табиғаты жағынан түрлі элементтердің жиынтығы. Тарихи негіздері, қалыптасу үдерістері, ортақ белгілері жағынан олар жан-жақты саралаулар мен зерделеулерді қажет етеді. Осы ерекшеліктеріне қарай жүйеленіп, талдауларға негіз болады.

Әрқайсысының өзіндік қалыптасу жолдары бар. Біз оларды үш түрлі белгінің аясына топтастырдық. *Біріншіден*, белгілі бір мағына үстеу үшін антропонимге айналғанға дейін сөз құрамына жалғанған белгілі бір грамматикалық категорияларға тән қосымшалар. Бұлар антропонимдер құрамында қолданыла келе негізгі мағынасының кеңеюіне байланысты өз мағынасынан ажырап, форма тудыру қабілетімен антропонимжасамдық мүмкіндікке ие болған қосымшалар. Олардың түрлі түбірлерге жалғанып, есім тудыруы антропонимжасамдық сипатының айқындала түсуіне әсер еткен. *Екіншіден*, кісі есімдеріне мағыналық реңк үстеу үшін жалғанып, тұрақты қолданыла келе антропонимжасамдық қабілетке ие болған қосымшалар. Бұлардың қалыптасуында екі кезен байқалады: бірінші антропонимдік форма тудыру кезеңі, екінші кезекте антропонимжасамдық қосымшаға айналу кезеңі. Негізінен, олардың қатарына еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалар жатады. *Үшіншіден*, жасанды тұлғалар. Дербес мағыналы сөздердің антропонимдер құрамында қолданыла келе қосымшалық сипат алуы. Олардың құрамында төл сөздерден де, кірме сөздерден де жасалған түрлі элементтер бар. Тұлғалардың қалыптасуы тікелей антропонимжасаммен байланысты жүзеге асқан және антропонимжасам аясы-

на топтасып отыр. Мұнда қосымшалардың антропонимжасамдық қалыптасу кезеңі және антропонимжасамдық үдеріс деген ұғымдар көрініс береді.

Құрылымдық жүйесіне қарай талдағанда кісі есімдерінің құрамында этимологиялық талдаулар жасауға көнетін және көнбейтін қосымшалар бар. Осы ерекшеліктерін ескере отырып, қажеттілік пен мүмкіндігіне қарай қосымшалардың шығуы мен қалыптасу тарихына этимологиялық талдаулар жасалды және кейбірінің антропонимдік уәждеріне түсінік берілді. Кісі есімдерінің шығу тарихы көбіне этимологиялық талдауларға көне бермейтіндігі туралы Т. Жанұзақов та өз зерттеулерінде бірнеше рет ескерткен болатын. Ғалымның ғылыми тұжырымдары антропонегіздерге арналғанмен, антропонимжасам заңдылықтарының ықпалына байланысты қосымшалар да осындай ерекшеліктерге ие болады.

4 ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМЖАСАМЫНЫҢ ЭКСТРАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

4.1 Ат қою дәстүрі және тілек факторы

Экстралингвистика – тілдік элементтерді қалыптастырушы тілден тыс факторлардың жиынтығын зерттейтін тіл білімінің саласы. Тілдегі белгілі бір элементтердің пайда болуы үшін оған сыртқы әсерлердің болуы міндетті. Зерттеуші М. Арыстанбаев өз пікірін «Экстралингвистика ұлттың этникалық, қоғамдық-тарихи, әлеуметтік, жағрафиялық және басқа да факторлардың жиынтығын тілдің дамуымен және қызмет етуімен тығыз байланыста қарастыратын тіл білімінің саласы болып табылады» – деп тұжырымдайды [17, 62 б.]. Тіл мен ойлау өзара тығыз байланысты құбылыстар, яғни тіл ойлаудың жемісі. Ой – танымның жемісі. Таным мен тану сыртқы қоршаған әлем, сыртқы дүниеге тәуелді. Сыртқы дүниені тану адамзаттың ғасырлар бойғы өмір тәжірибесі арқылы уақытпен бірге жетілумен келе жатқан құбылыс. «...адамзаттың дыбыстық тілі дегеніміз – логикалық ұғымдар жүйесі түрінде адамзат санасында бейнеленген жаратылыстық-ғаламдық, болмыстық жүйе заңдылықтарының тілдік-дыбыстық материал арқылы бейнеленіп, осылайша адамдар арасында қарым-қатынас жасау қызметін атқаратын ерекше сипатты құрылым» [33, 18 б.]. Тілдік-дыбыстық материал адам танымының тілде формаланған бейнесі болып табылады. Тіл танушы ғалымдар тарапынан «...адамның дүние танудағы жетістіктері сөзде, сөйлем құрылысында тіркелетінін» айтады [129, 298 б.], яғни адам санасында жүйеленіп, орныққан, тілден тыс дүниелер тіл арқылы білдіріледі және қабылданады. Антропонимдер өзінің жеке материалы болмағандықтан, дайын сөздерден жасала отырып, белгілі дәрежеде оған тән дыбыстық форма мен мағыналық элементтерді пайдаланады, яғни таным әлемінің жемісі болып табылатын сөзге тән белгілер кісі

есімдеріне де ортақ. Антропонимжасамның тілдік табиғаты туралы зерттеулердің толыққанды болуы үшін қалыптасуындағы тілден тыс факторлар мәселесі де назарда тұруға тиіс. Есім мағынасына көбіне, туған нәрестенің түрін сипаттаудан гөрі оның болашағы мен «...сондай болса екен!» деген адами қасиеттері туралы ақпараттар жүктеледі, демек ол ойдағы арман-тілектің сөз арқылы таңбалануы болып табылады. Бұл тұрғыдан антропонимжасам – экстралингвистикалық факторлардың жемісі. Антропонимдердің жасалуында арман-тілек қана емес, бүкіл адамның таным дүниесіндегі мәдени ойлар мен ұғым-түсініктер қамтылады. Оларды өз ішінде жалпы жинақтай келіп, «ұрпақ факторы», «ислам факторы» факторы, «тұрмыстық фактор», «үйлесім» факторының аясына топтастырамыз. Осы аталған факторлардың барлығы ат қою дәстүрінің ішкі элементтері болып табылады. Ат қою мен антропонимжасам бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Өйткені, ат қойғанда да кісі есімі жасалады, яғни сөз кісі есіміне айналады. Екеуінің арасындағы айырмашылықтар – антропонимжасамның табиғатындағы тілдік үдерістерден туындайды. Қойылған есімнің дыбыстық жақтан өзгеріп немесе тұлғалық жақтан түрленіп жаңа есімдердің жасалуы секілді ішкі құрылымдық жүйеге қатысты мәселелер антропонимжасамға тән болып келеді. Осы ерекшеліктеріне қарай антропонимжасамның экстралингвистикалық сипатына талдаулар жасағанда көбіне «ат қоюды» «антропонимжасам» терминінің синонимі ретінде пайдаланамыз.

Белгілі бір есімнің аясына жинақталған ұлттық білім мазмұны, сыртқы әлеммен байланысты түрлі ақпараттарға толы болады, сондықтан антропонимжасамда осы ақпараттардың негізгі уәжі айқындалып, кодтары ашылуы тиіс, бұл мәселеге экстралингвистикалық тұрғыдан келу қажеттілігін тудырады.

4.1.1 Түрлі халықтардың ат қоюындағы қазақ дәстүрімен ұқсас ерекшеліктер

Жер бетінде атауы жоқ заттың болмайтыны белгілі. Егер атауы жоқ зат, құбылыс бола қалса, онда оны адам әлі танып үлгермеген. Сол секілді қазіргі көзқарас тұрғысынан аты жоқ адамды бар деп елестету қиын. Адамды белгілі бір есіммен атау жалпы жер бетіндегі халықтардың баршасына ортақ, сол секілді ат қою дәстүрінде де ортақ белгілер кездеседі. Алғаш адамға қойылған аттың қандай болғаны белгісіз, сипаттау түріндегі сөздерден, тіпті сөйлемдерден де тұрған болуы мүмкін. А. Гафуров былайша сипаттайды: «Мынан-

дай жағдайды көз алдымызға елестетіп көрейік. Алдыңызда алғашқы қауымның бір тайпасы. Көсем одақтас тайпаға көмекке жүз сарбаздан тұратын әскери жасақ жібермек болды. Қазір тіпті ойымызға келмейді – адамдардың ол кезде есімі жоқ. Тайпа көсемі өз жасағын қалай орналастырар еді. Ол шамамен мынандай бұйрық беретін болу керек: «Жылан шағып алғанның баласы, ұзынтұра, жирен шашты, кеше анда жүріп екі қабан өлтірген және қабағы түнерген, маңдайында тыртығы, сол жақ қасында сүйелі барды» шақыр. Біртіндеп суреттеу ұзара береді» [210, 3 б.]. Бұл есімдердің шығуының әлеуметтік болжамы. Бұл тұрғыдан, қалай болжасақ та жеке адамды атау, өзгелерден ажыратып тану қажеттілігінен туғаны анық. Тілдің заңдылықтары мен адам санасының дамуы барысында қанша ұзақ болса да, есімдердің қолданыла келе қысқаратыны, ұзақ суреттеудің ішінен негізгі бір элементі ғана қалдырылып, қалыпты жүйеге түсетіні ақиқат. Екінші бір мәселе кісі есімдерінің танымдық қырлары. Есімнің қасиеті арқылы баланың тағдырына әсер ету, сөйтіп өзі қасиет тұтып, киелі санаған заттар мен құбылыс атауларын немесе осыған қатысты ұғым-түсініктерді есімге айналдырып отырған. Осы екеуінен келіп мынандай болжамдар туындайды: сипаттау мәнді есімдер ішінде тайпа көсемі немесе дара тұлғалардың есімге айналған сипаты жұртшылықтың көңілінен белгілі бір қасиеттің (ерлік, даналық, алып т.б.) атауы ретінде орын алды. Мысалы, адамды өзгелерден айыру үшін оның қоғамдағы әлеуметтік орны, атағы – сипаттау мәнді сөз, тіркес, сөйлем (болуы мүмкін) атауыш құрал ретінде қолданыла келе, шын мәнінде есімге айналды. Осылайша есім кие, қасиетке ие болды – есімі адамның қорғаушысы, өмір бойғы серігі деген ұғымдар қалыптасты. Барша адамзат есімдеріне ортақ шығу, қалыптасу туралы болжамдар осындай тұжырымдарға жетелейді.

Нәрестеге көркем есім беру туралы ертеден айтылып келеді. Қазақ ауыз әдебиетінде, Пайғамбар хадистерінде, жазба ескерткіштер материалдарында оған қатысты түрлі мәліметтер бар. Адам есімнің өмірі мен тағдырына әсері дәстүрлі ғылым шеңберінде де қарастырылып жүр. Қазақ тіліндегі халықтық этимология «ат адамның өмірлік серігі және мініп жүретін аты (қолдаушы, жебеушісі), сондықтан оны ат дейді» – деген болжам айтылады. Мұндай түсінікті орыс ғалымдары да ұстанады: «Есім туған кезде беріліп, бөлекше үлгідегі танысқы (визиттік карточкасы) секілді өмір бойы бірге жүреді. Сондықтан, есім таңдауда жаңылыспау өте маңызды. Бала болашағы көп жағдайда ата-ананың таңдаған есіміне байла-

нысты. Есім кармасында, адамның өмір жолына тылсым түрде әсер ететін магиялық күш бар».

Балаға ат қою кез келген халықта бар дәстүр. Біраз елдерде ат қоюға қатысты ырымдар мен жоралар ұқсас болып келеді. Перзентінің амандығын тілеу, оны сыртқы зұлым күштерден қорғау үшін жасалатын түрлі әрекеттер, осы негізде кісі есімдерінің жасалуы туыстығы жоқ алыс тілдерде де бар құбылыс. Мысалы, Т. Жанұзақов өз еңбегінде, «Хайуандар мен аңдардың, құстар мен жәндіктердің, болмаса табиғат құбылыстарының аттарынан жасалған кісі аттары көптеген халықтарда бар, жиі кездесіп отыратын жай. Мәселен, Волков, Бугаев, Беркутов, Соколов, Козлов, Лисицин... т.б. ...Светлана, Света – Сәуле; Надежда – Үміт; Любовь – Сүйімхан, Сүйкім; Богдан – Құдайберген, Алдаберген; Злата – Алтын т.б.» – деп жануарлар атауынан жасалған орыс есімдеріне және орыс есімдері мен қазақ есімдерінің арасындағы ұқсастықтарға тоқталады [64, 24 – 25 б.].

Мағыналық ұқсастық бұл есімдердің шығу уәждерінің де ортақ екенін көрсетсе керек. Мағыналық жақтан ортақ болуы шығуына әсер етуші факторлардың да ортақтығын білдірсе керек. Есімнің жасалуына ықпал ететін түрлі жағдайлар бар. Ол әсіресе баланың болашағы үшін туған кезде жасалатын ырымдармен байланысты. Жын-перілерді алдау үшін жасалатын ырымдар түрлі халықтарда кездеседі екен. Мысалы Карпат маңында (Прикарпатье) отбасында бала өле берсе, ата-анасы баланы терезе арқылы өзі секілді адамға бір کروناға сатады екен. Қолында наны бар, сатып алған адам аулада тұрып: «әкең мен шешеннің де осы дүниеде де, ана дүниеде де саған ешқандай қатысы жоқ» – деген арнайы сөзді айтады. Сонан соң баланы өз үйіне әкеліп, үстелге жақызып, «менің баламдай болып өс», ал ата-анасына «маған тәрбиелеп беріңдер» – дейді екен. Осыдан кейін баланы Сатылған (Продан) деп атайды. Грузиндерде керісінше, анасы баласын басқа біреудің қолына беріп, қайта сатып алады. Сөйтіп, оның атын Наскид (Сатып алған) қояды екен. Мұндай есімдер өзбектерде Сатуб-алды, Сатқын, тәжіктерде «айырбастап алынған» мағынасындағы: Бадал, Иваз, Алуши секілді есімдер бар. Баланы сақтап қалу мақсатында түрлі ырымдар бойынша есім беру исламға дейінгі арабтарда да болыпты: Ямут (өлі «мертвый»). Орыстарда Мертваго (*салыст.* – живаго), есімі бар, шамасы орыстардағы көне Мертвяк или Мертвый, Мертвец секілді бұтқа табыну дінінен қалса керек. Алтайлықтарда Ит Көдён (иттің арты), Тентек (ақымақ) секілденіп келеді [72, 43-44 б.]. Мұндай наным-сенімдермен байланысты Итемген, Итбай, Бөрі т.б. секілді есімдер қазақ халқында да болған.

Жын-перілерден құтылу үшін баланы елеусіз, жаман етіп көрсету мақсатында қойылатын ортақ мағынадағы Плахой (Плахотин фамилиясы бар), баланы алушы тылсым күштің жолы болмасын деген мақсатта қойылған Непутевый (Непутин фамилиясы бар) секілді есімдер қазақ тілінде Жаманбай, Иттимес түрінде қолданылады. Мұндай ырымдар басқа халықтарда да кездеседі: вьетнамдықтарда 1945 жылғы Август революциясына дейін балалар көп өлген жерлерде ырымшыл (суеверные) адамдар балаларына мынандай есімдерді көп қойған: Эть (бақа), Зюн (жауын құрт), Тхео (тыртық). Наным бойынша мұндай есімі нашар балаға жын-пері тимейді де, өлімнен аман қалады деп сенген [144, 98 бет].

Орыстарда екі есім беру ырымы XIX ғасырға дейін сақталған. Мысалы, алдыңғы екі бала тоқтамағандықтан, үшіншісін тылсым күшті алдау үшін оны Филарет және Евгений деп атайды. Баланы алуға келгенде Филарентті тауып алады да құр қол қайтады. Баланың туған уақыты мен жеріне байланысты астрологиялық жолмен анықтау да осы тектес ырымдардың бір түрі болып табылады. Осы тектес ырымдар араб халқында да болған екен [123, 18-19 б.]. Екі есіммен атау қазақ халқында да болғаны белгілі, жиналған материалдар бойынша алғанда, олардың әлі күнге сақталып келе жатқаны байқалады. Батыс Қазақстан облысындағы Оян ауылының тұрғыны Роман есімді азаматты, азан шақырып ат қойғанда осылай атағанмен, денесіндегі қалының көптігіне байланысты, осындай есім берсе кетеді деген сеніммен Меңдібай атап кеткен. Төрт қыздың кенжесіне Айжан деп ат қойып, артынан ұл туса екен деген тілекпен, ата-анасы Ұлмекен деп атаған жағдай кездеседі.

Әрбір халықтың өзіне тән есім қою дәстүрі бар. Бізде бір есімді өмір бойы иеленеді. Ал Африка мен Азия елдерінің көпшілігінде адамның жасына қарай есімдері де өзгеріп отырады. Әуелі – балалықтағы есімдер, сүт тістер секілді, кейін келесісі, оны да кәмелеттік жасқа толған соң қалдырады, кейін ересектер есімін таңдайды, алайда қоғамдық жағдайына байланысты – қол бастауына т.б. байланысты бұл есім де өзгеріп отырған. Түркі халықтарында да осы дәстүрдің кей белгілері бар. Мысалы, Т. Жанұзақов көне жазбалардағы Күлтегін, Тонькөк, Білге қаған, Елхан есімдерінің қоғамдық титул, лақап аттары екенін айтады. Бірнеше есім иелену Қабанбай батырға байланысты да айтылады, оның түрлері мынандай: Ерасыл, Нарбала, Дарабоз, Қабанбай. Бір адамның бірнеше атының болуы қазіргі қазақ есімдерінің арасында да кездеседі, алайда ол дәстүрлі жолмен қалыптаспаған: «Ақылдаса келе, сол уақытта атағы

дүрілдеп тұрған Күләш Байсейітованың атын беруді жөн санайды. Күміс көмей әншінің ныспысы әу баста «Гүлбахрам» болған екен. Сонымен құжатқа «Күләш» деп жаздырғанмен, әкесі «Гүлбахрам» деп атап жүреді. Ал әжесі немересінің оң иығындағы үлкен қалына қарап «Қалдықыз» дейді. Анасы болса, әжесінің қызын Катя деп еркелетеді» [10, 2008].

Есімнің түрлері. Батыс Еуропада үлкен туыстарының құрметіне балаға бірден екі немесе одан да көп есім беру тән болып келеді. Неміс жазушысы Гофманның үш есімі болған: Эрнст Теодор Амадей. Кейде ер және әйел есімдері тіркесіп келеді: Эрих Мария. Ағылшын саудагері өзінің ұлын Вэст-Гэм деп атаған екен. Футбол командасындағы Вильям-Эдуард-Стюарт-Тревор-Генри-Эдван-Матрин есімдердің басқы әріптерін алып, бүтін бір есім құрастырған [123, 15 бет]. Басқы әріптер немесе буындары бойынша есім жасау тәсіл қазақ есімдерінің құрамында кездеседі. Мэлс (Маркс, Энгелс, Ленин, Сталин), Лэн (Ленин әлем нұры), Ким (Коммунистическая идея молодежи), Марлен (Маркс, Ленин).

Кеңес өкіметінің тұсында осындай жасанды есімдер мен көркем әдебиет, көркем фильм кейіпкерлерінің есімін қою белгілі дәрежеде дәстүрге айналғаны белгілі. Өзіне ұнаған кейіпкерлердің атын сәбиіне беру т.б. көп халықтарда болды. Мысалы, Ивашко В.А. «Как выбирают имена» атты еңбегінде жетпісінші жылдардың басында Анжелика деген есімнің тым көбейіп кеткендігін айтады, себебі сол кезде экранда «Анжелика и король», «Анжелика – маркиза ангелов» деген фильмдер жүріп жатқан болатын [123, 159-160 б]. Бұл көнеден келе жатқан ат қою дәстүрінің жаңа заманға лайықталған көрінісі болып табылады. Әсіресе, кейіпкерлер есімін қою мен тарихи тұлғалар есімін қоюдың арасында байланыстың бары белгілі. Мысалы, орыс зерттеушілері белгілі-бір есімінің ішкі болмысы туралы айтқанда ол есіммен аталған тарихи тұлғаларды да назардан тыс қалдырмайды. Мағыналық сипатында тарихи тұлғаның адами қасиеттері де қамтылатынын ескертеді [69]. Тарихта өткен хандар мен билер, шешендер, ислам діні қайраткерлерінің есімдері кейінгі ұрпақтарға берілді. Қазіргі қазақ есімдерінің құрамында да осы дәстүр сақталған: Абай, Әйгерім (Абай жолы романының кейіпкерлері), Мұқтар (Әуезов), Күләш (Байсейітова), Айман (Айман-Шолпан жырының кейіпкерлері), Ақбөпе (Жаяу Мұса романының кейіпкері) т.б. есімдер қазір көптеп қойылады. Мысалы, Айман Мұсақожаева өз есімі туралы, «Менің есімімді Айман қоюының өзі Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасымен тығыз байланысты. Әкемнің айтуын-

ша, ол менің осы пьесадағы көрікті де, келбетті, ақыл-парасаты тал бойына жарасқан Айман қыздай болуымды мұрат етіпті» [8].

Ат қою – барша адамзат баласына ортақ дәстүр. Өйткені, ол өмірдің өз қажеттілігінен пайда болған. Қолданыла келе, өмір тәжірибесі адам мен оның есімін бір-біріне кіріктіріп жіберді де, есімді адам, адамды есім ретінде тану ұғымы қалыптасты. Осыған байланысты дүниеге жаңа келген қорғанысы әлсіз сәбиді сақтап қалу мен бойына түрлі қасиеттер дарытуға әсер ету әрекетін есімі арқылы жүзеге асыру идеясы қалыптасса керек. Ат қою дәстүріндегі ортақ белгілер осы негізден тарай келе, түрлі есімдердің жасалуына себеп болған.

4.1.2 Ат қою дәстүрі және «ұрпақ қамы» факторы

Кісі аттарының жасалуындағы экстралингвистикалық факторлар тұрасында мынандай екі мәселеге тоқталмай өтуге болмайды: біріншіден қазақ халқының ұлттық танымындағы ұрпақ мәселесі, екіншіден, өмірге келген перзентке ат қою мәселесі. Ұлттық санадағы ұрпақтың орны «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» немесе «Шаңыраққа ие болу» т.б. секілді мақал-мәтел, тұрақты тіркестерден көрінеді. Адам өмірінде перзенттің орны қашан да жоғары, қазақ халқының балаға деген сүйіспеншілігі, оның бары мен жоғы туралы ұғымдары ертеден-ақ қалыптасқан – «қу бас» деген атаққа қалмау үшін ұрпақ жолында мал-дүниені, жанды пида етеді. Халықтың өмір бойы жиған рухани байлығының негізі болып табылатын ауыз әдебиеті материалдарында перзенттің орны, оның адами болмысы мен қасиеттері жан-жақты баяндалады. Халық танымы мен түсінігінің негізінде сомдалған бейне елді киындықтан құтқарып, бақытқа жеткізетін сондай бір ерекше жаралған перзентті армандаудан туған. Сондықтан, ол жалпы қазақ халқының перзентке деген сүйіспеншілігінің көрінісі ретінде де бағалы. Ауыз әдебиеті кейіпкерлерінің көпшілігі құдайдан сұрап алған, зиратының басына түнеп әулиенің аянын немесе бақсы-балгерлердің батасын алу арқылы дүниеге келеді. Осындағы жеке адамдардың тағдыры жалпы ұлттық ұғымдағы перзент орнының қаншалықты жоғары екенін көрсетеді. Мысалы қазақ ертегілерінің тілінде осыған байланысты мынандай сөйлемдер мен сөз тіркестер жиі кездеседі: «Малы орасан көп болған. Бай алпыс үшке жеткенше бала көрмей, бір перзентке зар болған» [93, 127 б.]. «Ертеде өз еңбегімен күн кешірген бір кедей шал болыпты. Шал өмірінде бір шыр еткен көрменгі» [93, 180 б.]. «Аты белгісіз патша халқына әділ,

ғаріп-мүсәпірлерге көп қарасатын болған. Бірақ патша *өзі баласыз болған*» [93, 229 б.]. Қазақ ертегілерінің көпшілігі осылай басталады. Бұлай басталуының да, перзентке деген көзқараспен байланысты өзіндік себептері бар: байдың да, кедейдің де, патшаның да баршасына ортақ арман – өмірден ұрпақсыз кетпеу. Шығарманың құрылымы да әуелі бардың байлығы, салтанаты туралы баяндауға арналады да, «бірақ» деп, соңында қалатын ұрпағы болмаған соң сонша дүние бақытының түкке тұрмайтындығы меңзеледі: «Байбөрі малға бай екен, төрт түлігі сай екен, бір перзентке зар екен. ...Бір перзенттің дертінен, дәйім қайғы жер екен» («Алпамыс батыр» жырғы). Кедейдің көрген жоқшылығы мен мұқтаждығы да бір перзенттің болмауымен салыстыруға келмейді: «Ертеде аңшылықпен күн көрген бір кемпір мен шал болыпты. Бірақ өмір бойы бір перзентке зар екен. Құдайға жалбарынып, тілеген армандары бір бала болады» [98, 35 б.]. Жоқшылықтың азабын тартып жүрсе де, сұрағаны байлық емес, перзент. Бір перзенттің дертінен дүние, мал-мүлік, байлықтың бәрін тастап, елден шығып, жапан түзді кезіп кететін оқиғалар ауыз әдебиетінің материалдарында жиі кездеседі. Мысалы, «А Құдай, өзін қай жақтасың, қайда болсаң да, міне, біз сенен бала сұрап қаңғырдық!» – деп жапан түзге бет алды. Қаңғырып жүре берді [94, 115 б.]. Сөйтіп жүргенде құдайдың көз жасын көріп, тілегін қабыл етіп немесе әулие аян беріп, бақсы-балгерлердің үшкірген емі қонып, тоғыз ай, он күн дегенде бір бала дүниеге келеді.

Қазақ халқының санасында ұрпағының жоқ болуы өте үлкен қайғы, баласы жоқ адамға жұрт мүсіркей қарайды: «Тобықбайдың әйелі өмірі бала көтермепті. Мұның баласының жоқ болғанына барлық ел *аяныш етеді екен* де, өзін жақсы көреді екен [94, 154 б.]. «Байбөрі осылай деп жүрді жылап, Құдайдан күндіз-түні бала сұрап. Сүйегі сырқырайды Байбөріге, мұң-зарын есітіген жан салып құлақ» («Алпамыс батыр» жырғы). Сонымен қатар, ашуланса баласы жоқтығын ең төменгі кемістік ретінде бетіне басатын тұстар да кездеседі: «...бұл той – баласы бардың келетұғын тойы. Ұлы барға орын бар, қызы барға қызық бар. Ұлы жоққа орын жоқ, қызы жоққа қызық жоқ» [94, 115, 141].

Бір перзентке зар болған талайлар өмірден баз кешсе, ұрпағының өсуі, көп болуы да үлкен арман. Бұл «жалғыз ұл», «жалғыз бала», «қу жалғыз», «жар дегенде жалғыз» секілді тұрақты тіркестерден де көрінеді. «Жалғыздық құдайға ғана жарасады» деп білетін қазақтың түсінігінде «Жалғыз ұлы бардың кіресілі-шығасылы жаны бар». Сондықтан, оның жолында жаны садаға болып отырады. Ал ауыз

әдебиетінде бұл мәселе де басты назарға алынып, арнайы тіркестер арқылы беріледі: «Бұрынғы заманда әлемге аты шыққан бір дәулетті патша болыпты. Оның *жар дегенде жалғыз ұлы* болған екен» [93, 31 б.]. «Бағдат шәріндегі Шаһиншаһ патшаның Шаһзада деген *жалғыз ұлы болыпты*» [93, 230 б.]. «Ол бидің *жалғыз баласы* болыпты» [93, 104б.]. «Сол байдың *жалғыз баласы* болыпты» [93, 198 б.]. «Ертеде бір кемпір болыпты. Оның *жалғыз баласы* болыпты» [93, 251 б.]. Осы сөйлемдердің құрамындағы *жалғыз...* деген сөздердің ақпараттық терең мәні бар. «Жалғыз ұл» ұғымы патшаға да, биге де, байға да, жалғыз кемпірге де бәріне ортақ, бәріне бірдей. Жалғыз сөзі ұл немесе бала сөзімен бірігіп, тұрақты тіркес құрағанда, оның мағынасынан қазақ халқының «жалғызы» туралы психологиялық жағдайларының барлығы көрініс береді: қорқыныш (күдіктену, амандығын тілеу, жолына жанын құрбан етуге дайын болу), қуаныш, сағыныш, сүйініш, медет ету, шүкіршілік т.б. Жолына жанын шүберекке түйіп отырған ата мен ананың және жауынан намысын қорғап, қолын бақытқа жеткізген ұланының атына халық тарапынан жолданатын ізгі тілек пен алғыс шексіз.

Қазақ халқында жалғыз перзентпен қатар, жалпы ұрпағына деген көзқарастың орны ерекше. Осы мейірім мен сүйіспеншілік-махаббат тілде түрлі еркелету, жақсы көру мәнді сөздермен таңбаланады. Еркелету, айналып-толғану, жақсы көру мәнінде балаларға арналып айтылатын мынандай сөздер бар: *айым, айналайын, айнам, ақботам, ақтайлағым, алтыным, балашығым, ботам, ботақаным, жалғызым, жаным, жарығым, көзімнің ағы мен қарасы, күмісім, күнім, қалқам, қарашығым, қарғам, қозым, қоңыр қозым, қуатым, құлыным, құлыншағым, өкпе-бауырым, өкпе-жүрегім, садағаң (болып) кетейін, тентегім, тентек қарам т.б.* Бұл сөздердің көпшілігі сонымен қатар, есім орнына қолданылып, шақыру, өзіне назарын аудару қызметін де атқарады. Жеке тұрғанда да балаға деген сүйіспеншілікті білдіретін бұл сөздер мәтін ішінде түрліше құбылып, алуан түрлі мағыналық реңктерге ие болады.

Осы сөздер арқылы туған перзентіне бағытталатын түрлі сезімдерінің бірі – сағыныш. Халықтың аузында ғасырлар бойы сұрыпталып, шебер сомдалған ұлттық психологияның типтік белгілері қазақ ауыз әдебиетінен көрінеді, сондықтан қазақ ертегілеріндегі сағынышқа байланысты туған өлеңдерден қысқаша үзінді келтіре кетейік. Жау қолына түсіп, хабарсыз кеткен Қарабатырдың анасы мұңға толы сағынышын мынандай жолдармен жеткізеді:

Ау, шырағым, құлыным,
Маңдайымда тұлымым.
Көлге біткен құрағым,
Жалғызым-ау, шырағым!
Жау алды ма білмедім,
Су алды ма білмедім,
Аң алды ма білмедім,
Жөнінді біліп шырағым,
Құрбаның болып өлмедім!
Жиырма төрт ай болды,
Мен жалғызды көрмедім?! (Қара батыр ертегісі)

Туған перзентінің жауға кетіп, ұзақ мерзімге кешігуі «Қобланды батыр», «Алпамыс батыр» жырларында да бар. Қобландының әкесі Тоқтарбай мен анасы Аналықтың, Алпамыстың әкесі Байбөрінің сағыныш-жоқтауы, жау қолындағы қорлықтан құтқарады деген жалғыз үміт-тілегі арнайы жыр жолдары арқылы беріледі. Батырлар жырында негізгі жау – қызылбас пен қалмақ болып келсе, ертегілерде көбіне дұшпан – жеті басты айдаһар, жалмауыз кемпір, жезтырнақ т.б. түрінде беріледі. Осының бәрінен ата-анасын, туыстарын, елін батыр өзінің асқан ерлігімен, айласымен, әулиелер мен пірлердің, алдынан шығып отыратын тылсым күшке ие адамдар мен адамша сөйлейтін жануарлардың және тапқыр, алып, желаяқ, сакқұлақ, көлтаусар т.б. секілді достарының көмегімен құтқарады. Ауыз әдебиетіндегі басты кейіпкерлердің бір бойына мейірімділік пен қайырымдылық, жомарттық, елге, жерге деген сүйіспеншілік, туған елдің намысын қорғау жолында жанын садаға ету т.б. секілді адами қасиеттер тоғысқан. Ал бір адамның бойына сыймайтын, бірақ қиындыққа қарсы тұрып, ел қорғайтын батыр үшін қажетті өзге ерекшеліктер оның достары арқылы көрінеді де, батыр сол арқылы мақсатына жетеді.

Мұнан шығарма кейіпкерінің кешенді тұлғасын көреміз. Тұлға бойынан көрінетін қасиеттер ұлт ұғымында ғасырлар бойы жинақталып, әр кезеңде туындап отырған түрлі қоғамдық қажеттілік пен сұраныстардың негізінде қалыптасқан.

Шығармалардағы ештеңеге мұқтаж емес батырдың да жүрегі жылы, мейірімге толы, дұшпанына қатал – ол да туған елі мен жерін сағынады, сағыныш сезімі көзінен жас болып ағады, жауға кеткен кек жолында жанын шүберекке түйіп, басын бәйгеге тігеді:

Алтынды ерге сүйеніп,
Елін-жұртын сағынып,
Өксіп-өксіп жылады.
Осы жерде Қобланды... немесе
«Еменнен кестім найза, – деп, –
Пенделік тартқан халқыма
Тигіземін пайда» – деп,
Күн шыққанша шәһәрін
Екі айналды Қобланды... (*«Қобланды батыр» жыры*)

Құдіретті күштен сұрап алған жалғыздың өзін әкесі намыс пен жауға кегі кетпес үшін халқының жолында құрбан етуден тартынбайды: «... бетінен жарылқасын, қайда барса жолы болсын, бір жаман алжыған шал, қақиған кемпір қызығын көрді не, көрмеді не, тірі болса қызығын халық, жұрт көрсін!» – деді (*«Желкілдек» ертегісі*). Дұшпаннан кек қайтару мен намыс жолында жанын құрбан ету идеясы «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі», «Еркек тоқты құрбандық» секілді мақал, мәтелдерден де көрінеді. Жасынан санасына сіңген бұл идея батырлардың арманы ретінде мынандай жолдар арқылы беріледі:

Айыр ма екен, нар ма екен,
Қайың ба екен, нар ма екен?
Үйде туып түзде өлген
Батырда арман бар ма екен?! (*Ауыз әдебиетінен*).

Ел қорғап жүріп, өмірден өту батырлардың арманы.

Мәрт мінез, шындықпен өмір кешу, онан ауытқығанда жалған дүниені тәрк ету де ерге тән қасиет ретінде бағаланады: «Мен құдайға жалғаншы болып, жалған дүниеде жүргенімнен өлгенім артық, өзімді-өзім құдайға бергенім» – деп, төбесінен оқ атты [94, 125 б.].

Батырдан ұрпақтың қалуы да ауыз әдебиетінде арнайы назарда ұсталады. Негізгі кейіпкердің өзі ата-анасының «өлгенде көрген жалғызы» еді, халық батырдың да ұрпақ жалғастығын назардан тыс қалдырмайды және оларға тән ерекшеліктердің бірі жау болса да тектінің қызынан немесе киелі күшке ие перінің қызынан т.б. туады. Бұл батырдан туған перзенттің әкесінен асып түсетінін көрсетеді. Ұрпаққа деген сүйіспеншілік тек жақсы көріп армандаумен шектелмейді, олардың асыл текті болуын да басты мақсат етіп қояды.

Ұрпақ бойында болуға тиіс қасиеттер және қиын қыстау сын сағаттар мен онан шығудың жолдары ауыз әдебиетінде терең зерде-

ленеді. Ауыз әдебиетінің материалдары арқылы белгілі бір батырды танимыз да, соның өміріне қатысты шытырман оқиғалардың куәсі боламыз, кейіпкердің өсу, тұлға ретінде қалыптасу жолдарымен танысамыз. Енді оның есімі аталған кезде есім мағынасының қандай екеніне қарамай, сол бай мазмұнды шытырман оқиғалар тізбектеліп көз алдымыздан өте береді. Сондықтан, перзент мәселесіне қатысты ұлттық таным аясында сомдалған тұлға әрі адам, әрі бай мазмұнды өмірдің иесі болып табылады.

Қазақ халқының ұғымындағы ұрпақ мәселесі мен *ат қою дәстүрінің* арасында өзіндік байланыс бар. Халық ұғымында, дүниеге ата-анасының арман-тілегімен келген перзенттің затына аты сай болу жағы да қарастырылады, ол өз кезегінде түрлі антропонимдердің жасалуына әсер етеді. Қазақ ауыз әдебиетіндегі негізгі кейіпкерлер бойындағы қасиеттерді жинақтай келгенде «адам деп кімді айтамыз, оған тән қасиеттер қандай болуы керек?» – деген сұрақтың жауабын аламыз. Олардың бірінің бойындағы ерекше қасиетті екіншісі толықтырып, басқа бір қырынан танытып отырады, сондықтан қазақ халқының эстетикалық талғамы негізінде туып, қалыптасқан ұлттық болмыс пен мінез-құлықтың кейбір сипаттарын зерделеу үшін халық әдебиетінің материалдарын толықтай назарға алуымыз керек. Сонда ғана ұлттық рухани құндылықтарымыздың кешенді бейнесін көре аламыз. Осы құндылықтар тілде кісі есімі арқылы таңбаланады, яғни белгілі бір батырдың бойына біткен асыл қасиеттердің барлығы оған берілген есімнің ақпараттық мазмұны арқылы жұртқа танылады. Ештеңеден қорықпайтын, дүние-мүлікке мұқтаж емес, жауынан жеңілмейтін, кез келген уақытта өзінің де, елінің де, бауыры мен қарындасының да намысын қорғай алатын, жылағанды жұбатып, даңдайсығанды тәубесіне келтіретін алып батырдың есімі айтылғанда сол ертегіні немесе жырды білетін адам, кейіпкердің басынан кешірген бүкіл өмірі мен оның адами болмысын ойға алады. Демек, шығарманың тақырыбы секілді кісі есімі де өзін иеленген тұлғаның адами болмысының жинақтық атауы болып табылады. Бұл ауыз әдебиеті кейіпкерлеріне ғана емес, қазіргі кісі аттарына да байланысты жайт. Мысалы, белгілі бір адамның есімі аталғанда, танытындар оны өзі білетін қырынан ойына алады. Сөйтіп, адамның адами болмысының сипаты мен өмірінің мазмұны таңдап алынған есімнің аясына мағына – ақпараттық мазмұн ретінде жинақталады. Бұл орайда ол тек атаушы дыбыстық тұлға ғана емес, сол сипат пен мазмұнның тақырыбы ретінде қызмет атқарады. Сондықтан, кісі есімі мен перзент өмірінің арасында байланыс болуын қалаудан келіп,

арман-тілекті арқау еткен түрлі есімдер жасалды. Ғасырлар бойғы халық тәжірибесі жинақтала келе ат қою дәстүрін қалыптастырды. Ауыз әдебиетінде қиялдағы дайын образға ат беріліп не тарихта бар тұлғаның есімі арқылы адами қасиеттің үлгісі боларлықтай кейіпкер бейнесі жасалса, шындық өмірде есімді әркім өз ойлағаны бойынша баланың болашағын ескере отырып таңдайды. Осы жерден адам мен есім арасындағы байланыс келіп туындайды.

«Шал мен кемпірдің немесе байдың, ханның жалғыз баласы болыпты...» – деп басталатын кейбірінде болмаса, негізінен ауыз әдебиетіндегі басты кейіпкерлердің көпшілігі есіммен аталады. Ол есімдердің қойылуында да көптеген сырлар бар. Әулиеден әулие қоймай қыдырып, етегін шенгел сыдырып, айлардан ай, жылдардан жыл өткенде Алланың тілектерін қабыл етуімен немесе бір әулиенің аян беруімен перзент сүйеді де, көбіне сол кезде баланың аты да белгілі болады – туылатын перзенттің өмірінен сәуегейлік айтылады да, перзенттің есімі мынандай болады деп ескертеді. Бұл қазақ халқындағы кісі атының өзіндік орнын, ерекшелігін көрсетеді: кісі есімі белгілі бір қасиетке ие, онда кие бар, оның аян арқылы белгілі болуы да жайдан жай емес. Әдетте балаға есім туғаннан кейін беріледі, кейде тумай тұрып та кім деп қоятыны белгілі болады. Қазақ ауыз әдебиетінде, сонымен қатар кейіннен берілетін де есімдер бар. «Дударқыз» ертегісінің кейіпкері – Дударқыздың, «Желкілдек» ертегісінің кейіпкері – Жеті жасар Желкілдектің, «Мерген мен баласы» ертегісінің кейіпкері Бақтыбайдың есімі осылай есейген кездерінде берілген. Есімдердің қайсысында да ұрпақ қамы назарда тұратыны рас, енді осылардың ішінде тумай тұрып берілетін аттардың шығуына тоқталайық. Мысалы, «Әлібек батыр» ертегісінде «Мен саған екі қыз, бір ұл берейін, қолыңды жай, жылама», – дейді де, судырлатып батасын бере бастайды. «Ұлыңның атын – Әлібек, қызыңның атын – Қанікей мен Тотай қой», – дейді де ғайып болады» [94, 70 б.]. Тумай тұрып қойылатын есімдердің кейбірі аманат арқылы беріледі: «Жалғызжігіттің Жаңыл деген әйелі бар екен, ол үйінде екіқабат қалыпты. «Соған сәлем де, қыз туса атын өзі білер, менің жайым осындай болды, ұл туса баланың атын Ер тұяқ қойсын», – деп жолдасына қош айтып жылап, жанын сол жерде береді» [94, 179 б.]. Әулие мен пірлердің, көріпкелдер мен бақсы-балгерлердің сәби есіміне баса назар аударуы, әкенің соғысқа аттанып бара жатып немесе жан тапсырар алдында, соңғы аманат ретінде, перзентінің есімін қоюы ұлттық таным-түсініктегі есімнің ұрпақ мәселесімен қатар тұратындығын көрсетеді. Болашағының жалғасы – ұрпақ қазақ

үшін қаншалықты маңызды болса, оған берілетін есім де соншалықты маңызды болып табылады. Сондықтан, қазақ есімдерінің мазмұнын тұтастай алып қарастырғанды онда жекелеген оқиғалардан бастап, бүкіл елдің жарқын болашағын көксеуден туған биік арман мен мұратты көруге болады. Ұлттық санада осындай маңызды орны болғандықтан, ат қою қазақ халқының өмірінде дәстүрі болып қалыптасты.

Қазақ халқындағы ат қою дәстүрінің негізі ауыз әдебиетінде сақталған. Мұндағы кейіпкерлер есімінің шығу уәждерін халық ұғымында тұрақтап, қалыптасқан ұрпақ мәселесінен бөлек қарай алмаймыз. Халық өз киялында сомдалған ұрпағының болмыс бітімі мен адами қасиеттерін есімі арқылы сипаттау мақсатында көптеген антропонимдерді қалыптастырды. Қазіргі қазақ антропонимдерін тұтастай алып, жалпы мазмұнын ой елегінен өткізіп зерделер болсақ, ілгеріде аталған адами қасиет элементтерінің баршасын кездестірген болар едік, сондықтан антропонимжасамның экстралингвистикалық мәселелерін сөз еткенде есімі туралы айтып, оның иесі – адам туралы айтпай қою мүмкін емес. Т. Жанұзақов өз зерттеулерінде «... антропонимдерді тұтас бір жүйе ретінде зерттеуді» ұсынады [63, 60 б.]. Қазақ антропонимдерінің мағыналық аясында ұлттық таным тармақтарының сан түрлі қырлары қамтылған. Сондықтан олардың өзара байланысын кешенді түрде зерттеу антропонимдер жасалуының бір тарауы болып табылады.

4.1.3 Ат қою дәстүрі және тұрмыс факторы

Антропонимдер құрамында қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігіне қатысты атаулардан жасалған есімдер өте көп. Олардың әрқайсысының ішкі мазмұны ұлттық таныммен байланысты мол ақпараттарды қамтиды. Солардың ішіндегі бірегейі *тұрмыс факторы* болып табылады.

Көшпелі өмір салтын ұстанып, табиғат аясында ауа райының ыңғайына қарай қоныс ауыстырып отырған қазақ халқының дәстүрлі ұғымында жануарлардың алатын орны үлкен. Ішетін тамақ, киетін киім, тұрмыста қолданылатын заттары негізінен мал өнімдерінен алынатын болғандықтан, өмірі тікелей сонымен байланысты болғаны шындық. Төрт түлік малмен қатар, жабайы жануарлар туралы да өзіндік көзқарасы мен дүниетанымы өзгелерге ұқсамайды. Сондықтан, антропонимжасамдағы тұрмыс факторы туралы

айтқанда, кісі есімдеріне қатысты жақтары көбірек болғандықтан, жануарлар әлемінің қазақ өміріндегі орнына тоқталамыз.

Бұл орайда айта кететін бір мәселе – талдаулар барысында бұрынғы зерттеушілер тарапынан айтылған пікірлермен қатар, тілдік фактілерді де басшылыққа алып отырамыз. Тіл тарихын зерттеушілер, тілдің өткен дәуірдегі сипатын жобалағанда (реконструкциялағанда) бүгінгі тілдік фактілерге сүйенеді [78, 26.]. Ал біз тілден тыс факторлардың мәселесін сөз етіп отырғандықтан, халық санасында тұрақты орныққан ұғымдарға баса назар аударамыз да, тұжырымдарымызға осы ұғымдардың тілдегі көрінісі болып табылатын мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестер мен теңеулерді тірек етеміз.

Қазіргі зерттеу еңбектерден қазақ тілі лексикасының негізгі бөлігі мал шаруашылығымен байланысты атаулар мен тұрақты тіркестерден тұратынын көруге болады. Ал есімдер әлемін зерделегенде де осы көрініске тап болатынымыз рас. Қолданыстағы сөздер ұлттық санадағы ұғымдар мен түсініктердің көрінісі, сондықтан олардың кісі есіміне айналуы заңды.

Қазақ халқының негізгі байлығы мал болғандықтан, қазіргі кезде күрделі есімнің компоненті ретінде кеңінен қолданылып жүрген бай сөзінің әуел бастағы мағынасының өзі малмен байланысты болуы керек. Дәстүрлі амандасудың құрамды бөлігі болып табылатын, «мал-жан аман ба?» – дейтін тіркес, қазақ халқының ұғымындағы, негізгі тіршілік көзі – малдың орнын айғақтайтын секілді. «Мал табу», «Мал таю», «Мал шашу» секілді фразеологизмдердің құрамындағы «мал» сөзі байлық сөзімен мағыналас. Біздің түсінігімізше «Малдың беті жарық» деген ұғым аясында қалыптасқан «мал» мен «бай» сөздерінің мағынасында көне замандардан бастау алатын мазмұны терең байланыс бар. Көшпелілік дәстүрін ұстанған халықтарда малды байлықтың негізгі көзі ретінде танудың нәтижесінде, мал сөзінің ауыс мағынасында байлықты білдіргеніне қазіргі тілімізде сақталған бірліктер арқылы түрлі мысалдар келтіруге болады, ол сонымен қатар көне түркі жазбаларында да сақталған екен. Ескерткіштерді зерттеушілер А. Югнеки еңбегінен алынған мысал негізінде «мал» сөзінің мағынасын: «1. дүние, жетістік; байлық. 2. тауар» [52, 335 б.], бай сөзінің мағынасын: «1. бай. 2. ауыс. дархан, жомарт» – деп көрсетеді [52, 79 б.]. Ал Т. Жанұзақов өз зерттеулерінде әлеуметтік титул, термин ретінде қарастырады. Сонымен мал және бай сөздерінің антропонимжасамдық мағынасының аясында *әлеуметтік-қоғамдық титул және тіршілік көзі, дүниені далалық мәдениет көзімен тану* мәселелері жинақталады. Бұл аталғандардың қай-қайсысы да,

қоғамдық сана қабылдаған антропонимжасамның тілден тыс факторлары болып табылады.

Қоғамның дамуымен мағыналық аясы кеңі келе әлеуметтік-қоғамдықтерминдәрежесінекөтерілген *бай* сөзінің әубастағынегізі мал шаруашылығына қатысты орныққандықтан, антропонимжасамдағы елеулі үлесі ескеріле отырып, тұрмыс факторларының бір элементі ретінде үнемі назарда ұсталады.

Әлеуметтік-қоғамдық титул адамның қоғамдағы әлеуметтік орнын көрсетеді. Қазіргі тілімізде кеңінен қолданылып жүрген антропонимжасамдық компоненттердің біразы ерте дәуірлерде әлеуметтік-қоғамдық дәреже, шен атаулары болғаны туралы деректер көп. Олардың қатарына *білге, шад, тутуқ, тегін, хан, бек, мырза, сұлтан* т.б. жатады. Бүгінгі тілімізде бұлардың арасында, тікелей және дыбыстық өзгерістермен, сондай-ақ түрлі компоненттермен бірігу, тіркесу секілді антропонимжасамдық тәсілдер арқылы кісі есімдеріне айналғандары көп. Бай сөзінің антропоним компонентіне айналуына барлық, молшылық, береке, байлық; көне түркі жазбаларындағыдай (ілгеріде аталған) *дархан, жомарт* т.б. мағыналарымен қатар, осы қоғамдық титулдардың есімге айналуы бойынша, белгілі дәрежеде дәстүрге айналған антропонимжасамдық жүйе заңдылықтары әсер еткені анық. Қазақ есімдерінің құрамында төрт түлік мал мен жабайы жануарларға байланысты есімдер көп, біздің жүргізген зерттеулеріміз бойынша антропонимжасамдық компоненттер арасында бай сөзімен бірігіп, тіркесіп жасалған антропонимдердің саны өзгелерінен көп екені анықталып отыр. Мұның өзі, тіршілік көзі – малмен байланысты туындап, қоғамдық терминге айналған осы сөздің қоғамдық санадағы орнын айғақтайтын көрсеткіш болса керек.

Қазақ халқының дәстүрлі ұғымында мал – *тіршіліктің көзі*, жанына жақын болатыны да сондықтан және халық оның әрқайсысына тән қасиеттер мен өсіп-өнуіне қажетті нәрселерді жақсы білді. Көзін малмен ашқан көшпелі қазақ жұрты оның бойында болатын түрлі қасиеттерді терең таныды, нәтижесінде оның өнімі қалдықсыз пайдаланылатын жағдайға жетті. «Ішсе сусын», «жесе тамақ», «мінсе көлік», «кисе киім», «жақса отын» секілді тіркестер тікелей малға байланысты айтылып, оның әрқайсысына тән ерекшеліктерді терең таниудан келіп шыққан. Екінші сөзбен оны қазақ халқының жануартану әлемі деп атауға да болады. *Тіршілік көзі* ұғымына қатысты тілімізде «*ауызы аққа жару*», «*малдының беті жарық*», «*қанағатсыз жалғыз атын сойғызады*», «*қызылсырау немесе қызарған қызыл көрмеу*», «*майлап мінді*», «*арзанның жілік майы татымайды*», «*аузы асқа*,

ауы атқа тиді», «аузынан ақ май ағу», «аяқ (бұт) артар», «ет бұзды», «ет бітті», «жал бітті», «жал кетті», «еті тайды», «еті жұқа», «аттың орнын тай басар», «есік пен төрдей (ат бітімі)» т.б. секілді мақал мен тұрақты тіркестер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі малдың орнын көрсетеді. Кейбірінің ауыс мағынасы өмірдің басқа қырларын сурттегенмен, әрқайсысының шығу тегі мал және мал туралы жалпы түсініктерден тарайды. Мал шаруашылығына қатысты тілдік білімнің негізі болып табылатын тілдік бірліктердің саны әрине мұнымен шектелмейді, сондықтан кісі есімдерінің жасалуына негіз болған мал шаруашылығы туралы ұғым-түсініктердің жалпылама сипатын қысқаша осылай тұжырымдауға болады.

Төрт түлікпен қатар, жабайы жануарларға қатысты да қазақ дүниетанымының аясы өте кең. Оның тамыры көне дәуірлердегі аңшылық кәсібіне жалғасып жатқан бүгінгі саятшылықпен, жануарлар дүниесінің сырларына бойлау, яғни халықтың жануартану әлемімен де байланысты. Тіршілік көзі тұрғысынан алғанда, тілімізде қалыптасқан «аңшының кешіккенінен сүйін», «қоянның түрін көріп, қалжасынан түніл» т.б. тіркестер бар. Әуелінде тіршілік көзі ретінде басталып, кейіннен жеке адамдар кәсіп еткен аңшылық ұғымы негізінен күнкөрістен гөрі қызық қууға, сейіл құруға, саятшылыққа жақын. Сондықтан, мұнда көркемдік танымның сипаты басым.

Жабайы жануарлардың түрлері мен биологиялық табиғатына, тіршілігіне қатысты қалыптасқан ұғымдарды білдіретін тілдік бірліктердің аясында сақталған ақпараттық кодтардың сырлары терең. Бұл өз алдына арнайы көлемді зерттеулерді талап етеді. Дегенмен, халық танымының сырлары туралы сөз болып отырғандықтан, талдауларымыз дәлелді болу үшін кейбір мысалдарға тоқталудың дартықшылығы болмайды. Қазақ қырандарын зерттеуші Ж. Бабалықов пен А. Тұрдыбаевтың еңбегінен қысқаша мысал: «Құс дегенде ішкен асын жерге қойып тыңдайтын Мырзахан енді құсын іздеп жолаушылайды. Қанатты хайуанның қай жерде жүргенін қайдан білсін, солай болса да, аңкөс Мырзахан сол бүркітке талай-талай түлкі алдырған жерлерін ерінбей-жалықпай кезеді... Сөйтіп, бірер жұма аралаған кезде өз бүркітінің қанат қағысын, ұшу мәнерін, тұлғасын жазбай танытын құсбегі құсына көзі түседі де, айғайлап, шырға тартып, өзінің Мырзахан екенін сездіруге тырысып, құстың артынан шапқылайды... Құсбегі түлкінің шолақ санын суырып жіберіп, бүркітті енді қызылға шақырып, жақындай түскенде, құс келіп қолына қонады» [23, 169 б.]. Танымдық тұрғыдан қарағанда, құсбегіге қатысты екі нәрсені ойға түюге болады: 1. аспандағы құстың дене тұрқы мен ұшу мәнерін, аң

аулайтын жерлерін дәл болжай алу; 2. құсты қолға үйретудің сырларын терең менгеру тәжірибесі. Қазақ халқының жануартану әлемінде қалыптасып, ұлттық санасында орнығып, тілдік бірліктер арқылы тілінен орын алған мұнан өзге де құндылықтар көп. Жабайы жануарлардың әрекеттерін зерделеуден туған түрлі тіркестер бар. Осы орайда соның бір қырына ғана тоқталып көрелік: *«Жаңа із, көне із, сары із, ақсақ із, соқыр із, жалғыз із, көп із, сүрдек із, шивыр із, шұбырынды із, жортқан із, қуған із, қашқан із, аттаған із, қарғыған із, секірген із, секем алған із, бұрылған із, аңдыған із, шолған із, ізіне түскен із, айналған із, қоршалған із, қайтқан із, тышқанышылаған із, отырған, жатқан, аунаған із, кескен, қиған із, қоспасқан, жаңылтқан із, жығылған із, өрмелеген, домалаған, құлаған із, өкше із, маңдай із, сайрап жатқан анық із, көмескі, болымсыз із»* [23, 129 б.] секілді тіркестердің аясында негізінен аңшыларға түсінікті болып келетін, аңның сырларына қатысты ұшан-теңіз ақпараттардың жатқаны белгілі.

Кісі есімдерінің жасалуына аталған тіркестердің тікелей қатысы болмаса да, олар қазақ халқының жануарлар әлемін тану кеңістігіндегі рухани байлықтың құрамды бөлігі болып табылады және жануарлар туралы көркем ұғымдарды қалыптастыруда өзіндік орынға ие. Ал жануарлар туралы көркем ұғымдар саралана келіп, өз кезегінде олардың символикалық болмысын сомдайды. Тіліміздегі жануарлар атауының кісі есіміне айналуына сөздің мағынасынан гөрі осы символикалық мазмұнының әсері күштірек болды.

Күнделікті қатынастағы маңызды мәселелердің қоғамдық пікір тудыратыны және оның қоғамдық санаға дендеп енетіні тарихи шындық. Ал қоғамдық сана қабылдаған құндылықтардың кісі есімдері қатарынан орын алатыны ежелден келе жатқан әдет. Күнделікті өмірінің игілігіне айналып отырған малдың, сондай-ақ жабайы жануарлардың табиғатын көркемдік тұрғыдан тану мәселесінің де антропонимжасамда өзіндік орны бар. Қазақ есімдерінің құрамында осыған байланысты түрін, түсін, мінез-қылықтарын т.б. адамға ұқсату нәтижесінде көптеген жануар атауы кісі есімдері ретінде қолданысқа ие болды.

Тұрмыс тек материалдық қажеттіліктердің аясымен шектелмейді, сонымен қатар рухани әлемнің сұранысын да қанағаттандырып отыруды талап етеді. Бұл әсіресе, табиғат сырларын тереңірек тану мүмкіндігі мол қазақ халқының өмірінде үлкен орын алған мәселе. Өйткені, кеңдік, биіктік, тереңдік, сұлулық, үйлесімділік, мейрімділік, тазалық, тұнықтық, сабырлылық т.б. секілді ұлықасиеттерге толымына әлемді қазақтың басқаша түсінуі мүмкін емес еді. Айналасын қоршаған көгілдір әлем, күндіз-түні өзінің сырларынан түрлі ақпараттар беріп,

халықтың рухани азығына айналды, адами болмысын қанықтырды. Сондықтан, *дүниені далалық мәдениет көзімен тану* мәселелері қазақ халқының өркениет әлеміндегі өзіндік орнының айғағы болып табылады. Қазақ есімдері мағынасының аясына жинақталған ұлттық білім сырлары өзіне ұлттық таным тұрғысынан қадам жазауды талап етеді. «Құралайдың көзіндей», «киіктің асығындай», «еліктің лағындай», «арқардың құлжасындай», «жылқы мінезді», «қой көз», «нар жолында жүк қалмайды», «жігіттің көкжалы», «көкжал бөрі», «жолбарыстай қайратты» т.б. секілді адамға қаратыла айтылған тұрақты тіркестер мен теңеулердің барлығы осы далалық мәдениет танымының жемісі. Адамның табиғаты, ішкі болмысы жануарлар бойындағы қасиеттермен теңестірілу арқылы ашыла түсті. Ойды ұлттық түсініктерге сай етіп дәл жеткізетін атаулар және басқа да тілдік бірліктердің орнығуымен, жалпылама ұғымдар жіктеліп, таным тереңдей берді. Табиғат пен адам болмысы қатар қойылып, көркемдік сипатын тереңдете ашу мүмкіндігі артқан сайын ұлттық дүниетанымның ауқымы да кеңейе түскен. Осы кеңістік аясында жүзеге асатын антропонимжасамдық қордың ауқымы бір жағынан кеңейсе, екінші жағынан адамды ұлттық танымның төл перзенті ретінде бағалауыштық сипаты айқындала берді. Қойшыбай, Жылқышы, Арыстан, Жолбарыс, Лашын секілді дәстүрлі есімдердің ішкі мазмұнындағы бағалау жүйесін былайша саралауға болады: «Қойшының таяғынан» ұғымын басшылыққа алсақ, ол кәсіп иесі. Қой бағу екінің бірінің қолынан келмейді. Қыр-сыры терең мамандық, оны меңгеру үшін белгілі дәрежеде білім мен тәжірибе керек. Қойшы сөзінің антропонимжасамдық мағынасы салалық білім иесі, ырыс, береке, сабыр т.б. секілденіп келеді. Жылқышылық та осы секілді, алайда мұнда серілік ұғымы қатар жүреді: «Жылқы баққан жігіттің аз болады ұйқысы, көп болады күлкісі» – деген жолдар осының айғағы. Арыстан мен Жолбарыс есімдерінің символикалық мазмұны – күштілік, ерлік, батылдық, көшбасшылық, айбарлылық т.б., лашын – өткірлік, қайсарлық, өжеттік т.б. қамтиды. Теңеу мәнді осы есімдер, әрі өзіне телінген мағына арқылы бағалау идеясы да жүзеге асырады. Осы тұрғыдан келгенде, дүниені далалық мәдениет көзімен тану, екінші жағынан бағалау болып табылады, өйткені әр нәрсеге берілген атаудың, ішкі мазмұны тереңдеген сайын оның жақсы, жаман қасиеттерін ажырата бастаймыз. Антропонимжасам мәселесіне келгенде осы қасиеттер сараланып, сұрыпталып, жаңаша сипатқа ие болады, өйткені адамға есім беру арқылы оны бағалап та отырмыз. Осыған тоқталып көрелік.

Сөз мағынасы мен антропонимжасамдық мағына арасында айырмашылық бар. Мысалы қаршыға сөзі тікелей құсты атаса, Қаршыға есімі адамды атайды, екеуінің білдіретін мағынасы екі бөлек – бұл бір, екіншіден, сөз мағынасының аясына жинақталған осы құс туралы алуан түрлі ұғымдар бар, сондықтан, әркім оның ақпараттық мазмұнын қаншалықты таныса, соншалықты дәрежеде қаршыға туралы ұлттық білімді меңгерген болып шығады. Сөздің бастапқы шығу уәжі жойылған, қазір құс атауы ретінде қолданылады, тікелей сол құстың жағымды, жағымсыз қасиеттерін тұтастай қамтиды. Қыран құстар туралы әдебиетте: «Қаршыға. Өте батыл, өте жыртқыш қыран... Қаршығаның ең күшті қаруы өте шебер ұшатындығы, епті, айлалы, оралымды болуы» – деген мәліметтер беріледі [23, 138 б.]. Есімге айналғанда құстың «өте батылдығы», «өте шебер ұшатындығы», «айлалы», «оралымдылығы», оған қосымша әрбір ат қоюшының ойындағы қаршығаның образды бейнесі басшылыққа алынады да, «өте жыртқыштығы», өзінен әлсіз жеміне шүйілгенде ешқашан аяушылық білдірмейтіні назардан тыс тұрады. Біздіңше, есім мағынасының сараланып, жаңаша сипатқа ие болуына ұлттық санадағы бағалаушылық дағдысы себеп болып отыр. Өйткені, берілген есімнің мағынасы арқылы адамның өмірдегі орны, бағасы айқындалады (сондай болса екен деп тілейді).

Жер бетіндегі елдердің біразында кісі аттары әлдеқашан қалыптасып болған, сондықтан олардың саны да, этимологиялық табиғаты мен мағынасы да жан-жақты зерттеліп, белгілі дәрежеде теориялық тұрғыдан шешімін тапқан деуге болады. Ал қазақ есімдері, әр заманда түрлі сапалық саралаулардан өтіп, үнемі даму үстінде. Арасында, сапалық дәрежесі жұртшылықтың талғамына сай, замана сүзгісінен өтіп бүгінге жеткендері де, жаңа заманға лайық жаңадан еніп жатқандары да бар, яғни үдеріс тоқтаусыз жүріп келеді. Бұл жағдайда антропонимжасам мәселесі де күн тәртібінен түспек емес. Сондықтан олардың тілдік сипатымен қатар тілден тыс факторларының сырлары да үнемі назарда тұруы тиіс.

4.1.4 Ат қою дәстүрі және ислам факторы

Діни сенім кез келген халықтың ат қою дәстүрінде бар фактор. Қазақ халқының өткен тарихындағы діни наным-сенімдері туралы қазіргі зерттеулерде молынан жазылғаны белгілі. Осыған байланысты лексикалық қорына да түрлі есімдер еніп орнықты, солардың біршамасы (негізгі бөлігі деуге де болады) ислам дінімен байланыс-

ты еді. Адамзат өркениетіне заттық және рухани қазынасымен аса құнды үлес қосқан ислам дінінің таусылмас кәусарымен тек шығыс халықтары ғана емес, бүкіл әлем жұрты сусындап келеді. Алла тағаланың қасиетті сөзін әлем халқына жеткізуші соңғы пайғамбар әкелген дін жер бетінде ғұмыр кешіп жатқан адамзат қауымының дамуына жаңаша сипат бергені белгілі – әсіресе ислам келгеннен кейін ғылым мен білім қарыштай дамып, адамзат өркениеті жаңа бір кезеңге көтерілген болатын. Қасиетті кітап (Құран) баяны мен пайғамбар өсиеттері (хадистер) дінді қабылдаған жұрттардың өмірлік нормасына айналды. Осы норманың аясында өмір сүру байға да, кедейге де, ханға да, қараға да шүкіршілікте болу бақытын сыйлады⁷ [108, XX б].

Исламның өнегелі үлгілері, мәңгілік өзгермес қағидаларымен ата-балаларымыз сонау VII ғасырдың екінші жартысынан қаныға бастаған, көне түркі жазба ескерткіштерінің материалдары да осыны растайды. Ахмет Юүгнеки және Махмұт Қашқари шығармаларында олар жиі кездеседі. Бүгінге жеткен жазба деректерге сүйене отырып, араб текті есімдердің тілімізге ену тарихының бірталай ғасырды қамтитындығын шамалаймыз. Олардың берілу сипаты төмендегідей:

MUḤAMMĀD: muḥammād-i mustafa (мухаммәд-и мустафа) *жалқы е.* және Мұхаммет пайғамбардың эпитеті; abu-l-qasim 'abdullah ibn muḥammād al-muqtadi bi-amrillah (Абу-л-қасим 'абдуллаһ ибн мухаммәд ал-муқтади би-амриллаһ) [52, 347 б.].

ABU: abu-bākr al-zarzarani (Абу-бәкр ал-жаржарани абу) – ibn abi-d-dünia (ибн аби-д-дуния) деген лақап есіммен белгілі болған тұлға; abu-bākr al-qaffal uš šaši (Абу-бәкр ал-қаффал уш шаши) – көне Ташкенттен шыққан (туған) тұлға; abu-l-qasim 'abdullah ibn-muḥammad al-muqtadi bi-amrillah (Абу-л-қасим 'абдуллаһ ибн-мухаммад ал-муқтади би-амриллаһ) – Махмұт Қашқари еңбек арнаған алтыншы Аббасид халифінің есімі [52, 3 б.]. Шығу тегі жағынан, араб тілінде Әбу – әке (баланың әкесі); үлкен, бас ие деген мағынаны білдіретін *аб* тұлғасы түркі тілдерінде *әб, әби, әбу* секілді бірнеше формада қалыптасып, қазір *антрополексемалар* ретінде түрлі есімдердің құрамында қолданылып жүр.

'OMAR *жалқы е.* Пайғамбарымыз Мұхаммет алейһиссаламның екінші халифасы [52, 367 б.; 133, 63 б.].

OSMAN *жалқы е.* Осман – үшінші халифа [52, 372 б.; 133, 64 б.].

⁷ Шүкір: Шүкір ету, қанағат ету. Шәкір – шүкіршілікті қабылдаушы. Шүкір етуші.

'ALI (Али): төрт ұлы халифаның соңғысы, Мұхаммет пайғамбардың (с.ғ.а.) немере ағасы Әбу Тәліптің ұлы, пайғамбардың (с.а.у.) күйеу баласы [52, 34 б.; 133; 65 б.]. Бұл аталғандар Ислам дінін әкелуші пайғамбар (с.а.у.) мен діннің таралуына зор үлес қосқан ұлы халифалардың есімдері. Жазба ескерткіштердегі осы есімдер қазіргі қазақ тілінде де қолданылады.

Ежелден келе жатқан ат қою дәстүрі бойынша⁸ исламдағы қасиетті ұғымдар атаулары мен батырлардың, ақыл-парасат иелері – дана тұлғалардың есімдері жүздеген жылдар бойы тілімізге еніп отырды. Ислам туралы түсінік тереңдеген сайын тілімізде онымен байланысты есімдер саны да молая түсті. Жат есімдердің көптеп енуі тілдің төл болмысы үшін қауіпті болуы мүмкін, тілдік сананың улануына да үлкен әсері бар екені жасырын емес. Алайда, бұл тұрғыдан, араб тілінен енген есімдердің туған тіл үшін аса зияны болмағаны белгілі. Қазақ есімдерінің ішкі табиғатындағы қорғаныс қабілеті кірме есімдерді өзінің мүддесіне сай тәртіптеді: біріншіден, бұл ілгеріде атап өткеніміздей, *түркілік ат қою дәстүрінің аясында* жүзеге асты; екіншіден, жаңа дінмен байланысты дамыған *түрлі ұғым атаулары* есім ретінде келіп, санамызға сіңісе бастады; үшіншіден, *кірме есімдердің барлығы қазақ тілінің дыбыстық заңдарына* сай жаңа тұлғада қалыптасты. Енді тіліміздің кірме есімдерді қабылдау арқылы даму үдерісіндегі осы үш мәселеге тоқталып көрелік.

1. Көне түркілік ат қою дәстүрі бойынша тарихтағы қағандар мен батыр, би-шешендер, яғни халқы үшін еңбек еткен тұлғаларды ел иесі ретінде киелі, қасиетті санап, құрметтеген, олардың есімдерін кейінгі ұрпақ тұтынған, яғни бабалары секілді болсын деген ырыммен балаларға берген. Көне түркі жазбаларындағы кей деректерден киелі санау, қадір тұту сарынын аңғарамыз. Мысалы, *öze Kök Teңri asıra jaz jer qilintaquda ekin ara kişi oylüli qilinmiş kişi oylüinta öze eşüm aram Bumün qayan İstämi qayan olurmiş olurpan Türuk budunü Elin törusün tuta bermiş iti bermiş* (*Үстінде көк тәңірі, астында жер жаралғанда, екі арасында кісі ұлы жаралған. Кісі ұлының үстіне атам, үлкенім. Бұмын қаған, Естемі қаған отырды. Олар билік етіп, түрік халқының Елдігін, төресін ұстай білді, жетілдіре білді*) (Мультимедиялық кешен). Осы жолдардан, біздің пікірімізше, дәрежесі жағынан қағандардың Көк тәңірі мен «көне түріктер жер тостері қатарына жатқызып, жер мен судың, өсімдіктің «қожасы»

⁸ Түркі халықтарында қоғамдық сана қабылдаған материалдық және рухани құндылық атауларын, ұлы тұлғалардың аты-жөнін балаға есім етіп қою көнеден келе жатқан дәстүр. Ол қазақ халқында қазірге дейін сақталып келеді. Тілімізге қазіргі түсінікке сай сырттан еніп жатқан есімдер осы дәстүрдің бүгінгі заманға лайықталған көрінісі болып табылады.

деп құдірет тұтқан» Жер-судан кейінгі орында тұрғанын байқауға болады [45, 77 б.]. Күлтегін (үлкен жазуы) ескерткішіндегі мына жолдар ойымызды толықтыра түседі: не қаянға ішіг күсіг беріу мен (ісім мен күшімді қай қағанға берермін?) [52, 405 б.].

Қадір тұтып, киелі санаған адамдардың есімін сәбиге беру әдеті ислам дінін қабылдағаннан кейін де өз жалғасын тауып жатты. Бұл орайда мына мәселеге баса назар аударуымыз керек: әрбір кісі атының өзіне тән шығу уәждері бар. Ол уәждер түрлі жағдайлармен байланысты болуы мүмкін. Соның ішінде, бір Жаратушы құдірет – Алланы таныған қоғамдық сана онымен байланысты есімдерді де ыстық ықыласпен қабылдады. Мысалы, ислам дінінде Алла тағаланың тоқсан тоғыз ұлық есімі мен олардың мағыналары туралы нақты мәліметтер береді. Ал осы есімдердің басым көпшілігі қазір қолданысымызға енген, антрополоксема ретінде танымал. Сонымен қатар, пайғамбарлар мен сахабалардың, ислам жолында күрескен қайраткерлер мен дінді ғылым ретінде терең дамытқан ұлы ғұламалардың есімдері де тілімізде көптеп кездеседі. Кеңінен қолданысқа ие болуының өзіндік сырлары бар: біріншіден, ұлылықты мойындау – бабалардан қалған дәстүр – ұлы қасиеттерді есімнің мағынасына жүктеп, оны аты арқылы баланың затына сіңіру идеясы жүзеге асып отыр. Екіншіден, пайғамбардың (с.а.у.) хадисіндегі «Балаларыңызға көркем есім беріңіздер» – деген өсиетін орындау әр мұсылманға міндет жүктейді. Өрине «исламда зорлық жоқ» – барлығы адамның ішкі қалауымен. Осы орайда, кісі есімдерінің шығу уәждері болып табылатын аталған ерекшеліктердің жарнамалық сипаты туралы да айта кетуіміз керек. Мысалы, Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірнешеуіне тоқталып көрелік: әр-Рахман ‘аса қамқор’, әр-Рахим ‘аса мейірімді’, әл-Мумин ‘жүрекке иман беруші, азаптан қорғаушы’, әл-Азиз ‘ұлы, жеңілуі мүмкін емес, жеңімпаз’ т.б. Антропонимдік тұрғыдан қазір түрліше түсінуге болады, алайда бастапқыда шығуына, есім ретінде тұрақты түрде қалыптасуына себеп болған Алланың есімі (сипаты) ретінде танылуы – жарнамалық сипаты да осы тұстан көрініс береді, өйткені мұсылмандық ұғымда кемшіліксіз, пәк – таза, еш нәрсеге мұқтаж емес, мұңсыз тек жалғыз Жаратушы – Алла ғана. Ұрпақ қамын өз өмірінен де жоғары қоятын қазақ халқы үшін перзентінің бойынан мұндай қасиеттерді көру басты арман.

Ислам дінін адамзатқа әкелуші Мұхаммет есімінің де, Ақымет, Мақымен, Мақымұт, Мақан, Мақаш т.б. секілді дыбыстық өзгеріске түскен, қысқарған бірнеше дыбыстық формасы қолданылады. Бұл есім де қоғамдық санада жоғары мәнге ие. Алланың тікелей аянын

алушы. Оның қасында ең жоғары дәрежеге лайық, терең қасиетке ие ұлы адам есімінің мағынасы оған тән ерекшеліктердің барлығын қамтиды. Ол қасиеттер қандай: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) нұрлы жүзінен тек туралық көрінетін. Оның нұрлы жүзі – көрген адамның иман етуіне жеткілікті еді. Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с) жаратылысы мен мінезі жөнінен адамдардың ең кәмілі еді. Ол орта бойлы екі алақаны мен жауырынының (екі иығының) арасы кең, толық та, арық та емес, орташа денелі еді. Көздері қара, кірпіктері ұзын болатын... Денесі таза хош иісті еді. Терлегенде де одан әдемі иіс шығатын... Бос сөз сөйлемейтін, әрбір сөзі хикмет, насихат еді. Ешкімге жаман сөйлемейтін, ешкімге жамандық жасамайтын, ешкімнің сөзін бөлмейтін. Жұмсақ мінезді, әрі кішіпейіл, айбатты әрі байсалды еді... Қолы ашық, мейірімді, мәрт мінезді еді. Уәдесіне берік-ті...» [47, 14-15 б.]. Балаға есім таңдалғанда пайғамбарымыздың (с.ғ.у.) Алланың елшісі болуымен қатар, осы қасиеттері де ескерілетіні анық. Ат таңдау бойынша қазіргі қазақ есімдерінің арасындағы бір ғана Ағзамның шығуы мен таралуына ислами көзқарас тұрғысынан тоқталалық: *Араб.* 1. Ұлы, ең үлкен, ең маңызды, зор. 2. Аса мәртебелі, ұлық, алдияр [92, 71 б.]. 3. Исламдағы төрт мазхабтың бірінің атауы. 4. Мазхаб имамының есімі – Имам Ағзам Әбу Ханифа. Оның шын аты – Нұғман. Әкесінің аты – Сәбит, атасының аты да – Нұғман. Әли сүннеттің төрт ұлы имамының біріншісі. «Имам» – «үлкен ғалым» – деген сөз. Мұхаммет алейхиссаламның жарқын дінінің тірегі. Иранның алдыңғы қатарлы адамдарының бірінің тегінен шыққан. Атасы ислам дінін қабылдаған еді. Әкесі Сәбит Куфа қаласында Әлимен кездескенде Әли (радиаллаhu анh) оған және оның әулетіне қайыр дұға жасаған болатын. Әнәс бин Мәлик, Абдуллаh бин Әби Әуфа, Сәһл бин Са'д Саиди және Әбуттуфаил Әмир бин Уәсила секілді сахабалармен бір дәуірде өмір сүрген. Өте ақылды, жұртты таңғалдырарлық зерек кісі болған. Фикh саласында әлемде теңдесі жоқ өте жоғары дәрежеге жетіп, атағы әлемге тарады. Имам Харезмидің Әбу Хурайрадан рауайат еткен (жеткізген) хадис шәрипінде «Үмметімде Әбу Ханифа деген бір адам шығады. Ол қиямет күні үмбетімнің шырағы болады» – делінген. Тағы бір хадисте: «Нұғман бин Сабит есімді Әбу Ханифа деп аталатын бір адам келеді, Алла тағала діні мен менің сүннетімді жандандырады» және «Әр ғасырда үмбетімнің ішінен ұлы адамдар шығады. Әбу Ханифа – өз заманының ең ұлы адамы» – делінген [133, 147-154 б.]. Қазақ тіліндегі Ағзам есімінің мағынасында, Алла тағала Имам Ағзамның бойына берген ки-

елілік, білімділік, даналық, тақуалық, сабырлылық т.б. секілді асыл қасиеттердің барлығы қамтылады.

Имам Ағзам Әбу Ханифа туралы осы бір қысқаша ақпараттан ұлы имамның есімі арқылы, оның лақап есімі де және айналасында болған басқа тұлғалар есімдерінің де жарнамаланып тұрғаны байқалады. Нұғман, Сәбит; Әнес, Мәлік, Абдолда, Әби, Сағит, Сейіт, Әмір, Уәсила т.б. есімдердің араб тіліндегі мағынасы өз алдына, оны да жоққа шығармаймыз, алайда осы сөздердің қазақ тіліне тікелей антропоним ретінде енуіне себеп – оның ұлы тұлғаның (имам Ағзамның) әкесі немесе айналасында жүрген адамдардың есімі болуы деп тұжырым жасауға негіз бар. Қарапайым жұртшылықтың түсінігіне сөз мағынасынан гөрі, ұлы адамдардың есімі ретіндегі нұсқасы жақын. Көркем фильмдер мен көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімдері сәбиге беру қазір де жалғасып келеді, бұл сол көне замандардан жалғасып келе жатқан ат қою дәстүріндегі сабақтастықтың көрінісі болса керек. Есімдердің жарнамалану мәселесі алдағы уақытта арнайы тереңірек зерттеуді талап етеді, сондықтан оған осылай қысқаша ғана тоқталамыз.

2. Ислам дінімен байланысты дамыған түрлі ұғым атаулары есімдерге айналып, санамызға сіңісе бастады. Араб тілінен енген есімдердің көпшілігі ислами ұғым-түсінік атауларынан болғаны байқалады, олар антропонимдік мағынасы жағынан өмірдің алуан түрлі саласын қамтиды. Мысалы, Адам, Азамат, Аман, Аян, Ғалым, Жазира, Жамал, Жан, Иба, Құмар, Макпал, Нұр, т.б. сөздер әрі жалпы, әрі жалқы есім ретінде қызмет атқарады. Мағыналық аясы қазақ халқының ұлттық танымына сәйкес кеңейіп, ақпарат тасу мүмкіндігі де жоғары дәрежеге жетіп отыр. Енді осыған қысқаша бір-екі мысал келтіріп көрелік: *Адам* есімін таңдаған әрбір ат қоюшының өзіне лайық ішкі арманы болатыны белгілі, алайда барлығының ішкі тілегі бірдей деу қиын. Мысалы, біреу Адам баласының атасы болғандықтан, бас болсын, үнемі алда тұрсын деген арманмен; екінші біреулер оны ислам дінінің аңыздары бойынша пайғамбар (Атамыз Адам пайғамбар) ретінде – Алланың өзі жаратқан, тілдескен, сүйікті құлы болғандықтан; үшінші біреулер «адамның баласы» болсын, адамдық қасиеті жоғары тұрсын деген тілекпен таңдайды. Адам арманы ұшан-теңіз екені шындық, сондықтан оның түрлері тек аталғандармен шектеледі деуге әсте болмайды. Ал антропонимдік мағына осылардың барлығын қамтиды, әрі адамдардың түрлі ізгі ой-армандарымен үнемі толығып, өзінің аясын кеңейтіп отырады. Осы секілді араб тіліндегі «Кумар – әуес, ынтызар, құштар [47].»

– деген сөзден жасалған есімнің өзіндік ерекшелігі бар. Жалпы, есім түрінде алғанда адам жақсыға да, жаманға да құмар болады. Ал кісі есімі ретінде алғандағы мағынасы басқашалау: «Тарихи деректерден қорытынды шығарсақ, дінсіз (яки, имансыз) адам болғанымен, дінсіз қоғам болмаған. Себебі, адам баласы сенімге мұқтаж. Ал сол мұқтаждық сезім, әу баста, Аллаһты тану үшін берілген бір хикмет екенін ескере бермейміз... Ал дінде, яки Жаратушы құрған жүйеде бұл сезімнің ғұмыры, әлбетте, шексіз болып келеді. Иманның иләһи ләззатынан адамның ешқашан жалықпайтыны да сондықтан» [142, 11-12 б.]. Исламдық негізді басшылыққа алсақ, қазақ тіліндегі Құмармен қатар, Ләззат, Махаббат секілді есімдердің де шығу уәждері мен мағынасындағы ақпараттық элементтер айқындала түсетін секілді. Бұл есімдердің түпкі негізі жалғыз Жаратушыға деген сүйіспеншілік туралы ойдан бастау алады. Осы мәселе ұлы Абайда былайша көрінеді:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сенде сүй ол Алланы жаннан тәтті... [1, 212 б.]» – деп, Алланың адамзатқа деген махаббатының жауабы тек махаббат екендігін ескертетін секілді. Жалпы есімдік мағынасындағы кейбір айырмашылықтарға қарамастан, антропонимге айналғанда мұндай есімдер белгілі бір ізгілік сипатты ойлар мен ұғымдардың түрліше атауы болып шығады. Түркі текті есімдер секілді араб тілінен енген есімдердің де астарында кодтаулы үлкен ақпараттардың жатқаны белгілі. Өйткені, «Бір молданы алдырып, ат міндіріп, Ұлтан деп сол баланың атын қойды» – деген жолдардан көрінетіндей (*«Алпамыс батыр» жыры*), діннің таралуымен бірге, бір кездерде, елдегі қожа, молдаларға ат қойғызғанын білеміз, ол дәстүр әлі де бар. Құранға қарап таңдалған есімнің түпкі мәні ат қоюшыға мәлім болғанымен, қарапайым жұртшылыққа түсінікті бола бермеуі мүмкін. Ал мұндай ақпараттар уақыт өткен сайын антропонимдердің, яғни дыбыстық тұлғаның тасасында қалып, жасырыла береді. Қазіргі кезде діни сауаты бар әрбір адам, араб тілінен енген есімдердің шығу уәждерін толық болмаса да, біршама түсінсе керек.

Қазақ есімдері негізінен жақсылықты армандаудан, ұрпағының жарқын болашағын елестетуден туады, сондықтан кез келгенінің мағынасында психологиялық сәттердің барлық белгілері сақталады. Қазіргі кезде ислам діні арқылы енген есімдердің, ілгеріде аталғандай – белгілі жағдайларға байланысты көбінің есім ретінде дыбыстық тұлғалары ғана сақталған, ал шығуына негіз болған уәждер мен ол аядағы ұлттық білім мазмұнын тек арнайы талдаулар арқылы ғана

қалпына келтіруге болады. Бұл есімдер бастапқыда, негізінен исламмен байланысты түрлі ұғым атаулары болатын. Қолданыла келе кей жағдайларда жана бір ұғымдардың қалыптасуына себепші болғаны шындық. Мысалы, Көк тәңірінен өзге ешкімге бас имейтін түркілер заманында «құл» ұғымы қорлық болып саналатын. Күлтегін ескерткішіндегі мына жолдардан сол түсінікті көруге болады: «Табғаш халқына бек ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күң болды» (Үлкен жазу). Түркілердің байрағындағы көк бөрінің айға қарап ұлуында да символикалық мән бар: Көкке ғана мұң шағады. Қасқыр қамауға түсіп, құтылатын мүмкіндігі қалмағанда теріс қарап алып, соққыға да, қадалған найзаға да төзіп, үн шығармай жатып өлетін жануар. Дала жануарларының түрлі қасиетінен хабардар жұрт оның қолға көнбейтін – болмысына берілген табиғатынан танбайтын қайсар мінезін «қасқырдың күшігін асырасаң тауға қарап ұлиды» деген мақал арқылы суреттейді. Өзін көк бөрінің ұрпағы санайтын түркілерде, исламды қабылдағаннан кейін «құл» сөзі есім компоненті ретінде жиі қолданылатын болды – араб тілінен Ыабд (Абд) сөзінің баламасы. А.В. Суперанская мұсылмандарда жиі кездесетін бірінші компоненті ыабд «құл» сөзінен басталатын Абдулла (Алланың құлы), Абдрахман (мейірімді, рақымдының құлы)... т.б. есімдердің мағынасындағы мейірімді, күдіретті, жомарт, сыйлаушы және т.б. секілді эпитеттің аясында Алланың түсінілетінін айтады [150, 17 бет]. Бұл арада Көкке ғана табыну мен Аллаға ғана құл болу ұғымдары арасындағы сабақтастық көрініс береді. Тәңірлік дін мен ислам арасындағы ортақ сипаттар осы секілді ұғым-түсініктер арқылы бір-бірімен қабысып жатты. Тәңірге табыну – Көк пен адам арасындағы, намаз немесе құлшылық – Алла мен адам арасындағы байланыстың формалары. Исламда «құл сүйгіш Алла» ұғымы бар – Ол мейірім мен рақымның иесі. Пайғамбар Алланың құлы әрі елшісі, сондықтан оның үмбеттерінің бәрі құл. Исламмен бірге келген осы ұғым-түсінік арқылы өр мінезді түркілер Аллаға құл болу арқылы мәңгілік еркіндік пен бостандыққа ұмтылды, яғни құл сөзі жаңа бір ұғымның атауы ретінде қалыптасып, есім компоненттеріне айналды. Қазақ халқының дәстүрлі ұғым-түсінігіндегі діни-рухани-танымдық құндылықтар түрлі антропонимдердің өн бойынан көрініс берді. Исламмен байланысты есімдер осы біртұтас имани жүйенің жекелеген элементтері болып табылады.

4.2 Қазақ антропонимжасамындағы үйлесім факторы

4.2.1 Сыртқы әлеммен үйлесімдегі өмір-тіршіліктің антропонимжасамдық табиғаты

Үйлесім – жаратылысқа тән заңдылық. М. Безлюдова адам мен табиғат арасындағы байланыс туралы: «Күн аттары мен маусым аттары арқылы көрініп отыратын табиғи ырғақ адамзатты әр нәрсені өзіне қажетті уақытында істеуге үйретті» – деген тұжырым жасайды. Үндестікке құрылған өмір-тіршілік те, жылдан-жылға табиғи күштерді мақсатына сай игере отырып, адамзаттың өз қолымен жасалады [31, 57 б.]. Адамзат өмір тіршілігі табиғатпен тікелей байланыста болғандықтан, онан өз керегін алмай тұрмайды. Алайда, әр елдің жалпылап айтсақ, отырықшы жұртпен, көшпелілердің оны игеруі екі түрлі. Отырықшы жұрт табиғатты өзіне бағындыра отырып, қажетіне жаратса, көшпелілер өзі табиғатқа бейімделе отырып, оны аялады және саялады, онымен үндестікте өмір кешті. Халықтың танымындағы үйлесімге деген сұраныстың антропонимжасамда да өзіндік орны бар. Жалпы «антропонимжасамдық үйлесім» ұғымы бұрын арнайы қолданылмағандықтан, қысқаша түсінік бере кетуге тура келеді. Үйлесім сөзіне түсіндірме сөздікте «келісім, жарасым» – деген анықтама беріледі. Келісім мен жарасымның ішінде көптеген ақпарат қамтылған. Сонымен қатар, бұл мағынамен синонимдес үндестік ұғымы да осы аяда қарастырылады. Үндестік сөзінің мағынасы туралы: «Үндестік – бір-бірімен сәйкестік, сай келушілік, үйлесімділік. Үндестік заңы. Лигв. Сөз ішіндегі дауыстылардың бірыңғай не жуан, не жіңішке болып әуендесіп айтылуы» [101, 871 б.]. Көптеген қазақ есімдерінің жасалуына үйлесім ұғымы негіз болғаны белгілі. Ол түрлі қырынан көрінеді: қоршаған әлеммен рухани әлем сабақтастығынан келіп туған есімдер, үйлесімге деген сұраныстан келіп туған есімдер, құрметтеу, еркелету мәнді есімдер, ұйқас есімдер т.б. Антропонимжасамдық үйлесім ұғымының аясында: үндесу, бейімделу, ұйқасу, еркелету, құрметтеу т.б. секілді компоненттер қамтылады.

Үйлесім ұғымының антропонимжасамдық сипатына қатысты осы орайда екі мәселеге тоқтала кетуге тура келеді: 1) қазақ халқының сыртқы әлеммен үйлесімдегі өмір-тіршілігінің антропонимжасамдық табиғаты; 2) қазақ есімдерінің болмысындағы үйлесімге деген сұраныс.

1) Қазақ халқы табиғатты өзіне бағындырып, ұлы жаратылысты адамның өлшеулі білімінің аясына топтастыруға тырысқан жоқ,

керісінше сол ұлылықтың сырларын тану арқылы өзін табиғаттың болмысына қарай бейімдеп, мәңгілік әрі ұлы мәдениетке қол созды. Ал табиғатта үйлесімсіз нәрсе жоқ, сондықтан дүниенің сырларын ұғуға деген талпыныстың өзі халықты үйлесімде өмір сүруге итермелейді. Жылдың төрт мезгілінде көктем – көктеуге, жаз – жайлауға, күз – күздеуге, қыс – қыстауға көшіп жүруі осы үйлесімнің басты көрінісі. Көшпелілік дәстүрі арқылы әлемді тепе-теңдікте ұстап тұрған тіршіліктің заңдарын терең меңгерді. Қоршаған ортаны да тоздырмай, өзі де үнемі тән дүниесі мен жан дүниесін табиғатпен үйлесімде ұстап отырды. Табиғатпен үйлесім түрлі қырынан көрінеді. Мысалы, табиғат сұлулығына сүйсіну, тұнығынан қуат алу жан дүниесін жаңғыртса, таза ауа, мөлдір бұлақ, түрлі өсімдіктер тән дүниесінің дәрумені. Өмірі табиғат аясында өткен қазаққа бұл табиғи игіліктер өте жақын. Ұлан-ғайыр кеңістікте алысқа көз тігуді әдетіне айналдырған қазақтың уақытпен бірге таным әлемінің көкжиегі де кеңейе түскен. Атадан балаға берілген, табиғатпен үндес осы тұнық сезімдер ертеректе кісі есімдерінің құрамынан *ай, күн, таң, рауан, сұлу* т.б. секілді компоненттер арқылы көрініс берсе, кейін нақтылана түсіп, *Мөлдір, Көркем, Әсем, Толқын, Сағыныш* т.б. есімдердің тууына әсер етті. Мұның бәрі үйлесімнің негізінде туып, қалыптасқан есімдер.

Қазақ ұғымында дүние дөңгелек: өмір ағысын «диірменнің тасындай, шыр айналған дүние» ұғымы бойынша түсінеді – күн-кеш-түн-таң, жаз-күз-қыс-көктем – айналып келіп, қайталанып отыратын төрт мезгіл – төрт тоқсан; төрт құбыла – батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік; дөңгеленген аспан т.б. Енді осымен үндес көк аспанның аясындағы кішкентай мекені – үйі жарты ғалам формалас дөңгелек, бұрышы жоқ, төбесінде дөңгелек шаңырақ арқылы шексіз кеңістікке көз салады. Қазақ ұғымында дөңгеленген уақытта тоқтау жоқ, оның тұрақсыздығы «жалған» ұғымы бойынша бағаланады. Адам мына төрт күндік жалғанның қонағы. Біреуінің келіп, келесісінің кетуі, яғни өлім мен өмір – Алланың жазуы – оның дауасы жоқ. «Алланың жазуына дауа жоқ» ұғымы бойынша қазақ ішкі әлемін «сабырға» келтіріп, «қолында барға шүкіршілік қылады». Осыдан келіп, қазақта өмірдің мәнін «өзінде бармен өлшеу» түсінігі қалыптасқан. Алланың жазғанымен келісу – үйлесімге келудің бір көрінісі. Орынбасар, Сабыр, Сарқыт, Тұяқ, Ізбасар, Төлепберген т.б. есімдердің ішкі мазмұнында шүкіршілік ету – жаратылыс заңын мойындау ұғымы жатыр. Бұл пікірімізді «Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа», «Өткенге салауат» ұғымдары бекіте түседі.

2) Сыртқы дүниемен үйлесім көптеген есімдердің пайда болуына әсер етті. Мысалы, көшіп-қону мерзіміне байланысты Жайлау, Көктеубай, Күзек, Қыстаубай т.б. секілді есімдер туған орнына байланысты қойылса, жыл атауларына байланысты – Тышқанбай, Қоянбай, Жылқыбай, Наурыз т.б., апта күндеріне байланысты – Дүйсен, Сейсен, Сәрсен т.б., желді күні туған балаға – Желдібай, жаңбырлы күні туған балаға – Жаңбырбай, қардың жаууына байланысты – Қаржау, Қаржаубай т.б. есімдер қойылған. Ат қою дәстүріндегі үйлесім ұғымы әлі күнге сақталып келеді. Мысалы, 9 мамыр күні туған балаға – Жеңіс, Жеңісқұл, мұғалімдер күні туған балаға – Ғалым деп есім қою жағдайы көптеп кездеседі. Енді нақты мысалдарға тоқталып көрелік: Астанаға көшіп келгенде туған балаға Астан, Астанай есімдері қойылып, жаңа бір тұлғалар жасалды. Сол секілді әкесінің іссапарда жүрген жерімен атау да кездеседі: Балқаш, Бұқара, Дәрия (баласының туғанын Балқаш көлінің жағасында жүргенде естіген). Қонағына кеңпейілдік таныту да қазақ халқының психологиясындағы үйлесімге деген сұраныстың бір көрінісі. Жан дүниесінің қалауы осылайша антропонимжасамда да көрініс береді.

4.2.2 Үйлесім ұғымының құрметтеу, еркелету мәнді есімдер арқылы көрінуі

Ұлттық танымдағы үйлесім заңына деген сұраныс – құрметтеу, еркелету мәніндегі есімдерді қалыптастырушы негізгі факторлардың бірі. Еркелету мәнді есімдердің қалыптасуындағы тілден тыс факторлар туралы айтқанда, біз ең алдымен еркелету, құрметтеу мәнді есімдер тұлғасының қалыптасуына негіз болған ұлттық таным-психология, ұлттық дәстүр т.б. мәселелерді ойға аламыз. Қазақ халқында үлкеннің тікелей атын атау әбестік болып табылады, сондықтан оның есімін атағанда ата, аға, баба, апа, әпке т.б. құрметтеу мәнді сөздер жалғанып отырады. Өзіне деген құрметті сезіну немесе қалыптасқан құрмет дәстүрінің аясында қатынас жасау сөйлеушінің де, тыңдаушының да – үлкеннің де, кішінің де көңіл-күйіне жағымды сипат береді, яғни көңілдері үйлесімге келеді, тіл табысады. Сондықтан, тікелей адамға бағытталып, оны атайтын болғандықтан, есімдер табиғатында еркелету, құрметтеу мәніне сұраныстың туындауы заңды да. Тек есімдер арқылы ғана емес, еркелету, құрметтеу мәні түрлі сөздермен де беріледі.

Ұлттық психологияда үлкенді сыйлау, құрметтеу, жасы кішіні еркелету – «үлкенді – аға, кішіні – іні» көру ұғымымен тікелей бай-

ланысты, сондықтан кісі есімін өзгертіп, еркелету, құрметтеу мәнді ренк үстеу пайда болған. Тілдік тұрғыдан алғанда ол түрлі тәсілдер арқылы берілгенмен, соған ықпал етуші тілден тыс факторлардың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл қазақ есімдерінің болмысындағы үндестікке деген сұраныстың нәтижесі болып табылады. Бұл ертеден қалыптасқан ұғым болса керек. Мысалы, Н.А. Баскаков ол туралы өз зерттеулерінде былай дейді: «...Ведь семейно-родовые имена происходят от чисто половецких составных имен, состоящих из собственного имен и патримониальной частицы-слова *оба-она*, восходящего, по мнению некоторых тюркологов (А. Зайончковский и др.), к тюрк. *оба* 'племя, род', а по мнению других – к тюрк. *ара-аби*, 'старший брат, дядя по отцу' > обращение к старшему; ср., например, *Кулоба* и *Кулобичи*, *Токсоба* и *Токсобичи*. Возможно, что русские адаптированные семейно-родовые имена типа *Билюковичи*, *Атраковичи*, *Улашевичи* и прочие соответственно восходят к собственным именам *Билюк-оба*, *Атрак-оба*, *Улаш-оба* и тому под.» – деген жолдарда үлкенді сыйлау мәселесі көрініс береді [212, 49 б.]. Бұл ғылыми тұжырымнан. Сонымен қатар, қазіргі тіліміздегі үлкенге қаратылып айтылатын құрметтеу мәнді *баба*, *әке*, *көке*, *аға*, *әже*, *ана* т.б. секілді аталымдардың да құрметтеу мәнді антропонимжасамдық қосымшалардың қалыптасуына өзіндік әсерінің болғанын байқау қиын емес. Қазақ халқында өзінен бірнеше жас үлкен адамның атын атау дерекілік болып саналған. Сондықтан, ондай есімдерге аталған *ата*, *аға*, *ана*, *көке* т.б. секілді туыстық атаулар тіркеліп айтылатын болған. Н.А. Баскаков зерттеулеріндегідей, құрметтеу мәнді белгілерді көне түркі жазбаларынан да кездестіреміз: «АQA (ақа) мен тытсу ақам арчук билә айтышып 'Мен – Тытсу ағам – Арчукпен келісіп' [52, 48 б.]» – деген жолдан құрмет тұту мәнін аңғарамыз. Ол тіл мәдениетіндегі өміршең дәстүр ретінде әлі күнге сақталып келеді. Мысалы, «Асылбекті Абай көптен бері «*Асыл аға*» дейтін. Сол Асылбек бұл күндерде Абайға аса бір сүйікті жақын аға болып кетті» [22, 238 б.]. Осы секілді, «Талаптан сыбырлай сөйлеп: – Ортадағы жігіт – ақын Қуандық Шаңғытбаев – деді. Қуан ағаны алғаш көруім осылайша... Бірде *Қуан аға-ау* көбірек жазбайсыз ба? дегенім бар» [88, 77 б.]. Бұл жерде де адамға деген ыстық ықылас, оның есімдеріне беріліп, лигвомәдени сапасын арттырып тұр. Кейде осы аға сөзінің өзіне де құрметтеу мәнді қосымша жалғанып, эмоциялық бояуын қоюлатып тұрады. «*Азекем*, бауырым деп бас салды» [22, 150 б.]. Тілімізде құрметтеу мәнді осы секілді мысалдарды көптеп кездестіруге болады. Кешегі Ахмет Байтұрсынұлының – Ахаң, Міржақып Дулатовтың

– Жақаң, бүгінгі таңда Шерхан Мұртазаның – Шерағаң атануы мұнын айқын дәлелі. Тарихтағы Домалақ ана, Найман ана немесе Бекет ата т.б. секілді есімдерге жалғасқан қосалқы атаулар құрметтеу, қасиет тұту мәнінде жұмсалып отыр.

Тілдік деректерге сүйенсек, құрметтеу, еркелету мәнді есімдер тек қазақ халқында ғана емес, исі түркі жұртында бар ортақ құбылыс екен, сонымен қатар славян тілдеріне де тән ерекшелік болып табылады. Орыс тілінде Екатерина – Катя, Елизавета – Лиза, Виктор – Витя т.б. деп еркелетеді. Алайда, олардың өзіндік сырлары бар. Орысша еркелету мәнді есімдердің айтылуында дәстүрлі қолданыс басым, сондықтан Саша немесе т.б. қысқарып, қосымшалар жалғанған немесе т.б. есімдерде еркелету, құрметтеумен қатар Александрдың әлі жас екенін білдіру сипаты да көрініс береді. Адам атын қысқарту – әр тілде ертеден қалыптасқан көне тәсіл [90, 261б.]. Орыс есімдеріне байланысты айтылатын тағы бір ерекшелік – олар қазақ есімдері секілді еркелету мәнінің негізінде дербес есімдерге айнала алмайды. Еркелету мәнді есімдердің бастапқы тұлғалары айқын болып келеді де, олар айтылғанда бастапқы тұлғасын ойымызда қатар елестете аламыз. Мысалы, Наташа десе оның Наталья, Саша десе Александр екенін білеміз. Ол есімдердің нақты формалары мен мағыналары орыс тілінде негізінен нормаға айнылғаны белгілі.

Әр адамның өз есіміне дағдылануы – өзіне қатысты жағымды-жағымсыз барлық ақпараттарды сол арқылы қабылдап, күйініп-сүйінуінің өзі кісі аттарының психологиялық болмысын көрсетеді. Кез келген адамның есімі, өмір бойы бірге алып жүрген серігі болғандықтан, өзіне тым жақын. Есімі аталған адам өзімен аттас басқа біреу шақырылса да, еркінен тыс, абайсыз бұрылып қарауы мүмкін. Бұл есімдердің адам санасындағы орнын, қызметінің ерекшелігін көрсетеді. Психолог Елена Клесникова «Психологтар: адамға өз есімінің дыбыстарынан көркем, әрі жақын ештеңе болмайды. Адамды өзіңе тартып, іші-бауырына енгің келе ме? – деп сұрайды – атын көбірек атаңыз. Есімін жиі айта отырып, өз ұсынысыңызды орындатарыңыз анық» – дейді есімдердің психологиялық жақтары туралы мақаласында [83, 20 б.]. Осы жерде азан шақырып қойылған атымен атаудың және құрметтеу, еркелету мәнді есіммен атаудың өзара психологиялық ерекшеліктерінің барын ескеруіміз керек. Мысалы, «Абайжан-ай қайдағыны айтқыздың-ау! Айыпты Өскенекеңнің өзі емес. Тағы сенің әкең [22, 112 б.]» – деген сөйлемде құрмет тұту белгісі аңғарылады. Егер азан шақырып қойылған есім шығу тегі жағынан еркелету мәнді болса, оған осы мағынадағы тағы бір

қосымша жалғанады. Мысалы: Бәкежан, Жәкенай, Бәкентай т.б. секілді тұлғалар арқылы адамның ішкі құрметі көрініс береді.

Өз есімімен атағанда әдет бойынша мойын бұрса, еркелету, құрметтеу мәнінде шақырғанда есімі аталған адамның көңіл-күйінде қандай да бір өзгеріс болары анық. Сондықтан, еркелету мәніндегі нұсқасы көбіне азан шақырып қойылған есімінің орнына қолданылады да, келе-келе бастапқысы ұмыт бола бастайды, нәтижесінде дербес мағыналы есім ретінде Сареке, Күлеке, Жанеке, Нұрыш, Нұртай, Нұрақ, Ертай, Еркен, Ержан т.б. секілді көптеген дербес қолданылатын антропонимдік тұлғалар қалыптасты. Егер осы есімдер тұрақты қолданылатын болса, өзінің еркелету мәнінен ажырап, тек атауыштық сипатымен қалады. Мұндайда эмоционалдық бояуы солғын тартып, шақыру немесе өзіне қарату мақсатындағы әлеуметтік, яғни атауыштық қызметі басымдыққа ие болады, алайда оның бойындағы бұл өзгеріс психологиялық болмысының толық жойылуы дегенді білдірмейді, өйткені кісі есімі қашанда адамның жадында жаттаулы тұрады. «Есімнің шыққаны соншалық, атымды ұмытып қала жаздадым (ауызекі әңгімеден)» – деген сөйлемнен адамға ең жақын, ұмытылмайтын нәрсе әркімнің есімі екені аңғарылады.

Қазақ халқында еркелету, құрметтеу – дәстүрлі ұғым. Осы бағыттағы ұстанымдарының негізінде ұлттың психологиялық болмысы қалыптасты. Кісі аттарына осы тұрғыдан келер болсақ, бүгінгі қазақ санасында құрметтеу, еркелету мәнді есімдердің орны ерекше әрі айқын. Оның адамдар арасындағы қатынасты реттеуде психологиялық әсер-маңызы да өзіндік мәнге ие. Егер кез келген адамның атын өзгертіп, еркелету немесе құрметтеу мақсатында жаңаша атап жатса, оған ол наразылық танытпайды, керісінше өзіне білдірілген ілтипат-құрмет ретінде жылы қабылдайды. Сондықтан, құрметтеу, еркелету мәнді есімдердің ұлттық түсінігіміздегі орны жоғары тұрады. Мысалы, есімі б-дан немесе с-дан басталатын Болат, Бимырза, Балтабай, Бәкір, Сағынғали, Сейіт, Сәтжан, Сәбит, Сәлмен т.б. бірнеше адам бірге тұрғанда сырттан біреу Бәке, Сәке деп шақырса, тұрғандардың бәрі қарауы мүмкін. Демек, тұлғасын өзгерткенмен есім өзінің атауыштық мәнін жоғалтпайды. Өйткені, бір адамды өзіне қарату үшін Бигелдіні – Бәке, Сағынғалиды – Сәке деп есімдердің өзгерген формадағы нұсқаларын қолдану ұлттық танымымызға сіңісті болған, баршаға таныс құбылыс.

Есімдердің дыбыстық тұлғасындағы мұндай өзгерістердің болу себебі: біріншіден, құрылымындағы әрбір өзгерістің, әлеуметтік қызметімен байланысты, тілдік тұрғыдан зерделенуге тиіс өзіндік

ерекшеліктері бар. Мысалы, бірінші буыннан қысқаратын Сәке тұлғасының құрамына Сәрсенбек, Сағынай, Серікқали, Сыздық, Солтанқұл т.б. секілді бірнеше тұлғаның бірігуі мүмкін. Сондықтан мұндай тұлғалардың табиғатында жалпылауыштық, жинақтауыштық мән күштірек болады және осы сөз болып отырған тәсіл арқылы қалыптасқан тұлға тілде дербес мәнді есім ретінде тұрақтап қалуы мүмкін. Ал екінші буыннан қысқаратындардың бастапқы дыбыстық тұлғасын шамалап ажыратуға болады. Сондықтан олардың жалпылық, жинақтауыштық мәні бәсеңдеу болады және дербес антропоним ретінде қалыптасуы мүмкіндігі де аса жоғары бола бермейді. Оның бір себебі – қолданыста кісі аттары тұлғасының айтуға жеңіл, ықшам болу жағы да назарға алынады. Бірінші буыннан қысқару мен бірінші компоненттен қысқарудың буын санына байланысты өзара ұқсастығы осыған дәлел. Мысалы, Досымбектің Досым болып қысқаруы мен Қалмұқаметтің Қалкен түрінде тұлғалануы буын санына байланысты ортақ антропонимжасамдық тәсілдің жемісі – екеуі де қысқарып, екі буынды (бірдей) тұлғаға айналып отыр. Екіншіден, құрметтеу, еркелету мәнді антропонимдердің қалыптасуына негіз болып отырған лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың өзара байланысы жөнінде. Бұл екеуіне тән ортақ белгі үндестік пен үйлесім арқылы көрінеді. Дыбыстық тұлғасы жағынан алғанда, сөз болып отырған мәндегі есімдердің негізінен екі не үш буынды болуы – айтуға жеңіл болуы, әлеуметтік қызметі жағынан алғанда, көркем мәнді, адамдар арасындағы қатынастарды реттеу қабілетінің жоғары болуы олардың мағына мен дыбыстық тұлғасының арасындағы үндестік пен үйлесімді көрсетеді. Осы форманы жасаушы, яғни осылай атап тұрған адамның келесі адаммен арадағы қатынасты жақсартуға, жақындатуға бағытталған қадамының оң нәтиже беруге бейім тұратыны белгілі, сонымен қатар бұл тыңдаушыға да жағымды әсер беретіні анық. Демек, тек айтушының ғана емес, тыңдаушының да ішкі қалауы есімдердің осылайша қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Тұрған адамдардың бәрінің бірдей қарайтыны да сондықтан.

Еркелету, құрметтеу мәнді қолданыстар атауыштық қабілеті бойынша, кісі есімдерімен қатар осы мәндегі басқа сөздер арқылы да беріледі. Ауыз әдебиетінің материалдарында да бұл үлгі молынан қамтылған. Құрметтеу мәнді сөздер қолданысы: «Жә, ақсақал, бұл бөліс білімін маған үйреткен денесінен ұшып түскен қасқырдың басы емес пе?» – депті [97, 63 б.]. «Сонда қасқыр айтты: Шырағым қарындасым!..» [97, 48 б.]. «Ал өзің айтшы, түке. Даланың кербезісің ғой..?» [97, 50 б.]. «– Ей, түлкі батыр, не қылып тұрсың» [97, 43 б.]. «За-

мандас! Мына тартқан қайғылы сазыңның аты қалай? – деп сұрағанда...» [97, 11 б.]. «Ендігәрі тиіспеймін *көкетай!* Дос едік қой, – деп жалбарынады қасқыр» [97, 32 б.]. «*О, аю қария,* – депті жалаң тәжісі желбіреген қораз...» [97, 33 б.]. «Ойпырым-ай, *патшам, қамқорым, данышпаным,* не болды!» [97, 66 б.]. «Япыр-ай, *тақсыр,* сізге не болған?» [97, 75 б.] «*Аю аға,* сыйлап жүрейн, – деп жалбарынды!» [97, 91 б.] «Осылай да осылай, *хан тақсыр!* Жан-жануарлар сізді хан деп елемейді, салығын төлемейді» [97, 113 б.] «*Айналайын, ағайлар,* мендей жетім балалар босағадан сығалар!» «Ай, *қызым-ай,* еркесің-ау, ұстатпайды десем болдың ба...?!» [97, 175 б.] «*Достым,* мен бүгін қонаққа бармақ едім» [97, 177 б.]. «Әй, *бауырым-ай,* өзенге келдің ғой» [97, 233 б.]. Қазақ тіліндегі адам мен адамның арасын жақындастыруға, тіл табысуға арналатын бұл дәстүрлі қолданыстар ауыз әдебиеті тілінде де көптеп кездеседі. Осы мақсатта есімдердің дыбыстық формасын өзгертіп немесе қосымшалар жалғау ертегілерде жануарларды атауда да немесе батырлар жырында кейіпкерлерге қаратылып та пайдаланылады. 1) Екінші компонентін қысқарту арқылы еркелету:

«Қалың қыпшақ, көп ноғай –
Жұрт жақсысы баланың
Атын қойды *Бөкенбай.*
Келді *Бөкен* бір жасқа» (*Қобланды батыр*).

2) тәуелдік жалғауының жалғануы арқылы, пікірлесушісіне өзіне баурай сөйлеу: Түлкім, мен көзінді аш дегенде аш. *Жолбарысым,* «маңғыт» деп жұтсаңшы 5т., 15б., *Түйем, түйем,* қайда барасың? [97, 18 б.]. 3) *-шақ (-шек)* қосымшасы арқылы: *Түлкішегім,* қарындасым неге жылайсың? – деп сұрапты [97, 16 б.] 4) *-қа, -ке, -еке* қосымшасымен: *Ареке* (арыстан), сіз деміңізді алып жата тұрыңыз. Ай, *қасеке* (арыстан), сіз бөксе жағын сойыңыз [97, 19 б.]. *Түке,* көмектес! Енді қайттім, өне бойым қан-жоса болды [97, 32 б.]. Осы орайда айта кететін бір ерекшелік – мейірім танытқанда *-шек,* қиналып, басына іс түскенде *-еке* қосымшасы қолданылады. Бірі кішірейту, екіншісі құрмет тұту мақсатында жұмсалып тұр.

Туыстық және жалпы адамдар арасындағы қатынастарды реттеп, жүйелі тәртіп аясына тоғыстыратын тілдік тәсілдердің бір қыры еркелету, құрметтеу мәнді есімдер арқылы жүзеге асады. Қазақ есімдерінің дыбыстық тұлғасындағы үйлесім сапасының көрсеткіштері – ұлттық психология табиғаты мен ұлтымыздың тілінде сөйлеушілердің өзара қатынас жасаудағы мәдени ізденістерінің жемісі. Үлкенді құрметтеу

дәстүрі қазақ халқында түрлі тыйымдар мен ұлттық педагогика талаптары арқылы қорғалып, үздіксіз жетілдіріліп келді. Ұлттық педагогика арқылы тілдік санаға енген осы дәстүр, ұлттық иммунитеттің нығаюына ерекше ықпал етті. Оның өміршеңдігінің бір сыры осында. Кісі аттарының да сол дәстүр талаптарына сай икемделуі ұлттық танымдағы эстетикалық құндылықтардың көрінісі болып табылады.

4.2.3 Үйлесім ұғымының ұйқас есімдер арқылы көрінуі

Қазақ халқының ұлттық танымында ұйқас мәселесі үлкен орын алады. Тілдік тұрғыдан алғанда «...ұйқас – өлең тармақтарындағы соңғы буындарының (сөз аяқтарының) (өлең тармақтарындағы басқы, ортаңғы, соңғы сөздердің соңғы буындарының үндестігі) үндестігі, өзара ұқсас, әуендес, дыбыстас естілуі» [2, 10 б.]. Уақыт қозғалысының табиғи ырғағын терең меңгеріп, өмір-тіршілігі мен дүниәуи өлшемдерін соған бейімдей құрған халқымыздың санасында әр нәрсенің үйлесімін іздеуге деген талпыныс, сөз өнерінде де ырғақ, ұйқас құбылыстары арқылы көрініс берді. Шешендік өнер туындыларын терең зерттеген ғалым С. Негимов өлең ырғағы туралы пікірін «Пушкин өлшемдестік пен сәйкестікті сүюшілік адам ақылына тән сипат деп жазған-ды. Ырғақ жарасымдылығын, жатықтығын тудыратын буын санының белгілі бір мөлшерін, бір-келкілікке көшіретін тұрақты бунақ құрылысын және бунақ жігінің кеңістікке байланысты алғанда, келісімді уақыт ішінде мейлінше дәлме-дәл келіп отыруы, келісім мен үнге бейімделуі, белгілі бір бөлшектердің шамаластыққа, ұқсастыққа сүйенуі, орайлас ұйымдасуы, тәртіпті түзіліске, жүйелілікке, амал-тәсілге бағынуы, кірпіштей қалануы, сәйкестендірілуі осыны дәлелдей түседі» – деп тұжырымдайды [121, 122 б.]. Ырғақ пен ұйқас халық әдебиетінен бастау алады, оның жалғасы шешендік өнер, ХХ ғасыр басындағы қазақ жазушыларының көркем шығармаларында да тиісті орын алды. Ауыз әдебиетіндегі тұтастай поэзияға баяндауларға құрылған батырлар жыры, ғашықтық жырлар, қисса-дастандардың бастан-аяқ ырғақ пен ұйқастан тұратыны белгілі. Ал прозалық үлгідегі ертегі, аңыздардағы сөз саптауларда да сол үлгі көрініс береді. Мысалы, «Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, ел ханға қарағанда, хан елді алдағанда – бір би болыпты» [93, 104 б.]. Бар екен де, жоқ екен, аш екен де, тоқ екен. Ертегім ертеке екен, ешкілері бөрте екен, қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен, мұзға мінген екен, бұты тоңған екен [93, 144 б.]. Осы жолдарда ұйқас пен ырғақтың бірнеше түрі қамтылған.

Шешендік өнер туындыларындағы Төле би айтты деген мына бір жолдар да ырғақ пен ұйқастың дәстүрлі үлгілері бар: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз...», мұның ізі кейін қазақ жазушыларының, (әсіресе, соның ішінде Ж. Аймауытовтың) шығармаларында да сақталды. Қазақтың жан дүниесіндегі ақындық қасиет тек сөз өнерінде ғана емес, кісі есімдеріне де берілді. Бұл да үндестік пен үйлесімнің бір түрі болып табылады. Қазақ ұғымында «ұйқас есімдер», «ұйқастырып қою» секілді ұғымдар бар. Мұны қазақ халқының ұйқасты сөзге құмарлығы, бейімдігімен сабақтасып жатқан түсініктің нәтижесі деп шамалауға болады. Сөздің ырғағы мен ұйқасын тауып, нақышына келтіріп сөйлеу дағдысы сонау көне түркі жазбаларында да сақталған екен. Бұл жөнінде Қ. Әбдіғалиев өзінің диссертациялық жұмысында жан-жақты баяндайды [2, 11-30 б.]. Түркі халықтарының есімдеріндегі ұйқасты осы негіздің ат қою дәстүрінен көрініс тапқан заңды жалғасы деп қарауға болады. Ұйқастыра ат қою алтай халқында бар дәстүр. Қазіргі алтай есімдерін зерттеуші Н.И. Шатинова олардың арасында ұйқасқа құрылған есімдердің көзге ерекше көрініп тұратынын айтады. Жалғаспалы сызық бойынша алып қарағанда а) *әке мен бала*: Аднай – Адыбай, Очыбай; Карсман – Каракай; Малчы – Марал, Мёрку – Курту; б) *ұлы мен анасы*: Мандаш – Чачаш; в) *әкесі мен қызы*: Чачаш – Чайлаш. Көлденең сызық бойынша алып қарағанда а) ағайындар: Артип – Адыбай – Очыбай, Букачак – Кучачак, Каракай – Токумай, Мерек – Тудеек, Санакуш – Саламчы – Кудачы, Сарышман – Маркитан – Пилимон, Сапыр – Сапрон, Санап – Санаш – Ромаш, Салкоп – Санап, Октубай – Октош, Остонак – Тастак; б) апалы сіңілілер: Куйка – Кызнак, Шалтырак – Шаайчык. Алтай тіліндегі *-бай, -лай, -ай, -ш* секілді сөзжасамдық қосымшалардың табиғатындағы ұйқастың айқын түрі өзі жалғанған есімдерге де осындай сипат береді. Бұл дәстүр алтай халқының батырлар жырында да, көркем әдебиетінде де кездеседі [173, 39 б.].

Ұйқасқа құрылған есімдер башқұрт халқында да бар. Р.З. Шакуровтың зерттеуі бойынша башқұрттарда үндестіріп, ұйқастырып, сонымен қатар ырғақты тіркесті есімдер қою дәстүрі алыс ғасырлардан бері сақталып келеді. Бұл халықта да ұйқас түрлері алтайлықтарға ұқсас: ағайындылар есімі: Аққожа – Бекқожа; әкесі мен баласының есімі: Яғкуб – Қайыб, осы ұйқасқа Аққожаның ұлы Айыттың есімі қосылады. Немере іні Қайыб пен Айыт екеуі ұйқасқан болып есептеледі. Ұйқастырып қою түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асады: бір компоненттің бірнеше есімнің құрамында қайталанып келуі арқылы, *иш*: Ишбирде, Ишембәт, Ишкенә, Ишкилдә; *бикә*: Алтымбикә,

Қотлобика. Шежіреде -ш қосымшасына аяқталатын: Бақтыш – оның ұлы Торташ, оның ұлы – Килдуш, оның ұлы – Монаш. Ұйқас есімдердің саны бірнешеуге жетеді: Ғабделжаббар – Ғабделғафар – Ғабделхаким (осы ағайындылардың әкесінің аты Ғабделхалик) [213, 43-49 б.]. Ұйқас есімдер қою дәстүрі осы секілді ноғай, қарақалпақ тілдерінде де кездеседі.

Қазақ тіліндегі ұйқас есімдердің түрлі нұсқаларын халық әдебиеті мен көркем әдебиет туындыларынан, сонымен қатар ел арасындағы есімдердің қойылу ерекшеліктерінен де көруге болады. Ертегі кейіпкерлерінің аты әрі бойындағы қасиеті болып табылатын мына есімдерде өзара ұйқасты байланыс бар секілді көрінеді. Бұл сонымен қатар кейіпкерлер арасындағы ғана емес, ертегілер арасындағы да байланыстың көрінісі іспетті. Мысалы, Мерген, Қоңырмерген, Сұрмерген, Қарамерген, Құламерген, Жоямерген есімдерінің мергендердің бойындағы қасиеттермен қатар, олардың есімдеріндегі ұйқастың да көрінісі. «Төрт дәруіш» ертегісінде пері патшасының екі жол қараушысының есімдері: *Шымыр* мен *Әмір*; «Гүл – Санобар» ертегісінің кейіпкерлері: үлкен ұл – *Спандияр*, екінші ұл – *Алдияр*, үшінші ұл – *Махамбет*. Алдыңғы екі ұлдың аты ұйқас, үшінші ұлдың аты атасы – *Ахметпен* ұйқас. Осы секілді «Ералы батыр» ертегісінің кейіпкерлері: екі елдің патшасы – *Күнхам* мен *Айхан* есімдерінде де осындай ұйқасқа құрылу дәстүрі сақталған. Батырлар жырында да ұйқас есімдер кездеседі. «Ер сайын» жырының кейіпкерлері: *Жоламан* мен *Еламан*, «Қобланды батыр» жырының кейіпкерлері: *Бөкенбай* мен *Киікбай*; «Ер тарғын» жырының кейіпкерлері: *Қарасай ұлы Көбен*, *Алшағырұлы Теген*, *Өмірұлы Себен*. «Қададөң батыр» ұрпақтары: *Жұбаныш пен Сүйініш*, *Бегістің ұлы Көгіс*, досының ұлы *Тегіс* ұйқас есімдер. Әдетте ұйқас есімдер қордағы барша бірліктер бойынша құрылмайды, тек өзара туыс немесе қандай да бір жақындығы, байланысы бар адамдарға қойылғанда ғана өз мәнінде болады. Бұл тұрғыдан ол өлең жолдарын елестетеді: түрлі тармақтардан тұратын бір шумақ өлеңнің соңғы сөзі немесе буындары ғана бір-бірімен ұйқас түзеді. Немесе ырғаққа құрылған шешендік туылымның құрамындағы белгілі бір сөздердің бір-бірімен соңғы буындарының дыбыстық жақтан «үндесіп, үйлесіп» айтылуы ғана ұйқасты құрайды. Демек, ұйқаста мағынаның да өзіндік орны бар. Қ. Әбдіғалиев ұйқас туралы ойларын Т. Шапаевтың мынандай пікірімен түйіндейді: «Ұйқас – дыбыстық қана емес, мағыналық та үйлесім. Дыбыс келісімі, сөз айшығы ғана емес, ой сымбаты да» [2, 10 б.]. Ұйқасты есімдерге тән ерекшелік онда мағыналық бірлік аса

сақтала бермейді, керісінше ол ұйқас құрамына топтасқан есімдердің, яғни адамдардың бір-бірімен туыстық немесе басқа қандай да бір жақындығы барын аңғартады.

Ұйқастыра қоюдың түрлері қазіргі қазақ есімдерінің құрамында да молынан кездеседі: «Қазақ балаларының аттарын ұйқастырып қоюға құмар болады. Тетелес екі қыздың үлкені Майра, кішісі Сайра» [147, 24 б.]. Башқұрт, Алтай тілдеріндегі ұйқас есімдердің жүйесі мұнда да бар. Қазақ тарихының ауызша нұсқасы шежіреде сақталған. Үш жүздің баласы: *Ақарыс* (Ұлы жүз), *Бекарыс* (Орта жүз), *Жанарыс* (Кіші жүз) есімдерінің ұйқасқа құрылуынан бұл дәстүрдің ұлт жанына жақындығы байқалады. Ұлы жүз – Үйсіннің екі баласы: *Ақсақал – Жансақал*. Жалмамбеттен туған: *Шапырашты – Ысты – Ошақты*. Жалайырдан: *Сырманақ – Шуманақ*. Орта жүз – Арғын: *Қуандық – Сүйіндік – Бегендік – Шегендік*, Керей: *Байназар – Қайназар – Есназар, Ерназар – Жаназар – Маназар – Алданазар*. Кіші жүз – Әлімұлы: *Қарасақал – Қаракесек, Шөмекей – Шекті*, Кете: *Ақкете – Қаракете*, Токқожа: *Қайқы – Балқы*. Қазақ шежіресінен бұл секілді мысалдарды көптеп келтіруге болады. Қазіргі баспасөз беттерінде елге танымал тұлғалар есімдерінің де өзге жақындарымен ұйқастырып қойылғаны туралы жазылып жүр: «Шархан (Қазығұлов) деген атты әкесінің інісі, *Әзілхан* ағасы қойған екен. Ол «Мың бір түн» деген кітапты оқып жатып, соның ішіндегі бір кейіпкердің аты *Шархан* екен, бір жағы өзіме ұқсасын деп қойған көрінеді (*Әзілхан – Шархан*)» [6]. «Қасым әке өз атына ұйқас болсын деп Досым (Сүлеев) есімін еншілейді. Қасым әке балалардың бәріне өзі ат қойыпты. Ұлдардың атын Досым, Есім деп өз атына телісе, қыздарға Айнаш анасына ұқсатып, Күләш, Нұрлаш, Сәулеш сынды есімдерді еншілейді» [7]. «Дихан – отбасындағы оныншы бала. Диханның барлық бауырларының есімдері ханмен аяқталып отырады – Әмірхан, Абылайхан, Дархан, Ерхан, Нұрмахан деп жалғаса береді. Елдің есін жиғызбай, ертелікеш дамыл таптырмайтын науқан кезінде туған баланың атын әкесі бір жағы бауырларына жалғас етіп, соларға ұқсастырып қойған» [9]. «Қобекен Мұхтар деген есімді таңдапты. Араб тілінен аударғанда ол «қалаулы, таңдаулы» деген мағына білдіреді. Оған «хан» деген жұрнақ қосылады. Өйткені, Ділдәбековтер отбасындағы төрт ұлдың да есімі «ханмен» аяқталады – Нұрхан, Ерхан, Темірхан және Уәлихан» [11]. Ұйқас есімдердің мұнан өзге де, адамдар арасынан жиналған материалдар бойынша мынандай түрлері кездеседі: ағайынды ұлдардың есімі Дархан – Марлан – Ерлан – Нұрлан, балаларының есімдері (атасы қойған) – екінші компонентінің қайталануы арқылы қойылған: *Айдана*

– Нұрдана – Гүлдана – Елдана – Ардана; Бекасыл – Ерасыл – Нұрасыл. Бірінші компоненттің қайталанып келуі арқылы жасалған есімдер: Жұмақыз – Жұматай (ағайынды қаздар), осы үлгімен кей адамдар өзінің жеке көзқарасы бойынша жаңа сипатты есімдер жасаған: Ганмирлан – Ганмирхан – Ганмиржан – Ганмиртай – Ганмира – Ганжагүл – Ганмирша – Ганжатай – Ганмиргүл – Ганжа. Соңғы дыбыстардың үйлесімі немесе бірдей болып келуі: Қайрат – Қанат – Жанат (ағайындылар), Марат – Жанат – Санат (ағайындылар), Марат – Болат (ағайынды), Мараттың ұлы: Қанат – Қанатбек, Болаттың ұлы – Асылбек (немерелерінің есімін атасы қойған). Бұл орайда есімдердің ұйқасуы жалғаспалы түрде көрінеді. Марат, Болат есімдерімен Асылбек ұйқаспайды, алайда Қанатбекпен екінші компонент сәйкеседі. Осы секілді ағайынды адамдардың қыздары ұйқас есімдермен аталады: екі үйдің жастары шамалас үлкен қыздары: Жәмилә – Әминә, кіші қыздары: Әлия – Ғалия. Бұл, бір жағынан, қазақ отбасындағы үлкеннің орны – оған деген құрметтің де көрінісі. Екіншіден, ат қою құқығына ие атасына бала мен немере бірдей, сондықтан әке мен бала, ағайын туыс арасы ұйқас есімдер арқылы да жақындық байланысын сақтап тұрады. Есімдердің ұйқастырылып қойылуы, осы тұрғыдан келгенде ұлттық құндылықтардан бастау алып, онымен үнемі ішкі байланысын сақтап отыратынын көруге болады. Бұл «есім – адам» ұғымының тууына ықпал ететін фактор. Яғни, мұнда есім тікелей адам ретінде қарастырылады.

Ілгерідегі талдаулардан қазақ есімдерінің пайда болуы мен қалыптасуында тілден тыс факторлардың орны үлкен екені байқалады. Кез келген зат пен құбылыстың тілден көрініс беруі үшін алдымен адам санасында оның түрлі белгілері сәулеленіп, біртіндеп ол туралы түсінік пен ұғым қалыптаса бастайды. Осы ұғым-түсініктер белгілі дәрежеде пісіп-жетілгенде тілде сөз арқылы формаланады. Осы заңдылық кісі есімдеріне де қатысты. Адам өмірі сыртқы қоршаған әлеммен байланысты болғандықтан, оның ұлттық білімінің қамтитын аясы да өзі тіршілік еткен ортамен тікелей сабақтасып жатады. Халық өмір-тіршілігінің сапасын – қуаныш пен қайғының, бақыт пен байлықтың дәрежесін өзінің өмір тәжірибесімен, ұлттық білімінің деңгейімен өлшейді, болашақ ұрпағына да тілейтін игі тілегі осы мазмұн аясынан көрініс береді. Сондықтан, кісі есімдерін жасаушы тілден тыс факторлар да осы маңнан алыс кетпейді. Бүгінге дейінгі дамуы барысында кісі есімдерін жасаудың тілден тыс түрлі тәсілдері қолданылды, келе-келе өзіндік бір ізге түсіп, жүйеленді. Ұрпақ қамы үшін наным-сенімдердің негізінде, түрлі ырымдар жасалды. Ел мен

жерді сақтау – жаудан кек алу, ұрпақ бақыты үшін жанын пида етіп, артында қалған ұрпағына осы жолда ештеңеден қайтпауды аманат етті. Аманат ұғымының аясында ұлттың бүкіл болмыс-бітімі қамтылды: ер мен әйелге тән мінез, туған жерге деген сүйіспеншілік, эстетикалық талғам, арман-мұрат, қоршаған ортамен қатынас, адамдар арасындағы қатынас т.б. бәрі әкеден балаға, анадан қызға беріліп отырды да, осы құндылықтардың барлығы кісі есімдерінен көрініс берді.

Дүниені тану, айнала қоршаған ортамен қатынас, онан материалдық және рухани игіліктерді алып, өз қажетіне жарату мәселесінде жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар бар. Бұл ортақ танымның қалыптасуына ықпал ететін факторлар. Кісі есімдерінің жасалуында да түрлі халықтарға ортақ осындай ерекшеліктер бар. Тіпті, тілі, діні басқа елдерде де, ат қою дәстүрінде ортақ белгілер бір-бірін айна қатесіз қайталап жатады. Бұл қазақ антропонимжасамының сол елдер арасындағы өзіндік орнын айғақтайды.

Түрлі дереккөздерден алынған материалдар бойынша қазақ есімдерінің мағыналық аясын саралағанда мұнда негізінен ұрпақ қамы көрініс береді. Адам өмірінің жалғасы оның ұрпағы, сондықтан өзім жетпеген биікке ұрпағым жетсе деген арман – жеке адамдардың ішкі тілегі ғана емес, ұлттық сана деңгейіндегі мүдде. Есім шақыру құралы ғана емес, адамның мәңгілік серігі, оған бағытталған барлық жақсы, жаман лебіздер есімі арқылы беріледі. Сондықтан, жақсы есім жаман лебіздер арқылы келетін пәледен қағады деген ұғым бойынша, есім – қорғаушы, жебеуші ретінде танылады. «Ішкі тілек қайталана берсе – Алланың құлағына жетеді» – деген сенім бар. Арман тілектің есім мағынасы арқылы білдірілуіне де терең мән беріледі – Тәңірінен немесе Алладан тілейтін тілектің үнемі қайталанатыны секілді, есімдер де адамды атау барысында үнемі қайталана отырып, шындыққа айналады, жүзеге асады деген түсінікпен сабақтас болса керек. Мысалы, Бақыт есімі бала бақытты болса екен деген тілекпен қойылады. Ол жалпы есім күйінде бақыттың атауы болатын, адамды атай отырып, сөздегі қасиет адамға да беріледі – бала өмірі бақытқа айналады деген үміт-тілек бар. Бұл аталғандардың бәрі ұрпақ қамын ойлаудан туған. Тұрмыс-тіршілік, адамның өзін қоршаған дүниемен қатынасы, сыртқы әсерлердің оң көріністерінің бәрі, ұрпағыма жете берсе екен деген тілекпен кісі есімдерінің мазмұнынан көрініс береді. Осы тұрғыдан келгенде «ат қою дәстүрі» мен «ұрпақ қамы» өзара тығыз байланысты ұғымдар болып табылады. Үндестік факторы осы кісі есімдеріне көркемдік сипат беруші, ұлттық мәдениеттің антропонимжасамдық элементтері ретінде қызмет етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Антропонимжасам тарихы жалпы ең алғаш адамға ат қою дәстүрі орныға бастаған замандардан бастау алады. Адамзат қоғамы қауымдасып, бірігіп өмір сүруге алғаш бет бұрғанда, онда ат қоюға деген алғашқы қажеттілік туындаса керек. Сонан бергі уақытаралығында ұғымымыздағы кісі есімдеріне деген сұранысты екі жағынан қарастыруға болады: біріншіден, даралаушы, өзгелерден ажыратып тану, айыру, шақыру құралы; екіншіден, есім – адамның өмірлік серігі, киелі меншік, адамды жебеуші, қиындықта демеуші, бақытқа бастаушы деген сенім аясындағы түсініктер. Антропонимдердің осы екі ерекшелігінің төңірегінде түрлі үдерістер мен белгілер орныға бастады, сондықтан еңбекте олар лингвистикалық – тілдік және экстралингвистикалық – тілден тыс факторлар бойынша екі бағытта қарастырылды.

Антропонимжасамның лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары туралы екі мәселеге назар аударуды қажет етеді: Біріншіден, ұзақ уақыттар бойы қолданыла келе қызметі мен мағынасы айқындалған лексикалық бірліктер затқа, құбылысқа, қимыл әрекетке атау ретінде телініп, әрқайсысы өзіндік сипатымен тілдік санадан орын алды. Дыбыстық тұлғасы, мағыналық ерекшеліктері, дами келе қалыптасқан ауыс мағыналары т.б. ақпарат тасымалына қатысты барша мүмкіндіктері сөйлеу барысында жүйеленіп, ұлт ұғымында нормаға айналған. Осы дайын тілдік материал кісі есіміне айналғанда атайтын нысанның (зат пен адамды айтып отырмыз) ауысуына байланысты негізінен атқаратын қызметінде, мағыналық табиғатында жаңаша өзгерістер болады. Антропонимжасамның негізгі болмысын осы өзгерістер нәтижесі құрайды. Екіншіден, кезкелген лексикалық бірліктің тілдік санадағы орны секілді, ұлттық ұғымда сөзбен аталатын зат, құбылыс немесе қимыл-әрекеттің сипаты да өзіндік орын алады. Антропонимжасамға негіз болатын олардың символикалық бейнесі. Жан-жануарларға немесе табиғи күштер мен дүниенің сұлулығына қатысты антропонимжасамға негіз болған ұғым-түсініктерді айтпағанда, қимыл-әрекет атауларының өзі де антропонимге немесе оның компонентіне айналғанда сәбидің

дүниеге келуімен байланысты жаңаша мағыналық сипатқа ие болады: Кел, Тұр, Тоқта, Бер т.б. секілді компоненттердің мазмұнында ат қою дәстүрінің аясындағы көптеген ырымдар мен наным-сенімдерге қатысты ақпараттар сақталуы жатыр. Бұл тұрғыдан алғанда антропонимжасам өзіне тән құрылымдық және лексика-семантикалық сипаты орныққан, ұлттық ұғымдар мен таным-түсінікке негізделген кешенді жүйе болып табылады. Қазақ тіліндегі есімдердің жасалуына қатысты үдерістердің барлығы осы кешенді құрайды немесе осы кешен аясында жүзеге асады.

Экстралингвистикалық факторлар есімді кие тұту, жебеуші ретінде санау сенімдерінен бастау алады. Кейіннен бұл түсініктер ұлттық таным, салт-дәстүр, арман-тілек және ұрпақ мәселесімен тікелей байланысты өзіндік жүйенің қалыптасуына негіз болды. Кісі есімдерінің жасалуында, яғни тілдік бірліктердің антропонимге айналуында осы экстралингвистикалық факторлардың орны бар еді. Әуелде түркілік танымнан бастау алған қазақ халқының ат қою дәстүрі кейіннен дербес даму жолына түскенде де, жаңа құндылықтармен толыққанына қарамай, дәстүрлі жүйесінің негізінде жүзеге асып отырды. Қазақ мәдениетіндегі көптеген дәстүрлі атаулардың кісі есіміне айналуы осының көрінісі.

Антропонимжасамның тілдік және тілден тыс факторларының арасындағы байланыс үнемі сақталып отырады. Тек сақталып қоймай бір-біріне ықпал етіп етеді, өйткені тілдік тұлғалар тілден тыс факторлардың ықпалынсыз антропонимге айнала алмайды. Белгілі бір сөздің кісі есіміне айналуы үшін ұлт танымындағы ұғым-түсініктің немесе ат қоюшы жеке тұлғаның арман-тілегінің орны үлкен. Балаға ат қоюда ойға алынатын арман-тілек өте кең мазмұнды болуы мүмкін. Енді осы мазмұн айтуға жеңіл, ықшам әрі мағыналы сөзбен берілуі тиіс, яғни қазақ тілінің есім жасау нормаларына сәйкес таңдалған бір не бірнеше сөз балаға есім етіп қойылады. Бұл – тіл заңы әрі антропонимжасам шарты. Тілдік факторлардың нәтижесі осы орайда көрінеді. Қазақ тіліне тән үнемдеу заңы антропонимжасамда да белсенді рөл атқарады, яғни тіл шұбалаңқы көп сөзден не буыннан тұратын тұлғаны қабылдай бермейді. Жекелеген адамдар тарапынан ондай есімдер қойылғанның өзінде қолданыс барысында қысқарып, айтуға ыңғайлы жаңа форма жасалатынын антропонимжасам тәжірибесі көрсетіп отыр.

Тілден тыс факторлардың ықпалының нәтижесінде антропонимге айналған сөздің тілдік табиғатына біршама өзгерістер енеді. Бұл өзгерістер олардың дыбыстық жағынан да, морфологиялық

құрылымынан да, лексика-семантикалық сипатынан да көрінеді. Қазақ есімдерінің жасалуы ұзақ уақыттар бойы ұлт дүниетанымымен сабақтастықта бола отырып, белгілі бір жүйеге түсіп, өзіндік қалыбы, нормасы пайда болды. Сондықтан, атап өткеніміздей, олардың әр қырынан көрінетін ерекшеліктердің барлығы антропонимжасамдық норма аясына топтасады. Қазақ есімі мен антропонимжасамдық норма бір-бірімен байланысты ұғымдар. Бүгінгі қазақ антропонимикасының алдында тұраған үлкен мәселелердің бірі – олардың орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын белгілеу. Бұл арнайы мамандардың тікелей араласуымен сөздіктер жасауы арқылы жүзеге асатын шаруа. Кісі есімдерінің сөздігі жоқ емес. Зерттеуші ғалымдар мен әуесқойлар тарапынан дайындалып, жарық көріп жатқандары бар, алайда антропонимжасамдық норманың сақталмауынан түрліше жазу, мәдени сапасының сын көтерейтін дәрежеде болуы т.б. секілді кемшіліктерге жол беріліп жатқаны да жасырын емес. Қазақ есімдерінің алдағы дамуын жүйелеп, дұрыс бағыт нұсқап отыратын – кісі есімдерінің сөздігі. Нормасы белгіленбеген, қалай болса, солай жасала салған сөздіктер әлеуметті дұрыс жолға жетелеуден гөрі адасуға бейімдеуі мүмкін. Әр кезеңдегі қоғамдық сана мен мәдени көзқарастардың ерекшеліктеріне қарай есімдердің лексикалық құрамы да өзгереді. Антропонимдік қорда сұрыпталып, мәдени сапасы айқындалған белгілі бір бөлігі ғана қалады да, қалғаны қолданыстан түседі. Олардың барлығын көпшілікке арналған сөздіктерде қамтып отыру міндетті емес, өйткені антропонимжасамдық норма «қазақ есімі» деген қасиетті ұғымның сақшысы іспетті. Жеке адамдар тарапынан қойылған мәдени сапасы төмен, биік талғамға сай емес есімдерді уақыт елегі, яғни антропонимжасамдық норма өзі сұрыптап, қолданыстан шығарып тастаса, оны кісі есімдерінің сөздігіне орынсыз тықпалау орынды іс деп айту қиын.

Кісі есімдері қоғамтану, әлеуметтану, психология, этнография, елтану т.б. салалармен тығыз байланысты, сол байланыстардың барлығы антропонимжасамның аясынан өрбиді. Екіншіден, қазақ есімдері – тілдік жасалымның нәтижесі. Бұл – алыс ғасырлардан бастау алып, бүгінге дейін жалғасып келген және болашақта да дами беретін тоқтаусыз үдеріс. Әуелде қоғам сұранысынан туындаған (егер жеке адам оңаша аралда өмір сүріп жатса, оған есімнің қажеті болмас еді), енді даму бағыттарын да қоғамдық сана реттеп отырады, демек антропонимжасам қоғам дамуымен бірге жасай береді және дұрыс бағыт сілтей отырып, аса маңызды қызмет атқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абай. Қалың елім, қазағым... Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.
2. Абугалиев Қ. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясындағы ұйқастың фонемологиялық құрылымының ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ...дис. – Астана, 2009. – 128 б.
3. Ағабекова Ж. Қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2005. – 26 б.
4. Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы (Оқу құралы). – Алматы: Санат, 1995. – 236 б.
5. Айғабылова Г. Қазақ тіліндегі ықшамдалған сөздер мен сөз формалар филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1995. – 128 б.
6. «Айқын» газеті. – 2008, наурыз – 6.
7. «Айқын» газеті. – 2008, наурыз – 7.
8. «Айқын» газеті. – 2008, наурыз – 15.
9. «Айқын» газеті. – 2008, наурыз – 19.
10. «Айқын» газеті. – 2008, сәуір-25.
11. «Айқын» газеті. – 2007, маусым -19.
12. «Айқын» газеті. – 2007, маусым – 22.
13. Адилова З.Ш. Экономия речи и ее способы реализации: дис. ... канд. филол.наук. – Алма-Ата, 1989. – 195 с.
14. Айтбаева Лилия Хамитовна. Историко-лингвистическое исследование антропонимии татар междуречья нижней Оби и Иртыша (XX век): дис. ... канд.филол.наук: 10.02.02. – Тюмень, 2004. – 253 с.
15. Ақбердиева Б. Психоллингвистикадағы мағына ұғымы // «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы – әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар контекстінде» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтау, 2010. – Б.155 -157.
16. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы, 2002. –368 б.
17. Арыстанбаев М. Сөйлемнің оқшау бөліктерінің экстралингвистикалық сипаты // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2007. – №6. – Б.62-65.
18. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: «Санат», 1993. – 496 б.
19. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: КомКнига, 2005. – Изд. 3-е, стереотипное.– 576 с.
20. Ахметжанова З.К., Мусабекова У.А. Антропонимы казахского и русского языков: функциональная мотивация. – Алматы: КазУМОиМЯ, 2006 – 128 с.
21. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 208 б.
22. Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 608 б.
23. Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А. Қырандар. –Алматы: Қайнар, 1983. – 176б.
24. Базарова Д.Х. Этимологические разработки в рамках отдельных тематических групп слов. Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 50-54 с.

25. Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы (морфология). – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 446 б.

26. Байғұтова А. Антропонимдердің лигвомәдени және гендерлік сипаты // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2007. – №8. – Б. 113-116.

27. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі: (сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 248 б.

28. Баскаков Н.А. Тюркская лексика в »Слове о полку Игореве». – М: Наука, 1985. – 208 с.

29. Бафин Б. Тарихи шежіре. Тағдырлы тіл. Хат жаздым қалам алып. – Алматы: Ел-шежіре, 2007, – 576 б.

30. Бегматов Э.А. Глагольные антропонимы. Тюркская ономастика.- Алма-Ата: Наука, 1984. – 248 с.

31. Безлюдова М.М. Имя и календарь. – М.: Изд. ФАИР, 2008. – 320 с.

32. Безертинова Р.Н. Тюркско-татарские имена. – Казань: Казанский гос. унив., 2005. – 52 с.

33. Бекмағамбетов Ш. Тілдік құбылыстың жаратылыстық табиғаты// Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2007. -№ 9.

34. Бижкенова А.Е. Словарь немецких, казахских и русских слов, восходящих к именам собственным. – Алматы: НИЦ Ғылым, 2003. – 160 с.

35. Бижкенова А.Е. Содержательный и словообразовательный потенциал деонимов (слов, восходящих к именам собственным). – Алматы: НИЦ Ғылым, 2003. – 308 с.

36. Бияров Б.Н. Топонимжасам және этимология // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2008. – № 5 – Б.98-99.

37. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ф. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1979. – 176 б.

38. Болғанбайұлы Ә. Қазіргі қазақ лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.

39. Ванагас А. Принципы и структура словаря современных литовских фамилий // Ономастика и норма. – Москва: Наука, 1976. – Б.71-79.

40. Воробьев М.В., Воробьева И.Г. Антропонимия в географических названиях Тверского края: учебное пособие. – Тверской государственный университет, 1993. – 80 с.

41. Гаджихмедов Н.Э., Гусейнов Г.-Р. А.-К. Кумыкские личные имена: происхождение и значение. Введение в кумыкскую антропонимику. Словарь.- Махачкала: Изд.-полиг.-й центр ДГУ, 2004. – 170 с.

42. Гафуров А. Имя и история: Об именах арабов, персов, таджиков и турков. Словарь. – М.: Наука, 1987. – 221 с.

43. Гиляревский Р.С., Старостин Б.А. Иностранные имена и названия в русском тексте: Справочник.- М.: Высш. шк., 1985. – 3-е изд., испр. и доп. – 303 с.

44. Горбаневский М.В. Ономастика в художественной литературе.- М., Издательство УДН, 1988. – 88 с.

45. Гумилев Л.Н. Көне түріктер: көпшілік оқырман қауымға арналған. - Алматы: Білім, 1994. – 480 б.

46. Дарбеева А.А. К вопросу о социальной сущности личных имен в монгольских языках // Ономастика. – М.: Наука, 1969. – 264 б.

47. Дербісәлі Ә. Әз пайғамбар хазіреті Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уәссәләм. – Алматы: Көкжиек, 2008. – 35 б.

48. Джанузаков Т. Ваше имя ? Казахско-русский толковый словарь имен. – Алма-Ата: Казахстан, 1989. – 192 с.

49. Диарова М.А. (Атырау). Древнетюркские традиции именования и в современной казахской антропонимии // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2008. – №7 (115). – С. 268-271.

50. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – М.-Л.: 1948. – 276 с.

51. Досжан Р.А. XI – XII ғ.ғ. жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымы («Хибат-ул хақайиқ», «Құтадғу билиғ», «Диуани лұғат-ит түрк» ескерткіштері негізінде): филол. ғыл. докт. ...дис. – Алматы, 2009. – 335 б.

52. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с.

53. Есенова Н.Б. Сөзжасамдық тарам, оның ұя бірліктерімен байланысы: филол. ғыл. канд.... дис.- Алматы, 2005. – 140 б.

54. Ескеева М.Қ. Қазақ және моңғол тілдеріндегі еліктеуіш мағыналы түбірлердің құрылымы // Еуразия университетінің хабаршысы. – 2002. – № 3- 4. – Б.6-8.

55. Есматова М.Т. Сөзжасамның теориялық мәселелері: оқу құралы. – Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СМҚУ, 2008. – 84 б.

56. Есімсейітов Б.Р. Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер (бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктері негізіндегі сөзжасамдық ұялар тұрғысынан): филол.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 2002. – 24 б.

57. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.

58. Жаманова К. Араб текті қазақ антропонимдерінің этнолингвистикалық негіздері: филол.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 24 б.

59. Жаңабаева А.К. Атауы өзгерген топонимдердің сөзжасамдық құрылымы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2007. – № 3 (47). – Б.44 – 46.

60. Жаңабекова А.Ә. Сөз формаларын жасаудағы қосымшалардың функциялық ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2001. – 146 б.

61. Жаңабылова З.К. Етістік тұлғалы антропонимдер (түрік және қазақ тілі негізінде): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2002. – 29 б.

62. Жанұзақ Т. Есімдер сыры (Тайны имен). – Алматы: Парасат журналы, 2004. – 208 б.

63. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика.– Астана: ІС-Сервис ЖШС, 2006. -І т. – 400 б.

64. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. –Алматы: Ғылым, 1971. –218 б.

65. Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. –Алматы: Ғылым, 1965. –270 б.

66. Жанұзақов Т. Этнонимдердегі көптік жалғау формалары // Қаз ССР ҰҒА хабарлары, тіл әдебиет сериясы. – 1975. – № 1.
67. Жүнісбеков Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312 б.
68. Жүсіпова Б.Ж. Казахские имена. – Алматы: ИД Кочевники, 2005. – 568 с.
69. Зима Дмитрий и Надежда. Тайн имени: Как назвать вашего ребенка: 365 тайн имени. – М: РИПОЛ классик, 2006. – 640 с.
70. Ибатов А. Кутубтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі (XIV ғасыр). – Алматы: Ғылым, 1974. – 380 б.
71. Иваненко А.В. Происхождение названий населенных пунктов Сумской области: автореф. ...канд. филол.наук:10.02.01 – украинский язык. – Киев, 2006. – 28 с.
72. Ивашко В.А. Как выбирают имена / под ред. А.Е. Супруна. – М: Выш. шк., 1988. – 2-е изд., доп.– 239 с.
73. Имена народов Казахстана: справочное пособие для работников учреждения ЗАГС, сельских и поселковых Советов народных депутатов, паспортных столов. – Алма-Ата, 1991. – 112 с.
74. Исабекова Ұ.К. Қазақ тіліндегі тарихи түбірлес сөздер (синхрониялық және диахрониялық қыры): филол. ғыл. канд.... дис. – Алматы, 2003. – 128 б.
75. Исабекова Ұ.К. Түбірлес сөздер // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы. -1999. -№ 29. – Б.25-28.
76. Исабекова Ұ.К. Түбір сөз айтылымының (орфоэпиясының) фонетикалық сипаты // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2008. – № 5 – Б.192-196.
77. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1989 – 192 б.
78. Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Арыс, 2005. – 304 с.
79. Каракаев Ю. И. Лексика пассивного употребления в ногайском языке. – Карачаевск, КЧГУ, 2006. – 156 с.
80. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
81. Керімбаев Е. Казахская ономастика в этнокультурном номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1995 – 109 б.
82. Карачаево-балкарско-русский словарь: около 30 000 слов. Карачаево-Черкесский н. -и. ин-т ист., филол.– М.: Рус. яз., 1989. – 832 с.
83. Колесникова Е. Меня зовут Елена. А вас? // Казахстанская правда. – 2008, февраля -8.
84. Көне жазу, мәдениет және салт-дәстүрді таныстыруға арналған электронды мультимедиялық кешен.
85. Кульдеева Г.И. Антропонимическая система современного казахского языка: дис. ...докт. филол. наук. – Казань, 2001. – 337 с.
86. Кульдеева Г.И. Антропонимия казахов г Кызыл-Орды и его окрестностей (на материале личных имен): дис. ...канд. филол. наук. – Казань, 1994. – 120 с.
87. Кульмагамбетова А.Ж. Языковая картина мира в антропонимах английского и казахского языков: дис. ... канд. филол. наук. –Алматы, 2007. –147 с.

88. Қабышұлы Ф. Арамыздан асығып аттанғандар // Таң-Шолпан. – 2001. – № 5. – 182 б.
89. Қайдаров Ә. Оразов М. Түркітануға кіріспе: оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.
90. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
91. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / құраст. Т.Жанұзақов, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: Арыс баспасы, 2006. – 1т.– 752 б.
92. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / құраст. Сүйерқұлова Б., С.Жапақов, Т.Жанұзақов және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006.- 3 т. – Б. 744.
93. Қазақ ертегілері. – Алматы: «Жазушы», 2000. – 1 т. – 272 б.
94. Қазақ ертегілері. – Алматы: «Жазушы», 2000. – 2 т. – 280 б.
95. Қазақ ертегілері. – Алматы: «Жазушы», 2000. – 3 т. – 272 б.
96. Қазақ ертегілері. – Алматы: «Жазушы», 2000. – 4 т. – 272 б.
97. Қазақ ертегілері. – Алматы: «Жазушы», 2000. – 5 т. – 272 б.
98. Қазақ ертегілері. – Алматы: «Жазушы», 2000. – 6 т. – 280 б.
99. Қазақ радиосы 12.05.2006 сағ. 9.00
100. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
101. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы реакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
102. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440 б.
103. Қапалбеков Б.С., Ильясова Н.Б. Қазақ есімдері (орыс аудиториясына арналған оқу құралы) – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. – 256 б.
104. Қасым Б.Қ. Сөзжасам: семантика, уәждеме: оқу құралы. – Алматы, 2003. – 167 б.
105. Қашқари М. Түрік сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік) III томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Хант, 1997. – 1 т. – 592 б.
106. Қондыбаева К.Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі жалғаулардың қолданыстаықшамдалуы: филол. ғыл. канд. ...дис. – Алматы, 1999. – 114 б.
107. Қортабаева Г.Қ. Қазақ ономопозтикасы: сатиралық-юморлық кейіпкер аттары: филол. ғыл. канд. ... автореф.:10.02.02 – қазақ тілі. – Алматы, 2007.
108. Құран кәрім. Қазақша мағынасы және түсінігі / аударған: Халифа Алтай. – Сауд Арабиясы: ...Фаһд патшаның Құран шәриф басым комбинаты, 1991.
109. Құрманәлиев К.А. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ...дис. – Алматы, 2002. – 300 б.
110. Құрманәлиев К. Сөзжасамдық тізбек – түбірлес сөздердің тобы // Қазақстан жоғары мектебі. – 2002. -№4. – Б.197 – 200.
111. Левицкий Ю.А. Общее языкознание: учебное пособие.– М.: КомКнига, 2005. -Изд. 2-е. -264 с.
112. Литвина Л.В. Ономастическая система художественной прозы (на

материале французских романов XIX – XXв): автореф. канд. филол. наук: 10.02.05 – романські мова. –Киев, 2006. –21с.

113. Личные имена в прошлом, настоящем и будущем. – М.: Наука, 1970. –343 с.

114. Лященко Р.А. Микропонимия Кировограда (Словаобразовательная структура микропонимов Кировограда): автореф.... канд. филол. наук. -Харьков, 2008. –23 с.

115. Манкева Ж. Түбірді дұрыс айтып жұрміз бе? // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1992. –№ 10-12. – Б.63-67.

116. Морозова М.Н. Взаимодействие антропонимической и нарицательной лексики // Личные имена в прошлом, настоящем и будущем. –М: Наука, 1970. –343 с.

117. Мун С.В. Лингвистические интерпретации фольклорной антропоними // Тіл әлемі = Мир языка: Материалы международной конференции 85 летию... М.М. Копыленко (24 – 25 ноября). –Алматы, 2005. – С.536 – 542.

118. Мусульманские имена. Словарь-справочник. – СПб.: ДИЛЯ, 2009. – 448 с.

119. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. – 200 б.

120. Назаров А.И. Личные имена советских немцев (словарь-справочник). На русском языке. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 120 с.

121. Негимов С. Қазақ өлеңінің ырғағы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы.- 2008. – №3 (51). – Б. 122-127.

122. Никонов В.А. Русская адаптация иноязычных личных имен // Ономастика. – Москва: Наука, 1969. – Б.54-79.

123. Никонов В.А. Ищем имя. – М.: Совр. Россия, 1998. – 128 с.

124. Никонов В.А. Личные имена современных уйгуров // Тюркская ономастика. – Алма-Ата: Наука, 1984. – С.189-199.

125. Ногайско-русский словарь. – М.: Госуд. изд-во. иностр. и нац-х словарей, 1963. – 562 с.

126. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. –Алматы: Рауан, 1994. –255 б.

127. Нұрмағамбетов Ә. Қазақ говорларының грамматикасы. – Алматы: Ғылым, 1986. – 112 б.

128. Ономастика. – М.: Наука, 1969. – 264 с.

129. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасу мен даму. Алматы: Ан Арыс, 2007. – 312 б.

130. Ономастика востока. – М.: Наука, 1971.- 250 с.

131. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы: оқулық. – Алматы: Инжу-Маржан полиграфия фирмасы, 2007. – 390 б.

132. Оралбаева Н. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысының совет дәуірінде дамуы // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы, тіл, әдебиет сериясы. – Алматы, 1981.-№ 1. –Б.27-33.

133. Осман Қарабийк. Ислам діні / пер. с турецкого. – Алматы: Каз Медиа Групп ЖШС, 2007. – 320 б.

134. Пазылова А.С. Түбір сөздердің дамуындағы фонетикалық өзгерістер // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2006. – № 8-9. – Б.100-101.
135. Райнди Э. Имя и право // Личные имена в прошлом, настоящем и будущем. – М.: Фылым, 1970. – С.69-73.
136. Русско-ногайский разговорник. –Ставрополь: Юрkit, 2007. – 192 с.
137. Сағидолдақызы Г. Түркі (қазақ) және моңғол халықтарының тарихи – мәдени байланыстарының топонимияда бейнеленуі. – Алматы: Фылым, 2000. – 254 б.
138. Сағындықов Б.С. Түркі тілдері лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары: филол. ғыл. докт. ...дис. – Алматы, 1994. –329 б.
139. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасының этимологиялық негіздері (Монография). – Алматы: Санат, 1994. – 168 б.
140. Сағындықұлы Б. Түбіртек – тілдік бөлшек // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2009. –№ 5. – Б.55-60.
141. Садыханов З.А. (Баку) Система Азербайджанских личных имен // Тюркская ономастика. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 248 с.
142. Сейтбеков С. Иман негіздері. – Алматы: Көкжиек-Б, 2008. – 376 б.
143. Символы, знаки, эмблемы: энциклопедия. – М.: Локид-Пресс, 2003. – 495 с.
144. Система личных имен у народов мира. –М.: Наука, 1989. –383 с.
145. Смағұлов А. Қазақ есімдері. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Атамұра, 2006. – 432 б.
146. Собков Ю.В. Типология криптонимов английского и украинского языков: автореф.... канд.филол.наук:10.02.01 – украинский язык. – Львов, 2008. –20 с.
147. Сокпақбаев Б. Балалық шаққа саяхат. –Алматы: Балауса, 1997.– 528 б.
148. Справочник личных имен народов РСФСР / под ред. А.В.Суперанской (отв. ред.), Ю.М. Гусева. – М.: Рус. яз., 1987. – 3-е изд., испр. – 656 с.
149. Суатай С.Қ. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерден пайда болған қосымшалар: филол. ғыл. канд. ...дис. – Алматы, 2002. –118 б.
150. Суперанская А.В. Имя – через века и страны. – М.: Наука, 1990. – 192 с.
151. Сулова А.В. Суперанская А.В. О русских именах.– Л.: Лениздат, 1991. — Изд. 2-е, испр. и доп. – 220 с.
152. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). –Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
153. Celaleddin Çelik. Isim kültür ve din. Çizgi Kitabevi Mayıs 2005. 312 sayfa.
154. Сүйінжанова Ж. Сөзжасам және синтагма // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – №3 (111). – Б.78 – 81.
155. Сүйінкина П., Некрасова Е. Кәсіби лексика және түбірлес сөздер // Қазақстан мектебі. -2008. –№10. – Б.29-31.
156. Сүлейменова Ә. Қазақ антропонимдерінің зерттелуі жайында // Білім = Образование. – 2007 – №6. – Б.53 – 55.
157. Суатай С. Түбір мен қосымша арасындағы сабақтастық // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2004. –№6. – 72 б.

158. Тагиева М. Р. Фоно-семантический анализ собственных имен в разноречивых языках (на материале антропонимов): автореф. ...канд. филол. наук. – Баку, 2005. – 26 с.

159. Тектіғұлова Ж. Кейбір кішірейту мәнді қосымшалардың қалыптасуы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1994. – №7-8.- Б. 83-90.

160. Тепляшина Т.И.. Антропонимические модели пермских языков. – М.: Наука, 1978. – 140 с.

161. Тихонов А.Н. Словообразовательный словарь русского языка: в 2-х т. – М.: Русск. язык, 1985. – Т.1. – 856 с. ; 1985. -Т.2.– 887 с.

162. Толковый словарь татарских личных имен (на русском языке). Словарь подготовлен мной (Шамиль Сагаудинов) на основе книги Гумара Фаизовича Саттарова «О чем говорят татарские имена?» Гомәр Саттар-Муллиле. Татар исемнәре ни сөйли? – Казан: Раннур, 1998. – 488 б.

163. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 262 б.

164. Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: Фолиант, 2002. – 700 б.

165. Тынышбайұлы М., Құдайбердіұлы Ш. Қазақ руларының шежіресі (үш тараудан құралған жинақ). – Целиноград: «Қаламгер» шығармашылық алқасы, 1991. – 92 б.

166. Тюркская ономастика. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 248 с.

167. Уфимцева А.А. Слово лексико-семантической системе языка. – М.: Наука, 1968. – 272 с.

168. Хигр Б.Ю. Энциклопедия восточных имен. – М.: ФАИР, 2006. – 512 с.

169. Шақаман Ы. Сөзжасам мен тұлғажасам // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2007. – № 6. – Б.39-47.

170. Шайхулов А.Г. Раемгужина З.М. Башкирские и татарские личные имена тюркского происхождения: учебное пособие. – Уфа, ИЦ «Аэрокосмос и ноосфера», 2006. – 72 б.

171. Шайхулов А.Г. Раемгужина З.М. Башқорт һәм татар исемдәре. Башкирские и татарские имена собственные: учебное пособие. – Уфа, ИЦ «Аэрокосмос и ноосфера», 2006. – 92 б.

172. Шатинова Н.И. К истории алтайских имен. Этнография имен. – М.: Наука, 1971. – 263 с.

173. Шатинова Н.И. Рифмование личных имен у алтайцев // Ономастика востока. – М.: Наука, 1971. – 39-42 с.

174. Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: Ғылым, 1991. – 190 б.

175. Шварцкопф Б.С. О социальных и эстетических оценках личных имен. // Ономастика и норма. – Москва: Наука, 1976. – Б.47-59.

176. Шейко Н.И. Русские имена и фамилии. – М.: Вече, 2006. – 304 с.

177. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 191 б.

178. Шоқабаева С. Араб-парсы тілдерінен енген аффикстердің

сөзжасамдық әлеуеті // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2007. -№ 3 (47). – Б.51 – 54.

179. Шонғараева Л.У. Түркі және қазақ тілдеріндегі негізгі түбірлердің фонетика-морфологиялық сипаты: филол. ғыл. канд.... дис. – Алматы, 2002. –165 б.

180. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

181. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ғылым, 1974. –250 б.

182. Языки народов СССР. Тюркские языки – М.: Наука, 1966. – Т.II. – 532 с.

183. Языки народов СССР. Монгольские, Тунгусо-маньчжурские и палео-азиатские языки – Л.: Наука, 1985. – Т.V. – 524 с.

184. Мусульманские имена. Словарь-справочник. – СПб.: ДИЛИЯ, 2009. – 448 с.

185. Байтелиев А., Кенжеқұлова Ф. Сөзжасамдық дәлелдемелік және терминжасам мәселесі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2004. – № 3 –Б.54-60.

186. Бельк Н.А. Новые правовые и социологические вопросы антропоники // Личные имена в прошлом, настоящем и будущем. – М.: Наука, 1970. – С.9-23.

187. Ономастика и норма. – М.: Наука, 1976. – 256 б.

188. Петровский Н. А. Словарь русских личных имен: Более 3000 единиц. -М.: Русские словари, 2000. // Электронная версия, «ГРАМОТА.РУ», 2002.

189. Суперанская А.В. Сусллова А.В. «Нестандартные» русские фамилии // Ономастика и норма. – М.: Наука, 1976. – Б.59-71.

190. Бондалетов В.Д. Русский именник, его состав, статистическая структура и особенности изменения (мужские и женские имена) // Ономастика и норма. – М.: Наука, 1976. – С.12 – 47.

191. Севортян Э. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1978. – 352 б.

192. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.

193. Сталтмане В.Э. Образование женских форм фамилии в латышском языке как лингвистический эксперимент // Ономастика. – М.: Наука, 1969. –264 с.

194. «Айқын» газеті. – 2008, мамыр-17.

195. Серғалиев М. Синтаксис синонимдері. – Алматы: Ғылым, 1981. – 245 б.

196. Кодухов В.И. Введение в языкознание. – М.: Наука, 1987. – 342 с.

197. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005. – 1 т.–320 б.

198. Жанұзақов Т. Есіміңіз кім?: Есімдердің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақстан, 1989. – 320 б.

199. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы, 1966. – 240 б.

200. Айқын. – 2007, мамыр-26.

201. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдері. – Алматы: Ғылым, 1970. – 336 б.

202. Оразбаева Ф., Қасабек Қ. Қазақ тілі. – Алматы: Арда, 2006. – 184 б.
203. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
204. Словарь алтайского и аладагского наречений тюркского языка. – Горно-Алтайск: Ак Чечек, 2005 г. – 504 с.
205. Севортян Э. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974. – 778 с.
206. Раманова А.А. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз түбіріне кіріккен тәуелдік жалғаулары: филол. ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 144 б.
207. Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – 360 б.
208. Қайдаров Ә. Оразов М. Түркітануға кіріспе: Оқу құралы. Алматы: Ғылым, 1987. – 270 б.
209. Аджиев А.М., Кадыраджиев К.С. Русско-кумыкский разговорник. – Махачкала, 1992. – 188 с.
210. Гафуров А. Лев и Кипарис (о восточных именах). – М.: Наука, 1971. – 240 с.
211. Хасенов Ә. Тіл білімі : оқу құралы. – Алматы: Санат, 2003. – 416 б.
212. Баскаов Н.А. Имена половцев и названия половецких племен в русских летописях // Тюркская ономастика. – Алма-Ата: Наука, 1984. – С.48-77.
213. Шакурова Р.З. Рифмование имен у башкир // Ономастика востока. – М.: Наука, 1971. – С.43-49.
214. Тектігүл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 303 б.
215. Захаренко И. В., Красных В. В., Гудков Д. Б., Багаева Д. В. Прецедентное имя и прецедентное высказывание как символы прецедентных феноменов // Язык. Сознание. Коммуникация: сб. статей. – М., 1997. – С. 84.
216. Казахские имена. Алматы: ИД «Кочевники», 2005, – 568 с.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 АНТРОПОНИМЖАСАМ – СӨЗЖАСАМНЫҢ ДЕРБЕС САЛАСЫ	7
1.1 Антропонимжасамның жалпы мәселелері	7
1.2 Антропонимжасамдық тәсілдер және антропонимжасамның тілдің өзге салаларымен арақатынасы	13
1.2.1 Антропонимжасамдық тәсілдер	13
1.2.2 Антропонимжасамның тілдің өзге салаларымен арақатынасы	23
1.3 Антропонимжасамдық норма және нормалану	42
1.3.1 Антропонимжасамдық норма мен нормаланудың жалпы мәселелері	42
1.3.2 Антропонимжасамдық негіздер табиғатындағы нормаға тән белгілер	55
1.3.3 Антропонимжасамдық қосымшалардың нормалануы	65
1.3.4 Антропонимжасамдық норма және қазақ есімдерінің ұлттық сипаты	69
1.3.4.1 Төл есімдердің ұлттық болмысына тән ерекшеліктер	71
1.3.4.2 Кірме элементтердің антропонимжасамдық игерілуі	81
1.4 Антропонимжасамдық мағына	93
1.4.1 Антропонимжасамдық мағынаның лингвистикалық саралануы	93
1.4.2 Антропонимжасамдық мағынаның түрлері	100
1.4.2.1 Антропонимжасамға тән лексикалық мағына	101
1.4.2.2 Антропонимжасамдық әлеуметтік мағына	106
1.4.3 Антропонимжасамдық мағынаның көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімі арқылы берілуі	110
1.4.4 Антропонимжасамдық мағына табиғатындағы қос қызмет мәселесі	116
1.4.5 Антропонимжасамдық мағыналық желі	123
2 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНТРОПОНЕГІЗДЕРДІҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ	129
2.1 Антропонегіз ұғымының жалпы сипаттамасы және тарихи-лингвистикалық табиғатына тән белгілер	129
2.2 Қазақ антропонегіздерінің қалыптасу тарихы және түркі антропонимдерінің арасынан алатын орны	134
2.2.1 Көне түркі тіліндегі антропонегіздер	138
2.2.2 Қазақ-ноғай тілдеріне ортақ антропонегіздер	144
2.2.3 Қазақ-татар тілдеріне ортақ антропонегіздер	146
2.2.4 Қазақ-башқұрт тілдеріне ортақ антропонегіздер	149
2.2.5 Қазақ-қарашай-балқар тіліне ортақ антропонегіздер	152
2.2.6 Қазақ-құмық тілдеріне ортақ антропонегіздер	154
2.2.7 Түркі тілдеріне ортақ антропонегіздердің дыбыстық сипаты	156
2.3 Қазақ тіліндегі антропонегіздер табиғатын тұлғалық тұрғыдан танудың мәселелер	166

2.3.1 Антропонимжасамдық мағыналық негіздерді тұлғалық тұрғыдан танудың мәселелері	169
2.3.2 Антропонимжасамдық жасанды негіздердің құрылымдық жүйесі мен жасалу жолдары.....	175
2.4 Антропонимжасамдық ұя бірліктерінің тілдік табиғаты	185
2.5 Антропонегіздердің табиғатындағы тоғысу мәселесі	188
3. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНТРОПОНИМЖАСАМДЫҚ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	194
3.1 Антропоним тудырушы қосымшаларға тән белгілер.....	194
3.2 Антропонимжасамдық қосымшалардың түрлері	203
3.2.1 Қос қызметті тұлғалардың қосымшалық сипаты	203
3.2.2 Байырғы қосымшалардың антропонимжасамдық қабілеті	206
3.2.3 Қосымша сипатты жасанды формалардың тілдік табиғаты	210
3.2.4 Еркелету, құрметтеу және еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалардың антропонимжасамдық табиғаты	212
3.3. Антропонимжасамдық қосымшалардың этимологиялық негіздері	219
3.3.1 Антропонимжасамдық жасанды тұлғалардың қалыптасу жолдары.....	220
3.3.2 Антропонимжасамдық байырғы қосымшалардың қалыптасу жолдары.....	224
3.4 Антропонимжасамдық қосымшалардың табиғатындағы тоғысу мәселелері	256
4 ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМЖАСАМЫНЫҢ ЭКСТРАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ	264
4.1 Ат қою дәстүрі және тілек факторы	264
4.1.1 Түрлі халықтардың ат қоюындағы қазақ дәстүрімен ұқсас ерекшеліктер	265
4.1.2 Ат қою дәстүрі және «ұрпақ қамы» факторы.....	270
4.1.3 Ат қою дәстүрі және тұрмыс факторы	277
4.1.4 Ат қою дәстүрі және ислам факторы	283
4.2. Қазақ антропонимжасамындағы үйлесім факторы	291
4.2.1 Сыртқы әлеммен үйлесімдегі өмір-тіршіліктің антропонимжасамдық табиғаты	291
4.2.2 Үйлесім ұғымының құрметтеу, еркелету мәнді есімдер арқылы көрінуі.....	293
4.2.3 Үйлесім ұғымының ұйқас есімдер арқылы көрінуі.....	299
ҚОРЫТЫНДЫ.....	305
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	308



аджил қко

Бекжан ӘБДУӘЛИҰЛЫ

**ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМЖАСАМЫ
теориялық және практикалық негіздері**

Техникалық редакторы Н. Акимова
Беттеуші Г. Тұрысбаева

Басуға 2012 ж. қол қойылды. Пішіні 60x84 $\frac{1}{16}$.
Қаріп түрі “Times New Roman”. Шартты баспа табағы 20.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 183.

“Астана полиграфия” акционерлік қоғамының баспаханасында басылды.
010000, Астана қ., Брусиловский к., 21а.
Байланыс тел.: 37-04-39.